

Л 2017

4766к

ОРЫСБАЙ
АБДИЛДӘУЛЫ



АНА БҮТІ

Орысбай ӘБДІЛДӘУЛЫ

АНА СҮТІ

«Алатау» баспасы

Алматы

2017

УДК 78.089.81

ББК 85.9

Ә 14

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министірлігі Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағатісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді»

Әбділдәұлы О.

Ә 14 Ана сүті. Орысбай Әбділдәұлы. - «Алатау» баспасы, 2017.

480 бет

Қым-қиғаш тіршілікте әр алуан тағдыр кешіп жүрген үлкенді-кішілі жұмыр басты пенделер көңіл-күйіндегі қуаныш пен ренішті, шаттық пен шарасыздықты арқау еткен шағын-шағын шығармалар шоғыры қалайда ой тереңіне сүңгітеді, қилы-қилы қызғылықты оқиғаларға ортақтастырады. Қаламгер жүрегінің лүпілі адамгершілік, адалдық, мөлдірлік пен тазалық, шыншылдық пен шынайылық желісімен жетелей түседі. Отан сүйгіштік рух, патриоттық сезім, өмірге, өнерге ғашықтық атой салатын жүрекжарды жазбалар қай жастағы оқырманға да нәп-нәзік иірімдерімен ыстық көрінері кәміл.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

ISBN 978-9965-807-78-7

УДК 78.089.81

ББК 85.9

© **О.Әбділдәұлы-2017**
© **«Алатау» баспасы-2017**

346811

***Аяулы аналарым Рәзия мен Мәрияның және
асыл текті әкем Әбділденің рухына!***

Автор

УДК 78.089.81

ББК 85.9

Ә 14

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министірлігі Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағатісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді»

Әбділдәұлы О.

**Ә 14 Ана сүті. Орысбай Әбділдәұлы. - «Алатау» баспасы. 2017.
480 бет**

Қым-қиғаш тіршілікте әр алуан тағдыр кешіп жүрген үлкенді-кішілі жұмыр басты пенделер көңіл-күйіндегі қуаныш пен ренішті, шаттық пен шарасыздықты арқау еткен шағын-шағын шығармалар шоғыры қалайда ой тереңіне сүңгітеді, қилы-қилы қызғылықты оқиғаларға ортақтастырады. Қаламгер жүрегінің лүпілі адамгершілік, адалдық, мөлдірлік пен тазалық, шыншылдық пен шынайылық желісімен жетелей түседі. Отан сүйгіштік рух, патриоттық сезім, өмірге, өнерге ғашықтық атой салатын жүрекжарды жазбалар қай жастағы оқырманға да нәп-нәзік иірімдерімен ыстық көрінері кәміл.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

ISBN 978-9965-807-78-7

УДК 78.089.81

ББК 85.9

© О.Әбділдәұлы-2017
© «Алатау» баспасы-2017

346811

***Аяулы аналарым Рәзия мен Мәрияның және
асыл текті әкем Әбділденің рухына!***

Автор

ӘНГІМЕЛЕР



Ақ сүт

– Барсаң бар, – деді атам. – Байқа, бірақ бір жерінді майып қып алма.

Ат үстінде жан баласынан аударылып көрмеген, әлі күнге бойы жұрттан асып тұратын ерен күш иесі атам пейіл берген соң, қуанып кеттім, Апам ғана шырылдап жүр.

– Алысып-жұлысқаннан гөрі, әне бір ән сап, би билейтін үйірмесіне жазылсаң етті. Үсті-басың мұнтаздай боп жүрген қандай жақсы. Қайдағы бір арпалысатынды қайдан таптың, қарағым.

– Әй, апа-ау, біз киіммен күреспейміз ғой. Арнайы былай, тұтас іш киім – трико болады. Аяққа да бөлекше бәтіңке киеміз өкшесі жоқ. Сосын барып белдесеміз.

– Иә, далаға шыққан соң жайбарақат тыныш жүрерсіңдер сендер. Сабаққа бара жатып та, келе жатып та жанымызды жеп жұлқыласпаймыз деші, қане.

Апам да сақтықтан кенде емес-ау. Онысы да рас қой. Біз жағадан ұстаспай қоюшы ма едік. Ал енді арнайы секцияға қатысқаннан кейін, одан небір әдіс-айланы үйренгеннен кейін, не тұрыс. Жайшылықта да білгенінді қолданбай шыдап тұра аласың ба? Міне, сол қылықтарымызды апам алдын-ала-ақ сезіп, сақтандырып отыр. Қадайтын түйме саны көбейетінін көкейі түскір көріп тұр ғой.

Атам аңқылдаған ақ көңіл. Айтқанымды екі етпейді. Әттен, аспандағы айға қолы жетпейді, әйтпесе оны да әперер-ақ еді. «Қойда жүргенде біргалай жеке мал бітіп еді, бәрін жұртқа таратып жіберді», - деп отырады апам. Атам мұртын шиырып жымияды да қояды. «Е-е, кейін қайтады, бәйбіше болмаса, Құдайдан қайтады», - деп апамның арқасынан қағады. Апам оның мамыражай мінезіне күліп: «Ақ көңілдің аты арып, тоны тозбас», ә, Молжас», - дейді. Мен түсінбесем де, басымды изей саламын. «О, қазан басым әшейін», - деп жыл он екі ай үстінен ұстара кетпейтін көкеяз құйқамды майдай жұмсақ алақанымен төбемнен

мандайыма қарай сипап-сипап қояды. «Екі орайы бар өзінің, желкесі шұқыр емес, бақ қонған ақ көңіл, ешкімнің сөзін жерге тастамайтын тіл алғыш болғалы тұр, айналдым түріннен», - дегені, «айнымай атаңа тартқасыңы» шығар. Мейлі ғой, тек Байсадақ атам көрген қан төгісті басқа сал-масын де. «Неміс фашистері мен жапон самурайларын қосақтап сабадым, балам», - деп қысқа қайыратын бойы сырықтай атамның кей саусақтары жоқ.

– Қайда кеткен? – десем:

– Тышқан жеп қойған, – дейтін көзі қуланып.

– Иә, саған, өтірікші.

– Рас, әке, рас. Герман тышқаны, жапон тышқаны.

Сонда ғана санама жетеді. Ақырын-ақырын сол соғыс жайлы айта бастайды. Ол айтқан сайын саусақтарын санаймын. Түгел емес. Екі қолын қосқанда бес-алтауға әрең жетеді. Жарым-жартылайын санатқа қоспасаң, одан да азайып қалады.

– Қой жаюға жараған қолдарды қайтесің, көкем-ау, - дейді маған кейде санай-санай жалықтырған соң. – Мына көк желкені, шот шүйдені уқаласаңшы. Быжынаған бытыра.

– Қалай-қалай сайысқа түстің, ата? – деймін мойын жақтың да мәз емес екенін көріп, жаным ашып. – Сирек-сирек саусақтар бүйтіп, былай ұстасқанда, ауырмай ма екен? – Қолдарын өзімше бұрап көрсетемін.

– Ботам-ау, атаңның алақаны әлуетті, білегі күшті, білдің бе, - деп осы арада апам да араласады. – Көкпар өңгеріп кеп талай көкбақа қайыс етке де қарық қылған.

– Тіліңнен айналдым, сенің, - деп тізесіне атша мінгізіп алып арлы-бері ырғайды атам. – Немере тәтті болады деген рас екен-ау, ә.

– «Немере» деген сөзді нақты түсінбесем де, бір сыр барын сеземін аздап. Оны анық ұқтырған атам мен апамның өздері.

Бірінші класқа асығып жүрдім. Көршілердің менімен жасты балалары сөмке, формаларын көрсетіп, мақтана бастады. Алдымен атама қыңқылдадым.

– Оқуға баратын сөмке керек. Форма да сатылып жа-

тыр екен. Әшөк, Бейбіт қолдарына бұлғақтатып ұстап апты әшейін.

Атам мені жерден тік көтеріп алып, жоғары лақтырды-ай келіп.

– Қара тентек қозым-ау, лай суға кім түседі, талдың басына кім шығады, шатырдан кім секіреді, - деп мектепке баруға жарап қалғаныма таң қалғандай саңқылдап күлді.

Сосын қалтасындағы көлдей беторамалынан кіркір емізік шығарды. Жарылып-жарылып кеткен резеңке емізіктің түсі бұрын қызыл күрең болған десе ешкім сенбес еді. Бірақ менің көзіме оттай басылды. Былтыр күзге дейін борпылдатып сорғанмын. Ұят-ай, десеңші! «Аузың ылғи аңқайып жүретіні осы емшекті алты жасқа дейін мойныңнан тастамай сорып жүргендікі-ау, балам», - деп еркелетеді атам. Мүмкін рас та шығар. «Молжас, аузыңды жап шыбын кіреді», - дейтін балалармен бірге партаға отыратын шығармын енді.

– Мә, сорасың ба, ей? – деп атам аузыма тықпалады. – Соңғы рет ешкім жоқта армансыз бір борпылдатып қал, құлыным, ешкімге айтпаймын.

Ызақорланып емізікті атамның қолынан жұлып алдым да, дереу тісімнің арасына салып кіршілдетіп шайнап-шайнап жібердім. Атам алақанын тоса қойды. Тіліммен толғап-толғап қолына түсіріп тастадым.

– Алты жасқа дейін сені емген Молжасым таудай жігіт болсын! – деп атам жырым-жырым емізікті ақбас шыңдарға қарай лақтырып жіберді. – Асықпа күнім, әлі-ақ мектепке барасың.

Атамның айтқаны айдай келді. Мектепке де бардым көп кешікпей.

– Алматыдан әке-шешен көп зат әкелді, көресің бе? – деп атам көрші аулада ойнап жүрген жерімнен үйге ертіп әкелді. Құлағымға осы сөз жақпайды-ақ. Бірінен-бірі айнымайтын тоқаш мұрын шошақай үш қызын шұбатып айына бір рет автобуспен ауылға келіп тұратын Екейбай аға мен Жұмағыз тәтені танымын. Есім кірген сайын ішім бұрады-ақ. «Сені туған осы екеуі» деген сайын селт ете қаламын. Бірақ олар атам мен апамдай ыстық емес. Осылар келген

сайын: «Мынау әкең, мынау шешен» деп сұқ саусақтарын қадап тұрып айтады. Беттеріне кезек-кезек қараймын. Өңдері салқын сияқты. Бәрібір олар атам да емес, апам да емес. Бауыр баса алмаймын. Бізбен бірге тұрмайды. Алыста – Алматыда тұрады. Оқитын көрінеді.

Апамнан алдымен Жұмағыз туыпты, соңынан Майра мен Ботан еріпті. Ал мен болсам «аһ» дегенде аузынан шықсам керек еді апамның, кейінгі кезде құбылтып жүр. «Жұмағыз бен Екейбайдың оқуы қиын, пәтері жоқ, шуылдақ үш қызын асырап бағып алса да жарайды деп тұңғыш ұлды қырқынан шыққан соң кемпір-шал қолға алдық. Кейін өздеріне береміз ғой. Жат боп кетпесін деп құлағына құйып отырамыз. Өз әке-шешесін біліп өссін». Келген-кеткендерге айтатындары осы. «Олардың туғаны несі, ал атам мен апамның баққаны несі?» деген ой бертін келе жүректі шым еткізіп қойып жүр. Мейлі, не десе, о десін. Олар бәрібір атам мен апамдай емес. Мені туса қайтейін, мойындарына мінгізіп бақпаған соң.

Текеметтің үстіне таудай қылып үйіп тастапты. Жіпке тізген қатырма нан, торт, кәмпиттің бірталай түрлері, оқушы формасы, шахмат бөкселі сөмке, ақжолақ жаға спорттық тоқыма киім, футболка, кеды...

– Келші, киіп көрші, әке, – деді апам тосырқаулы түрімді жадыратқысы кеп. – Саған қандай әдемі киімдер әкелді қаладан. Менің күнім жарқыратып киіп алып, ой, ертең бір шкөлге барады. Бәрі де менің ұлыма қарайды. Сонда кім әкелді деп айтасың, ә? – Мен үндемедім. Жұмағыз бен Екейбайды не деп атайтыным миыма кірмей тұр. – Папам мен мамам сонау Алматыдан әдейі әкеліп берді дейсің ғой, құлыным, иә? Әне, сөйтеді Молжас, ақылы бар.

Атам мен апамның күтіп жүргені осы екен ғой, бәсе. Әйтпесе огородты орып жеп, жоңышқаны жонып жеп тұрған жұнттай торы атты сатса да, бір форма мен сөмкеге жететін еді ғой. Әдейі әке-шешесі мектепке әзірлесін, өз стипендияларынан қағаз-қалам әперсін деген екен-ау.

Әнеки, мектеп табалдырығын аттардағы сол бір оқиғалар Әліппедегі айбақандай әріптердей көз алдымда тұратындығы сондықтан. Атам әрі қарай жүргізіп, оқуыма

қатты тер төкті. Ежіктеп оқи білетін ол маған үйдегі ұстазыма айналды. Көзілдірігін кисе-ақ, батырлар жырына бас қойды дей бер. Бір құлағым жырда, бір құлағым Әліппеде. Екеуі де қызық. Атам оқыған сайын ұстасқанның белін бүтетін батыр болғым келеді. Әліппені парақтаған сайын...

– Балалар, бұл – күрестің классикалық түрі, – деді мойны тұтасып қалған ағай. – Самбо, дзюдо, еркін күрестегідей аяқтан шалу, аяқтан ұстау деген мұнда атымен жоқ. Осы күреспен кезінде Поддубный, Қажымұқан аталарың да айналысқан. Негізгі күш қолға, белге, мойынға түседі. Классикалық күрес деп аты айтып тұрғандай өте оралымдылықты, иілгіштікті қажет етеді. Яғни күрестің ең сұлу, сұңғыла түрі, Атлетикалық гимнастикаға ұқсайды.

Юрий Григорьевич Михайлов физкультура институтын бітіріп, Октябрь орта мектебіне осы оқу жылында келген. Екі көзі шоқтай жанған орта бойлы жұп-жұмыр орыс жігіті біздің осы ауылға алғашқы келген спорт шебері шығар. Мастерлік белгісін алғашында кеудесіне көзімізді қызартып тағып жүрді де, кейін тығып тастады. Бірақ орны білініп тұратын.

«Бесінші кластан жоғарғы қарайғы тілек білдірушілер классикалық күрес секциясына жазылуға болады» деген хабарландыру мектепке ілінісімен-ақ жапырлап спорт залға лап қойдық.

– Кел, жазылайық, - деп Әшөк жеңімнен тартып қалды.

– Сен боксты қайтесің?

– Ағай қолың қысқа деп ылғи айта береді.

– Күреске де қолы ұзындар керек шығар, - деп мен де секем ала бастадым. Менің қолдарым да Әшөктікінен оңып тұрған жоқ. Турник ойнасаң созылады деуші еді, бекер екен. Бойым да быртыып, біртүрлі.

– Бәріңе де жол ашық, балалар, - деді Юрий Григорьевич. – Бірақ кейін өкпелемендер маған. Палуан болу екінің біріне қона бермейді. Жанкешті жаттығуға кім шыдаса, темірдей тәртіпке кім көнсе, әдіс-айланы бойына кім сіңіре білсе, сол ғана нағыз күресті әрмен қарай жалғастыратын болады.

– Мен, мен, - деп бәріміз қол көтердік кластағы әдет бойынша.

Самсаған қолдарға қарап ағай «ой-ой-ой» деп қос қолдап басын ұстады. Бесіншіден оныншыға дейінгі ұл балалар түгел келген сияқты. Жоғары кластың оқушыларынан гөрі төменгі кластың балаларына көбірек назар аударатыны байқалады. Ересектер ертерек бітіріп, жай-жайына тарап кетеді дейтін болуы керек.

– Айттым ғой балалар, бәрің де жаттығуға қатысындар. Артынан белгілі болады. Күресті шын сүйетіндерің шырқайсындар әлі. Жай ғана қызыққандарың ақ тер, көк тер болған алғашқы айдан кейін-ақ тайқақтай бастайсындар ғой.

– Жоқ, ағай, біз күресуден ешқашан да қашпаймыз, - деп спорт залды басымызға көтердік.

– Жарайды, жарайды, кейін көреміз, уақыт көрсетеді бәрің де. Октябрь мектебінің атын шығаратын әйгілі палуан болуларыңа мен тілектес. Мықты спортшы – мықты Отан сақшысы да. Ел намысын қорғайтын ержүрек батыры да, - деп ағай сыртқа шығуға беттеді. Сосын әлдене есіне түскендей жалт бұрылды.

– Айтпақшы, бүгін үйге барған соң ата-аналарыңа айтындар. Рұқсат берсе ғана қатыстырамын.

Атам күреске қатысатыныма қарсы болған жоқ қой. Оны бағана айттым. Апам да аз ғана тулап барып, мақұл көрді. Тек:

– Күшті күресіп кетсең әке-шешен Алматыға алып кетіп жүрер сені, – деді.

– Бармаймын, – дедім бұрқ етіп. – Ауылда-ақ күресемін. Ұстазымыз СССР спорт шебері. Мықты үйретеді.

Ботан ағам да мені қолпаштап қойды.

– Бұл қыртпыштан жақсы спортшы шығады әлі. Көрерсіндер. Аттың үстіне өрт сөндірушілер құсап сатымен өрмелеп жүрген бала күрескенде жан қоя ма, - деп екі құлағымнан нығырлап басып, жоғары көтеріп-көтеріп қойды. Бойың өседі деп осылай жасайтын оның әдеті. Бірақ әлі өсетін түрім жоқ. Жертабандап жатып алдым ғой.

– Баяғының балалары алдымен аттың жалына жарма-

сып барып ерге ауысушы еді үзенгіге аяғы жетпесе. Біздің Молжас шығарды ғой елде жоқ өнерді, - деп атам мәз.

Бейбіт, Әшөк үшеуміз бір көшеде тұрамыз. Жұп жазбай ойнаймыз. «Бұлар бір жылғы төл ғой», - деп отырады үйдегілер. Алма ағаштың арасына торы атты бос қоя береді.

Қызылшаның суын қориды. Жалпы жұмысы сондай – қорушы. Бекер обалы қане, торы ат астынан өтсең былқ етпейді – жуас. Құранды ердің қайқиған басы қарауыл қарап тұрған тәрізді. Үзенгіге аяғымыз маңайламайды да. Бейбіт пысықсынып аттың жалынан ұстап, мойнына асылады. Ат басын көтерсе ғана ерге қарай жылжып кетеді. Әйтпесе оған үстіне міну жоқ. Оны мен місе тұтпаймын. Оңай, әрі қызық емес қой. Маяға сүйеулі ұзын сатыны атқа артамын да соның баспалдағымен үстіне зыр жүгіріп шығамын, зыр жүгіріп түсемін. Ат жүріп кетіп жалп етіп жерге құлаған күндер де болған. Бәрібір қызық.

Ботан ағам менің қызықтарымды майын тамызып айту үшін-ақ жинап жүреді.

– Ой, бұл пәле ескі зат жинаушыға «күніне екі рет жұмыртқа туады», – деп бұл қара тауықты ысқырыққа айырбастап жіберген Молжас қой, – дейді домалақ басымнан шертіп тұрып. – Әйтеуір тірі болса бір жерден тесіп шығады.

Содан соң Ботан ағам талдың басына түнегенімді, пештің ішінен шыққанымды, итке мәшине жеккенімді, тағы-тағыларын жырдай ғып тізеді. Соның бірі де есімде жоқ секілді. Жоқ, әлде өзіме сол қылықтарымның ерсілігі байқалмай ма, білмеймін.

Қаншама күн өтті – ағайымыз күрестіруге асығатын емес тегі. Біз орталықтан үш шақырым қашықта тұрамыз. Бұрған бөлімшесінде. Мұнда былтырға дейін оқыдық. Бастауыш класс қана бар. Ал биылдан бастап совхоз орталығы – Октябрь селосындағы орта мектептің есігін аштық. Сапырылысқан ерсілі-қарсылы қарбалас жүріс басталды да кетті. Қаздаң қағып барып, қаздаң қағып қайтамыз. Атамның аяншыл торы аты да дәл біздей ұзақ жол жүрмес. Ертең ерте мектепке үш шақырым жүріп барамыз, үш шақырымды артқа тастап үйге қайтамыз. Кешке қарай

жаттығуға да дәл солай – үш шақырым әрі, үш шақырым бері. Ал оның арасында үйдің іші анау-мынау алып келуге орталыққа – дүкенге тағы жұмсайды ғой. Сонда қанша шақырым болады өзі. Ағайымыз жаттығуда және жүгіртеді.

Кешке қарай алқын-жұлқын болып мектептің спорт залына басымыз бусанып жетеміз. Жаттығуға ұшман-ұш үлгереміз. Дереу далаға – жазғы стадионға алып кеп жалғастырады. Екі-үш айналып шығамыз оны. Ентігіміз басылмай жатып еркін жаттығулар кезек алады. Ә дегенде-ақ ағай екі топқа бөліп тастады. 5-6-7 класс оқушылары 1-командалық, ал 8-9-10 кластар – 2-ші команда. Әр команданың капитаны бар. Біздің топқа желдей жүйрік атанған өзіміздің Әшөк капитан болды. Бойы теректей ұзын, тілі одан да сорақы – сол үшін де көзге алдымен түсті ғой деймін. Ағай сорайып тұрған соны алдымызға қойды.

– Ең әуелі бой үйрету кезеңінен өтесіндер, - деді ағай ысқырығын аузынан алып. - Жарты айдай кросс жүгіреміз, әр түрлі гимнастикалық кимылдар жасаймыз. Секіру, сатыға өрмелеу, бруссыға ойнау, турникке тартылу сияқты басқа да жаттығулар барша спортқа бейімдейтін баспалдақтар. Естерінде ұстандар. Сұлу мүсін, жан тазалығы, бір-біріне деген адамдардың бауырмалдығы, адалдық, батылдық бәрі-бәрі де шынайы спортшының бойынан табылады. Сан-алуан қиын жаттығуларға ет үйренген соң, кілем үстінде күресу де оңайға соғады.

– Молжасқа сатыға өрмелеу сөз емес қой, - деп Бейбіт Әшөкке жымындап қарап қояды. Қуларын қарашы, мені мысқылдағылары келеді. Тұра тұрындар, бәлем, кілемге шығайық, сосын...

Күнде осы. Жүгіру, секіру, тартылу. Одан қалса екі-екіден жұптастырып «ақ сандық, көк сандық» ойнатады. «Аспанда не бар? Жұлдыз бар. Жерде не бар? Құндыз бар» деп ұзағырақ тұрып қалсақ, ағайымыз жанымызға батырып, жамбасымызды жалпақ алақанымен салып өтеді. Жай ойынға айналдырмандар дегені.

Қанша салмақ тартатынымыз бәрімізге белгілі. Әркім өз салмақтасын іздейді. Яғни «тең-теңімен, тезек қабымен» принципі қатаң сақталуы керек бүгінгі күрес ережесінде.

Ең төменгі салмақта бес-алты бала бармыз. Бойлары бол-маса, күштері қарайлас.

Сел-сел боп тұрып, ағайдың айтқанын тыңдаймыз. Классикалық күрестен Олимпиаданың, әлемнің және СССР-дің чемпиондарын санамалайды кеп. Қаншама есімдердің ішінен Қазақстаннан шыққан Анатолий Колесов, Валерий Резанцев, Шәміл Серіков, Жақсылық Үшкемпіров қана ойымызда қалады.

– Охо, мен Үшкемпіровтей боламын, - деймін жұлып алғандай. Салмағым да содан аспас. Көп болса кейін қырық сегіз килограмға жетер.

– Ақыр болған соң Резанцевтей тоқсан килоға жетіп жығылғанға не жетсін, - дейді Әшөк алағызып. – Балпаң-балпаң басып қара жолмен Бұрғанға кетіп бара жатсаң бәрі қарайды, әнеки, Олимпиада чемпионы деп.

– Дәмесін қарай көр, - деп Бейбіт шиқылдап күледі. – Алдымен әуелі елу килограмға жетіп алшы, тоқсан тұрмақ.

– Жетеді, неге жетпейді, - деп мен Әшөкке қосыла кетемін.

– Оныншы бітіргенше осы бойымен жүзден де асып кетер.

Ағайдың бір білгені бар екен. Екі аптадан кейін-ақ қаптаған балалардың қатары сиреді. Біздің Бұрғаннан қатынап қатысатындар да селдіреп қалды. Үлкен балалар бізді бастап келмек түгілі, өздері қайқандай бастады. «Аттестат алатын жыл, қатты дайындалу керек», - дейді. «Классикалық күреске сүйегіміз қатып кеткен», - дейді. Қырық сылтаулары бар. Қойшы, әйтеуір, кілемге жоталары тимей жатып-ақ тең жартысы теріс айналып жеріп шықты.

– Білеміз ғой біз деген. – Ағай екі аяғына кезек-кезек салмақ салып бұқадай мойнын ырғап-ырғап қойып ысқыруға оңтайланады. – Тағы қаншаң қашып шығар екенсіңдер, шыбық тимес шыңқ етерлер.

– Қашпаймыз ендігіміз, ағай, - деп өжеттеніп қоямыз өзімізше.

– Оны келешекте кілем көрсетеді.

Ақыры ағай көп қорқытқан кілемге де кезек келді. Жарты айдан астам күр аттай ащы терімізді алып, бурадай жа-

ратып алған соң, боз кілем үстінде айла-тәсілдерді үйрете бастады.

– Қарсыласқа қолданылатын шабуыл және оған қарсы тәсіл, міне, осы екі тактикада күрестің басты құралы, - деп алдымен не бір бас айналатын айдаларды бірінен кейін бірін қым-қиғаш жасап, көрсетті. Шиыршық атып, ұршықтай үйіріледі.

Біраз бусанып алғаннан кейін Юрий Григорьевич сырт киімін – олимпикасын шешті. Жалаңаш кеудесіне қызыққанымыз-ай! Иығы мен мойны бірігіп кеткен. Алға шығып тұратын төсіне құлаштап балға ұрсаң жарасатын сияқты. Екі қолын мықынына ұстап, қарсы алдыңа тұра қалғанда, бұлшық еттері жылқының шұжығындай буылтық-буылтық жатқан бір дүние.

– Ой, әки-і-і-ң қандай дәу ей,- деп Бейбіт мені түртті.

– Түк қарны жоқ қой, қабысып ішіне кіріп кеткен, - дейді Әшөк те аузын бұрап.

Жайшылықта дәл бұлай әсер етпейді екен. Киімі ішінде жасырынып жатқан суреттей мүсінге сұқтанып тұрмыз.

– Салмақты оң аяққа және сол аяққа салып тұратын сәттер, - деп ағай алдымен сол жағына қарап атылатын жолбарыстай оңтайланды. Сосын керісінше бұрылды. – Бұл «стойкалар» қарсыластың ұзын-қысқалығына қарай сан қилы өзгеруі мүмкін.

Ол осыны айтып, кілем ортасында алуан түрлі жүріске салды. Тік тұрғансып, кеудесін кереді де, лезде еңкейіп алға атылады. Кілт бұрылып, қайта жалт етеді. Осындай құрғақ құйтырқы қимылдардың өзіне-ақ қара терге түсіп жүр. Ал адаммен алысса қайтпек? Жеті қабат жан тері бұршақтайтын шығар.

– Сен ортаға шық, - деп мойны сорайып тұрған Әшөкті шақырды. – Жаңағы жалтарыс қимылдарды қайталап байқашы, балақай. Болбырамай, бойыңды жинақы ұста. Бір жерің үзіліп кетпесін. Алдында әр қимылыңды аңдып, қарсыласың тұрады. Бетпе-бет тіресіп, тәсілге ыңғай бермейді. Сондай сәттерде шалт қимылдап, ішке өтуің керек. Және лып ете қалмасаң, үстіңнен басып қалады.

Әшөк ебедейсіз қозғалып, еңкейіп-ақ жүр. Бірақ зорланып жасайды.

– Жо-жоқ, сен балақай, жылқыға құрық салғандай құры

мойныңды алға созып жүріп алма, - деп ағай оны тоқтатты да, өзі тағы қайталады. Жаңағы көрсеткенінен де ширақ жүрген сияқты. Тегінде, тер шыққан сайын адамның денесі иілгіш бола түседі білем. Ағай кілемнің үстін шыр айнала қарсыластың аш беліне өтетін алдамшы әдісті жасаудан жалығар емес. Алдында жоқ адамның аш беліне жыландай оратылатын айлалы қимылды қырық қайталау алғашында бір түрлі ерсі көрінетін ғой.

– Енді бір аяқтап секіріп жүріп, жұп-жұптарыңмен иық қағысындар, - деген ағай кілемнің сыртына шығып, кісі бойындай қабырға айнаның алдына барып отырды.

Жапа-тармағай қораз құсап кеудемен қағысып кеттік. Тең салмағын сақтай білетіндер мұндайда жеңіске жетеді екен. Аяқтарымыз талған сайын алма кезек ауыстырамыз. Басында оп-оңай сияқты көрінген. Сыңар аяққа салмақ түскен сайын денеміз салдырай бастады. Секектеп әбден титықтаған кезде ағай алақанын соғып, тоқтатты.

– Енді жұптарыңның арқасына алма-кезек мініп, кілем шетімен шырайнала жүгіріндер, - деп өзі алға түсіп бүлкілдей жөнелді.

Бейбіт мені жотасына салып аттай шапты. Арқадағылар және бірімен-бірі сайысу керек екен. Ең қиыны сол. Екеуіне де сын. Кәдімгі ат үстінде білектескен тәрізді. Аяқтың да, қолдың да шама-шарқын байқастайтын коллективтік айқас.

Енді менің кезегім. Бейбіт зіл-батпан болып кеткен бе, немене, белім шойырыла жаздады. Отырысы да жаман. Екі аяғын айқастырып алып, тақымыма тығып, аттатпайды алға. «Әй, сол өстіп қиын болған сайын саған қызық емес пе», - деп қояды қуың. Онысы менің атқа саты қойып мінетінімді алдыма тартқан-сымағы. Ой, бір қырсық. Салдай болып арқамды езіп барады. «Салмағым сендей», - деп менімен сыңарласып алған. Мүмкін емес. Жөндеп өлшейтін екен өзін.

– Жүрші таразыға, - дедім жаттығудан соң терімді басып тұрып. - Бойың бірдей болғанмен, денең батпандай бәлесің. Ағайға әдейі азайтып айта салдың сен сұмырай.

– Мен қырмандағы таразыға өлшенгем. Сондағы отырған таразышы апайдан сұрашы, нанбасаң, - деп малшынған терден бет-аузы айғыз-айғыз Бейбіт еріне ілесті.

– Бәсе, – деп жаңалық тапқандай оны жұлқылап-жұлқылап жібердім. – Бақандай бес кило артықсың. Жай жаттығуда жарайды, жұптасып айла-әдіс үйренісуге бола береді. Бірақ жарыста басқа салмаққа салады. Менен жоғарыға түсесің.

Бірінші тоқсан аяқталғанша шын ықыласымен шұғылданғысы келетін күреске құмарлар іріктеліп-ақ қалды.

– Менің Молжасым жауырыны жерге тимейтін палуан болып, жер дүниені шарлайды, – деп қойып атам «Ақсауыт» деген сыртында аспанға арғымағын қарғытқан, қолына шашақты найза ұстаған дулығалы адамның суреті бар батырлық дастандарды дауыстап оқиды: «Әлқисса, енді Ер Қосай Сары атына мініп алып, жаудың алдынан шығайын деп жатыр...»

– Ата –ау, маған палуандар киетін арнаулы трико, аяқ киім керек, – дедім қас-дұшпанына қарсы аттанып бара жатқан Ер Қосаймен қабаттасып. – Жақында аудандық мектепаралық жарыс болады. Соған жан салып дайындалып жатырмыз.

– Табылады, күнім, шұрқ етпе, табамыз! – деп бауырына басты да, бетімнен сүйді. – Мен тірі тұрғанда, қам жеме.

Атамның аузынан әсте «жоқ» деген сөз шығып көрген емес. Қолы ашықтығын, жомарт жүрегін жұрттың бәрі де айтып жүреді. Бірақ, әке-шешесі пысық дейтін қаншама бала кілемге киіп шығатын арнаулы палуандар трикосын зар илеп таппай-ақ қойды.

Ағай берген бірнеше пар көнетоз тоқыма формалар көбімізге жетпей қалды. Жайшылықтағы жаттығуға жеңді-жеңсіз спорт киімдері жарай береді. Ал атаулы жарысқа кәдімгі арнаулы форма – трусси мен майкісі тұтас тігілген, иығы түймеленетін палуандар іш киімі керек. Соны ағайымыз қайта-қайта құлаққағыс қылады.

– Кейін өзіміз де ыңғайластырып көреміз. Ал әзірге табылмай тұр. Мүмкін болса, қарастыра жүрген артық емес. Ата-аналарыңа айтыңдар. Енді бұдан былай жиі-жиі жауапты жарыстарға шығып тұрамыз. Арнаулы киімсіз төрешілер күрестірмейді, – деп Юрий Григорьевич күнде қақсайды.

Атама жеткіздім. Енді судай жаңа спорттық лыпаларды сөмкемен суырып алып жатқанымды жанымдағылыр әлі-ақ көретін болады.

Ағай классификациялық жарыс ұйымдастырды. Разряд алуға болатын белдесулерге көрші мектептен де қатысты. Тоспа селосынан келгендермен армансыз-ақ айқастық-ау. Салмақ бойынша сарапқа түстік. Сырт селодан күреске шыққандар ағайдың әбден ызасын келтірді. Құлап бара жатса, дереу аяқтан шалады. Кілем үстіне төрт тағандап етпетінен түсіп қалғанда қолдарын сумаңдатып сирақтан ұстайды. Классикалық күрес ережесіне жат мұндай қылықтарға ысқыра-ысқыра Юрий Григорьевичтің қаны басына шапты. Сөйтсе, тоспалықтар күрестің классикалық және еркін түрімен де қатар айналысады екен. Қанша дегенмен сүйектеріне сіңіп қалған әдет қала ма. Жығылып бара жатса, тобықтан қағып, жанталасады. Ережені естерінен шығарып алады.

Кілемге мен жеті рет шықтым. Оның біреуі Бейбіт. Салмағы менен артық болса да оны ағай ең төменгі топқа қосқан. Болбыр, пысысын деді ме, қайдам, біздің тізімде сегізінші болып тұрды да, бірінші орынға бір-ақ шықты. Ырсылдап жүріп жетеуімізді де жықты. Айналымалы жүйе бойынша өтті жарыс. Яғни бір салмақта қанша бала болса, соның бәрі бір-бірімен белдесіп шығады.

– «Шыбын-шіркейлердің» чемпионы деп Бейбітті үлкен балалар аспанға лақтырды. Расында да қалғандарымыз қаңбақтаймыз оған қарағанда. Тіпті менен де жеңілдер болды арамызда. Отыз бес пен қырық килограммның арасындағы айқас сөйтіп қырық бес кило тартатын Бейбіттің пайдасына шешілді. Одан кейінгі орын төреші алты рет қолымды жоғары көтерген маған тиесілі болды. Үшіншіге көрші мектептің алтыншы класында оқитын Салман деген шешен баланы лайық деп тапты.

– Күрес шарты бойынша классификациялық жарысты жаңа бастап жүрген өзі сияқты шәкірттің алтауын жеңсе, спорттық үшінші разрядты орындаған болып есептеледі, – деді Юрий Григорьевич кездесудің соңынан бәрімізді сапқа тұрғызып. – Міне, бүгін алғашқы тоқсанның да

қорытындысын көре бастадық. Өз салмақ дәрежелері бойынша бес бала үшінші разрядты палуан атанды.

Ауладан кіре-ақ атама барқырадым.

– Ур-ра-а, Бейбіттен басқасының бәрін жықтым. Міне, міне, грамота, разряд... – деп сөмкемнің аузын аша алмай мықшындап жатырмын.

Атамда ес жоқ. Екі езуі екі құлағына кетті. Мұртының шалғысын қайта-қайты сылап, құшағын жайды.

– Ой, менің Алпамысым, ой, менің кішкентай Қобыландым. «Қорамсаққа қол салып, бір салғанда мол салып» талай дәулерді төңкеріп тастайсың әлі құмыра емген құлыным. Сонда Байсадақов болмай, Екейбаев атанып кетемісің, ей, ә?!

– Байсадақовпын ата, міне, көрші, грамотаны. «Аса жеңіл салмақта екінші орын алған Байсадақовқа берілді», - деп көгала қатырма қағаздағы жазуды саусағыммен сызып тұрып оқыдым.

– Ал, Молжастың апасы-ау, той жасау керек, той. Біздің тұқымнан да бір Қажымұқан өсіп келеді. Қара пышақ қайда, қайрақ тас қайда? Ет жегенді жақсы көреді менің құлыным. Білегін сыбанып тұрып асайды. Бәсе, осыған көрініп жүр екен ғой өзі. Ет жарықтық ер жігітке күш береді. «Ет – етке, сорпа – бетке» деген. Баяғыда мұның ата-бабалары бір қойдың етін түгел жеп алып жауға аттанған.

Азды-көпті жеңісіме алдымен атам мен апам қуанып жүрді. Көршілер «құдайы шай» ішіп жатты. Ал Юрий Григорьевич те ерінбейтін адам екен. Келе-келе көше-көшені аралап, үйді-үйге бас сұғатынды шығарды.

– Қалай, біздің бала, а, товарыш, шал мен кемпір баққан, во баққан, – деп атам ағайға оқ мылжалаған бас бармағын көрсетеді.

Мектепке келгелі жергілікті халықтың анша-мұнша сөздерін де үйреніп қалған физкультура мұғалімі адамдармен тілдесудің шебері.

– Ауылда Қажымұқан көп, тек жалқау, жалқау, - деп қабағын тыржитады. – Күшті балалар жаттығуға шыдамайды. Қатыспай қашып кетеді. Тәртіпке көнбейді.

– Мен барайын да, – дейді атам ағайдың беліне әзілдеп

қолын жүгіртіп. – Шалдардың бәрін шалқасынан түсірейін. Пәшістерді жыққанмын, жапондарды жеңгенмін. Осал демегін омырайған майдангерді.

Юрий Григорьевич ақ көңіл атамның бала мінезді екенін біле қойып:

– Мына Байсадақовты бетінен қақпаңыздар. Табиғи бейімділігі бар қайсар бала, - дегенді әңгіме арасына қыстырып жіберді. – Бұлар бұдан былай үлкен жарысқа барады. Сабағын да қадағалаңыздар. Үлгерімі төмендеп кетсе, секциядан сызылады. Оқушының ең бірінші міндеті – оқу ғой.

Үйге ағайдың бас сұғып тұрғаны әрине бұл ғана емес. Салмағы толысып, сан еттері жуандап көзге көріне бастаған Әшөкті де, қара жұмыста үй-ішінің жанын тындыратын қол-аяғы қарулы Бейбітті де біздің үй арқылы іздейді. Жетінші класқа дейінгі үзіліссіз қатысқанымыз желге ұшып кеткен жоқ. Классикалық күрестің екі жылдық мектебінен өткен ойын баласы кәдімгідей палуандық тәжірибе жинайтын шаққа жетті. Аудан түгіл, облыс көлеміндегі біріншіліктерде боз кілем үстінде сан сынаққа салындық. Юрий Григорьевичтің үміт артар үш баласы да біздің Бұрған бөлімшесінен болғанына жымындасып қоямыз. Бапкеріміз бауырына басып, басымыздан сипайды, бетімізден де сүйеді. Команда құрамында сегіз-тоғыз бала келеміз де, қисыны солай ма, әйтеуір, Әшөк, Бейбіт үшеуіміз жеңіс тұғырында тұрамыз. Қалай да кемінде жүлделі екінші, үшінші орынмен ораламыз. Бұлардың осы не сиқыры бар деп орталықтың балалары сыбырласатын да сияқты.

Бері шыққан соң Бейбіт бәріне мақтанады.

– Күн сайын құлаштап тұрып ағаш жарамын. Огородты он рет айналып жүгіремін. Суық сумен жуынамын. Күрес тәсілдерін ойша жасап жүремін.

– Ал, сен ше? – деп енді біреулері маған қарайды.

– Сон-а-а-ау ұшар басына дейін тал бұтаймын. Аяғың талады.

Балта ұстаған қолың сілтеуге келмей қалады. Ағашқа әдейі өрмелеймін. Шалғы шындаймын, айыр саптаймын.

Шабындықта шылқылдап терлеп жүріп шөп шабамын. Қораның қиын оямын. Міне, осының бәрі тұла бойыма күш құяды, - деп өзім араласатын үй шаруаларын шұбыртамын кеп. Орталықта тұратындардың көпшілігі мал ұстамайды – қазынаның үйі. Соны біліп қасақана айтамын.

Сосын олар Әшөктен сұрамайды да. Ол да біздің сыңарымыз ғой. Бүкіл үй тірлігі мойнында. Мына зәулім бойымен әке-шешесіне тіреу болып жүр.

Бейбіттің салмағы алпысқа шырқап кеткен. Менен мүлде алыстады. Жатаған бойыма лайық жауырыным жалпайып кеткен ғой деймін, балалар қарыстап жатады қалжындап. Ағай аз салмақ салып штанганы көтертеді. Мойынға іліп, көп реттен отырып-тұрған пайдалы дейді. Аяққа көп күш түсір, әлсіз дейді. Қолыңа қашан да сенуге болады дейді. Тек аяқ... аяқ...

Бейбіт, Әшөк үшеуіміз огородты айналғанды қойып, ауылдың тау жақ бетіндегі биік жотаға жүгіріп шығып жаттыққанды дағдыға айналдырдық. Тердің көкесі сонда тамшылайды. Ағай алда болатын жауапты жарысқа дайындап жатыр. Мектеп оқушыларының республикалық біріншілігі. Бас төреші – Олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкемпіров екен.

– Қазақ жастары арасынан шыққан аса жеңіл салмақтағы тұңғыш Олимпиада жеңімпазы қолынан жүлде алу маңдайларыңа жазылса ғой шіркін! – деп Юрий Григорьевич қызықтырып қойған. – Және осы жолы бірінші орынды жеңіп алсаңдар спорт шеберлігіне кандидаттықты қорғайсыңдар. Ар жағында мастерлікке қол созым жер.

Содан бері екі аяқта тыным жоқ. Атамның тапсыруы бойынша, «жерден шұқыды ма», Екейбай мен Жұмағыз қаладан судай жаңа палуан формасын әкеп берген. Астанадағы жарысқа соны киіп шығамын. Жақсылық елестейді көз алдыма. Мойнында алтын медалі бар маған қолын ұсынады. Омырауыма әлдене қадап жатқан сияқты. Алтын алқа ма, мастерліктің жетоны ма, әйтеуір жарқыраған жақсы нәрсе. Юрий Григорьевич қайқайған кеудесіне бұйым құрылы көрмей мені көтеріп алып, құшағына көмеді. «Айттым ғой, эне, Молжас! Сенен шығады палуан. Әлі талай тартысты

көресің. Жер шарын аралайсың. Спорт деген – достықтық елшісі, халықтарды жақындастыра түсетін дәнекер. «Міне, менің қазақ бауырым, қандай күшті!» - деп мен әділқазылар алқасы алдында марқайып тұрамын. Сол үшін қазақ ауылына әдейі келдім институт тәмамдаған соң деймін баяғы...»

– Молжас, жарығым, мынау әке-шешеннің мекен-жайы, жарыстан қолың қалт етсе, үйлеріне бар, сөйт күнім, – деп Шәбен апам бір парақ қағазды қалтама салды. – Жеңген грамотанды көрсетесің. Жас емессің, бақандай жетіншіде оқисың. Сенің ат-тоныңды алып қалмайды ғой. Ақыр түбінде тұрақтайтын үйің сол, солар.

Атам болса, біртүрлі қипақтап, жаныма жақын келмей, анадай жерде қалтаңдап тұр екен.

– Әй, сен, палуан, апаңның ақ сүтін ұмытып кетпе, – деді даусы дірілдеп. – Бөтелке сорған бала екеніңді ұмытпа.

Көзіне қарасам... ой, сұмдық-ай, сорасы ағы-е-еп кетіпті.

– Ат-та-а-а! – деп барып белінен құшақтай алдым. – Алматыға бармаймын... Жарысқа қатыспаймын...

Судай жаңа спорттық киімдерді сөмкеден бұрқыратып суырып, лақтырып-лақтырып жібердім.

Орыс бұлағы

Жота жолмен қос аңшы жорға салыстырып келеді. Әзірге бөктергілері бос. Қанжығалары қаңырап тұр. Айдарханнан оқ бойы озып кеткен Иван тізгінін тартты.

– Айтсам болмайсың, жолың ұзарғыр. Китіңнен аспайтын қой бөртені құр қызыл май қылдың. Қарамайсың ба, кер құланың жорғасы айдарыңнан жел естіреді.

Айдархан серігіне ақсия күлді. Күлді де:

– Осы сендерді атқа отыра алмайды, отырса қопаңдап шабады деп қариялар қомсынып еді, бекер екен онысы. Тіпті желісі жаман аттан судай жорға шығарып алыпсыңау, - деді.

– О, сөз болғаныңа. – Иван күнқағарын қамшының бүктелер ұшымен кері ысырып қойды. – Атқа салмақ түспесін деуден қопаң қағатынымызды мына сендейлер

қайдан сезсін, тәйірі. Ал сен өзің ер үстінде мықтымысың, соны айтшы?

Ол Айдарханмен қатарласа беріп, шеңгелдеп ұстап, иығынан тартты.

– И-и-и, қой әрі күшің тасып бара ма, тәңір атқыр. Күрзідей қолың сүйектерімді уатып жібере жаздады ғой тегі, - деп серігі тізгінін жол шетіне бұра берді. – Құдай сал-масын, мына білектерің тары түйетін келсаптай-ау. Әкең Степан шап-шағын-ақ сары шал. Сен қайдан туғансың таудай болып?

Иван қолын жібере салды. Айдархан ат-матымен теңселіп барып түзелді.

– «Әкеге тартып ұл тумас, шешеге тартып қыз тумас» дейтің атаң қазақтың мақалын білмеуші ме едің? Соған бір мысал мен-дағы көп болса. Сен, ғой шақшадай Сағымбек әкеңнен айнымай туып, жап-жақсы мақалды теріске шығарған.

– Сөзден сүрінбейсің-ау, әйтеуір, – деп Айдархан аударыла жаздаған құранды еріне түзеліп отырды. – Сені жұрт орыс-қазақты қойып, мына белдің астындағы (ол Ақбас таудың арғы жағын қолымен нұсқады) қырғыз бауырлардың әнін айтады дейді ғой. Сол рас па өзі?

– Е-е, ел айтса өтірік емес шығар кім біледі.

– Ой, жөніңді айтшы енді. Шын сұрап тұрмын.

– Есіңде болсын. Әсте, Иван жалған сөйлемейді. Қазақтардың оған көздері жеткен. Сен қиылып сұраған соң, шыркамасқа не шара. – Ол ерге жамбастай отырып, расымен жырлап кетті.

Асыл тукум мингениң,

Салкын төр жайло о жүргөнүм.

Эриктим жылкы кайтарып,

Кайдасын, келши сүйгөнүм!

– Мәссаған, Иваным, мынауың бір ғажап болды ғой. Бар өнеріңді білсем де, дәл осы қырғызшанды естіп көрмеппін, бауырым. Тағы да соза түсші, даусыңды. Құйқа-шекем шымырлап барады ғой, түһ!

Иван енді ердің екінші қапталына қисайып отырды. Мойнындағы дүрбісін түзеп қойып, қайыра әндетті.

*Муздак төрдү жсай кылып,
Бош кезде жорго салдырып.
Чарчаган кезде дем алсак,
Чалыккан атты чалдырып...*

– Ой, сабазым-ай, тіптен айна-катесі жоқ туысқандар тілі ғой. Саған қаншама серік болып жүріп қырғызша жырлатпаған екенмін-ау, ә. Ауылдың алты аузын аңыратып той-томалақтарда айта беретінін білемін. Қазақша мақалдап мақтамен бауыздайтыныңа да етім үйренген. Андағы қырғызшаңа тәнтімін, тәнтімін.

– Сен білемісің мұны? «Жылқычынын ыры». Сөзү, обону Айталивдики, - деп Иван қулана жымыды. – Оның небір жүрегіңді аяғыңның басына түсіретін сызылма әндері бар.

Айдархан одан арман таңдайын қақты.

– Ал керек болса! Жарқыным-ау, жадың не деген мықты еді. Біз болсақ, өзіміз күнде шырқап жүрген төл әніміздің авторларын да шатастыра береміз. Сен болсаң, сон-а-ау ыстықкөлдік бауырлардың шығармаларын жатқа соғасың. Қандай қабілет!

– Жә, жә! Соншама таңданатын еш нәрсе жоқ. Аралас-құралас жатқан ел болған соң, көкірекке қонат-тағы. Мылтық асынып, қақпан салып жүргеннен кейін аңшылық кәсіп қайда апармады. Алатаудың күнгей-теріскейін тегіс араламадық па. Осының арқасында қазақ-қырғыз ән-жырына да қанықтық қой.

– Мен ше, қырғыз-қазақ жайлауында мен баспаған жер жоқ. Ал бірақ қырғыздың бір ауыз әнін үйрене алмай-ақ өтіп барамын өмірден, бір түрлі сөздері қиын сияқты. Тілім күрмеледі, - деп Айдархан жаңа ғана қалықтаған жырдың бір жолын ыңылдады: «Бос кезде жорға салдырып...»

– Жо-жоқ, олай емес, «Бош кезде жоргоо салдырып, Чалыккан атты чалдырып...» – деп түзетті Иван.

– Әй, жуыспайды-ау, аузым жуыспайды.

– Аузыңа от қарып алатын екен сенің. Ықыласың түссе түк те қиындығы жоқ. Дүниеде адам баласына ең оңайы – ән үйрену дер едім, қай тілде шырқалса да әдемі әуен дереу жүрекке жетіп барады емес пе. Бүйрегің бұрып тұрса, бұралмайтын тіл жоқ.

Осылай деп Иван дүрбісін көзіне апарды. Алыстың бәрін асыл айна қарсы алдыға көшіріп әкеп қондырып жатқандай – жасыл жайлау жап-жақынға келді.

– Қоналқыға Көктекшеге қияласақ қайтеді?

Айдархан қарсы болған жоқ. Тек:

– Ыбеке, ертең етекке түсіп кете алсақ жарады, – деді.

– Е – е, оны қақпанның шапқаны біледі.

Жота жолдан қияс тартып, олар қарсы беттегі көк жонға бет алды. Жан- жағы тегіс құлама болып келетін осы бір оқшау тепсең – Көктекше. Майтөбенің бауырына кіріп жатқан құйқалы, қайнар бұлағы мол, жазы-қысы тұяқты малдың жонын тайдырмауға жарайтын жайылым – жайлау. Күн шығар жағы да, күн батар тұсы да терең сай - өз күркірі өзіне жетерлік өзен ағысы қатты. Жұрт жайлауға көшкенде жылқы болмаса да, қой-қозың талай аунап тұрарлық ашуы бар. Майтөбенің бергі бетінен шып-шып атқылап жатқан мың-сан бастау көздерінен жинала-жинала бас құраған екпінді бұл өзендер суы ұрттап қалсаң тісіңді қан қақсатады. Тастан тасқа секіріп, ылдифа аптығып аққан мұздай салқын өзеннен балағынды қара саннан жоғары түріп өте алсаң жақсы. Жоқ, жаяуға өткел бермейді.

Екеуі қиялап өзенге түсіп, қиялап арғы бетке тырмысты. Аттың жалына жармасып жатып, Көктекшеге тұяқ іліктірді. Төбесі астау-астау болып талай жерді алып жатқан қалың қорысты, балдыр-бадалды көкорайда текше шүйгіні ат қапталын қабады. Қатар-қатар бірнеше бастау көзі таспен текшеленіп қоршалған. Қыз бұрымындай десе болғандай. Сылдырай ағып барып бір өзекшеде табысады. Сосын қарасы молайып, үні де зорайып арғы терең сай табанындағы тауанды өзенге ұласады. Тап бір қатар атқылаған төрт бастауды меншіктеп қонғандай-ақ қолаттарды қуалап төрт үй отыр. Қойлы ауыл екендігін қара қордаланған қора сорабы сонадайдан айқайлап айтып тұр.

– Кім бар-ау? – деген аңшылар даусына бастауға тақау тігілген ақ боз үйден үлкен кісі шығып:

– Е-е, өзіміздің саятшылар екен ғой. Жолдарың болсын, – деді. – Қонақ болындар.

– Түу, дәл дегендей Тәшбай ағаның үйіне ат басын бұрармыз ба? – Иван қарғып түсіп, шылбырды алып, белдеуге байлап жатқан үлкен кісінің ту сыртынан жалпақ алақанымен қаққылады. – Қалай көзіңіз қиядан шалып тұрма сол баяғыдай.

– Шүкір, шүкір, мерген шырақ. Бірақ қайдан болсын бұрынғыдай өткір қарашық. Нұры тайып барады ғой жылдан-жылға.

– Ия, өтіп бара жатқан уақыт. – Иван көзін жоғары биік шоқыға қадап, Айдарханды сұқ саусағымен түртті. – Анау бір жылы тауға борсық атуға шықсам, Тәкендер Асу сайдың табанында, Көкбастаудың түбінде отыр екен. Күн батып, ала көлеңке болып қалған кешқұрым кез. Дәл осылай үй алдында қауқылдасып тұрғанбыз. Бір мезет Тәшбай аға қолын мандайына көлегейлей ұзақ қарап, «сонау таудың ұшар басындағы кереге тастан ұлар көріп тұрмын», - дегені. Жай көзбен ары қараймын, бері қараймын, түк байқалмайды. Бұл кісі болса, «әне жорғалады, міне жорғалады», – деп көргенінен таймайды. Сосын дүрбі салып, қадала қарасақ, ой, тоба-ай, расында да домаланған шап-шағын құстар жер бауырлап қана ұшып, қонып, жартасты айналып жүр. Қызығып кетіп, пердеңкені (бесатар мылтық) қолыма ала беріп едім: «Қой, қарағым, таудың киелі құсы, өзі өсіп-өнген, неғыласың», - деп тоқтатып тастады. Сонда таң қалдым «ойпыр-ай, неткен өткір көз», - деп.

– Е-е, біртіндеп біз қалып келеміз ғой, қарағым. Сендер озып барасыңдар. Оны қойшы, уақыт дегенің алады. Ал ана шикіл сары әкең Ыстипан сау- саламат шапқылай ма? Барбара екеуі әлі сол қолтықтасып киносына барып қоятын шығар. – Тәкең басын шайқап, күлімсіреді. Әлденені есіне түсірген сияқты. – Қарбаласып кешкі малды қоралай алмай жатсақ, екеуі шырттай киініп алып, «Әй, Тажвай, Калия кайда, дабвай кеттик киноға», – деп жүйкеге тиетін. Оған Калия күйіп-пісетін «орыс ойына келгенін істейді», – деп. Ойпырмай, қалай бәріне үлгереді дейміз-ау. Үй шаруасын да жасайды, колхоз жұмысын да жайғайды, кеш батса болды жылтырап киініп алып, қолтықтасып клуб жаққа жүріп кеп береді. Не деген өмірге құштарлық десеңші! Бірақ біз

соған үйрене алмай-ақ қойдық. Тек, әйтеуір, балаларымызға үлгі қылып көрсететінбіз. «Әне қарасаңдаршы, қандай заманға үйлесімді халық. Қора-қопсысы, үй маңы тап-таза. Көлденең қурай жатпайды. Көпшілікке қандай жақсы жан-дар. Балалары да іші-бауырыңа кіріп кетеді. «Аташка», «апашка» дегенде көңілің елжіреді. Қазақша ауызданған сияқты. Сосын бәрі шетінен темірден түйін түйеді. «Әне, солардан өнеге алыңдар, үйреніңдер» - деп құлақтарына құйятын едік.

– Әкеміз әйтпесе ылғи сіздерді мысал қылып алдымызға көлденең тартатын да отыратын, - деп Иван шалқая күлді. – Үлкен адамдардың әдеті екен ғой, айналып келгенде, ә!

– Ұлдарыма ағаштан ою оятын Ыстипан әулетінің қолөнер шеберлігін қаншама қақсасам да ұқтыра алмадым ғой, - деп Тәшбай кәдімгідей күйзеліп айтты.

– Неге аузыңызды қу шөппен сүрте бересіз, аға. Ана жылы Қызылсайда отырғаныңызда сіздің отарыңызға сақпанға барып, ортаншыңызға ұсталықты үйретпеп пе едім. – Есіне әлдене енді-енді ғана түскендей самбырлап сөйледі. Қазақшасында бір мүкіс болсашы, шіркіннің. – Содан кейін-ақ сол балаңыз сақалын сапситқан суретші болып кеткен жоқ па!

– Айтпақшы, сондағы сен соққан мүйіз сапты селебе пышақ әлі бар, бірақ жүзі әбден жұқарды, - деді шопан оған әлі де разы екенін аңғартып. – Ой, батырекесі, ойыма жақсы оралды, сол қой туысы кезінде жас төлдермен жағаласып жүріп домбыраға саусағыңды иліктіргенім қайда? Ұмытпасам, біраз нәрсенің басын қайырып қалған сияқты едің ғой.

– Ә-ә-й, мына саусақтар не тартып жарытушы еді, - деп ол мүйізденіп қатып қалған күректей алақанын жайды. – Бала жуатарлық деп өзіңіз айтатындай жай дыңғырлатамыз, әйтеуір. Әттең, бұлғары баулы сырнайды құлаштап созғандай күмбірлетіп кете алмадым домбыраны. Бірақ бір мүлкімдей төрімде, гармонның қасында тұр.

– Біздің асылымызды өйтіп қастерлегеніңе рахмет! Ой, сен бір көңілің түскенде кәрман тартып, қыз-қырқынды үй маңына топырлатып жиып алушы едің-ау. Өтіп бара жатқан

дәурен де! Ал сол сендердің арқаларыңда ауыл бидің көкесін көрсететін болды емес пе. Бірде Барбара түскір мені сүйремесі бар ма ортаға, тамам қыз-бозбаланың көзінше, өлгенім-ай! Қалия құрған ұялмай шықты ғой Ыстипан жетектегенде. Оған би қайдан бітіпті. Қой қайырғандай құр ордандап жүрді де қойды.

– Жо-жоқ, Қалия жеңгеміз фокстротты үйреніп қалған, – деп Иван үй іргесіне төселген елік жарғаққа жайғасып, малдасын құрып отырды. Тәкең «үйрену қайда» дегендей, қолын бір сермеді де, сөзін жалғай берді.

– Асылы Ыстипанның ойын-сауықты ошағы өмірге құштарлықты үйретті деп білемін көрші-көлемге. Маруся, Ньюра, Людаға қарап қыздарымыз бойын түзеді. Мінездері ашық, тұлғалары тіп-тік, кірпіктерін қақпай бетіңе тура қарап күлімсіреп тұрғаны. Қазақша-орысшаны судай сөйлейтініне ауыл болып айызымыз қанады. Әнді де әр тілде сызылтады дейсің. Мына ән-әуен шіркіннің сиқыры бар. Құлағымызды сендердің үй жаққа түріп қоятын болдық бара-бара. «Әне, әне сырнай даусы шықты, көшеде тағы да танцы болады», – деп балаларымыз қолды-аяққа тұрмай қуанатын. Шаруаны тез-тез тындырып тастап, үсті-бастарын ұқыптап, айна алдына таласады кеп.

– «Ақыл ауысады, ырыс жұғысады» демей ме қазақтар. – Иван шопанның тақиясын алып басына киді. Төбесіне тура құйып қойғандай екен.

– Балаларыңыздың бәрі де ән-күйге жақын. Домбырашы. Шапағатымыздың тигені ғой демек.

Кенет киіз үйдің белдеуіндегі аттар құлақтарын қайшыласып, осқырынып, тартынып-тартынып қалды, бәрі де жан-жаққа жалтақтасып қарады. Бесқоныспен тұтасқан сонау биік беттен бір арқа тобылғы жалп-жалп етіп домалап келеді екен.

– Ә-ә, әлгі біздің Қалия ғой отын құлатқан, бағана кетіп еді, кетпенін алып шың басына, – деп Тәкең тізесін сырт еткізіп орнынан тұра берді. – Жарықтық тобылғының майын тамызып тұрып қазан қайнатқанға не жетсін, ет бал татып піседі.

Тырмыштап тұрып буылған дәу бір арба тобылғы тура

қораның шетіне құрылған науаға кеп тірелді. Иван шопанға ілесе барып, буманы қызық көріп көтерді де:

– Түу-у, зілдейін-ай, - деді қиналып. – Егер тегіс жерден шауып әкелсе ғой, шопан әйелдері көтеріп жеткізеді, ә, жан тері шығып. Не деген бейнет. Осыны айтып ол оны отын жинайтын орынға алып жүрді.

– Қайта бүгінде жеңілдеді ғой қойшылардың тұрмысы. – Тәштай ақсақал қабағын шытты. – Машинамен көшеді, газ жағады, жылы тамда отырады қыс түссе. Ал біз баяғыда... – Қарттың қабағы қайта жазылды. – Жүкті түйеге арттық, өгізге тендедік. Қи жақтық, қар суын іштік, қораны дүзгеннен қаладық, қозы-лақты көрпеге орап аяқтандырдық.

– Шет-жағасын біз де көрдік қой, - деп Айдархан да әңгімеге араласты. – Түйеге жүк арту бір жөн ғой. Ал өгізге, атқа артқан азабын айтпа. Өгіздің мұрындығынан тұқыртып ұстап тұратын бір кісі керек. Тенделген жүкті әуелетіп өгіздің бір қапталына дік еткізіп салған соң, келесі теңді көтеріп әкелгенше, зілдей жүкті төмен түсірмей ұстап тұруың керек. Оған өгіз көне ме, қозғалып кетеді. Жүк сусып түседі отағасы күйіп-пысып жүріп және көтеріп ыңыршақтың бір жағына қойып береді де: «ұста, жаны бар адам құсап», - деп әйеліне зекиді. Осы сәттерде өгіздің басын тұқыртып жібермей тұрған шопан баласының да жаны мұрнының ұшында болады. Қайта-қайта теңдеп өгіздің ана жағына бір, мына жағына бір шығып қара терге түсіп жаны қиналған ашулы әке сондайда қол көтеріп қалуы да әжеп емес. Анасына ащы сөз айтылып, қамшы сілтеніп қала ма деп баланың да жаны бәйек. Өгіздің басын қоя бере сала, анасына болысудың да реті қиын.

Ал осындай ит-әуремен әрең дегенде артқан жүгің жол-жөнекей аумайды деп кім кепіл бола алады. Оған бұрау салып көр. Түйеден қиын. Қайта ойсылқара жануар шөгеді ғой. Төрт аяғынан тік тұрған өгіз, атқа жүк артқанның әлегін көргенбіз.

Айдархан, әулеті қойдың шетіне шығып көрмеген аңшының ұрпағы мына Айдархан көші-қон мехнатын былай сезінетін болса, расында бұрынғы жылдары шопан

тұрмысы кісі қызығатындай емес екен ғой. Ал енді ше? Жүкті таудың дәл етегіне дейін машинамен зыр дегізіп әкеп тастайды. Тіпті арық-тұрақ мал, кейбір өз аяғымен ұзақ көшке ілесе алмайтын жас төлдің өзін де шоферлер жеткізеді.

Ырғай таяғын бұлғай сермеп шопанның кенже ұлы Дәрмек еңіске қарай еңкілдей екпіндеп келеді. Белдеудегі аттарды көріп қуанған сияқты. Құлдыраңдауы көңілді.

– Әй, әй, тентек, үйге қарай жүгірме! - деп атасы дауыстады. Үнінде еркелеткендік те бар. Кешке дейін қой жайып, жанын тындыратын қолды-аяқты баласын кім еркінсітпесін. Оны Дәрмек те сезеді екен.

– Ат-а-а, қы-мы-ез!

– О, құлыным, сен ішпегенде... Сапырып-сапырып иісін бұрқыратып қойдым, – деп Тәкең қонақтарынан бір түрлі ыңғайсызданғандай болды. Иван жымың ете қалды.

– «Балалы үйдің ұрлығы жатпас» деген осы, ә. Қара су ішіп жүрегіміз сазып отыр ек.

Ақсақал ақталып жатыр.

– Қанша айтқанмен қона жатып сый-құрмет көруге лайық азамат емессіңдер ме. Бәрі де бабымен болсын дегендік менікі. Қазір жаңағы отын домалатқан жеңгелерің де таудан түседі. Сосын ауыздың дәмін алып тұрып, ой, сораптайсыңдар сары қымызды. Бауырсақ пісіреді, қуырдақ болады. Соған сақтап отырмын әдейі.

– Ой, ата, Иван құрымағырдың тілінің қышымасы бар екенін бұрыннан да білесіз ғой өзіңіз. Қасынып отырады. Балаңыз қай класта? – деп Айдархан кебеже кеудесін керіп қойды.

– Жетіншіге барады биыл күзде.

– Әне, жігіт болды деген осы. Кейбір балалар салақтап бос жүр. Болсын-болмасын бүгінде далақтап доп қуалайтын әдет тапты ғой бала біткен. Қалаң да сол, далаң да сол қазір.

Айдархан осылай деп көгалға шынтақтады.

– Көрпеге қисай, қарағым, - деп қария Иван отырған елік жарғақпен жапсарластырып құрақ көрпе жайды. – Көк шөптің нілі жұқса өлсе кетпейді. Қайтеміз енді, заманында шыққан ойын. Біздің Дәрмек те ала добыңды аяйын деп

жүрген жоқ. Қамандыда ойнаушы едім, жазғы каникулда қой баққанның кесірінен қарайып қалатын болдым деп қорада жатқан әнебір дүңгіршекті керзі етігімен даңғұрдүңгір еткізіп бір теуіп өтеді, әйтеуір. Соған қарағанда біздің бала тобына жеткенше асығып жүр-ау.

Дәрмек айнала қол беріп шықты. Айқайлап тұрып айтқан сәлемін өзімсіне қабылдап жатқандар көріп жүрген адамдары. Дәу Иван тура көршісі. Араларыңда үй жоқ. Айдархан ауылдың ең аяғында көшеден оқшаулау тұрады. Биік қып тор көз сым темірмен шырмап қоршап тастаған он сотық огородын балалар «кішігірім хайуанаттар паркі», - дейтін. Дәрмек те балаларға еріп барып, талай рет көрген. Әсіресе құжынаған қояндардың қылықтары қызық. Әуелде огородтың шетінде ойнақтап жүреді де, демде жер жұтқандай жоқ болып кетеді. Біраздан соң огородтың қақ ортасында әлденені қажай жайылып жүргенін бірақ көресің. Сөйтсе шыр айнала сыртқа шығар жер асты жол жасап алады екен. Оның өзі де сан ауызды жықпыл-жықпыл. Бірін жапсаң, екіншісінен құлағы қылтияды қыли неменің. «Қоянның жымындай» деген осыдан шыққан шығар, сірә де.

Әдемі сары жағал аяқты еліктің баласы енесімен елендесіп тұрғанын тамашалаудың өзі бір ғанибет. Сүйкімді көздерінен сүйіп-сүйіп алғың келеді. Осындай кербез де керім сұлулықты көзі қиып кім атып алады екен? Сирағын сындырып, қамшыға сап қылатынын қайтерсің? Тау да, тас та сыңсыған тобылғы, сап жасауға солар да жетпей ме?! Екі қарыс қамшыны қолға ұстау үшін-ақ жаратылғаны ма, жәудір көз жануардың?!

Осындай аяныш тудыратын мұнтаздай мүсін қасында тұмсығы тұмшалаулы қасқырдың бөлтірігі де байлаулы жататын. Қолға үйренер-үйренбесі екіталай неме көзінен от шашады. Үйшігінен сыртқа шығысының өзі сұсты, енді-енді қораға атылатын арлан бөрідей төрт тағандайды. Жыртқыш ата-бабасынан аумай қалған кіп-кішкентай көшірмесінің өзі-ақ ауыл иттерінің түн баласы ұлып, үріп шығуына жарайды.

Әдетте ұстаған аңын үйіне тірі әкелуге тырысатын

Айдарханның жүзіне Дәрмек тіктеп қарады. Не күдіреті барына таңырқағаны. Пәлендей ерен тұлға да емес. Иван сияқты. Бойы ортадан да төмен. Қол-аяғы қысқа. Өңі майға қуырған бидайдай жып-жылтыр. Кезінде қызыл шырайлы-ақ болса керек, қазіргі түрі жел-құзға тотығып қараторыға айналған. Тек екі көзі шоқтай жайнап, сынаптай сырғып тұр. Қорқыныштан ада көз қарасы қараңғы түнді де қақ тілетіндей айналасына сұғынып-сұғынып қояды. Жоғарыдан тастап жіберсең төрт аяғымен дік етіп түсетін әбжіл мысық тәрізді жинақы шағын дене шымыр шығар, қимылы қағілез, сөзі де шапшаң, қутындап пілдей балпиып отырған Иванға қолын жүгіртіп, тиісіп қояды.

– Бағана ат үстінде салмағыңнан сескендім жүз килограмың тартып кетеді ғой деп. Қане, жерде күресесің бе, дәуім. Серен еткізейін өзі.

– «Атқа мінсе атам күшті, жерге түссе мен күштімін», - дейді екен сайыскердің палуан баласы. Сол айтқандай жаяу тұрып бақ сынасқың бар, ә. Жанбасың жер иіскемеген өз қатарыңның алды екеніңді білемін. Әй, бірақ қолыма бір түссең, төбеке тақия қып кие салармын, сол есінде болсын.

Айдархан арсалаңдап күлді. «Құдай қолыңа түсірмесін» - дегені.

– Қашанғы қашып жүріп, «ұрыс» салмақсың, - деп Иван түк-түк жуан саусақтарын айкастырып, сытырлатты. – Сен андағы сияғыңмен қаншама әдіске салып, жерге сүріндіргеніңмен үстімнен басып жата алмайсың ғой, жабысқыр. Көп болса тауаның алпыс килоның ар жақ, бер жағы. Былқ етпестен сені көтере-мөтере түрегеп кетемін, кел, бәс! Ал егер сен менің астыма түссең...

Ол осылай деп дереу ай-шайға қаратпастан оның жаңағы жыбырлап, жүгіріп тынбай отырған қып-қысқа қолынан шап беріп ұстап алды. Айдарханның батырсынып тұрғаны бекер-ақ екен, босана алмай тыпырлады да қалды.

– Ал, аударшы мені әулие болсаң, - деді Иван Айдарханның үстіне атандай аунап. – Сенің әлгі жұмсақ кілемде күресіп, қанша айла-әдіс жинағаныңды көрейін.

– Әй, әй, сен сияқты ауыр салмақтылармен белдескен жоқпын, - деп қозғалуға мұршасы болмай ышқынды ол

тынысы тарылып. – Жеңіл салмақта күрескенмін ауыл шаруашылығы училищесінде оқып жүргенде. Одан бері де қай заман. Ол кездегі бірінші разряд түгіл қазір үшіншінің дәрежесінде де айқаса алмайтын шығармыз. Әр нәрсе өз уақытысында, батыр. Бабын жоғалтқан жүйріктейміз. Жібер, тұр... И-и-и, етімді езіп жібердің ғой бір центнер болып...Екеуінің алысып-жұлысқанын қызық көріп тұрған Дәрмек көзі жайнап, дереу Айдарханға болыспақшы болып, Ивановның жауырынына жабыса кетті.

Шопан қызба ұлының қылығына басын шайқап күлді.

– Әй, жалпы қазақ жабылып жалғыз орысты жыға алмай жатырсыңдар ма, - деп осы сәтте Дәрмектің шешесі қазан-ошақ жаққа иығындағы тобылғы шапқан кетпенін тастап жатты. – Мына мен болмасам, әуелім, біздің шал қосылса да жыға алмайсыңдар Барбараның батыр баласын. Көршіміздің Алпамыстай алып боп туған мұжық екенін білмеуші ме едіңдер осы күнге дейін, түге.

Амандасуға да демі жетпей алқынған Айдархан Қалияға шағына сөйледі.

– Кезінде әйел күресте әйгілі болған, женешетай-ау, өзіңіз килікпесеңіз бой бермей тұр көршіңіз.

Айдарханның айтып тұрғаны да рас. Қалия ет-жеңді қарулы кісі. Денесі де, қуат-күші де шалына қарағанда ірі, мол. Жаратылысы солай болса, шара қайсы. Жүктің ауыр жағында жүретіні де сондықтан. «Батыр тұқымдас Бәйтелінің қызы ғой», - деп қол қаруын мойындап отыратыны бар отағасының. Жиын-тойларда ортаға шығып, әйел күресіне қатысып, бәйге алып жүретін. Бірде, осы кейінде жұрт қолқалап бой бермей күреске салады. Сол баяғы дақпырт болмаса, күштің қайтып қалған кезі. Жүрексініп-ақ шығады. Қарсы жақтан екі бетінен қаны тамған, келіскен сұңғақ бойлы келіншек бұған «келсең-кел» деп қолын созып тұр. Ол енді не де болса қулыққа басады.

– Қарағым, өзің тым жап-жас екенсің, бұрын-соңды күреске түсіп көрмегенсің ғой, шамасы, - дейді ол келіншектің уыздай өңіне аянышпен қарап.

– Жок, – дейді келіншек именшектеп. – Ортаға шығып тұрғаным осы.

– Ой, әттеген-ай, а, қиын болды-ау, қарағым саған, – дейді Қалия басын шайқап. – Мен ендеше, шырағым, әйел түгіл еркектердің өзін аяғын көкке көтеріп жығып жүрген «қатын палуан» едім. Қап, қиын болды, ұят болды. Мейлі, ендеше...

Сол-ақ екен, бетінен қаны тамған сұңғақ келіншек жалт беріп, өз тобына қойып кетеді.

Ал Айдархан жазған Қалия шіркіннің соңғы жылдардағы палуандық қулығын – «тәжірибесін» қайдан білсін, шын көңілімен. Иванды жығып бер деп отыр. Иванды жығу қайда?! Түйенің жарты етіндей оны орнынан қозғаудың өзі күшке түседі.

– Шалыңыз далаға құр ауыз қаңтарып қойды, – деп Иван көк аспандай көзін Қалияға күлімсірете қарады.

– Оның ондай сарандығы бар енді, – деді Қалия үш аяқты темір ошаққа қазанды асып жатып. – Сабаны арқалап кеткен жоқпын ғой мен отынға. Күрпілдетіп пісіп-пісіп қымыз құйып бермес пе, қолы ашық болса.

– Бауырсақты батырып, қуырдақпен құныға ішесіңдер деп бәрін де сізге қаратып қойды ғой, әйтеуір, – деп Айдархан да ындыны кеуіп отырғанын аңғартты.

Тәштай қарт шоқша сақалын бір уыстады да, бәйбішесіне иек қақты:

– Әсте әйелдің тірлігіне араласқанды жаным сүймейді. Әрі олардың қолынан татқан дәм де тым тәтті болады емес пе, ә.

– Әй, сөзіңе болайын, балалардың әкесі, – деп Қалия тезек қаластырып жатып еңсесін көтерді. – Сонда анау таудың ұшар басынан гайғанақтап жүріп құлаштап тобылғы шапқан мына менің – басындағы көлдей ақ орамалын ұстап көрсетті. – Тар құрсағын кеңейтіп тоғыз бала тапқан әйелдің шаруасы екен ғой. Одан да о бастан иі жұмсақ маған, ана үй жұмысына ықтиятты қара домалақтарға әбден арқа сүйеп алғамын десейші, байғұс-ау.

Бұл кезде Тәкен майсінді қалақтай қоңыр домбырасын қолына алып та үлгерген. Манадан өзіне бағышталып жатқан іліп-қақпай ескертпелерді құлағына да қыстырған жоқ. Шөкімдей болып қос ішекті шертуге кірісті.

– Е, бәсе, бағанадан бері өстіп ең болмаса балаларды домбыранмен алдарқата тұрмадың ба, - деген Қалия шешейдің бір тегене қымызы да келді ортаға. Бетінде майы қалқыған сап-сары қымыздың иісі бұрқырап, танауға тығылып, тұла бойға жайылды.

– Бір шанашын бастаудың көзіне бастырып қоямыз. Мейір қандырап суықтығы содан да ғой, жарықтықтың.

– Екі бие байлап отырмыз. Келімді-кетімді өздеріңдей кісілер де қанып ішіп тұрады, – деді Тәшекең мұздай кесенің үш-төртеуін табанда төңкеріп тастаған соң. – Жануар, мал деген жақсы ғой. Ал кейбіреулер осы төрт түлікті түгел айдап өргізсе де, ақ ішпей қурап отырады. «Еріншектік етек-тен тартқан» деген сол әне. Әйтпесе мал баққан неге жаман болсын. Ата-бабамыз тамақтың төресі айран-сүт, құрт-ірімшік, қымыз-шұбат, ет-май екенін о баста білген ғой. Денсаулыққа да мың да бір ем. Бірақ кейде қиындығы да ішкен – жегенінді бірақ-ақ күнде желкеңнен сығып алады-ау. Сонысына шыдап баққан адамның ғана аузы аққа тиеді. Бағы өрлейді. Оңай олжа бар ма өмірде. Самайдан аққан термен табылады.

Осыны айтып Тәшекең домбыраны сар желіске салдырды. Қып-қызыл нарттай жүзі балбырап отыр. Көзін шартта жұмып алып, терең тебіреніске кеткен. Қойдың алды қорадағы науаға бас қойып жатыр. Тұз жалап ашырқанған жұнттай немелер қайнар бұлақ қайдасың деп бастарын шайқап қайқаң қағады. Жайлаудың сап-салқын кеші қоюланып, қараңғылық ұйып келеді.

Ошақтың оты маздап, киіз үйдің айналасын жалқын жарыққа малындырып тұр.

– Шіркін, шаңырақтың берекесі Қалия жеңгеміз екен ғой, - деп Иван күй ырғағына балқи бастады. – Бауырсақ та пісті, қуырдақ та майға бөгіп қалды. Қымыздың күшімен күйкентайдай шал күй сапырып кетті.

– Қалай-қалай құтыртасың-ей, қағынғыр түйнек, - деп шопан домбырасын доғара салды да, қымызға еңкейді.

– Тү, үй, қарап отырмай күйдің желісін үздің ғой, - деген Айдарханның өңі де өрттей қызыл. Осынау қоңыр кеште қос ішектің күмбірін қымызға қосып сіміре бергісі бар.

Тек Дәрмек қана өз ойымен әлек. Иван аға неге Васяны, Сашаны өзімен мінгестіре келмеген. Мектептегідей доп ойнайтын. Науаның асты қақпаға қатып тұр. «Келер кезек, терме тезек» деп ұтылып қалса тақылдап қазақша мәтелдеп соғатын Сашаның қылығы сағынтты. Шешелері Анна да аңқылдаған мейірімді адам. Дәрмектердің әкешесі қыстауда ғой, шаңғысын шегелеп бер деп Иванның қолы епсейлігіне иек арта ескертіп қоятыны бар-ды. Ал анау-мынау қол ісмерлігін қажет ететін уақ-түйектер Вася мен Сашадан да артылмайды. Әкесінен көргендерін істеп, көршілердің жандарын тындыратын осы екі ер бала Дәрмекке де жан достар еді.

Иванның дүниеге дән риза нар түйедей пошымына қарап тағы бір нәрсе есіне түсті. Бесқоныстың күн батар тік қабағында қалың қорысты, қоғажай гүлді, мәуе басқан мөпмөлдір бастау бар. Қайнар көзін сандық тастармен сәндеп қоршап қалаған. Үй орнындай десе болады. Бір кісінің қолынан келер бейнет емес. Қырлы, кірпіш қайрақ тастарды көтеріп әкеп қою қарулының қарулысына тиер үлес. Таспен өрілген бастау көзінен төменге құлдырап су сылдырап ағып жатады. Осы бір қиын-қыстау тау қапталындағы қайнар-бастауды жайлаудағы ел «Орыс бұлағы» деп атайды. «Аң аулап жүріп біздің көрші Иван бел бұлаққа жетіп жығылады, - деп айтып отыратын қой шетінде Қалия апасы. – Шатырын тепсеңге тігіп тастап, қаншама күн осы бастау басында түнейді. Қайнар көзін кеңейтіп, қойшылардың бір сауабын алайыншы деп дәу қолдарымен үлкен іске кіріседі. Міне, содан бері ол ара осылай аталып кетті. Қазақ шіркін ат қоюға шебер ғой, күнім».

Сөйткен көрші Иванның келбетінен көз алмай қарап отыр қойшы бала. Тұлғасын салмақтап талай алыптардың қатарына қойып көрді ойша. Мұз ойнақта конькимен ойқастаған Харламовқа теңеді, Якушевқа, Фирсовқа балады. Бір ауық боз кілемге де апарды: Айханов, Андиев, жоқ, олардың түрлері келмейді екен, сары жүзді, сары шашты болуы керек. Медведь, Ярыгин, Резанцев... Жо-жоқ, айтпақшы, Власов, Алексеев, иә, иә, тапты, тапты, тап соларға ұқсайды. Алтындай шашы жалтылдап ел намысын

қорғаған ер мінезділерге ұқсайды. Тек жарыстарға бармай қалған алып күштің иесі ғой...

Осылай ойлай-ойлай шарықтап кеткені соншама, тау бөктерлеп, жазы-қысы жортып жүріп жайлау қойнауындағы бітеліп қалған бастау көздерін арши кететін көрші Иванды өзінің қарапайым аңшы қалпына көпке дейін қоя алмады.

Таң ата тағы да жолға шығатын қос аттыға әлі де талай көзі көміліп қалған тәтті бұлақ кезігетін шығар.

Ошақтың оты май құйғандай маздап жанып жатыр. Дастарқанда баданадай бауырсақ, майлы қуырдақ, сары қымыз. Тәшбай шопанның қолында қалақтай домбыра. Екі аңшы екі жағына жантайыпты. Салқын түнде сыр толғаған қос ішек аш өзекке түсіп, қай-қайдағы, жай-жайдағыны еске салады.

– Аннаны жайлауға бір ертіп келсеңші, – деп қояды Қалия балаларға бауырмал көршісін көргісі келгенін сездіріп. Қоңыр шертіске құлағын тосқан ол құр басын изейді.

Дәрмектің назары енді Иванның жез қамшысына ауды. «Сабы, әйтеуір, еліктің сирағынан емес екен» деп ойлап қойды.

Мүз – моншақ

*Шырқаймын шыңға жар салып,
Жасану үшін жаз дәуір.
Жаңбырлы күнді монша қып,
Жуынам бұлтқа қазбауыр.*

Төлеген Айбергенов.

Тауда күн күркіреген қандай! Оны мына менен сұрағын. Жазғы каникул сайын құзар жартасы төбене құлайын деп тұрған сияқты жасыл жайлауға қой жайған қызық қой, шіркін. Әттең, әке-шешесі мал бағып көрмеген көше балаларының мұрнына мұның иісі де бармайды-ау.

Қойды еркінше қаптатып жіберіп, қыр желкесінен қыдыып шола қарап қосарланып тұрғанбыз. Таңертең шай-

дай ашық болып айнала көзді қарықтырған тау табиғаты табанда нілдей бұзылды. Кең қолатқа сұғына жайылған отар еріне қозғалып, зілдей жаңбыр тамшыларына жонын бере бастады. Жел құтырып, жейдемізді кеулей бергенде-ақ қарны салбыраған қазбауыр бұлттан шелектеп су құйыларын сезгенбіз. Андыздап жалпақ-жалпақ тамшылар бетке ұрды. Қалқасына бір үйір жылқы сиып кетерлік зәулім кереге тасқа қарай өкшемізді жалтырата бездендеп жүгірдік. Қия беттен шатқаяқтап сүріне-қабына қалқаға жеткеніміз сол еді, найзағай жарқ- жұрқ етті. Інім шар ете қалды. Құшағыма орап, бауырыма баса қойдым. Төңіректі бір түрлі қоңырсы күйік иіс жайлап кетті. Әлдене күйіп, жанып жатқан сықылды.

– Сырлыбай, таңдайыңды көтерші, әке, – дедім есіме дереу апамның осындайдағы әдеті түсе қалып. Ол «а-а-а» - деп аузын ашты. Тілінің үстіне сұқ саусағымды жүгіртіп жіберіп, таңдайын көтердім.

– Ол неге, а? – деп Сырлыбай маған таңырқай қарады. – Сонда не болады, а?

– Сен жаңа қатты қорқып қалдың ғой. Шошынбасын деп үлкендердің ырымын жасап жатқаным емес пе.

– Ырым деген не, а?

Ол енді өстіп шексіз шұбырға береді. «Ол не, а?» – дедуден бір танбайды. Өзі менің жанымнан бір елі қалмайды. Көзі көргеннен көзақы алмай қоймайды. Атқа мінсем жарбиып артымда отырады. Жаяу болсам қалқайып қасымда жүреді. Әбден бауыр басып алған маған.

Ақ нөсердің арты бұршаққа айналды. Жүтері дәніндей мұз моншақтар сатырлап жауды дерсің. Кереге тастың айналасы аппақ боп үйіліп күреуге келді.

– Үйге енді қалай барамыз? – деп Сырлыбай жыламырап маған қарады. Қызыл шақа бақайы барбиып менің аяғымды көсіп-көсіп қояды.

– Әне, қал десе, қалмайсың. Осында түнейміз де, қайтеміз, - деуім мұң екен, ол бақырып жылап, жартасты басына көтергені.

– Болды, болды енді, – деп түсімді жылыттым. – Күн қазір-ақ ашылады.

Айтып ауыз жиған жоқпын, аспан айнадай жарқырап, айнала жып-жылы болып кетті.

– Ур-ра, күн шықты, күн шықты! – деп Сырлыбай борбиған алақанын шуаққа тосты.

«Бұлттан шыққан күн ащы», – дейтін апам. Рас екен. Шақырайып, тасқа үйме-үйме боп қалған баданадай ақ бұршақ-моншақтарды демде-ақ балқытып барады. Сырлыбай екеуіміз алақанымызға көсіп алып, бидайдың миясын тергендей арлы-берлі араластырып қызықтаймыз. «Үф-ф-үф»- деп үрлейміз. Көз алдымызда мұз-моншақтар мөлдір тамшыға айналып ғайып болып жатыр.

– Бұл қалай жауады, а? – деп Сырлыбай су тамшылаған саусақтарын сорғылайды.

– Суық қой, сорма, – деймін безектеп. – Ауырып қаласың. Мұрттай ұшасың.

– Мұрттай қалай ұшамын, а?

– Ой-й, мылжың...

– Ол не деген сөз, а?

– Көп сөйлейсің.

– Жаман бола ма?

– Жоқ, жалықтырып жібересің.

– Апам жалықтым деп айтпайды ғой.

– Әбден еркелетіп жіберген.

– Сен де еркелемейсің бе, а?

– Маған енді ұят, бақандай он үшке келдім.

Ол ойланып-ақ қалды. Бетіме бажырая қарап тұрды да тұла бойыма түгел көз қыдыртты. Сосын әлдене есіне сарт ете түскендей томпайып тұрған шалбарымның қалтасына сұп-суық қолын сұғып кеп жіберді. Денем тітіркеніп кетті. Қармақтай саусақтары қара санимды қытықтап уысын толтырып жатыр. Жұмырығы тар қалтаның аузына кептеліп әрең шықты. Бағана қой өргізгенде екі қалтама да піспелеп лықа толтырып малта құрт салып алғанмын.

– Мә, мына қозыны өзің же, – деп артқы сирағы жемірілген сурет құртты маған созды. – Ботақанды бермеймін, міне, қарашы, әй, әйбат, саған бер-мей-м-ін.

Қос уысын да артына тығып Сырлыбай шегіншектеп барады. Апам құрт жайып, ірімшік қайнатудан алдына

жан салмайтын шығар. Ерінбей отырып сүзбеден неше түрлі жан-жануарлардың кескін-келбетін салады. Әсіресе соңыра өрешеге жайып қойғанда – көздің жауы. Көк жасыл жайлауда төрт түлік мал түгел жайылып жатқандай. Боталы түйе, құлынды бие, қозылы қой дейсің бе, бұзаулы сиырма, лақты ешкі ме, бәрі-бәрі ши өрешеді иіріліп-жусайды. Сосын апам соның бәрін сөйлеп отырып, айтып отырып ерінбей өрнектейді.

– Мына төрт түліктің басы – боталы түйе Шаканымның бәсіресі, – деп өркенін бір шымшып сүйірлеп қояды. – Көрші ауылдан келін түсіргенде шудасын желкілдетіп мініп алып жұртты тойға шақырамыз. Құлын ерткен бие – Бұлтбайдыкі, қозылы қой – Түзелге тиесілі – момақан ғой ол. Ал әукесі салбыраған ақ бұзау Өзбекбайға лайық, енесін Мәруәш сауып ішсін. Тастан-тасқа секірген бөрте лақтың құйын мінезі құдды Сырлыбай да, жағал ешкі үйге үйірсек Орлан. Керегені кемерлеп, қазан-ошаққа сүйкеніп күйелеш-күйелеш болған кейпі қызық өзінің.

Өстіп апам балаларына санамалап қолдан бәсіре құрт жасап беріп, өрешені хайуанаттар әлеміне толтырып тастайтын. Және өзі айнытпай салатын. Кейде кісі жеуге қимайды. Әбден кеуіп саудырап сары мейізденгенде төрт түлік малдың қол-аяғын кем-кемдеп кеміріп, күні бойы қой шетінде ермек қылып жүреміз. Дегенмен қатты шөлдететіні де бар. Бір рақаты, өрістің кез-келген жері қайнар-бұлақ, соған бас қойып тастай суды армансыз сіміріп, мейіріміз қанады-ақ.

Сырлыбайдың жаңағы жан қалтамнан уыстап алып шыққаны да сол апам жасаған кескін-сурет кішкентай сықпа құрттар. Менің есіме де енді түсті. Алдымен Сырлыбай берген қозы-сурет құрттың басына су құяйын. Расында артқы сирағы қалтамда жүріп омырылып сынып қалыпты. Сап-сары сары алтындай майы бетіне шыққан маңызды құрт. Жей бергің келеді-ау тіпті. Сырлыбай қу торғай тілін қоса бірге жұтып қояр ма екен, қайтер екен. Тілге сап, дәмін алып, сорып жүргенді де білмейді, аузына түссе Нұрбектің диірменінің тасындай талқанын шығарып қылғыта салады құтырған неме.

– Тәтті-тәтті тамақ істейтін, сары мейіздей құрт жаятын апамызды кейін үлкейгенде қалай асырар екенбіз, – дедім Сырлыбайға қайтер екен деп, жағал-жағал аузын ернімен жалап малтасын езіп тұрғанына қарап. – Ертең бәріміз де ер жетеміз, олар бүкшііп қартаяды, жұмысқа жарамай қалады. Сонда...

– Иә, саған, – деп Сырлыбай бұртиды. Екі ұрты тобықтай боп сыртына шығып кетіпті, екі езуі көпіріп тұр. – Үлкейгенде апам ақ сиырды сауып айран ұйыта береді ғой.

– Жоқ, сен үлкен болғанда апаны немен асырайсың, соны айтшы?

– Ал мен үлкеймеймін, қайтесің, өстіп тұрам, - деп ол екі аяғын алшайтып қыңырая қалды.

– Неге-ей, а?

– Өсіп кетсең сәби исің жоғалады-ау, құлыным, деген апам. Сол, өспеймін, ал қайтесің.

– Ой, бұзық. Қусың, ә, - деп иығынан құшақтап қысып-қысып жіберіп едім, дереу кеудеме ыршып мініп, мойнымнан қос қолдап тарс қысып ұстап алғаны. Көсеудей екі аяғы да жып етіп маймыл құсап аш беліме оратыла кетті. Табаны қандай тастай. Өкшесі біздей тесіп барады. Тыныш тұрмай үстіме үйкеп-үйкеп қояды. Демі ыстық өзінің. Жағалай-жағалай арқама ауысып барады. Міне, жотама да мініп алды.

Тас-тастың бетіндегі ақ бұршақтар күн көзімен жоқ болды. Бірақ қаптал беттің қалың шөбі мұз моншақтарды жасырып жатыр. Күн шуағы төбеден ауған соң-ақ теріскей қия бетке мүлде түспей ұясына батады. Жайлаудың бір ғажабы тағы осы. Күн сәулесін көрмейтін қалтарыс көк майса қолаттар да бар.

Мына маржандай шашылған мұз моншақтар ертеңгі күннің көзін көргенше жоғалмайды. Жасыл кілемнің арасында жасырынып жата береді. Аспанмен астасқан Бесқоныс жайлауының мандайына жазылған құбылысы табиғаттың. Жамылғы-сулығың жаныңда болсын. Көк күмбезі күркіреп-сарқырап қазір-ақ көз жасын төге салады. Көк аспан қазір-ақ күлімсіреген күнімен қабағыңды жадырата қояды. Ұғып көр!

Енді не дерсің жаңағы қылығын. Бесқоныстың бір бетінде кемпірқосақ, бір бетінде күн шығып тұр. Мұндайда ең жақсысы, қой тырп етпейді. Шалғыннан, жапырақты бадал-балғын қорыстан жалдап жүре алмайды. Шіркін, жайлаудың осы шүйгіні ғой қойшы біткенді жылдың бір мезгілінде желпінтіп тастайтын. Атамның ағайын-туғанды аралап, ақ қалпағын алшысынан киетіні де осы ұлан жаз маусымы. Мәуесі тұнған Бесқонысқа көшіп-қондырады да отардың шетіне бізді шегелейді. «Баланы құдайдан неге сұрадық», - деп арқамыздан қағып, маңдайымыздан иіскеп қояды. «Көшенің қу сирақтарын да көріп жүрміз ғой шекесі қызғанын күнге күйіп». Бұл – жауын-шашында жел қағып, ерніміз жарылып, жалақ болғанда бізді жұбатқандағысы. Анау төменде, көшеде бос саландап, шаңды аспанға көтеріп құр жүрмесін дегені. Кино-синосынан құр қалдым деп қыңқылдамасын дегені.

Бекер обалы қане, атам ауылға – етекке түскен сайын қоржын-қоржын әуес тамақ қой деп өрік-алма, көк-сөкті үйіп әкеп тастайды. Тек сол киноға, концертке бармадық демесек, жайлау үсті ғаламат. Әй, бірақ осының ғажайып екенін тауға шықпаған балалар білмейді-ау, шіркін. Міне, сол арасы қинайды кейде. Олар да көрсе ғой жайлау қызығын деп қиялдайсың. Қызылды-жасылды керемет суретті көрім жайлау ішінде қой жайып жүргенімізді айтып тауыса алмай жырдай қылып әріптестеріме әңгімелесе. Әттең, көбісі қойлы ауылдың өзіндік қызығын сезінбейді ғой, сезінбейді. Сезінсе, жыл сайын күзде қозы бөлетін кезде колхоз басшылары бөлек отар санап алатын адам таппай жан-жаққа шапқылар ма еді. Таза ауа, тамылжыған тау, мөлдір бұлақ, жұлдыздай аққан елік, ауыздығымен алысқан арғымақ ат, саумал исі аңқыған құлыншақ, көк майсаны бырт-бырт үзген қой-қозы өмірдің сән-салтанаты емес пе. Содан жұрт неге қашады?

Осы менің атам жайлауға жабысып қалған сияқты. «Қырықжылдан асты мал баққаным, құдай кесір қылмасын, мына жетпіске келген шағымда қит етіп ауруханаға жатып көрген пенде емеспін. Ертелі-кеш ұдайы ат үстінде қамшы үйіріп жүргендікі ме, әлде табиғаттың берген денсаулығы

ма, қайдам», – деп отыратын Ділдә атамның жаратылысы қызық. Колхоздағы үйге байлап қойсаң тұрмайды. «Уақ-түйек күйкі-күйбеңнен басым айналып кетеді, қалай ғана осы көшеге сыйып отырасыңдар», – деп орталықтағы замандастарына таң қалатын.

Мінеки, сөйткен атамның сүт кенжесі ғой арқама атша мініп алған. Яғни менің де ең кенже бауырым. Кенже деген керемет ыстық болады деп, мұны бәрі әспен-сайбақ қып төбелеріне көтереді. Ол да өз бағасын әбден біліп алған. Алты жасқа келсе де атамның мойнына мініп отырады. Қалай дегенмен де баланың кішісі болған жақсы екен. Бар тәттінің бәрі соның аузында, бар жақсының бәрі соның үстінде. Кейде бір түрлі қызғанамын да. Тәттісінен бақыртып тұрып тартып жеймін. Апам: «Саған не көрінген, кішкентай бала боп кеттің бе, түге», – деп ауыртпай ғана жотамнан жұмсақ алақанымен салып-салып қалады. Мен өтірік бетімді басып жылаймын. «Әне, оның жанын шығарып тұрып ұрдым. Енді саған жармаспайды», – деп апам маған жұдырығын түйеді. Ол кәдімгідей қоразданып менің бетіме қарайды. Көзімнен жас шықпағанын көріп қайтадан жыламсырайды: «Иә, саған, Орланды қатты-қатты битіп тұрып тоқпақтаған жоқсың ғой», – деп апамды түймештейді. «Тү-үй-й, қолың неткен қатты еді, тесіп жібердің ғой», – деп апам басын ұстайды. «Қайсы, қайсы, түк те тесілген жоқ, өтірікші», – деп ол апамның көмірдей қара шашын тарақтап ашып қарайды. Шынымен тесіліп қалды ма деген қорқынышы бар үркек көзінде. Жапақ-жапақ етеді. Іле-шала қос қолдап қойғылаған жерден сүйіп-сүйіп алады да, маған одырая қарап: «Апа менікі», – дейді. Оған апам жатып кеп күледі.

-Әй, мұншама сиқыр болармысың ақырзаманның ат дорбасы, енді қалай жақсы көрмейсің, - деп бауырына құшырлана басып-басып алады. Қалтасын тінтіп жатып тағы бір кәмпит ұстатады қолына. – Көрерсіңдер әлі, кейін бәрің тұс-тұсыңа тарап «шүү, қарақұйрық», - деп жоғалып кеткенде жанымызға жалау болатын осы бокмұрын. Бәрімізді асырайтын да осы.

Ал ол әзірге менің мойныма мініп келеді. Балағым

түрулі. Аппақ бұршақты жалаң аяғыммен кірш-кірш басып, қойдың арғы шетіне шықтым. Үлкендігі үйдей қара тастың үсті теп-тегіс екен. Табанға да жып-жылы тиеді. Сырлыбайды екі аяғын салақтатып көтерген бойда әкеліп сонда түсірдім. Созалаңдап әрең табанын тасқа тигізді де:

– Ой-й, ыстық қой! – деп секіріп-секіріп кетті. Аш кезеңнің арғы-бергісін көз жазбай көріп отырайын дегендей жалтаң үстіртке жайғасқан табиғаттың үйдей тасы күннің өтінде тұр. Шуақ құйылып қызып жатқаны да сондықтан. Табанымыз жылып екеуміз де жырғап қалдық. Әсіресе Сырлыбай манағы бүрісіп жаурағанын ұмытып, жалпақ тастың ұзына бойына борбайлап жүгіре бастады. Бір кезде:

– Орлан, Орлан! (Ол менің атымды атайтын) мына қасқыр-итті қарашы! – деп беткейді басына көтеріп айқайды салды кеп.

Жүрегім аузыма тығылып, орнымнан тұра алмай қалдым. «Құрыдық, - деп ойладым. – Құрыдық. Қарауыз күшік те жоқ қасымызда. Мылтық та жоқ, енді қайттік? Қап, қойды қыратын болды-ау!»

Ол қасыма тапырақтап жүгіріп келіп қолымнан тартты.

– Жүрші, жүр, көп-көп, дәу-дәу иттерді көрсетем. Құлашын керіп, аузын томпайтып әлденеге таңырқай бас шайқайды. Одан арман зәрем зәр түбіне кетті. Бала неме білмей тұр-ау мұның жақсылық емес екенін. Қолға ілігер қару жоқ. Сасқаным сұмдық енді. Дыбыс қып айқайлайын десем үнім шықпайды. Далбасалап алақанымды аузыма апара беремін. Даусым жоқ. Сол сәтте есіме саусағымды тілімнің үстіне салып ысқыратыным сап ете түсті. Түһ, қуанғаным-ай! Бар күшімді салып ышқына ысқырдым кеп. Ысқырық шыққанына арқаланып және қоймай шырқыраттым. Көшедегі балалар да «Орланды жер жарған ысқырығынан танимыз», - деп тұратын. Қой баққаннан жұққан өнер шығар. Осындайда керегі бар-ақ енді. Бір кәдеге жарады. Әнеки, бүкіл жайлау жаңғырып кетті. Жота-жотаны аралап, тау біткен жауаптасып жатыр.

Қойдың бәрі шетінен дүркіреп қораға қарай жапырылды. Кеңірдектен тойып, кейін қарай қайтуға өздері де ілә таппай тұрған-ау, шамасы.

Екіленіп күшене ысқырып тұрған түсімнен шошынып кеткен білем, Сырлыбай шырқырап кеп етегіме оралды.

– Неге қатты ысқырасың, а? Құлағым бітелді ғой. Үйге барған соң апама айтып беремін, - деп бақырады.

– Қасқыр көрдім дедің ғой енді.

– Иә, иә көрдім.

– Қане?

– Әне, әне жатыр, сенбесең жүр, көрсетейін, – деп жеңімнен ұстады.

«Жатқаны несі мұның?» деп тағы да тіксініп қалдым. «Бізді бұғынып жатып бас салып жүрмесе...». Еппен басып ініме ілесе бердім. Ақ жоңқа таяғымды оңтайлап алдым. «Қарсы шапса қақ басынан перермін». Әй, бірақ шыт-шыт боп жарылып тұрған шетен таяқ осал-ау. Осы ойлар басымда кезек алмасып, енді-енді есімді жия бастадым.

Сырлыбай үйдей тастың күнге қабасына қарап қолын шошайтты:

– Ан-а-аа-у, - деді.

«Түһ» деп сонда ғана жүрегім орнына түсті. Үй тастың жалпақ қабырғасы түгел жыбырлаған жан-жануарлардың суреттері екен. Шын қасқыр болмағанына қуанып кетіп Сырлыбайды қысып-қысып бетінен сүйіп алдым.

– Ой, тегі, қатты қорқыттың ғой мені, - деп жартастағы таңбаларға мойын соза шұқшидым.

– Не, олар тіріліп кете ме?

– Жо-ға-а.

– Онда неге қорқасың, а?

Оған не дейін байыбына бармай жатып бас-көз жоқ тау-тасты күңіретіп рабайсыз ысқырғаныма, қойды қасқыр шапқандай дүркіреткеніме ыңғайсызданып-ақ тұрмын. Енді қайтейін. О пәленің аты жаман. Атам оны әспеттеп әдейі Анарбек құдасының атымен атаса да жаман. Ит-құспен ойнауға бола ма!

Сырлыбай екеуміз тұп-тура көркемсурет галереясын көргендей халдеміз. Үй тастың күн түсер қапталы қолмен ысқылағандай теп-тегіс-ау, теп-тегіс. Кедір-бұдыры жоқ жалпақ жатқан дүние. Сол жап-жалпақ, жап-жалтырдың беті тұтас айшықты сызулар, айқыш-ұйқыш суреттер. Тіпті

қағазға да дәл осылай бедерлеп кескін түсіру екінің бірінің қолынан келе бермес, сірә. Әдемі ою-өрнек көз сүріндіреді. Тәрде төсеулі жатқан апам басқан текеметті дәл осы тасқа әкеп жігін білдірмей іліп қойғандай. Әсіресе жан-жануарлар жыртылып-айырылады. Және бәрі кербез, керемет. Мүйізі оратылған арқар, тұяғын тік басқан таутеке, елендеген елік, қабағы сұсты қасқыр, тәкаппар тауешкі, қанатын қаққалы тұрған ұлар, тіпті түгендеп тауыса алмайсың жыпырлата салынған түз тағыларын. «Е, Сырлыбайдың көрген қасқырлары осылар екен ғой» деп тұрмын.

– Сон-аа-у, садағы ма? – деп Сырлыбай аттың басын шірене тартып тұрған дулығалы адамның нобайын нұсқады.

– Тура өзі.

– Менікі сынып қалды, - деп мұнайды ол.

– Жаңасын жасап беремін ғой.

– Оғы аз.

– Иә, көп болса қырып тастарсың жаман қатты.

– Жоқ, арам жәндіктерді атамын.

– Бәсе, ақылдысың ғой сен. Тек жамандарын ат, жарай ма.

– Жарайды. Жыланды атамын. Айдаһарды да.

– Айдаһарды қайдан табасың? – дедім жұлып алғандай.

– Басын қайқайтып, тілін шығарып тұр ғой, әне, - деп ол өкшесімен тұрып, басын кекжитті.

Ой, пәле-ай, көрмейтіні жоқ өзінің. Расында айдаһар да бар екен арасында. Айбат шегіп, аузынан от шашып тұр. Астапыралла! (апам танданғанда осылай деуші еді). Ал керек болса! Қылыш көтерген қолына айдаһардың құйрығы оратылған кемер белдікті жігіт емшек-емшек шоқпар ұстаған екінші қолын сілтегелі төніп келеді. Батырлар жырынан бәріне көз қанықтырған біздің қыртпыш жазбай танығанын қарашы. Оқыла-оқыла сарғайып біткен эпостық дастандардың парағын саусылдатып ақтарып отырып-ақ жезтырнақ, мыстан кемпір, жеті басты жылан дегендерді ойына түйіп алған зәндемі ғой бұл.

Біраздан соң Сырлыбай жерден уақ-түйек тас алып, әлгі айдаһарды дәлдеп атқылай бастады.

– Ойбай, таста, таста! – деп зеки айқайладым.

– Анау айдаһарды көздеп атқылаймын, басын мыжғылаймын! – дейді су мұрын.

– Ой, ақымақ! Ол құр сурет қой. Қайта оны ешкімге тигізбей, тастың бетін сызғылатпай таза сақтауымыз керек. Бұл қымбат қазына.

– Онда оларды үйге апарамыз ба? Қайтіп көтеріп жүреміз үйдей тасты, а?

– Әй, әй, ақылы азым-ай! Әрине, оның бәрін көтере алмаймыз. Ешкім де көтеріп әкете алмайды.

– Экскаватор ше, а?

– Жо-оқ.

– Кран ше, а?

– Жо-оқ дедім ғой саған. Жо-жоқ. Олардың ешқайсысы да әуелім бұл араға шыға да алмайды. Білдің бе?

– Самолет ше, а?

– Қойшы енді! Самолетің мұнда ұшып жеткенімен, қона алмайды. Қыр жотаға қайтіп қонады, шырағым-ау. Қонған күнде де мына мың-миллион тонна үй тасты орнынан да қозғай алмайды. Білдің бе? Жоқ па?

– Сонда кім шығады, а?

– Суретшілер, тарихшылар, археологтар.

– Бізді суретке түсіре ме, а?

– Әрине, - дедім аздап жөнге келген Сырлыбайдың сұрағы саябырсығанға шүкірлік етіп. – Күзде сабақ басталғанда тарихтан беретін Сәмүдін ағайға осының бәрін баяндап беремін. Сосын тиісті жерден кісілер шақыртады. Суретке түсіреді, мамандар зерттейді. Бұл арада мен білсем көп-көп құпия жатыр. Талай-талай тарих сыры ашылды. Көр де тұр осыдан. «Майтөбедегі таңбалы тас», – деп барлық газет-журналдар жазады әлі. Ал екеумізге рақмет айтады. «Қой баққандарың қандай жақсы болған», – дейді. «Қымбат тарихқа жолықтындар», – дейді. Білдің бе, балақай? Ой, сонда неше түрлі сыйлықтар күтіп тұр...

– Балмұздақ бере ме, а? – деп Сырлыбай бір нәрсе жегісі келіп тұрғандай бетіме тілене қарады. Аузында құрты тұрып балмұздақты еске салғаны несі, жолың болғыр деп мен де бір жұтынып қойдым.

Үйге жеткенше қия бетте екі өкпемді тебініп арқама

мініп келді Сырлыбай. Табаны қара тастай қағынғырдың. Қал десе үйде қалмайды-ау, қыңырайып алып. Міне, ылғи да осылай. Күн жауып, арты ақ бұршаққа айналған сайын қой шетінде оны мойныма салақтатып мінгізіп, арлы-берлі тасымалдап кеп жүргенім. «Ұшпаққа осы шығарады әлі», - деп қояды апам есіртіп. Атам да алдына өңгеріп: «Басыма көк тас қоятын ми бас», - деп торсықтай шекесін сығымдап тұрғаны. Көрерміз «көк тасты» кім қоярын...

Күнүзақ жотама жабысатыны аздай Сырлыбай түнде ұйықтағанда да кеудеме шығып кетеді. Тұрған бойы кесір. Мың құбылып жатады. Бірде аяқ жақта жатқанын көресің, енді бірде алқымына аяғын салып пырылдайды. Жуық арада көзі ілінуі де қиын. Сауалына жауабын беремін деп-ақ жағын ауырады. Қазір де сұрақтың астындамын. Сансырап, талықсып, шаршап барып, қайта жаудырады «а, негесін».

- Мұз неге жауады, а?
- Бұршақ қой.
- Неге бұршақ, а?
- Сонау суық аспанда...
- Неге суық, а?
- Сол, суық.
- Суық... суық... суық...

Әйтеуір көзі ілінді білем, үні бәсеңдеп кетті. Ертерек мектепке барса екен, тегі. Сұрағы азаятын. Ептеп басынан сипадым. Доп-домалақ. Дәп-дәу. Атам «ми бас» десе, дегендей-ақ сабазың. Өне, әне, қозғалып қойды. Табаны тастай. Мұз моншақты алақанына салып, ойнаған соң, оңа ма енді. Аяғын төсіме соза бастады. Қылығы қызық.

Сақыш - Соня

«Абайла, қабаған ит бар!» - дейтін ескертпе жазуы жоқ бұл неғылған үй», - деп ол батылы жетпей ауланың алдында аңтарылып біраз тұрды. Сосын сыры көшкен алабажақ жасыл қақпаны қалай да қағуға бекінді.

- Қазір, қазір, - деген әйел даусынан кейін:
- Кіре бер, ит жоқ, - деп ер адам есікке жақындады.

– Пәтер іздеп жүрмін. Сабақ оқуға тыныш үй керек...

– Тапқан екенсің тыныш үйді... – деп кемпір кіржиңкіреп отағасына қарады. Шал аппақ қудай басын бір сипап жіберіп, қызға сығалай көз қыдыртып аз-кем тұрды да:

– Қазақсың ғой, ә, – деді.

– Иә, ата. Осы өңірдегі Мәстексайдан... Бухгалтерлер даярлайтын техникумға түстім. Жападан-жалғыз тыптыныш жатып оқуым керек. Әйтпесе қиын. Апам да, атам да осылай деген.

Қасы-көзі қап-қара, өңі аппақ қыздың нақ бір өз үйінде тұрғандай еркінсуі көңілдерін жібіткендей болды.

– Сен өзің бізге ұнап тұрсың, қарағым, – деп кемпір бейтаныс қызға бір табан жақындай түсті. – Жағдайымызды сұрастырып, біліп келдің бе, әлде...

– Жо-жоқ, өзім-ақ техникумға жақын жерден тыныш пәтер іздейінші деп шыққанмын. Бірнеше үйде болдым. Ал маған...

– Саған жалғыз бастылар керек, әрине. Мазаламайтын, айқайлап, шуламайтын...

– Иә, иә, жаңа айттым ғой, әже, сабақ... Сосын әлгі көркем өнерпаздар үйірмесіне қатысам...

– Е-е-е, қызым артист болдың ғой, әуелі.

– Жо-ға, аздап ән салатыным бар, әже, былай, ептеп, – деп қыз есіне әлденені түсіре алмай ойланып тұрды да... дереу кемпірді қолтығынан іліп алып, аулаға қарай алып жүрді. Сосын ақырындап дауысын сызылта созды... «Когда весна придет не знаю, сойдут снега, пройдут дожди, но ты мне улица родная...»

Шал шалқалап тұрып күлді дерсін.

– Міне, міне, маған сыңар табылды! Дәл өзіме тартқан екенсің-ау, көгершінім... «Но по-прежнему памяти сердца, в белой пене ревет Анга-рр-ра-а-а...»

Отағасы бар даусымен «А-н-га-р-ра-а», – деп ауланы басына көтеріп еді:

– Қой, Гриша, көршілерден ұят шығар, сені тағы жұтып алды дер, – деп кемпір есік алдындағы ұзын орындыққа тізе бүкті.

– Отыр, қызым, – деді сосын қасында қаздып тұрған

үріп ауызға салардай қызға. – Григорий екеуміздің патшалығымыз осы болады. Пенсия қызуымен жылынып жүрген жанымыз әлі жастай. Гриша қарап отыра алмайды. Құрылыс мекемесінде қарауыл. Жас келген соң бір үйде бір адам ыстық тамақ әзірлеп отыру керек қой. Сол мына менің еншімде, қарғам.

– Балаларыңыз ержетіп, жан-жаққа кетті ғой, әрине, - деп қыз қаңылтырмен жапқан ескі үй шатырына қарады. – Келіп тұратын шығар.

Қос қарияның да қабақтары салбырап кетті.

Жанды жерлеріне тұз сеуіп алғандай болған қуыршақтай қыз дереу қасында отырған кемпірді құшақтай алды.

– Айтпақшы, мына мені апам Сақыш дейді, папам болса Сақыпжамал деп дабырайтып тұтас айтады. Басқасын бағана шет жағалап білдірген сияқтымын сіздерге. Так, что енді бұдан былай дядя Гриша мен сіздің...

– Полина Карповна,- деп кемпір қыздың аузына сөз салды. Көзінде қуаныш оты бар секілді бір түрлі. Шалына да жалт-жұлт қарай береді. Шалы бұған бұрылып тұрып үңілді.

– Иә, тетя Полина және сіздің қыздарыңыз Сақыш-Соня-София Утегалиева-Григорьевна Карповна мына біз боламыз,- деп ол атып тұрып тас ауланы тепкілеп билей жөнелді.

«Соня-София дей ме!»... Шал әлденеге таңырқағандай кемпіріне тағы да тесіле қарады. Полина да аң-таң. Сосын дереу екеуі де естерін жинап ала қойды да қызға қарап жымысты.

Жотасындағы оқтаудай қос бұрымын кезек-кезек қолына алып, аққудай қыз айналып жүр.

– Мына қыз артист шығар шынымен,- деп есінен танып кемпір мез.

– Нағыз өзіме тартып туған көңілді жан екен. Жамандық көрмегір көгершінім-ай, әшейін,- деп қарт құлаштап қолын шапақтап қуана түседі.

Көптен ауыл сахнасын сағынып қалған ба, Сақыш армансыз-ақ дене құрысын жазды. Би ырғағымен шырқобелек айналып жүріп шырқады: «Қара гармонь тар-

та-тарта, талды-ау менің білегім, Сүйген жарды айта-айта жанды-ау менің жүрегім... Э-э-эһ!..»

Әсіресе қыздың «Э-э-һ!» деп қойып қысқа қайырым жыр төккені екеуін еліктіріп, иықтарын бүлкілдетіп барады. Көздері жайнап, жүздеріне нұр жүгіріп өтті. Қайран, жастық десенші! Көз алдарыңда ұйтқып тұрғанын қарашы!..

– Просто прелесть, Соня! – деді Полина қарсы алдына үйіріліп келіп, басын жерге жеткенше иген қызға құшағын ашып. – Біздің бағымызға тап болған шығарсың, сүйіктім! Осы сен расымен-ақ Сонямысың? Атың солай ма өзі?

– Енді қалай болушы еді? Сақыш-Соня, София шығар. Әлде...

Кемпір неге екені белгісіз, күрсініп салды...

– Үйімізге көңілділік нұрын төккен күнді атап өтуіміз керек, кемпір, – деп Григорий бақтың бір шетіндегі сарайға қарай бүлкілдей желді...

Сақыш осы үйге біржола көшіп кірді. Көшіп кіргенде, тәйірі, техникум студентінде қанша дүние болсын. Киім-кешегі, кітап-дәптері, сосын қызыл барқытпен қапталған қорабы бар қызыл домбыра.

– Вот это вещь! – деді Гриша атай домбыраны арлы-берлі шайқап тұрып.

– Соня бізге сольный концерт қойып беріп тұрасың ғой, қызым, ә.

– Атаң екеуің қосылып ән салатын болдындар, дәм жазса, – деп Полина шешей жадырай күлді. – Григорий де қуыс үйді айқайсыз қылмайды. Көресің әлі.

Күндердің күнінде Сақыш-Соня құрметіне деп дастарқан жайылып, кішігірім отырыс болды. Орысша-қазақша айтылмаған ән қалмаған шығар, сірә. Гриша атай аузына шарап тисе ортаға ортекедей ойнап шығады екен. Сақыш екеуі аяқтары сынып түскенше еденді тепкілесті. Бір мезгілде сілесі қатып, құлап түсті де шал төсекке сұлқ жатып қалды. Ауық-ауық «Со-ня, Со-ням», - деп аунақшып қояды. Тісін шықырлатады. Еңкілдеп жылайды. Қиналып, күрсінеді.

– Атай неге басын тоқпақтап, көзіне жас ала береді? – деп сұрады Сақыш Полина шешейден көзі жәутендеп. –

Көп шу шығармаса да ерніне бір нәрсе тисе, көңілі бордай босайды екен. Өне бір күні де күзеттен келіп көп жылады. Менің бетіме бажырайып қарап қойып еңкілдесін кеп. Есім шығып, қосыла танауым пысылдасын менің де...

Кемпір «біз де қайбір жетісіп жүрген жандармыз» дегендей Сақышты бауырына қысып, сыртқа алып шығып кетті. Жұпыны ғана бау-бақша күзгі желдің сәл лебінің өзіне судырап жапырақ жаудырып жатыр. Саябаны шырмауықпен көмкерілген шағын аула қаңғырап-ақ тұр. Немере, шөбере қызығын көретін күзгі бақ құлаққа ұрған танадай, қыбыр еткен тірі жан жоқ. Екі қарт, ескі үй. Сосын... мына пәтерші Сақыш. Қайта осында Сақыш келгелі жалғызділіктілерге жан біткендей.

Кемпір Сақыштың сүйріктей қолынан тастай қатып ұстап апты. Ажыраса айрылып қалардай. Жетектеген қалпы салқын саябаққа бас сұқтырды. Қарсы алдына қаздитып отырғызды да:

– Жөндеп сөйлесейікші бір, – деді.

Сақыштың жүрегі дүрсілдеп кетті. Өлдеқандай жайсыз нәрсе болып жүрмегей деп үрейі ұшып тұр.

□ Әке-шешен бар ғой, ә?

– Бар. Қайтеді?

– Тірі ғой, ә?

– Тірі. Мәстексайда тұрады.

– Қайсысына қатты ұқсайсың өзің?

– Әсіресе, апама. Тұп-тура сойып қаптап қойғандаймын. Аузынан түскендеймін.

Сақыш дәл қазір үй-ішіне ұқсамайсың деп, басқа жаққа алып кететіндей-ақ асығып-үсігіп айтты.

– Онда жөн екен...

– Оны неге сұрадыңыз? – деп Сақыш көңілін орнықтыра бастады.

– Бір нәрсе болып қалды ма, Полина апай?

– Жо-жоқ, қызым. Еш нәрсе де болған жоқ. Тек әшейін бір алдамшы үміт алдына сап айдап келді де, тайқып шыға берді.

– Айтыңызшы, апай, айтыңызшы, – деп Сақыш кемпірдің мойнына оратыла кетті. – Сіздерде бір сыр бар сияқты. Күрсіне бересіздер, сирек күлесіздер.

– Эх, сүйкімдім менің, бәріне де мына мен кінәлімін, - деп кемпір көкірегін қарс айыра үһіледі. – Қазір осы аулада екі бірдей Соня ән шырқап, би билеп, мәз-мейрам болып отыратын едіңдер ғой. Ана шалы құрғыр дәл өстіп қирап түсіп ес-түссіз жатпас та еді, бәлки.

Мына сөзге құлағы елеңдеп қыздың қу жаны қуырдақ бола жаздады. Нәзік саусақтарымен кемпірдің ақ күміс шаштарын аялай сипалап, әжім шимайлаған бетінен шөп-шөп сүйді.

– Сені көрген күні-ақ біздің шал өткен күндерге қайтып оралғандай күй кешті. – «Ақыр қоймадың ғой, қызым» дегендей Полина апай сырын шертті.

– «Пәтер ақы сұраушы болма. Сыртқа теппей, бауырыңа бас. Мына қыз менің сонау жылдардағы аппақ құсыма ұқсайды екен қолға қонбай ұшып кеткен. Бәлкім, тәңір жарылқап, кім біледі, сол да шығар қалбалақтап келіп қалған біздің шаңыраққа. Аузыңа абай бол», - деп таусылып тұрып айтқан. Сен өзің «Сақыш – Соня – Софиямын», - дегенде оның көзінен қуаныш оты жарқ ете қалған. Бірақ Құдай ондай бақытты қайдан бізге қия қойсын. Мінеки, ақыры көзім жетті. Мәстексайдың клубында сандуғаштай сайрап өскен туған әке-шешен бар төрт құбылаң түгел, жұлдызың жарық қыз екенсін.

Сақыштың іші шым ете қалды.

– Үйде о баста-ақ екі-ақ жанбыз. Туыстан ол да тұлдыр, мен де тұлдыр. – Полина апай терең бір күрсініп алды. – Ангарада тұрдық. Жаспыз. Жалынбыз. Жалғыздығымыз білінбейді. Сосын соғыс шықты. Григорий бақандай бес жыл қару асынып, ел қорғады. Қан төгістен аман-есен қайтты. Омырауында бос орын жоқ. Орден, медаль. Содан қойшы, қайта қауыштық.

Осы арада көзі күлкі шақырып, жүзі жайнандап кемпір бір түрлі қанаттанып, қозғалақтап қалды. Сол бір отты жылдардағы жастығын қайта көргендей кәдімгідей қомданып қояды.

– Сосын осы Орал топырағына, Жаңақалаға қоныс аудардық. Гришаның мінезі қызық. Көшеде келе жатып көрінген баланы қуып жүріп ұстап алып, үсті-басынан түк қалдырмай сүйетін.

– Ей, оның не, жұрттың қара борбай балаларына аузыңды былғап, - десем:

– Ой, бұлар бәріміздің балаларымыз емес пе, - деп ақсия күліп тұратын. – Осылар тірі болсын деп қаншама әке қайтпай қалды соғыстан. Мен алдымен солар үшін сүйемін. Қансырап жатып жарамды таңған қаһарман қазақ жолдасым үшін қара домалақтарды бауырыма басамын.

Бірақ оның бала жандылығынан не қайыр. Екеуара ер-мек болар бөпе көрмедік. Әне-міне сәби үнін естірміз деп жүріп-ақ өмір озды.

– Қаралсайшы, - дейді ол маған кейде қиылып қарап.

– Өзің де тексерілсейші, - деймін батымсыздау ғана оны ренжітіп алам ба деп жүрегім дауаламай.

– Түн қатып, түс қашып жүріп өліммен беттескен бес жылда тұла бойын суық алған шығар, - дейді көрші-көлем баламыздың жоқтығын Гришаның денсаулығына сайып.

Не керек, әйтеуір, екеуміз де бірімізді-біріміз өкпелетіп аламыз дедік пе, жоқ, әлде, қалайда біреуміз кінәлі екендігімізді бұл дүниеде білмей-ақ өтейік дедік пе, тырс етіп дәрігерге қаралған жоқпыз. Гриша айтқандай, жұрттың баласы біздің де баламыз деп өзімізді сендірдік.

Сақыш суланған қою кірпігін жыпылықтатып, көзін тайдырып әкетті. Саябақтағы электр шамын шыр айнала қалбалақтаған жынды көбелектер көбейе түсті. Бәрі де отқа күйге асығатындай әйнекке сарт-сарт соғылады.

– Бауырымызды жылытар бала бермеген тағдырды талай қарғадық. Одан да қайыр болмады. Күңкілдеп күнде налып отырғанымыз. Содан бір күні...

Кемпір кенет Сақыштың албыраған жүзіне еңкейіп тұрып сығалай қарады. Әлдеқандай ұқсастық іздегендей сыңайы бар.

– Бір күні емес-ау, бір түні... Жұмыстан кеш шығып келе жатсам, құлағымға іңгалаған әлсіз дыбыс шалынды. Өмір бойы мына мен бейбақ аңсаған баланың барлыққан үні. Кілт тұра қалып, құлақ тостым. Дыбыс жол жиегіндегі арықтың ішінен шығатын сияқты. «Пендең болсам, бере гөр», - деп қоямын ішімнен. Жақындап келдім. Иә, тұп-тура баланың жылаған дауысы. Құлағымды күйдіріп әкетіп ба-

рады. Еңкейіп, жанталасып жер сипалаймын, жер тырмалаймын. Міне, міне, топырақ көбесі қопсыған арық ішінде бір нәрсе томпияды. Өне бір шүберектің ұшы қылтияды. Апыл-ғұпыл саусақтарыммен тырмалап ашып жатырмын, ашып жатырмын. Осы жаңа ғана жас топырақпен денесін жеңілдеп жауып, қызыл косынкамен бетін жасырыпты. Денесі жып-жылы, сәбидің сілесі қата бастаса керек, құр ыңырсып қана інгәлайды. «Інгәлайды» деген аты ғана, әшейін әлсіз, әлжуаз ыңырсиды. Дереву бауырыма басып алып, үйге қарай күнжындап жүгірейін.

Келсем, Григорий кірленге басы-көзін малшылап жуынып жатыр екен.

– Сүйінші, Гришка, сүйінші! Бала тауып алдым! – деп бода-бода боп бақырып жылап жүрмін.

– Айналып кетейін-ау, аузыңа май! – дегенді жүрегі жарыла жаздап айтып, шалым көзі бақырайып суды шалпылдата берді.

– Шықсайшы былай судан! – деген зілді айқайдан кейін ғана оның есі кірсе керек:

– Қане, қане, көрсетші көзіме! – деп жалаң аяқ, жалаң бас орнынан атып тұрды.

Қойнымды ашып қолыма ұстауым мұң екен, ол өзіне қарай тартып-ақ алғаны. Сәбидің үсті-басынан топырақ сауылдап төгіліп жүр. Григорий күлгені де белгісіз, күңіренгені де белгісіз өзгешелеу бір үн шығарып біртартар косынкамен ораулы бір жапырақ немені айналып-толғанып қорбаңдап кетті. Жер қойнынан құтылдым дегендей жас нәрестеге жан бітіп, әжептәуір дыбыс шығарып, шырқырай бастады.

– Жап ана есікті, кілтте! – деп Григорий иегімен сыртты нұсқады. - Бұл енді біздің баламыз. Ешкімге де бермейміз, білдің бе, ешкімге де, ешқашан да!

Кірленге жылы су толтырып, екеулеп нәрестені шомылдыруға кірістік. Қолымыз жуыссайшы, шіркін. Бала бағып, бала жуындырып көрмеген байқұс басымыз жылбысқа сәбидің қай жерінен қалай ұстарымызды білмей әбден састық. Қолынан көтерсек қолтығы сөгіліп кететін сияқты, аяғына жармассақ жамбасы шығатын секілді,

эй, өлгенде әрең шомылдырдық-ау. Өмірде көрген шикі өкпеміз осы болса енді қайтейік.

– Па, шіркін, сен көрсең оны, - деп Полина апай алақанын оқыс шарт еткізді. Сақыш селт ете түсті де сасқанынан күліп жіберді. Жаңа ғана жүзінен аяныш жасы жосылып еді, енді қуаныш оты белгі береді. – Екеулеп ақ сүлгімен сүртіп, түпкі үйдің төріне әкеп қарап ек, саған өтірік, маған шын, екі көзі қап-қара сен сияқты қазақтың сұп-сұлу қызы екен. Еңбегі қатпаған тіршілік иесін дәл мына сен оқитын техникумның студент қызы шарасыздан арыққа тастап кеткен сияқты. Тіліміз жазықты, өзіміз осылайша жорамалдадық та қойдық. Не де болса бізге бұйрық болған шығар.

Бәрін айт та бірін айт, Григорий жас иіске кенеліп қалды. Қашан көрсең де бесіктің үстіне төніп тұрғаны оның. Қой десем қоймай, орауын жазып, аяқ-қолын тырбаңдатып жас нәрестені жалаңаш төсіне басады. Құшырлана иіскейді. Бұрыңғыдай жұмыстан кештетіп келу тиылды. Уақытында үйге жетіп келіп тұрады.

Сәби шіркіннің күн санап реңі айқындалып, көз тоқтатып қарауға жарап қалды. Мойылдай шашы, дөп-дөңгелек, қарақаттай, тостағандай үлкен көзі сұқ тигендей еді. Тфә-тфә! Мойны қатып, үкідей көзін қараң-құраңға жүгірте бастаған. Әсіресе көзін шалымыз екеуіміз теңемеген нәрсеміз қалмады-ау.

Содан әне-міне өз атымызға жаздырып аламыз деп, күнде жиналып жүргенімізде көрші кемпірлер бір нәрсені қоңырсытпасы бар ма антұрғандар.

– Әй, осы сендердікі бос әурешілік болды-ау байқұстар, - деп бықсытты олар. - Өз ұлтың болса бір сәрі. Қанша дегенмен заты басқа, түр-түсі де айқайлап айтып тұр. Күні ертең қағынған ауыл балалары-ақ «орыстан қазақ боп тудың ба?» - деп кекетіп шыға келеді. Оларға сот жоқ. Сол кезде қызға да қиын, сонша жыл асырап-баққан сендерге де обал. Одан да оны балалар үйіне өткізіп, өздеріне өңі ұқсас біреуін асырап алмайсындар ма.

Ой, бұл жұртты қойсаңшы. Қарап жүрмейді. Аузымен

орақ орады ғой. Қаныңды басыңа шапшытады. Сол сөзді естігелі бері жүрегім ауыратын болды.

– Ангараға көшейікші, – дедім Гришаға жалынып. – Қанша дегенмен осы төңірек сыпсыңдап сөз қып жүрер. Кейін, қызымыз әбден бойжеткен соң қайтып оралармыз.

– Қаңғығанымыз жетер! – деп ол қабағын қырық қабат қылды. – Мен баспаған жер жоқ. Ангарадан Берлинге дейін бардым. Болмай ма сол шарлағаным шартарапты.

Қырсықты да қалды сөйтіп. Көрші-көлемнің маған айтқандарын ол естіген жоқ. Мен оған естірткен жоқпын. Ал сол қаңқу сөздер өкпеме оқтай қадалып жүрді. Бір емес, екі емес, тіпті қайта-қайта ескерте берді олар. Сосын кәдімгідей-ақ ойланатын болдым. Оңашада қыздың бетіне телміріп қарап отырып, бой-бойым шығып булығып жылаймын. Қан құсқан сүліктей боп жансыз қалған емшегімді аузына саламын. Қытығым келеді. Оған мен қуанамын арқа-жарқа болып. Мүмкін өстіп жүріп иіп кететін шығармын. Мына сәби ақжолтай болып тар құрсағым кеңімес пе екен, Құдайым-ай!

«Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады», - демей ме қазақтар. Жаңағыдай сөз улап жүрді өн-бойымды. Жөргек исі аңқыған қалақтай ғана сәбидің қарын шашы алынған соң оған әспеттеп «Соңя» деген ат қойып ек. Үлкейгеннен кейін «София» болады деп Григорий аяқ-қолын тырбаңдатып т-ү-уу аспанға көтерген.

Гришаның ойында дәнеңе жоқ, кешкілік жұмыстан келе сала беті бір-ақ уыс сәбидің аузы-басын сүйіп-сүйіп сілекейлеп тастайды. Қойнына тығады, қолтығына сұғады, қойшы әйтеуір қолынан тастамайды. Әбден баланың зары өткен емес пе.

Ақыры көршілердің күбір-сыбыры жеңді мені... «кейін көресің, көз түрткі болады әлі», - деп жапсардағы іргелес Анастасья да, қарсыдағы Клавдия да құлағымды сарсылтты. Тіпті болмаған соң, бір күні пенделігім ұстап, ширап, қол-аяғын ербеңдетіп кісіге талпынып қалған құжатсыз жас нәрестенің кейінгі күйігін тартпайыншы деп, Гришаға айтпастан осы аудан орталығындағы жетім балалар үйіне апарып тапсырдым. «Осы түнде тауып алдым», - деп

өтірікті соғып жібердім. Қайтарда іші-бауырым ылжырап, ал кеп жылайын, ал, кеп өкірейін, өкінейін... Көкірегім қарс айырылып, үйді басыма көтерейін. Қайдан ғана тап қылып ең көрген түстей періштеге деп тағдырды тас-талқан қып қарғайын.

Күндегі әдетінше Григорий үйге екпіндей кіріп келіп түпкі бөлмеге ұмтылды. Төсек қаңырап бос қалған.

– Ей, Соня қайда, Соням?

Мен үнсіз солқылдай бердім.

– Оу, Полина, Соня қызым қайда деймін мен саған? – Ол енді айғайға басты.

– Ө-ө-өт-кі-зі-іп жі-бе-е-ер-дім... – деп жыламсырадым.

– Қ-қай-йда?..

– Ж-ж-егімдер ү-ү-йіне... – Көмейім өксікке толып тұр. Қайтейін-ай, енді қайтейін.

– О, ку... бас-сс... суалған с-с-сорлы-е-е... – деп өкіріп жылап жамбасымнан теуіп кеп жіберді. Бұл оның қосылғалы бері тұңғыш рет дауыс көтергені, тұңғыш рет жәбірлегені еді. Өмірімде мұндай қиянат көрмеген қадірлі басымды жастыққа көміп, талықсып жатып қалайын.

Міне, сол күннен бастап күрт өзгерді. Дауыс көтеретінді шығарды. «Соня балапаным қайда? Тап, тап!», - деп солқылдап көз жасын сығады да тұрады. Құрсын-ай, дәл мұндай азапты адам баласына бермесін, қызым. Сосын жан күйігін шараппен басатын «ауру» тапты.

Әнеки, қызым! Тар емшек тағдырымыз осы біздің. Гришаның зәһар суға үйірсек болуына тек өзім кінәлімін. Және оның алдында құрдай жорғалаймын. Не істесе де, не айтса да мынауың теріс дей алмаймын. Айыбым асқар таудай. Қылықтарын қиық етпестен көтеремін. Қай бетіммен ақыл айтпақпын оған.

Сақынштың көңілі аласапыран. Сабақтан келген сайын Гриша атайдың құшақтап, маңдайынан сүйетінін ойлады. «Соня, Соня» деп атын сондай аялап айтады. Мүмкін, сол бір сәбиге балайтын шығар. Жок, әлде дәл соның өзі болмағай деп те үміттенем екен. «Сен кейін күйеуге шыққанда бізге міндетті түрде хабарла», - деп екеуі екі жағына отырып алып сүп-сүйкімді студентті қызықтайды.

Ол оқыс әңгімеден шоршып түссе, олар қарық болып күледі. Ойларында құда, құдағи болу бар.

«Мен сіздерді қақ төрге қатар отырғызамын, - дегісі келді Сақыш тұрмыс құру жайлы оқыс әңгімеге аздап еті үйренген соң көзі ұшқын атып. – Жиылған жұртқа былай деймін: «қыршынымнан қиыла жаздаған жылбысқа нәресте кезімде осы екеуі мені жолдан тауып алып, бауырына басқан, сосын көрші-көлемнің сүйрендеген тілінен қорқып, бағын байламайық деп, балалар үйіне тапсырған. Содан кейін менен адасып қалған. Ал қазіргі әке-шешем мені есім кірген соң асырап алды. Сонда санаңыздаршы, менің қанша әке-шешем бар, алақай! Айтындаршы менен бақытты жан бар ма бұл дүниеде! Қазақтар туды, орыстар бағып-қақты, балалар үйіндегі соншама халықтың өкілдері аялы алақандарына салып мәпелеп өсірді. Тек қана бір өкініш - өзегін жарып өмірге әкелген өз ата-анамның аты-жөндерін білмеймін. Ал оған мен кінәлі емеспін ғой. Өздері келіп құшағын ашса, оларға да жан-тәніммен жақынмын. Мен жалпы адамзаттың баласымын. Кім бауырына тартса – соның қызымын, соның Сонясымын...»

Бірақ ол өз ойынан өзі сескенді. Шын көріп қалып жүрер көңілі жарым адамдар. «Қара жерді баспай жатып, есінді білмей жатып, тырмысып, бауырына жабысатының, шырылдап уанбай жылап, сенің іздейтінің – ана. Сен жан болып дүниеге келдің. Сенің іздейтінің бір-ақ жан. Ол – ана», - деп Баубек Бұлқышев боздақ айтқандай, тоғыз ай толғатып туған ғазиз анасы естімесін бұл сөзді. Тек бір сәтке сол Соняның орнында болғысы кеп кеткені ғой. Расында ол шіркін дәл өстіп айтар халде ме екен, әлде қандай күйде екен, ә. Қайсыбіреулердің семьясына тастай батып, судай сіңіп кеткен шығар. Лайым солай болсын!

– Сен білсең етті оның азапты шақтарын, - деп Полина апай Сақыштың құндыздай қара шашына алақанын апарды. – Техникумға барып фамилияңды анықтады, мекен-жайыңды сұрастырды. Қалған көңілдің қайта шарықтап, қайта алабұртуы қызық болады екен, қызым...

Шіркін, адам ғұмыры сол нәрестемен жалғас тауып жатады екен-ау. Егде тартқан сайын ермек, серік іздейді,

ұрпақсыз дүние бос екенін ұқтыратын құдіретті күшті табиғат тылсымын қарашы енді.

Сақыштың жан жүрегі елжіреп кетті. Сонау алыс ауылдағы – Мәстексайдағы балалардың бағасын білмей сәл нәрсеге шықпыртып қуатын, жыл сайын емшек сүтімен туатын ай сырғалы жеңгелерін есіне алды. Аядай клубтағы концерт кезінде сахнаның алдын шаң-топалаң қылатын қаптап жүрген тақырбастардың бірін мынау ақжарқын қос мұңлыққа қимаған тандыры кепкен тағдырға қалай налымассын!.. «Осыдан күйеуге шығып, қос-қостан перзент көрер күн туса, біреуін емес, екеуін бірдей Гриша мен Полинаға бермесем бе, - деп қабағы түсіп кеткен қасындағы кемпірге аянышпен қарады.

– Қайтсем де тойыма шақырамын. Олар орысша, біз қазақша, ой, бір құдалықта шырқайықшы шырайын шығарып...»

Бапкер

*Ауыл балаларының намысын оятқан атан әжілік
Әбіл мен Айтжанның рухына...*

Алдымен тас көтеріміз. Нартжанның күндегі әмірі осы. Екі огородтың ортасындағы ашық жерге бәрімізді жинап алып, өз білгенінше жаттықтырады. Жан-жағы сыңсыған бойшаң ағаш, арықтан сылдырап мөп-мөлдір, сұп-суық су ағып жатады. Көк майса шөп табанымызды қытықтайды. Бастары үлпілдеген бақ-бақты басып-жаншу бір түрлі обал сияқты. Бірақ, қайтеміз, біздерге жаттығу керек.

Арлы-берлі огородты айналып жүгіріп шыққан соң еңтігімізді басып, қораланып, белімізді таянып тұра-тұра қаламыз.

– Жердегі тастардың кішілеуінен екі қолдарыңа алып алпыс рет көтеріңдер, - дейді Нартжан. Көтеріміз.

– Орташалауынан екі қолға алып отыз рет көтеріңдер. Ол айтқанын да орындаймыз.

Ендігі кезек ең үлкен тасқа келеді, мұны да екі қолдап

көтеру керек. Және бұл өзі жалғыз тас. Дөңкиіп жатысы жүрегiмiзге майдай тиедi. Кiрпiш кейiптi сопақша аппақ тас зiл батпан. Қарын етiмiздi сүре-мүре кеудеге дейiн әрең әкелемiз де, жерге дүңк дегiзiп тастап жiберемiз. Көршi балалардың бiр де бiрi басынан асырып тiк жоғары көтере алмайды.

– Әй, әй, нашарсындар, балалар, – деп Нартжан басын шайқап, ақ тасқа ендi өзi еңкейедi. Ұп-ұзын бойына сай сидам қолдары бытыр-бытыр етiп «қара жұмысқа» кiрiседi. Нақ бiр өзiмiз көтерiп жатқандай-ақ күшенiп бiз тұрамыз. «Бiр, екi, үш...» Бұлшық еттерi бiлеу-бiлеу болып, өңi өрттей қызарып өзгерiп кетедi. Жиырмадан асқан соң басын алға созып тұрып зiлдей ақ тасты мойнына қондырады. Со-сын басын жерге жеткiзе жаздап алға еңкейiп, қайта тiкейiп және бiр түрiне ауысады. Ендi осыларды азсынғандай кәдiмгiдей отырып-тұра бастайды. Тiзелерi сыртылдап, сан еттерi бұлтылдап бұл қимылы да бiрталай уақытқа созылады. Шеке тамырлары табанда адырайып, маңдайы жiпсiп қоя берген таудай Нартжанға қатты қызығамыз. «Осындай күштi болсақ қой, шiркiн!»

– Ал, балалар, екеулеп ептеп тасты түсiрiп алындар, – дейдi бiраздан соң жерге отыра қалып. – Көк шөпке тастап жiберуге әсте болмайды. Жердi ойып түседi. Естерiнде болсын, өзiмiз айналысатын алаңқай ғой.

Мықшындап Шайқасан екеуiмiз ақтасты екi шетiнен көтерiп, жерге түсiреміз. Құрығанда жетпiс-сексен килограмм бар-ау. Және көтеруге де ыңғайсыз. Бұдан штанга жақсы. Белтемірінен сығымдап ұстап кеудеге қондыруға болады. Одан ары аяғыңды қайшылап серпи бер. Ал мына пәленің не тұтқасы жоқ. Қарнымызбен жоғары аунатып жылжытамыз деп жейдемiздi де жыртып бiтiк. Түйменiң бәрi жартыкеш... еттерiмiз сырылған. Үйдегiлер күнде ұрсады. Тындамаймыз. Күштi болғымыз келедi.

– Жә, жетер ендi, турникке жүрiндер, – дейдi бапкерiмiз терге малшынып алған соң қолын арлы-берлi сермеп, құлашын жазып. – Кiм де кiм он бес рет тартыла алмаса «пазор». Өзiн ер баламын деп есептемей-ақ қойсын.

Тұла бой қызып, дене құрыс-тырысы бiршама жазылып

алғаннан кейін турникке ойнау жеңілдейтін әдеті бар. Оны жаттығуға әдеттенгелі бері байқап жүрміз. Яғни «разминка» пайдалы екен. Нартжан секірмей-ақ қолын созып ұстап жуан қос теректің арасына орнатылған сом темір турникке аяғын бауырына жиып алып тартыла бастайды. Дауыстап санаймыз. «Бір, екі... он... жиырма... жиырма бес...» Алдыартына кезек шығып сұқтана қараймыз. Тұла бойы түйін-түйін бұлшық ет. Қабырғасы білем-білем болып сыртына шығып кетеді. Жауырыны да самұрық құстың қанатындай жайылып кетеді. Сосын жайлап қана жерге табанын тигізеді.

– Қане, біреуің, желкеме отырыңдаршы, – дейді сәл-пәл демін алғаң соң,

– Тек мойнымнан тас қып қылғындырмай, еркін ұста, жарай ма.

Арамызда үй жоқ, ең жақын көрші мен болған соң маған қарап іш тартып сөйлейді. Соны сезіп мен де бауыр басып кеткенмін. Дереу арқасына жабысамын. Құрықтай мойнына мінгізіп алып ол түрегелгенде, тура түйенің үстінде тұрғандай боламын. Бойы қандай ұзын. Иығы қандай кең. Мына теректерге тартып туған сияқты, Бүкіл бойымен түзеліп тік тұрғаннан кейін:

– Ал енді екі иығымнан ұстап, аяғыңды салбырат, - деп бұйрық береді.

Бұлжытпай орындаймын. Жалпақ жауырынын бойлап жалаң аяғым көсіліп салады. Жерге жетпей салбырап қаламын. Ол тағы да турникке тартыла бастайды. Бұрынғыдай емес, қиналыңқырап баяу қимылдайды. «Бір, екі... он..., он бес...» Мен тура өзім тартылғандай таңырандап, мақтанып тұрамын. Тіпті ентігіп қалғандаймын.

Сосын Нартжан мойнынан мені түсіріп, терең тыныс алып, бүлк-бүлк желіп, қалың ағашты бір айналып келеді. Келе турникке қайта жармасады.

– Міне, балалар, былайша жасаған жаттығу өте пайдалы, – деп сөйлеп жүріп қимылын жалғастырады. – Екі қолдың арасын кең ұстап тұрып турникке желкеңді жеткізуің керек. Осы көріністі бес-алты рет қайталап шығып, біраз салбырап белді былай қозғаған жақсы. Деміңді алғаннан

кейін құлашынды барынша керіп иегіңе және желкеннің шұқырына дейін жеті-сегіз дүркін тартылсаң бүкіл қолтық, иық еттерің жетіліп, шынығады. Бел еттері тартылып, кеуде тұсың жұмырланады. Күшті болғыларың келсе, қай жаттығудан да қашпау қажет, Әлі-ақ кеуделерің қайқайып, бұлшық еттерің томпайып шып-шымыр болып шыға келесіндер. Осыдан көр де тұрыңдаршы. Айтпады демендер.

Ол олай да, бұлай да армансыз тартылып болған соң үлкен үзіліс жариялайды. Бұлшық еттеріміз түйіліп біртүрлі табанда өсіп кеткендей хал кешеміз. Кезек-кезек қарымызды уыстап өлшеп, тырсылдаған терімізге сыймай тұрамыз.

– Күн құрғатпай дәл осылай шынықсаңдар, әлі-ақ менен асып түсесіндер, балалар, – деп Нартжан біздерді қайрап қояды. – Сонда мына ақ тасты бір қолмен көтеретін дәрежеге жетесіндер. Жалқауланбандар әйтеуір.

Біз міз бақпай жатқан дәу ақ тасқа сескене қараймыз. Мұны көтеру мүмкін емес сияқты. «Қайда-а-а».

– Терлерің басылса арықтың суына кеуделерінді жалаңаштап жуынып алыңдар, – деп өзі бастап үсті-басын малшылауға еңкейеді.

Бір-біріміздің арқамызды суық сумен шапақтап, мәз болысамыз. Турникке тартылып, тас көтеріп тамырлары адырайған бұлшық еттеріміз сумен сылаған сайын білеуленіп уысымызға сыймайтын сықылды. Жаттыққанның пайдасы бар екені рас болса керек. Салқын суға ширығып, күшіміз таси түскендей ме, қалай.

– Сайлаубай, сен үйіңнен алаша, бөстек әкел, – дейді сонан соң Нартжан таудай тұлғасын тіктеп тұрып. – Домбыраларды да ала шық.

Бұл оның «менікін де, сенікін де ұмытпа», – дегені. Шайхасанды қасыма ертіп алып, құстай ұшамын. Нартжанның неге екенін қайдам, жүрегі нәзік. Соншама күш-қуаттың иесі бола тұрып қол басындай ғана шапқан домбырасын тартқанда бір уыс боп кішірейіп кететін сияқты. Әлдебір өлендерді айтып, жанары жасауарай қалатыны да қызық. Түйедей бойына жараспайды-ақ.

Алаша, аткөрпе, бөстек – бәрі-бәрін құшақ-құшақ қып әкеліп, көгалға төсеп тастаймыз. Осы екі арада көрші балалардың бәрі де бір-бір шіңкілдек домбыраларын сүйретіп жетеді.

– Ал енді кешегі мен үйреткен «Ақтамақты» қайталап тартындаршы, – дейді Нартжан домбырасының құлағын бекітуге аузын тақап жатып. – Бәрінің де бұрауы бірдей, бұзып қоймандар. Тураладым.

Дыбыстар жамырап кетеді. Әркімнің қағысы әр түрлі, әркімнің перне басысы әр қилы.

– Жә, жә, тоқтай тұрындар, – деп ол қолын сермейді, – Мен еске түсіріп қазір толық тартып шығайын. Сонан кейін барып ілесесіңдер.

Колхоздың тырмасының тісіндей сом-сом саусақтар домбыраның сағасын түгел жауып кетеді. Бірде тракторшы, бірде ұстаханада балғашы болып істей беретін оның қолы бос уағы ылғи осылай – көшенің балаларын төңірегіне жинап алып темір-терсек көтертеді, турникке асылдырады, артынан өзі айтқандай «музыкалық көңіл ашар» жасайды. Әсіресе осы соңғысын жанын салып өткізеді. Тіпті домбыраның сағағына, пернелердің тұс-тұсына сиямен нөмірлеп жазып үйретеді. Бір кезде «Ақтамақты» жиып қойып:

– Ең оңайы бар ғой, балалар, – «Елім-ай» әні, – деп соны бір ішектеп тартады. – Төртінші пернеге дейін былай бір-бірден басып келесіңдер де, бір-бірден басып кері қарай қайтасыңдар. Сонда «Қаратаудың басынан» болып шығады. Сосын сонау басынан қайта бір-бірден дыңылдатып келіп, енді бесінші пернеге біраз тоқтап шертіп тұрасыңдар. Бұл «көш келеді-ай-оу» болды ма. «Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді-ай оу, елім-ай, елім-ай, елім-ай» енді, міне, осылай төмендей түседі. Қараңдаршы, қандай оп-оңай! Дауыстарыңды да бірге қосып отырып тартыңдар. Әрине ол үшін алдымен енді білу керек, сөзін де білу керек.

– Білеміз, білеміз, өзін де, сөзін де білеміз, – деп қомпаңдап мақтанып қоямыз. – Апамыз ылғи айтады ғой. Соларға қосылып үйренгенбіз.

Әсіресе бұлай деп Шайхасан екеуміз желпініп айтамыз.

Той-томалақтарда байқаймыз ғой біз де. Шайхасанның Мәрзия апасы мен менің Рәш шешем жоғарғы көшенің әншілері. Екеуі қатар отырып алып, небір әуендерді сапырғанда, жұрт қайран қалысатын. Ескі әндердің ара-арасына кей-кейде кейіннен шыққан «Саржайлау», «Ақбосаға» да қосақталып кетеді.

– Әй, осы Мәрзия мен Рәш екеуін телевизорға неге шақырмайды екен Алматыдағылар? – деп разы болғандар аямай-ақ бағасын беріп тастайды.

Осындай-осындай басқосуларда, бастанғыларда Шайхасан екеуміз де «талантымызды ашып» аламыз. Әрбір әннің әсіресе қайырмасына келгенде қосыла кетеміз, баяғы. Әдемі дауыстарға ұласып үніміз керемет шыққандай әсерленеміз. Бірақ ара-арасында не шолақ қайырып, не ұзап кетіп елден бөтен ерекшеленген қылығымыздан ұялыс тауып та қалатынбыз. Қалайда шешелеріміз бусанып отырып шырқап салатын қоңыр самал сол бір әндердің ұзын-ырғасы көкейімізге қонақтаған. Шайхасан екеуміздің «Елім-айды» білетініміз сондықтан. Нартжанның «домбыраға бірге қосылып айту керек, сонда тез үйренесіңдер» дегенін жерге тастамай екеуміз ыңылдағансып қоямыз.

Әрине Нартжандай тарту қайда. Өйтіп өмір-бақи шерте алмайтын шығармыз. Жыпырлаған пернелерді сиретіп біздерге тоғыз-ақ бунақ қалдырып берген. Соның өзінде де меңгеру қиямет. Саусағымыз пернені дәл баспаса бөтен дыбыс шығады. Нартжан оған күйіп-піседі. Кейде ыза болып сым темірмен тырнағымызға тырс еткізіп салып қалады. Сонысынан қорқып сақ басуға тырысамыз.

– Міне, міне, былай, – деп ол ара-тұра алдына отырғызып алып та көрсетеді. – Сен ішекті қағып ілес, мен пернені басайын.

Шіркін-ай, десеңші, пернені ол басқанда қандай әдемі дыбыстар шығады. Нақ бір өзің сапырып тартып отырғандай-ақ танауың делдиіп, кеудең қиялға толады. «Өстіп сылқылдатып шертетін күн болар ма екен», – дейсің.

Ары-бері бізбен «арпалысып» болған соң, өзі қалақтай домбырасын қағып-қағып жіберіп көзін шарт жұмады. Есіне әлденені түсіріп алайын дегендей алып денесімен

ұзақ ырғатылады. Жұдырықтай жұтқыншағы жоғары-төмен дамылсыз жүгіріп тұрғанына қарағанда іштей әлденені шырқайды-ау сияғы. Қабағы қырық түйіліп, жақ сүйегі қайшыланып, енді болмаса ән қоңырауы күмбірлеп кететіндей. Бірақ сыртқа қыңқ еткен дыбыс шықпайды. Күркіреп-сарқырап аспаннан түк тамбай жел көтеріп кететін табиғат құбылысындай бірдене.

– Бір ән салыңызшы, – деп қиыламыз манадан бері қос ішекте шырқыраған не қилы құйтырқы әуендердің оның аппақ күріштей тістерінің арасынан шықпағанына шала бүлініп.

Ол былқ етпеген қалпы басын шайқайды. Бүкіл тұла бойы дірілге толған күйі бір әуеннен екінші әуенге үнсіз көше береді. Сылқым саздарды саусағының ұшымен әуелетіп отырған біреу. Қолақпандай қолдары төске балға соғуға ғана жаратылғандай. Аузы апандай кілттермен жуан-жуан болттарды бырт-бырт бұрап жататын бура сан жігіт домбыра ұстағанда қорғасындай балқып, қылдай нәзіктеріні кететіні қызық.

– Айтыңызшы, енді, – деп қылқылдап қоймаймыз.

Құлақ аспайды. Бізге таныс қысқа қайырым ән ырғағынан ауысып, ұзақ-сонар күйлерге ауыз салады. Ажыратып болмайды. Аттың жүрісі де, боранның гуілі де, қыздардың назы да осының ішінде. Көзімізді әнмен, жырмен ашқан біздер бір нәрсені сеземіз. Көп нәрсеге ұқсатамыз. Тек, әттең, өзіміз осылай тарта білмейміз. Жүйелеп бір ән, саралап бір күй бастан-аяқ орындау жоқ қой, бізде. Нартжан ағай аман болса әлі талай ән үйретеді ғой, әлі талай күй үйретеді ғой. Біз құмарта түссін дей ме екен, «әу» деп дауыс көтерместен аткөрпеге малдасын құрып отырып алып, қалақтай домбырасын зар-күйіне түсіріп шертеді дерсін. Оның жұмыстан қайтар мезгілін асыға күтеміз. «О-о-о, біздің көршіміз қандай күшті!» – деп төменгі көшенің балаларына ой-дой мақтанамыз кеп...

– Сырт көшенің-балаларымен өнер сынасамыз, – деді бір күні кешке қарай Нартжан ағай ұстаханадан келе салысымен. – Жиналыңдар жылдамдатып!

Тез-тез хабарласып топтанып қалдық. Әскен, Асқар,

Сапар, Тілеу, Шайхасан алтауымыз бір көшенің бойында іргелес тұрамыз. Егер қажет боп қалсақ Шайхасанның құлақтың барабанын жаратын төтенше ысқырығы бәрімізді шырт ұйқыдан оятатын. Бүркітші әкесі Мұсабайға ілесіп саятқа шығып жүріп аң-құстарды үркітетін небір сиқырлы құйкылжыған дыбыстарды үйреніп алған оған «дауылпаз» деген ат тағылған. Ат қоюға әсіресе Тілеу шебер. Тілінің уы бар. Асқарға – Анго (Әңгір-күңгір), Әскенге – Қырсық (Қылтетпе), Сапарға – Мысық (Үндемес), Шайхасанға – Дауылпаз (Талқыаяқ), маған – Заржақ (Қутіл) қосымша есім боп жабысқан. Және бәрін де қос-қостан дәл тауып қойған. Мектепке барған жеті-сегіз жылдардан бері өз аты-жөніміз тек класс журналында ғана. Ал біз Тілеуге болмысын ашатын лайықты жанама атты қанша ойласақ та таба алмай-ақ қойдық. Бізден ыңғайсыз болмасын деп ол өзін-өзі «Түйеқұс» (Құсмойын) атады. Оған қатты разы болдық. Расында соған сұмдық ұқсайтын. Ойымызға келмепті ғой.

Шайхасанның шырқырап шыққан төтенше ысқырығынан соң жан қала ма, көшеге атып-атып шықтық. Нартжан жеңі шолақ қып-қызыл футболка киіп алыпты. Бұлшық еттері бүкіл қапталын жауып бөлек-бөлек болып тұр.

– Шет көшенің қара сирақтарынан жеңіліп қалып жүрмейік, – деп ол әрқайсымызға сұраулы көзбен қарады. – Волейбол ойнаймыз, турникке тартыламыз, сосын ядро лақтырамыз.

– Ядро?.. – дегенді бәріміз бірдей қайталадық. Бұл біз әуестенбеген нәрсе еді. Мектепте бұндай домалақ шойынның бар екенін білеміз. Бірақ дене шынықтыру сабағы кезінде ғана бір-екі лақтырып қоятынбыз. Артына түсіп айналысып кім көрген.

– Ой, онда біз жеңілдік қой, – деп Сапар уайымдап айтты. – Олар ылғи да құлаш жарыстырып ойнап жататын. Ядроны ойыншық құрлы да көрмейді ғой.

Біз қалған бесеуміз де оны қоштағандай үнсіз мойындап келеміз. Нартжан жалпақ алақанын жайып жіберіп екпіндеп қатты сөйледі:

– Эһ, қорқақтар, жарысқа түспей жатып жалтақтайын

дедіңдер ме, түге. Әлгі «күшті болғымыз келеді», – деп бөсетіндерің қайда. Ел алдында сынға түспей құр күшті болғанның не қажеті бар. Пайдаға асыру үшін күнде күш жинап жүрген жоқсыңдар ма, а? Айтыңдаршы?! Онда не мақсатпен қара терге түсіп, жандарынды жеп жүрсіндер?!

Жерге қарап, жаман ұялдық. Расында, біз не үшін жаттығып жүргенімізді байыптамаптық қой. Үйдің жанында болғанына қызығып бір күнді де бос жібермейміз. Апаларымыз қажет болсақ дереу дауыстап шақырып ала қойғанға да оңай. Маң жайғау, су әкелу, отын жару баршамыздың мойнымызда ғой. Ондай үй тірлігінен де қалып жатқамыз жоқ. Нартжан деген тегін жаттықтырушы жанымызда. Сонау селоның етегіндегі мектептің стадионына біздің жоғарғы көшеден барып келгенше қаншама уақыт кетеді. Және де онда арнайы спорттың түрінен секция да жоқ. Анда-санда бір жылт етіп ашылуы да оңай, жабылуы да оңай. Сондықтан біз ол жаққа көз сүзгенді қойғанбыз. Өзі де өз бетінше жаттыққан, өзгені де өз білгенінше үйретуді сұранып тұратын табиғи қабілеті мол Нартжанға бойымыз әбден үйреніп алған. «Шыныққан шымыр адам қай жұмысты да апырып-жапырып істейді, қиналмайды», – деп құлағымызға күнде құятын. Тіпті үйді-үйімізді аралап айырмен, балтамен қатты-қатты қимылдап терлеп-тепшігенде он екі мүшеге қалай бұлшық ет бітетінін дәлелдеп, құлшынта түсетін.

Міне, сондай ықыластың адамын ренжіте жаздадық. Оған себеп болған жаңағы «ядро» деген домалақ шойын. Біз онша әуестенбеген спорттың елеусіз түрі.

Нартжанның жүзінен реніш байқай қойған Шайхасан:

– Лақтырамыз! Алысқа лақтырамыз! – деп жұмырығын түйіп жоғары көтерді.

Нартжанның көзі күлімдейін деді. Сезіп келеміз. Қалған бесеуіміз де талқыаяқ Шайхасанның жол тапқанына қуанып кетіп:

– Жеңеміз! Қайтсек те жеңеміз! – деп салдық.

Ауылдың шығыс жақ бетіне шықтық. Сырт көшенің балалары қаптап жүр екен. Күнде кешке жақын өрістен қайтқан сиырды тосатын жер де осы ара. Күркіреп өзен

ағып жатады. Екі жағалауы тастақ. Су тасыған сайын таудан дөңгелеп жеткен қорым тастарда қисап жоқ. Шетінен құрылысқа тиіп кетіп жатса да таусылмайды. Қияғы қаптап, сағыз шөбі үзілмей жыл сайын өседі де тұрады.

Жазықтағы көгалда тор керулі тұр. Қызылды-жасылды жеңіл спорттық киім киген жеті-сегіз баланың ортасында дөңкиіп Әбіл деген жігіт жүр. Ол осы сырт көшенің тұрғыны. Желаяқтығымен, палуандығымен әйгілі Әбіл Нартжанның тұстасы. Екеуі бірін-бірі жыға алмайды деп айтады жұрт. Бірақ біз өзіміз олардың белдескенін көрген емеспіз. Ол да өз көшесінің көген көздерін жиып алып, көбіне волейбол ойнатып жүреді. Бірақ Нартжан сияқты домбыра тартатын өнері жоқ. Ал тау десе ішкен асын-жерге қоятын альпинист тұрған бойы. Қыста шаңғымен, жазда жаяу асқар тауды кезіп кетеді, Әлгі алдына жан салмайтын желаяқтығы соның арқасы болса керек. Көше-көшенің арасында да жайбарақат жүре алмайды. Безек қағады. Қимылы да шалт. Әскерде жүгіруден полктің чемпионы болған деп Әділ деген інісі ағасының әңгімесін айтып тауыса алмайтын.

– Алдымен, қалай, ядро лақтырысамыз ба? – деді Әбіл анадайдан айқайлап.

– Жоқ, доп ойнасын балалар, Арқа-басы жазылған соң барып күш сынассын. Сол дұрыс...

Дегенмен Нартжан ағай әр нәрсенің ретін біледі. Алаңға шығып, біраз бой жазып, ет үйретсін деп тұр. Одан әрі жеңілдеу соғуы мүмкін. Әйтпесе біз...

Сырт көшең сұмдық. Шетінен торға секіріп ұрады. Және бір-біріне әуелетіп әдемі көтеріп береді. Алаңға топ еткізеді. Тура қолмен қойғандай-ау. Әбіл ағайлары бекер әуре болмаған екен. Бәрі бәле ойнайды, Біздің ала-құла киіміміздің өзі-ақ волейболға жаратылмағанымызды жариялап айтып тұр. Аналардың қақырата соққан добына қарсы қалқан қойып береке таппадық. Тосқан алақанымыз айдалада қалып, доп алаңға шаншылып түсе берді. Оларға ұқсап біз де секіріп ұрайық десек керулі торға қолымыз тиіп кетеді. Не сиқыры барын білмедік.

– Шайхасан, сен былай шыға тұршы, – деп шыдай

алмаған Нартжан ағай құжырланып алаңға ұмтылды.

Кішкене жағдайымыз түзелгенсіді. Біз жақтан да шіреніп тұрып ұратын бір ойыншы табылды. Бірақ бұл бір-ақ адам. Ал қарсы жақтағылар қатарынан сілтейтіндер. Қалай шеберленіп алған десеңші. Тіпті құлап жатып та допты жоғалтпайды.

Нартжан ағай біршама пергіледі-ақ. Тек жөндеп көтеріп бере алмай мысын құрттық. Не қисық әуелетеміз немесе басынан асырып жібереміз, әйтпесе жеткізбей тастаймыз, әйтеуір, сілесі қатты. «Түһ!» деп зығырданы қайнайды. «Түһ!» деп теріс айналып кетеді. Тоқпақтай жұдырығымен жерді қойғылайды. Не керек, аланда жалғыз өзі аласұрды. Оған сыңар болуға ешқайсымыз да жарамайды екенбіз.

Есептің тоқ етері 3:0 болып, олардың мерейін өсірді.

Қолдан келмейтін ойынға ұрынған соң қайтеміз, таза ұтылысқа ұшырадық. Мойнымыз салбырап, бет-аузымыз айғыз-айғыз тер болып шаршы алаңнан ілби басып шықтық.

Нартжан ағай ақылды ғой. Арқамыздан қағып, көңілімізді аулап жатыр.

– Тек тұла бойымызды сылап, бұлшық етке деніміз ауып кетіпті-ау, балалар. Ендігәрі есімізде болсын, ә, – деп қабағын жадыратты.

Өкініш бұлты сейілгендей, «уһ» деп жеңілдеп сала бердік.

– Тордан асырып ойнауға көп араласқан емеспін, – деп Сапар самай терін сыпырды.

– Дөңгеленіп тұра қалып ерсілі-қарсылы ұрғанымыз болмаса командада ойнаған жоқ едік, – деді Асқар.

Бәріміздің де ойымыз бір жерден шығып жатыр. Волейболдың жүйелі тәртібін, жөн-жосығын біле бермейтініміз рас. Команда болып ойнаймыз деп қан-сорпамыз шықты ғой.

– Мен енді сендерді допқа да үйірсек етіп үйретемін, – деп Нартжан ағай көк майсаға көсіліп отырды. – Мәселе өзіңе келген допты тұс-тұсынан тордан ары асыра беру емес, қайта қапысын тауып қарсы жақты жер соқтыру. Әрине ол үшін алдап тастай да білу керек және қылыштай қырқып тұсіп, атқан оқтай зымыратып ұру сауап.

Қарсы алдымызға қарсы топ та қораланып кеп жайғасты.

– Қалай, Нартжан, енді қай түрінен бастаймыз? – деп Әбіл бізге жағалай көз қыдыртып шықты. – Байқаймын, жоғарғы көшенің балалары денелі, ауыр атлетикамен айналыса ма деймін?

– Жок, бұлар үйдің қара жұмысымен көп шұғылданады, – деп Нартжан ағай бізді атлетизмге жуытпады. – Шөп шабады, тал бұтайды, қора-жайды дөңгелетіп ұстайды. Әкешелерінің қолқанаттары.

Ол осылай десе де жаңағы жеңілістің ащы дәмі аузына келгендей тұнжырап қалды. Бірақ іле-шала кеудесін кере түзеліп тіктеп отырды да:

– Турниктерің қай жерде еді, – деді

Оның бұл сауалы келесі сынаққа кірісейік дегені болатын.

– Ал жүріңдер, балалар, – деп Әбіл орнынан лып көтерілді. Қимылы тез. Ептеп қана аласалығы болмаса денесі Нартжаннан кіші емес тез-тез сөйлейді, тез-тез қозғалады. Турникке де аз тартылмайтын шығар.

– Әскерден келген жылы орнатқанмын, – деп Әбіл өз үйінің қарсы алдындағы жан-жағынан сым темірмен керіп тастаған турниктің тура түбіне келіп тоқтады. – Солқылдап түбі босай берген соң, цементпен шегендеп құйып тастадым.

Төрт бұрышын да қатырып бекітіп қойдым.

Нартжан ағай турниктің беріктігін тексеріп, шыр айнала ұстап, ырғап-ырғап көрді де;

– Жеңген команда жол көрсетсін. Бастандар, – деді. – Бірақ тербетіліп, теңселіп кетуге болмайды. Онда саналмайды. Соны естерінде ұстандар. Аяқтың басы алға да, артқа да көтерілмесін. Яғни тік төмен салбыраған қалпында қолды толық созып, иекке дейін толық тартылу керек.

Соны айтып ақыры шыдай алмаған шығар, Нартжан ағай өзі тартылып көрсетті.

Әбілдің балалары жарысты жалғастырып кетті. Алты баланың ішінен Әбдіманап қана он жетіге жеткізді. Көсеудей аяғымен доп орнына тас тебетін ол қара күшке де мығым еді. Сонысын дәлелдеді. Күре тамыры білеуленіп

ең соңғысын зорланып әзер тартылды. Қалғандары он-он үштен аспады. Осы шамаға жетіп жығылды. «Қорқатын жай жоқ. Құрығанымыз он бестен тартыламыз ғой», – деп іштей турникке асылғанша асығып тұрмыз.

– Ал енді өзің де ұпай үшін атсалыс, – деп Нартжан ағай Әбілге иегін қақты.

– Ой, алдымен команданың мүшелеріне жетіп алсаңдаршы, – деп олардың бапкері риза кейіппен жымынды. – Қалып бара жатсақ тағы көрерміз.

– Ендеше арманда кеттім дей бер. Біздің алты баланың қай-қайсысы да он бестен кем түспейді.

Не болса да Нартжан ағай дәл осылай деп салды. Енді қалай да әр біріміз он төрт, он бес реттен тартылуымыз керек. Сонда жалпы есепте асып түсеміз.

Ең бірінші Тілеу көз ілеспестей зыпылдатты. Тіпті төсқасқасына дейін жеткізеді турникке. Тура мысық сияқты. Қолды-аяққа тұрмайды. «Жиырма алты, жиырма жеті...», – дегенде барып жерге жеп-жеңіл секіріп түсті. Сыртынан қараған адамға әлі де бірталай тартылатын шамасы бар сықылды. Бірақ неге екенін кім білсін, кілт тоқтады.

– Ал керек болса! – деп Әбіл алақанын сарт еткізді. – Бәсе, тұла бойында тұр-ау пәтшағардың. Енді-енді ыршитын серіппе секілді өзі де.

Нартжан ағай керемет қуанып кетті де:

– Сапар, енді сен таңырқатшы, – деді.

Шымыр денесі шойыннан құйылғандай Сапар аспай-саспай баппенен тұп-тура жиырма екі рет жиырылып, созылды. Сосын, Шайхасан, Асқар, Әскен, мен кезек алдым. Нартжан ағайдың аузына салған екен, қалғанымыз да қарсы команданың ең озығы Әбдіманаптан асып түстік. Соңғы төртеуіміз де уәделесіп қойғандай он сегіз мәрте тартылдық. Тіпті әлі тың секілдіміз.

– Жеңдіндер, ойсырата жеңдіндер, – деп Әбіл бәріміздің қолымызды алып шықты. – Нартжан, бұларды бар ғой әрмен қарай жаттықтыра беру керек. Дайын тұрған гимнастар ғой, тегі. Осы биылдары Алматыда тұратын ағайдың баласы физкультурныйды бітіреді. Спорттық гимнастиканың шебері. Мен оған біздің ауылға сұран деймін. Сонда

міндетті түрде секция аштыртамын. Мына алтауын да алады. Сөз жоқ алады.

Міне, жаңалық! Біздің Қызыләскер аулына гимнастикадан спорт шебері келеді. Жабайы айналысып жүрген жоғарғы көшенің «алты атлетін» арнайы спорт залында жаттықтырады. Эһ, сонда бір шырқаймыз! Нағыз турникте сағыздай созылып, жел диірменнің қалағындай шыр айналып жатамыз. Бірақ әлгі былтыр ауылға келген палуан ағай сияқты болып жүрмесе тағы... Өтірік значок тағып, құр кезде керіп...

– Жарайды, есебіміз теңесті. Енді анау әлгі... ядронды лақтырмаймыз ба? – деп Нартжан ағай иығын қомдап, құлашын керіп қойды. – Жарыс майданының қызатын жеріне енді жақындадық білем, күш те керек, әдіс те... осында.

Әбіл қамбасына кіріп, ядроны алып шықты.

– Салмағы сегіз килограмм, – деп алақанына сап толғап-толғап қойды. – Әй, жоғарғы көшенің бұқа мойындары бұдан да дес бермейді-ау.

– Оны құлаш көрсетеді, – деді де Нартжан ағай бізге қарап көзін қысты. «Әйтеуір, білек күші қажет ойыннан қорықпаймыз» дегені.

Тастақтың шетіндегі құмдауыт алаңқайға иіріліп тоқтадық. Екпін алып кеп, аяқ тірейтін жер қаймақ тастармен белгіленді. «Сен лақтыр, жоқ, сен лақтырмен» біраз бөгелдік.

– Міне, қарандар, мен бастайын, – деп Әбіл алдымен өзі килікті. – Еш пәлекеті де жоқ, жүгіріп келіп бүйтіп сол аяғыңа күш салып тұрып қатты серпіп қаласың. Бітті шаруа.

Ядро бірталай жерге барып дүңк ете түсті. «Oh-o-o!» деп бәріміз басымызды шайқадық.

Қызып кетіп Нартжан ағай да лақтырды. Жаңағы ядро ойып түскен жерден сәл-пәл ілгерілеу тұста тағы бір шұқыр пайда болды.

– Еһ-е-е! – деген дауыстар бұрынғыдан да қаттырақ шығып кетті.

Бәріміз де бір-бір салмақтап шықтық. Онша ауыр емес

сияқты. Бірақ лақтырғанда алысқа шырқата алмайсың. Ол үшін пружинадай серіппелі болуың керек. Қолдың, иықтың, ең аяғы белдің бұлшық еттері бүкіл тұла боймен қосылып бір нүктеге тоқайласуы шарт. Әйтпесе бұлтылдаған бұлшық еттеріңмен де түк бітіре алмайсың.

Ядро серпуден екі команда да қарайлас болдық. Тек Нартжан бір табан болса да асырып лақтырғаны көңілге демеу. Әйтеуір қалыспадық қой сырт көшеден дейміз ішімізден.

– Мен қайта әскер қатарында болып, көп нәрсеге қанығып келдім. Қазіргінің бәрі де сонда үйренгендерім, – деп Әбіл тершіген маңдайын жейдесімен сүртті. – Ал сен Нартжан армияға барғаныңда нағыз спортшы атанатын едің. Өйткені табиғи негізің де бар. Мына екі метр бойыңның өзі не тұрады, шіркін! Тракторды қозғайтын күшің...

– Әскерге баруға құлшынып-ақ едім, апамды аядым ғой. Жалғызілік. «Қарағым-ау, көз алдымда қарайғаным сенсін, қалай ғана үйге сыйып отырамын шошайып», – деп жылап, жібермеді емес пе.

Нартжан осыны айтып бір түрлі мұнайып қалды. Бізді жаттықтырып, жарғақ құлағы жастыққа тимейтін алпамсадай ағайымыздың да өз арманы бар екенін білмеппіз ғой. Бұл неге жалғыз, ол неге үйленбейді деп те ойланбаппыз. Құлағымызға жеткені оның әкесі Сейітхан жер жыртып жүріп, өрт өшіреді. Әлдекімдерден қалған темекі тұқылынан сонау Жартоған жақтағы шабындық шатырлап жанып жатқанда соқамен сол араны шыр айналдырып қоршайды. Тіпті сумандаған өрт тілі айдаудан да өтіп кетіп болмаған соң тракторды қауіпсіз жерге шығарып қойып, өзі отты күпәйкесімен сабалайды. Үстіндегі майсінді киімдерін жалын шарпиды да, өзі де отқа оранайды. Өрт қаулаған денесімен жақын арадағы өзенге жүгіріп жеткенше өкпесі өшеді, әл-дәрмені құриды. Әйтеуір, сүрініп-қабынып жетіп әрең дегенде суға құлайды. Сол екі арада дала қосынан адамдар да шапқылайды. Жабылып өртті сөндіреді. Сейітханды ауруханаға алып жөнеледі. Бірақ оны аман алып қалудың мүмкіндігі болмайды.

– Ел құсап қалаға кетіп оқуға түсіп, абажадай спорт залдарында арнайы секцияға қатысуға жағдай көтермеді, – деп Нартжан сом-сом саусақтарын бір-бірден бұрай сыртылдатты. – Сейітхан әкемнің қасына отырып алып соқаның өткір пышақтары қиялай тіліп, аударып кетіп жататын көрініске де қызығушы едім. Оның өмірі анадай болған соң басқан ізімен жүргім келді. Ол тракторымен шарлаған, туған ауыл маңындағы Қарасай, Шолақсай, Райымбек сайы, Жоңқабайдың жоңышқасы, Аралбай жотасы көзіме ыстық, көңіліме жақын. Сол жерлердің шөбін шауып, аңызын жұртсам әкеммен бірге жүргендей боламын. Сегізінші кластан кейін училищеге барғаным да сондықтан.

– Әй, дегенмен де сол СПТУ-ың саған үлкен сеп болған. Қара жаяу қалмай көп нәрсенің басын қусырып қалдың, – деп Әбіл оның құрықтай мойнынан тартты. Бірақ ол иілмеді.

– Алты-ақ ай оқыдым ғой онда мен. Трактор, комбайн және басқа да ауыл шаруашылығы машиналарының маманы деген күректтей куәлік қалтада. Кейін екі жылдығына түспеген екенмін деп өкіндім. Шоферлыққа правом жоқ.

– Тү-үй-й, соны да сөз деп. – Әбіл қарқылдап күлді.

– Біз әскерде өз бетімізше дайындалып-ақ правоға тапсырдық. Саған да сөйтуге болады. Оны қойшы, оданша сол Мәуелиағаштағы училищенің жолға қойылған спортын молынан пайдаланып қалу керек еді де.

– Эһ, соны айтсаңшы! – Нартжан ағай күрсініп салды. Спортқа құмарлығы сұмдық адамның күрсінісі. Біз әуелім оған жете алмай жүрсек, ол өз өнерін олқысынады. Қызық. Бұл ауылда бұдан күшті адам жоқ. Аузын шымшып тіккен ұн толы қапты машинаға жалғыз өзі екі бұрышынан ұстап лақтырып сала береді. Жазда мая тұрғызатындар Нартжанға айыр шақ келмейді деп шағынады.

– Оның «жанын» алып тастап «Нар» деу керек қой, – дейді екен.

Расында «нар» десе, нар. Ұсынсаң қолың жетпейді бойына. «Жалқы қып, жалғыз қып туған соң да табиғат сыйлаған ғой Қанапия кемпірге», – деп отырады ауылдастар. «Алматыға барса Айхановтың өзімен айқасуға жарай-

тын палуан болар еді, әттең, апасынан алысқа ұзап шыға алмай жүр», – дегенді де қалқан құлақтарымыз шалып қалады. Атағы жер жарған ауыр салмақтағы Әбілсейіт Айхановпен салыстырып жатса біздің жоғарғы көшенің бапкері осал болмағаны ғой әрине. Біз бірақ сонау астанадағы Айханов тұрмақ өз ауылымызда өз көшемізде араласып тұратын Нартжанның да біреумен белдескенін көре алмай келеміз. Өйткені мереке-мейрам салтанатындағы өнер сынасуларда оған қарсы күресуге ешкім шықпайтын. Ортада сорайып тұрып-тұрып бәйгесін шаппай алатын да тып-тыныш жүретін. Колхоздың машина-трактор паркінде де оның беделі биік. Механизаторлар тырбаңдап шамасы жетпей жатқан бөлшектерін айқайлап, қол бұлғап шақырып Нартжанға көтертіп алады. «ЗИС»-тің моторын жалғыз өзі көтеріп түсіреді, көтеріп салады» деген де сөз тараған. Оны тамсанып, басын шайқап айтатын Тұрысжан шофер. Соның «ЗИС»-ін жөндесіп, қолғабыс жасаған екен. Нартжанның қуат құдіретін сонда байқапты.

– Жалпы мен жаны таза, тұла бойы күшті болғанды жақсы көремін, – деп Нартжан ағай отырғандарға жағалай көз жүгіртті. – Қол-аяғында қуат, күш бар кісі кез-келген жұмысты жапырып істейді. Және ол адам организмді улайтын түрлі жаман әдеттерден аулақ жүреді. Аппақ, кіршіксіз дене мүсініне дақ түсіру обал екенін сезінеді. Қолымнан келгенше мына балаларға дәріптейтінім де сол жан тазалығы, тән тазалығы, тән қуаттылығы. Көгалға жиып аламын да бар білгенімді ортаға саламын.

– Нартжан десе, сені бар ғой, осы ауылдағы әлгі спорт нұсқаушысының орнына қою керек, – деп Әбіл әлденеге бекінгендей нығырлап сөйледі. – Сол жігіт өзі спортқа үш қайнаса сорпасы қосылмайды-ау. Әйтеуір жалақы алып жүрген біреу. Қалай оқу бітіргенін білмеймін.

– Ой, ағай, ол әуелі физкультурный институтты бітірген, – деп балалар шу ете қалды.

– Спортқа деген жақындықтың титтей де бір белгісі болса соның бойында маған кел. – Әбіл әбден күдерін үзіп айтты. – Кесір болмасын, дәп менің өзім одан он есе артықпын. Сөлбірейген біреу. Не футбол, не волейбол, не

баскетбол добын нұқып қоймайды-ау сабазың. Сонда ол не үшін түскен дене тәрбиесі оқу орнына. Таң қаламын.

– Е-е-ей, ондайлар аз ба, – деп Нартжан ағай да налыған кейіп білдірді. – Көпшілігі әрең дегенде екінші, үшінші разряд алып шығады екен. Ойбай-ау, ондай разрядты арнайы физкультура институтында бес жыл оқымай-ақ мына біздің ауылда да алуға болады ғой. Әнеки, автоматыңды арқалап, шекараны күзетіп жүріп-ақ шаңғыдан, жүгіруден бірінші разрядтың значогін кеудене тағып келдің әскерден. Ал арнайы спортшы әзірлейтін оқуға түссең одан жоғарғысын да орындайтын ба едің.

Екі ағайдың әңгімесі бізді де еліктіріп әкетті. Бізді де ойға шомылдырды. Мектепке былтыр физкультура институтынан бір мұғалім келген. Еркін күрестің маманы болып шығыпты. Омырауында бірінші разрядтың белгісі бар. Келе сала секция ашамын деп жар салды. Жапырлап кеп жазылдық. Арнайы күрестің кілемі болмаған соң гимнастикаға бейімделген төрт бұрышты төсеніштерді қаз-қатар тастап, бетін кенеппен жаптық. Қатып кетті.

Күнде кешке жақын жаттығу басталады. Ал кеп алысамыз. Сонда байқадық, әлгі мұғалім кеудесін құр кереді екен. Түк күші жоқ. Қолын бұрап жіберуге болады. Аздаған ғана айла-тәсілі бар, сонысын малданып әйтеуір астыға түспей қалады. Әлде ауылдың қара күшке мығым балалары бой бермей ме, оның шеберлігін көре алмадық. Басында небір әдістері бар шығар, бір жерімізді майып қыла ма деп жасқаншақтай, жасаған тәсіліне қарсылық қылмай жантайып құлай кетіп жүрдік. Сосын етіміз үйрене келе әуелі өзіне қауіп төндіретін болдық. Кішкентай дейтін кішкентай да емес, сол жетпіс килограммның төңірегі. Бірақ біз ойлағандай емес, осал болып шықты. Тіпті келе-келе жоғарғы кластың балалары оны астына басып алып, бүктеп тастайтын дәрежеге жетті. Күрес секциясын естіп жұмысшы жастар да спорт залға бас сұғатын болды. Біз әуелі палуан ағайымыз үшін солардан ұялдық. Қызық көріп, шешініп тастап шеттерінен ұстасуға құмар. Әлгі ағайымыз бәрінен жығылады. Масқара-ай! Қарап тұрып біз

қысыламыз. Бір күні сол дипломды палуан ағай басқа мектепке ауысып кетті. Пәлендей ренжи қойған жоқпыз.

Бүгінгі жарыстан көп әсерленіп қайттық.

– Бұл сырт көшемен ғана сынға түсуіміз, – деді Нартжан ағай таудай болып топты бастап келе жатып. – Енді осылай жалғастыра береміз. Сергектіктің сабақ оқуға да септігі бар. Спорттың бір түрімен шектеліп қалуға болмайды. Оны бағана волейбол ойнағанда көрдіңдер. Мен бәрінен де хабардар етемін. Көр де тұрындар!

Ішіміз елжіреп Нартжан ағайдың жалпақ жауырынының қалқасында қиялдап келеміз. Расымен-ақ күні ертең топты жарып жарқ-жұрқ өнер көрсетер болсақ. Күні бойы тракторымен алысып, кешке қарай жоғары көшенің балаларын өз еркімен жаттықтыратын көршінің еңбегі жанса екен. Нартжан ағайдың апасы жұмсағанда жүгіріп кететініме сондай қуанып келемін.

Салқын саға

Шыққа малшынған тау бөктері сап-салқын. Бұлақ басында ырғай таяққа сүйенген қойшы бала тоңған сыңайда. Құнжың-құнжың етіп екі қолын ербеңдетіп қояды. Бұл оның бой жазып, бойын жылытқандағысы. Қой біткен жүре жайылып барады. Бастауға бас қояр қаны кепкені көрінбейді. Ширығып, тұяқтары сытырлап үзіп-жұлқып қана шөптің басын шалады. Сонау өріске жетіп, сонырқағанша қақа тұяқтар тыныш табар ма, тәйірі. Бала да біледі мұны, сондықтан тежемейді, тезірек қарқындап, қанат жайып тоқтап жайылғаны керек оған да. Ертерек емін-еркін ойынға кіріскен қандай!

Майтөбенің теріскей беті еміп тұрған от – сілелеп, екі бүйірі лезде сыртына айналып қалған қойлар «қанша ойнасаң да рұқсат бізден, балақай» дегендей күйіс қайырып пырдай болып жусап жатып қалады.

Ой, сосын баланың ойыны қызады кеп. Қараауыз күшікті қамшының ұшына жалғанған бір құлаш қайысқа (бұл шартылдатып қойды жасқау үшін қажет қойшы біткеннің

құралы) байлап, сабын жерге бойлатып жіберіп ойнаудан басталар ермек жалғасады дерсің.

Ан-а-ау көк қапталдың қосылған жерін қойшылар «Тамшы» дейді. Баспалдақ-баспалдақ кеңірдек өзек қызық өзі. Түу басынан шапқылап су ағып келе жатады да орта тұсында тосыннан жоқ болады. Сосын келіп әр-әр жерде тастан тамшылап қайтадан көрініп ағып қалады. Тағы ғайып боп кетеді де етекке тақағанда және сылдырап жер бетіне шығып, жылыстап қоя береді. Тіпті ғажап құбылыс. Сондығы үшін бе, осы ара «Тамшы» аталады. Ал айналасы мың сан өсімдікке тұнып тұрады. Бұған жетіп жығылған қой бас алмайды-ақ.

Бұл ара қойшы балаға да жиделі байсын жер: текпір-тектір сандық тастарына секіріп жырғап қалады. Тағы да бір тамашасы – сонау көкжиекке көз салғанға тоймайсың – айналаң алақандағыдай көрінеді.

Әне, ана-а-а-ау, Ақоба. Екі совхоз арасын ажыратып жатқан ақ белгі. Ақ тасты шыммен араластырып соққан алты қанат киіз үйдің аумағындай қыр жотадағы осынау үлкен белгі – Ақоба аталады. Осан оның қашан, қалай қойылғанын әрине көрген жоқ. Ес білгелі алыстан ақбоз үйдей шаңқан сұлба көз тартып тұрады. Ес білгелі бері осы белгінің көк шалғын қапталында қозы қайырып, қой жайып, шопан атасына қолғабыс жасап келеді. Жазғы каникулға қалай шықты, солай қорсылдақ мінез, шайпау торы аттың бел ортасында қаздиып ол отырады.

– Иә, бала қойшы, – деді бірде оған қаба сақалды Әбдіғұл қойшы қабағын қағып, – Әкең қайда осы, күнде көрсем безектеп қарғадай болып сен жүресің қой шетінде.

Көршінің қулығын баланың іші сезеді. «Әкең ақ қойдың артына салпақтатып салып қойды, ә» деп камқорси шағыстырғаны әдейі. Әрі томаршадай болып бір отар қойды шашау шығармай, шырқ иіріп бағатынына іші күйеді. Өзінің «желкесі шұқыр» тілазар балалары бар. Оларды жұмсай алмайды. Әбден еркінсітіп алған.

– Мен өзім қой баққанды ұнатамын, – деді ол жұлып алғандай.

– Ой, шіркіннің ұнатқышын, бокмұрын неме. Қазір

көшенің балалары ғой қойын-қонышын өрік-алмаға сықай толтырып сайранды салы-е-е-еп жүр.

Бала жүрегі лүп ете қалады. «Қойын-қонышын өрік-алмаға толтырып» деген сөз расында қызықтыратын нәрсе. Көк жайлаудың таза ауасы, тау-тасы, мөлдір бұлағы қандай тамаша болса-дағы осынау орталықтың мәуесі құрғыр түсіңе кіреді. Атасы көшеге тұзға, азық-түлікке анда-санда барғанда қоржынның екі басын сықай толтырып «әуес тамақ» деп әкеледі. Сонда әсіресе сары өрік көздің жауын алады-ау, аузыңнан сілекейің шұбырады-ау. Уылжып, елжіреп, ауызға салсаң еріп қоя береді. Ал бұл анда-санда ғана ғой. Ал ана көшенің көзелдері болса күн сайын қарқ. Соны ойласа Осанның ішін қызғаныш оты қарып өтеді.

Көрші қабасақал жанды жеріне дәл тиді. «Ә, бала, бала», – деп әлденеге мұртынан күлетін сықылды.

– Иә, сонымен әкең қойды сағаң тастап кетті де...

Діңкені құртатын осы бір сұрақ өрісте тоқайласқан сайын дайын тұрады. Баланы қажайын дей ме, жоқ әлде әкесін безбүйрек етіп көрсеткісі келе ме, ол жағын кім білсін, әйтеуір ылғи басын шайқап, жаны ашығансып қалады. Бала да бұған жаси қоймай:

– Қой жаюды өзім жақсы көремін, – деп қасқайып жауап бергеннен таймайды.

Ол да рас бір жағынан. Атасы көк жайлауға көшіп қонып, жайғасып алған соң «қара баласына» көп иек артады. Апталап, кейде айлап ел аралап кететіні де бар. Бірақ бұл әшейін жәй сайран, бос қыдырыс емес әрине, колхоз-совхоз басшыларының, мал мамандарының қолқалап, қиылып сұрауымен салқын жайлауда қолын талдырып қошқар тартады. Бұл өзі бүгінде таптырмайтын байырғы халықтық өнер. Әрі қан шықпайды, әрі шыбын-шіркей үйір болмайды. Қошқар, теке дегеніңіз бір-екі күн ауырсынып жүреді де, шапқылап кетеді. Сосын тез ет алады. Бойдақ мал қатарына қосылды деген сөз.

Міне, сондығы үшін де оның атасын Майтөбеге шыққан соң хан көтеріп, қолдан-қолға тигізбей ертіп әкетеді. Жәнділда шопанды білмейтін шаруашылық жоқ. Әсте сирек өнердің иесі қадірлі болады екен. Ал өте-мөте малды

ауыл дәл мұндай өнерліге зәру. Қолы алтын деп отырады. Міне, оның сол өнерін құрдасы Әбдіғұл көре алмайтын тәрізді. Өзінің ғой қолынан келмейді.

Әнеу бір жылдары ұлан жаз бойы құрдасының қасынан қалмай еріп жүріп, көріп жүріп, үйренбек те болған. Қолының қаруы шамалы, шадыр мінездеу шыдамсыз адам үйренудің аяғына жетпеді. Біліктілікті қажет ететін қазақи өнер қыр-сырына қанықпай жатып «Жанділдадан үйрендім»,— деп малды ауылды аралап жар салды. Жұрт Жанділданың жалғыз ізбасары, «қошқарды қан шығармай бойдақ мал қатарына қосатын тағы бір өнерпаз табылды»,— деп ат жіберіп алдыра бастады. Бірақ жолы жіңішке нәзік өнер жетесіне әлі жете қоймаған Әбдіғұл қаба сақал ел қарғысына қалды. Қошқар біткен шартық боп шықты. «Бір ені ішінде қалған» қошқарлардан арамза туған қозы көбейді. Ұятты болған мал иелері «Әбдіғұлың құрсын», — деп азар да безер болып қолын бір-ақ сілтейтін халге жетті. Сол оқиғадан кейін ол құрдасы теріс батасын бергендей-ақ оған қиыс қарайтынды шығарды.

Қазіргі қытымыр қыртыстанып, қиямпұрыс қылықтанып отырғаны да сол оқиғаның салқыны. Бірақ бала жүрегі оны қайдан білсін. Бұрыс сұраққа дұрыс жауап беріп жатыр.

Ақобадан төмен қыдырыстаған көз қиығы үркердей болып тұтасып жатқан сонау етектегі ауылға түсті. Ауылда ғой қазір қым-қиғаш жаз тіршілігі. Балалар жаппай шөпке болысады. Шабындық исі танауды жарады. Қыздар... иә, айтпақшы, қыздардың қолы бос болуы мүмкін-ау. Әрі асып кетсе шешелеріне қызылша шөптеуге қол ұшын берер. Оқушылардың өндірістік бригадасына жазылғандары да бар. Әйтпесе есік алдындағы бау-бақшаның саясында кітап оқып, кесте тігіп, орамал тоқып отырар. Каникул шіркінді әр оқушы әр қалай өткізеді ғой. Шопан балалары жайлауда, мал бақпайтындардың ұл-қыздары орталықта, көшеде дегендей.

Бұлар кеше ғана жайлауға көшіп келген. Қойды тауға қарай үшеулеп айдады. Атасы, өзі және Есен. Туыстарының баласы Есен бір класс жоғары оқиды. Сонда да сырлас екеуі. Осы қонысқа жеткенше Осанның аузы бір босамады. Ат

үзеңгісін қағатын қалың шалғынға малтығып қой-қозылар жүрмейді. Әсіресе тау бауырына жақындағанда балдырған бадал аяқ бастырмады. Қоныс қарасы көрінген соң атасы алға озған. «Енді екеулеп алға жылжытса берерсіңдер. Мен барып шаңырақ көтерісейін», – деген. Осан атасы кетісімен аттан қарғып түсіп көк шалғынға аунады-ай кеп. Аузы жайлау қызығын суреттеуден, кереге тасын, арқар, елігін айтудан тынбады. Рахаттанып тұрып әңгімелейді.

– Жылдағы қоныс орны қарақордаланып жатыр, эне, – деп ол қолын алға көтерді. – Атам осы жерді әдейі таңдап алған. Қой жайлаудан түскенде майдан баспай домаланып қалатын. Бет-беттің бәрінен бұлақ суы сылдырап ағып жатады. Өрге қарай өргізсе мап-майда шөбі майдай жұғатын Майтөбе, шығысына қаптатса шүйгінінен бас алмайтын Жидебай, күнбатысында сонысы тұнып тұрар Бесқоныс. Ал одан асырып жаяр болсақ тамылжыған тамаша өріс – Тамшы бар. Қай-қайсысы да сан мың тамырлы өсімдігі ұйысқан көк жасыл жайылым. Эһ, шіркін!

Ол осыны айтып, құжырланған күйде көк шалғынға жатып кеп аунады. Есен болса көзін күнге қалқалап көкпен астасқан таудың ұшар басына таңырқай қарап қалыпты. Айнала кереге тас, долана, шетен, ұшқат, тобылғы, сонау бір құжыр тас қыртысында найза бас рауғаш сораяды. Әсіресе соны көргенде Есеннің көзі жайнап сала берді.

– Рауғашты қара! – деді аптығып сөйлеп. – Адам шыға алмайтын тасқиянға өскенін шіркіннің.

– Ә, одан да зорын көресің әлі, – деп орнынан атып тұрып Осан серіктесінің олжасына көзін сатты. – Ат үстінде тұрып қол жеткізу қиын тастың қыртысындағы солқылдақ рауғаш лездемде-ақ Осанның уысына ілікті.

Рауғаштың қабығын да аршымастан аузына салып жіберіп қарш-қарш шайнады. Біртүрлі ашырқанып көзін жұмды да, көк шалғынға етпеттей құлай кетті. Таусылмас бір әңгімесі бардай-ақ Есеннің жеңінен тартып, жанына жығып алды. Өзіне таныс қоныстың исі танауын жарып бара жатқандай кеудесін кере дем алды да, көкпенбек аспан күмбезіне көзін қадаған күйі аптығып әңгімесін айтты кеп.

– Көңілге ең ыстығы жалаң аяқ жер басып, зыр жүгірген өрісің ғой, ә. Жатсаң-тұрсаң ойдан кетпейтіні де осы. Қойшының үрім-бұтағы мына мені басқа гүлжазира қызықтырмай-ақ қойды. Көк барқыт жайлаудың бір сиқыры бар сияқты. Бұлағы әр бұтадан бастау алып, сылдыр қағып жататын анау Асусай аңғарын талай көш шиырлаған. Жаз - жайлауға, күз - күздеуге көшіп, қой айдап өтетін кең кемер ауылдан басталып, сонау көкмайса Майтөбеге жалғасады. Осы терең сайдың табаны қос қапталынан жамырай аққан мың-сан бұлақ басын құрап барып, еңіске құлайды да, бара-бара үлкен Ұзынағаш өзенін құрайды. Ал осының сонау ақ басты алып тауға тірелер тұйығы текшеленіп барып бітеді. Тура Майтөбе жайлауына шығар қылт етпе кезеңге жетпей бір әдемі текше бар. Жұрт оны – Жүрекше – Жүрекжайлау деп атап кеткен. Алатаудың Жамбыл жүз жыл жырлап өткен Майтөбе жайлауындағы оймақтай бұл тепсеңді айнала қайнар бұлақтар бұрқ-бұрқ атылып, аспанға шапшып ағып жатады. Алты қанат бір үй, бір отар қой ғана сиятын көкірекше тепсең құдды қолмен қойғандай қоныс. Міне, соған әкем жайлауға әуес. Қашанғы әдеті – ол малдың тоя жайылғанын, шұрайлы өрісін алдымен ойлайды. Ал Жүрекше дәл сондай шүйгін жер. Ары асырып қой жайса, Майтөбе үстін жейді, бері қапталса, Асусайдың қос қапталын карпиды. Күншығар жақ Жидебай – тіпті құлан жайлаған көк майса өріс, шалғыны жапырылмайды. Былай, күнбатысқа қарай беттетсе, Бесқоныс, Тамшы, Орыс бұлағы, Дәркен сайы, Шетенді, Күшікбай сайы тотияйындай тұнған от.

Міне, осының бәрін есебіне алған атам мені де қой бағуға баулып-ақ келеді. Ылғи да айтатыны: «Біздің әулет малмен өсіп-өнген. Төрт түлікпен көгерген. Соны жағаласаңшы балам», – деген сияқты құлаққағыстар. Оны болашақ көрсетер.

Жасырары жоқ, Жүрекжайлау маған да табиғат музейіндей тамаша мекен. Мұнда жалаңбас, жалаңаяқ зыр жүгіріп қой қайырған табан ізі сайрап жатыр ғой. Майтөбеге Асусаймен көтеріле берген Жүрекжайлау астындағы қия жол жиегінде дастарқандай жалпақ тас бар. Ернеулерін еп-

теп көк шөп, мүк басып қалады жыл сайын. Мен оны аршып, тырнақтап тазалап тұрамын. Жазғы каникул кезінде қашап жазғанбыз. Онда: «ОСЕК. Осан – Самал-80 Жүрекжайлау» деген балғамен шекіп, ойып жазылған таңба бар. Майтөбеге көшкен жұрт, өткінші жолаушы көзі түспей қоймайтын қия жол жағасындағы бұл қолтаңба қысқарған аттар тізбегі көп сырдың құпиясын сақтап жатыр. Күнделігімде бар, оқытам саған...

Бір күні бар ғой, қызық болды. Бесқонысқа қой жайып, күн кешкірген. Көлеңке ұзарды. Малдың беті қораға қараған. Тақтайдай теп-тегіс үй тастың үстінде таяқты белге көлденең қыстырып, ысқырып ән салып тұрғанмын. Сонау төменде, бұлақ бойында, Асусайдың табанына бір үй қоныс теуіп жатыр. Түйесін шөгеріп, жүгін түсірген. Абыр-дабыры көп. Қызыл орамалдылар қаптап кеткен тәрізді көрінді маған. Олар жабылып шаңырақ көтеріп, уық шанши бастады. Қыздардың көңілді әуені келулеп барады жақпар тасты жоталарды. Жүрегім әлденені сезгендей. Дүрсілі құлағымға естілді. Олар орамал бұлғап, әлденені айқайлап айтады. Жайлау дегенің жаңғырығып кетті. Бесқоныс қайталайды қыздар даусын. Құдай біледі, Самал ғой, Саухан ғой деймін ішімнен қуанып кетіп. Көшке ілесіп келген, сірә. Ағайындары қой бағады. Көп жылдардан бері көрші қонамыз. Соларды жабылып жайлауға көшірісіп шыққан шамасы.

Мен де дыбыс беріп жатырмын баяғы. Қой бағудың арқасында ысқырықтан алдыға жан салмаймыз ғой біз деген. Ал кеп гулет! Тау мәңгірді. Керек құлақ жарғағы жарылар болды. Аяғым аяғымға тимей, үйге қарай қаптаған қойдың алдына қарай тура құстай ұштым. Жүрекжайлауға батар күннің жалқын шапағы әлсін-әлсін шашырап, қанқызылданып қалған шақ. Дәл әлгі жазуы бар жайпақ тастың желкесіне шығып, төменге, сай табанына көз талдырайын. Екі нәқат жоғары тырмысып келеді. Ішім қылп ете қалды. Дәл сол екеуі! Тауға өрмелеген оңай ма, әрбір оншақты қадамнан соң еңтігіп, отыра-отыра кетеді. Енді анық таныдым. Солар. Самал мен Саухан. Біздің кластың қыздары.

Жүрек от алды. Төменнен тауға шыққан олар емес, тау басында – Жүрекжайлауда жайбарақат тұрған мен еңтігіп, тынысым тарылды. Мұндай ақыл бастарына қалай келген. Қыздар да қу ғой. Туыстарының Жүрекжайлауға жақын келіп қонатынын білген. Бала қойшыны көре кетпек қой ойлары.

Алдымен Самал жетті. Шып-шып тер шыққан. Майда шаштар маңдайына шашырап түсіп, жабысып қалған. Сүріне-қабына көкмайсаға қолын тіреп, қасыма отыра кетті: «Уһ!» Сосын барып:

– Сәлем бердік, – деді.

– Алдық сәлемінді... – деп ет-жүрегім елжіреп кетті.

– Уай-уай, қытықтап кетті ғой, – деді жұп-жұмсақ саусақтарын мүйіздей алақаныма еркелей ысқылап. Соны айтып тіпті мен күтпеген бағылдық жасап, қолымды сілкіп-сілкіп жібермесі бар ма! Зорланып күліп жібердім. Жарылған ернімді бір жалап қойдым. Әйтпесе тырысып, қанап кетуі ғажап емес,

Саухан да аһылап-үһілеп жетті-ау әйтеуір. Әншейіндегі кіп-кішкене бойы таралып, өсіп қалған қалпы бар. Келе-ақ тиісті.

– Иә, бала қойшы...

Алыста ойнап қала қойшы...

Тымпиып тым-тырыс отыра қалыпсындар. Неге сүйіспейсіндер кинодағыдай, а? – деп салмасы бар ма.

– Ой, жынды неме! – деп Самал кластас құрбысын ақырын ғана нұқып қалды.

Кинофильм ленталарын ойға салған тумысында ашық қыздың әлгі әзілі әңгімеге май құйып жібергендей болды. Каникул қызықтарын кезек-кезек айтысып, мээ-мәйрам күлістік-ай келіп.

Сосын, сосын... Самал жайпақ тастағы жазуды оқып, бетін басты. Мен сасқалақтап:

– Бұл ма, бұл., әншейін-ақ жазылған, – деппін ақбөртпе қыздың алдында кінәм жеңілдейтіндей. – Әлгі жоғарғы кластағы оныншыға көшкен Есентай екеуміз осы жазда жәй жазғанбыз қой бағып жүріп...

Самал сол бетін басқан күйі солқылдап жылап, сай таба-

нына қарай тұра жүгірді. Тау суының сарынымен қосылып жылап бара жатқан мен ұнатқан қызды тоқтатар күш қане?!

– Сен де қызықсың. Жүректегі нәрсені қара тасқа жазғаның не? – деп құрбысы Саухан да бұртиып тұр.

Қос құрбыны көзіммен ұзатып салдым. Көлеңке қарсы бетті тегіс жауып кереге тастар мүлде көрінбей қалғанда, тыңқия тойған қойлар қозыларымен қоса қабаттасып қораға ойнақтап түсіп жатты.

Осылай деп Осан көк шалғынды жапыра аунап түсті. Көзінде кәдімгідей-ақ мұң бар сияқты көрінді. Қойшының баласы табиғатына тартып сыршыл болады ма екен әлде. Лирикалық шегіністерге әуес өзі. Есен лезде осыны ойлап үлгерді. Бала қойшы тегін болмады. – Тігісін жатқызып қалай-қалай әңгімелейді. Тағы да сөйлетіп көрсе қайтеді?

– Сөйтп, Самалды ұнатып қалған екенсің ғой, батыр?– дей салды Есен селқос қана.

Осан рауғашты шайнап жұта алмай қылғынған кісіше қып-қызыл болып кетті. Сәлден соң барып:

– Оныншы кластың балаларына сыр айтып қажеті жоқ,– деді.– Давай, тасқа аттарыңды ойып жазайық, мәңгі ескерткіш болсын деп қоймаған сұмырай Есентай ғой. Содан кейін ол қыздар менімен тіс жарып сөйлеспейтін мелшиген қалыпқа түсті.

Аз-кем үнсіздіктен кейін Осан түк болмағандай қайта жадырап кетті. Жыл сайын жазғы каникулын жайлауда өткізетін қойшының баласы көрген қызығын сыртқа шығаруға асығатындай. Жаңа ғана кластас қыздарының қылығын еске түсіріп, бір сәтке тұнжыраған бала көңіл тағы желпініп сала берді.

– Тағы бір қызық айтайын ба, – деді ол әлдене ұмыт қалғандай көзін қадап. – Тауда менімен қой бағыссаң талай-талай кереметтердің куәсі боласың әлі.

Есен айта бер дегендей иегін қақты. Осан мөлдіреген көк аспанға сурет салатын адамдай-ақ шаншыла қараған күйі көсіле әңгімелеп кетті.

Сонау көкпеңбек бетке қадалып жайылған қалың қой түске тырмысып барып діңкелейді. Ондайда айналаңнан

ермек іздейсің. Төменде, сай табанында қараң-құраң көрінбесе, тас домалатып, қызықтайсың.. Кереге тастарға, тақтай тастарға ойып, ғашық қыздардың атын жазасың. Тағы не бар? Е, айтпақшы, ең жақсысы, қоныстас қойшы Қуанышбектің әңгімесі. Оның отары да қанаттасып жайылып жатады. Шөбі де, суы да аяқ астында, жайлау құдіреті-ай десейші!

Екі отардың қақ ортасына отырып ап, ал кеп әңгімені судай сапырыс. Әрине, мен емес, көрші қойшы көп біледі. Небір хикаяларды бірінен соң бірін шертеді. Өлеңмен де, қара сөзбен де қатырады. Сосын: «Ал, бала, енді мен біраз көз шырымын алып алайын, қой қосылып кетпесін, қарай отыр», – деп керіліп-созылып көк майсаға шалқалай құлай кетеді. Оның ұйқысы да қызық. Демде қор ете түседі. Ол бір кезде барып: «Әй, әй, қайт былай, қайт-ей, рр-рит!» – деп қолын ербеңдетіп, айқайлап атып-атып тұрады. Оған мен әлердей күлемін. Ол ерен санамайды. Әбден санасына сіңген. Өңінде де, түсінде де көретіні қаптаған қой. Өйткені өмірі өрісте өтіп келеді. Қой қайырып оянады. Қоймен еріп, қоймен қайтқан қайран қойшы аталарым-ай!

– Күн қысқарсын, қарап отырғанша әңгіме болсын, бала, – деп бастар еді Қуанышбек. Ал мен мұндайда екі қойдың арасы қосылып, миласып кетсе де көрмегенсіп, тәтті әңгімені қимай, тырп етпей тыңдай беремін. Кейін, қой қораланғанда барып, түстеп танып, бөліп алып жатамыз баяғы. Мен де атам сияқты отардағы бес жүз елу саулықтың соншама қозыларымен қоса әрқайсысын жыға тани беремін. Қойды көп баққанның арқасы ғой.

Иә, сонымен ол әңгімені әр қилы ширатып, қоздата береді. Ал мынау сол сан тарау айтылмыштың біреуі ғана.

– Қара қой баққан құрдасым бар ғой, ие, – деп ол алдымен маған қоштатып қояды. – Сол неме жалғанда не суға, не тамаққа тоймай қойды жолың болғыр. Осы қазір ішсе, қазір қайта сұрайтын мешкейге айналды. Сонда да өзіне пышақтың қырындай шыр бітпейді пәтшағардың! Құдайдың шыжып тұрған күнінде қойдың шетінде аузынан ақ майды ағызып, екі ұртын томпайтып, жағы тынбай тамақ жеп отырғаны. Осынау өрістен үйіне шапқылайды. Бәрібір

жілік майы жіңішкере берді бейшараның. Азып кетті, тегі.

– Байғұс-ау, қаралсаңшы, – деймін баяғы жаным ашып. – Ішкен-жегенің қай жағыңа кетіп жатыр. Асқазаның тесік пәле шығарсың, түге.

– Ойбай-ау, құрдас-ау, мына колхоздың қыруар малын кімге тастаймын. Әйелім болса, эне, аяғы ауыр. Балалар жас дегендей. – Оның айтар жауабы ылғи да осы.

– Қоржынсайға айдап салып мен-ақ баға тұрайын екі отарды да. Бар да дәрігерге көрініп келші, – дедім бірде шыдай алмай.

Содан ақыры бір күні сәтіне орай етекке түсіп кеткен әлгі. Салып отырып аудан орталығы Сүмбілағашқа барып, ұлттық тағамдар әзірлейтін асханаға кіріп, өзегі талған неме төрт сыбаға мәнті заказ береді. Біздің ауылда әр сыбағада алты-жеті мәнті болатынын өзің де білесің ғой. Даяшы таңдана-таңдана әлгінің сұрағанын алып келуге асығады. Желке тұсынан желдеткіш үрлеп, бойы дел-сал тартып отырған отар иесі құрдасым құрғыр атсоқты емес пе, алдына ыстық ас келгенше бір сәтке көзі ілініп кетіпті қарабасып. Даяшы үйіп-төгіп үйеме табақ төрт кісілік тамақ мәзірін алып келгенде, күнқақты қойшы-екем шалқайып, өрістегідей ұйықтап қалған. «Зорығып, шалдығып жүрген бұл неғылған жан өзі», – деп даяшы көз тоқтатып қарайды. Қараса, міне, сұмдық, әлгінің аузынан бір нәрсе қылт-қылт етіп басын шығарады екен. Сөйтсе, тай қамшының өріміндей қып-қызыл жылан. Иә, кәдімгі тауда болатын, арқар жусан арасында сусылдап жүретін тобылғы түстес қызыл бас жылан қойшының кеберсіген тілін жалап жатыр. Құйрығы ары, көмекейде.

Даяшы дереу бір құты айран алып келіп тоса қойса, қызыл бас жылан соған шолп етіп ширатылып түсіпті. Жалма-жан құтының аузын тарс бекітіп, мұздатқыштың ең астыңғы ұясына апарып тығып қояды.

Оу, бір мезетте анау менің маубас құрдасым оянады. Байқайды, баяғыдай емес, өзін біртүрлі сергек, жеңіл сезінетін сияқты. Неге екенін білмейді, тамаққа да бұрынғыдай тәбеті жоқ.

– Ішіңіз, жеңіз, – дейді даяшы. – Төрт кісінің тамағын бір өзіңіз қалай тауысар екенсіз, ә?

– Қалайша екенін қайдам, бұрын тамаққа тоймаушы едім. Ішкі сарайым қанырап, босап қалған сияқты бір нәрседен. О, тоба! – деп ол жатып кеп таңданады.

– Қайда барасыз? Жай жүрсіз бе? – деп даяшы тақымдап қоярда-қоймай сұрайды.

Құрдасым тойымсыз бір ауруға тап болғанын, енді соны емдетуге қалтасына жекеменшік қойының жүнінен түскен мың сомды салып, аудан орталығына әдейі келгенін жасырмай айтады.

– Ал, енді сізді сол аурудан мен емдеп, құлан таза жазсам, сол ақшаңызды маған бересіз бе? – дейді даяшы.

– Ойбай, құлдығың болайын. Осы пәледен құтқар да, мә, бәрін ал! – деп ол қалтасына қол салады.

Даяшы жүгіріп барып, мұздатқыштағы құтыға салынған жыланды алып келіп көрсетеді. Аппақ айранның ішінде қып-қызыл жылан шумақталып жатыр. Сөйтсе, сонау өрісте, қой шетінде аузын ашып ұйықтап қалғанда жансарайына күнгеі бетте жүретін тау жыланы кіріп кеткен екен. Абырой болғанда уы жоқ, шақпайтыны көрінеді. Қазақтар: «жылан жайлағандай», «ішінде жыланы бар» деп бекер айтпаса керек қой, сірә де.

Қуанышбек қой шетінде, өрісте өзі осылай деп отырып, қор ете қалады. Мен сияқты серіктесіне сенгіш ғой. Бірақ ол қазір-ақ өре түрегеледі. Шойын жол бойындағы ағайындарына қонып, пойыз дүркіреп өткен сайын: «Айт! Айт! Қой үрікті! Қой!» – деп түнімен далаға атып-атып шығатын Қуанышбек емес пе бұл!

Сосын бір уақ ыңылдап ән айтады. Есімде қалғаны мынау:

*Жайлау үсті қызық-думан тамаша,
Ауылға ауыл қонып жатыр жанаса.
Құрбы қызға барамын деп соға кет,
Шыныменен өз жүрегің қаласа...*

Тау мен таудың арасын осылайша кеп енді әнмен жалғайды. Ал Жүрекжайлауға бәрі де жарасқан. Көңілдері тасты бұлақ суындай тап-таза құс ұйқылы қойшыларды көп білмейсің ғой сен деген. Жаңағы Қуанышбек ән мен әңгімені араластырып алма-кезек айта береді, айта береді.

Жайлау төрі тамылжып тұрады. Мен болсам әр таңын асыға күтемін. Енесінен ажырап қалған қозылар емшек іздеп, көрші қойшының отарына да қойып кетіп жатады. Жүрекжайлауда шекара жоқ...

Иә, нә, бұл кеше ғана болатын. Жүрекжайлауға жетіп жығылған соң, неге екені белгісіз Есенді ертеңіне-ақ ағасы келіп атқа мінгестіріп көшеге алып кетті. Шөп шаптыратын шығар. Осан жалғыз қалды. Әңгімесін тыңдайтын өзі құралпы бала да жоқ қоныстас қойшыларда. Ұзына көш бойы Есенге жан сырын армансыз ақтарып-ақ еді. Жайлауда жарасып жүрмек болатын көк шалғынды белден кешіп. Жалпақ тастарға жазылмақ аяулы есімдер бар еді. Сағынтып жеткен салқын бұлақ сағасы мынау.

Енді міне, көз қиығы сонау төменде – етекте үркердей болып тұтасып жатқан ауылға түсе береді. Кластас балалар қайда жүр екен? Қыздар ше? Есен...

Ол дереу құнжындап қоржынға қол салды. Атқа айқастырып тастаған қоржынның екі басы да тола өзінің керек-жарағы. Кітап, дәптер, балға, қашау... Жан дүниесі біртүрлі уылжып кеткендей болды. Сырты қара былғарымен қапталған қап-қалың күнделігі қолына бірінші ілікті. Ашық беттерін іздеп асыға парақтады.

Дауысынды аңсадым

– Бүгін қойды қымызды ауылға қарай жаяйық, – деді апам Желдісай жақты қолымен тұспалдап. – Атдорбаға үлкен қарынды салып алайын. Күмісбала замандасым тарылмай отырса, қымыз толтырып ала қайтармыз.

Біз отырған Байшал қонысы Майтөбе жайлауының қақ төрі. Айнала терең тұғыл. Күн батысы – Қайрақты сайы, күн шығысы – Желдісай. Екеуі де тіп-тік қия беткейлі тым терең аңғар. Бет-беттің бәрі ирелеңдеп төмен сылдырап ағып жатқан бұлақ сулары. Қайнар көзде жап-жасыл жапырақ жайған бадал балғын өскіндер. Тіпті сонау алыстан-ақ су көзі мына бізбіз деп мен мұңдалап шақырып тұрғандай көкмайдан қорыс. Желдісай мен Қайрақтының

қия бетіндегі мың сан бұлақтар жамырап тоғысып өзекке түсіп өзенше құрайды да, кәдімгідей күшейіп ағып барып, арыдағы арынды өзен Қарақыстаққа құяды. Ал ол ат ағызарлық екпін-қуатымен мың-сан бұлақ-інілерін ілестіре буырқанып ілгері тарта береді.

Жайлаудың қай тұсына қарасаң да, қаптаған киіз үй, қара құрым мал. Сонау түстік жағы қырғыз аулымен де араласып жатар осы жайлау сәні жаныңды желпиді-ақ. Әсіресе той-томалақ күндері бала біткен бір жетісіп қаламыз. «Барын мініп, бақанын сүйретіп», – деп апам айтқандай, белдеудегі жақсы ат, сәнді ер-тоқым сол күні ел көзіне түседі. Қойшы кім, жылқышы кім – айқындалып-ақ тұрады. Жылқылы ауылдың балалары басымен алысқан сәйгүлікпен қасымыздан зу-зу өтеді. Ағызып барып қайта орағытқанда ғана тілдесе аласың.

– Жүр, жарысайық, – деп Күлмен жылқышының әздегі Әскер қатарласа береді. Онымен жарысып өле алмай жүр дейсің бе.

– Ой, астыңдағы ауыздықпен алысып тұр ғой, – деп жуасып сөйлеймін.

– Көкпар бүгін Желдісайда қалатын шығар, ә?

– Қай-д-а-а, бұдан да мықты жүйріктер жиналады. Әсіресе Қарасудың қара аты басқаларды аттатпайды, – деп ол өз күдігін көлденең тартады.

Онысы рас енді. Қаншама жыл болды, осы өңірге Қарасудың қара аты деген дүркіреп тұр. «Қарасу» колхозының даңқы да осы сұлу қараның жел қанатты жүйріктігімен алысқа жетіп жатты. Оған мініп шабатын да сол колхоздың бастығының баласы. Бастықтан гөрі баласының бағы артып тұр. Әскердің қауіптенетін жөні бар. Қара ат қалған аттарға қарасын да көрсетпейді. Бірақ оны аяп, көкпарға көп сала бермейді. Анда-санда шығаннан шығарып алып қашу үшін ғана сырттай бақылап жүреді. Додаға киліктірмейді. Тартысқа түсірмейді.

Бұл той – Құлансазда. Көк кілемдей ойпаң өріс тау арасындағы футбол алаңындай айрықша жер. Алды-артын бірдей құйкалы жоталар жауып тұр. Еңіс табаны құлпырма шөп, ара-арасы кілкіген су. Жақын келіп

аяғыңмен басқанда ғана былқ-былқ еткен шалғынды саз екенін аңғарасың, қызды-қыздымен көкпар тартқан жұрт кей-кейде қойып кетіп, ат-матымен шоңқиып жатқаны. Сондықтан да Құлансаз шығар. Ал көк майса масатыдай шөбі көз сүріндіреді.

Әр тараптан жиылып жатқан ел көңілі күндей шұғылалы. Әсіресе қыз балалар оқшауланып көзге тез шалынады. Солардың арасынан да қойлы ауыл мен жылқылы ауыл таңбалары танылып қалады. Өне бір үзбе жүгенін жұлқи шұлғып тыпыршып тұрған торы дөненнің бел ортасындағы күміс белдікті бала жылқы баққан үйден. Көрші «Көкдала» совхозынан. Бұрыннан білемін. Мен қой жайып жүргенде талай рет құйындатып, құлынды биелерді айдап өткен. Қасына барсаң қымыз аңқиды. Тақала түскің келеді.

Ал өне бір күнқағарын мильғына баса киіп алған ерні жалақ айран бет шіркін нағыз қойшының әулетінен. Астындағы ауыздығы да салынбаған тоқжарау күрең мың салсаң бір баспайтынның өзі. Шаппақ тұрмақ, желісінің өзі сатулы. Тіпті бәрін-бәрін түгендеп, түстеп бере аламын. Өйткені бұл өңірдегі қойшылар табиғаты бір-біріне өте ұқсас. Уәделесіп қойғандай құлынды бие ұстайды. Қойға мінетін бір-бір ат бар. Қыздары тойға бара қалса құлынды биені мінеді. Ұлдары әкесін жаяу қалдырып қой соңындағы жалғыз жабыға ер салады. Жайлауға шыққан соң ғана ара-тұра арқасы құрғайтын кемінде шоқтығында жалақ жауыры бар жалғыз атқа төрт аяқтап билеп тұрмадың деп кінә қою да қиын. Көкпардың қарасын көріп, дүбіріне ілесіп отырсаң да қайда тұр. Мына бізге - қойшының жампоздарына ол да үлкен олжа. Қойдан босап бір күн де болса күлдырандап қаласың.

Өне, өне, жаңағы Әскер айтқан Қарасудың қара аты да Құлансазға тұяқ басты. Қия жолмен тізіліп түскен бір шоғыр аттылының бірі басқарманың баласы. Өзгелерден алабөтендігі байқалмайтын сұлу қара ат пәлендей ала қашып біршекелеп адырандап тұрған жоқ. Тек есік пен төрдей тұрқының өзі-ақ бітімінен бір сыр ұқтырғандай. Кең кеуделі, еңсесі биік жануар сұқ көздерден сақтанатын сияқты, ауық-ауық ішін тарта береді. Өмілдірік, құйысқаны

күмістелген ер-тұрманы да келісті. Жалт-жұлт ойнаған жүген кекілдігі мен алқымдығы да асыл текті тұлпарға жараса қалған.

– Айттым ғой саған, – деп Әскер танауы делдиіп, менің қасыма астындағы пырағын едірендетіп шауып келді. – Қарашы, аяқтарының арасы қандай алшақ. Басқарманың баласы қара «Чайкада» отырғандай...

Мен мырс етіп күліп жібердім. «Біз жылқышының баласына қызықсақ, ол басқарманың баласына қызығады екен-ау», – деп тұрмын ішімнен. Қара аттың үстіндегі құранды ерге қырандай қонып отырған ақ құба өнді балаға қызығуға тұрады екен қалайда. Қай бәйгеден де құстай ұшып мәреге алдымен келетін оңқай асықтай осы бала бізден, әрине, мың есе артық. Атақ-даңқ дегенің адамды тез есейтіп жібереді ғой деймін, басқарманың баласы да біз қатарлы, биыл күзде тоғызыншыға барады. Бірақ оны бізбен салыстыру тіпті де мүмкін емес. Біз ұялып қаламыз. Оның әңгімесі деген әлемді шарлап кетеді. Не болса соған таң қалуды білмейді. Алматыдағы ипподром қызық-шыжықтарын ауылдың іргесіндегі жоңышқаның орнына өтіп тұратын бәйгенің біріндей ғып айтады. Соншама осыны қым-қуыт өмірге араластырған қара аттың құдіреті-ау, ә. Былай қарасаң, бізден асып тұрған еш артықшылығы жоқ, бірақ аты жер жарады. Аттың жүйріктігі арқылы адамның бағы озған оқиға көп. Біздің ауылда Сансызбайдың сары аты деген де болған. Атақты Көк байтал да иесін көкке көтеріп кетті. Сағыммен жарысқан Сәтімбайдың сал күреңі де ел аузында аңыз. Елдің де, ердің де мерейі болған желқуық Қамбар-ата қасиеті қисапсыз енді.

– Зейнепті көрдің бе, әне, – деп Әскер киіз үйлердің желке жағында тұрған бір шоғыр бала-шағаларды меңзеді.

Өңкей құлынды бие мінген қызылды-жасылды орамалдылар қаптап кетіпті. Біздің колхоз малшыларының шүберек бастылары бірыңғай оқшауланыпты, Бәрі де таныс. Күнде ертелі-кеш қой шетінен кездестіріп, ұшырастырып жүрген жүзі таныс қыздар. Мен бұрын қойшылардың балалары ғана ерні жалақ болады деп ойлайтынмын. Сөйтсем, қой қайырған қыздардың да ерні кеберсиді екен, тіпті шыт-шыт

боп жарылып кетіп қанайды да, жалақ боп жараға айналады.

Анау тұрған Зейнептің оймақтай ернін көр. Аумаған мен сияқты. Күлсе, езуін еркін жібермей сақтанып күледі. Күн ұзақ жел өтінде қой жайғанның бір белгісі өстіп бет-жүзінде жүреді. Байқаймын, бұл малды ауылдың тіршілігіне тән құбылыс.

– Зей-н-е-еп, – деп қамшымды жоғары көтеріп, қой торыны тебіндім. Манадан осы араға орнығып, тұяқ суытып қалған шабан ат қозғалғысы келмей біраз қипақтап еді, бауырына үзеңгі басын батыра, бастырмалата тебіне түстім. Сонда ғана алға қарай сылбыр басып, әрең аттады.

– Сендер бұрын кетіп қалыпсындар ғой, – деді Зейнеп ыржалақтап қастарына жақындаған маған бұртиып. – Үйлеріңе соқтық. Атаң қарагер биесін ерттегелі жатыр екен, құлыны тайдай екен. Бізге ілесіп бәле қылды. Әрең қайырып алып қалды атаң.

Әнең қарашы. Жылқы малы да адам сияқты үйірсек. Зейнептің әке-шешесі бізбен қоралас болғанды ұнатады. Қатар қонып жүргені қай өрісте де. Сондықтан жылқылары да қосылып жайылады. Титтей бөлектенсе кісінесіп, шұрқырасып іздеп тапқанша аузына шөп тістемейді. Зейнеп екеуміз де құлыншақтай қатар өсіп келеміз. Тек класымыз басқа. Ол «а», мен «б». Параллель оқимыз. Каникулдың қойшының балалары үшін қандай қымбат екенін ол екеумізден артық кім түсінеді дейсің. Жүрегіміз алып-ұшып қозысы маңыраған мәйекті шаңыраққа жеткенше асығамыз. Малды ауылға барған соң мектеп ауласын сағынамыз.

Каникулдан қайтқанда кешке дейін айтатынымыз қой-қозының әңгімесі. Шіркін, қозы біткен қандай сүйкімді десеңші. Бырт-бырт шөп үзіп, мап-майда тістерімен қытыр-қытыр шайнағанда қасында тұрсаң өзін де қызығып кетесің. Құшақтап бауырыңа бассан, жұп-жұмсақ үсті-басы күңсіп, жып-жылы демімен кәдуілгі сәбиге ұқсап қалады. Әлгі үлкендердің «қоңыр қозым» дейтіні де тегін емес шығар,

– Тү-ү-и-и, уыз аңқып кеттіңдер, – деп көктемгі

каникулдан қайтқанда кластың балалары бізге қадала береді. – Наурыз көже ішіп, нарттай болып алыпсындар. Қой қоздаған көктеу жағады бұларға. Жазда ғой жайлауға шығады. Рахат осылардікі

– Рахат болса әке-шешелерің қойға барсын, – деп біз де шап ете қаламыз қарап отырмай. – Қысы-жазы класқа бас сұға алмай ат үстінде жүрсін «р-рр-риттап» отар соңында. Сонда сендерге де с-оон-дай рах-хха-ат болады.

Олар үндемей қалады. Сірә, қой бағу оңай шаруа емес екенін іштері сезетін сияқты. Сосын, сосын, осы төңіректе оқыс сөз таласы өз-өзінен туындап кетеді. Қой түлігінің қасиетті, қажетті екендігі де, оны бағуға кім көрінгеннің шыдамы жете бермейтіндігі де, ал оған қалайша екенін кім білген, малға жеті атасынан бері қарай көнбіс жергілікті қазақтардан басқа осы әлкеде тұратын өзге халықтардың ықыласымен бара бермейтіндігіне шейін қызыл өңеш талқыға түседі.

Ел не десе о десін, өз басыма көшіп-қонып жүретін қойшы өмірі қатты ұнайды. Егер біз мал бақпасак бар ғой, ә, мына мен түк көрмеген дүлей секілді болар едім. Бірде география сабағынан беретін Зүкен апай төтесінен сұрақ қойып талай пысықайларды ұялтқанын айтсаң.

– Өздерің тұрып жатқан өңірдің қандай-қандай жерлерінде болдыңдар? – деп ол жаналқымға алсын кеп. Сонда Зейнеп екеуміз көрген, білген жерлерге сан жетпей қалды. – Өне соның бәрі де әке-шешелеріміздің ақтылы қойдың ыңғайымен жер-көкті шарлап көшіп-қонып жүретіндігінің арқасы. Қаншама қыстаудың, күзектің атын білеміз. Ал жаз жайлаудағы жер-су, өзен, бастау аттары бір дәптерге сыймайды.

Мінеки, соншама нәрсені көруге көмектескен қойшылық өмір неге жаман болсын. Айттым ғой, өз басым сондай ұнатамын деп. Осы біздің арамызда әлі күнге дейін сонау таудың кереге тасындағы жұптасып ұшар ұларды көрмегендер бар. Тү-үү, мен де қызықпын, емге табылмайтын мүлде сирек, өте сақ құс ұларды айтыппынау, әуелі жартастың жапсарына жарып шыққан дулыға бас рауғаштың дәмін татып көрмегендер де көп. Сонау мұзарт

таудың жылға-жылғасындағы қасат қарлар шілденің күнінде құрттап жатады десем сенбейтіндер де дәл қасымда отырады. Үйден ұзап шықпаған соң түк көрмейді. Түк көрмеген соң, түк сенбейді де.

– Тобылғының майы сорғалап тұрып отқа тамады, – десем Тасымбек деген тайқы маңдай бала таңдайын таңқ дегізіп басын шайқайды. Оның сүйелге мың да бір ем екенін қайдан білсін.

– Арқар-құлжа қойдың арасын кейде қақ жарып өтеді, – десем Атаби деген парталасым көзін шарасынан шығара жаздайды.

Соқыр тұманда адасып көрмеген, ақ жауында долананың түбіне ықтамаған «үйкүшік» балалар осы енді. Кейде бізді «жалақ ерін» деп өздерінше кекеткілері келеді-ей. Жалақ дейтіндей дәл қазір жарылып, қанап тұрған еш нәрсесі жоқ. Әлдеқашан жазылып, сабақ басталғалы бері құр ізі ғана қалған. Соның өзінде көре қалғыш шеттерінен. Айтпақшыдай кеше соңғы пән – ән-күй сабағында ернім тағы қанап, ескі сүрлеу ізі сыр беріп қалғаны да рас еді. Бәрі де апайдың кесірі. «Мұндай ескі әуендерді қайдан үйрендің? Қане, тағы да айтшы, тағы да», – деп мақтауымды жеткізген соң, қайдан білейін, әлгі Крыловтың мысалындағы қарға құсап «қарқ» етіп барынша езуімді кердім кеп. Кенет дүрдиген ернімнің шым ете қалғанын сездім. «Жаз бойғы қой жайғандағы жалағым жазылып, жап-жақсы-ақ болып қалып еді. Өттеген-ай, өңешімді сонша созармын ба», – деп аузыма алақанымды апара бердім. Апай дереу қалтасынан бет орамалын алып, аузы-басымды сүртті де, бетімнен сүйді. Сосын қапсыра құшақтап, бауырына басып тұрды да:

– Шіркін, үлкен кісілер алтын қазына ғой, – деді. – Өттең, олар азайып барады. Халықтың інжу-маржаны солардың жүрегінде. Ерінбей-жалықпай сол адамдардың аузынан жинап алып қалар ма еді.

Апамнан үйренген бірлі-жарым әндердің апайға соншалықты әсер еткеніне таң қалдым. Бұл әшейін шет-

жағасы ғой. Әйтпесе менің апам деген көңілденіп шын жа-
нымен жыр сапырғанда өлең-өнердің ұшы-қиырында шек
болмайды. Сөзінде де, сазында да қисап жоқ, тегі.

– Менің апам қазақшаны қойып, әуелім қырғызша, орыс-
ша, татарша да ән шырқайды, – деп мақтанышымды айтып
салдым. – Әсіресе өрісте, қой шетінде отырғанда кең
жайлауды керіп кетеді даусы. Ал атам болса керісінше, әйел
адамның үйді басына көтеріп үн шығарғанын қаламайды.
Тыйып тастайды.

– Әнеки, балалар, өмірде қарама-қайшылықтар көп, зер
салып қараңдаршы, – деп «ән-күй апай» құшағын
жазып, мені босатып орныма қоя берді. – Ал егер отағасы
өнердің қамшыгері болса ғой, онда Жасанның апасы көпке
әйгілі әнші болып, үлкен сахнада сандуғаштай сайра-а-
ап жүретін бе еді, кім біледі. Бәлкім, енді ана бойындағы
әуенге құштарлық баласына ауысар. Ол да ғажап емес. Біз
солай деп тілейік, солай деп күтейік, ә, балалар.

Менің бетім дуылдап кетті. Ән айту деген әйбәт
екен ғой, тегі. Қойшылар әулеті апамды мақтайтын еді.
Апамның бірер әуендерін үйреніп алып мен де мұғалімнен
марапат сөз естіп жатырмын. Дәу де болса осының бәрі
«ән-күй апай» айтқандай, әріден келе жатқан әдемі ән-
жырлардың құдірет-күші шығар. Солардың өміршеңдігі, ел
арасында саф алтындай сақталып келе жатқандығы болар.
Сақталмаса, кім не айтар дейсің.

– Сонау жаманшылық жылдары (ашаршылық жылдары
дегенді апам ылғи осылай атайтын) елдің көбі ісіп-кеуіп өлді
ғой, – деп өкінішпен ескі өмірді еске алып шет жағалатып
қана сыр суыртпақтайтын кейде. – Неге екенін әлі күнге
миым жетпейді, әлде ең жақын, ең туыс іргелес ел болған
соң ба, осы төңіректің дені Қырғызстанға асты. Қазақстанда
тігерге тұяқ қалмай жұрттан ерек қақап тұрды. Әлгі аңыз
болған «аша тұяқ қалмасын, асыра сілтеу болмасын» деген
қазақ жері ушыққан тұс. «Дегенде Кәләшөкін (Голощекин),
бала, шоқын!» сөзі тұтап тұрған кез. Көлеңкесінен қорқып,
үріккен халық қайда босқындамады. Ол жылдары басын
қорғалап, күн көрісі қамын қаузамасына лажы қалмады.
Біз қайта бір қырды асып, ежелден қойындасқан қырғыз

бауырлармен мидай араласып кеттік емес пе. Қалайша екенін қайдам, Алатаудың арғы бетіндегі күнгеіліктерде тоқшылық сияқты көрінді. Ал тіпті жаманшылық жайлаған сол жылдардың зауалына төтеп бере алмай тұс-тұсына шет жұрттықтарға кірме боп үдере көшіп кеткендер қаншама еді. Басқа салмасын де. Қай есі дұрыс адам өз елін тастап, өзге қиырға қоныс аударады дейсің. Есеңгіретіп жіберген ланды кезең кесірінен болған да...

Қызыл шырайлы жүзі кейде күреңітіп кетіп осындай әңгімелерді үзіп-жұлқып сыртқа шығарып қалғанда апамның өмір кешуі елес береді. Қол орақпен егін орған, масақ терген, шалғы шапқан асыл анашым қыз болып сылаңдап та өсе алмапты-ау. Бір құлаш кеңдір жібі белінен түспей орағын иығына асқан қос бұрым бойжеткен көз алдыма келеді.

Ырғалып өсіп тұрған жусан ба екен,

Белімді жусан жіппен бусам ба екен,

Белімді жусан жіппен буып алып,

Жастықты өтіп кеткен қусам ба екен, -

деп әндеткенде, ойында сол күндер бар болар. Сарыжазықтағы қожабас бидайды орақпен баулап, тік тұрғызып күркелеп, дестелеп шығатын қыз-келіншектер әр ұлттың өкілдері: дүнген, орыс, қырғыз, татар, украин, өзбек, қазақ... Күн ұзақ имек орақтың сырылымен сан тілде шалқыған ән ұласады. Бадана дән суырған ашық аспан астындағы «халық хоры» ешбір дирижерсіз-ақ басталып, дирижерсіз-ақ шарықтайды.

Апам айта беретін ұшы-қиыры жоқ халық әндері бастауын қайдан алған дегенде, ойыма осы бір өткен күндері орала береді. Қой күзетінде, өріске шыққанда жан жүрегінді шымырлатып шырқайтыны өз алдына, басқосулардағы ұзақ-сонар теңселіп отырып тербейтіні тыңдағандарды талдырып түсіретін. Әсіресе анда-санда қымызды ауылға қыдырыстап барғанда салған сан қилы әуендері малды ауылдың арасында аңыз. Бірде атам қойды өзі өрістетіп кетті де, Рәтай апам екеуміздің мойнымыз босап қалды.

- Жүр, құлыным, екеуміз бір көләйттап келейік, - деп үйдің түндігін жауып, өрешедегі жайылған құртты

ірге тасыды. – Қымызды ауылға барып қайтайық. Ана әкеңнің құрдасы Күлмен де, менің замандасым Күмісбала да көпшіл адамдар. Кісі келмесе елегізіп, үйлеріне сыймай қалады. Сабасын пісіп сарғайып отырған шығар. Бір қуанып қалсын, шіркіндер.

Апамның алдына түсіп жүріп кеп бердім. Жайлаудың күреңсе кілемі табанымды қытықтайды. Тұлпардың тұяғы түскен сандық тасқа жалаң аяғымды қыздырып біраз тұрдым да, қайтадан құлдырандадым. Жылқылы ауыл басқа жұрттан биіктеу, еңселі жерде отыратыны ежелден дәстүр. Ойға қонбайды, қырға желі тартады. Желдеп, шыбындап қыр жотаға шығып алатын жылқы мінезі жылқылы ауылға да тән.

Біз жақындағанда-ақ апамның замандасы Күмісбала күтіп тұрғандай есікті серпіп ашып, қолын маңдайына көлегейлеп қарсы жүрді.

– О, құдай, Сейділдәнің ақ тоқашы екен ғой, – деп сөйлеп келеді, – Бәсе, неғып айнала жап-жарық болып кетті деймін.

– Шапақты күнді ала келетін қойшының әдеті емес пе, тәңірім-ау, – деп апам да есесін жіберіп жатқан жоқ. – Немесе, тал түске дейін үйді қараңғылап тастап, саумал шайқап болмадыңдар ма түге?

Екеуі ана қаздай мамырлап кеп кеуделеп амандасты. Сосын күресетін адамдарша бір-бірін жұлқылап, сілкілеп біраз тұрды. Әзілдері жарасып, жасыл жайлау сәнін кіргізген ақ орамалдыларға келімді-кетімді кісілер масайрай күліседі.

Қаз-қатар тігілген ақ шаңқан бес үй де бие сауады. Тек желілері жан-жақта. Жайшылықта құйрықтары шаншылып құтырынып ойнақтайтын құлындар желі бауда бастарын жерге тұқыртып салбыраңқы тұрғандары. Қазір босатсаң тұяғымен жер тесіп көк беткейге көсіліп салар еді жұлдыздай ағып. Өстіп желіге тізіп бастықтырып алмаса кейін құландай орғып адам баласына пысқырып та қарамай кетер жалдары жалбырап. Бұлар да бір, тентек балалар да бір. Тәк-тәкті тілейді.

Бұрын да бірқыдыру қонақтар отыр екен, оларға біз

косылып, қызыл күрең бауырсақ толы ұзынша дастарқан басы дабырлай түсті. Тегене-тегене қымыз танауды жарады. Сап-сары болып бетінде майы қалқып жүр. Әңгіме қызып, бара-бара әнге ауысты. Домбыра шертіліп, небір қоңыр дауыстар қазақ үйді кернеді. Осы үйдің баласы Әскер екеуміз аузымызды аңқайтып тыңдаймыз.

– Енді Рэтэй-Рәш өлең айтсын, – деп Әскердің шешесі Күмісбала қымыз сапырып отырған ағаш ожауын құлаштай созды. – Ақ тоқаштың аршын үнін өз басым сондай сағынып жүремін. Әлгі Сейділдә құрдас қойға салып қойып дымын құртқан, әйтпесе ана радиода күнде сызылтатын «Шалқардағы» әлгі кім еді, құдай-оу, түү, атын ұмытып қалғаным ше, иә, соның қасында жүріп бүкіл Қазақстанға үні жететін-ақ жөні бар. Әттең, Сейділдә сұңғыт... көзін тұздай ғып сандуғаш құстың қанатын буып қатырды әшейін...

... Бес кәмпит, алты жаңғақ, он бауырсақ,

Сағындым дәміңді аңсап, дүние-ай, әніңді аңсап-ай, –деп ырғатыла шырқаған Күмісбаланың замандасы, менің апам Рэтай бой-бойы сөгіліп, әлемде жоқ әуендерді тоғытты дерсің. Сосын-ақ «Желбір-жекен», «Қарлығашым-ай», «Әттең, тонның келтесі», «Гүл-гүл жайна, күл де ойна», «Уғай-ай», «Бұраң бел...» тіпті бірінің сөзі біріне ұқсамайтын ғажап әндер тамылжып сорғалай берді.

Қойды қымызды ауылға қапталтық. Замандасының қасында отырса қабағы жазылып қай-қайдағы сұмдық әуендерді есіне түсіретін апамның ақ жүзіне ұрлана қараймын. Жайлаудың жібек самалы жаулығын желпіп, жұқалтаң еріндері әлденені күбірлейтін секілді. Жандүниесі жырға толы анамды жаюлы дастарқан, жиналған жұрт тағы алдан күтіп отырған шығар, сірә. Ойыма «ән-күй апайдың» сөзі оралады? «Әттең, ескілікті әндерді білетін адамдар азайып барады. Халықтың інжу-маржандары солардың жүрегінде. Ерінбей-жалықпай солардың аузынан жинап алып қалар ма еді...»

Е-е, ендеше мен бәрін-бәрін апамнан үйреніп алмаймын ба. Иә, сөйтемін? Сабасын шайқаған жылқылы ауылға қойдың алды барып та қалды.

ЖАНСАЯ (Үш өрім)

Бірінші өрім: Дарига

Алатау бөктеріндегі клиникалық ауруханаға жол жыландай ирелеңдеп шығады. Күніне қаншама тіршілік иесі жан саялап келіп-кетіп жатады бұл араға. Басы ауырып, балтыры сыздаған кеудесінде жұдырықтай жүрегі барлар көкорай шалғын көмкерген осы бір емдеу орнынан құлан таза айығып қайтсам деген арманмен ұйықтап, оянады.

Әнеки, ана бір палатадағы алпамсадай ауру жігіт көзі де сондай тәтті үмітпен ілінді. Ауру әсте адам таңдамайды ғой. Жаңа әлгінде ғана шыбын жанын қоярға жер таппай, қатты қиналып жатқан. Тұла бойы қайыңның безіндей түйін-түйін бұлшық ет. Бірақ бәрібір ауырады. Қатты ауырады: Шіркін-ай, тегі, көзі ілінсе екен деген жанашырлық тілек аға сестра Дариганың жанарында да жарқ еткен. Аунақшып, қол-аяғын керіп-созып, темір төсек жинауларын қиратып жібере жаздап жаны бебеулеген науқас деміл-деміл дәрі сұрады.

– Ретсіз пайдалана беруге болмайды ондай таблетканы. Арыстай ер-азаматсыз ғой, шыдаңыз енді.

Бұл әрине, айтуға оңай сөз. Әйтпесе, осындай күй кешкен жан күйзелістерді көріп, біліп, куә болғалы қаншама жыл. Алғашқы кездері сырқаты батып, көңілі босаған аурулармен қосылып бода-бода болып бірге жылайтын. Қой, бүйте берсем, көзімнің жасы суалып, жасым жетпей қартайып, ақ шашты әже болып шыға келермін деп, бұл жұмыстан безбек те болған әуелі. Келе-келе еті үйренді. Егер өзі болмаса, өзгелер осында ауру батқан жанына сая іздеп келгендер сауығып кете алмастай көрінетін халге жетті. Тау қойнауындағы республикалық клиникалық осы ауруханада жұмыс істегелі барша адам өз бауырына айналып кеткендей. Қабағы бірге шытылып, жүрегі бірге

лүпілдеп, қу жаны қуырдақ болып жүретін сестра ықыласы профпатология бөлімінде денсаулығын түзеп кеткендер көңілінде ып-ыстық қалпымен жүргені кәміл.

Жаңағы жан қиналысындағы бұйра бас жігіт кірпігі айқасып, мызғып кетті. Дариға дәл бір өзі тыныс тапқандай-ақ «үһ» деп, жеңіл демалды.

Палатада сан мінездің адамдары жатыр. Өбектеп тұрмасаң, жаны кейіп, жанына ауруы батқандар көңілін қабаржытып аласың. Жылы сөздің өзі үлкен ем. Мана күндегі өзіне қабылданып жүрген дәрі-дәрмек аттарын тізіп, жазып беруді өтінген босағаға таяу жатқан жігіттің шақпақ жол оқушы дәптері – тумбочкада. Сестра енді соны есіне алып, дәліздегі жарыққа жақындап барып отырды. Журнал беттерін сусылдатып ашып, әлгінің аты-жөнін іздестірді. Аурулардың әрқайсысына қандай ем қолданылатыны есепке алынып отыратын бұл кітапшадан бәрін де табуға болады. Енді жаңағы шақпақ жол көгілдір оқушы дәптерін қолына ұстап, еріне парактай бастады. Міне, қызық! Он екі парағы да сықасқан сөз.

Әріптерді қисық-қыңыр салады екен. Күнделік сияқты. «14 май, дүйсенбі, 1979 жыл» деп бастап кеткен. Бірінші бетке «Ем болсын! – деп жазып, ашық тастаған. Дариғаға дәрі-дәрмек, укол аттарын жазып бер деп әдейі қалдырған орны екен. Көк дәптер арасында тілдей бір парак жүр. Басына «Дәнекер» деп қойыпты. Бір шекесіне жақшаға алып, болар-болмас әріптермен «этюд» деген белгі соғыпты. Астына қарындашпен «31 март, 1979 жыл, № 6 палата» дегенді қосыпты. «Е-е-е, бұл батыр бұрын да жатып шыққан болды ғой емханаға» деген ой баурап өтті де, алдымен сол бір паракты ермек етті.

«Екі қыз есіктің кіре берісіндегі бірінші бөлмеде жатады. Бұл – ақжолтай палата. Емханаға жанға таныс адамдарына сәлем-сауқат ала келгендер болса, ең алдымен осы өрімдей қыздардың көмегіне жүгінеді.

– Кешіріндер, қыздар. Екейбаевты шақырып жіберсеңдер қайтеді, ә?

– Күп болады,

Гүлсім құлдыраң қағып жүтіріп кетеді.

– Кешіріндер, қыздар. Ахметованы апасы іздеп келді дендерші.

– Қазір, апай.

Аида лып ете қалады. Көңіл сұрай келгендер мен сырқаттар құшағы айқасқан, алма-кезек сүйіскен сан сәттер түп-тура осы бірінші бөлменің босағасында тоғысады. Қуаныш та, сағыныш та сарқыла сыртқа шыққан ыстық қауышулар қос құрбының жүрегін мың мәрте елжіретіп болды. Бәрі де естіліп тұрады тағы. Солармен бірге сырласып, солармен бірге мұндасып, қас-қабақтары қосыла қозғалып қап отырғаны. Әлбетте бұлардың екеуі де келімді-кетімді кісілерден кенде емес. Гүлсім оқитын университеттің химия факультетінен студенттер сапырылысып келіп жатады. Біріне-бірі бауыр басып қалған төртінші курс қыз-жігіттері қандай, құрбыларын төбелеріне тік көтеріп әкетеді. Ал Аиданың әріптестері ауруханаға түсу дегеннің түп тамырына дейін түсініп, терең ұғынатындар. Медициналық училищенің соңғы курсындағылар парталастарына әзіл тастап тұрғаны:

– Жақында, практикаға келіп, сені өзіміз емдейміз. Алаңдама, құлан-таза айығып кетесің. Қане, асқазаныңда не бар, айнамен қарайықшы...

Осыны айтып олар қол айнаға қарап, қасақана қайта сөйлеп кетеді:

– Асығып-үсігіп тамақ ішкеннен сақтан. Жүйкеңе тиіп жатса да жымыып күле бер, ашуланған да адамға зиян. Ыстық асты суытып ішер болар. Тағамның бірыңғайлығы да аса дұрыс емес. Түрлендіріп тұрған жөн. Жеміс-жидекті көп жеу керек, қарағым. Өте суық ішу де іш-құрылысты қабындырады. «Таңғы асты тастама, кешкі асқа қарама» деп атамыз қазақ бәрін болжап айтқан.

Бұған бәрі мәз. Солайы солай ғой. Соны біле тұра орындамайтын дағдымыз емес пе. Кейде бірақ ауқаттану қағидаларынан аттап өтіп кетер жәйттер көп қой. Иә, тәбетің тартқан нәрсе табылмайды, жә болмаса, сабаққа, жұмысқа асығасың. Аш кетесің. Сосын барып оу бір мезгілде жиып-теріп, тыңқия тоя ішіп жатасың. Міне, осының бәрі там-тұмдап жиналып келе денсаулық деген асыл айнаңа дақ түсіреді екен. Қос құрбы соның бәрін ұғып келеді. Ол өзінше бір жатқан ұзақ-сонар сыр. Ал бүгінде

олардың жан дүниесі адамдар әлемімен жаңаша жаңғырып, жаңаша түлеп жатқандай.

Мана бір қыз келді. Именіп, ақша беті алмадай қызарып керек адамын сыбырлап сұрады.

– Қазақбай дегенді ме? Қазір-ақ шақырып берейік. Ана № 6 палатадағы кәріске ұқсайтын тығыршықтай қара домалақ жігіт қой. Типографияда істейтін.

Әнеки, әйтеуір келген адам алдымен осы есікті бірінші қағады. Қағылез, көбелектей елпілдеген еліктің лағындай қыздар тұратыны қандай жақсы болған. Керекті кісіңді профилактория бөлімінен қабақ шытпай шақырып беріп тұрады.

Жаңағы ақша беті алмадай қызарған именшек қыздың сырқат жігітінде ес жоқ. Тәрізі артынан іздеп келгені бірінші рет болса керек, босағаға жүзін жасырып тұрған жас қыздың өңі ұяттан өргеніп бара жатқандай. Қара домалақ тығыз жігіт қызды жасқана құшақтап, жұмсақ қысты.

– Мен білсем, бұлар жаңа-жаңа танысып, біліскендер, – деді үйге кірген соң Аида.

– Жаңа-жаңа түсініскендер, – деп түзеп қойды Гүлсім.

Ал енді бірінші бөлмедегі қос құрбымен ұғынысқандар қашан келер екен? Шіркін-ай, он екіде бір гүлі ашылмаған осы екі қыздың қаншама қаяулы жүректерге дәнекер екенін дәл бұл емханаға түсіп көрмегендер біле бермейді- ау...»

Көк дәптер ішінде тілдей боп бөлек жүрген бір жапырақ қағаздан қыздарға деген жүрек дүрсілі естілді, Енді он екі беттік оқушы дәптерінің әр-әр жеріне желдірте болса да көз еріксіз қадалды:

«Тау баурайы тамаша. Айнала ақ қайың, үйеңкі. Тұп-тұнық. Тып-тыныш. Жанына ауруы батпаса, Тереңкүрді айналып арлы-берлі аттай желіп жүріп, жүгіріп, жадырауға, бой жазуға жағдайы таптырмайтын жер. Ішім дызылдап ауырып, терезе таптырмай жүр. Түнімен солқылдап шығады. Әбден суық алған-ау, шамасы. Әй, енді тоңазытқыштан суырып алып, құты аузынан суық айран ішпеспін!»

Әне қараңыз! Кеселдің қайдан тап болғанына болжамды өзі жасайтын тәрізді. Әлгі, көп ауырып, көп емделгендер «профессор» болып шығады деген рас сөз шығар.

Сестра тағы үңілді:

«Ауа райы қырсығып тұр ғой. Бұлтты, жауынды, тұманды күні көп. Аспан ашық болса, ауру адам көңілі де көтеріліп, жеңілдеп қалады екен. Палатада Федор Белоусов деген үлкен кісі бар. Майдангер. Екі балдақпен қиралаңдап әрең жүреді. Есіл ер-ай десеңші! Қу соғыс таңып берген мәңгілік дерт қой. Өзі мықты жауынгер еді. Өстіп екі бүктетіліп жүріп-ақ, сонау біздің ауыл жақтағы Алатаудың бір өркеші Суықтөбе бауырына баломарта апарып, балауыз жинайды екен. Әбден әзілкеш. Оттай жанған оптимист. Қыбырлап, зорға жылжып жүріп, бізді қайрап отырғаны. Ауруынды ұмыттырады. Әңгімешіл-ақ. Мынау соның айтқандарының бір парасы:

Бірде дәрігер мұқият тексеріп болып, дімкәс кемпірге:

– Бүйрегіңде – тас, құлағыңда – құм бар, – депті.

Сөйтсе кейуана:

– Айналайын, айналып қана кетейін, балам, енді біржолата өкпемді де қарап жіберші, - депті, - Бәлкім, шөгінді шлаг бар шығар. Жаңадан үй салып жатыр едік, қарағым, соған қажеттінің бәрі де бір өзімнен табылғаны жақсы-ақ болар еді...»

Дариға жым-жырт жарым түнде жападан-жалғыз отырып мырс етіп күліп жіберді. Көңілді қарттың қуақы кейпі көз алдына келіп, соған күлді. Расында, тағдырдың өзін тәлкек етіп, тәкаппарланатын асыл сүйекті майдангер маңайын желпінтіп, жебеп жүретін жақсы адам. Соғыс даласындағы ақ желең сестралар ерлігі қақында көпсериялы әзіл әңгімелерді де қалай құтыртады.

Көп сыр бүккен көк дәптер дәмін алған сайын Дариғаны әрмен қарай жетелей берді:

«Майдың соңғы аптасында аппақ қар басып қалды. Биік тау бауыры деген осы ғой. Радио Роза Рымбаеваға кезек берді. «Айым-ау, сен келесің көз алдыма-а-а-а...» Қандай жақсы дауыс. Сағыздай созылады. Менің қызым осы Розаға ұқсайды ғой. Шашымды Роза Рымбаеванікіндей прическа жасатындар деп отырады. Оның да әйтеуір өнерден құралақан қалмасына көзім жетеді. Тфэ, тфэ! Тілім тасқа...

Ал, мен домбыра тарттым. Қымбат билеп берді. «Тағы!

Тағы! Тағы!» Шаршамайды-ақ. Көңілі түссе – көл. Кейде қитығып қалатыны да бар. Қолқаласаң ортаға шықпайды. О несі екенін білмеймін. Ал кейде өз-өзінен жасанып, әлем-жәлем киініп, домбыраны еріксіз шерттіреді. Тіпті бар ғой, би иірімдерін ойдан да шығарады. Қиялы кең. Балеттің, гимнастиканың, конькимен мәнерлеп сырғанаудың, бәрі-бәрінің әсемдік элементтері бар мүлде жаңа ырғақ тауып алады.

– Қымбат қызың «отличница» болды, естідің бе? – деді кеше Дайырбек көршім емхананың терезесінен айқайлап. Қуанғаннан үшінші қабаттан секіріп кете жаздадым.

– Өте жақсы бағамен келесі класқа көшсең, мұзойнаққа шығатын аппақ аяқ киімімен коньки әперемін, – деп едім. Онсыз да әперемін ғой. Тек құлдығымды қамшылай түскенім бұл.

Әнеки, әке жүрегінің дүрсілі қалай-қалай соғады! Дариганың өз бүйрегі де бұлк еткендей болды. Біртүрлі рахат сезімге бөленіп, бей-жай отырып қалды. Жаңағы жолдар әлдеқайдағы көңіл түкпіріндегі тәтті бір үміттерді түртіп оятты. Осыдан аман-есен босанып, аяқ-қолын бауырына алса, атын кім қояр екен? Тұңғыш -тым ыстық болады деп отырушы еді үлкендер. Оған әрине әлі ертерек қой. Бірақ, сонда да болса, биыл тұңғыш толғақтың алда күтіп тұрғаны қақ.

Аққұба өңі құбылып, өз ойынан өзі ұялып, жымыып қойды. Иә, ерте ме, кеш пе дүниеге көптен күткен тұла бойы тұңғышы келеді. Ой, оған кіндік шеше боламын деп білек сыбанушылар көп. Ықыластарына құлдық, ықыластарына. Әсіресе Алматыдағы ательде жұмыс істейтін саусағынан өнері тамған тігінші Гүлбаршын Тоқанова деген келіншек әлдекімдер құсап керіліп-созылып, сызылып сөйлеп жатпайды, «әй, қатын, сен қашан туасың?» – деп төтесінен тартып төбеңнен тоқ еткізеді. Аузын ашса, көмекейі көрінетін сол Гүлбаршынға – Көкшебайдың келіншегіне бөпесінің кіндігін кестірсе. Ұл болса – еркөңіл, қыз болса – қолы майысқан ісмер болсын.

«Бұл да бір біткен іс болды» дегендей-ақ ол енді күнделіктің әр-әр жерінен үзіп-жұлқып оқыды:

«Ауылдың бір топ балалары келіп, Алатауды бастарына көтерді. Избасар, Жарас, Марат, Тілеуберді, Темірхан, Асқанбайлар тез айыққын деп, гүл оранған бақ арасында ақ тілеу айтты. Жаным жазылып кеткендей – дардай болып, марқайып қалдым. Жанашырларға мың да бір рақмет! Дүниеде ауырған адамның көңілін сұрай келгеннен сүйкімді кісі жоқ екен-ау деп ойладым. Тек, құдай ауыртпасын де! Міне, қара тамашаны! Ішек-қарным ауыратынын тарс ұмытып, кілемге ойнақтап шығатын баяғы университет спорт залындағыдай мына тұрғандардың бәрімен шартпа-шұрт күрескім келіп кеткені...»

Бұл жігіт – қилы-қилы мінезді. Әйтеуір тегін емес. Өнеубір күні төменде тұрып, үшінші қабаттағы 27-палатаға мойнын созып, дауыстап көңіл-күйін сұрап жатқандарға:

– Шүкір, жаман емес. Аман-есен ауырып, жүріп жатырмыз, – дегенін құлағы шалып қалған. Бұл да сол палатадағы майдангер Белоусовтың туысы тәрізді, орыс мінезді. Тек ішін басып, бүк түсіп жататыны жаман. Тамақты ғой жалмауыздай жейді. Ал төсектен тұрса, екі аяғына мініп, отырмай, ерсілі-қарсылы қоқайып жүреді де қояды. Кім біледі қарнында не пәлесі барын...

Қарашы, әрбір адам өзінше бір-бір әлем ғой деп ой тұндырды Дариға ары қарай саусақпен саумалай, ақтарып отырып дәптерді. Сол сырлы әлемді тани білу, сезіне білу өте-мөте адам өмірінің арашашыларына, ауырып-сырқағандар қасынан табылатындарға таптырмас қасиет қой. Дәрігерлерді былай қойғанда, Халима, Қарлығаш, Орынша, Мағрипа секілді кішігірім сестралардың денсаулығы сетінеген мұбарак жандар жай-күйін ұғына білуі дәріден кем соқпайтын шипа. Небір тұңғыық жанарлар жаутандап медет сұрағанда ет-жүрегің езіліп түсер сәттерің көп осы жұмыстағы кезекшілігіңді үйдегі отбасына бірге ала кетесің тағы. Жыл он екі ай жүрегің қоса ауырып жүргені. Олардың оңалып кеткендегі қуанышы – сенің қуанышың. Сәбилері мойнына оралып, бауыры-

на тығылғанда семья бақытына қосқан құрттай да, болса үлесім бар-ау деп, жан-дүниені босап тұрғаны.

Дариға ой тұңғиығынан сәл серпіліп, сыртқа қарады. Алатау беткейлері бозанданып, таң алдындағы жарық дүние хабаршылары – бақтағы құс базары эне-міне қыза жаздап тұр екен. Сұйық дәрі піспектерін қайнату керек. Соны есіне алып, бүгінге ермек болған көк дәптердің ең соңғы сөйлемдер дестесін жылдам жүгіртіп оқыды:

«Емдеуші дәрігерім Евгения Ивановна Понамарева тым сынық, жұмсақ жан. Тәжірибесі де пәлендей толыспаған ба деп қалдым. Жалпы, аурулар жанына әйел дәрігерлердің алақандары жайлы тиетін сияқты. Ал енді менің бір байқағаным, осындағы аға медсестра Дариғаның көзі қарақты. Жөн біледі. Кез-келген емдеуші дәрігерді алмастырар қабілеті бар. Қателесем, тілім жазықты. Үкідей ұшып, бәріне бірдей бәйек болып жүргені сол. Эне-міне ана атанбақшы шамасы. Жүзінде адамға деген асқан мейірімділік мәйегі ұйып қапты. Жауынды жыл. Береке болар. Дүниеге пәк сәби келер. Ол не Шапағат, не Шипагүл болар. Әйтеуір, анасына тартқан ақ перзент дүние есігін ашып, іңгәлар...

7 июнь, 1979 жыл. Тау бөктеріндегі жапырақ жамылған жансая-емхана».

Дариға дәл осы жерде қызғалдақтай қызарып кетті. Мына ауру жігітке дауа жоқ екен, тегі. Тегінде, көк дәптер көп нәрсені бауырына басып жатқан болды.

Екінші өрім: Тылсым

Қарап жатқанша деп №6 палатадағы Ақатай есімді елуден жасы еңкейген кісі ағасы бір әңгіме ширатты. Өзі мұғалім, тарих сабағынан береді. Іш-құрылысында кілттипан бар. Жыл сайын осында тексеріліп тұрады. Ауыз екі әңгіменің құдығы. Әсіресе лирикалық елестерге әуес-ақ.

...Соғыстан соңғы жылдар. Ғашықтықтан басым айналады. Пәлендей сұлу да, сымбатты да емес, ел арасындағы

кәдімгі қара торы, ашаң өңді арықша қыздардың бірі ғана. Әуелім, бетіне үңіле қараған кісі шып-шып шыққан майда-майда секпілдерін де санап алады. Мұрын қапталында, қаймақтай ерін үстінде тарының қауызындай ғана қалдары бар. Қобыраған қолаң шашы да жоқ. Әйтеуір, абырой болғанда ол кезде бұрым кесу кеселі әйел заттарының түсіне де кірмейтін еді ғой. Қайшы тимеген қара шашы өз еркімен жарысып ағып, жосылып жатыр. Аш беліне түседі. Бір жақсысы, табиғи қалпын сылап, сипауға құмар емес. Бойда барын бояламайды. Сонысымен де сұлу, сүйкімді. Қылтың-сылтыңы жоқ, қиылып, үркек қарайды.

Ғашықпын. Маған салса қол ұстасып, судай тасып, сырласып, күні-түні иық түйістіріп отыра берсек. Біздің Алмалы таулы жер, ауылдан шыға бере долана, қарақат, бүлдірген теріп, түннің бір уағы болғанын да білмей қаласың. Уыз жастық-ай десеңші! Әңгімеміз әлгі қызбен түзу. Жарасып тұрады. Қолаң шашы кейде ширатылып кеп иығыма тиіп кетеді. Ғаламат сезімге бөленіп қаламын. Қолымды апаруға батылым жетпейді. Түн баласы сол қызбен сөйлесіп шығамын. Түсімде әрине. Күнде таңертең дәл бүгін бетінен сүйемін қайтсем де деп бекініп тұрамын. Өмір тіпті рахат көрінеді маған. Тура менің сол қызға ғашықтығым сияқты. Атын өзімше Тылсым деп қойып алдым. Дәл атын айтып не қылайын. Өтті, кетті, керегі не. Көзі қарақаттай. Жұтып қойғың келеді. Өзіме өзге қыздың керегі жоқ. Қатар отырсам, лебізін жақын жерден – қарама-қарсы отырып тыңдасам, сол жетеді маған. Кейде қолтығыма қысып алып көтере қашқым келеді. Ол қиялым ғана. Қазіргі жастар болса ғой, сөйтеді. Жұрт көзінше шөпідесіп сүйісіп отыратынын қайтерсің. Ұят-ай! Арзан боп кетті ғой ғашықтық. Жоқ, әлде біздікі қате ме? Әй, бірақ менің бір білетінім, ашылып, шашылған сайын асыл сезімнің қадірі кетеді. Қайран бала күнгі біздің уақыттағы ынта-шынтыңмен берілетін ынтықтық-ай. Дәтіміз қандай берік еді десеңші! Қыздардың қолынан ұстау қандай қиын еді, қиын еді. Алда-жалда қолы тисе, тура найзағайдың оғы ұрғандай әсердесің. Қулық, сұмдықты білмейтін есіл адал махаббат-ай!

Жә, алға озбай, кейін шегінейін, өз қызыма – өз қызығыма оралайын. Мына ғажапты қарашы енді, бес күн емес, он күн емес, бақандай жиырма бір күн (қалай ұмытпаған) балдай тәтті бас қосып, сыр ақтарысып жүріп, бүгін тісімнің арасынан:

– Тылсым, тауға барайықшы, – деген сөз шығып қалды. Бұрындары жай, сырттай көріп, іш тартып жүретін қарапайым, елеусіз ауыл қызы ғой. Тиіп-қашып, бас изесіп дегендей, ептеп таныстық бар. Ал әдемі бір әңгімеге өз басым көгенделгелі тұп-тура жиырма бір күн. Жан жатырқамайтын ибалы, жүзі жарқын жақсы қызбен жақын кеп сөйлескен сайын көзге көрінбейтін қыл арқанмен қосақталып қалған сияқтымын.

– Тылсым, тауға шығайықшы, – дедім сонымен. Алғашқы рет күн күркіреп, көктем нұрын шашып, ұлан жазға ай-күн асығып тұрған кез. Ауылды шалғайымен орап жатқан Шыбынтаудағы шөп белден, ауа гүл иісімен тұншықтырады. Тау табиғаты қандай, шықпайтын шөп жоқ. Жабайы алма, тауөрік, долана, шие, қарақат ой, рахат!

– Сарымсақ теруге ғой, ағатай?

– Ие, ие, сарымсаққа, ақжуаға.

Ақатай демей, ағатай дегеніне қысылып қалдым. Үлкендігіме қарап, осылай десе, онда еш нәрсе айта алмай қаламын-ау мен бейбақ. Жо-жоқ, өзімсінген болар. Өз көңілімді осылай демдеп қойдым.

Раушан гүлдер аңқыған, рауғашы бас тартқан, ақжуасы танауды жарған тау ішіндеміз. Әп дегенде-ақ бір үлбіреген бестармақты аппақ гүлді Тылсымның кеудесіне қадап қойдым да, сол жерде көкірекке өзім қондырған жұлдызды гүлді ұзақ иіскеп, көзімді жұмып тұрып алдым. Ойым дәл осы гүл астында қыз жүрегі дүрсілдеп тұр-ау, соны тыңдайын. Сол жүрек дүрсілінен «Ақатай, Ақатай» деген ат естілер ме екен. Әлі де тұра берер ме едім, әлде қайтер едім, егер ол:

– Ағатай, анау тау гүлін қара қып-қызыл! – дегенде.

Көздің жауын алып, тұнып тұрған нарттай қызыл бада-надай тау гүліне тұра жүгірдім. Жапырақтары алақандай-алақандай, өзектері шикандай қызыл. Бұрын барып бас

салып теріп жатырмын. Бес-алтауына-ақ құшағым толып қалды. Сүрініп-қабынып қасыма қыз да жетті-ау. Өрге қарай тырмысып жүгірген қандай қиын. Ентігіп, шаршап отыра кетті. Ұзын етек көйлегіне де оратылып жүр. Гүлдерді құшақтата салдым. Күн сәулесімен шағылысқан тау гүлінің қып-қызыл шапағы қыз жүзіне түсіп, алма беті албырап адамды өзіне тартып барады. Тәуекелге басымды тігіп, сол жақ бетінен шөп еткізіп сүйіп алдым. Көңілдімін – орайы келіп қыз бетіне ернім тиді. Бақыттымын – ұрысқан жоқ. «Неге өйтесіз?» – деп, қырын қарады да қабағын шытты. Мөлдіреген көзін-ай!

– Алақай, мен бүгін қыз бетінен сүйдім!

Осылай іштей қуанып, ақжуаны жұлқи-жұлқи теріп жүрмін. Жайырақ барып, айранға турап, нанмен жейміз. Қалай рахат! Аузың дуылдап отырады. Қуаныштан қарным тойып, жаным семіріп, желпіне жуа теріп жүр едім, құлағыма кенет:

– Аға-та-аа-а-а-ай-ии... – деген шыңғырған дауыс жетті. Қия беттен тайғанай-тайғанай төменде жүрген Тылсымға ұшып қонып құладым. «Төменде жүрген» дегеніме тілім жазықты, бағанағы мен бетінен сүйіп алған орнында отырып қалған екен.

– Аға-тай-и-ии. Шағып алды, удай ашып барады, – деп зар қақты. Төсқасқасын қолымен басып, көрсетпейді. Енді әуелі зар күйіне түсіп, қалың шөпке аунай бастады.

– Аға-т-а-й-ай, удай ашып кетті ғой...

Қарақат көзден жосылып жас парлады. Қыз қойнына қол салып қарауға ұят және өзі де қос қолдап кеудесін басып алған.

Амал қайсы, құнысып екі бүктетіліп отырып алған қызды кеудеме тік көтеріп алдым да, ауылға тарттым. Жол бойы жылап, өксіп, сай-сүйегімді сырқыратып келеді. Бес шақырымдай аяғын жер бастырмай екі қолымның қарына көлденең ұстап, өзімен қосыла жылап көтеріп келдім.

Әке-шешесі көрісіп, қарсы шықты. Қарақұрт тура анарынан шағыпты. Күн қызбаған, топыраққа тоймаған шағында, көкөзек көктем кезінде жылан шаққан, қарақұрт шаққан жаман дейді. Тылсым қыз сол жатқаннан тұрған жоқ, екінші күні қайтыс болды...

Ақатай осыны айтып мұнайып қалды. Ол түгіл біз де бір-бір жылап алдық.

– Әй, осы өзіміз ауырып жатқанда, мұндай көңілсіз әңгіме айтпайықшы, тегі, – деп қыз қайғысынан босаған көңілімізді әрең қатайтып, ауыр күрсіндік.

Үшінші өрім: Жалбыз

– Кешегі Ақатайдың айтқанынан ойға оралып отыр, тағы да қарап жатқанша әңгіме болсын, – деді Сұртай ағай. – Сен қайта қыз бетінен сүйіп үлгеріпсің ғой. Мен таяқ жеп қала жаздағанмын әуелім. Бүлдіршіндей бір қызға нақ сен құсап мен де сырттай құмартып жүретінмін. Мына балалардан ұят шығар, атын айтпай-ақ қояйын. Немесе Жалбыз дей салайын, ә? Өзі де осыған ұқсас еді. Онда әркімде бірталай жекеменшік мал бар. Кезектесіп көше сыртына бағамыз. Бір қора. Көктем шығып, торғай шырылдап, күн шуаққа кемпір-шалдар жотасын қыздыра бастаған шақ. Мен де, ол да арсы-күрсі сезімдеміз. Ол сырт көшеде, мен ортаңғы көшеде тұрамын. Көргендерің бар шығар, Қарасу жақ ағаштан қайысып тұрады. Әр үйдің алды-арты алма-бақ, айналасы сыңсыған тал-терек. Желмен сыбдыр қаққанда жаныңды қоярға жер таппайсың. Айналайын, Жетісу жері жәннәт қой. Сол жәннәт жердің адамдары да жайсаң, жомарт, ақ көңіл, аңқылдап қалған шеттерінен. Ұл-қыздарында да қулық-сұмдық деген атымен жоқ. Әй, бірақ сезім құрғырға сенім бар ма, кейде ауа жайылып кететіні де бар. Әйтпесе, сегізінші кластың баласы парталасына көз салар ма? Өзгелерінен ерекше көрінетін ақсары қыздың күлкісі, қылт-сылт мінезі назарымды аударып-ақ кеткені.

Ауыл сыртын айналып ағатын тасқынды өзен бойы тастақ. Соны қуалап қияқ, сағыз шөп шығады. Сабағын жұлып, түбінен сағыз аламыз. Әйтеуір су араластырып шайнай берсең, құмы түсіп, қоңыр, созылмалы сағыз шығады. Керіп тұрып аузыңа сап, тандайыңды таңқ дегізсең әдемі дыбыс естіледі.

Кезектесіп, қой-ешкіні сол сағызды тастаққа жаямыз.

Кейде бірден, кейде екі-екіден бағамыз. Мен қалайда сол қыздың кезегіне тап болуға тырысамын. Ал мектепте ғой, тілдесу тіптен қиын. Көріп қалса қу балалардың мазағына ұшырағаның. Әй, сонда да жан сезіміңді біреуге білдіріп, сырыңа ортақтастырғың келетін, «саған бірдеңе айтса, ешкімге тісіңнен шығармайсың ба?» – деп шыдай алмай тұратын пәтуәсіз балалық қой, ол бәрінің басында болар-ау. Қойшы, ол ұзақ әңгіме. Тоқ етерін айтайын, уколға аз қалыпты ғой өзі.

Қызға сағыз шайнап беремін. Тасын, құмын, топырақ-қиыршығын арылтып, таза «өнімін» оған ұсынамын.

– Аузыңды ашшы, – деймін оған, – бір нәрсе беремін.

– Тәтті ме? – дейді көзін сығырайтып.

– Ащы емес.

Аузын ашады. Сағызды сала қоямын.

– Е-е-е, сағыз екен ғой.

– Жақсы ма екен? – деп сұраймын.

– Аһа.

– Тағы ма?

– Тағы.

Тағы сағыз беремін. Оңай емес. Сабағы сидам, түп-түп болып тас арасына өседі тырбиып. Түбімен қопарылмай зықынды кетіреді. Тас, құм, қиыршық, тіпті арасында ақсары құрттары да болады. Солардың бәрінен тазартып болғанша аузың топыраққа толады. Бірақ қалайда қызға таза, нағыз сағыз беру керек. Жақсы аттану керек. Әзірге міндет осы.

– Аузыңды ашшы, Жалбыз.

– Тағы ма?

– Тағы.

– Сағыз ба?

– Сағыз.

Аузын сыздықтатып ашқаны қандай қызық. Күнге көзі кішірейіп, бүкіл денесімен ұмсынғаны біртүрлі сүйкімді секілді. Шыдамадым, аузына сағызды тіліммен салдым. Ерніне қиыршық тұрып қалған ернім тиіп кетті. Тұла бойым ток жүргендей дір ете қалды. Жұлқынып ер балаларша жалт-жұлт етіп жүретін еркебұлан қыз тілімен тілімді

тез итеріп жіберді де, дереу жерден тас іздеді. Долданып кетіпті. Кішкентай қос өрімі жыланша ирелендеп артыма түскендей. Тас алып, құлаштап кеп жіберді дейсің маған. Құлашы мұндай күшті болар ма. Жан-жағыма топылдап түседі. Құрсын, менен де алысқа лақтырады екен. Ақыры, атқылап-атқылап, тастақтан мені қуып тастады.

Содан кейін-ақ сол қыздан аулақ жүретін болдым. Бала махаббат маздамай қалды. Тастақта сағыз теріп жүрген шығар әлі...

Сәкең кешегі Ақандай күрсінген жоқ, әдемі ғана күліп алды. Адал күлкі, адам күлкісі. Жансаяда жаны ауырып жатқан адамға бала кез туралы тәтті елес те ем екен-ау дестік.

Қырғыз өрім

– Сен ұйқыңды әбден қандырып кел,– деді апам киіз үйдің ши есігін қамшымен түртіп ашып тұрып. – Мен мына қойды бір қарқындатып қайтайын. Көк кастрөлдегі айран сондай тәтті боп ұйыпты. Бетіне бір елі қаймақ тұрыпты.

Одан арғысын жөнді ести алмадым. Кірпігім қатты айқасып кеткен бе, немене өзі, көзімді аштырмайды. Ары-бері қимылдатып көріп ем, болмады. Қайтадан балбырап ұйықтап кеттім.

Кезекпе-кезек турникке асылып жатырмыз. Жан-жағын жасыл желек көмкерген мектеп ауласы. Өрмелеп шығатын сатысы, салбырап тұратын екі темір шығыршығы, керулі волейбол торы – көздің құрты. Түстен кейін оқитын біздің жетінші класқа рахат тіпті. Ертерек келеміз де білек сыбанып спорт алаңына қойып кетіп жатамыз. Әсіресе турникке құмар балалар көп. Мектепке сатып алынған су жаңа солқылдаған турник магниттей тартады-ақ. Кезек күтіп қаламыз бірақ. Айнала ағаштың көлеңкесіне ақ бантикті қыздар қаз-қатар тізіліп отырып алады да, біздің өнерімізді тамашалайды. Қыздар көңіл бөліп қараған сайын жан салып қимылдаймыз. Көзге түсіп, көрініп қалу керек қой. Бәсеке қызады дерсің.

– Ал сен көр.

– Жоқ, алдымен сен ойна.

Қол-аяғы доғаланып қалған жұп-жұмыр Оңдасын бел темірге секіре ұмтылып асылды. Арлы-берлі теңселіп тұрып-тұрып, дік етіп турниктің үстіне бір-ақ атып шықты.

– Күн боп айналшы, күн боп,– деп кластас қыздар шу ете түсті.

Оңдасын байғұстың осал жері осы еді. Қолдың күшін қажет ететін қайсыбір жаттығу болса да тұла бойын бытырлатып қатырып жасайды. Ал гимнастикалық сұлу қимылдарды қорбандаған аю жонды денесі қор қылатын. Қыздардың сұрап отырған «күн» боп шыр көбелек айналу деген тек осы мектеп бойынша Арыстан атты маймыл сияқты жалғыз баланың ғана пешенесіне жазылған өнер. Бірақ ол да қолын белдікпен байлап, сақтықпен айналады. Тоғызыншыда оқиды. Екі класс жоғары. Басқаларымыз оның «ерлігін» қайталауға әлі жүрексініп жүрміз. «Түк емес, тоғызыншыға барғанша қатырамыз ғой», - деп, өзімізді-өзіміз жұбатып қоямыз. Ал әзірге күннің жарты шеңберін ғана - «полусолнце» жасаймыз.

– Бол, түсші, тегі,– дедім турникке атша мініп, аяғын салбыратып теңселіп отырып алған Оңдасынға көзімді сығырайта қарап.

– Оһо-оо, Ордан орбитаны айналады қазір, - деп бірнеше дауыс жамырай шықты. Солар жаққа ыржия қарап ем, менің қасымда отыратын парталас қыз Үкіжанға көзім түсіп кетті. Егіз өрім шашын қос уыстап, тілеулес көңілмен бір түрлі ернін тістеп елжірей назар салып тұрғандай көрінді. «Тәуекел, бүкіл класымыздың қыздары Үкіжанмен қоса маған көз айырмай қарап отырғанда Күн тұрмақ, Айға ұшып кетсем де болмас па!»

Сол кезде жаппай ауыл балаларына сән болған екі балағы даладай көк сәтен шалбарымның резеңке ышқырын құнжындап бір көтеріп қойып, турникке жебедей атылдым. Ойым күндегі жасап жүрген үйреншікті жаттығулардан гөрі толық Күн боп шыр айналып көру.

Аяғымның бастарын біріне-бірін тақап теңестіріп алдым да, жиырыла сілкіне түсіп, құлаштай тербетілдім.

Ерсілі-қарсылы ауада шайқатылған қалпы бүкіл денені үйіріп әкеп, жейдемді жел кеулеп, турниктің үстіне екі қолмен тік тұрдым. Енді бір салмақты алға тастап, қолдың шынтағын бүкпей, шыр көбелек айнала беру ғана қалды. Мен турниктің үстіне аяқтарымды аспанға көтеріп, екі қолымды бүкпестен шаншылып тұрып қалғанымда бәрі бірдей өре түрегеліп «Ой-ой-ой-ии» деп іштерін тартты. Ал мен өзімді космосқа барып келгеннен кем сезінген жоқпын. Тағы айнала бергім келді, таңғалта бергім келді. Бірақ сол бір сәттік «стойканың» кезінде алақаным аздап тершіп тұрғанын сезіндім. «Қап, жаңа жердегі ағаш үгінділерін алақаныммен бір көсіп алмай». Дегенмен дәл осылай аспанға ілінген турниктің үстіне екі қолмен бірдей тік тұру мүмкіндігі туа бермес. Әрі қаумалаған, қиылып өтінген кластас қыздардың, парталасым Үкіжанның үмітін қалай үзермін. «Мейлі, не де болса, қолымның күшін сынап көрейін. Скандарбек боп, қол күрестіріп ойнағанда бәрін жығушы ем. Бұлшық еттерім өз денемді ұстап тұратын сияқты еді ғой» деген мақтаншақ ой миымды лез-демде аралап өтті.

Көзімді тарс жұмып, лақтырдым кеп денемді алға қарай? «Космонавтар да дәл осылай-ақ ұшатын шығар». Жел диірменнің қалағындай зулап барып турниктің үстіне айналып келіп қайта қақшидым. «Алақай, Күн боп толық бір айналдым!»

– Жар-рр-ай-сы-ы-ың, жарайсың, Ордан! – деген қолпаш сөздер құлағымды тұндырып, спорт алаңын басына көтерді.

Бір түрлі кеудемді қуаныш кернеп кетті. «Арыстаннан кейін ауылда екінші болып аспалы темірде шыр көбелек айналдым. Жердің бетін Күн болып айналып шықтым. Тіпті, әуелі, Арыстан құсап қолымды турникке байламай-ақ...»

Әлде қандай сиқырлы күш «тағы, тағы» деп итермеледі. «Бір айналып алсаң, әрі қарай өз екпінімен өзі кете береді», - деуші еді Арыстан. Рас шығар. Денем сұмдық жеңіл тартып кеткендей болды. «Және бір-екі рет». «Ауп-па!...» Тағы екпіндеп алға аунай бердім. Бір кезде алақаным шылқылдап

терлеп, саусақтарым турниктен сусып, жазылып бара жатты...

– Ой-бұ-ұұ-й, Ордан өлді, өлді!..– деген аянышты нәп-нәзік дауыстармен аралас Мәрия апамның:

– Түһ, үмітсіз-ай, басың бір қазан болып әлі ұйықтап жатырсың ба-ей?! – деп күйіп-піскені құлағымға жетті.

Қайтерсің, түсіме кірген мен жалп етіп құлаған солқылдақ турниктің қасы болса, астына төселген қиыршыққа басы-көзім көміліп, кластастар екі жағымнан ұстап көтеріп тұрғызғанша талып түсіп жатар ем, ал қазір қарқыны басылып, өрісте жайылып жатқан қойға бару керек, апамның қолын босатуым керек.

Атып тұрып, тік беткейдегі бастаудың көзіне жүгірдім. Мұздай су ұйқымды шайдай ашты. Жаңағы қаумалап келіп, үсті-басымды қағып, сүрілген алақанымды үрлеп, жаракатымды жеңілдетіп жатқан әріптестерімді сағынып кеттім. Турникке асыла-асыла мүйіз болып қалған алақаным жайлауға келгелі жұқарып, жұмсарып, таяққа үйкелгеннің өзіне күлдіреп ойылып қалатын болып жүр. «Каратистер күн сайын қолдарын күйген кірпішке қойғылап шынықтырады екен», – дегенді қалада мектеп-интернатта оқитын көк көз Хамза аузы көпіріп айтып келген.

Міне, содан бері әр кеудеде қайтсем күшті болам деген бір әуестік бой көтере бастады. Партаны қолдың қырымен қойғылап, селк-селк етіп отыратын «ауруға» осылайша тап болдық.

Бір күні:

– Мына доғал таяқты кім бір дегенде ұрып сындырады, – деп үлкен үзілісте ең алдыңғы партадағы ылғи артына қарап сөйлеп отыратын Нұрымбай бүкіл класқа жар салды.

– Мен.

– Мен сындырамын, – деушілер көбейді.

– География ағайы жандарыңды көздеріңе көрсетеді ғой, бәлем, – деп класком Күләш Асыллова басу айтып еді, оны елең қылған ешкім болмады. Жапырлап тақтаның алдына жеттік. Нұрымбай екі орындықты бір-біріне арқалығымен тақады да, қарыстап өлшеп, он-он бес

сантиметрдей арасын алыстатты. Сосын әдемілеп сүйірлеп ұшталған ақжаңқа таяқты көлденеңінен үстіне қойды.

– Ал бастандар.

– Кім алдымен?

– Қазықбай.

– Жок, Сәукен ұрсын.

– Қасымханның қолы қатты. Сол көрсінші бірінші.

– Ой, әкелші бері, мен-ақ қақ бөлейін қазір, – деп тоқаш мұрын Бекен құлаштап тұрып жалаңаш қолының қырымен періп кеп жіберді де, зар илеп отыра кетті. Дәл осы арада:

– Ағай келе жатыр, ағай. Әп, бәлемдер, жазаларыңды береді қазір, – деп қыздар жағы шұрқырап кетті.

Тасыр-тұсыр топырлап орын-орындарымызға жапырлай, ұмтылды. Сасқанда өз орындарын таппай ауысып отырғандар да бар.

Географиядан сабақ беретін Рәсіл ағай мінезі шапшаң, жүріс-тұрысы ықшам, ақ құба, әдемі кісі. Орта жастағы оны «Жаяу жүріп те аттылыға жеткізбейді» деп, ауыл біткен мақтасып қалатын. Балалардың бет-әлпетіне қарап-ақ ол бір қарбаластың болып өткенін сезіп тұр.

– Немене, танауларың Тайбурылдың кеңсірігіндей делдіп қусырыла қалыпты, – деп класқа көз жүгіртті. – Осы сендер бірдеңені бүлдіріп алғаннан саумысындар?

Сөзінде бірақ зіл жоқ, жүзінде де ашу табы білінбейді. Қайта болған іске ортақтасқысы келіп тұрған сияқты, жымияды, күлімсірейді.

– Ау, мына таяқшаны үстелдің үстіне неғып көлденең сұлатып тастағансындар, түге, – деді сәлден соң мұғалім отыратын орындық пен үстелдің былай таман жылжып қалғанын байқап.

– Ол жерге каратистер күш сынасқан, ағай, – деп елден бұрын көзге түскісі кеп тұратын Жауһар деген қыз қойып қалды.

Бәріміз оны жақтырмай жапырыла көзбен аттық.

– Аузыңа ие болсаңшы, ей, – деп тоқаш мұрын Бекен жыламсырап бітік көзін жыпықтатты. Өзінің оң иығы шөміп, тұз артқандай партаның астына шөгіп кетіпті.

Онсыз да тап-тапал бойы болар-болмас қылтияды.

– Қане, қайсың қаратэ білетін? – деп географ ағай кәдімгідей таңырқап сұрады.

Мұғалімнің өңінен пәлендей ашу белгісі байқалмаған соң, балалар еркінсіп, бас көтерейін дедік. Тағы сол баяғы алдыңғы партаны бермейтін Нұрымбай жұрттың алдын алды.

– Бейшара Бекеннің қолы күп болып ісіп кетті ағай, ал басқамызға кезек тимеді. Сіз кіріп келдіңіз, – деді де жаңағы болған оқиғаны тақтаға шығып, ерінбей-жалықпай қайталап көрсетті.

Рәсіл ағай басын шалқайтып, қарқылдап тұрып күлді. Тіпті көзінен жас та шығып кетті.

– Е-е-ей, сотқарларым-ай, – деді содан кейін сонау жер шарын шыр айналдыра нұқып көрсететін зілдей таяқшаны жоғары көтеріп қолына ұстап тұрып. – Мына дүмін қарамайсындар ма тым болмаса білінер-білінбес қарауытып тұрғанын. Мұның сырты емен ағаш болғанымен іші болат-темір. Сендер сияқты қолды-аяққа тұрмайтын ұшып-қонған мазасыз шіркіндер ұзақ уақыт пайдалансын деп әдейі берік жасалған дүние.

Мұның сырын сонда барып білдік.

– Қайта періште қаққан екен сендерді. Әйтпесе класс болып қолдарыңды сыпыра сындырып, иықтарыңа асып шығатын едіңдер...

...Атам дәу-дәу жайпақ тастарды қаластырып қайнар көзін қоршап тастаған. Уақ-түйек майда тас малдың тұяғымен ысырылып, бастаудың бұрқылдап жатқан тұмасы қиқым-сиқымға толып кетеді әйтпесе.

Алақаныммен көсіп алған тастай су қалтыратып жіберді. Жалаңаш кеудем құс еттеніп кетті. Қол-аяғымды ерсілік-қарсылы ербендетіп қайшылап өзімше аз-кем жаттығу жасадым да, тағы бір толтырып ұрттап аузымды шаюға бастауға еңкейдім. Түп-тұнық көгілжім бетінен айнымаған суретім көрінді. Ырсиған қабырғаларыма дейін қайнардың түбіне қатар түзей қалыпты. «Соншама жанымды жеп суық темірге – турникке ойнап шыныққандағым осы ма?» – деп мына қалпыма қомсынып қалдым. Қызықтап бет-аузымды

тыржындатып қозғап едім, күлкім келді. Су ішінде және бір тақыр бас Ордан ордандап сайқымазақтанып тұр. Каратэ көрсетсем, маған қарап қайталайды. Қабағымды түйсем, түксияеді. Бұлшық ет ойнатсам, ол да қалыспайды. Кеудемді керсем, қайнарға сыймай қампияды. Жұдырық түйсем, тұра ұмтылғалы тұр. Сосын дәл маңдай тұсы осы деп құмалақтай тасты шолп еткіздім. Су астындағы жалпақ бет суреттің парша-паршасы шықты.

– Ортекем-ау, енді қашан. Өрістегі қой қосылып кететін болды ғой, сен сүйретіліп жеткенше, – деген апамның кейісті даусы ойын желісін шорт үзді. – Саған сеніп осынау ит өлген жерге отарды иесіз тастап келдім емес пе? Ар жағында қылқылдап қырғыздың малы да жатыр еді...

«Қырғыздың малы жатыр» дегені құлағымды елең еткізді. Жыл сайын біздің ауылға қырғыз өнерпаздары концерт қойып кетеді. Алатаудың арғы бауырындағы олардың даусы бергі беттегі біздерге еркін жетіп жатады. Қырғыздар концерт қоя келгенде қызыққұмар қауым бірі қалмай клубқа топырлайды. Сызылтып салған әндері қандай! Сай-сүйегінді сырқыратар комуздары қандай!

Өріске жеткенше асықтым. Апыл-ғұпыл киіне бастағанымға қабағы жадыраған апам:

– Айран құйып қойдым тостағанға, соны нан турап соғып ал, құлыным, – деді.

Апам айтқанды «соғып алдым» да, кер атпен көсілтіп өріске қарай құйғыта жөнелдім.

– Ақырын, ақырын, жығылып қалмашы, жарығым, – деген ескертпе естілді артымнан.

Жол-жөнекей құйын-шыбын шауып келе жатып, неге екенін қайдам, ойыма өзім екі-үш қайтара оқыған «Жәмила» повесі оралды. Ондағы Сейіт, Данияр, Жәмила көз алдыма келді. Шыңғыс ағаның қырғыз бен қазақ өмірін жақындастыра жазатыны неліктен екен?! Олар да бізді жақсы көретін болғаны ғой, сірә. Әрине, солай. Бұрын-сонды ақындарымыз да екі ел той-томалағына араласып, жыр сайысына түскен. Қуаныш-күйініші бір елміз деп отырмайтын ба еді мұғалімдеріміз де құлаққа құйып. Өлгі бір әдетте айтыла беретін «ауылы аралас, қойы қоралас»

деп келетін сөз тіркестері «мына біздің жайлаудан» алынған нақтылы мысал болмаса неғылсын.

– Тұһ, туысқан, соншама шапқаның-ай борбайлатып, - деп қайыс тіліп, өрім өріп отырған, бетінен қаны тамған ақ қалпақты жігіт қасына келгенімді қош көріп, сәлемімді жылы қабылдады. - Қойым қосылып, қырғыз жеп кетеді деп қорықтың, ә, бала!

Қойшының қазақша судай ағып тұрғанына сондай қуанып кеттім де:

– Жо-оқ, о не дегеніңіз, аға, әшейін-ақ ішім пысып, керат егер көкпар болса, қалай шабады екен, соны сынап көргенім ғой, – дедім мүдірместен.

– Расында, қойың қосыла жаздады, бала. Мана шешен шетінде қарайып жүрді де, жоқ болып кетті. Сені жіберген болар, сірә.

– Иә.

– Міне, жігіт, – деп күректтей алақанымен жотамнан қақты. – Ал абышқа қайда?

Атамды айтып тұрғанын түсіне қойдым да:

– Көшеге, тұз әкелуге кетті, – дедім.

– Ау, бала, малға тұзды колхоз өзі жеткізіп бермеуші ме еді?

– Біз ылғи да өзіміз етекке түсіп барып аламыз. Біздің тауға әлі машина шықпайды,

– Түйеге артасындар.

– Иә. Сосын өгізбен де, атпен де атам әкеле береді.

– Е-е-е, қойшының өріс қуып, қияға үй тіккенінің бір машақаты осы енді. Біз де солаймыз туысқан. Ерініп анау етекке қоныс тебе салатындар машинамен тасынады. Бірақ малдары тырып қалған арық. Аяқ асты болған соң қайбір оңсын.

Ойпыр-ай, мына қырғыздың сөзі менің атамның айтып отыратынынан аумайды. Аузына түкіріп қойғандай-ау, тегі. Атамның да зарлайтыны осы ғой. Шығаннан шығып қоныстанады. Жаз бойы дөңгелекті көлік көрмейміз.

– Ой, мұныңыз не, Әбеке, аспанға бір-ақ шығып кетіпсіз, – деп колхоз басшылары, мал мамандары тағалы атпен әуірімдеп қиялап кеп біздің үйге әрең жеткенде:

– Пәлі, жайлау деген тұнық суымен, соны шүйгінімен, соқыр тұманымен, кереге тасымен қызық емес пе, – деп атам насыбай шақшасын олар атсын-атпасын жағалай ұсынып, тақпақтап тұрар еді.

Ілуде бір маңырама жар жалай қалса, «Әне, қойлар тұзсырап қалды, төменге, далаға шауып барып келейін», – деп не атты, не өгізді ерттей бастайтын. Тұз қандай ауыр – қоржыннан тамтық қалмайды, қаптың бәрі шұрық-тесік. Атам соның бәрін жамап-жасқап алып, «шүу, жануар» деп, жолға шығып кетеді. Қойда баяғы сол апам екеуміз қаламыз қарауыл боп. Бізден басқа тағы бір отыз екінші мылтық бар. Адамға иттігі жоқ Жұлқар мен Қойөсер – қораға үреді.

Бүгін де атам сол үйреншікті әдетімен тұзға жөнелген. Оны жоқтатқан емеспіз апам екеуміз. Апам айтқандай: «Қырық жылдан бері қой бағамыз».

– Шетін ұстап отыр, – деді қырғыз шопан таспаның қатпар-қатпар қатқан жағын маған ұсынып. – Әкең таспа тілетін бе еді?

– Тілгенде қандай! Атамның талысы толған қайыс, былғары, таспа, біз, жуалдыз, – деп шұбырта жөнелдім.

– Охо-хо, әбдан шебер болды ғой абышқа.

– Қамшы, тартпа, өмілдірік, құйысқан, жүген бәрі-бәрін өзі өре береді, – дедім атамның қолөнерін қырғыз шопанына мақтаныш қып.

– Бәрекелд-е-е, шоң кісі быткомбинаттан бір былай емес екен, – деп ол басын шайқады. – Өте дұрыс болған. Малды ауылға аса қажет кәсіп қой. Ал қазіргі балалар ертеңнен кешке дейін доп қуғаннан басқа дымды білмейді. Кейін ет жеп, киім кимейміз дей ме екен қағылайындар. Қойдың тұлыбына сұқтанып, құрғақ теория соғып отырап. Қай заманда да қойсыз, етсіз өмір жоқ. Біліп қой, бала, Демек, оған мініп шығатын атсыз күнің тағы қараң. Моторлы көлік малдың мазасын кетіреді. Және оны тұяқты мал тырмысып жайылар мынадай тауға мініп те жүре алмайсың. Сондықтан, туысқан, аттың әбзелін жасай алатын сенің абышқандай адамдар алтын қолдың иесі, алтын.

Қырғыз қойшы бірталай қызынып барып тоқтады. Халықтық қолөнерді құрметтейтіні көрініп тұр.

– Ал мен бар ғой, аға, қамшы өргенді атамнан көріп, үйреніп алдым,– дедім біраз үнсіздіктен соң, оның манағы балалар туралы түсінігіне намыстанып.

– Міне, азамат. Қойлы ауылдың баласы осылай болу керек, – деді риза пейілмен бетіме қарап. – Өрімнің қанша түрін білесің?

– Үш өрім, төрт, бес өрім...

– Қырғыз өрім ше? – деді разы кейіппен таспасын қылдай жіңішке қып шашақтай тіліп отырып, Шіркіннің бармағы қайқайып, қолы қандай епті, бәкісі қандай өткір. Қимылына көзің тояды.

Біздің керегенің басында тек той-тамашаға ғана сәндікке ұстайтын сабы еліктің сирағынан жасалған, бүлдіргесі бунақ-бунақ, бүктелер тұсында бір уыс шашағы бар қырғыз өрім қамшы салбырап ілулі тұрады. Атам өзінен басқаға ұстатпайды. Соны «бір қойға алдым», – деп салмақтайтын. Соған қарағанда өзі дәл ондайды өре алмайтын болғаны ғой. Мына қырғыз қойшыға не десем екен? Атамның бағасын түсірмеуім керек қалай да!

– Оны әлі үйрене қойған жоқпын, – дедім екі ұштылау мінгірлеп.

– Күнде осылай отарды жанастыра жайсақ, өрісте отырып-ақ үйретуге болады, – деп жібектей етіп тілінген жыпырлаған өрімге «түфф» деп түкіріп қойды. Тегі, ұстай-ұстай қолым талып кетті. «Жоғары ұста, көтеріп ұста», – деп қояды. Миы шатаспай қалай жөнін тауып өріп отырғанына қайранмын. Шым-шытырық айқастырып, әр талын шыжымдап тартады кеп. Дәл ортасында добалдай жұмыр қайыс өзек қалып келеді.

– Сен білесің бе, екеуміздің ата-бабаларымыз мұндай қамшының тұйықталар ұшына қорғасын қосып өрген,– деді сосын ол көзін қой жаққа бір қыдыртып қойып. – Бірақ оның күні әрменге кетсін. Белгілі ғой неге өйтетіні. Бір сілтегенде-ақ сілейіп түсесің. Ең аяғы қамшының қайыс өрімі де қаруға айналған, не заман өтпеді дейсің, туысқан, ә.

– О-о-о.. отырысыңа болайын телміріп, – деген дауыстан селк ете қалдым. Апам екен. – Қойды қосып жаюға келіскенбісіңдер, түте, немене. Ана тұмсықтың айналма-

сында бір шеті араласы-е-ееп жатыр әшейін.

Қырғыз жігіт қатты қысылып, қипақтап қалды. Апамның алдында ақтала бастады:

– Енеке, кешіріп қана қойғайсыз. Баланың қолын байлаған мына мен едім. Қойлардың үстірттегі қарасына қарап арасы әлі алыс деп алданып отыра беріппіз ғой інішек екеуміз, – деп қайыстың қиындылары түскен үстібасын қаққылап елпектеді.

– Жарайды, «болар іс болды, бояуы сіңді», енді жайырақ қораға барған соң бір-ақ бөліп аларсың, – деп апам ашу шақырмай жайма-шуақ айтты. Сосын маған қарап:

– «Ақтастының» арғы айналмасы қорым тас қой, соның ара-арасы аяқ баспаған көк-жасыл киікоты. Біздің қақсал қойлар соған бастап кеткен, көрмейсің бе. Ылди-дан тырмысып бұлардың бастауық саулықтары да келіп сұғынған. Не де болса, бәрін бірдей тырқыратып қуып әкеп, жазықтағы өзіміздің отарға қостым. Бұлар жастар ғой, өздері келіп бөліп алар, – деді.

– Әлбетте, әлбетте, абдан дұрыс, – деп қырғыз шопан басын изей берді.

Қой қораланғаннан кейін қасына келіншегін ертіп, қырғыз шопаны келді. Қосағы кер маралдай керілген, аппақ сазандай, ұсынсаң қолың жетпейтін сұңғақ бойлы екен. Басында бір тартар жібек орамалы бар, қынама бел қызыл қамқа кеудешесінің алды небір күміс салпыншақтарға толы. Ырым ғып кемпірлер қадай берген сияқты. Жүгіріп қойға ұмтылған сайын сыңғыр қағып, отарды одан әрмен үркітеді.

– Айналайын, келінжан, сен екеумізге ешқайсысы сирағын ұстата қоймас, одан да біз қойды қоғамдап, иіріп тұралық та, – деп, апам оны қолынан жетектеп шетке шығарып әкетті.

Атам өңкей кесек тұз әкеліпті. Қораның әр-әр жеріне жалтыратып тастап қойды. Шопан жігіт екеуміз оның қойларын қуалап ұстаймыз деп теңкиіп жатқан кесек тұзға талай рет сүрініп жығылды. Жабылып іздеп жүріп, тауып, көзге көрінген отыз шақты қойды әрең қосақтадық.

– Жә, енді, балалар, қоя қойындар, қараңғы боп кетті, бірен-саран қалғаны болса ертең өрісте-ақ өзім бөліп

шығарамын, – деп атам қосақтың ұшын күрмеп байлап, бекіте бастады.

– Үйге кіріндер, қарақтарым, дәм ауыз тиіндер,– деп апам ерлі-зайыпты екеуін зорлағандай қылып ертіп жүрді.

– Ерулік беру біздің ретіміз еді, ұят болды-ау, – деп келіншегі күйеуіне қарап жалтақтады.

– Ешқандай да ұят-пұяты жоқ, жарықтарым, қайта үлкен адамдар жол көрсетуіміз керек. Аралас-құралас тілеулес елміз, бәрі де әйтеуір, үкімет малының қамы ғой, бірігіп бағып жатқанымыз.

Апам аузы тынбай сөйлеп келеді. Жол-жөнекей аяғына жабысқан қойдың киын түп-түп бетегеге үйкеп, сүртіп-сүртіп қояды. Даладағы жерошақтың жарығы киіз үйге де жетіп тұр. Шатыр-шұтыр етіп майы тамып маздаған тобылғының қызуы қара қазанды қояр емес. Майсінді қақпағы жартылай ашық. Еттің көбігін қалқыған кепсердің күйген сабы сораяды шұңғыл табақтан.

– Ал жоғары шығып, жайғасып отырындар, шырақтарым, – деп, атам да бәйек болып жатыр.

Қырғыз шопанның келіншегі есіктен екі бүктеліп әзер кірді. Босағаны аттап барып, иіліп сәлем қылды.

– И-ии, айналайын-ай, құдай тілегінді берсін, бақытты бол!– деп апам да, атам да қосарлана ақ тілек жаудырды.

– Өрістес болып жатыр екенбіз, эке, баққан малымыз майдан баспасың, – деп атам малдасын құрып тастап, арқасын абдыраға тақай отырды.– Аты-жөніңді мына менің бала-шағам біліп те алған шығар-ау. Сосын ғой қойларын қосып жібергені. Мен де таныс бола отырайын, «Мыңның жүзін танығанша, бірдің атын біл» дейді біздің қазақ.

Қырғыз жігіті алға ұмсынып, дастарқанға икемделіп отырды.

– Кеңесбек Бейшеналиев боламын, ата. Келініңіз Кәдірқыз – қазақ жұртынан. Қордайдың Алмалы деген аулынан.

– Міне, қызықты қара! Қарап отырмай құда болып шыға келдік, ботам,– деп, атам астында бүктеулі жатқан керзі етікті екі аяғын дастарқанның шетін көтеріп, ортаға

қарай жантайта еркін көсіліп жіберді...— Менің қара балам жездесініп отыз қойынды білгендей-ақ қосып алған екен ғой, бәсе. Қара тентегім мал жаюдың мәнісін біледі. Қалай ғана қосып алды десем...

Жымың-жымың етіп жақсы лепеске жаным семіріп қутындап қалдым. Атам, тегінде, аты-жөні жоқ жарыла бермейтін адам. Сырты суық, жаны жылы. Мақтау сөзге мырзалығы жоқ. Ең бір қатты риза болып кеткенде ғана тақыр басымнан жалпақ алақанымен сипап қойып: «Жан сақтап отырғанымыз осы қара домалақ қалқам ғой менің»,— дейтін. Бар еркелеткені сол-ақ. Ал ашулана қалса, адам баласына бермесін қаһарын. Құлағынан бұрап тұрып, асау жылқының өзін де жығып тастайды.

Шай ішіп, маңдайы тершіген соң, атам керегенің басында ілулі тұрған қолдан шабылған шанағы шағын ғана домбыраны алып, қырғыз қойшыға ұсынды. Ол азар да безер болып, басын шайқады. Келіншегі балаша сықылықтап күлді.

— Жоқ, әлде, келін баладан бірдеңе шығар ма екен. Күйеу жігіттен қайран болмады, — деп атам енді өзі домбыраның құлағын сықырлатып бұрай бастады. Біраздан бері көшіқон әуресімен қол тиіп, шертілмеген қос ішек те құмығып, тұмауратқан кісідей қарлығып дыңғырлайды.

— Біздікі әшейін үйге келген қонақтың арқасын қоздыру, — деп атам шертіп-шертіп қалды. Токпақтай қолдың салмағымен керемет бір қоңыр сарын саулап қоя берді. Өзіндік бір шертері, бір айтары бар атам тек өзіміздің үйде ғана ептеп дауыс кенейтін. Сол әдетіне бағып ескілікті әуендерден екі-үш шумақты сыдыртып шықты.

— Әй, балдар тұрғанда саған не жоқ,— деп апам кекесінмен күліп еді, қырғыздың келіншегі:

— Айтсын, апа, айтсын,— деп желпіне кетті.— Ән деген жан серік, көңілге демеу, қойға күзет қой.

— Өне, келін-бала ән-жырды түсінетін елдің топырағынан, көрмеймісің,— деп, атам екі иығын қомпандатып, жастарша ширығып, көтеріліп қалды. Қарағым, кемпірім қақпайлай берген соң, көпке бармадық. Әйтпесе қырғыз-қазақты жырына қандырған, сендердің қырғи тілді Қатағандарыңмен

айтысқан атақты Сүйінбайдың-ақ аулынанбыз. Әуелі әкеміз сол жарықтықтың сарқытын ішкен.

– Арқалы ауылдың адамдары екенсіздер, ата, – деп шопан жігіт әлденеге бекінгендей болды. – Биік тау мекендеген халық әсте тегін болмайды. Өйткені асқар шыңдарды жайлағандардың төбесі аспанға тиіп тұрады емес пе. «Төбем көкке екі елі тимеді» деп, қырғыз-қазақ қатты қуанғанда айтқан. Ендеше, мына біздің үйдегі келіндеріңіздің – сіздердің қыздарыңыздың төбесі төркіндерін көріп көкке екі-ақ елі жетпей тұр. Кененнің – екі елді тел еміп өскен Кенекемнің кербез әндерін құлағына құйып өскен ол әзер шыдап отыр.

– Әй, берекелде-е-е, бәсе, бәсе, екі көзі домбыраны тесіп, теңселе тыңдағанынан-ақ бірдеңені сезген едім, – деп атам айран-асыр шаттанды. – Қысылма, күнім, басқа байлығымыз болмаса да желпіне білетін көңіл байлығымыз жеткілікті. Түндігіміз өлең-жырдан көтеріліп-басылып жататын қазақпыз. Мә, ұста, күмбірлет те, күйеу баланы ұялт!

Кәдірқыз домбыраны қымсына қолына алды. Кәдімгі құндақтаулы баланы бауырына басқандай болды. Сондай еппен, салтанатпен қастерлеп ұстады. Нақ бір көгеннің бұршағын түгендегендей-ақ пернелерді қыл мойнынан сонау сағағына дейін саусағымен саумалап басып шықты.

– Ой, тамаша тарта біледі ғой, – деп тандана апама сыбырладым.

– Жарайды енді, тыныш, тындайық, – деп апам иығымды қолымен басты.

Бәріміз құлаққа ұрған танадай тым-тырыс тыңдап қаппыз. Жаңа атам тартқанда тұмаусыраған қос ішек құйқылжып, жорғалап жосылып жүріп берді дерсің. Оған мақпалдай жұмсақ, мөп-мөлдір үн қосылды іле-шала. Әсіресе қайырмасы қара өзекке түсіп кеткендей: «Алатау аңсадым-ау, асқар белін, Қордайдың көкседім ғой қоңыр желін», – деп үздіктірді. Жүрек сыздатар сағыныш бар екен.

– Қайран, Кенекем ғой туған жерін аңсап жүрген, – деп, атам абдырап қалды. – Он алтыншы жылы патшаға әскер бермейміз деп бүкіл қазақ жұрты көтерілгенде, өзінше қарсыласып қырғыз асып, бауыр басқан Ыстықкөл жақты

паналаған. Сондағы елін, жерін әуентге қосқаны ғой.

– Түу-уу, бұлбұл көмей әнші екенсің ғой өзін, – деп апам көзіне орамалының ұшын апарды.– Қойымыз қосылып кеткені қандай жақсы болған. Қайным, Орданым екеуің өрісте өстіп ылғи да қамшы өре беріндерші.

Апамның сөзі қырғыз өрімді қайта есіме салды. Мына Кәдірқыздың домбыра шертісі, тамылжыта ән салуы тұп-тура сұлу өрім ғой. Әдемі ән өрнегі де күрделі қырық бұралған қырғыз өрім қамшы сымбатына ұқсайды екен-ау өзі. Қалай-қалай мың құбылғады. Сәніне әні сай бұл неткен ғажап келіншек! Кім біледі, бәлкім, қобыз да тартатын шығар. Домбыраны майдай ерітетін мынау сүйріктей саусақтар бетіне тисе, қырғыз шопан аттан ауып түсетіні кәміл.

– Бүгін бір қырғызша турайыншы, – деп атам етті қиықшалап құмдай қылып үкті. – Екі ел қыз алып, қыз берісіп жатқан соң, «Ақыл ауысады, ырыс жұғысады» дегендей. Сендердің көп нәрселерің жанымызға жақын. Ең алдымен ән біткенді ұйып тыңдаймыз. Манасты Жамбыл тәтеміз де таңды таңға ұрып жырлайтын. Боза-мақсым қандай! Қырғыз өрім қамшы қандай! Көкпарымыз да жарасқан. Төрт түлікке адал, тақымы берік малсақ қырғыз жұртшылығынан жекжаттарымыз да көп. Мына рахат совет заманында «қойымызды құрттап, айранымызды ұрттап» шалқар өрісте ирек қамшылап, қуаныш-бақытқа кенеліп жүріп жатқан жоқпыз ба, қарағым.

Атамның айтқандары тура тарих сабағынан беретін Қабыл мұғалімнің сөзіне ұқсап кетті.

Бірақ несі бар. Хат танымағанмен, көкірегі даңғыл атамның. Қойдың кіріс-шығысын есептескенде, қағазға шым-шытырық жазып отырып жаңылатын дипломды мал дәрігері Садырдың өзі далада қалатын. Мың қаралы қойыңды ауызша иіріп, жусататын әулие Әбекең атанған. Және түп-түгел түсінен жоқтайды. Соғыс кезінде жұмысшы батальоныңда болып, күбіртке түскен моқал бас бармағын басып-ақ үй-ішіне амандық хабарын білдіретін ақылы дария атам ғой бұл.

Үлкен астың артында тағы да ән айтылды. Қыза-қыза

келіп Кәдірқыз қазақшадан қырғызшаға ауысты. Домбыра шіркін иесін таппай жүр екен ғой. Сандуғаштай сайрап кетті. Небір шыбын жанды шүберекке түйгізген сұмдық әндер бой шымырлатты. «Ой, бұлбұл», «Ақ маңдай гелин», «Күншығысым», «Он сегіз жаш» деп сызылтқаны қолқаны, үзгендей. «Сағынғанда бір келерсің, сарғайғанда бір келерсің Алатаудың бауырына», – деген күміс қоңырау даусы жан алқымға алып, жұдырықтай жүректі бұлқындырады. Осыларды айтқанда апам да, атам да көңілдері босап, бір түрлі езіліп сала бергендей болды. Сосын артынан күлді-ай кеп.

– Қой, шал-ау, қара басып мұнымыз қай сасқанымыз, өз Алатауымызда отырып, қазанымыз ошағымызда, баламыз бауырымызда, – деп апам мені айқара құшақтап, аймалап көкірегіне қысты. – Құлыным-ау, әшейін, құртақандай болып сенің де жанарың жасаурап кетіпті ғой.

Ән атаулыда бір сиқырлы құдірет бар екенін пайымдай бастадым. Ол не құдірет айтып жеткізе алмаймын. Тек қырғыздың келіншегі Кәдірқызды тыңдау керек қасына отырып.

Сосын бәрі біраз абыр-дабыр шайға бас қойып, әр нәрсені әңгіме қылып отырды да тарасты.

– Ертең ертемен қойды өргізіп кеткен соң, Ордан өріске айдап апарып береді ғой, қосақтаулы қойларыңды, – деді атам қоштасарда.

Мен түнімен тыпыршып ұйықтай алмадым. Көзімді жұмсам болды, домбыраның даусы дірілдеп тұрып алады. Көз ілсем, біздің үй класс сияқтанып кетеді. Бәрі қос ішекті бір-бір шертіп шығады. Қасымда отыратын Үкіжан ғана таласпайды. Парталасым қоңыр қозыдай момақан. Қыпқызыл галстугін әдемілеп түзеп қойып, қара тақтадан көзін алмайды. Сабырлы, салмақты өзінше. Қоңырауды асыға күтіп Ондасын екеуміз тықыршимыз. «Турникте басымыз қалады ғой бір күні». Бұл кластас қыздардың сөзі. Күн боп айнал, деп айтып алады да, артынша өздері қорқады. Ой, пәлекеттер-ай!

Көз алдыма бір қыз келді. Өсіп, дем арасында сорайып барады. Үкіжанға бойы онша ұқсамайды. Тіп-тік. Үп-

ұзын. Ақ сазандай аппақ. Кер маралдай керілген. Керегеден сұраусыз-ақ домбыраны алып, күмбір дегізді. Отырысы кербез. Қағысы да сондай керім. Ән айтпаққа аузын ашып еді – тістері аппақ қаладай екен. Қап-қара қасы керіліп-созылып, үні күмістей сынғырлап қоя берді. «Әйбәт ән екен», – деді бір дауыс. Атам екен. «Абдан айбат обон» – деді тағы бір үн. Қырғыз жігіті. Қабағы қатулы. «Қайтсін-ай, байғұс, қосылғандарына көп болыпты. Бөпелері жоқ. Бастары жас, болат-тағы», – деген апамның жанашыр сөзі араласып кетті. «Апа, апа, мен бұларға бала болайыншы» дегім келді. Даусым шықпады. Жылағым келді. «Қандай жақсы тәте. Қандай сұлу тәте. Қандай әнші тәте...» Ән бірде қырғызша, бірде қазақша әуелей берді, әуелей берді. Маңдайдан тік түскен қыр мұрны қусырылып, қарақаттай көзі жапақтап, әлденеге жазықты адамдай жүзін төмен салып, бүкіл болмысымен егіліп ән төгеді...

Орнымнан атып тұрсам, әлі тастай қараңғы екен. Апыл-ғұпыл киініп, далаға жүгіріп шықтым да, қырғыз шопанның қосақтаулы қойларын ағытып-ағытып жібердім. «Келсін тағы, күнде келсін, әйбәт ән, әйбәт тәте...» Тәтті ойға қайта күмп бердім... Өрмекшінің торындай шымшытырық өрімдер... әйбәт ән өрнектері... Дөңбекшітіп барады, дөңбекшітіп...

Наурызда түскен келін

Шиқ етіп есік ашылғанда қорадан дүркіреп бір топ уақ мал сыртқа бет түзеді. Жайбарақат жайылып қалған жалғыз ақ бұзау ғана.

– Неге осылар бұзауын көшенің сыртына арқандамайды, түге. Көршілерге барып жайыл дегендей-ақ ноктасын сыпырып, осылай қарай айдап қоя береді. Өк-ей, өк! Осы жұрттың өрісі біздің аула! Өк!

Ұлтай ерні жыбырлап огородына түскен бұзауды қолындағы тарсылдақ қураймен жасқап, айдап жүр. Айбатсыз адамды мал екеш мал да біледі, қара саналы неме,

жөнге көнбей, жонын беріп, үзіп-жұлқып жайылып, тұқыл мүйізін шайқап, айналсоқтап шықпайды.

Осы мезетте мал иесі, толықша аққұба әйел Нағиман көрші көзі шалып қалып, айғайға басты.

– Әй, Ұлтай, сорлы-ау, жабайы жоңышқа басып кеткен иесіз огородыңды сонша несіне қорисың, ә? Жайылсын да аяқты мал. Жоқ әлде қақа тұяқ қара ешкің тышқақ лағымен аштан өледі дейсің бе?

Ұлтай да қайбір жетісіп жүрген жан. Ашуы тіл ұшында. Дереву дауыс көтерді.

– Е, несі бар, қорыса? Бүгін бітпесе, ертең бітеді бізге де төрт түлік. Дүние кезек. Бошан келсе әлі-ақ батып қалмаймыз ба мал мен баққа. Қоримын ер-азаматымның қара орманын. О несі-ей?..

«О, бейшара, бейбақ, – деп Нағиман өз ауласына жеделғабыл бұрылып беттей берді. – Атам-заманда сүйегі қурап қалған байын айтып қоймайды байғұс. Өлмесе келмей ме ендігі кебенек киіп».

Ақыры итшілеп «топалаң келгір» бұзауды ауладан эзер айдап шығарып, үйіне енген Ұлтай да күбірлеп сөйлеп жүр: «Бір күні солаң етіп есіктен кіріп келсе не бетімді айтамын. «Ұлташ-ау, мынауың не, үйдің айналасы шошқа аунағандай ку тақыр ғой» десе, өлгенім емес пе?!»

Аузы-басы жыбырлап әлденені айтып тынбай жүр. Түпкі үйдін есігі аңқайып ашық қапты. Өзі ме, әлде қараңқалғыр қара мысық па, шалқайтып кетіпті. Тұтқаға жармасып сүйрете сықырлатып жаба кірді. Қанша ұмтылса да қане, ішке ене алсашы. Етегінен бүре ұстап біреу жіберер емес. «Ой, әдірем қалғыр, бұл кім өзі?» – деп етегін сипалай артына қайрылды. Ешкім жоқ. Сөйтсе, есікті жапқанда етегін де қоса қысып қалыпты. Бұрқылдап жүріп босатып алды.

Үйге кіріп, төр алдында төсеулі жатқан құрақ көрпеге «үһ» деп отыра кетті. Жаңа әлгі қашаны бұзып-жарып аулаға кірген көршінің бұзауының қорлығын қарашы, соны қуып шығамын деп кәдімгідей-ақ еңтігіп қалыпты. Кішкене жантайып жан шақырайын дегендей айналасынан басына жастайтындай бір нәрсе іздеді. Оңай-оспақ ешнәрсе

қолына іліге қоймады. Сосын кирелендей тұрып барып ағаш төсектен жастықтың бірін алып, басына жастап, қисайды. Бетін күнбатысқа қаратып жатқан қалпы кіртиген көзін төсек жапқышқа қадады. Сол сәт бояуы қашқан боп-боз көнетоз шілтер жастықтағы зіл-батпан басына әрқилы ой салып, жан-дүниесін әлем-тапырақ қып жіберді.

– Менің жалғыз-ақ уайымым бар, – деді Бошан майданға аттанып бара жатып.

– Артымда тұяғым болғанда, – демексің ғой, ә.

– Жоқ.

– Күтіп отыратыныма көзің жетпейді...

– Тү-үү, ол да емес.

– Сонда не енді?

– Сағынып жазған есіл хаттарымды сен қор болғанда оқи да алмайсың-ау!..– деп ол мұңайып кеткен-ді.

Ұлтай бірақ жауынгер жарының ұрыс даласынан жолданған үш бұрышты сәлем хаттарын жауапсыз қалдырған емес. Көрші-қолаңға жалынып-жалпайып жүріп, өзіне ең ыстық бар-жоғы сегіз әріптен тұратын «Бошантай» деген есімді ақ қағазға түсіруді үйреніп алды. Жатпай-тұрмай соған қолын жаттықтыратын. Әрбір сөзі қорғасын исі аңқыған солдат жүрегінің лүпіліне өз тарапынан жазған хаттары Ұлтайдың ғаламат қызық еді. Ақ парақтың іші-сыртын бос орын қалдырмай «Бошантай, Бошантай, Бошантай...» деген сөздерді сыйғанынша толтырып жазып жібере беретін, жібере беретін. Және оған жауап та келетін.

– Хаттарыңды үзбей алып тұрамын, – дейтін Бошан үшбу сәлем сайын. – Жанымдағы қарулас жігіттер ішін басып тұрып күледі-ай көрсетсем. Бірақ мен үшін бұл ирек-ирек қол таңбалар қандай қуаныш, қандай бақыт! Жай ғана қатардағы солдат Бошаныңды «Бошантай» деп генералдай әспеттегенінді түсінемін, Ұлташ! Осынау бір жалғыз ауыз сөз арқылы туған жердің түтінін иіскегендей боламын. Қуаттанамын. Мен айбақ-сайбақ жазылған хаттарыңның бәрін де тығып, сақтап жүрмін. Кейін, соғыс біткен соң, елге оралып, жеңіс салтанатын тойлаған ақжолтай күндерде бұл дегенің қымбат ескерткіш болады.

Баламыздың баласы бір ауыз сөзбен-ақ ауыл-аймақтың, ағайын-туғанның амандығын білдірген Ұлтай деген әулие әжесінің тапқырлығына табынып өседі әлі!

Ұлтай басын жалма-жан жастықтан жұлып алып төсекке тақап барды. Ақ шүберекке қондырған жапырақ-жапырақ гүлдер солмастан ықылым жылдар бойы жар төсегін күзетіп келеді.

– Түү-уу, қалай сен ерінбейсің, – деп Бошан үлбіреген ақ болатнайға айқыш-ұйқыш өрнек салып, ине-жібін оңтайлай беретін келіншегіне сұқтанушы еді. – Мына бір емшек-емшек дөңгеленген не нәрсе тағы?

– Күн ғой жаңа көтеріліп келе жатқан, – деп Ұлтай миығынан жұмсақ қана жымиятын. – Алатаудан қылтиып бері асарда шапағы шашырап сәулесі ауылға сау етіп төгілмеуші ме еді. Қызыл жіп-шашақтар. Терезеден құйылып екеумізді оятып тұрсын. Әсіресе мына сені...

Бошан сондай ұйқышыл болатын. Ұлтай күнде таңертеңгісін оны жұлмалап жүріп эзер дегенде оятушы еді.

– Тұрсаңшы енді, әне, өзіндей жұрттар жұмысқа кетіп барады, – дейтін келіншегі еркелей шашын ұйпалай.

– Қай жерге жетті олар? – дейтін өзі жылы төсекті қимай көрпеден басын ғана қылтитып

– Анау көшенің басындағы ақ қурайларға.

– Е-е, онда кішкене жата тұрайың, – дап Бошан басын қайта бүркеніп алады. Содан біраз уақыт өткен соң: – Енді қашан, тәңірім-ау, кеш қалдың ғой, – деп Ұлтай тағы кеп жұлқылайды. Бошан басын көрпеден әрең шығарып:

– Қай жерде кетіп барады? – дейді.

– Әлгі бір топ шая тікеннен асты,

– Жарайды, қазір-ақ қуып жетемін ғой, – деп Бошан ұйқысырап қайтадан көзін жұмады. Тағы біршама уақыт өтеді. Ұлтай оны төсегімен шайқап сілкілейді. Анау көзін сығырайтып есінеп жатып:

– Қарашы, қай тұста екен? – дейді.

– Қай-да-аа, олар сонау Ақжардан да ұзады, – деген

Ұлтайдың даусынан реніш білінеді. Сонда Бошан ұялмай-қызармай:

– Түһ, тегі-ай, неге бағана ертерек оятпайсың, Ұлдаш-ау, енді несіне барамын,– деп теріс қарап жата кетеді.

Келіншегі кілт бұрылып, дереу үйдің іргесіндегі күндіз-түні тынбай сылдырап ағып жататын арықтан бір шәугім суық суды әкеліп Бошанның мойнына сорғалатып тұрып құйып кеп жіберетін. Қосағы сақылдап күліп атып тұратын. Сосын дереу апыл-ғұпыл киініп ап, сонау көз ұшына ұзап кеткен шөпшілердің артынан құйын-шыбын боп жүгіретін. Ұлтай балаша мәз боп, сықылықтап күліп қарап тұратын. Сөйтсе, олар мүлде бала екен ғой ол кезде. Өздерінше үй болып, бас құрағанда Ұлтай он алтыда, Бошан он сегізде болатын. Қырық бірінші жылдың наурыз айында босаға аттаған айдай сұлу Ұлтайға бүкіл Бұрған ауылы сұқтана қараған. Ал сырғасы алма мойнына нұр тамшылатып тұратындай аққудай кербез келіншек сәлем жасаған сайын жұрт наурыз айында шымылдыққа отырған қыз тоқшылық, береке ала келеді деп ырымдап, құтты болсын айтысқан. Уызбен, наурыз көжемен өткен той көптің есінде қалды. Қара торының әдемісі екен десіп, беташардан кейін Бошанның қондырған құсын үркітіп алмайықпен небір әндер айтылған. Жеті түрлі дәм-тағам араласқан наурыз көжені тайқазаннан тойып ішіп, арақ-шарапсыз-ақ үйлену тойының қызық-шыжығы тауық шақырғанша тарқамады.

Ұлтай төсек жапқыштың етегін еппен ұстап, маңдайына басты. Бошанның көздері сияқты дөп-дөңгелек гүл-кесте бетіне тигенде бой-бойы босап, жанары бұлдырап кетті. Ет-жүрегі езіліп, бауыры балшықтай иленіп жүре берді. Дауысы қалай шығып кеткенін өзі де білмей қалды.

– Боша-н-еем, енді қашан... Қырық жыл қырғ-е-еен болса да кебенек ки-ген келеді деуш-е-еді. Қырғын біткелі қашан! Болды ғой, міне, қырық... Осыншама күзеттім орныңды. Төсегің сол салулы қалпы. Сен көргеннен жалғыз-жапырақ үлбіреген төсек жапқыш-шілтер қалды. Басқамыз тозы-е-еп біттік қой... Жайсаң-е-ем, тәңір-е-ем. Не бір бала бұйыртпаған, не бір... бой-бо-о-ой-ии...

Жылаған дауысты құлағы шалып көшеде ілбіп өтіп бара жатқан Есенбай деген қария қалт-құлт етіп үйге кірді. Ұлтай бода-бода болып, аппақ кудай өлең шашы шашырап, бет-жүзін жауып кетіпті.

– Қой, қарағым, Ұлтай, – деп келіп арқасынан қақты қарт. – Қайтесің, өшкенді жаға алсаң да, өлгенді тірілте алмайсың. Қараптан-қарап жүріп те қайтыс болады адам баласы деген. Оның жанында Бошан елін қорғады. Обалы пәшіс атанған иттерге. Немесе жердің бір бұрышында жолы түспей жүрген шығар.

Ұлтай үнін бәсеңдетіп, әксігін баса алмай, булығып, мұңын шақты.

– Жәке-ай, шынында шерменде жан екенмін-ау. Қосылғанымызға бес ай толмай жатып Бошанды жұттым. Бауырыма басқан бала да жоқ, Әне келеді, міне келедімен бүкіл ғұмырым өтті. Есігінде қара иті, қара мысығы, қорасында қара ешкісі, қара тауығы бар қара кемпір атандым. Қандай күні қарауылдап тұрып қарғыс атты екен десеңші мені! О сормаңдай, сорлы басы-е-ем...

Осылай деп ол ал кеп еңіреді, ал кеп еңіреді. Есенбай қарттың да жүйе-жүйесі босап кетті. Осы ауылдың қыбырлағаны көз алдында өскен Есенбай қарттың көзінше армансыз бір шерін тарқатты. Қайғынды, қасіретінді түсінетін көз көрген адам болған да жақсы-ау! Соғысқа кеткен боздақтарды өз баласындай түстеп білетін мынадай қария алдында емін-еркін жылап алғанның еш сөкеттігі жоқ. Соны жесір кемпір біледі. Әдейі сәгілді, әдейі егілді.

– Отырыңыз, шай қоямын, – деп Ұлтай көзін жуа бастады. – Нағиман да бағана аузынан қағынып, жүрегімді тырнап жіберді. Ессіз жатқан жабайы огородыңды несіне қорисың дейді жаман қар. Әйтеуір, ағайынға жақпайсың ғой. Жоңышқаға іші кеуіп өлсе егер, бұзауын даулар еді жалмауыз неме.

Екеуі шай ішті. Тершіп, маңдайлары жіпсіген соң, жаймашуақ шүйіркелесті.

– Қарағым, сен неге бармай қойдың орталыққа? – деп тоқсанның терезесін қаққан қалың қасты Есекең Ұлтайдың қызарған жанарына тесіле қарады. – Жұрттың бәрі жапатармағай жайлы үй-жайға көшіп жатыр ғой бұл күнде.

Суы да, жылуы да ішінде көрінеді. Соның біреуіне кіріп алуың ғой.

– Бекер обалы қане, сельсоветтен адамдар келіп, совхоздың орталығынан үй бөлінді, сонда тұрыңыз, – деген. Бірақ көңілім шаппады. Бошанның шаңырағын қаңыратып, қалай тастап кетем дәтім барып. Жалғыз өзіме осы там да жетеді. Ұядай. Жанды-жақты бала-шағасы бар семьялар кірсін өкіметтің ол үйіне. Бір басыма кең сарай неме қажет. Қай ырысым сыймай бара жатыр...

Ұлтай осылай деп бір тоқтады да қайта шешілді.

– Ой, жәке-ай, сіз біле бермейсіз ғой жесірдің күйін жалғызіліктің үйін. Мені қаншама адам айнытпады. Соғысқа кетсе қайтып оралмайды деп ойлайтын небір көр-соқырлар жер басып жүр емес пе! Көздеріне шұқып, талайын сүмірейтіп қуып шыққан күндер болған. Бертін келе де айттырушылар көбейді. Пәлен жыл өтті, соншама су ақты, жауынгер рухы риза, енді ұрпақ өсірмек парыз екенін құлағыма құйғанда да иілмеген мен бейбақ... Тек Бошанымның тұқымын көбейтсем деп едім. Жеткізбей келеді қу тағдыр!..

Оның дауысына діріл араласа бастағанын байқап қалған сарабал қарт тағы жылап жіберіп бәле болар дегендей:

– Жаңағы өзің айтқан Нағиманның отағасы қарайласып тұра ма? – деп Ұлтайдың өксігін басты.

– Қай-да-аан. Әлгі «ағайының бар болса көре алмайды, жоқ болса бере алмайды» деген рас қой. Әуелім, әскер сімиясына деген маған тиесілі өкіметтің ай сайынғы көмегінен қарыз сұрап алады. Жұмыр басты пенде байыған сайын қалтырауық болатыны бар емес пе! Қайта аталары алыстан қосылатын Асанқұлым жарайды. Оның келіншегі Дәнехан бір айналып кетейін ғой. Мың болғыр соның мінезін-ай. Сондық ниетіне берген он баласы үйдің апыр-топырын шығарып асыр салып жатса да мыңқ етпейді. Екі бетінен қаны тамып жымиып тұра береді. Не деген пейіл десеңші, шіркін!

Бір күні сол Дәнехан жүгіріп келіп:

– Апа, апа, үйіңізге жарық түсіріп берейін бе? – дейді.

– Оны кім түсіреді екен? – дедім қайтер екен деп.

– Біздің үлкен бала электріктің оқуын бітіріп келді. Қазір-ақ сым темір жүргізе салады,– деп жылдамдатып барады.

– Жо-жоқ, әуре болмаңдар, әкетайлар, – дедім. – Елпілдеген ниетіңе құлдық, айналайын. Жалғыз басыма соншама жарықты самаладай жайнатып не қылайын. Бошан барда жаққан май шамның жарығы да жетіп жатыр маған. Соны сөндірсем болғаны.

Есенбай қарт шүйкедей қара кемпірге бір түрлі елжіреп, есіркей қарады. Жұрт кейде Ұлтайды былай... аздап шалықтаған дейтін. Сөйлепті олар! Тәңір қосқан қосағына адал жар дәл осындай-ақ болар.

Ұлтай өз-өзінен тұнжырап үндемей қалды. Ауыл ақсақалы алдынан әлі күнге қия өтіп көрген емес еді. Енді кеп санылдап сырын айтып ақтарылып жатыр. Ұят-тағы-ай! Бірақ, не керек, іші кәдімгідей босап, шері тарқап қалған сияқты. Тұла бойы жеңіл тартып, қою шайды ұзақ сораптады.

Есекең де емін-еркін отырып кесені бірінен соң бірін төңкерді. Құлазып жүрген бұл да бір мұңлық қой, кішкене дабырласып, ермек боп жалғыздік жанды желпінітіп қояйын дейтіндей сыңайы байқалады. Біртоға, артық сөзі жоқ ауыл ақсақалы терең тамырлы адам. Бүгінде туажаттары көріп отыр. Жігіт адам бір сөзді болу керек дейтінді пір тұтатын бұл кісі қаладағы немересі ауылға келген сайын:

– Осы сенің оқуың не оқу өзі?– деп сұрайды.

– Мен бе, мен бала оқытатын боп шығамын, – дейді ол масаттанып.

– Сонда, сен, не, сот болмайсың ба? – дейді атасы.

– Жоқ, мұғалім.

– Е-е, жөн. Ал неге сен сот болмайсың?

– Біз енді мұғалімдікті оқып жатырмыз ғой. Балаларды тәрбиелейміз. Оларға білім береміз, – деп немересі өз мамандығы туралы бірқауым уақыт түсіндіреді.

Ал Есекең тағы біраз отырып-отырып:

– Сонда, сен, не, сот болмайсың ба?– дейді. Немересі басынан бастап қайтадан айтып, қайтадан түсіндіреді. Атасы басын шұлғып қойып, тындап отыра береді. Оу бір мезетте жаңағы сауалын қайта қояды жарықтық:

– Сонда не, сен, сот болмайсың ба?

Немересі қаладан келген сайын қарттың қоятын сұрағы сол. Бір ауытқымайды. Жаңылмайды да. Одан басқа кәсіпті мойындамайтын сияқты. Сөйтсе, ақыры атама қерегі осы екен деп немересі соттың оқуына ауысып алыпты ғой.

Міне, сол Есекең шайын әбден қанып ішіп алып, дастарқанға бата жасады. Аяғын «Бошан боздақтың оты өшпесін», – деп бітірді де бетін сипады. Сосын барып аппақ қардай шоқша сақалын саумалады.

– Келіп тұрыңыз, ата, – деді Ұлтай дастарқанның шетін қайырып жатып. – Бошан балаңыздың шаңырағын демілдеміл көріп тұрыңыз. Жалғыз басты болсақ та дәм-тұзсыз емеспіз, шүкір. Өкіметіміздің қамқорлығындамыз. Мереке сайын коммунист жауынгердің шаңырағын шайқалтпаған жаны сірі жесірі деп пәдәркісін беріп тұрады. Разымын. Оның үстіне ай мүйізді қара ешкі шайға қатыққа жарап тұр. Жемсауы жер сызған қара тауық та күн құрғатпай туады. Қораға үрер ақтабан қара ит бар, пырылдап қойныма жататын көмірдей қара мысық бар. Қаздыып ұршық иіріп отырып таң атырып, күнді батыратын мына мендей тарамыс қара кемпір өмір-бақи осы үйде. Қысқасы, бәрі бар, ата. Тек құрғыр, Бошан жоқ. Әлі келген жоқ. Кешігіп жатыр... Ары-бері көшеден өткенде Бошанның түтіні еді деп бас сұғыңыз...

Есекеңді «ата» деп тұрған Ұлтайдың өзі де еңкіш тартқалы қашан! Екі кемпір бірін-бірі апа дейтіннің кері. Уақыт деген осы.

Ұлтай ауыл ақсақалын сықырлауық қашадан шығарып салды. Әшейін тілі сайрап тұр демесең, тірі аруақтай есіл қартың да қыбырлап әрең жүріп қалыпты. Баяғыда бұлар үйленгенде наурыз көженің екі-үш тостағанын тастап алып: «Келінім, келіскен-ақ кісі екен, шіркін-ай!» – деп төрде таудай болып отырған осы жігіт ағасы дегенге кім сенеді?! Жермен-жексен қау-жапырақ шал үрлеп қалсаң құлайтындай қалт-құлт басып барады.

Қайтып үйге кіріп, Ұлтай шыны-аяқтарды жиыстырды – көңілі кішкене жадыраңқы секілді. Осы ауылдың тірі куәсі Есенбай ақсақалдың үйге кіріп шыққаны қандай

жақсы болды. Неге екенін кім білсін, даусын көтеріп өлең айтқысы келді. Бұ несі? Ненің желігі? Қызыл шайдың ба? Әлде қыдыр шалдың ба? Әйтеуір әлденеге арқаланғандай болды. Өз-өзінен бір өлең жолдары тіл ұшына орала берді. Құдай-ау, мынау бұдан қырық жылғы ызың ғой. «Күйгенім-ай, жауды жеңіп оралшы, сүйгенім-ай!..» Иә, иә, дәл осыдан қырық жыл бұрын теңселіп, бусанып отырып шырқаған бұл. Бошанды әскерге шығарып саларда, ауылда, тура осы Бұрғанда қыз-жігіттер кешінде боздатып тұрып өзі әуелеткен ән:

Жаутаңдамай артыңа жауыңды жең,

Тілеулес боп орныңда жүрейін мен.

Күйгенім-ай,

Аман барып, сау келші,

Сүйгенім-ай...

Үні барған сайын зорая берді. Әлі сол баяғыдай тұп-тұнық, таң атқанша талмайтын баршын даусы бардай сезінді өзін. Төсектің үстінде қаннен-қаперсіз пырылдап ұйықтап жатқан көмірдей қара мысық мына кемпірге бірдеңе көрінген бе, қайтеді дегендей басын қақшаң еткізіп, бақжия қарады.

Әлгінде де бір осылай өз-өзінен зерігіп те, зарығып та үйді басына көтеріп ән айтқан. Қыза-қыза келіп бар дауысын қоя беріпті. Жалғыздың жанына жалау болған шіркін халық әуеніне не жетсін! Бірінен соң бірін шырқаған сайын қайғы-мұны тарқап, жан-жүйесі жібіп, төрт құбыласы түгел жандай-ақ күй кешкен.

Дәл сол сәтті әдейі аңдып тұрғандай-ақ есікті еппен ашып үйге бір топ оқушылар сау ете қалсын. Мойындарындағы галстуктері нарттай қызарып әлгі ұдайы келіп, анау-мынау жұмыстарын тындырып беріп кетіп тұратын қамқоршы қызылші пионерлер екен. Кішкене абдырап, қысылыңқырап қалған Ұлтай кемпірге:

– Апатай, айта беріңіз, айтыңызшы тағы, – деп қызықтай жамырады кеп.

Жүздеріне нұр жауған қолқанаттары қолқалап тұрған соң, аянсын ба, бар өнеріне басты дейсің.

– Тұу-уу, апатай-ай, қандай тамаша айтасыз! Неге кон-

цертке қатыспайсыз. Сізді біз Сүйінбай атындағы мектептің хорына аламыз – деп балалар алақандарын соғып, мәзмейрам болысқан.

Е-е, айтпақшы, бүгін сол балалардың келетін күні екен ғой. Әр сенбі сайын коммунист жауынгердің шаңырағына тобымен бас сұғады. Айналаны мұнтаздай қылып кетеді. Иістері қандай, жұпар аңқиды. Тілдері қандай, бал тамады. Бәсе, бәсе, көкірек шіркін бір нәрсені сезеді-ей... «Жауды жеңіп оралшы, сүйгенім-ай!..» Шаңырақтан ән шалқыды. Ұзақ шалқыды... Осы бүлдіршіндер аман болса, орны толмас не бар дейсің, тегінде.

Дүрия

*Ақ үйден бір қыз шықты көзі күлген,
Үстінде дүрия көйлек шәймен бүрген.
Сол қыздың сұлулығын мен айтайын,
Шаптарын он күн тарап, бес күн өрген.*
Халық әні

Біздің кластан қысы-жазы алма исі аңқып тұрады. Әсіресе алдыңғы партада отыратын ана Дүрияның тоқ бүйір сөмкесі-ай! Аузын ашып-жапқан сайын айналаны жұпар жайлап кетеді.

– Дүрия дәптерін алды, – дейді мұрны қоңқайған, сондықтан сезгіш Пашалы. Оның эзирбайжан деген аты әшейін, әйтпесе үй-ішінде де өз тілінде сөйлеспейді. Қазақша сапырып жатқаны. Ал олардың тілін біз де түсінеміз.

Анша-мұншаны шатып-пұтып айтамыз.

– Қарындаштарын қарап жатыр ішін ақтарып, – дейді Жолдан жон арқасы жыбырлап кеткендей жан-жағына қопарыла қозғалып.

– Кітаптарын салды.

– Сөмкесін жапты.

Дүрия қыбырлаған сайын біздің класс осылайша сыбырласып отырады. Алмадай қыз атанып кеткен Дүрияның

жүріс-тұрысы 7«А» класындағы он төрт ұлдың көз құрты. Арамызда алты-ақ қыз бар. Ал ең құртақандай көрінетіні – Дүрия. Ең әйбәті де...

Қарашы енді бір жерінде битімдей де дақ жоқ дәптерлерін парақтаудың өзі ғанибет. Ұлбіреген сорғышына да сұқ тигендей. Жазуы да машинкадан шыққандай, моншақ тізгендей.

Ал кітабын көрелік: қатырма қаптаулы дүкен заты де де қой. Ырымға қайырылған бет таппайсың. Тек әр жер, әр жерлеріне дала гүлдерін: ақ гүл, көк гүл, сары гүл салып қойған. Мені оқыған Дүрия деп қай кітаптың да жүрегі дүрс-дүрс соққандай.

Қуыршақтай ғана Дүрияның бойында да тарыдай мін жоқ. Екі беті алмадай уылжып көзі күлімдегенде одан асқан әдемі қызды бүкіл мектептен іздеп көр. Таппайсың. Қап-қара көзіне қоп-қою кірпігі шаң жуытпай тұрады. Құдды Балалар әлемі дүкеніндегі «мәмә» дейтін сұлу қуыршақ. Кластың балалары оның екі бетін колхоз бағындағы алманың барлық сортына теңеп болды. Апорт, ақ алма, жүрек алма... әй, бірақ әлі де дәл емес-ау, дәл емес. Колхоз бағында өспейтін алма сорттары да бар ғой. Ал кейбір қолға түспейтін сирек сорт тек Құнтты деген ауылдағы бірен-саран кісілердің жекелігінде өседі. Ондайды біз білеміз. Әсіресе жоғарғы көшеде тұратын Дүрияның ауылдастары мына Жолдан, Тылсымхан, мен... Ол үшін, иә, ол үшін дәл осы Дүрияның өз бағына жорыққа шығу керек. Оларда жұртта жоқтың бәрі бар. Құралайды көзге атқан оның әкесі Жанахмет аңшылығымен қатар жер иіткен бағбан да. Тек огородына тышқан жорғаламайды. Айнала темір тор қоршаудың іші тұнып тұр. Алма ағаштарының арасына электр жарығы тартылған. Мергендігімен аты жалпақ елге жайылған Жанахметтің бағына жанынан күдер үзген біреулер болмаса, кім бас сұғушы еді, сірә. Қырдың қызыл түлкісін қағып жүрген дүрегей тазылар тағы бар. Бірақ, бір қызығы, әккі аңшы көшенің төбет иттері таласып, бір жерін майып қып тастауы мүмкін дей ме, тазыларын үйге қамап ұстайды. Біздің көңілімізге демеу жері осы ғана болмаса, әй, баққа батып кіру қиын-ау.

– Бір тістетші ,– деп Тылсымхан аузынан суы құрып сұрайды.

Дүрия үлкен алманы уысына сыйдыра алмай қос қолдап ұсынады. Тылсымхан қай бір аузы кішкентай адам, кірші дегізіп оңдырмай ойып түседі. Тең жартысы жоқ деген сөз.

– Мә, жарайды, сен-ақ жеші,– дей салып Дүрия сөмкесіне қайта қол жүгіртеді. Бұрынғыдан да дәу алма көзімізді қызартады. Намыс жібермейді, әйтпесе сұрасақ бізге де береді ғой. Көңілшек қыз. Қып-қызыл апорттың шырыны жұққан дымқыл еріндеріне тамсанып қоямыз. «Дүрия тістеген алмадан Тылсымхан да ауыз тиді-ау»,– деп қызғанудан құралақан емеспіз.

Үзілісте сұрай алмағанға қайтарда қалай аузың барады. Сабақтан соң жоғары көшенің балалары Жолдан, Тылсымхан, Дүрия бәріміз бірге қайтамыз. Күнде осы. Басқа параллель көшеде тұратын Сатан, Зейін, Қырғызбай да не болса соны сылтауратып қикайып бізге ілесіп кеп береді. «Үйге көшенің басымен айналып барамыз»,– деп қояды. Белгілі ғой. Бәрінің ойы Дүриямен азды-көпті қатар жүріп қалу. Сөйлесіп қалу. Ашылар жағына алманың суреті жапсырылған оның сөмкесін кезек-кезек көтерісуге құштар-ақ қулар. Тағы да түбінде қалған-құтқан бірер алма қалды ма деген дәмелері ме, жоқ болмаса біздің көшенің қызы қоңыраудай күлкісімен баурап жүр ме, кім білсін, әйтеуір көп жағалап кетті. Тапталып қалған кең тас жолға жетеуіміз қаздай тізіліппіз. Қақ ортамызда Дүрия. Аппақ жағасына жосыла құлаған қос бұрымын алма-кезек артқа лақтырады. Осынау кластағы он төрт ұлдың көз қуанышына жаратылған сұлу сурет расымен біздің көшеде тұратынына сенбей келемін. Басқа бұрылыс көшенің балалары бізге аяқ басқаны одан арман қызғанышыма от тастап тұр. Зейіннің бәлекетін қарашы, оның оң жағына шығып алыпты. Аузы-аузына жұқпай тіл безейді. Ол сөйлемесін, ал бір ағытылды бар ғой, тоқтата алмайсың. Өзінің оқымаған кітабы да жоқ. Ауылдың кітапханасын түгесіп, аудан орталығы Сүмбілағаштан том-томдап таси бастаған даңғыл бастан әңгіме артыла ма. Иығын қушитып алып көшелі ақыл айтады. Құлаққа кіретіндері де бар.

– Мен орысша үйренуді ертек, суретті кітапша оқудан бастадым,– деп жыпылдап келеді. – Әрі ірі-ірі әріптермен басылған әрі ұғымға жеңіл олар. Содан бара-бара қалыңдарын да қағып тастайтын болдым. Қазір орыс тілі мен әдебиетінен беретін Кейкібасов Балғазы ағайдың өзі басын шайқайды. Шығарманы екі тілде де бірдей қатесіз жазам десендер, сөйтіндер.

Қарашы, эне, көкейге қонатын қылық. «Елдің өзіндей балалары шірік ағаштан өтіп тұр. Жүр өстіп бөлбіреп», – деп апамның айтатынындай да бар ғой. Әй, бірақ, Зейін дегеніңіз бір үйдегі жалғыз әздек. Шешесі ел басқаратын ат үстіндегі адам. Жүрген-тұрған жерінен баласына кітап жинап жүреді. Олар бір үйде екі-ақ жан. Екеуі де кітап ұстап ұйықтап, кітап ұстап оянады. Ауыздыға сөз бермейтін жөндері бар. Ал біз... Біз деген механизатордан туған бес бала қоржын тамның қай қуысында орын табылса жалп егіп отыра кетіп жанталасып жақ-ұртымыз жыбырлап сабақ әзірлейміз. Шуылдақтардың ортасында бір оқығаныңды қайта оқып, құлағыңа саусақ тығасың сасқаныңнан.

«Алдымен кішкентай-кішкентай ертек кітапшалардан бастау керек орысша үйренуді» дегені табылған тәсіл расында. Енді есте болсын. Қолға түскен қалыңдығы бес елі ну ормандай оқиғалы кітапты ары оқып, бері оқып түк түсіне алмай жүргеннің бірі мына менің өзім. Әйтеуір орыс тіліне құштар-ақпыз. Өзді-өзімізбен сөйлескен боламыз. Тіпті келіспей жатқан соң бірімізді-біріміз келемеждеп күлеміз де қоямыз. Бірен-саран ауылдағы орыс балаларына «үйретіші-ей» десек, олар да қасақана қазақша мысқылдап, мысымызды құртады. Саусақпен санап аларлық жалғыз-жарым орыс баласы қайсы бірімізге жетеді. Олардың өздері де өз тілінде емес, қазақша қақсап тұрады. Жанымызды қинағысы келмейді. Біраз қиқалап көреді де: «жә, қойшы, кейін әскерге барғанда зар-күйіне түсіріп демде үйренесіңдер, қазақшаға көшейікші», – деп иығымыздан қысып, күледі.

Зейіннің жағы талар емес. Әлі сол. Тапа-тал түсте жұлдыз санағандай күнге сығырайып қарап қойып ағызадай кеп. Ойпырмай, бір шөкім болып қай жерінен шығады

десеңші. Жалғыз әдебиет емес, жер әлемдегі жаратылыс біткеннен үзіп-жұлқып соғады. Бір-ақ уыс бетіне қандай ұзын тіл біткен! Құдай тілді сала-құлаш қып аямай бере салған. Және жәй тіл де емес, адам есіне сақтап болмас қиямет қызғылықты уақиғаларды шумақтап отырып шыжымдап шетінен сыртқа шығаратын бес қарулы білімпаз тіл. Өне, елдің баласы қандай... Бұл неге бізбен жетіншіде оқып әуре боп жүргенше институтқа түсіп кетпейді деп те ойлаймын-ау мен.

– Апай, шіркін, өзіміздің қыздар туралы шығарма жазыңдар десе бар ғой, балалар, мен тура Дүрияны тақырып етіп алар едім, – демесі бар ма оның. Ой, сұмырай, бәрінің өстіп алдын алады. Ой, жынды неме. Өстіп те айқайлап айтуға бола ма екен ондай ойды, а? Әй, мынау дәнгеу де шығар. Мәссаған, Дүрияны қара, өрттей өзгеріп кетті. Апам наубайдың нанын алғанда тура осындай болатын. Ешқайсымызға қарай алмай өңі бұзылып, жер боп қалды қайран қыз.

Ал ол жазса, жазады. Тіл байлығы деген сұмдық онда. Айниза апаймен тайталасып отырады ғой әйтеуір. Қой десе, қоймайды. Апай ақыры шаршаған соң оған табанда бір тақырып беріп құтылады. Сол тақырыптың желісімен Зейін шығарма жазып шашын жұлып, маңдайын уқалап, шимайлап отырғаны. Сонша неге құмар екеніне таңданамыз. «Бесті» қойып, «алты» алғысы келе ме дейміз күңкілдеп. Мүмкін пендешілік шығар апаларымыз айтқандай.

Иә, иә, ол Дүрияны жазса қатырады. Баянға, Жібекке теңеп жеткізеді. Онда өзінің Көрпеш, Төлеген боп кеткені. Біздің көшемен жүрудің көкесі сонда болады әлі. Көрерсің. Сонда біз Қодар, Жантық боп жаратыламыз. Шынымен-ақ қорқып кеттім. Өзіміздің жоғарғы көшенің балалары көзінің қарашығындай қорғаштап келген Дүрияны Зейін жазса – бітті сауда. Тілінен балы тамған даңғыл бас қыз назарын арғы көшеге аударып кетті дей бер. Содан сақтасын. Ал егер мен өзім жазсам, қалай, келістіре алар ма едім? Осы ой тербесін енді мені. Ойша қалам ұстадым қолыма. Қалай да Зейіннің алдын орауым керек. Тұңғыш рет кейіпкер қып қағазға кестелеген мен едім деп айтып

жүргенге жақсы. Тәуекел! Тақырыбын не десем екен, ә? Ылғи алма исі аңқып жүреді... Алма... алмадай қыз... осы қалай тақырыпқа? Немесе «Дүрия» дей салса да болады емес пе. Әй, бірақ қыздың атын дабыра қып алдын-ала жариялап жату да біртүрлі өзі. Атын ең артына дейін құпия ұстау қызық. Иә, иә, сондықтан «Алмадай қыз» деп қойсам, қай жағынан да жарасып тұр. Яғни Дүрия да алмадай, алма да Дүриядай. Алқызыл, аппақ, исі жұпар аңқыған.

Сөйтіп санамда жазылар шығарманың тақырыбын қойып алып, енді жоспарын жасай бастағанымда сырт көшенің балалары: «Ал, жақсы, өз жолымызға түсеміз, ертеңге дейін» деп қолдарын ұсынып жатты. Дүрияның қолын ұзақ ұстап, сілکیدі антұрғандар. Ұлпадай мамық алақанын темірдей саусақтарымен сығымдағанға ұялсайшы, жетесіз немелер. Үһ, кетті-ау, әйтеуір! Саусылдаған серісымақтар, барындар, қараларыңды батырыңдар!

Құлағымыз кішкене тынышталып қалды-ау. Өңкей өзіміздің жоғарғы көшенің можантопайлары маңқайып тас жолмен тік тарта бердік. Жаңағыдай емес, менің де жаным жайланып, көңілім терезе тапқандай. Дүрияның жұпар исін армансыз жұтып келеміз. Дәу көк қақпаға ол кіріп кеткенше көз айырған жоқпыз. Артына қарап жымиса, жүрегіміз жарыла жаздайды. Үшеуіміздің де күндегі әдетіміз осы. Бірінші сменде оқығанымыздың бір жақсы жері, қазір үйге барған соң бәрін тындыруға уақыт бар. Түскі суын беріп, шөбін жаңалағаннан кейін малдың бізде не әкесінің құны бар. Сабаққа отырамыз. Ал кешкі қора-жайдың қарбаласынан кейін біруақ сергіп қайту қашанғы дағдымыз. Сондай сергіп қайту рәсіміміздің бірі бүгін қалай болар екен. Мана Дүрияның жалт қарап жымиысынан көзіміз арбалған үшеуіміз жоғарғы көшенің ең басындағы үйді-үйімізге жақындаған соң кешкілік жоспарды жасағанбыз.

– Сабақ басталғалы бері байқаймын, – деді Жолдан талай түнгі жортуылды бастан кешкен қызыққұмарлығына бағып. – Жанахметтің алма ағашы арасында темір төсектер тұрады. Құдай біледі-ау, солар далаға жатып жүр.

Оны естіп Тылсымхан да сирек тісін сойдита ыржиды:

– Демек, олар әрі алманы қориды, әрі таза ауада

ұйықтайды. Елде жоқ жеміс салатын бақтарын армансыз бір араласақ қайтеді, а? Қызық болсын.

Маған да бұл «тентектік» ұнап тұр. Алманы қойшы, әркімде де бар ғой. Тек сорттары бөлек демесең. Алма ағашының арасында албырап жатқан Дүрияны айтсаңшы. Мойылдай көзін жұмып ұйықтағанын көрсе, шіркін!

– Бітті, балалар! Келістік! – деп тіпті қуанып кеткенімді жасыра алмадым.

Сабақты да сапырып оқып, кешкі малды да апыл-ғұпыл жайғап, түн қараңғылығын шыдамсыздана күтіп жүрміз. Әрине, олардың қара орманына батып кіру де оңай-оспақ іс емес. Жалпақ белдігі сықасқан қаз-қатар жез оқ, қамбасы толған аң терілері, үлкенді-кішілі қақпаны қайысқан қаһарлы аңшының үйі емес пе қанша дегенмен. Әттең, бірақ, әдемі қызы, алуан түрлі алмасы бас тігуге тұрады... «Өлсек – өлдік!» Уәде осы.

Жан-жағын темір тормен қоршаған бақшаға ту сыртынан тұмсық тіредік. Жарым түн. Жым-жырт. Ай батып кеткен. Әдейі таңдап алған мерзіміміз бұл. Әуес жеміс қой құрғыр. Әдемі қыз тағы бар. Өзіміздің бақ та мәуеден құралақан тұрған жоқ. Бірақ не пәлесінің барын кім біледі, өзгенікі тәтті. Күндіз «мә, жей ғой» десе де қол созбаймыз. Түнде алған бал татиды. Қызық. Түсініп байқа. Өрмелеп, жейденді жыртқызып, жасырынып жүріп, бұқпантайлап барып басқа бақшадан үзсең бар ғой, шекер-ау, шекер! Кім білсін, не сиқыры барын. Оңбағандай-ақ жасқа келсек те осы бір дағдыны қоя алмай-ақ келеміз. «Он төрт кесектің астында қалғырлар-ай» десеңші. Апаларымыз осылай деп ұрсады. Бәрібір тоқтау жоқ. Түн жамылып жорту сабағын беске білеміз. Беске оқимыз. Көзімізді таңып жіберсе де біреудің бақшасынан шығамыз. Ал, атсаң да осы. Ауыл түгел алма баққа тұнып тұрса қайтеміз енді.

Жаңа да осы әдет бойынша қойын-қонышымызды толтырып, қарнымызды шермитіп бір «рейс» жасап қайтқанбыз. Әрине, бұдан басқа жерден. Сырты сым темірмен қоршалмаған «осалдау» жерден. Әрі уақыт өтсін деп, әрі құр қол қайтатын заман бола ма, әлдеқалай деп. Міне, енді тоқкөңілмен торкөз темір қоршаудан сығалай

бастадық. Үстінен асып түсу де біздің қолдан келетін нәрсе. Бірақ ең ұшар басына ток жүргізіп қойды ма деген де қауіміз бар. Ұзын құлақ солай дейді. Сондай қожайындар сұмдық-ай біздің момақан бұйығы ауылда да пайда бола бастапты.

О тоба! Ондай сұмдыққа әзірге ұрына қойған жоқпыз бағымызға қарай. Құрсын, оны кинодан-ақ көрейік. Өз басынан кетпесін.

– Қайтсек сым темірге қол тигізбейміз, – деп Жолдан сыбырлады. Қанша айтқанмен мінезі дойырлау досымыз сақтық қылып тұр. Ал қазір қайрап кел жіберсең торды тісімен бұрап сындыруға бар. Әрине бұл ара ондай көзсіз ерлікке баратын жер емес. Мылтығын кезеп аңшы атамыз ағаштың түбінде тұруы мүмкін.

– Арық арқылы цемент труба өтеді екен...

Әрбір темір тіреудің түбін сипалап ұстап, астынан бас сияр тесік іздеген Тылсымхан күбірледі.

– Қайсы, қай жерде, – деп қосарлана сұраған Жолдан екеуміздің даусымыз көтеріңкі шығып кетсе керек:

– Ақырын, ей, ақырын, – деген Тылсымхан бізді қасына ымдап шақырды. Ақ труба арықтың ішіне көміліпті. Ұзындығы екі-үш құлаштай. Бас арықты су жыра бермесін деп жасалған жалғау. Бақтың сыртын айналып ағатын негізгі арықтан су бұруға төселген дәнекер трубаны үшеулеп тартып едік, солқылдады. Бір үміттің барын білдік. Енді еңбектеп соның орнымен ішке енуге болады.

Трубаны суырып тастап, соның ізімен жер бауырлап баққа өттік. Егер алдымыздан зәушайтан адам шығып, қуып берсе, үшеуміз де сөз жоқ ұсталамыз. Өйткені, капелімде бір тесікке таласып кептеліп қаларымыз айдан-анық. Басқа тұстан андағайлап қарманатын қисын жоқ. Бір-ақ тесік... тап-тар.

Бақтың ортасы самаладай жарық. Айналасына көмескіленіп болса да жетім сәуле түседі. Жеміс мәуесінің бір сиқыры бақ ішіне бір кірсең күзет барын да ұмытып кетесің. Алдында бүкшендеп-ақ жүрген сияқты едік, бара-бара еңсеміз тіктеліпті. Нақ бір әкеміздің үйінде жүргендей әуелім түрегеп алдық. Ғажап енді. Сыңсып

тұр. Әрқайсысынан бір ауыз тиіп жатырмыз. Қараңғыда дәм ажырату сезіміміз әбден-ақ жетілген қулармыз ғой, міне, мынау алмұрт, өрік, алма, долана, алша... Шіркін-ай, алманың барша сорты осы бақта екен-ау: апорт, жүрек алма, ақ алма, тас алма, киіз алма, тау алма, жабайы алма, тіпті түйенің құмалағындай райка дейсің бе... Өзіміз білетін және өзімізше ат қойып алған алма біткеннің алуан түрінен де дәм татып, тамсанамыз. Қойын-қонышқа салмаймыз деп бағана келіскенбіз. Жылан бауырлап қана жылжитын ақ трубаның орнымен алма алып шығу мүмкін емес. Қоршау биік, одан асам дегенше сыр беріп қоясың. Аңшының ауласынан ұсталмай кетсек жан олжа.

Сондықтан тұңғыш рет сұғынып тұрған жұмбақ бақтан тек тойғанша жеу қанағат. Сосын ең бастысы – Дүрияны көру керек! Алма ағаштың арасына ұйықтайтыны рас болса, кірпігі қалай айқасып жатады екен-ей! Кірпігі де қызық өзінің. Айна көлдің жағасына біткен шырша ағаштары сияқты ұйысып қалған қап-қалың, қағып-қағып жібергенде қарақаттай көзін тегіс жауып қалады. Әрбір талын ерінбей отырып апасы қолмен шаншығандай-ау. Мен алда-жалда ол жайлы шығарма жазғандай болсам, ұйықтап жатқандағысын да суреттеуім керек қой. Мүмкін көзін ашып жататын шығар. Сұлулар ежелден солай ұйықтайды деп ел айтады. Ойбұй-йй, онда қараңғы түнді жамылып жоғарғы көшенің балалары сабақ оқудың орнына елдің алма бағын аңдиды деп ертең-ақ мұғалімдерге айтып қоятын шығар. Масқара! Онда құрыдық қой. Аштан өліп пе едіңдер енді болмаса, – деп әсіресе Айниза апай жанымызды шығарады ғой. «Осы 7 «А»-ға жетекші боламын деп-ақ шашым ағарды» – деп онсыз да класс сағаты сайын үстелді тоқпақтайды. Ал, балалар... балалар мүлде басқа жаққа аударып алады. «Үш ноян» атап жүргендері аздай, құйтырқы сөздерді маздатып қоя берер әлі. Әлгі қисық көшеде тұратын Құрымбай энеу бір күні-ақ бізге қарап ыржындап: «Бір оқып, бір жерде болайық, білекті білекке орайық», – деп әндеткен. Көмейі белгілі. Көре алмайды. Қисық көшеде тұратынына қаны қайнайды. Өкінеді. «Дүрия – Дартаньян», – деп маған көзін қысады. «Айтқаның келсін», – дедім ішімнен. Бірақ

сыртымнан сыр бермей тұрдым. Өйтпесең иектеп алады. Артыңнан әңгіме ереді. Құпиянды ешкімге ашпауың керек қой. Кім көрінгенге айтпауың керек. Біліп алса, оның беті ары болсын, құлағыңнан қиқу кетпес.

Әрқайсысынан бір қарпып жүріп қарқынымыз қайтып қалды. Енді үй иелері жатыр-ау деген жап-жарық орталыққа ойыстық. Мәлінше басып, жыланша жорғалайтын тұс осы ара. Төбемізден анда-санда топ-топ етіп алма, өрік үзіліп түседі. Селк ете қаламыз. Еркінсіп кеткенімізді қарашы - енді. Қарын тойдырғаннан кейін аман-сауымызда қайтсақта болады ғой. Жоқ, қалай да бір қызыққа батуымыз керек сияқты. Қалайда қашып-пұсатындай оқыс оқиға сұранып тұр балалық әуестік. Жәй ғана жайбарақат шығып кете беру түнгі жорыққа жараспайтын қылық. Тойған қозыдай болып кете алмаймыз. Жегеніміз желкеден шығу керек. Былай барған соң жырдай қып жыртындап әңгіме етуіміз де керек бір нәрсені.

Бірақ қазіргі қалпымызда қақпанға түсетін түріміз жоқ. Еш қауіп байқалмайды. Азулы деген аңшының да алма бағын аралауға болады екен. Алда бір қызық бар секілді. Тылсымына тартады. Өңмеңдеп жылжып келеміз. Бақтың қақ ортасына жеттік. Ұшар басы аспанға сүңгіп тұрғандай көрінген сүмбілдей алмұрт ағашының түбінде темір төсек тұр. Екі жақтауы биік бөлскей төсекте томпайып адам жатыр. Аппақ сейсебі көз қарықтыратын көрпенің жарты шалғайы жерге салбырап кетіпті.

– Екі кісі екен... – деп Тылсымхан жаңалық ашқандай екі көзін жалт еткізді. – Арғы жағында да...

Алғашында екі адам да бір төсекте жатыр екен деп қобалжып қалған көңіл орнына түсті.

– Екеуі екі жерде десеңші...

Екі төсектің арасы жарты қадамдай ғана, қатар қойылған. Қайсысында кім жатқанын әулие болсаң ажыратып көр.

– Арғы шеткі апасы, – деп сыбырлады құлағыма Жолдан. – Басын тарс бүркеніп алыпты. Рас екен. Оған сенбеске болмайды. Оның көзі қырағы. Қырымнан шалады. Аудандық жарыстарға нысана көздеуден бекер барып жүрген жоқ қой. Бір көзін қысып қадалып қарайтын әдеті бар.

Екеуі де қалың ұйқыда. Көрпесінің жартысы жерге түсіп жатқан Дүрия екен. Беті алаң-ашық. Алмұртқа тақау. Ақ сейсебі көл-дария мауыты көрпе пысынатқан шығар.

Үшеуміз де үстіне төніп түстік.

– Ой, сұмдық-ай, анаң қара? Көзін ашып ұйықтайды екен, – деп Тылсымхан мені түртіп қалды.

Міне, ғажап! Электр шамының самаладай жарығы айдай жүзін анық көрсетіп тұрған Дүрияның қарақаттай көздері жәудіреп жатыр. Қайқайған қоп-қою кірпіктері қарауыл қарап тұрғандай бір-біріне жуыспай қалыпты. «Сұлулар көзін ашып ұйықтайды», – деген рас болды-ау, тегінде. Ал дәлел керек болса! Дәл қасында тұрмыз. Аузымыз аңқайып суға секіретін адамдай алаңсыз қыздың ай нұрына батып барамыз. Көзіміз сенбейді. Өзіміз де сенбейміз. Маған Дүрия әдейі ұйықтаған боп бәрімізді бақылап жатқандай. Бірақ не деген жүрек жарым түнде бүлк етпей көзін ашып жайбарақат қарайтын. Әлдеқашан шошынып, шыңғырып жіберетін уақыт болды ғой. Демек қалың ұйқы құшағында екені кәміл. Көзі ашық болғанмен жан-тәні терең ұйқыда. Ұйқысы қатты екен-ау!

Адам шіркін қызыққа тойған ба әсте. Осы ерлігімізді әлі де місе тұтпай тұрмыз. Қауіп-қатерді кластас қыздың алаңсыз ұйқысы мүлде ұмыттырып жіберді.

– Дабай, төсегін былай таман орнынан жылжытып қояйық, а, – деп табан астында идея айтты Жолдан көзі куланып. – Таңертең өзі таңғалып жүрсін басын шайқап. Сосын сабаққа барғанда айтар ма екен бізге, айтпас па екен.

– Шын-ей, қызық болсын әбден, – деген Тылсымхан да жайнап кетті.

– Төсектің басын сен көтер, – деді Жолдан маған жымыя қарап. – Людмиланы қолына алып кеудесіне көлденен ұстаған Русланға ұқсап бак. Қырсық неменің нақ осы қысыл-таянда қағытып тұрғанын қарашы.

Үнсіз ғана төсектің басын, жо-жок, Дүрияның қолан шашы қобырап жатқан құс жастық жағын мен ұстадым. Ана екеуі аяқ жақтағы жақтаудан қармап ұйқыдағы қызды төсек-мөсегімен ептеп көтеріп алға жылжығанымыз сол еді, кенет менің екі аяғым бірдей дүңк етіп бір нәрсеге тиді

де, төмен қарай күмп беріп құлдырай бердім...

– Ап-па-а-а!..– деген Дүрияның құлындағы дауысын салдыр-күлдір көрдей қараңғылыққа құлап бара жатып құлағым шалды.

– О не, қарашығым-ау, о не?! – деп апасы айқайлап атып тұрды.

– Ұрылар, ұры, әне қашып кетті. Бір ұзын, бір қысқа кісі. Төсектің жақтауына шығып, алмұрт алып жатып аяқтары тайып құлады. Гүрс етті. Содан ояндым.

– Ойпырмай, біздің баққа бұрын-соңды жан адам қараңғыда аяқ аттап баспаушы еді, бұл не сұмдық, – деп апасы қызының тандайын көтерді. Мен оны «аузыңды аш, әкел» деген сөзінен біліп жатырмын. – Әлде, бүгін әкеңнің үйде төсек тартып ауырып қалғанын естіген арам ойлы біреулер ме екен, ә. Әйтеуір, мұндайды көрген жоқпын, әй, көрмеп едім.

Қап-қараңғы ұраның тастай суық табанында дір-дір етіп отырмын. Іші толған алма, алмұрт. Жамбасыма батып барады. «Ал, же, жалмауыз», – деп өзіме-өзім ұрсып қоямын. «Ақыр түбіңе жетті ме, бәлем, түнгі жортуыл. Жат енді көзің жылтырап. Тағы қайда жатарыңды бір құдайдың өзі білсін». Жатпасқа шара жоқ. Екі көзім кемінде үш кісі бойы жоғарыдағы ұраның аузында. Ішіне саты қойылмапты. Өздігімнен шыға алмасым анық. Аяғым да бастырмай тызылдап тұр. Бір кәдік болған-ау.

Бір ептейлі қол шеті омырылып қисайып қалған қазанның қақпағын түзеп жапты. Дүрия ғой деймін. Көрдей қараңғы енді болды. Жанағы жапқан адамның ойында құдай біледі-ай, еш нәрсе жоқ. Алма ұрлағыштар аспанға мойын созып жүріп төсекті орнынан абайсызда жылжытып алған, ұраның қақпағына арандай жаздаған деп ойлаудан аспаған. Дырылдатып сүйретіп төсекті ұраның үстіне түзетіп қойып жатыр. Е-е, белгілі болды. Ұраның аузы төсектің астында екен ғой. Әдейі қақпағын жасырып-жабудың әдемі тәсілі. Қандай ақыл! Ал шығып көр!

Жердің үстіндегілер біраз уақытқа дейін дабырласып, ақыры тынышталды. Ал жердің астындағы мына менің ендігі халім не болар екен десенші! Екі төсекті

бұрынғыдан да тақастырып қойды білем, дауыстары тым жақыннан естіледі. Демек, ұраның аузын төсегімен бастырып Дүрияның апасы ұйықтамақ. Ұсталды деген осы. Ал маскара! Жеті түнде кезбеленіп жеткен жерім осы болды ма? Тісім сақылдап, иегім селкілдеп, сұмдық тоңа бастадым. Түбіне сабан төсегенін қайтейін, ұраның іші ұлып тұр. Таң атып, тауық шақырғанша шыдам жетер ме? Кептірген қаяздай қаудырап қатып қалармын. Ол хақ.

Ертең мені Дүрияның атасы алма ағашқа асып қоятын шығар. Жоқ, әлде, алмұрттың түбіне тұрғызып қойып мылтықтың оқпанын өкпеке қадап тұрып атар ма екен? Өзі ауырып, жаны қиналып жатқан адам: «Бүйтіп сенің оқушы болғаныңа...» деп теріс қарап аунап түссе де мына қалың бетке күйе ғой. Не қылса да сауап маған. Құрсын-ай, қайдан ғана осы пәлені ойлап тауып ек. Тылсымхан да, Жолдан да екі дүниеде оңбайды маған жел берген. Ал енді не болдық?! Ертең Дүрияның апасы мектепке барады. Бізді алдына сап айдап апарады.

– Міне сендердің оқытқан балаларың әл-ауқаты қайтқан ауыл қарияларына қолғабыс жасамақ тұрмақ, азын аулақ бау-бақшасына түсіп, алданыш қып отырғандарын ойрандап кетті, – деп көзіне жас алады. Сонда кірмегеніміз қара жер болмай ма. Ұят-ай! Айниза апай зарлайды сосын: «Әй, аштан қатқырлар! Әй, бетің тіліңгірлер! Айдың-күннің аманында, жан тоқшылық заманда сендерге не қара көрінді, а? «Ауылдың балалары инабатты» деп қаладан қашып кеп едім, әй, бекер болған екен-ау, бекер болған екен...» Ал кластың балалары мырс-мырс күліп отырады, көресің. Қарашы, қарап жүрмей Зейінге дайын тақырып болдық. Көкейлі бейбақ көкірегіне бәрін түйіп алады енді. «Сәтсіз түн» дер ме екен, әлде, «Ұрадағы үш ұры» атай ма, әйтеуір оған бір шығарманың ұшы шығып тұр. Тек қана кінәсіз Дүриямен байланыстырмаса екен. Оған жаманат жапсырылмаса екен...

Жо-жоқ, мен олардың алдында ант ішіп тұра алмаспын. Құрғақ ақталу неге керек. «Соңғы сөзім» дегеннен жек көретінім жоқ. Жел сөзді жаным сүймейді. Әкеме тартқанмын. Әкем Керім: «Тракторымның маторы

сөйлейді, мен сөйлемеймін», – деп үн-түнсіз рөлде отыра беретін адам. Қудым соның жолын. Әй, енді бақшаға аяқ баспаспын-ау тұз төгіп қойса да. Ала жіп аттасам – Тұнжыр атым құрысын! Қой, енді класқа баратын бет жоқ! Училищеге кетемін.

Тек... Дүрия жайлы шығарманы Зейін жазатын болды-ау. Атасы ауырып жатыр, қатты ауырып жатыр. Әйтпесе бағанадан бері далаға бір шығар еді ғой.

...Қараңғы ұрада жатып осы аулаға етім үйрене бастады ма деймін. Әдемі ойларға малтыға бердім. Қазір дыбыстап оларды оятуым керек. Кешірім сұраймын. Адам баласына ауыздарыңыздан шығара көрменіздер деп жалынамын Бұдан былай адал басып, ақ жүремін деп момын әкемнің атынан ант етемін Жер ризығын жинап жүрген дикан әулетіне сенетін шығар. Алмадай қыздың апасы ақылсыз болмас.

– Апа-а, – дедім дауысымды барынша жұмсартып. – Дүрияның апасы-е-е...

Сезім селі

– Су-у-уу...– деді енді болмаса үзілердей жалынышты үн. Сөйтті де ағаш төсекті сықырлатып аунап түспек болды. Қайда оған әл-дәрмен жоқ. Құр сүлде көтеріліп басылды. Ақ дидары қу шүберектей боп-боз тартқан дімкәс келіншектің қасына тып-тып басып қуыршақтай қыз бала келді де, кемерінен асып, төгілген кесені қос қолдап ұсынды. Қос қолдап ұсынылған су толы ыдысты жанары сынған құр сүйек мүскін адам қос қолдап алды. Жастығын биіктетіп қойса да құр кеуденің өзін көтеру – күш. Тек тарамыс қолдар ғана алға созылды. Дір-дір еткен сіңір саусақтар сынып кетердей кесені эзер ұстап тұр. Төгіп-шашып сімірген болды. Орталамай жатып шашалып қалды. Бүкіл дене селкілінен судың қалғаны көрпеге төгілді. Тұла бойы қалтырап-дірілдеп барып басылды. «Уһ, жаным-ау!» деген қиналысты күрсініс қол басындай ғана қыздың да

жүрегін езіп жібергендей болды. Бос кесені алып, танауы пысылдап, ауыз тамға жылап кетті.

Адам бар ғой, денсаушылықта ешнәрсені елемейді екен. Күні кеше дәл қазіргідей кәріп болып, төсек тартып жатамын деген үш ұйықтаса түсіне кірген бе еді. Жоқ! Жан сыздатар ауруы жоқта жұмыр басты пенде алшаңдай басып, алды-артын ойламайтын көрінеді. Тіпті көп нәрсені парықтай да бермейді екен-ау. Қайдағы бір уақ-түйекті уайымдап, «үйге қырың жоқ» деп, «бір сабақ жіп пайдаң жоқ» деп, балалардың әкесін жазғыратыны әшейін-ақ екен ғой. Ойын-тойда ерлі-зайыпты екеуі қатар отырып ән шырқайтын күндер қайда?!

– Пернеш-ау, Бекендей жігіт төресі сирек. Жүрген жері той-думан. Қабағыңды қарс жаппай жадыратсаңшы, – дейтін тең-тұстастары үй иесі тағы бір ұзақ жолға сапарға шыққанда «тоқым қақты» жасаттырамыз деп келіп.

– Жә, жә, үйде кедей, түзде бай Бекенді мақтай бересіңдер-ау сендер де жөні жоқ. Бір ауыз сөз сұрап ала алмаймыз содан. Сыртта не айтады екен сол шіркін! – деп Пернеш дес бермейтін.

– «Жуас түйе жүндеуге» деген, жаратылысы бөлек жан ғой жолдасың. Одан қор болмас ер-азамат. Әйел затымен салғыласып абырой таба ма есі бар еркек.

– Иә, сендер солай дейсіңдер, ал менің бір абысыным айтар еді: «Айызың қанып күйеуіңмен ұрсысқан да жақсы екен, ішің босап қалатын. Енді тілім қызып, шаптыға бергенімде: «Ой, бәйбіше, сап, сап, мен ұрысты қаламаймын, мен ұрысты қаламаймын» деп далаға атып шығып кетеді» деп.

Асылы, көрші-қоландар да бірденені біліп айтады. Осы үйдің отағасы біртоға, томырық адам. Тау қозғалса да былқ етпейді. Бала-шағаға дауыс көтеріп көрмеген көнтерілі көнбіс кісінің дәл өзі. Адам болған соң ашулану, ренжу, кею оған тән нәрсе. Ал Бекен сол қасиеттерден жұрдай емес әрине. Тек сол мінездерді өзгеше қырынан көрсетеді. Дауыс көтеріп, тіл безегеннен пайда жоғын біледі де, жан тербелісін үндемей жүріп басады. Ақыл безбеніне салып, алпыс екі тамырына таратып жібереді. Сөйтеді де сезім

селіне айналдырады. Ондай сәттерде ең алдымен жүгінетіні өмірсерігі – қос ішекті домбыра. Ал қос ішек қой, он сегіз мың ғаламның тілінде сөйлей алады. Айтарыңды айқай-шусыз-ақ сиқырлы аспап тілі сыр қылып сыртқа шығарып жатса, аузың қышып бара ма?!.

– Су-у-уу.. – деді төсек тартып жатқан келіншектің жалынышты даусы. Тағы да тыпың-тыпың басып барып, қуыршақтай қыз бала кесе ұсынды. «Ішшәй-ай...» деп екі қолын сермеп, ауа қармап, кеуде көтеріп, түзеліп отырайын деп ұмтылып еді, көрпе сусып, төмен түсті де, өзі қаз-қалпында қалды.

Табиғат қор қылмасын деңіз! Әйтпесе әнеукүні ғана өзі кіріп, шығып жүрген. Автоклуб дөңгелегі қашан айналмай тұрған. Бекең лайым соның үстінде. Бәрі де көніп болған, үйреніп болған тірлік қой. Үйге қыры жоқ болса да Бекең қоғам жұмысына дыңдай. Автоклуб қапталында көрнекі құрал ретінде оның суреті басылған тәжірибе-плакат жапсырылып жүреді. Демек, оны бекер марапаттамайды деген сөз. Өзі әйтеуір әр сапарым олжалы болды деп отырады. Олжасы кейбір пысықтар сияқты соғым, бағалы бұйымдар емес, қайдағы бір күй иірімдері, таба алмай, сарсылып іздеп жүрген тақырыптары...

Бірде қуанышы қойнына сыймай қайтты-ау. Көп ашылып, сыр ақтара бермейтін Бекең төргі үйде төгілтіп күй шертті. Баппен, бас-аяғын қайыра отырып, бір құйтырқы бүлкілге басты дерсің. Май табандар тайпаңдап билей ме-ау, жануар тұяқтары жер дүбірлетіп жорыта ма-ау, әйтеуір әрі таныс, әрі бейтаныс сиқырлы әуен көкірегінді кеулеп, тұла бойынды шым-шым аралап кетеді.

Қалайда бір әдемі ырғақ көңілдің құртын жейтінін сезген үйдегі тілеуқоры:

– Мына бір мүлде бөтен шертіс тауыпсың ғой, – деп эзіл-назын қос қабаттап айтты.

Өңінен ішкі бұрқаныстары әсте біліне бермейтін балалардың әкесі өзімен-өзі болып отыр. Қарапайым қалпы құйған мүсіндей мызғымайды-ау, мызғымайды. Аңлаған адамға жақ сүйектері қарысып, анда-санда ғана шеке тамырлары болар-болмас бүлк-бүлк созылып қалатын

сияқты. Басқа белгі жоқ. Ішкі жан-дүние ғана астан-кестен, алай-дүлей. Ол құбылыстарды қос ішектің дірілі безбен қағып жариялап жатқандай.

– Алыс мал жайылымындағы шопандарға түйеге мініп бардық, – деп енді мән-жайды ашып айта бастады. Жаңағы тартысы көңілге жол-жөнекей ұялаған туындыны бір желіге түсіріп, пысықтап жатқаны екен. – Боз даланы боз інгенмен аралап, шопандар ауылын разы еттік.

Көп айтып жатсын ба, сосын қайталап тартып кетті. Боз дала ұшы-қиырсыз көсіліп жатыр. Сары бас құрайға қонып алып, даланың жыршы құсы бозторғай дамылсыз шырылдайды. Боз інгенге мінгескен автоклуб шофері мен меңгерушісі. Екі адам түйемен изектеп иен далада келеді. Бұйдасын сілкіп қалса, жануар, ойсыл қара тайрандап кеп желеді, сосын бірауық майда бүлкілге басады. Құба жонда үркінді құс ұшады, сағым ойнайды, ақ селеу толқиды, төрт түліктің шұбырынды іздері айқыш-ұйқыш айқасады. Тоқсан тарау жолдар сан тоғысып, жан-жаққа алып қашып, сан-саққа сайрап жатыр. Не көрмеген көне жер?! Талайлы тағдыр кешкен кәрі қоныс қайта түлеп, қайта туып, жасарып, жаңғырып алған. Дөң асқан сайын «Ассалаумағалейкум» айтып, алдыннан шығатын шопан-аталар шаттығы нұр ойнаған жүздерінен атой салып тұрады.

– Бізге қонып кетіндер, – дейді кезіккен қойшы біткен қолқа салып.

– Өзіміз де осы ауылды туралап келе жатырмыз, – дейді олар.

– Қас қарайып, күн батты, қайда асығасыздар, – дейді дыбысы жер жарған домбырашыны дамылдатқысы келгендер концерттен кейін қиылып.

– Анау белдің астындағы қойлы ауыл да автоклубты асыға күтіп отыр ғой, – дейді бұлар.

Қысқасы қай қотанға барса да бауырындай құшақ жая қарсы алып, төбелеріне көтереді. Желмаяға мінген Асан қайғы бабасындай жер аралаған қандай ғажап! Әсіресе, бүгінгі шопан ауылы жер ұйығын жайлап жатқан іспетте. Жағасы жайлауда мамыражай тұрмыс салтанатындағы малсақ жандар көңіл-күйі, ыстық ықыласы, тоқ пейілі да-

ладай мейірінен, көл-көсір дастарқанынан асып-төгіліп аңғарылады.

Ұзақ күнде боз інгеннің бүлкіліне ілесіп көкейде бір күй қозғалған. Екі өркеші баладай жануар да үстіне бір автоклубтың жүгі артылғанын сезінгендей әдемі жүрістерінен жаңылған жоқ. Түйе қомында тал бесіктей тербетілген бірыңғай бүлкілден бір түрлі рақат күй кешкен қос жүргінші ойлары әр тарапты шарлайды. Шофер ойлайды: «Әлгінде бұзылып жолда қалған машинаны әлдекімдер шұқылап, бір нәрсесін қолды қылмас, мына теңдеп алған киноленталары үзіліп қалмай малды ауылға аман-есен жетсе» деп. Меңгеруші ойлайды: «Кинолента табақтары темір ғой, домбырам майып болмаса» деп.

Жұрт киносын көріп, лекциясын тыңдап алған соң, Бекеңе міндетті түрде күй тартқызады. Осынау даланың өзінде маңғаз домбырашы тыңдаушыларын тырп еткізбейді-ау, тырп еткізбейді. Қамшының сабындай мығым саусақтар қос ішекті жebіндідей қақтап сауады-ай келіп. Қызыл шанақ иіп сала бергендей – жүрек қылын шерткен арман, зар, мұң, қуаныш, шаттық, салтанат – бәрі-бәрі аралас сезім нөсерлері құйып кеп береді. Созақ жері күймен суарылған ежелден. Соның бір мұрагері мына отырған қорғасын салмақты, қола мүсін күйші. Былай қарасаң, міз бақпай тартып, міз бақпай шертіп суық түстенеді. Әлдекімдерге ұқсап күй ырғағымен ылди-төмен теңселіп, бүкіл денесімен билеп кетпейді. Қалайда қаумалай отырғандардың бойын балқытып, еркінен айыруға бар өнерін салатын сықылды.

Бүгінгі келістері мүлде бөлек. Автоклуб машинасы сынып қалып, шофер екеуі алыс отарларға түйемен тартты. Бұндай оқыс жайттарға тап болу таң емес оларға. Салт атпен де талай-талай қойшылар әулетін көңілдендіріп қайтқан күндер есте. Бірақ дәл бүгінгідей боз інгеннің бүлкілімен аудан малшыларын аралап шығу сәті түсе бермес, сірә де.

Бұл сапар жүректен жыр болып туса керек, ән болып ұшса керек, күй болып төгілсе керек! Бекежан күй тілімен сыр айтпақшы. Боз інген бүлкілі перне бойлап қос ішекке қозғау салмаса, қане! Жазира өлкені жалпағынан басып жалғыз түйе желмаядай желеді. Қомында – киноқондырғысы, қос-

колаңы – күй... Токаның күйі, Сүгірдің күйі, Әбікеннің күйі, Дәулеткерейдің, Тәттімбеттің, Құрманғазының күйі, Бекежанның өз күйі. Тіпті қазақтың күй қазынасы түйемен түгел көшіп келе жатқандай...

Мінгесіп-ұшқасып келе жатып бүкіл жол бойы Бекежан көкірегіне бір көшелі күй ұялаған. Жүрек лентасына жазылып қалған ғажап әсерлер домбыра пернесіне оп-оңай-ақ көшірілді. Қос ішекті күмбір-күмбір қаққанда мынау алқақотан отырған бір-бір отар иелері түйе қомында туған еркек-сылқым жаңа күй – «Бозінгеннің бұлкілін» тұңғыш рет тыңдады.

– Су... су әкелші!.. – деді құр сүлдесі жатқан жабырқау жан күйзелісті күйінен хабар беріп. Құйтақандай қыз тырп-тырп басып барып, меймілдеп толған кесені аузына тақады. Қабарған өңін жылытып көзінің ақ пен қарасындай қызына мейірім танытқысы келіп жымыған болды. Онысы әурешілік екен. Жанарынан от қашқан бейшара әйелдің жүзіне жылу үйірілмей қойды. «Әлгі әкең әлі келген жоқ па?» дегендей сұраулы көзбен қинала қарайды. Бекең төрт дөңгелектен түскен бе. Бір айдың кемінде жиырма күні автоклуб ішінде алыстағы малды ауылды аралаумен өтеді. Содан «олжалы оралдым» деп домбырадан күй сауып отырғаны толғатып. Бірақ, бекер обалы қане, келіншегі ауырғалы бері қу жаны қуырдақ, ағаш төсек тұрған төргі үйге мың кіріп, мың шығады. Үй тірлігіне ебедейсіз еркек қосағынсыз қор болып-ақ қалды. Домбырасын өңгеріп, әуен әлеміне төңкеріліп өскен өнер періштесі жан жарына әбден арқа сүйеп кеткен еді. Кең дүние тарылуы оп-оңай екен. Ауру қырына алмасын де. Алды екен, әуені аяқтай, жерді тебінгідей қылады.

Пернеш, көкірегі қарс айрылып, бебеулеп шыққан талай күй сырына ортақ Пернеш расымен-ақ төсекке таңылды. Ұзақ таңылды. «Жазмыштан - озмыш жоқ» көнесің де қайтесің. Бір түйір нан өңештен өтпеген соң, бұл өмірден не үміт, не қайыр? Сарылып төсек тартып ұзақ жатқан соң сал дене сары бояуға салып алғандай. Әй, дүние-ай десеңші!

Ал әнеу бір күні біршама беті бері қарап, табанда тәуір болып қалды. Үй іштері қуанып, көңілін сұрап келушілерге

ладай мейірінен, көл-көсір дастарқанынан асып-төгіліп аңғарылады.

Ұзақ күнде боз інгеннің бүлкіліне ілесіп көкейде бір күй қозғалған. Екі өркеші баладай жануар да үстіне бір автоклубтың жүгі артылғанын сезінгендей әдемі жүрістерінен жаңылған жоқ. Түйе қомында тал бесіктей тербетілген бірыңғай бүлкілден бір түрлі рақат күй кешкен қос жүргінші ойлары әр тарапты шарлайды. Шофер ойлайды: «Әлгінде бұзылып жолда қалған машинаны әлдекімдер шұқылап, бір нәрсесін қолды қылмас, мына теңдеп алған киноленталары үзіліп қалмай малды ауылға аман-есен жетсе» деп. Менгеруші ойлайды: «Кинолента табақтары темір ғой, домбырам майып болмаса» деп.

Жұрт киносын көріп, лекциясын тыңдап алған соң, Бекеңе міндетті түрде күй тартқызады. Осынау даланың өзінде маңғаз домбырашы тыңдаушыларын тырп еткізбейді-ау, тырп еткізбейді. Қамшының сабындай мығым саусақтар қос ішекті жebіндідей қақтап сауады-ай келіп. Қызыл шанақ иіп сала бергендей – жүрек қылын шерткен арман, зар, мұң, қуаныш, шаттық, салтанат – бәрі-бәрі аралас сезім нәсерлері құйып кеп береді. Созақ жері күймен суарылған ежелден. Соның бір мұрагері мына отырған қорғасын салмақты, қола мүсін күйші. Былай қарасаң, міз бақпай тартып, міз бақпай шертіп суық түстенеді. Әлдекімдерге ұқсап күй ырғағымен ылди-төмен теңселіп, бүкіл денесімен билеп кетпейді. Қалайда қаумалай отырғандардың бойын балқытып, еркінен айыруға бар өнерін салатын сықылды.

Бүгінгі келістері мүлде бөлек. Автоклуб машинасы сынып қалып, шофер екеуі алыс отарларға түйемен тартты. Бұндай оқыс жайттарға тап болу таң емес оларға. Салт атпен де талай-талай қойшылар әулетін көңілдендіріп қайтқан күндер есте. Бірақ дәл бүгінгідей боз інгеннің бүлкілімен аудан малшыларын аралап шығу сәті түсе бермес, сірә де.

Бұл сапар жүректен жыр болып туса керек, ән болып ұшса керек, күй болып төгілсе керек! Бекежан күй тілімен сыр айтпақшы. Боз інген бүлкілі перне бойлап қос ішекке қозғау салмаса, қане! Жазира өлкені жалпағынан басып жалғыз түйе желмаядай желеді. Қомында – киноқондырғысы, қос-

қоланы – күй... Тоқаның күйі, Сүгірдің күйі, Әбікеннің күйі, Дәулеткерейдің, Тәттімбеттің, Құрманғазының күйі, Бекежанның өз күйі. Тіпті қазақтың күй қазынасы түйемен түгел көшіп келе жатқандай...

Мінгесіп-ұшқасып келе жатып бүкіл жол бойы Бекежан көкірегіне бір көшелі күй ұялаған. Жүрек лентасына жазылып қалған ғажап әсерлер домбыра пернесіне оп-оңай-ақ көшірілді. Қос ішекті күмбір-күмбір қаққанда мынау алқақотан отырған бір-бір отар иелері түйе қомында туған еркек-сылқым жаңа күй – «Бозінгеннің бұлкілін» тұңғыш рет тыңдады.

– Су... су әкелші!.. – деді құр сүлдесі жатқан жабырқау жан күйзелісті күйінен хабар беріп. Құйтақандай қыз тырп-тырп басып барып, меймілдеп толған кесені аузына тақады. Қабарған өңін жылытып көзінің ақ пен қарасындай қызына мейірім танытқысы келіп жымыған болды. Онысы әурешілік екен. Жанарынан от қашқан бейшара әйелдің жүзіне жылу үйірілмей қойды. «Әлгі әкең әлі келген жоқ па?» дегендей сұраулы көзбен қинала қарайды. Бекең төрт дөңгелектен түскен бе. Бір айдың кемінде жиырма күні автоклуб ішінде алыстағы малды ауылды аралаумен өтеді. Содан «олжалы оралдым» деп домбырадан күй сауып отырғаны толғатып. Бірақ, бекер обалы қане, келіншегі ауырғалы бері қу жаны қуырдақ, ағаш төсек тұрған төргі үйге мың кіріп, мың шығады. Үй тірлігіне ебедейсіз еркек қосағынсыз қор болып-ақ қалды. Домбырасын өңгеріп, әуен әлеміне төңкеріліп өскен өнер періштесі жан жарына әбден арқа сүйеп кеткен еді. Кең дүние тарылуы оп-оңай екен. Ауру қырына алмасын де. Алды екен, әуені аяқтай, жерді тебінгідей қылады.

Пернеш, көкірегі қарс айрылып, бебеулеп шыққан талай күй сырына ортақ Пернеш расымен-ақ төсекке таңылды. Ұзақ таңылды. «Жазмыштан - озмыш жоқ» көнесің де қайтесің. Бір түйір нан өңештен өтпеген соң, бұл өмірден не үміт, не қайыр? Сарылып төсек тартып ұзақ жатқан соң сал дене сары бояуға салып алғандай. Әй, дүние-ай десеңші!

Ал әнеу бір күні біршама беті бері қарап, табанда тәуір болып қалды. Үй іштері қуанып, көңілін сұрап келушілерге

де: «шүкір, шүкір», – десіп жатты. Жеңіл-желпі тамаққа да тәбеті тартып, үйге өзі кіріп, шығып жүрді. Тіпті Бәкене де: «Маған қарайлап қаншама шаруаңнан қалдың. Малшыларыңды аралап келсеңші. Балалар бар, көршілер бар, құдай сақтар», – деп қайта-қайта айта берген. Бекеннің бұған іші жылып қалған-ды. «Осы сапардан оралғанымша құлантаза оңалып кетсе екен. Сәтін салса жазылуға бет алғаны шығар» деп ойлап, оң тілекпен алыстағы мал отарларын аралауға аттанып кеткен-ді.

...Далада мотор үні дүр етіп басылды. Автоклуб келіп тоқтады. Бекежан екен. Тез-тез басып үйге кірді. Сабырлы, салмақты қалпын бұзбайтын ежелгі әдетінен жаңылғандай жүрісінде әлде қандай дегбірсіздік бар. Жүрек құрғыр әлденені сезетін сықылды. Көрші-қолаң да көбірек жиналып қалған ба, сақтай гөр...

Бекежан төргі үйге тура тартты. Мына қораланып тұрған адамдар енді қашан бас салып, «ой, бауырымдар» екен деп күткен. Әйтеуір, ешкім көрісе қоймады. «Е, құдай, тірі екен, тірідей көрсем екен». Ендігі бар тілегі осы ғана.

Пернеш ыңырысып ыссылап, керіліп-созылды. Ағаш төсек сықырлап, жан азасын айтып жатқандай. Аяқ-қолын мазасыз қозғап, бүкіл тұла бойын дамылсыз діріл басып кетті. Жандалбасалап қылша мойнын арлы-берлі ырғап жатып, басын бір сәтке жастықтан жұлып алды. Қос қарашығы төңкеріліп өшіп бара жатқан жалынсыз жанармен жан-жағына жаутаңдап қарағыштады. Жарық дүниемен тілсіз қоштасып жатқандай сәт. Көзінен мөлт-мөлт жас шығып, жылыстап, тарам-тарам болып бетіне ақты. Бекежан шыдай алмай. «Бақыл бол, жаны-е-ем... ренжімей кетші, көп жылғы қосағы-е-е-ем...», – деп келіншегінің басын сүйей берді.

Жан тәсілім алдындағы адам иегімен болар-болмас ымдап, ақырғы дәмін сұрағандай ишара қылды. Онысы ұзақ ауырып жатқан өмірінің соңғы күндерінде өзі жиі қайталайтын «су-уу» деген жалғыз ауыз сөзі еді. Дүние-ай десеңші! Енді соны естіртіп те айта алмады-ау! Бекежан қосағының аузына қасықпен су тамызды. Пернеш болар-болмас бір жұтынды да... жүріп кетті. Ең бір ет-жақын

кісісіне қадалып қараған күйі көзін жұмбай мәңгі ұйқыға кетті.

Ұзақ жыл отасқан бауыр басқан, өмір қосқан қайран қосақ! Көзі жәудіреп қаншама жыл төсек тартып, ауырып жатты. Әсіресе, апырай десейші, дәм-тұзы таусылар кезде балапандарын бауырына басқан ана қаздай балаларын құшағына көміп, құшырлана қысар еді. Айықпас дерт құрсауына іліккен есіл ана ажал тырнағынан құтылар шара жоғын біле тұра қара шаңырақтың түтіні түзу шықсын деп тілеп жатты. Бала-шағаның нәсібі таусылмасын деп тілеп жатты.

Қатал тағдыр жасыңа қарай ма?! Үйдің құт-берекесін көп көрді де алып тынды. Артында қаңырап үй қалды, жабығып жар қалды. Жаутаңдап жас сәби қалды. Ақ жаулықты жоқтаған азалы үн қалды. Ана мейірімінен айырылғаннан өткен ауыр аза бар ма екен адам баласы үшін?! Бекежан көңілі құлазып күн өткен сайын көкіректен бір күңіреністі тыңдайды. Ол күңіреністі сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Анасын іздеген сәби шырылы, ботадай боздаған баланың көз жасы, қосағын жоқтаған жар қасіреті – жанын қоярға жер таптырмайтын ауыр қайғыға салды-ау сұм тағдыр! Міне, осындай сәттерде қалай ғана қол созбассың жан серік домбыраға!

Бекежан төрде төсек үстінде отырып бірде ішекке қол салды. Қабырғаны қақыратар зілмауыр қағыстар аза бойды қаза тұрғызады. Қоңырлап діріл қаққан ішектен көздің жасы бұршақтаған сықылды. Ет-бауырың езіліп түсердей адам зары: «Ақпейіл ақ жаулықтан айрылды, көз жасы – көл, бауырым – балшық» дейтіндей.

Домбыра демігеді, қиналады, жан тапсырады. Мейімдеген жасты жанар, ажал мен арпалыс шыр айналған есіл дүние, ақырғы дем, нәресте шырылы, қоштасқан қосақ...

Пора-пора болып уатылып отырып тартқан Бекежанның қолындағы домбыра үні бір кезде «дің...» деп барып кілт үзілді. Үзген – көршісі екен. Зар-мұнды сапырған домбыраны күйшінің қолынан жұлып алған адам да бода-бода...

– Қойшы, енді, құлың болайық! Сай-сүйегімізді сырқыратпай қойшы енді... – деді.

Бекежан жасты көзі шарт жұмулы қалпы жүрек қылы мен көкейінде бір күйді күнірентіп шерте берді, шерте берді...

Бұл тебіреністер көңіл нотасына жазыла берді, жазыла берді. Кейін бұл күйді өзі «Қоштасу» деп атады.

Ойпыр-ай, десеңші! Опасыз дүние деген осы да! Отыз жыл отасқан сүйген жар күйігі көкіректі қарс айырды-ау! Арманда кеткен ана артында бес қыз, бір ұл ботадай боздап қалды. Сүт кенжесі Салтанат анасының о дүниеге аттанар сәтінде аузына бір қасық су тамызуға ғана жарайтын жаста еді. Ең әуелім соған обал болды. Шырқырап қатты іздеді. Әлгі халық даналығы айтатын: «Әкесіз жетім – жарты жетім, шешесіз жетім – нағыз жетім» деген рас екен. Барлық ауыртпалықты мойнына алып, әшейінде үй тірлігіне қыры жоқ Бекежан өмірді өгіздей алға сүйреді. Алты бала қолына қарап қалған әке енді қайтушы еді?!

Әсте әйел заты үйдің берекесі екен ғой, тегі. Бекежанның иығына зілбатпан тірлік түскенде соны ұқты. Алты баланы асырауға болады, ел іші, заман жақсы, бірақ олардың бас-аяғына қарап, күтіп, бағу ғаламат қиын екен тіпті! Тәңірім мұндайды ешкімнің басына бермесін де! Үйелмелі-сүйелмелі анасыз жетім – панасыз балапан секілді. Әке жүрегі осыны сезді. Әсіресе сүт кенже Салтанаттың бір күні солқылдап, есі кетіп жылағаны-ай! Анау-мынау үй тірлігімен болып жүріп, Бекежан кенже қызына «қой, қоя ғой, жылама» деуге де мұршасы келген жоқ. Оның үстіне балалардың арасына түскеннен жаман нәрсе бар ма. Ал, Салтанат болса өздігінен қояр емес. Өксіп-өксіп жылайды. Тіпті бала даусы сүйегінен өтіп бара жатқан соң, үйге кіріп жұбатпақ болды. Сөйтсе әпкелерімен қақтығысып қалыпты. Олар үлкендігін жасаған.

– Кім тиді күніме, кім? – деп ол жорыта айқайлап кірді үйге. – Салтанатқа қожандағандарыңды қашан қоясыңдар осы сендер, ә?!

Жан ашыр сөзді арқаланып тіпті даусы бұрынғыдан да үдеп кетті. Содан қане қойсашы! Бүкіл денесі селкілдеп, бетін басып тұр. Бекежан қуыршақтай қалқып, шаштары селтиіп тұрған қызын тік аспанға көтеріп алып бауы-

рына басты. Сәби жүрегі тетелестерінің болар-болмас бір қиқарлығын сылтау қылып аяулы анаға деген сағынышын сыртқа шығарып жатқандай. Қызын құшағына қысып, жоғары көтерген бойда Бекежан төргі үйге өтті де төсекке сылқ етіп отыра кетті. Асқар таудай әке кеудесіне басын қойып, құртымдай неме қапсыра құшақтап қатты да қалды. Сол бойда солқ-солқ өксіген бойда, баламысың деген, ұйықтап кетті.

Қолтоқпақтай ғана нәресте қызын құшырлана иіскеп отырып Бекең – жайшылықта іші қан жылап жатса да сырт кейпімен білдіре бермейтін Бекежан кенет өн-бойы босап, көзінің жасын тыя алмады. Салтанаттың жан өксігі ақ сүтін емізген анасын жоқтағаны ғой. Сонысы сүйегінен өтіп кетті. «Құлдығым-ау десеңші! Мейірімсіз тағдырға даусым жетер дей ме екен соншама шырқырап...»

Анда-санда өксіп қойып бір жапырақ қыз бейкүнә жүзі енді-енді міне, бақырып қоя беретіндей жиырылып-басылып тұла бойы сәл-пәл селк-селк етіп ұйықтап жатыр.

Көкірегін қарс айырған кішкенесінің мына қылығы алай-түлей ой толқынына батырды. Сондай сәттердегі көңіл күйдін аласапыранын домбыра үні ғана дәл жеткізетін сияқты. Қос ішектің күңіренісімен берсе ғана қазіргідей сезім бұлты тарқайды. Өмірлік сырласы – тоғыз жасынан үйір болған бала досы домбыра «міне, мен мұндамын» дегендей үкілі басы желкілдеп, көз тартады. Орнынан самарқау созылып тұрып барып қабырғада ілулі қызыл шанаққа үңілді. «Кейінгі кезде көңіл қошың жоқ қой» дегендей домбыра даусы тым жабырқау, құмығып естілді. Бар дірілді бойына жиған қос ішек бұрауы құлазыған көңілдің кілтіндей бабында екен. Бекежан домбыра құлағына қол апарған жоқ. Салған жерден ауыр, аянышты үн шығара ішекті шертіп-шертіп жіберді. Шанақтың ішіне кашып тығылып, шырқырағандай жас баланың зары құлақты тұндыра ма-ау, ақ жаулығы желбіреп алысқа ұзап бара жатқан ана қол бұлғай ма-ау, бауыр еті баласын бауырына басып, қам көңіл әке тұнжырай ма-ау, қалай да әйтеуір бір-біріне деген қамқор жандар тебіренісі, қимас көз жасы,

жүрек сағынышы қоңырлап, барша пернелерден құйылды келіп.

Әйелі қайтпас сапарға кеткеннен кейін омырылып отырып тартқан күйінің және бір жалғасы сияқты сағыныш күйі өксікке толы еді. Және бұдан бір ғана Салтанат емес, қапияда анасынан айрылған бүкіл бала мұңы, шеше емшегін жоқтаған, ана омырауын аңсаған, ақ сүтпен ауызданған сары ауыз пәк сәбилердің үні естіледі.

Бордай босап отырып шанақты «қақтап сауған» шерлі саусақ иесі заматта «Салтанат» күйін дүниеге әкелді. Ең бір ауыр сәттегі жан толғанысы әбден қалжыратты. Салтанат боп жасты көзімен сөйлеген домбыраны төсектің басына сүйей салды да, дел-сал қалпы сыртқа бет алды. Шығып бара жатып сәби бетіне үңілді. Әкесі осы қазір ғана борша-борша болып толғатып, осынау жарық дүниеге судай жаңа бір күй әкелгені ойына кіріп шығатын емес. Танауы пысылдап, балбырап ұйықтап жатыр. Бағанағы өксігі басылып қалған екен. Шіркін, сәбидің тәтті ұйқысы-ай осы! Сол жыламаса, сол тыныш ұйықтаса деп ата-ана байқұс бәйек болып жүргені.

Қуанышты да, қайғыны да қақ бөліскен бұл домбыраны баяғыда бір мүлдем тартпай, тастап та кетпек болды-ау. Соғыстан жараланып, елге қайтқанда анасы қатты ауырып, хал үстінде жатыр екен. Ақыры содан тұрмады ғой. Көз жасы мөлтілдеп, жәудіреп жатып жарық дүниеден қайтты ғой жарықтық! Арқалап өтсем арманым жоқ дейтін есіл ұл көңілі құлазып, күрт сынды-ау сонда. «Тәңірім-ай, жауын жеңіп, қайта оралып үйіріне аман-есен қосылса екен» деп тілеген ғазиз ана баласын күтіп-ақ еді. Ақыры ұлын көріп, сосын көз жұмды. Байғұс шеше не көрді? Баланы асырап, баққан азаптан басқа бір рақаты жоқ әнеки өтті де кетті ку өмірден. Сондағы жүдеу-жадау жылдар ауыртпалығы да арқаға аяздай бататын. Көкірек көзі ояу өнерпаз жігіт келе-ақ елдің жиі-жиі бас сұғар ең бір сүйікті орны қызыл отаудың жұмысын дөңгелетіп әкетті. «Шіркіннің домбыра шертгісі-ай, саусағынан сыр төгіледі», – деп тамсанып отырар еді тындаған жұрт. Бірақ кейбір үлкен кісілер «әй, осы баланың домбыра күңіренісіне тым беріліп кетісі жаман,

ақыры қалай болар екен?!» деп те қалатын. Бұл ұғым рас па, өтірік пе, әйтеуір ел ішінде ертеден бар. «Өнерге шын құлағандар бақытсыз болады. Өзінің де, өзгенің де түбіне кесірі тиеді, түбі жаман көрінеді», – деп және бас шайқар енді біреулер.

Анасы ауырғанда оңаша отырып мұңайып, жан күрсінісін қос ішекке айна-қатесіз түсіріп, домбырасын дәмділ-дәмділ шертіп, уайым жеп қалатыны бар-ды. Кейде домбырасын бір ішектеп шертіп, үзіп-үзіп дірілдеткенде перне бойынан «ah» ұрып қайғырған жанның көз жастары тарам-тарам ағып, тырс-тырс тамып жатқандай әсер қалдыратын. Мұнау төсекке таңылған ақ жаулықты ананың ақ шүберектей ол дүниелік әлсіз қалпы онсыз да көңілге үрей ұялатып, жан қинап жүргенде, жарадар болып әскерден қайтқан ұлдың жаман ырым бастап домбырасын зар-күйіне түсіріп, ыңырантып отыруы жанына жақпаған бір жақын ағайыны қатты айтып тастады.

– Қарағым, аңырап жылаған қаралы ананың даусындай қылмай андағынды тасташы әрі, – деді ағайын қиылып сұрағандай болып. – Құмарлықтың да шегі бар емес пе, тәйірі. Даусы жаман кәпірдің, жылап қалмасаң жарады.

Ағайынның аузына құдай салды ма, расында да ол кешікпей-ақ жылап қалды. Өлгі кісінің айтқанын шынымен-ақ көңіліне алып, көпке дейін домбыраға жоламай кетті. Әй, бірақ дүниеде жанына жақын өмірсерігіңе өкпең жүрмейді екен. Үйге кіріп, шығып жүріп, сонау қабырғада қайқайып ілулі тұрған үкілі домбыраны көзге ілмеу деген оған ғашық адам үшін үлкен қорлық қой. Көңілі соқыр пенденіз не демейді? Бекежанды тоғыз жасынан бері терсінді болып келген жан серігінен ажыратпақ. Қаратау өңірінің шертпе күй тәңірлері Тоқаның, Сүгірдің, Бапыштың мұралары «мені тарт, мені тарт» деп көкіректе күмбір-күмбір кісінеп ол жатса. Қызыл отау ішін әсте босатпайтын құймақұлақ өнерсүйгіш қауым қос ішектің даусы сөнбесе екен деп тіледі.

Жоқ! Бекежан домбыра тартпаса тұра алмайды екен! Қос ішекті үнсіз қалдыруға жүрегіннің әмірі де жүрмейді екен. Жалғыз оған емес, мынау күй құмар көпшілікке де

оның қоңыр қаздың үніндей қазақы домбырасы қажет болды. Күй төресін ансаған ауылдастары колқалай бастады. Оның өзі де сығымдай ұстар сыр мінез сағақты сағынды. «Қой, құрысын, басқа дүние маған соқыр тиынға да керегі жоқ. Өмірімнің кызығы, дабырасы домбырамды қайтып колға аламын. Тастамаймын. Тарта беремін, тарта беремін. Онсыз маған бұл дүние құлазып қалған қу дүние, қу дала. Өмірімнің нұры, көңілімнің гүлі екен ғой домбырам менің!»

Шанақтан күй сапырмауға қырық күн ғана шыдамы жетті. Әзиз ана қыркын берген соң сағыныш күй топанын селдетті. Көңіл түкпіріндегі ең жақын деген адамына арналған уыз сезім шуақтары себезгіледі. Дірілге толы жан толғаныстары астыңғы-үстіңгі ішектерге алма-кезек ауысып жатқан саусақтары арқылы сыртқа сыр айтады. Бекежан анасын сағыныпты. Қоңыр үні өн-бойына емшек сүтіндей дарыған домбырасын сағыныпты. Бебеулеген қос ішек солай деп тұр. Ана бейнесі көз алдына келіп, әлденені аманат етіп жатқандай ма, қалай? «Мынау өмірге, ақ жүректі адамдарға адал бол, өзің сүйген өнеріңе адал бол!» деп алақанын жайып, ақ батасын бергендей ме? Не де болса бұрын-соңды тартылмаған, бұрын-соңды естілмеген дүние болды мынау деген!

Қойшы, әйтеуір, қос сағыныштан шымырлап туған жүрекжарды көңіл жырын «Анама» деп атаған арманды жас тырнақ алдысына ең алдымен ауылдастары қол соқты. Бұл – ақжолтай күй екен. Артынан толқын-толқын күй ерді. Көңіл құсы құйқылжыған қилы-қилы кезеңдерінде домбыра пернесіне шымыр-шымыр тұнған сезім иірімдері – қыруар күйлердің жаратушысы Бекенді ауылдағы халық композиторы дәрежесіне көтерген де аяулы анасына деген арнаулы алғашқы туындының авторлық мандаты еді-ау.

Әнеки, әсте күй де көңілдің перзенті. Одан домбыра пернесіне ауысып, соның перзентіне айналады. Осы егіз бесікте тербетіліп күй-сәби дүниеге келеді. Әдетте ол әсердің әлдиінен туады. Көкірегінде құйттай сәулесі бар адам айнала толған әр түсті әлемнен тақырып таңдайды. Ол өмірлік өнер нәрі. Автоклубымен сапарға аттанған Бекежан үшін солай әйтеуір. Ұзақ жолдан оралған сайын қалайда

бір соны, жаңа шертiс тауып қайтады. Оның күйлерi қарт Қаратаудың қойнау-қойнауында жасырынып жатқандай. Шопандардың өрiсiнен өзi сұранып тұрғандай. Қат-қат замана шежiресiн бауырына басып, мүлгiген атамекеннiң айна көлi, асқар тауы, шалқар даласы домбыраның қос iшегiне қосылып сөйлеп қоя беретiнi күйшi саусағының күдiретi емес пе екен?!

Автоклуб келiп қайтқан соң, құс ұйқылы қойлы ауыл айран-асыр қуаныш құшағында қалады. Сезiмге шабатын күй шабыты мұңымен де, сырымен де адамға етене жақын, жан сергiтедi, талайдан бергi таныс әуен өзiндi iздеп тауып, әлдилейдi, тербетедi, әлдененi аңсатады, алыс пен жақынды жiпсiз жалғайды. Қарапайым күйшi артында тәттi-тәттi әдемі бiр еске алулар тұнып қалады. Халық деген дана ғой, көңiлiне хас шебердi ғана қонақтатады. Күйшi Бекежан соның бiрi.

Малды ауылға мiне, тағы да автоклуб келiп, қайтты. Бекең сол баяғыша былқ етпей отырып, бiр талай күй сапырды. Алдымен әдеттегiше ұстазы Сүгiр Әлиевтiң «Бес жорға», «Жолаушының жолды қоңырының» екi варианты, «Телқоңыр» шертiлдi. Күй өнерi әлемiнде өзi ардақ тұтатын таланттардың алдынан өстiп өтiп алғаннан кейiн барып, төл туындыларына көштi. Бiрiнен-бiрi өткен сырбаз сарындар жүректен жол тауып жатыр. Бекежан қырыққа жуық өз күйлерiн қалай тартып тауыссын, жұрттың қайта-қайта сұрап, қолқа салуымен он шақтысын шерткен соң, кара терге түстi. Күрделi, соқталы шығармаларды сезiмге орап, жан-тәнiмен орындау оңай ма, саусақтары салдырап шаршап қалды.

Дәл осы сәттi аңдып тұрғандай-ақ ортаға бiр жас шопан шығып, қайдан тапқанын кiм бiлсiн, қолына ұстап тұрған пластинканы аударып-төңкерiп қарады да, оның бетiне жазылған сiлтеменi оқи бастады. Жұрт болса жаңағы тартылған күйлердiң әсерiнен оянған жоқ – ұйып отырып қалған.

Жас шопан кей жерiн тастап-тастап оқыды ма, кiм бiлсiн, текстi кенет кiлт үздi де, кезектi ендi Бекежанның күй жинағы – пластинкаға бердi.

Алдымен «Азамат», «Қайдасын» тартылды да, сосын барып келесі бетінен «Жеңіс» пен «Отырар» күйі тереңінен солқылдатып, толғап, күрсініп, күмбірледі. Қырқым пунктіндегі қыбырлаған жұрттың бәрі асыға күтер құрметті қонағының қоңыр шертісін кешкі самалдай жұмсақ, жұпар сазды аңсаған жүрек төріне жайғастырып жатты. Бірақ пластинкадағы Бекежанға өмірдегі Бекежан түк те таңданған жоқ. Қайта кей тұстарына көңілі толмаған сыңайы бар. «Қырық күйдің жинағын қайта жаздырса болғандай екен-ау» деп ойлады. Ал өзі орындайтын өзгелердің күй мұрасы қаншама! Әсіресе шертпе күйдің шеберлерінен.

Аздан соң шыдамы таусылды ғой деймін, бір қызба шопан қамшысын шошайтып:

– Ау, ағайын, – деді, – Ау, ағайын, жарандар! Бекежанның өзі ортамызда отырғанда пластинкадан тыңдап бізге не жорық? Тоқтат! Онысы несі-ей, түге! Арамызда өзі жоқтай нақ бір. Мынауың тоқпен жүрсе де Бекеңнің жүзбе-жүз отырып, шіреніп отырып шерткеніне жетпейді.

Күйші иығын қайта қомдады.

Өнердегі өмір деген осы да. Ал мына өмірсерігі – домбырасы жетелеп бармаған жер жоқ.

Қоңыр үн маңайды майдай ерітіп барады. Қос ішекке қолы тиіп кетсе сол!

Домбыра шанағына барша әлемнің әуені сыйып кеткендей – сан мың тілде сөйлеп жатқан сыр сандық. Бекеңнің сыр сандығы – домбыра жүрек қылын шертіп, сезім шәрбәтін төгеді. Жандүниеге жарып кіріп, қоңыр үн қонақтап алған сиқырлы сәт. Осынау тебіреністе не жоқ – бәрі ақтарылып жатыр. Зеңгір көктің жұлдызы ағып, бұлтты көшеді, өмір-өзен сарқырамасы көбік шашып, жазира біткеннің мейірін қандырады, құс қанатының суылы құлақты тұндырады, аруана иіп, желіде құлын тулайды, тайпалған жорға мініп, қыз-келіншектер қыр көрсетеді – қысқасы, қазақтың кең даласының керемет суреті көз алдыға келетін кербез шертіс қарапайым ғана кісінің қай жеріне сыйып тұр екен деп ойға қалғандайсың.

– Мынау – қанаты кайрылған құстың зары, – деп бір күй шертті.

– Қанатты құстар гимні ғой, – деп жатыр жұрт.

– Ал мынау – қаһарман шопан шалқымасы, – деп мүлде бөлек сарынды сапырды кеп.

– Қылышын сүйреткен қыстың зәрі бар екен, – деп бас шайқайды тыңдаушылар.

– Ғафу етіңіздер, енді «Ғұмыр», «Ғибрат» күйлерін ортаға салып, сіздерден рұқсат болса, демалайын...

– Жо-жок, біз сені «қақтап саумай», тыным бермейміз, – деп күнқақты қырықтықшылар қаумалай түсті. – Қайда әлі «Қаратаудың шертпесі», «Қосбасар», «Інілеріме», «Мешін», «Өрлеу» секілді күйлердің шеті ойылған жоқ. Туған жердің қасиетін, замандастарымыздың ерлігі мен жан сұлулығын мадақтайтын, сары майдай ерітетін төл туындылар бізді серпілтеді, дем береді.

Тыңдаушылардың құлақ құрышын қандырған сырмінез қоңыр шертістер шымыр-шымыр бойға тарайды. Өнерге сусаған осынау кең өрістегі қоңыр тірліктің ақберен адамдары оны тағатсыз күтеді. Көңілге шуақ құятын күйдің қасиеті сол. Сұмдық сағынтады. Сарыла күттіреді. Сосын, сосын, сезім селі қаптайды келіп. Ағысы қатты, жаныңа жұмсақ...

Қоржын толы қозы

Аспанда да, жерде де бір қарбалас бар сияқты. Кәкір-шүкірді жинастырып, шешем түнімен ұйықтаған жоқ. «Кедей болсаң көшіп көр» деп үлкендер бекер айтпаған шығар деп ойлаймын. Атам қызық, көші-қон десе жарғақ құлағы жастыққа тимейді. Елден бұрын буынып-түйініп, таң сыз бермей жатып түйеге жүк артатынын анам өзінше жақтырмай «алақұйын» атап кеткен. Атам расында «алақұйын» десе, алақұйын. Басқа жұртқа ұқсап асықпай-ақ аппақ таң атқан соң да жүк артып үлгеруге болатын сияқты. «Аштан өліп, көштен қалып» жатқан ешкім жоқ қой. Бұл шешемнің сөзі. Бірақ, қайтерсің, мінезі сондай –

алақұйын. «Ұрыста тұрыс жоқ» деп қойып әкем қашан болса да елең-алаңнан қимылдағанды жаны сүйеді.

– Теңдерінді буып қой,– деп айтты болды.

– Енді бұл алақұйын жан таптырмайды,– дегенді ернінің ұшымен ғана естіртіп Рәш шешем күйгелектене бастады. Нақ бір кереге жиюсыз қалатындай-ақ атам алдымен алты қанат үйдің түндігін түсіріп, үзігін сыпырып әп-сәтте жығып тастаған. Енді ойланатын түгі де жоқ.

– Құдайдың күні құйып жіберсе қайтеді-ей,– деп туырлық жалаңаштағанды жаны хош көрмей қарсылығын ыдыс-аяқтарды сылдыратып, ептеп болса да білдірген шешеме пысқырып та қарамастан атам шаңырақты сықыр-сықыр көтеріп алысырақ апарып қойып:

– Ана жел қазықтардың бірін де қалдырмай суырып-суырып ал, балам,– деді маған. Қалпақ басына дейін айтақырға қағылып кеткен үй айнала темір қазықтарды шірене тарта бастадым.

Әсіресе көші-қон маған қызық. Жыл сайын жазғы каникул кезінде дәл осындай ұлан көшке тап боламын. Бірде төменгі алыс мал жайылымдары Бурылда, бірде Серектаста отырғанда оқудан тарап, тура қойлы ауылға тартамын. Жол-жөнекей көкпарға шабар торсылдақ жүрісті торы атты, мойныма арсалаңдап кеп тіке асылатын ойымпаз Ақтөсті ойлап, арбадан түсе жүгіргім келеді.

Ал биылғы құлшыныс бөлекше. Өткен жылғы көп өкініштердің орнын толтырмасам ба деп ширығамын. Шопандар үдере көшіп келе жатып шойын жол жағасында екі-үш күн ерулейді. Уақ төл аяқ-қолын бауырына жиын дегені болар. Теміржолшылар еру болған малшыларды ерулікке шақырып, арты көкпарға айналады. Былтыр алтыншыны бітіре сап осындай көші-қонға іліккем. Үш-төрт түнемелден соң шойын жол жағасына жетіп қос тіктік. Стансаның тұрғындары тойлатып қарсы алды. Арты әдеттегідей көкпарға ұласты. Ой, олардың балалары да керіліп-созылып керемет тартады екен. Торы атты омыраулатып жүріп, лақты бірде тақымға басқанымды қайтейін, жал-құйрығын шүнтитып тұрып күзеген құла құнан мінген

қара тәмпіш бала кәдімгі үлкендерше қамшысын аузына көлденең тістеп алып, қос қолдап жармасты.

– Жібер, балаларға, қоя бер, тартыссын, – деп ересектер қызық көріп, босаңси берді. Шойын жолдың қара майындай күнге шыжып күйіп кеткен түйме бас бала әбден бәле екен, үзеңгіден аяғымды шығарып жіберді. Салақтап бос қалған соң аяғымды үзеңгі ұңғысына қайтып сұққанымша қолым талып кетіп, көкпарды қоя бере салдым. Байқаймын, бала мендей-ақ бала. Бірақ тығыз, білегіне, қолдың қарына бұлшық ет біте бастаған. Мойны да жұмырлау көрінді. Тура аудан орталығы Зәулімағашта тұратын Жолдасхан ағанын күреспен айналысатын баласындай.

Міне, сол оқиға есімде. Күзде сабақ басталған соң өзімізше тас көтеріп, турник ойнап, тал бұтап, тұла бойымды баптауға бел будым. Енді сол өткен оқу жылында жинаған күш-қуатымды торсылдақ жүрісті торы аттың бел ортасына қонып ап, көк жайлауда бір сынап көрмекпін, Бірақ неге екенін қайдам, күнде-күнде терлеп-тепшіп айналысқаннан кейін әдейі айнаға қарасам, бұлшық еттерім әлі сол баяғы қалпы сияқты. Бұл неге ғана шұғылданған заматта-ақ дереу бұлтиып-бұлтиып өсіп кетпейді деп ойлаймын.

Атам жүк артатын түйелерді қатар-қатар шөгеріп, тіздеп тастады. Маңайға түйенің аузынан шыққан жыны аралас жас шөптің иісі жайылып кетті.

– Тү-у-у, алақұйын-ай, аулағырақ шөгерсең қайтеді, – деп шешем етектей ерні салбырап күйіс қайырған арыстан жал шоқыдай қара атанға жақтырмай қарап, аузын алақанымен жапты.

– Жұрттан бұрын барып, жануарды түйеші Әбуден әрен алдым жалынғандай болып. «Көшкен сайын қара атан белдеуіңе байланып қалып па еді сенің», – деп Анарбек құрдасым біраз қиқуласты.

Атам осыны айтып, түйеге мұрындық жона бастады.

Тіпті де ұйқым келер емес. Мен жамылып жатсын деп теңге бумай қалдырған сеңсең ішік танауымды қытықтайтын сияқты. Көлдей жағасын қайырып, мойнымды әрең қылтитамын: көк аспанның күмбезі де қарбалас, майлы бояудай ішкілік-ішкілік бұлттар тауға бет алып бара

жатқандай, баяу жылыстайды. Кейде бар, кейде жоқ боп жұлдыздар көз қысады. Маған аспан әлемінде де көші-қон камы бардай сезіледі.

– Қазанды құрым киізге орадың ба, ей? – деген дауыстан селк ете қалдым. Атам екен.

– Е, немене, түннен қалған етті таңертең жылытып жемеуші ме ең? – Бұл шешемнің жауабы.

Расында қойлы ауылда қазан-ошақ, мосы-шәйнек ең соңында жиналады.

– Шек-ей, шек, кебенек келгір, – деп шешем теңнің үстіне шығып жатқысы бар лақтарды қолымен жасқады. Олар оған ыға қоймайды. Нақ бір жартасқа ойнақтағандай теңдеп, буып тастаған көрпе-жастықтың үстіне кезек-кезек секіріп шығып селтиеді.

– Ой, әдірем қалғыр қу шұнақ немелер, қайтеді-ей, – деп шешем жерден қолымен сипалап жүріп бір затты алды да жіберіп кеп қалды. Қас қылғандай, қолына менің қой үркітетін сылдырмақ қалбырым іліккен екен, бүкіл отар ортасынан қақ айрылып пысқырынды. Қапелімде не екенін ұқпай қалған атам мұны қой үріктіге жорып:

– Айт! Айтақ! Ақтөс! Майлыаяк! – деп даланы басына көтерді. Тентек лақтардың кесірінен бір дүрліккен қойды қайта иіріп кеп шешем шыны-аяқтардың қасына қисайды. Мен оның жаңағы қылығына тырқылдап тұрып күлдім.

– Саған ойын керек, ә, – деп шешем от басынан қайта түрегеліп келіп сеңсең ішіктің сыртынан ол аз дегендей құрақ-құрақ аткөрпені айқара жауып кетті. – Ертең тауға қой айдайтыныңды білемісің. Тыныш жатып, ұйықта.

Қара атанның боз даланы басына көтеріп бақылдаған даусынан оянып кеттім. Атам ала арқанның шумақталған ұшын беліне орап алып атанға екінші аяғын мықшындап тіреп тұрып, екі теңді қос қапталға қапсыра буып жатыр екен. Ырғап, шыжымдап тартқан сайын қара атан «бұх-бұх» етеді. Үйдің негізгі сүйекті жүктері осы қара атанға артылады. Оны «атшұу» деп тұрғызғанда жазық жерге табанда орнай қалған таудай болып көрінді маған. Атамның жыл сайын көші-қон кезінде оған неге қызығатынын енді білдім. Қом-шомын қоспағанда алты қанат үйдің оған

артылмаған аз-ақ жүгі қалды. Жануардың сирақтарын бір-бір дінгек дерсің. Қара сандары құшақ жетпес кеспелтек бірдеңе.

Қой айдасуға арнайы бөлінген Салық деген кісі бізге туыс болып келеді. Колхоз көші-қон кезінде құрметті демалыстағы қолы бос қарияларды атқа қондырып, қолқабысқа жіберетіні бар. Салық қарт өзінің құлынды биесін мініп, оған тайын ілестіріп үш жылқымен Серектасқа салып ұрып жеткен.

– Көсемтай келеді ме, ата, – деп менен бір класс жоғары оқитын баласын сұрағанымда:

– Ол тауға – жайлауға шыққан соң қой бағысады, – деп мені қатты қуантып тастаған. Жырғатылмай, тезірек жайлауға жетсек екен деп алақыздым. Көсемтай қой жаюға болысса, онда рахат болар еді. Сөзі қызық, тура ішегіңді қатырады. Кластастарының бәрі оны қалайда сөйлетуге құмар, әйтеуір. Табанда тауып айтқыштығына бағып, балалар оның Есентай атын Көсемтай қойып алған. Міне, енді сол бойымен соңғы атты жамап алып жүр. Әке-шешесі де азан шақырып қойған атын ұмытты. Кейінгі таңылған есімге құлақтары үйреніп кетті. Әуелім қызық болғанда өздері де «Кө-сем-та-а-ай!» дел шақыратын.

Жолға үш түнеп, төртінші күн дегенде әрең жетіп шойын жолды жағалай қойды иірдік. Ыстық күнде титықтап тілі аузына сыймай қой-қозылар үйездей береді. Шақырайған күнге қарсы баспай қояды. Ысқыра-ысқыра аузың қисайып кетеді. Тебіне-тебіне тақымың талады. Және қырсыққанда камшы көтермейтін кілең шикі өкпе қозылар іркіліп, ұбап-шұбап қалың шаңның арасында қалады. Ал оның бәрін бірдей атқа өңгеру мүмкін емес. Онсыз да қос-қолаңымыз басы қылтиған нәренжін қозылар. Қой айдаған үшеумізде де ер басында қос-қостан ат-дорба, үшеумізде де ат үстіне айқастырып-айқастырып тастаған қоржын. Қойға ілесе алмай ауыздарын ашып, екі өкпесін соғып жатып қала беретіндерін бір-бірлеп теріп, сықай толтырып аламыз.

– Құдайдың күні қуырып жеп барады ғой, – деп Салық қарт аттан аударылып түсті. Әйтпесе атам шыжыған күнде бөркін баса киіп алып, «демалайық» дейтін түрі жоқ. Қой

айдағалы бері ерқашты болып қалған мен де сылтау табылып, құлынды биенің қасына топ еттім. Құлынның көзі кіртііп, құлағы салпандап кеткен сияқты.

– Кел, батыр, сусын ішіп алалық, – деп Салық қарт атама дауыстады. – Мына талтүстің табы қайтсын.

Шынында да қойдың алды ошарылып, бір-біріне басын тығып, жылжымай тұрып алды. Айдаған қойың айналып-айналып кеп алдыңнан шығады.

– «Итшыққанның» суына жетіп құлаған дұрыс еді, – деп атам әлде болса да аттан түскісі келмей тұр. Ерні кезеріп кеткен ақбурыл мұрты айран жұққандай әсер етеді.

– Аяқ суытайық, – деп Салық қарт сусын құйылған қарынды сыртындағы ат-дорбасымен толғап-толғап қойды.

Амал жоқ, атам да аттан түсті. Есік пен төрдей күреңтөбел «үһ» деп жеңіл тыныстағандай болды. Бір центнерлік салмағы бар сүйек-саяғы арбиған атамның күні бойы екі өкпесін тепкілеп арқасынан түспеуі оңай дейсің бе енді.

– Мына қызықты қара, түү-у, балам-ау, құлынды биенің қымызынан май шайқап тастаппыз ғой, – деп Салық қарт кулана атама көз қысты. Мен байқамағаи болдым.

Тостағанға қарынның ауыз жібін шешіп еңкейткенде, ішінен жентек-жентек май түсті. «Қойдың сүті – қорғасын» деп отыратын саусағы алтын апамның қарбаласып жүріп сауған саулықтарының сүті сап-сары майға айналыпты. Ішіне қасық салсаң тік тұратын қойдың қою айранына су қосып, шалап жасаған. Сол шалап шайқала-шайқала мына күйге түсіпті.

– Міне, мә, сіміріп сал, – деп Салық қарт маған тостағанды ұсынды да, өзі айран жұққан бармағын жалады.

Қарынның қышқылтым дәмі шыққан маңызды шалап шөлді басты.

Үсті-басы батпақ-батпақ болып басқа жер құрып қалғандай-ақ Ақтөс тура маған арқасын тіреп көсіліп жата кетті. «Мына доңыз неме қарынға түсіп кете ме, қайтеді», – деп атам оны «кет-кеттін» астына алып еді, ол маған қарап қыңсылады. «Тимеші, ата, жонарқасы қандай сап-салқын, жата берсін», деуім мұң екен, дереу су-су құйрығын

бұлғақтатып одан арман жер бауырлап жаныма жақындай түсті.

– Әй, мынауың «Итшыққанға» барып қайтқаннан сау ма өзі, – деп атам әлдене есіне түскендей сергіп кетті. Бәсе, үсті малмандай. Жаңа сол жерге жетіп жығылайық дедім, болмадыңдар. Көштен озып барып, алдыны бір орағытып қайтатын бұл ит шіркіннің әдегі.

Атам үш таяқтың басын қосып, кендір жіппен буды да, үстіне сулықтарды айқара жапты. Үш адамның кеуде тұсы өртенген күн көзінең қалқаланатындай күркеше пайда болды. Аяқтарымызды да жалаңаштап тастап, жарыса көсілдік. Ақтөс байғұс та қу жанын қоярға жер таппай, мені сағалап, тілін салақтатып ырсылдайды. Екі көзі менде. Қолыма түскенді қақшып жеп әбден жаман үйренген әшейін иттің күшігі. Мен кейде қайтер екен деп алдына кесек тас тастасам да езу тісіне бір барып қайтады. Мұп-мұздай тілімен жалаң аяғымды жалап-жалап қояды. Тура табанымнан қытықтап жатқан сияқты. Бұл қылығы жаныма жағып жатқаны сол – аяғымды аузына апара түсем.

Сөйтіп жатып ұйықтап кетіппін...

Темекі сарайдың алдында сапта тұрмыз. Көмекке келген мектеп оқушыларына темекі жапырағын жіпке тізетін әйелдер қуаныштарын білдіріп жатыр. Бір кезде звено жетекшісі Варвара Крапп орысша сөйлеп:

– Мына баланың галстугі неге жоқ?– деді.

Мен жұлып алғандай:

– Галстук шайыр будет! – дедім.

Темекі сарайдың іші қыраң күлкі. Бізді бастап барған ағайымыз Исағұлов Дәуітбай маған ұрсудың орнына:

– Сөз тапқанға қолқа жоқ, молодец! – деп күлімсіреп қарап тұр.

Расында да біз мана темекіге әкеле жатқанда галстугіміз шайыр болады деп әдемілеп тұрып қаттап, қалтамызға салып алғанбыз. Бұл қулығымызды түсіне қойған мұғалімнің өзі «молодец» қой.

Темекі сарайдағы әйелдер балаларды дереу бөліп-бөліп әкетті. Жапырақ жұлатын, оны таситын, инеге тізетін, толған жіпті керіп ілетін топ болып іске араласып

кеттік. Ата-аналарымыз қарекеттенетін колхоз жұмысына қолғабыс тигізуіміздің алды-арты бұл емес әрине. Мектеп алдындағы телеграф бағанасына бригадир Мәмбетәлінің сары аты байлана бастағанда-ақ парталардың қақпағы сарт-сұрт ашылып қоя береді. Сосын әп-сәтте-ақ темекі сарайға қарай сап түзеп әндетіп кетіп бара жатамыз.

– Қарашы, әне, сұмырайдың қолы-қолына жұқпайды, – деп Қален деген біздің көшенің баласы мені түртті.

Темекінің таудай болып үйілген жапырақтарын шыр айнала отырған ұл-қыздар жарыса қимылдайтын сияқты. Жаңа Қален иегімен нұсқаған Қансұр жаққа қарадым. Ол аузы-аузына жұқпай айнала жұртқа қарап екіленіп сөйлеп отыр. Қолдары қолтығына қысып алған иненің ұшын жапырақ өзегіне сырт-сырт сұғады.

– Біз бір ине толтырғанша, екі-үш инені жіпке өткізіп жіберетін не пәлең бар, – деп Қаншайым деген қыз Қансұрға қарап таңдайын қақты. Басынан әсте сөз асыруды білмейтін Қансұр:

– Сендер сияқты қолы жуыспайтын қойшының баласы дейсің бе, – деп қағытып қалды. Ол демек маған да тұспалдап тиіскені. Қален мені иығымнан қақты:

– Қолы олақтау, ойы шолақтау деп тура сені кекеткенін көрдің бе ананың.

Қален шағыстыруға шебер бала. Сосын араға түсіп арасашы болып та бедел жинайтыны бар. Төбелеске де дойыр жұдырығы даяр тұрады. Тоңмойын деген атын ақтап келеді. Қарашы енді тентектігі шектен шыққан Қансұр жүлікке мені айдап салғалы отырғанын. Мен әрине одан қорықпаймын. Бірақ жүрегім де онша батыңқырамайды. Күшім одан кем де емес. Қансұрдың бір жаман жері – жеңілгенін мойындамайды. Қыр соңыңнан қалмайды. Тас көшенің балаларын төңірегіне топтастырып алады да үйіңнің маңынан шықпай қояды. Сосын бүкіл көшеге аймандай боласың. Ата-аналар шулайды. Мұндай «майдан» кімге керек. Артын ойлап «Қансұр құрсын» деп тайсақтаймыз. Ол оны өзінше қорықты деп түсініп, асқақтайды кеп. Балалардың бәрін басынып алған әшейін.

Ал қыздар, қызық, Қансұрдың есерсоқ мінезін ер

жүректілікке санайды. Оларға батыл, батыр боп көрінетін сияқты. Соның билеп-төстеп айтқан сөзіне бәрі бас шұлғып, қоғадай иіліп тұрады әйтеуір. Жаңағы Қаншайымның таңдайын қағып отырған қорлығын қарамайсың ба енді. Қансұр темекінің жапырақтарын инеге тез тіксе, тігетін де жөні бар. Сол да сөз болып па. Шешесі Бүбіш көзін осы темекімен ашып келеді. Озат звеновой. Балаларын да осыған титімдейінен үйреткен. Ал осы Қансұр мен құсап осынау қия бетте мың қойды мыңғыртып баға алар ма екен десеңші! Бақпай қалсын. Тау басына соқыр тұман түскен күні аттан қарғып қашар көзін көкшитіп. Ауылдас қойшылар: «Шіркін, Байділданың баласы қойды қандай бағады!»— деп мақтап отыратынын осылар естімей жүр ғой, бәлем.

Мен мына Қаншайымды түсінбеймін. Кәдімгі өзім сияқты қарапайым қара қойшының-ақ қызы. Жайлауда той-томалақта ат үстінде қаншама шүйіркелесіп те жүреміз. Босап кеткен айылын талай-талай мықшындап тұрып тартып бергенмін. Каникул сайын қойлы ауылға бірге асығамыз. Жолап кетсек болды, сабақ төңірегінде көп салғыласамыз. Ол тіршілік көзі – химия деп дес бермейді. Жоғары класта оқитын қыздардың әсері. Мен болсам, өмір өзегі – физкультура деп көнбеймін. Спортқа жанымның құмарлығынан шығар. Қалайда, әйтеуір, әңгімеміз артынан әрмен қарай жарасып кететін. Ал қалай оқу жылы басталады, Қаншайым солай өзгеріп сала береді. Қойлы ауылда өмірінде болып көрмеген қалалық қыз сияқты, айтатыны: би, музыка, кино, киім үлгісі. Жаңағы Қансұр жүлік бар ғой, биге әбден бәле, қайдан үйреніп алатынын білмейсің, бұраңдап, қиқаңдап бір нәрселерді қатырып салып ала қояды. Қыздардың және оны көп төңіректейтіні де міне сондықтан.

– Оның үйі тура темекі сарайдың түбінде ғой, – дейтін мұндайда аяғы онша икемге келмейтін ұяң ұлдар. – Сонау Зәулімағаштан, Алмалыдан ауылға жазғы жұмысқа көмекке келген кілең қыз-жігіттер сонда жатады. Қолдары қалт ете қалса болды, музыка қойып, өліп-тіріліп билейді олар. Қансұр қу сол арадан шықпайды. Бұл оларға темекі тіккенді үйретеді, ал олар биге баулиды.

Каникул сайын көшеден шықпайтын Қансұр сияқты «үй күшіктердің» осындай-осындай өнерлерін өзімше мойындағым келмейді-ақ. «Жаз жайлаудың қызығын көрмейді-ау» деп оларды обалсынамын. Таутекесі шекесінен қараған, ұлары ұшқан бет-беттен қыз бұрымындай мың бұлағы зымырап аққан қоңыр салқын қойдың өрісін көрсе, іштері өргенер еді пәтшағарлардың. «Қолы жуыспайтын қойшының баласымен» сайысқа түсер қайсысы бар. Тас қиядан көкпар алып қашқанымда қасымда болса мына көккөз жүлік неме бүйтіп тиіспес еді. Жанын шүберекке түйіп отырар еді...

Неге екенін қайдам, табанда қаным қайнап, арқаланып кеттім. Нақ бір өзімді көк жайлауда көкпарға шауып жүргендей сезіндім бе, әлде Қаленнің қамшылауы себеп болды ма, әлде Қаншайымның оған сонша табынғаны намысымды өртеді ме:

– Сен бар ғой, Қансұр, қойлы ауылдың баласынан садаға кет, білдің бе?– деп салдым.

Мұндай қарсылықты менен күтпеген ол орнынан атып тұрды да, кеудемнен періп кеп жіберді. Әрең құламай қалдым. Қыздар шынғырып қоя берді. Жұдырық жаныма батпай жан салып қимылдамайтынымды білетін парталасым Қален:

– Қорықпашы, Түзел, сенің күшің одан артық, – деп құлағыма сыбырлады.

«Ә, әкең...» деп қан түлеп бүркітше бұре ұмтылдым. «Іштен ұрып құлатады» деп балалар оны есі кетіп дәріптейтін. Әзірше кезек-кезек жұдырық сілтесіп жатырмыз, құлайтын түріміз жоқ. Құлаштауы шынында ширақ көрінді. Қаладан ауылға жұмысқа көмекке келетіндердің үйреткені болса керек, өзінше басын жан-жағына алып қашып, боксерлікке салып бұғынып-бұғынып қояды. Тіке төпелеуден қолдарымыз сансырап қалған сияқты. Енді жағаласуға көштік. Кеуделеп итерісіп жүріп қол қайырыса кетіп едік, оның белі қайқандап қоя берді. Күші белгілі болды.

Бірақ түрі адам шошырлық. Өңі өзгеріп, екі көзі айдалаға жүгіріп, бір нәрсе іздейтін секілді. «Қолына түскен затпен

аямайды» дейтін. Тәуекел, не де болса жотасын жерге бір топ еткізейін, жауырынын жерге тигізейін деп екі жеңінен мықтап ұстап алып, сілкіп тартқан күйі арқама салдым. Жайлауда Сайлау деген зоотехник жігіт самбоның әдісі деп осыны құлағымға әбден құйған. Сосын өзім кәдімгі алға қарай құлайтын кісі құсап басымды жерге сала шиырылдым. Екі қолы тіреуге келмей аяғы көктен бір-ақ шығып, жалп ете қалды.

Ауыл балаларының әдеті бойынша төбелестің аяғын ойынға айналдырғым кең басынан аттап жүре беріп ем, арт жағым шым ете түсті. Не болғанын түсінбей жығылып жатқан Қансұрға қарасам, қолына іліккен жарты құлаш темекі тізетін темір инені тағы да сұққалы түрегеліп келеді екен. Арасында Қаншайым бар топ қыздардың ортасына жан-дәрмен шоршып түстім.

...Шошып оянсам, үйің күйгір Ақтөстің тап-тастай тұмсығы тура тамағымның астына сұғынып кетіпті. Аяқ жағымнан жылжи-жылжи келіп кеуде тұсыма тақалып ұйықтапты ол да. Күн көзің кіреуке бұлттар көлегейлепті.

– Түү-у, күшігің екеуің де ұйқышыл неме екенсіңдер, айтары жоқ,— деп Салық қарт менің астымда бастырылып қалған тілік бас қамшысын суырып ала бастады.— Мына қалыптарыңмен жұртта қалып қоярлық түрлерің бар, түге.

– Өй, осы бір сабалақ жүн жаман күшігі де жарбандап жанынан шықпайды,— деп күлімсіреп атам қасымызға кеп тізе бүкті. Екеуі де біздің оянуымызды күтіп жүрген сыңайы бар.

Ақтөс ондай ескертулерді құлағына да қыстырған жоқ. Маған сүйкеніп тұрып, аяқ-қолын керді, аузын апандай ашып, есінеді. Бағанағы үстіне жұққан батпағы сауыс-сауыс болып, ақ кесекке айналыпты. Дәл ортамызда тұрып дүр-дүр сілкініп еді, будақ-будақ шаң шықты.

– Кет-ей, — деп зекіп Салық қарт қамшымен жерді бір салып қалды. Ақтөс шаңға оранған қалпында менің ту сыртыма ытқып шықты. Бар кеткендегісі сол.

– Күн салқындады, қойды жая айдалық, — деп атам шылымын шоқпардай, қылып орай бастады. Темекі салынған кестелі дорбаның ызған бауын шыжымдап бо-

сатып, газетті бұрандалы шегедей шиыршықтап алып, күректей алақанынан соған саумалап толтыратын қимылы тұрған бойы сән.

– О-о-о-ии, байекесі, осы бір сасық түгінді әп-әдемі аузыңмен сорғанда не мүйіз шығады, – деп Салық қарт танауын тыржитты. – Ата-бабаңда жоқ әдетті қаныңа сіңіріп қайдан таптың?

– Оныңыз рас, Сәке. Байшал тұқымында аштыға құмар адам жоқ еді, – деп атам біртүрлі бүгежектеп өзін кінәлі сезініп қалды кәдімгідей-ақ. – Мен құдай атып шылымның шылауына шырмалдым. Сонау неміс пәшістерімен соғыс жылдарында жұмысшылар батальонында болдым емес пе. Сонда жабысты осы пәле. Содан әлі қоя алмай келе жатқаным.

Атамның ыс шалған шалғы мұрты салбырап, терең ой-ланып қалды.

– Көмейіңді көк түтінмен бітеп, ағзанды тоздыратын у тозаң ғой ол, – деп Салық қарт кейіп айтып тастады.

Бір шыны қымыз ішсе күні бойы бұлаудай болып, басы-көзі қызарып маужырап жүретін атамның осы бір темекі түскірге қалай үйірсектігіне таңмын. Әсте қыдырып бара қалған жерде:

– Айналайын, айран болса, маған, қымызды мына Түзелдің шешесі Рәшқа құй, – деп алдын ала құлаққағыс кып отырады.

– Төбедей боп оныңыз қалай, бір тегене түгіл мес толы дөнен қымыз ішіп қоятын-қауқарыңыз бар емес пе, – деп үй ішіндегілер алпамсадай атамның айранмен сусын қандырғанына қайран қалады.

– Осынау жасырақ кезімде маған да бір қу құрдасым «аузы-басы сарғайып, сасып» жүретін өнерді үйретпек болды, – деп Салық қарт әлдене енді есіне түскендей көзін сығырайтты. – Жолбарыстының жонында қой шетінде отырғанбыз көр-жерді әңгіме ғып. Сейсебай құрдасым бір уақытта бұрқыратып тұрып шылым шексін. Қос танауынан паровоз құсатып боздатты-ай дерсің түгінді. Қызық көріп, оның көкке мұрын шүйіргеніне қарап қалыппын. Соны сезе қойған өрістесім:

– Үйретейін бе?– дегені.

– Мейлің, –дей салдым селқос қана. Ойымда еш нәрсе жоқ, қарап отырғанша уақыт өтсін дегенім баяғы. Қой баққанда кеш батпайтын әдеті. Ермек те керек.

– Ендеше, темекі түтінін, міне, былай ішіңе терең сорып «Пе-е-е, апам келедіні» деп айт,– деді Сейсебай антұрған өзі бұрқ-бұрқ еткізіп көрсетіп. Оның үйреткенін айнытпай қайталадым. Түтінге аузымды томпайтып лық толтырып алып:

–Пе-е-е...– деп ішегімді соза ішке тартқанымды білемін, ары қарай «апам келедіні» айтуға шамам жетпеді. Тынысым бітіп, қылғынып-буынып, үнім өшті де қалды. Көзімнен сорам ағып, тілім байланды. Қолқам толып, дем ала алмай жерге аунақшыдым-ай кеп. «Е, өлген деген осы екен ғой» деп ойладым.

Біразда-а-ан кейін барып қақалып-шашалып жатып, көгеріп-сазарып зорға дегенде демім ашылғаны.

Сейсебай болса екі санын шапақтап, дарақыланып күліп отыр. Мені өкпесі өшіп өліп қалады-ау деген қаперіне кірер емес. Ой, сол арада итше тепкілеп, сілейтіп салдым бәлемді.

Міне, содан кейін көк түтінді сормасқа, әсте әуес болмасқа ант еттім. Бүкіл әулетіме де тілейтінім сол.

Салық қарттың аңқаулығына атам екеуміз, ой, армансыз-ақ күлдік-ау...

Иә, сонымен ақыры «ри-рилап» «Ақбай құдығын» да, «Жартастыны» да, «Итшыққанды» да артқа тастап, титықтап жетіп шойын жолды жағалай кеп қой иірдік. Шешем түйелердің белін босатып, қалың қарасораның арасына қоя беріпті. Теңдерді қоралата қойып, кішігірім қос жасапты.

Ортада от маздап, мосыдағы қара шәугім ызылдап ән салды. Әсіресе стансаның төңірегі қып-қызыл бояу төгіп тастағандай қызғалдақ дала. Сол қанқызыл бояулы даланы қақ жарып қайта-қайта екі иінімен демалып поезд өтеді. Салмағынан жер солқылдайды.

Атам стансаға барып, кірпіш нан, қант-шай, қарынға құйып құдықтан тастай су әкелді.

– Бұрынғыдай екі-үш күн мұнда ерулемейтін болдық.

Шығыр шөп, жыбырлақ гүл қаптап кеткен екен биыл, қойды қырып алармыз, – деп атам әдеттегідей қарбалас ала келді

– Бағана жүк түсірісіп, үйдің орнын шабысып кетті Хамит бауырың,– деді Рәш шешем.– Кешке қарай келіп ерулік жесін деп шақырды. Станса тұрғындары малшылардың құрметіне ертең-бүрсікүні ерулік-той қылатын түрлері бар көрінеді.

Шешемнің «Хамит бауырың» деп отырғаны Құндыз апаның баласы. Әкесі Сәтімбай атаммен ағайын-туыс болып келеді. Сонау тау бауырында «Сәтімбай сайы» деген кең арна бар. «Сәтімбайдың күрең аты» деген жақсы лепес және осы бөктердегі ел аузында аңыз болып жүр. Аяқтыға жол бермеген желден жүйрік сәйгүлік баптап міну – сері мінезді сергек азаматтың бір қыры болса керек-ті деп отыратын ол кісі туралы атам. Хамит бауырымыз колхоздан шығып, теміржолшы болып кеткен. 76-разъезде тұрады. Біздің колхоздың малшылары жоғары-төмен көшкенде тура осы арадан кесіп өтеді. Арнайы қойылған алабауыр шлагбаум бар. Әйтпесе темір жолдың кез-келген тұсынан көктей өтуге рұқсат жоқ. Поезға арандап қалуы мүмкін. Көптен бері осында тұрақтаған жаңағы Құндыз апалар жыл сайын біздің көштің алдынан ағарған алып шығады.

– Бұрынғы-соңғының салты солай, балам, – деп Рәш шешем түсіндірер еді маған.– Құндыз апаң, көрдің ғой, ақжолтай жоралғыны тастамайды. Күндігі қандай тамаша. Оның ішінде керемет кимешегі бар. Жиегі, жағы өрнек салып тастаған, көздің жауын алады. Ал бүгінгінің кемпірлерін киімінен ажырата алмайсың. Кемпір сияғы жоқ.

Міне, сол Құндыз апаны күндігімен тағы да көруге асықтым. Амал не, атам:

– Бір-ақ түнеп көшетін болдық. Жайланып жататын жағдай жоқ, Қойлардың іші кебетін түрі бар. Ерте жатып, ұйықта, балам, – деп шешем екеумізді қойға тастап, Салық қартты ертіп Хамиттікіне кетті.

«Қап-ай!» деп көңілім біртүрлі қабаржып қалды. Хамиттың жұлынып тұрған боксер баласына еріп стансаға

келіп тоқтаған жолаушылар пойызының әйбәт вагондарын зыр жүгіріп бір аралап шығатын едік. Есік алдындағы әлдеқашан қураған екі қарағаштың арасына сыммен орап орнатып қойған ортасы қуыс труба-турникке тартылып жарысу керек еді. Сосын «склепка», «замок», «полусолнце» жасауды, екі қолмен бірдей қара күшпен шығуды үйрететін ем. Айтпақшы, стансаның көкпаршы балаларының әуселесін көрсем биыл деп едім...

Мен осылайша біраз қиялдап тұрдым да, ішім күйіп кетіп, бір кезде аспанға тік секіріп барып тендердің үстіне құмп беріп құладым.

– Пай, пай, пай! Осы сенің-ақ ойының келіп тұрады екен, – деп шешем тұсау жіппен ақырын ғана арқамнан осқан болды. – Алдағы қызыл алашаның орауында сенің көк сандығың бар, сындырасың.

Сөйтті де дереу сандықтың шандып байлап тастаған бел жібін босата бастады. Мен шынымен-ақ сынып қалғаны ма деп сасқалақтап тұрмын.

Жоқ, сау екен. Шешем көк сандықтың өрнекті темір тұтқасын жұлқып тартты да, қақпағын шалқалата ашып, әлдене есіне түскендей ішіндегілерді біртіндеп шығара берді. Өңкей сусылдаған шәйі көйлектер, жібек орамалдар жұпар аңқиды.

Міне, ғажап! Шешемнің бұл киім-кешектерді үстіне кигенін өмірімде көрген емеспін. «Бір киер» дейтіндей емес, кәдімгідей көп. Мұны неге кимей, құр сандыққа салып, тықпыштап жинай береді екен, ә?

– Ой-ой-ой, көйлектерің не деген көп еді, апа-ау, – дедім қуанып кетіп, – бұларды неге кимейсіз, тегі?

– Ә-эй, қай бір жаққа барып жатырмын ба, балам. Бізге енді, не сән керек? Мына қойдың қиына сүйретіп кием бе? – деді қолын сілтеп. – Қысы-жазы көшіп-қонып жүреміз. Ұдайы қой соңындамыз. Көшеде, төсте болсақ бір сәрі. Ат үстінде не кисең де жарасады емес пе?

«Түу-у, шіркін-ай, апам осы көк сандықтағыларды малынып киініп алып, біздің мектептің қасынан қыздардың көзінше бір көлбендеп өтсе ғой, – деп қиялдадым. – Осы

ақ қойдың ығымен жүріп класс жиналысына да қатысып көрген емес».

«Солай да солай, құлыным» деп қойып шешем іштей ыңылдап әндетіп тұрып, көк сандықты қопарып ақтара берді. Табанына да тақалып қалған сияқты.

– Міне, мынау, шырағым, Шаханымның шапаны, – деді бір жапырақ қызыл барқыт көкірекшені жоғары көтеріп. – Қайтейін, құдай көп көрді ме, жауырынның ортасы көкпенбек болып көз тиіп өлді. Қарайып көп-көрім отыруға жарап қалған еді...

Жаңа алдында ыңылдап салған әні көңілді секілді болатын, енді аяғы ауыр тартып, біртүрлі естілді. Жүрегім шым ете қалды. Ернімді тістей қойдым. Сосын, көлемі бет орамалдай ғана үлбіреген сары жейдені шығарып бетіне тақады.

– Бұл да шөкім бұлттай болып аспанға ұшты да кетті. Атын Бұлтбай деп білгендей-ақ қойған екенбіз. Соның ит-жейдесі. Талпынып, екі жеңін сабалап, сықылықтап күлетін күні өтіп бара жатқандай-ақ. Жылбысқа жарығым-ау әшейін, қарашы, шыт жейдеден әлі исі бұрқырап тұр.

Шешем, әуелім, қорсылдап жылауға айналды. Ән салғанда сондай нұрланып кететін қызыл шырайлы өңіне әжім өрнегі ептеп түсе бастағанын тап қазір аңғарғандаймын. Апама тек қабағын шытпай, күлімсіреп жүрген ғана жарасады екен ғой. Соны бүтін білдім.

Жаңағы «кілең» қаралы киімдерді көріп, жүрегім суылдап кетті. «Мен де өлетін шығармын, – деп ойладым. – Ана киімдері көк сандықта ескерткіш болып қалған еңбегі былқылдаған жеті бірдей бауырларым ең құрымаса жерден таяқ жеп, жеті жасқа да жетпеді-ау».

Танауым пысылдап, бір өксік тамағыма тақап кеп қалды. Кенет осыны сап тыйылдырып шешем сергек сөйлей бастады:

–Тоғыз құрсақ көтеріп, солардан тек «бір сауыншы», «бір қойшы» дегендейін, Мәруәш екеуің ғой жер басып жүрген. Міне, мынау – әпкеннің таққан үкілі тақиясы. Шопандар слетінде томпаңдап билей жөнелетін сонымен.

– Ана жатқан не арқан? – деп мен көк сандықтың ең

түкпірінде иретілген ширатпа жіпке жақтырмай қолымды создым.

– Е-е-е, ол біздің нағыз қымбат мүлкіміз. Осы үйдің жалғыз еркек кіндігі мына сенің тұсауынды сонымен кескенбіз. Түйе жүнінен ескенбіз, – деп шешем өлеңдетіп менің ұстарамен алынып тасталған тақыр басымнан сипады.

Манағы шешемнің «сенің көк сандығың» дегені санама енді жете бастағандай. Тоғыз баладан бір-бір белгі бар көк сандықтың қасында көші-қон сайын қарайып жүретін мына мен-ақ екенмін-ау. Соның бәрі тірі болса бір отар ақтылы қойды бір-ақ уыс қып айдамас па едік. Сонау қыстаудың, көктеменің, жайлау мен күзеудің ата-анама оттай ыстық болатыны, кереге жайған әр қоныста тоғыз перзенттің іңгалап өмірге кеп, жетеуінің періште-сәби күйінде жер жастанып, кіндігі байланып жатқандығынан ба екен. Шешем байғұс көшкен сайын көк сандықты сан аударыстырып, бір-бір иіскеп қоятын көрінді. Тең буып, жүк артқан сайын осы шаңыраққа думан алып келетін тоғыз бірдей өрімдей өмір түйеге мінгеседі екен-ау...

Таң бозанда атам «тұр-тұрдың» астына алды.

– «Тұр-тұрдан хабар келсе, ұйқыдан маза кетер», балам, – деп Салық қарт және бір ескертіп өтті.

– Алақұйын әкең, әне, жөндем ұйқы да бермейді, – деп Рәш шешем мені оятуға қимай шырайналып ол жүр.

Атам торсылдақ жүрісті торы атты қайқайтып тұрып ерттеп қойыпты. Қой жаппай өріп, жағалауы аппақ сор, қамыс-құрағы көсенің сақалындай сирек өскен «Мысаның суын» өрлеп барады екен. Түнімен вертолеттей ұшып шығатын сары масалы «Тағаш» деген борпылдақ жерің, міне, осы, Сортаң, қопалы борықты не үшін «Тағаш» атағанына қайранмын. «Мысаның суы», «Тағаштың суы» деп бір өзеннің қақ жарылып барып, қайта қосылған иірімдерін бөлек-бөлек айтады. Маған ол да жұмбақ. Бір анық нәрсе, екі тармақтың, екі саланың да сулары ащы. Ал бірақ осыдан небәрі жүз қадамдай жердегі құдықтың суы – тұщы. Түсініп көр. Әйтеуір ел-жұрт осы араны жиып-теріп «Қопа» деп атайды. Кешке қарай қара бұлттай

қаптайтын масасы адам түтіл малдың өзін арадай талайды. Шопандар қосы түнімен ошақтың отын өшірмейтіні де осы себептен. Су-су бұтаны әдейі түтіндетіп тастайды.

Басы-көзім добалдай. Маса шағып тастаған. Түгін ісінен бе, әлде ұйқым шала ма, көзім удай ашиды.

– Енді «Алматы – Фрунзе» күре жолын кесіп өтіп «Құтырғанға» жетіп құлаймыз. Көш озып кете берсін, – деп атам қара атанның бас жібін қарны салбыраған ындыны жуас сары биеге жайғасып алған шешеме ұстатты. Екінші түйенің бұйдасы қара атанға байланған. Сып-сыпа боз інген, бекер обалы қане, жетекшіл екен, мұрындыққа күш түсірмей, шудасын желкілдетіп бүлкілдеп ереді де отырады.

Көшті жолға салып, үш аттылы қой соңына қарай айрыла бергенімізде күшіктерін баяғыда-ақ аяқтандырып, бауырынан таратып жіберген Майлыаяқ жатып кеп қыңсылады. Сосын құйрығын жерге шаншып қойып ұлыды дерсің. Тура дауыс айтып жылаған сияқты кәпірдің үні.

– Ойбу-уу, айтпақшыдай, Ақтөс қайда, көрінбейді ғой? – дедім мен есім шығып кетіп. – Ақ-төс! Ақ-төс! А-а-а-ақ-төс!

Дыбыс жоқ! Майлыаяқ ұли берді. Мен бүкіл Қопаны басыма көтеріп айқайладым:

– А-а-а-а-ақ-тө-өө-с-сс!..

Маған жауап ретінде «Гу-уук-гу-уук» деп өкіріп-бақырып, дөңгелегі сартылдап, жылан құртындай жылжып бір эшелон өтті.

– Ах, есіме енді түсті, – деді атам абыржып, – ол неме түнде стансаға бізбен бірге еріп бармап па еді?

– Әй, бірақ соны қайтарда көрген жоқпын-ау, – деді Салық қарт.

Жаным жылап қоя берді. «Қойды кеудемен қағып, шып-шырғасын шығармай, шашау жібермей айдасатын қайран сабалақ серігім, стансаға байланып, арам тамақ қаңғыбас иттердің қатарына қосылар ма екенсің» деп ішім әлем-жәлем.

– Қораға үргенге адамнан зият құтты итті құртып, шой-

ын жолға қалдырып кетпекпісің, алақұйын, – деп шешем бұрқылдап, сары биеден созылаңдап жерге түсті. – Бар енді баланың күшігін қарап, тауып кел. «Итті қонақ жараспас» дегенді білмеуші ме ең. Неге ғана ілестірдің, а?

Атам стансаға қарай құйын-шыбын шаба жөнелді. Салық қарт:

– Мен ана қойдың алдына бара берейін. Біреулерге қосылып кетіп масқара болармыз, – деп құлын мен тайын ертіп, биесіне қамшы салды.

Біз шешем екеуміз жаңа жұртқа қайта бұрылып барып, түйелерді шөгердік.

Көп ұзамай атамның қарасы көрінді. Алдына өңгерген ағарандаған бір нәрсесі бар сияқты. Құнжың-құнжың етіп алдынан жүгіріп шықтым.

– Ата-оу, Ақтөс қайда? – дедім бір сұмдықты жүрегім сезгендей жыламсырап. – Ақ күшігім... қайда-а-а...

– Обал-ай, қайран итім, сырттаным, қойымның құты еді, – деп атам біртүрлі жуасып, иіні түсіп, шылбырын жерге тастай берді. – Тура тар жолда пойыз басып кетіпті, бал-ламмм...

...Қой соңына ілбіп, ілесіп келемін, Көз алдымда: арсалаңдап каникулға келгенде алдымнан шығатын ақ күшік, көз алдымда: атам аузына май салып Қопаға көміп кеткен Ақтөс. Көзімде жас. Жер бауырлап жылағаныммен, ол тіріліп кеткен жоқ.

Қоржыным толған қозы. Алыстан ақ бас асқар таудың сұлбасы мұнартады. Құлағымда: «Көш көлікті болсын!», «Айдар көбейсін!» деген жолай жұрттың ақ тілеуі, жоралғысы. Ал, қасына күшік ермеген көштің несі қызық. Иті жоқ отар – иесіз мал. «Итті иесімен қинасын» деген осы екен-ау» деп бауырына басқан Салық қарттың да сөзі ішімді елжіретіп келеді. Енді каникул сайын мойныма асылатын Ақтөсім жоқ менің. Майлыаяқ сырттан күшік тапқанша, ол екі-үш қар басқанша қай уақыт...

Көлденең күре жолдан кесіп өткен соң, таудың салқын самалы лекіп соқты. Енді бірер күн түнеп шалғынын жапырып, тырмысып шығатын көк жайлау да жақын. Жас қозылар да ширап, қоржынымыз босай бастады. Қойлы ауылдың түгіні алыстан шақырып тұратын шалқыма шағы енді салтанат құрады.

Көңіл хошы

«Тілде буын жоқ» деген рас екен. Өңінде бір түйір әжім ізі байқалмайтын тоқ бүйір жігіт ағасы той иесін мақтады-ай келіп.

– Екі тілде бірдей жүйрік, тіпті немісше де өз ойын толық жеткізе алады. Суат оқымаған кітап қалды ма екен деп те танданам-ау, танданам. Баяғыда айттық, басыңды бар пәлеге ұра бергенше, бір ғана нәрсені қазбалай жүрсен кандидаттық қалтаңда деп.

Осы тұста той иесі ыңғайсызданып қалды. Қозғалақтап, қызарақтап төмен қарап отырды да қойды. Тоқ бүйір жігіт ағасы тура отыз минут сөйледі. Сондағысы құрдасының кандидаттығын қорғамай қойғандығы, бүгінгі бір жасқа толып отырған балпанақтай ұлдың сол жалқау, қырсық әкенің білгенін қабылдап, тек мінезін бермесін, ғылым жолын қусын дегендік.

Жолғұмыр жынданар болды. Өңкей ыңыранып қалғандар екен. Бірі құйтақандай баланы космонавт – Гагарин болсын деді. Бірі – министр, бірі – директор болсын деді. Сосын Жолғұмырға кезек келді:

– У-ау, азаматтар-ау, сонда мына сіздерді жұнттай киіндіріп, ішіндіріп отырған шопандардың орнын кім басады? Тағы да сол мына менің балам ба? Турасын айтқанда бар ғой, мына мен бауырымның баласының Жазылбектей шопан болуын тілеймін, – деді кесіп түсіп.

Осы арада Суаттың әйелі шыр ете қалды.

– Қой, құрсын! Шопандық өзіңмен кетсін, қайным. Мылтықпен айдасаң да балам бармайды қу мекиен қуаң далаға. Қалаға үйренген үрпек бас баланы қалай ғана далаға қуып отырсың, түге!

Суат бағанағы бас айналдырған мақтау сөзден еңсесін көтере алмай отыр еді. Шопан інісінің тілегіне шамданған келіншегіне басу айтты:

– Әй-й-й, Реке-ай, нақ осы қазір балаңды қойға қуып жатқан ешкім жоқ қой. Алдымен мына ағаларыңдай бо-

лып өссін де, сонан соң жаны аман болса қай мамандықты қаларын кім біледі. Бәлкім, трактор жүргізіп, жер жыртқанды жаны сүйетін шығар. Оған неге сонша шырылдап кеттің. Ештеңе жоқ. Өзіміз кірпіш те құйдық, үй де сыладық, пеш те қаладық, қысқасы, құрылыстың қырық түрлі мамандығын бойымызға сіңірдік. Соның бәрі қолымызға жұғып қалған жоқ қой. Құдайға шүкір, кезі келгенде соның бәрін жиып қойып, университетке түстік. Енді ғой, ең соңғы мамандықтың жемісін жеп отырмыз. Бірақ сол бұрынғылардың бәрі бекер еді, далаға кеткен құр бейнет деп опынар жайым жоқ. Қайта соның бәрі сабақ. Өмір сабағы. Соларды ойлаған сайын бүгінгі еңбектің жемісі балдай тәтті бола түсетін тәрізді.

Сабасына түсті ме немесе қонақтар көңілін аулағысы келді ме, Рая күрт сынып сала берда. Сылқ-сылқ күлді, күлді де:

— Жә, жә, қайным, менікі, жәй сөз ғой, көңіліңе ауыр алма. Баласын патша болсын демейтін ана бар ма. Менікі де сол көңіл. Қой баққандар дәл Жазылбек атадай бола берсе онда қаладағылар баласын далаға қуар,— деді.

Жолғұмыр оған жұбана қойған жоқ. Айтарын айтты баланың шешесі. Енді келіп көңіл аулай қалыпты. Женгесінің мінезін біледі. Баяғыда «Бақсы құсап зікір салмай, баршы баратын жағыңа» деп домбырасын қолынан жұлып-жұлып алатын ағасының әйелі ғой. Міне, осындай бұралаң мінез-құлықтар емес пе кісіні қинайтын.

Жусаны бөрткен тау бөктерінеи самал соққан қойдың өрісі көз алдында көлбеп тұрды да тез жоғалды. Оны жоғалтқан өзі. Жұрт деген осы арнайы шақырылған думантойлы үйде құлан-таза көңіл көтеріп, ән шырқап отырмас па. Қазір біреуі болмаса, біреуі: «Қане, ән айтайық, достар!» дейтін шығар. Мансабын, жұмысын, кімнің қызметі өсіп, кімнің қарасы өшкенін бағана айтып, түгесіген, түге. Кандидаттығын қорғаған дастарқан басындағы үш жігіт бірталай жерге барып, ғылым жолындағы көрген «қорлық-зорлықтарын» ортаға салысып, көз жастарын бір-бір «сығысып» та алған. Осыларға қарап бұл үйде кішігірім ғылыми совет өтті ме деп те қалғандайсың.

Осы отырыстың іш пыстырарлығы сондай, ой тізгінін сан-саққа жіберіп алуға болады. Өйткені көңіл желіктірер, жан желпінтер ән шырқауды ойлап отырған тірі пенде байқалмайды. Өңкей өгей әңгіме, қысыр сөз. Жолғұмыр бір нәрсені есіне еріксіз оралтты. Жаңағы бала дегеннен шығады ғой...

Ортаншы ұлы бес жасқа дейін емізiктi аузынан тастамады, Шырт ұйқыдан оянып түсіріп алған емізігін көзі тарс жұмулы қалпы көрпенің арасынан сипалап іздеп жатқаны. Енді соны қалай қойғызудың амалын таппай үй-іші дал. Сосын бір күні ол ұлына қабағын түйіп тұрып:

–Осы сен емізiктi аузыңа салғанды қашан қоясың?– деді.

Кішкентай бала қайдан ойына келгенін кім білсін:

–Көке, сен темекіні қойсаң, мен де емізік ембеймін, – дегені жұлып алғандай.

Жолғұмыр қызарақтап:

– Кел, онда екеуіміз уәделесейік. Сен емізік емгенді қой, мен шылым шеккенді доғарайын,– деді.

Сөйтіп, әке мен бала осыған келісті.

Содан былай бала емізік ұстамай кетті. Ал Жолғұмыр болса баласына көрсетпей жасырып тартып жүрді. Баласы оны бір күні байқап қойды. Үйге келген қонақтарға:

– Мен емізік ембейтін болдым. Ал көкем темекіні әлі тартады, – деп мақтанып жүрді.

Содан бір күні Жолғұмыр өрістен келіп киіз үйдің жабығынан сығаласа, әлгі бес жастағы бұзығы бесіктегі баланың қасына барып әлденеге телміріп тұр екен. Әкесі қайтер екен пәтшағар деп әдейі сырттай бақылайды. Ортаншы ұл бесіктегі сәбидің аузындағы емізігін жұлып-жұлып алып, дереу солқылдатып сорып-сорып жіберіп, қайтадан құндақтаулы бөпесінің аузына сала қояды. Сосын ешкім көріп тұрған жоқ па дегендей жан-жағына жалтақ-жалтақ қарап қойып, тағы да емізiктi жұлып алып, өз аузына салады да бүлк-бүлк сорады кеп. Сосын құнжың-құнжың етіп қайтадан бесіктегі бөпесіне бере қояды. Жолғұмыр баласының ұрлығын шығармайын деп сыртта біраз жүріп қызықтап күліп те алды. Сөйтсе әкелі-балалы екеуі де өз дағдылы істерін бірінен-бірі жасырып жалғастырып жүр

екен ғой. Дегенмен баласы сөйте-сөйте мүлде қойып кетті. Ол әлі қоя алмай жүр...

Дастарқан басындағы жұрт тегіс сөйлеп болды. Асаба да желбуаз әңгімеге кеңшілік беріп қойып, қарнын қаситын қасқаның өзі екен. Біреудің көзін, біреудің өзін өлердей мақтап мыжып тұрып алатыны аздай арадағы аз-кем саңылау уақыттарда қайдағы бір құдай атқан қысыр әңгіме тастап, тұтатады. Пәленшекең ана жаққа ауысқалы жатыр екен сыңайы, оның орнына сонау Каспий жағалауынан келетін көрінеді деген сықылды білгішсінген сыпсың бал ашулар Жолғұмырдың басын ауыртты. Тоқ бүйір, семіз сары дүниеқоңыз парықсыздардың сортынан екенін екі сөзінің бірінде аңғартып қояды. Сезімі бір тұтанбайтын тоғышар тоқ қарынды қалай ғана дастарқан басқаруға қояды екен деп жаны жылап отыр. Жолғұмырдың. «Шіркін-ай, әй, әйел құсамай ұсақ әңгімені қойындар әрі, өлең айтып, көңіл көтеріп отырайық та», – дейтін ауылдағы Гүлбаршын секілді жеңгейлердің әзілі алтын екен ғой», – деп ойлады ол. Ендігі бір үміт бағана жеңгесі келінім деп таныстырған ағасының балдызында. Майысып шай құйып беріп отырған көркем келін, бәлкім, әнші болар – даусы сыңғырлап естіледі екен. Жаңа жас келін сөйлесін дегенде байқады. Жанарында жастықтың жарқылы бар. Бір көтерсе көңілді осы келін көтерер.

Жоқ, шайдың қызылынан құйып керіліп-созылып бейқам отыра берді ол да. Қанша дегенмен бұл келін кешегі қыз емес пе еді. Тоқтаған келіншектердің томсырайып-томсырайып ғалым күйеулеріне бек разы көңілмен отырысы жөн-ақ болсын. Ал мына кешегі қыз... Бір ән салмай қалай шыдап отыр, тегі.

Иә, осы келін дегеннен шығады-ау, астанада кітап шығаратын баспаның бірінде жұмыс істейтін таныс жігіті бірде Шуға келгенде айтқан мына әңгімесі есіне сарт ете түсті.

Университет аудиториясында «келін» деген сөздің түбірін табу туралы талас болады.

– Келі, – дейді бірі өзеуреп.

– Кел, – дейді екіншісі ұшып тұрып.

– Жок, келу, – дейді үшінші бір студент қызбаланып. Сонда Ырысбай деген журфактың студенті қолын көтеріп:

– Ой, Құдай-ау, соны да білмейсіңдер ме, түге! Келін деген сөздің түбірі кәдімгі қыз емес пе, қыз, – депті.

Курстастары қыран күлкіге батыпты.

Міне, сол айтқандай, кешегі қыз мына аза тұтқандай жайсыз отырысты селт еткізіп ән бастаса не қылады екен.

Жолғұмыр «айтпақшыдай осы үйде домбыра бар ма екен әуелім» деген ойға келді. «Иә, бәсе-ау, тіпті домбыра бар болған күнде өлең айтуға рұқсат па екен өзі деп көрейін». Айнала сонау шопандар жайлаған таудың кереге тасындай сұп-сұр «ағаш қорған». Айырмашылығы кереге таста тобылғы, арқар жусан, рауғаш қақ жарып өсіп тұрады. Ал мына «ағаш қорғанда» сүңгі мұздай сірескен музейлік ыдыстар, көрмеге қойғандай қорғасын түсті қуыс заттар бәрінен де мен бағалымын деп тұрғандай мелшиеді. Жолғұмыр тіпті «осы үйде домбыра бар ма екен» деген ойынан өзі ұялды. Бекер іздеп әуре болыпты.

Ақыры, Жолғұмыр шыдамады. Бұларға қараса сылқия тойып алған соң, қаумаласып карта соғатын түрлері бар. Ал оның ең жек көретін нәрсесі осы. Жарылып кетпей тұрғанда көкірек күмбірін домбырасыз болса да сыртқа шығаруға тәуекел етіп саңқ ете калды:

Майтөбе біздің жайлау-ай,

Өмірдің барма-оу байлауы-ай...

Тосын шыққан зор дауыстан бәрі де селк ете түсті.

– Мынауың қызған шығар, – деді Зұлқия келіншек жақтырмай.

– Жоқ, мен аузыма қышқыл нәрсе татып алған жан емеспін, замандас, – деді Жолғұмыр қызарақтап.

– Оу, мен әлі өлең айтуға рұқсат бергемін жоқ қой, – деп тамада тамағын кенеді. – Мынадай көп қабатты үйлерде тұратындар дауыс көтеріп, ән шырқауға тыйым салады. Соны да ескерейік, жолдастар. Тоқ бүйір жігіт, әбден мас болуға тақаған тағы бір қонаққа сөз беру үшін ежелгі әдетіне басып, алғысөз айтып кетті.

– Бұл тосты көтертетін адамның өзі де, өзінің оң көзі – келіншегі де керемет жомарт жандар. Ана жолы үйлеріне барғанымызда еңбектеп қайтқанбыз...

Жолғұмыр ар жағын құлағына да ілмей қасақана қатты қызған кісі боп даусын барынша қоя берді:

Біздің ауыл сұрасаң Белбұрғанда,

Ұзын ағаш солқылдар жел тұрғанда.

Майтөбе біздің жайлау-ай,

Өмірдің жоқ қой байлауы-ай.

Күн мен айын басқаның неғылайын,

Тал шыбықтай бұралып сен тұрғанда.

Маятөбе біздің жайлау-ай,

Өмірдің барма-ау байлауы-ай...

– Стоп, стоп!– деп тамада алақанын шапалақтап қолын алға созды.– Қоя тұр, қонақ бауырым, қоя тұр. Бұл дастарқанда менің әмірімсіз еш нәрсе болмауға тиіс. Ашсам – алақанымдасындар, жұмсам–жұдырығымдасындар. Сөз тыңдайық, ән қайда қашар дейсің?!

Жолғұмырдың шыдамы шынымен-ақ таусылған екен, атып тұрып жер тепсінді

– Әй, тамада мырза! Дақ енді... сен кім болсаң, ол бол, қысқарт сөзді! Осы үйге жаназаға келдік пе, әлде тойға келдік пе, соны ажыратып алайықшы! Бір емес, екі сыпырадан тілдерін безеп жатыр ғой мүйіздері шықса. Енді былай, жайланып отырып, кең көсіліп дегендей той ырымын жасамас па. Құр қызыл сөз кімді семіртер дейсің. Одан да былай көңіл сергітер өлең айтып, ән шырқап дегендей...

Тамада алыстан – түү Шу бойындағы мал жайылымынан келген қонақты көл-көсір дастарқан мәзірінен тартынбай ішіп, көтере алмай қалды деп ойласа керек:

– Ал, халайық, үзіліс, – деді де қалтасынан «Қазақстан» сигаретінің бір талын алып тұтатып, басқа жұртты балконға бастап бара жатты. Сосын:

– Шикандай болып қызарып алған қойшы қонақ сөздің шырқын бұзды-ау,– дегенді қосып қойды.

Өзін өмірінде татып көрмеген ащы суға сылқия тойып алды деп ойлаған осынау дастарқан басында отырғандарға өкпесі қара қазандай болған Жолғұмыр енді ауылға қайтқанша асықты.

– Дәл осындай той көрсем көзім шықсын, – деді.

«Қой, асықпай ертең қайт» деген аға-жеңгесінің өтінішіне қолын бір-ақ сілтеген ол.

– Біздің қыстаудағы басқосулар мүлде бөлекше екен ғой, шеттерінен сыпыра ән салдырамыз. Қызыл сөзге көмген қалалықтарыңа рақмет..

Соңғы автобуска сығылысып жатып эзер ілінген Жолғұмыр Шу қайдасың деп тартып отырды. Алматы – Жамбыл бағытындағы есік пен төрдей жұмсақ орындықты автобус ішіне жайғасып алып жедел қайтуға себеп болған жаңағы көңілсіз туған күн тойын ойына оралтты. Бөденедей-бөденедей торсыып алған қалалық жігіттер мен келіншектердің ең болмаса бір ауыз жыр айтып, жақ ашпағаны жынына тиді-ау, тегі. Ойпыр-ай, олар сонша неге тоқ пейіл? Қабырғадағы қаратастай дүние-мүлікті ғана тілге тиек етіп, бір-біріне түртіп көрсетіп, ыздиып отыра береді екен, отыра береді екен.

Жо-жоқ! Малды ауылда мүлде олай емес. Арақ ішпесе ішпейтін шығар, бірақ, өлең, ән айтылмайтын басқосу болған емес. Бүгін Жолғұмыр аман-есен қыстауға жетсе, құлақтанған көрші-қолаң кешкілік дереу жиналып алып оны ортаға қаумалайды әлі. «Алматыдан, астанадан келдің, сарқыт қане?!» дейді. «Ағаңның жағдайы жақсы ма екен» дейді. «Балалары ер жетіп пе?!» дейді. Аға-жеңгесінің қала өмірін сылтауратып салт басты, сабау қамшылы сәнденіп жүріп-жүріп, енді әбден елуге тақағанда көрген жар дегенде жалғыз ұл бір жасқа толып інісін соған тойға шақыртқанын біледі ғой бәрі. Жалғыз бауырының жалғыз ұлының қуанышына қойын сойып, қоржынын толтырып артынып-тартынып кеткен. Ал осындайдың аяғын жыр-думанға айналдырып жіберетін ауыл шіркіннің әдеті. Әйтеуір, ән салып, өлең айтып, көңіл көтеріп тастаудың сылтауы табан астында табылып жатады ғой.

Оның ойлағанындай-ақ болды. Қас қарайып, күн батқасын қыстаудағы көршілер оның үйіне ат басын тіреді. Күре жолдың үстінен арлы-берлі ағылып жататын автобустардың қайсысынан қашан түскенін қайдан білген десеңші:

– Әліксалам, – деп қана үлгеріп отыр...

- Иә, батыр, ат-көлігің аман?
- Суатың қуатты ғой.
- Кішкентайы жүгіріп жүр ме екен?
- Жеңгең де қуанып қалған шығар, ә, қайным келді жайлаудан деп.

Әнеки, ауыл деген осы. Жылт еткен жақсылық нышанды назардан тыс қалдырмайды. Тегіс естиді. Тегіс келеді.

– Суат сәлем айтып жатыр, – деп салдырлай сөйлеп Жолғұмыр бәрінің көзінше қоржынын ақтарып, той сарқытын саудыратып шығара бастады. Бекер обалы қане, жеңгей «Той – халықтың қазынасы» екенін ұмытпаған, дастарқан мәзірінен аямай-ақ салыпты.

– Жолыңды күтіп қойды алысқа ұзатып та жая алмадық қой, – деп Әкпар қияқ мұртын сылап, күлді.

– Мүмкін аға-жеңгең әніңді сағынған шығар, – деп әңгімені әріге жетелегісі кеп Жәлел кереге басында ілулі тұрған домбыраға қарады.

– Жоқ, – деді Жолғұмыр жұлып алғандай. – Олар әнімді сағына қоймапты. Тіпті айнала қарап үйлерінен «дын» еткізіп дыбыс шығаратын ішекті аспап та, сырнай да таппадым. Салым суға кетіп сол тойдан тез қайттым. Ән салмасам отыра алмаймын ғой мен бейбақ. Неге екенін өзім де білмеймін.

Соны айтып ол орнынан атып тұрып барып, кереге басындағы домбырасын жаңа көргендей бас салып қолына алды. Түрегеп тұрған қалпы бірер термелеп алды да:

– Мен неге осыны жанымдай жақсы көреді екенмін, – деді.

– Сүйген қызың салған ән шертілетін болған соң да, – деп құрдасының сырына қанық Жәлел жымыып қойды.

– Әй, осы сен бар ғой, бір күні бүлдірерсің, – деп Жолғұмыр жан-жағына жалтақтап қалды. – Расында, маған сондай ыстық осы домбыра. Келіншектер келмей тұрғанда сол қыздың сүйіп салатын мына бір әнін айтайыншы:

*Көгілдір күндері-ай көктемнің,
Бір сенсіз көп сәтті өткердім.*

*Жабығып жалғыздық көп көрдім,
Сүйікті жан сәулем, кел менің.*

Сол қыз бар ғой, домбыра пернесіне қарамай тартатын. Сосын он саусағы да дамыл таппай перне бойында қоңыр әуен сапырып, жаныңды жегідей жеп тұрып алатын. Дауысы қандай, мап-майда еді-ау, мап-майда.

*Сүйікті жан сәулем тез, тез кел,
Мұхиттан соғады самал жел.*

*Сағынсаң, сарғайсаң, маған кел,
Сүйікті жан сәулем, кел менің.*

Әскерде теңізші болғандікі ме, осы ән маған сұмдық әсер ететін. Ән салып отырысы да керім еді, құдды бір сабадан сары қымыз сапырып отырғандай сәнді көрінетін. Көмекейі бүлкілдеп жан жүрегімен жырлайтын.

*Бір оқып, бір жерде болайық,
Білекті білекке орайық,
Барады сағыныш молайып,
Сүйікті жан сәулем, кел менің.*

Ол сипай шерткенде бойың балқып, домбыраның шанағына түсіп кете жаздайсың. Іліп-қағып, іліп-қағып қана ішектерді маржандай мөлдіреткенде ет-жүрегің езіліп түседі.

Басында мен баянистер тобында оқитын едім. Оны дайындықта көріп, аудиторияда кездестіремін. Қайда жүрсе де көзім шалады. Консерваторияға тек осындай өнерпаздар ғана іріктеліп алынса ғой. Қызбен арамызда қылдай жіңішке бір байланыс пайда болды. Қоярда-қоймай жүріп домбыра тартуды да үйреніп алдым. Ерінбей-жалықпай-ақ үйрететін маған. Ақыры, мен де деканатқа қыңқылдап барып жүріп домбыраға ауыстым.

Жолғұмыр қыз сүйіп салатын әнді дірілдетіп айтып тұрып өткен өмір сырына қалай сүнгіп кеткенін де білмей қалды. Ол жайлы іргелес көршісі Жәлел ғана біледі. Басқалары бейхабар. Тек оның әуелетіп әдемі ән салатынына тәнті.

– Домбыраға ауыстым, – деді бір сәтке үнсіз қалған Жолғұмыр, – сабақта да, репетицияда да бірге жүреміз баяғы. Қос ішекке қосылып керімсал әуенге басатын

шынашақтай қызға сұқтанған көз көп, қызғанамын. Осы қызды әлдебіреулер домбырасымен қосып ала қашатындай көрінеді маған.

– Қосылайықшы, гүлім, – дедім оны бір күні көгілдірдің баласындай көкірегіме көтеріп, қондырып алып. – Сырт көздердің сұқтанғанынан қорқамын. Әлдекімдер жұмырына жұқ көрмей жұтып қойып жүрер.

– Қайдағыны айтпай қойшы сен де, – деп балаша мәз боп күлді-ай кеп.

– Шын сөзім.

– Ең құрымаса жоғары курсқа жетіп үй болайық та, – деп дес бермеді.

Ой, дүние-ай десеңші! Бірақ біз байғұс жоғарғы курсқа жете алмадық қой. Үшінші курста кенеттен қыздың алақанына шығу шықты. Сол ушығып алтындай қызды алып тынды. Қазақта ондайды «уа» дейді емес пе. Алдымен тарыдай ғана қара дақ пайда болды да, келе-келе бүкіл алақанына жайылып кетті. Соның әуресімен жүріп сабақтан да қалдым. Он саусағына өнер ұялаған есіл перизат-ай әшейін!..

Жолғұмырдың даусы дірілдеп кетті. Сонысын білдірмей жуып-шайғысы келгендей домбыраны бар пәрменімен шертіп-шертіп жіберді де:

Қоңыр қаз-үйрек,

Ұшады-ай түйдек.

Құрбыңды алдай берме

Үйдеп, бүйдеп, ой, қалқа-ай,–

деп жан тебіренісін ән қайырмасына үйіп-төкті. Со-сын қос ішекті қоңырлатып қаз қанатындай нәзік сыңғыр шығарып, біраз жебеп тұрды да және екінші қайырма сыңарын сызылтты:

Алмадай бетің,

Ұлмадай етің.

Жалғанда қиын екен

Ғашық дертің, ой, қалқа-ай...

– Сені әдейі қойшылардың қысы-жазы көңілін көтеріп жүрсін деп деканатың біздің арамызға жіберген ғой, оған қапаланба, – деп манадан бұйығы отырған Шортан-

бай шынтактай кетті. – Бәрі құрсын, «Ақбөпені» айтшы, көптен бері тыңдаған жоқпыз.

Не де болса бар сырын сарқып тастайын дегендей Жолғұмыр жаңағы сөзін сабақтай берді.

– Мен жатақханадан көңілім суып, Суат ағамның үйіне қоныс аудардым. Жатсам-тұрсам әнші қыздың даусы құлағымнан кетпей қойды. Қалайда көңілдің хошы жоқ. Құрсын... Бездім бәрінен. Ақ тамағы бүлкілдеп таң сәріден сайрайтын қарлығаш сынды ынтызарым-ай, әттең!..

Соны айтып сабаларды-ай кеп домбыраны. Әлгі жұрт айтатын: «Жолғұмыр консерваторияда қиялданып, оқуды тастап, Шу бойына қой бағуға келіпті!» – деген қыдырма сөз төркіні тереңде жатқанын төрге жайғасқандар түгел түсінді.

Жұрт не десе, о десін, Жолғұмыр қырық қабырғасын қырқа сөгіп, жеті қабат жан терге бөгіп, ғаламат ән нөсерін төгіп отыр. Қыстаудағы қойлы ауыл дипломсыз талантқа ұйып қалған.

Көңілдің хошы болса дарындыға дауа жоқ екен-ау.

Сайран сапар

Осы бір күнді асыға күтетіміз-ай!..

Кілең малшының көген көздері кеңсенің алдына қаптап кеттік.

– Болдыңдар ма-ей, жиналып?

Нағашыбек ағай басын кабинадан сорайтып тұрып сұрады.

– Рыскелді келмей жатыр, аға, басқамыз түгелміз.

– Түйешінің баласы жүреді сүйтіп жыл он екі ай толғатып, – деп Нағашыбек ағай машинасынан сыртқа шығып, табалдырыққа аяғын салды. – Меруерт әжесінің емшегі иіп кеткен ғой, шамасы.

Соны айтып мұртын сылап күлді. Темір тістері күнге шағылысып, бет-жүзін жалын шарпығандай жайнатып жібереді екен. Жылда осылай көктемгі каникулда қойлы ауылдың балаларын бір қора қып қорабына тиеп алып, со-

нау алыс мал жайылымындағы қоныс-қонысқа бір-бірден таратады. Межелі күн біткен соң аралап жүріп үй-үйден және жинайды. Бізге, малшының әздектеріне рахат. Ен далада еркін ойнап жетісіп қаламыз. Қалай каникул, солай «алақайлап» бөркімізді аспанға атамыз. Колхоздың кеңсесінің алды қойлы ауылға аттанатын «старт алаңы» сияқты. Екі көзіміз сонда болады. Әке-шешемізге жеткенше асығамыз. Уақыт шіркін асыққанда өтпейді-ақ.

Қазір де тықыршулымыз. Әжесінің құшағынан шыға алмай жатқандай түйешінің баласы Рыскелдінің қырсығын қарашы, жоғалды. Біреулер интернатта, кейбірісі ағайынтуғандарының үйінде жатып оқиды. Ал Рыскелді екеуіміздің осы орталықта тұратын әжелеріміз бар. Интернаттың көзелдерін топ-тобымен үйге ертіп барсақ та қабақ шытпайтын күндікті қожайындарымыз біздерді бауырынан босатқысы келмейтіні де рас.

– Әне, Рыскелді, әне! – деп дегбірі қалмай жоғарғы көше жаққа көз тігіп тұрған машина үстіндегі балалар қуана шуласты.

– Ал, кеттік, көкелеріңе. Ұшып-қонбай мықтанып отырындар енді, – деп Нағашыбек ағай ұзақ бипілдетті де моторына от берді. Астына сабан, үстіне кенеп жамылғы төселінген қораптың іші лық толымыз. Көпшілігінің үстінде желге қамзау болсын деп киіп алғандары үлкендердің етек-жеңі ұзын кең шапаны. Қорбандасып масаттана қымтанамыз. Жымың-жымың етеміз. Қыздар өздерінше қоғамдасып қораптың алдыңғы жартысына жайғасып алды. Ұл балалар болсақ, оларды шыр айнала қорған жасай отырдық.

– Ур-ра! – деп кеңсенің алдын басымызға көтердік. Бұл – біз кеттік, қош, көшенің аттап баспас асыранды үйректері дегеніміз.

Машина ұзай берді. Қол бұлғап көздері қыза орталықта қалып бара жатқан, шығарып салуға көшеге шыққан кластарымызды көз қылып, жондана қараймыз. «Міне, біз де әке-шешелеріміздің қасына бара жатырмыз, өз үйімізге» деген мақтаныш бір сезім көкіректі түймештейді. Шыдатпайды. Қолқылдаған керней сықылды ұзын жеңімізбен бір-

бірімізді сабалап ойнап, қуанышымыз қойнымызға сыймай барады. Жолда әлі біз көктей өтер елді мекендердің сұлбасы жадымызда жаттаулы. Ойша санағыштаймыз. Алдымен аудан орталығы Сүмбілталды қақ жарып өтеміз. Нағашыбек ағайдың көңілі түссе «Голубой Дунай» асханасынан терлеп-тепшіп бір тойып шығамыз. Одан әрі Самсы, Тарғап, Үңгіртас, Қарағаш, Комсомол – күрежол бойындағы зыр етіп өте шығар селолар. Нағашыбек ағайдың «өгіз аяңымен» (ол кісі өмірінде машинаны атты арбадан қатты айдаған емес) «Қарағаштан» кілт төменге бұрылған соң кәдімгі арба жол қасқайып алға тартады. Сосын-ақ теңіз толқынындағы кемедей шайқатылған бұралаң жүріс басталды дей бер. Бірде қайқан, бірде ылди, бірде сортаң, бірде өзен, бірде қамыс, бірде ши – ауыл-аймақ, отгон деп атайтын төменгі алыс қысқы мал жайылымына жетер сапар осылай өз иіріміне тарта береді, тарта береді. Шүү баста изектеген бұл шеруіміз қызық көрінгенімен, бара-бара мезі қылады. Бірақ түсе қашпайсың ғой. Әке-шешеге жету керек қалайда. Қиыр-шиыр ақшандақ арба жол салдырлатып әкеп Үлгіліге, одан Теріскендіге ұзатып салады. Содан титтей жауын жауса миы шығып астан-кестен қопарылып кететін ел аузындағы атақты Қопа сортаңы сопаң етіп алдыдан шығады. Бұл нағыз «раз-два взялидің» жері. Созылмалы көктем болса, бұл арадан қонбай өткен күн сирек. «Қопа түсіп кетіпті» деген сөз кішкентай біздерге де таныс нәрсе. «Теріскендінің» атына сай теріскені бықып тұрады. Түсе-түсе қап-қара барқын тартып шоқ-шоқ боп қаптаған теріскенді кетпенмен шауып алып, қиға қамалып отырған сонау адырдағы қойшыларға тиеп апарып бергің келеді.

Міне, сол «Теріскендінің» сан белесін артқа тастап соңғы асуына ышқына көтерілдік.

– Ал, балалар, Қопаға да жеттік, – деп Нағашыбек ағай аппақ тозаңға көмілген полуторкасын тоқтатып, мұртын сылап күлді. – Қалай, шаршаған жоқсыңдар ма?

– Жо-жоқ, ағай шаршаған жоқпыз түк те, – деп нақ бір бізді қазір табанда түсіріп тастайтындай-ақ шулап қоя бердік.

– Жарайды, жақсы онда. Ал енді аздап бой жазып,

желпініп алындар жер басып, – деді. – Мынау Қопаның жазығынан сүрінбей-қабынбай бір өтіп алсақ, ар жағы шойын жол. Жетпіс алтыншы разъезден кейін құмдауыт таптаурын сара жолға ілігеміз. Одан әрі желдей есіп жүйткіміз де отырамыз. Алдарыңнан «құлынымдап» әкешешелерің шығады әшейін. Өйдөйт, сосын кеп көктемгі уызға тоясындар. Әскер құсап бір-бірлеп машинадан секіресіндер. Тек байқандар, сирақтарыңды сындырып ала көрмендерші, айналайындар.

Нағашыбек ағай тағы да айта түссе екен дейміз. Сирағымыз сынбақ түгіл қирап қалса да мейлі, әкешешеміздің атын атаса екен дейміз. Құлағымызға сондай жағымды естіледі. Жүрегіміз дүрсілдеп кетеді. Құрғыр мына Қопа деген борық, сортаң бәле екі ортаға қайдан кеп киліккен. Ауыл мен отгон арасындағы қыл көпір сияқты. Мұндай батпақты кинодан көруші ек. Партизандар немесе барлаушылар бір батып, бір шығып жатушы еді. Бірақ оларды қалың орман қоршап тұратын. Ал мына біздің Қопаның жазығында анда-санда бір жыңғыл, анда-санда бір тораңғы қылтияды. Басқа түк жоқ алыстан қарағанда. Жалаңаш сортұз аунатқандай аппақ алаңқай. Ұзындығы көз жеткізбейді, созыла береді, ал көлденеңі бес-алты километр. Бел ортасында пышақтай тіліп екі өзен қатар ағады. Арасы жүз кадамдай. Дыбысы шықпай жыланша ирелеңдейді. Сонысы сұсты, қорқынышты. Біреуі ащы. Түсі сарғыш, біреуі тұщы, тұңғиық қара су. Түсініп көр. Екеуінде де сықырлаған, қиюы қашқан аспандаған ағаш көпір бар. Мына миы айналған дүлей сортаңнан ол да жақсы. Әупірімдеп өтуге болады. «Көпірге дейін де, көпірден кейін де көрешегің көп». Бұл – біздің ауылдың жүргізушілері ылғи айта беретін уәйім.

Аяғымызды жазып, жетісіп қалдық. Теп-тегіс жотаның үсті көкпеңбек шөп. Майда-майда боп тұтасып сығылысып өскен. Әлі де бас жара қоймаған көп гүлдердің дулығысы тырияды. Бәйшешек қандай! Ой-ой-ой! Ақжағал шоқтанып бүкіл адырды алып кеткен. Біздің класс тұрмақ мектептің бар баласын жайып жіберсең де жинап үлгері алмассың.

– Келіндерші, мысық-тышқан ойнайық! – деп Зейнеш деген қыз дөңгелетіп сәндеп өріп тұрған гүлдерін жерге қоя салды.

– Ал, балалар, қол ұстасайық перемендегідей. Бұл – Сәбиттің даусы. Қойшылармен бірге көшіп-қонып жүретін Төлеген перменің баласы. Ойын десе әкесін сатып жіберетіннің дәл өзі. Жанып кетеді сабазың.

Көк-жасыл белестен жүгіріп жүріп жиған-тергендерімізді қоя-қоя салып шыр айналып тұра қалдық. Он сегіз бала құлаштарын кенге созғанда кәдімгідей үлкен шеңбер шықты. Өкпең өшіп қуалауға жарайды.

– Кім мысық болады. Ортаға шықсын! – деген бұйрық берілді.

– Жоқ, ең алдымен тышқанды тағайындап алу керек, соған орай мысық тандалады, – деушілер көбейді.

– Бәрің қорықсаңдар, мен-ақ тышқан болайын, – деп Күлдәрі шеңбердің сыртына шықты. – Ал, қайсың қуасың?

– Мысық, мысық! Тышқан қашты, тышқан!

Баршасы қосылып ортаға шығушыны шақырғанда даланы бастарына көтерді.

Балалар кеу-кеулеп тығыншықтай шып-шымыр Сырлыбайды зорлағандай қып ортаға итерді. Тура сілеусіндей аяқ-қолы серіппелі оны дәл тауып тағайындаған екен, сабазың, ары-бері арғымақтай шапқылап шеңбердің бытшытын шығарды. Қыз қашып бара жатып бір жағына бұлт етіп бұрылғанда бұл екпінін тоқтата алмай зырылдап жүрген бойда дөңгеленіп тұрғандарды және бір айналып кетеді. Оқтай жүйрік болғанмен шалт қимылға жоқ екен. Бірмойын бірдеңе. Міне, тағы қуып беріп жалп беріп құлады. Қу Күлдәрі түлкіден үйренген бе, бүк түсіп отыра қалғаны. Көк шөпке тайып жығылған Сырлыбайдың екі тізесі мен екі шынтағы нілдей көгеріп шыға келді. Жылтылдап еті көрініп қалды, «Ха-ха-халаған» қыран күлкі көк белесті көміп кетті. Тек Күлдәрі ғана күлген жоқ. Ұшып тұрып барып:

– Қатты ауырып қалды ма? – деп мысық-баланың үсті-басын нәзік алақандарымен еппен қаққылай бастады. – Менде ине-жіп бар, жамап берейін. Қазір...

Күлдәрі жүгіріп барып жол дорбасынан ақтарыстырып жатып қырқыншы қара шарық жіп пен ине тауып әкелді де жүрелеп отыра қалды. Қолдары епті екен. Көз ілеспейді Бұл

кезде басқа мысық басқа тышқанды қара тер боп қуалап жүрген. Бір уақытта:

– Ал, қане, балалар, ойындарың қанса, жүрейік енді, – деп Нағашыбек ағай айқай салды. Ойын тәртібін бұзып, айдалаға серендеп шыға қашқан тышқан-қыз сылқ-сылқ күліп, қайта орағытып машинаға қарай жүгірді.

– Апырмай, баламысың деген, шаршауды білмейсіңдер, ә, – деп Нағашыбек ағай қызығып, басын шайқап тұр. – Қораптың ана қабырғасына бір, мына қабырғасына бір сокқан күн ұзаққы ойқы-шойқы жол да сендерге сөз емес. Әлде әке-шешелеріңе деген сағыныштың күші ме екен іштеріңді жарып бара жатқан. Алып ұшыратын сол-ау, сол.

Жапырлап кеп орын-орнымызға жайғастық.

– Түгелсіңдер ме, әйтеуір, – деп Нағашыбек ағай кабина табалдырығынан қорапқа мойнын созып қарады. Көзбен санап тұрғандай. Сосын ең шетте отырған сары Мананның мұрнынан тартып:

– Апаңның емшегін сағындың ба, ей, – деді. Манан жымың-жымың етіп, төмен қарап кетті.

– Сен ше? – Енді Рыскелдінің құлағына жармасты.

– Мен боталарды көргім келеді.

– Ой, сылтауыңа болайын, мені алдамақ болады, қарашы өзін, – деп Нағашыбек ағай оның жотасынан қақты. – Шуат иісі аңқыған Тұрар шешең дүр еткен мотор үніне елеңдеп ас батпай жүрген шығар сен екен деп.

– Күрең қасқа құнанды мініп шапқанша асығамын, – деді Сырлыбай танауын бір тартып қойып, ақыр сұрайды-ау дегендей алдын алып. – Жазда жайлауда көкпар онша көп болған жоқ. Күнде жауын. Оның үстіне шопандарға рұқсат бермейтін болып жүр ғой кейінгі кезде.

– Көкпарда нең бар, ей, сенің, жердің құртындай мына боймен, – деп Нағашыбек ағай әрмен қарай бұрылып кетті.

Машина «ал, мықтаныңдар» дегендей үздік-создық бипілдетіп белгі берді де жұлқи тартты. Балалардың бәрі жапырыла артқа лықсып толқып барып қайта түзелді. «По-ехали», – деді Манан. «Орысшаға жетік-ей, өзі», – деп оған

бәріміз мәз боп мазақтап күлдік. Ол әкесінің жағасы сеңсен ескі ішігіне оранып машинаның жақтауына шірене түсті де өтірік қорылдап ұйықтаған боп көзін жұмды.

Ойдым-ойдым сортаң жол солқылдатып іші-бауырымызды араластыра бастады. Қар суы ма, әлде қас суы ма, бор топырақпен иленіп, екпін алдырмайды. Бір кезде мотор өлеусіреп, пырылдап, полуторканың арт жағы шөмиді де қалды. Орнымыздан ошарыла тұрып-тұрып кеттік, Бірінші көпірге елу қадамдай жерге келіп артқы екі дөңгелек те ақ сор батпақпен көміліп көрінбей қалыпты. Алдыңғы дөңгелектер де жетісіп тұрған жоқ. Жарым-жартылай сор балшықтың құрсауында шайнасып шыр айналады безектеп. Ал артқылары айнарудан да шаршағандай газды басқан сайын солқ-солқ етіп қояды. Машинаның тұс-тұсынан таңырқағанымыз болмаса, бізден қайран жоқ сияқты. Алды-артына адам жақындап болмайды. Тіседен батпақ.

– Ал, әке-шешелеріңе келдіңдер, – деді Нағашыбек ағай дискіден жоғары ғана жер бетінде тұрған алдыңғы баллонды аяғымен теуіп – Енді таңертеңгі қара қатқаққа дейін тұрғанымыз тұрған.

– О-о-о-ой! – деп бір-бірімізге мұңая қарастық.

– Қап-ай, бағана жоғарғы жолмен бекер-ақ жүрмеген екенбіз, – деп Нағашыбек ағай өкініш білдірді.

– Неге сөйтпедік, – деп мәнісіне ой жүгіртіп жатпай-ақ қосамжарланып қоямыз.

– Өргі жол тым айналма, сонау Қопа станциясымен пәленбай шақырым орағыту керек. – Нағашыбек ағай мұрты бұрынғыдай тікіреймей, салбыраңқы сөйлеп тұрғандай көрінді бізге. – Кеше бір шопырлар төте жол кебу-құрғақ болар деп долбарлай салып еді. Соларға сүйеніп тіке тартқанымды қарашы қара басып мені.

Байқаймыз, біздің әке-шешемізге ерте жетпегеніміз қабырғасына батып тұр. Әйтпесе шофер деген халық қайбір жолға түнемей жүр еді. Қашан көрсең де бірін-бірі тіркеуге алып сүйретіп келе жатады ғой. Бізге де кезікпес пе екен.

– Давай, жан-жағынан жабылып алға итерейік, – деп желпіндік.

– Давай!

Алды-арты ми батпақ. Белшеден десе болады. Қайта шет-шетінен тобықтан кешіп жақындауға рет бар. Он сегізіміз екі жағына қақ бөлініп алып: «бір, екі, үш-ш-шш!» деп беліміз майысып тұрып итердік. Былқ етпеді. Артқы дөңгелектің айналуға күші жоқ. Түп-түгел қоймалжың батпаққа көмулі. Бетіндегі көлкіп жатқан ботана су рес-сорды да жұтып қойғандай. Ал алдыңғы дөңгелек лайсаң шалшық шашып, үсті-басымызды малмандай қылды.

– Қой, балалар, бұл бекер әурешілік, – деп кабинадан қинала шығып Нағашыбек ағай арқаларымыздан қақты. – Құр күшіміз жетпеске рәсуә болмайық. Бір жөні табылар. Былай барып, өзен жағалап, қабақтарыңның қыртыс-қыртысын жазыңдар. Ойнап келіңдер, сөйтіндер.

Жол бойы ми батпақ болғанмен Қопаның жазығы бекер обалы қане, дегдіп қалыпты. Аянбай-ақ жалпағынан басып қарыс жердегі өзен жағасына жосылып бердік.

Жоқ, түү, алыстан топ-топ бұталары ғана көзге түсетін сортаң тегістік сирек те болса өсімдіксіз емес екен. Жыңғыл, тораңғы, қараған, шеңгел, бүрлен бірен-саран болса да алдыңды орайды. Өзен жағасы бой жарыстырып өскен нар қамыс, үлпілдектері жаңа желкем көтеріп желмен ырғалады. Қызғыш құстар базарын қыздыра алмай қарбалас ұшып-қонады.

– Мында-а-аа, мында келіңдер, су жылан! – деп Рыскелді жазық сортаңды басына көтере айқай салды.

Шұрқырасып барып соның қасына сығылыстық.

– Қайсы-ей, қайсы? – деп жарыса сұрап жатырмыз.

Рыскелді ренжіп тұр.

– Немене, байлап қойған жылан дейсің бе? Былай-былай су-су етіп кетті де қалды тереңіне, ирелендеген ізін көрсең. Тез келмейсіңдер сүйретіліп. Тура мына-а-аандай!

Маң-маң басып Нағашыбек ағай да біздің жанымызға жетті. Екі жеңі, омырауы баттасқан батпақ. Алақандары да былғаныш. Өзінше моторды тағы да бір дүрілдетіп көріп жатқан.

Еңкейіп өзенге қолын жуды. Аузын шайды. Өдеті ме, әйтеуір, жеңі түрулі екі шынтағын кезек-кезек жоғары

көтеріп, алақанымен іліп алған суды солардың бойымен саумалап сорғалатты. Неге екенін кім білсін, үлкен адамдар беті-қолын жуынғанда сөйтеді. Менің әжем де солай екі білегін сыбанып жуынып отырып, мәсісінің басын саусақтарымен сүйкеп-сүйкеп қоятын.

– Бұл өзеннің суын ішуге болады, байқадыңдар ма, балалар,– деді Нағашыбек ағай тұңғыық тартып ағысы шымырлап қана білінетін қарабарқын судан көзін алмай.

– Жок, ағай, біз әлі ішкен жоқпыз, – деп шу ете түстік.

– Шөлдемесендер әйтеуір су екен деп бас қойып керегі жоқ. Жалпы айтып жатқаным ғой. – Нағашыбек ағай әлденеге ойланып қалды да сөзін қайта сабақтады. – Қантым, Мыса, Тағаш деген осы өңірде үш қайнардың көзі бар. Қантым бастау болып тұнып жатқан тәтті бұлақ. Көшкен ел осында ерулеп, бір түнегенде бітелген көзін тырнап ашып, ауыз су алады. Мыса – сарғайып ағып жататын ащы өзенше. Ұрттап ала алмайсың. Ал Тағаш осы. Тұщы өзен. Үн-түнсіз беті ғана жыбырлап, асты астанкестен асығып ағады. Ертеректе екі ағайынды жігіттің ортасында желкілдеп өскен жалғыз қарындасы болады. Көздерінің қарашығындай сақтап, гүлдей баптап, сұқ көздерден қорғап бақытты өмір сүріп жатады.

Біз бәріміз ентелей түстік.

– Ағай ертеке бастады, – деп қалды бір қыз.

– Жоға, ертеке емес, әке, нағыз болған нәрсе, – деп Нағашыбек ағай бір құшақ түйеқарын қаңбақты аяғымен таптап-таптап жіберіп үстіне жайғасып отырды. – Содан бір күні екі ағайынды жігіт арқар, елік атып әкелуге асқар тауға шығып кетеді. Құралайды көзге атқан мергендер тау тағыларының қызығына түсіп, қырық күн дегенде олжалы оралады. Күнде ағалары аң аулаудан қайтқанда алдынан дәм-тұзын алып қуанып шығатын қарындастары тымтырыс Олар дәл осы жолғыдай ұзақ кешіккен жоқ еді.

– Ауырып қалды ма екен, көзайым, – деп үлкені Мыса мазасызданады.

– Әлде ұйықтап қалды ма, жарығым, – деп тетелесі Тағаш тағатсызданады.

Алдарынан маңқ-маңқ үріп қазанбас барақ ит қана

шығады. Ауға жарамайтын, қорада қасқыр алатын тайыншадай төбет иелерін жетелегендей қып үйге ентелейді. Екі ағасы үйге кірсе ес-түс жоқ арқар бөстекте қарындастары қос жанарын шаңыраққа қадап шалқасынан түсіп жатыр. Бауырлары бас салып жылайды. Қыз сөйлемейді. Құр телміріп екі ағасына сұраулы көзбен жаутаңдай береді. Сүмбілдей шашы жайылып кеткен.

– Не болған, бауыр-е-ем.

– Кім тиді, ет-жүрегім,– деп екі ағасы еңірейді.

Қарындаста тіл-ауыз жоқ, сұлқ түсіп жата береді. Қарақаттай көзі жәутендеп әлдеқандай үрейден ұясынан шығып кете жаздап тұрғандай. Денесінде діріл бар.

Осы арада әсіресе қыздардың қу жаны қуырдақ боп кетті.

– Айдахардан ба, бірдеңеден қорыққан шығар,– деп сыбырласып жатыр.

– Әлде, перінің қызы кіріп кетті ме екен айдаладағы үйге.

Не керек, бәріміз де бір-бірімізге тығылыса түстік. Алдымызда ағып жатқан тұнжыр өзенде дыбыс жоқ. Сыр бүгіп, үн-түнсіз сылаң-сылаң етіп еңіске асығады. Тек қамыс басы ғана су ортасында тұрғанынан сыр алдырып қояды.

– Содан екі ағасы жанталасып бұл құпияның кілтін іздейді,– деп Нағашыбек ағай әрмен жалғастырды.– Расында бір ғажайып күштен келген кесел ме деп айбаттанып атқа қонып, адыр-адырларға шауып шығысты. Екеуінің бары да, байлығы да маңдайға біткен жалғыз қарындасы мынадай халге түскенде аянатын шыбын жан қайсы. Сәнсалтанаттан кенде болса да батырлықтан, ақылдылықтан алдарына жан салмайтын қос ағайынды жігіт бес қаруын асынып жан-жақты адақтап шықты. Көк сүңгі сұғылмады, сұр жебе шірене тартылмады, алмас қылыш шабылмады, зіл-батпан шоқпар сілтенбеді. Жақын арада секем алар жау да, улы тісті айдахар да, жәдігөй жалмауыз кемпір де, перде жамылған перінің қызы – жезтырнақ та ұшыраспады.

Басқа шапқан ашулары тарқап, сабасына түсіп, салы суға кетіп екеуі үйге келеді. Бұл ара кәдімгі тарихта болған

жерұйық іздеген Өтеген батыр өмір сүрген жер екен. Сол баяғыда кемтарларға қол ұшын беріп, нашарларға жақсылық жасаған ержүрек Өтегеннің қысылғанда барып ақыл сұрап тұратын кейуана әулие әжесі болған екен. Ендігі бар үміт сол кісіні алдырып, қарындастарын көрсету. Күндігіне құшақ жетпейтін ол адамды бір ат көтере алмайды екен. Қара інгенді қомдап, сонымен арнайы алып келеді. Екі өркеші баладай түйемен ғана жүретін кейуана кемпір қыздың ботадай көзіне қарай сап, айтыпты дейді:

– Балаларым-ау, мынау деген сағыныштың салқыны ғой. Санадан сарғайған көз кілегейлерін көріп тұрмын. Балапандай үлпілдеген бала қызды оқшау үйде жападан-жалғыз тастап соншама уақыт алысқа ұзап кетерсіндер ме. Еркегі жоқ ит қорыған қуыс үйден қорқып шошынған қолаң шаш қарындастарың шыр етіп бесік көргелі әбден бауыр басқан екен сендерге. Күні-түнгі ой, жалғыз үй, елегізу, үрей, қорқыныш бәрі қосылып есін алып, есеңгіреткен. Мұның жалғыз-ақ емі бар – ешқашан да жалғыз қалдырмау керек, – деген екен.

– Жазылып па?– деп бәріміз жамырай сұрадық.

– Содан қыздың екі ағасы үйден аттап шықпайтын болыпты,– деді Нағашыбек ағай мұртын бір ширатып қойып. – Азық жинауға барса да кезектесіп кетеді екен. Екі дүниеде бір туған бауырдан артық, емшектес адамнан қымбат ешнәрсе жоқ деп өмір-бақи қарындастарын қорығыштап өткен екен қос бауыр. Осы мына үш өрімдей үш атау солардың өмірінен өзек боп қалыпты. Қантым-қыз шарадай көзі мөлдіреп тәтті бұлаққа айналған. Мыса, Тағаш қарындастарын қарауылдап туған жерде жарыса ағып жатады екен. Біреуі ағайындылардың көз жасындай ащы, біреуі көңілдеріндей таза, тұщы...

Нағашыбек ағай одан әрі терендете бермейін дегендей ағайындылар оқиғасын қысқа қайырған сияқты.

– Қандай қызық, ә, – деп тамсанып қалдық. Әңгімесінің аяғын жұмбақтап бітірген ол көзін сонау мұнартып көлбей жатқан асқаралы қарлы тау жаққа талдыра қарап отырып:

– Е-е-е, балалар, талай хикая табан астарыңда жатыр ғой, – деп тағы бір нәрсенің шетін шығара суыртпақтады.

– Жер, су аттары үңіле білгенге шежіре-тарих. Осы өңірдегі Өтеген, Құтырған, Қызылсоқ, Төрегелді, Қайып, Жиренайғыр, Үңгіртас сықылды толып жатқан тағы басқа да атаулар анықтап сұрастырсаң ішіне қыруар сырды тығып жатыр. Олардың салтанатты заманымызға да тікелей қатыстылары бар. Әлгі қызылізшілерің қайсыларың, көнекөз қариялар таусылып қалмай тұрғанда қазбалап сұрап, жазып алып қалу керек қой. Әсте біздің қазақ қай нәрсеге болмасын құрдан-құр тегін ат қоймаған. Бәрінің мән-мағынасы бар.

– Бізге де ағайлар мен апайлар барған, жүрген жерлеріңде бәр-бәрін дәптерлеріңе түрте беріңдер деп тапсырады, – деді Күлдәрі.

«Бізге де, бізге де» деушілер көбейді.

– Ана-а-ау, отгон жақтағы атауларды мен атамнан осы барғанда тәптіштеп тұрып сұрап алмасам, – деп Рыскелді аузын қомпитып, иығын қомдады.

– Мен де сөйтем, – дедім түйешінің баласынан қалысқым келмей. – Расында да Жолбарысты, Бесоба, Бурыл, Итшыққан, Көкмойын, Қаншеңгел, Құмыралы, Аңырақай, Айдарлы қалайша осылайша аталған?

– Төменгі жақта шығатын шөптердің, ағаш-бұталардың тізімін жасай келіңдер деген апай, – деп Зейнегүл шықты бір шеттен.

Не керек, Нағашыбек ағайдың аз-кем әңгімесі бәрімізге ой салды. Зоология, ботаника, география, тарих пәнінен сабақ беретін мұғалімдерді жаңа мәліметтермен қарық қылатын болдық бұдан былай.

Қызық әңгімемен отырып кештің қалай батқанын да аңғармаппыз. Тоңази бастадық. Түнге қарай суытатын түрі бар. Екіндіге барғаннан шарбы бұлтқа оранған шарта бақтай күн шойын жол жаққа барып батты да кетті. Өзеннен суық леп есті. Қораланған бойда кейін шегініп тұрдық. Қызғыш құстар шарықтамай қалың қамысқа жанай ұша бастады. Жатар орынға жақындағандары ғой шамасы.

– Бағанадан бері бірде-бір дөңгелеген өтпеді-ау, шіркіндер. Айналма жолмен кетіп жатыр екен, ә, балалар, – деп Нағашыбек ағай ұйыған белін жазды. – Ал енді

Қопаның түні қою, суық. Сондықтан жаурап қалмаудың қамына кіріселік. Қау шөптен, қураған бұтадан жабылып жинап жіберіндер тездетіп.

– Ур-рр-а-а, костёр жағамыз! – деп тұс-тұстан айғайға бастық.

Лез-демде-ақ ортаға таудай отын үйіп тастадық.

– Мынау тораңғы, мынау жыңғыл, мынау қараған, – деп жаңағы өсімдік аттарын тізіп жазбақ болған Зейнегүл құрбысына өз білетіндерн ұстап көрсетіп жатыр.

– Ал мынау не? – деп Рыскелді кірпі сияқты дөңгеленген бір топ шөптің қарасын жоғары көтеріп сұрады.

– Ой, оны кім білмейді дейсің, ол ебелек қой, – деді Зейнегүл.

– Отыр, «бес», деді түйешінің баласы бес саусағын жайып жіберіп.– Бірақ бұл есінде болсын, биылғы көктемнің көк ебелегі емес, өткен жылдан қар астында қалған ескісі. Мал біткен мұны қықымдап қоқымын да қоймай жейді.

Қызық болғанда таудай болып үйілген отынды тұтататын ешкімде шақпақ болмай шықты. Нағашыбек ағай аузына арақты да, шылымды да татып алмайтын. Қалтасына сірінке салмапты.

– Қой енді, машинаға барып бірдеңе етіп от әкелейін, – деп ол жолға қарай кетті. Содан көп ұзамай қолында түтіні бұрқыраған бір шүйке мақтасы бар тез-тез басып қайта оралды.

– Свечадан «искра» арқылы тұтаттым, – деп күле сөйлеп келді.– Жалпы шопырларға ешнәрсе ауырлық қылмайды, алыс сапарда бәрі де керек. Қара басып сірінке ала салмағанымды қарашы. Сендерге ғой түкке де керегі жоқ. Оған үйір болмаңдар, түге. Өзекті өртейтін ол неме өзімен кетсін. Бірақ мына мен сияқты шопырлар шырпысыз жүрмеуі жөн. Жолда біз байқұсқа не қырсық килікпейді дейсің. Мынау енді Қопада шоңқиып қалғанымыз.

Костер лау ете қалғанда бүкіл төңірек жарқырап кеткендей болды. Шатырлап көкке ұшқан жалын түү сонау алқара көк аспанды өртейтіндей. Қураған бұталардың қызуы құрсын, бет қаратпайды. Алғашында қызық көріп ентелей түскенмен, жалын жүзімізді шарпып, ысырыла бердік.

– Жүрек жалғай отырыңдар, – деген Нағашыбек ағайдың командасынан кейін, дүсір-дүсір шапқылап барып, жол дорбаларымызды алау басына сүйретіп жеттік.

– Ағай, тағы әңгіме айтыңызшы, – деп қиылдық кішкене құрт-нанымызды қаужаңдан ішімізге ептеп ел қонған соң елегізіп, қып-қызыл шоққа көзіміз қарығып. – Бұрын дәл осылай айдалада қалып көрдіңіз бе? Қатты қорықтыңыз ба?

– Жалғыз қалып та, әуелім Жамбыл тәтемен де жапан далада түнеген кездер көп болған, – деді Нағашыбек ағай.

– Жамбыл атамен? – деп алауды айнала отырған бәріміз жапырлай таңырқастық.

– Иә, иә, кәдімгі әйгілі ақын атамен.

– Сонда қалай, сіз Жамбыл атаны бір жаққа апарып па едіңіз?

– Талай жаққа апарғанмын, балалар. Мен ол кісінің алғашқы шопыры емеспін бе, әуелім.

– Ох-о-оо!

– Еһе-еһе-е! – десіп ішегімізді шұрқырата тартыстық.

Міне, қызық қайда! Жер жүзі жырын естіген Жамбыл атаның шофері біздің Ерназар аулында тұрады екен-ау. Ал біз болсақ сабылып сонау бір алыс-алыстағы көмескі оқиғалар ізін қуалап, қызылшілдер отрядын атандырып жатырмыз. Әрине, ол да керек. Бірақ кейде өз аулымызда, өз арамызда елеусіз жүрген қызық-қызық тағдырдың адамдарын байқамайды екенбіз ғой. Қырымға мойын созып, көз алдымыздағы асылды елемейміз бе, қалай.

– Жә, балалар, ол бір жатқан өзінше жыр, – деді әлден уақыттан кейін Нағашыбек ағай жүзі жалқын отпен нұрланып. – Түннің бір уағы да болып қалды. Жол тоңазыды. Жер қатты. Осы отты машинаға жақындатып жағып және бір талпынып көрсек қайтеді? Бәлкім, енді итеріп шығару жеңілдер.

Бәріміз зыр жүгіріп бұтақтың қалғанын жолдың жиегіне жұлмалап тасыдық. Қолымыздағы, шала-жансар оттар қараңғы түнді қақ жарып найзағайдай ойнады. Екі жерге от қойылды. Машинаның алды-арты тегіс көрінетін болды. Нағашыбек ағайдың айтқаны рас екен, жолдағы ми батпақ

бізді көтеріп кетіп жатыр. Нағашыбек ағай қолына күрек алып көміліп қалған артқы дөңгелектерді арши бастады. Манағыдай емес, саз балшық сағыздай созылмайды, жентек-жентек күйінде күрекке ілінуге жарап қапты. Алаудың айналасында отырып сезбеген екенбіз, түнге қарай қара суық қақап кетіпті. Жағымыз үрпиіп, сүрепетіміз қашты. Қимылдап жылынғымыз кеп:

– Маған беріңізші, маған,— деп күрекке таластық.

– Ой, сендерге де жұмыс жетеді, балалар, – деп Нағашыбек ағай тершіген мандайын жеңімен сүртті. – Ана бұтақтардан әкеп мына қазылған жерге жаймалап төсендер.

Алдыңғы дөңгелектер де дәл солай тазартылды. Нағашыбек ағай айтқандай қып көлденеңінен, тігінен жатқызып бұтақтарды төсеп тастадық.

– Ал балалар, екі жағынан жабылып демеп жіберіндер, – деп ағай айқайлап команда берді.

– Бір, екі, үш! Итеріңдер! Итеріңдер!

Машина алға қарай ауыр ышқынып тұрып-тұрып зордың күшімен солқ етіп орнынан бір аттады. Дөңгелектер жер тарпып, шыр айналғанда төселген бұтақтарды жан-жаққа бытыратып шашып тастады. Бірақ әйтеуір абырой болғанда орнынан мызғыды. Ол да жақсы.

Нағашыбек ағай кабинадан түсіп, машинаны асықпай бір айналып өтті де:

– Қойлы ауылдың дәмі тартып тұр екен, балалар, қорқыныш жоқ, енді шығамыз,— деді нық сеніммен. – Мен күрекпен астын тағы бір реттеп шығайын. Сендер дөңгелектің алды-артына қайтадан бұтақ тастандар.

Ағайдың айтқанын бұлжытпай орындадық. Әжептәуір тоңазып қалған батпаққа аяғымыз батпай-ақ арлы-берлі шапқылап жүрміз.

– Бір, екі, үш! Жастар алға түс! – деп Нағашыбек ағай қутыңдайын деді. Енді жылжитынымызға көзіміз жетті. Ағай көңілденді.

Газды қатты күшейткен сайын дөңгелектер бұталарды бауырына тартып жиырып, кем-кемдеп ілгері жылжи берді. Сөйте-сөйте алдағы ағаш көпірге кеп бір-ақ тірелдік. Тақтайды тарсылдатаып жаяу әскер құсап арғы шетіне

жүгіріп өттік. Үсті бидай қуырғандай бытырлап кетті. Екінші өзен де елу метрдей жерде екен. Ет қызуымызбен топтанып одан да көктей өттік. Ошарылып арғы жағаға барып тұрдық.

– Міне, енді балалар, Тағаш пен Мысаны белден бастық. Жол қара қатқаттанып қалыпты. Ісіміз оңалды. Отырындар! – деп масаттанды Нағашыбек ағай.

Тұс-тұсынан жақтауға асылып міне бастадық. Әбден жайғасты-ау дегенде машина бар гүжіліне басты. Кедір-бұдыр батпақ жолдың дөңгелек бедерімен бырт-бырт мыжылып қалып жатқанын жамбасымыз сезеді-ақ. Дөңгелектер тақыр-тұқыр билеп кеткенде шойын жолдан өткенімізді де білдік. Біз ұзаған сайын түнсерік болған Қопадағы өзіміз жаққан алау ақырын-ақырын көп нүктеге айналып бара жатты. Ауыл мен отгонның кіндік ортасы есептелетін шойын жол бойындағы жетпіс алтыншы разь-езден кесіп өткеннен кейін расымен-ақ жүрісіміз түзелді. Құмдауыт сарқаптал жол асфальтыңнан бір былай емес, машина жан қинамай біртүрлі жайлы жорғаға басты.

Қоп-қою түнде жұлдыздай ағып жалғыз біз ғана келе жатқандаймыз. Бағанадан бері жақтары сембей сайрап отырған бір-бір бас бір-бір жағаға жайлап жасырына бастады. Мотордың бірқалыпты ызыңы ұйқыны келтірді. Ішіктің жағасына басымды бұқсам қор ете қалатынымды біліп, бетімді бүркемедім. Көзімді кең ашып аспанға қараймын. Бос орын жоқ сияқты – жыпырлаған жұлдыздар. Қандай қызық әлем?! Құж-құж еткен бірдеңе өзі. Қараңғы түнде Алматының ақ шамдары да нақ осылай жымыңдайтын. Анда-санда сонда тұратын туысқанымыздың үйіне сәті түсіп бара қалғанда байқайтынмын оны.

Аспанды Алматыға, Алматыны аспанға салыстырып жатып ойымды алға оздырамын. Атам да, апам да қазір қой күзетінде шығар. Түнде туған қозыларды ауыздандырып ұйқы көреді дейсің бе олар. Сақ құлақ сақпаншылар келсе жақсы ғой. Әйтпесе...

Манағы алау өшті ме екен? Жалыны бет қарыған костёр келді көз алдыма. Шырт-шырт сынған ұшқындар айналаны жап-жарық қып барып қайта сөнеді. Өзен сағасы, алау

айналасы... бәрі-бәрі қайта оралып кеп қойын-қонышыма кіріп алғандай жанымда жаңғырықты. Қара шашын жайып жіберген Қантым, арқар-құлжаны салақтатып атқа артқан ағайынды Мыса-Тағаш, сыр бүгіп дыбыссыз сырғыған қосөрім өзен, тарихтың парақтарындай жер-су аттары, мұның әмбесін құлағымызға құйып келе жатқан Нағашыбек ағай... Иә, айтпақшы, жыл сайын осындай көктемгі каникулда қойшының балаларын әке-шешелеріне енесіне жамыратқан қозылардай табыстырып қайтуға машинасын сайлап тұратын шалғы мұртты ағайды бір кезде Жамбыл атаның шоферы болған деп кім ойлаған. Басқаны қайдам, мен өз басым каникулдан қайтқанда әдебиет сабағында жазатын шығарманың тақырыбын таптым.

Ең бірінші естігеніміз Рыскелдінің апасының дауысы. Түйелі ауыл Көкбастауда отыр екен.

– Ой, шырақтарым, ой қарақтарым, көктем құсындай келіп қалған екенсіңдер ғой, – деп Тұрар шешей мойны жеткендерін шетінен сүйіп жатыр. – Қазір бір-бір шыныаяқ шұбат алып шығайын. Үйдің тамағын сағынып-ақ жүрген шығарсыңдар.

Үйді-үйімізге келгендей боп ет-жүрегіміз езіліп барады. Айналып-толғанып үздіккен ана мейіріміне не жетсін екі дүниеде! Ұйқымыз шайдай ашылды. Аппақ таң атыпты. Көкбастау мен ес білгелі көріп келе жатқан қаракордалы қоныс. Мұнда біз де талай рет үй тігіп отырғанбыз. Көбіне күзде құмға көшер алдында немесе көктемде қой төлдейтін кезде жұрт ірге тебетін тамаша жер. Астау сияқты ұзын аңғардың шыға берісі желкенің шұқырындай ойпаң бет. Желден, бораннан ықтасын оймақтай қоныс. Қос қорасы бар. Үй орнындай дөңгелек бастау көзі көкпеңбек, аспан түстес. Жағасы да қысы-жазы жасыл шалғынданып көз тартып жатады. Және бір алыстан мен мұндалайтын мандайына біткен ерекше белгісі – діңіне екі-үш адамның құшағы жетпейтін бұтағы ұйысып ұстасып қалған нән көк тал өсіп тұрады. Оның ашамай шыбықтары арасында қаншама құстың ұясы барын санап шығу үшін бір кластың оқушылары керек. Көкбастауды жағалай өскен жуанды-жіңішкелі басқа да ағаштар бар. Бірақ ұшар басы жер ша-

рындай домаланып қалған дәу көк тал бас шайқатқандай.

Көзіме оттай басылды. Тарзан боп талай ойнаған иіні мол иір де мығым бұтақтардың арасында қара табанымның іздері сайрап жатыр. Бірде ең басына шығып ап екі саусағымды аузыма сұғып жіберіп күшеніп шірене ысқыра бергенімде, аяғым тайып кетіп төмен зулағаным есімде. Сонда Көкбастауға жеткізбей қалың бұтақтар қағып алып қалды. Қалт етсе келіп ойнайтын орным осы ара еді. Нөсер құйып тұрғанда түбінде отырсаң тамшы тимейді. Жауын жауғанда көкталдың бұтағын атша мініп, жапырағына жасырынатынмын. «Тұқымың өскірдің даусы шығады, ал өзі қай жағында жүр»,— деп шешем де ағашты айнала карап талай мойнын талдырып іздеген. Міне, сол тал биыл Рыскелдінің үйінің алдында жайқалып тұр. Түбіне майтабан боталар тізіле қалыпты. Ішім біртүрлі шым ете қалды. Қимадым ба, қызғандым ба, білмеймін, биіктігі қырық құлаш, жуандығы бес құлаш бір өзі қара ормандай көрінген нән көк тал түйешінің баласына қалып барады...

Көк исі аңқыған сай-сайды қуалап машина малды ауылдың балаларын үйді-үйіне таратып келеді. Серектаста Күлдәрі, Қызылсайда мен түстім.

Шешем бір топ сақпаншының ортасында жаңа туған қозыны ауыздандырып жатыр екен. Мені көре салып:

– Әнеки, әне, күнім-ау, өз қозым да каникулға келді, — деп сүт шашыраған қолын саулық қойдың үстіне сүрткілей берді. Машинадан қарғып түскен бойда арсалаңдап барып шешемнің мойнына асыла кеттім. Уыз сіңген бір ғажап иіс мұрнымды жарып барады.

– Түу, шашың үрпип өсіп кетіпті ғой, балапаным, — деп шешем басымнан қайта-қайта сипалады.

– Әдейі қоя берген болар,— деп Нағашыбек ағай күлімсіреп тұр.— Енді жігіт деген осы. Атасы айнадай қылып сыпырып тастап жүрмесін былтырғыдай. Андағы басындағы немене еді, інгліски ме?

– Жок, ёжик.

– Е-е-е, «ежік-пөжігін» не қылсын, әкесі өрістен келген соң тарпа бассалып тақырлатып тастайды ғой әлі-ақ, — деді де шешем екі етегін қаққылады. Үсті-басы толған жас

қозылардың тонғағы. Екі етегі нақ бір бәйтеректегі ұяның аузы сияқты, жағал-жағал, сауыс-сауыс.

– Әке-шешеңе аман-есен жеткіздім, енді көктемгі уызға қаталап қалма, байқа, бала, – деп Нағашыбек ағай қарнымнан түртті.

...Түнімен жас қозылардың даусы сембей шықты. Киіз үйдің керегесін қажап, нәренжін тұяқтарымен әлтек-тәлтек басып үстіме жығылып, сүрінеді. Шаранасы кепкендері әр жер, әр жерді түрткіштеп емшек іздейді. Менен басқасының бәрі сыртта жүр. Ояу. Жауаптасып қояды. Түнгі дауыс қандай, саңқылдап алысқа естіледі: «Шуына оралып қалмасын», «Шуын жеп қоймасын», «Аузына үрле», «Апарып ауыздандырындар», «Аузына сүт сау», «Енесіне жанастыр»...

Көзім шарт жұмулы, көкірегім ояу. Қазір мектептің балаларын қойлы ауылға қаптатып жіберсе, шіркін! Көрер еді қалай қойдың қоздағанын. Көбісі бұл машақатты біле бермейді ғой. Жер басып ойнақтап жүргендерін көріп қызығады. «Бәсіре қозыларың көп, қалай саған рақат», – дейді. Шынында рақат. Жаңа туған қозылар қалт-құлт басып жаныңа жанап кетсе емшек іздеп тұмсығымен түртіп, тілімен жалап, қытығыңды келтіреді. Өздері қандай момақан, көздері қандай сүйкімді! Каникулы жоқ, сенбі, жексенбісі де жоқ қойлы ауылдың адам ықыласын тартатын бір сиқырлы күші бар. Көктемде уызға тойып алып, өріске шықсаң, кешке дейін қарның ашпайды. Жаңа апам «қоңыр қозым ішсін», – деп сырлы тегененің бетін қымтап жатқан. Таң ертең соны соғып алып, атама қой бағысамын. Каникулды құр бос сенделіспен өткізбей, қолғанат болуым керек қой!

Ұзынағаш

– Осы жаңа ғана өзеннен су әкелген жоқсың ба? – деп әпкесі Тәбия қадала қалды.

– Ши қалпағымды тастап кетіппін. – Оңдас басын сипады. Сосын қиқалаңдап, қара жолға шыға берді.

Борпылдақ шаңды кең балағымен сыпыра жыртып бара жатқандай.

– Оныкі сылтау әшейін, – деді әпкесі апасына естірте. Тәбия не үшін олай дегенін үлкен кісі түсінген де жоқ.

Ауылдың шығысы да, батысы да сарқыраған өзен. Сонау ақ бас заңғар таудан қарқын алып құлдилап ағатын арынды өзен ауылдың қыр желкесіне келгенде қақ айрылып екі сайға ирелеңдейді. Күн шығар жағындағысын жұрт Тастақ дейді де, ал күн батар тұсындағыны Райымбек сайы атандырған. Бұлардың көшесіне жақыны Райымбек сайымен сарқырағаны. Бұл және кіші-гірім бел-белесі көп. Бірінен асып біріне тырмысқаны қызық. Мөп-мөлдір тау суының табаны тас санап алуға болады. Ауыл балалары дәу-дәу тастардан тоспа жасап, сол ағынды өзеннің өзінен шомылатын көлмек ыңғайлап алады. Күннің батысындағы тар өзектегі өзеннің шомылушылары көп. Өйткені қысылшаң сайдың ұзына бойы меймілдеп толып тұрады да, тұс-тұсынан шешініп қойып кетуге қолайлы.

Жаңа Ондас өзеннің ар жағынан екі флягты толтырып алды да, қол арбамен демде-ақ үйге әкелді. Сонда байқады. Каникулдағы өздерінің кластас қыздары да өзен жағасында қызылды-жасылды киімдерін үйіп тастап, тұнық суға тәндерін шапақтасы-е-еп жүр әшейін.

– Онда-а-ас, – деп айқайлап шу ете қалсын мұны көріп. Ол да оларды алыстан-ақ танып тұр. Бәтен, Несіпхан, Бейқұт. Әсіресе құтырынып дауыстаған Бейқұт пен Бәтен ғой.

– Несіпхан қазір суға тұншығады. Соған көмекке келмейсің бе? – десіп іштерін басып күліседі. Әдейі ғой. Оның көңілінде оған деген бір кимастықтың ұшқыны барын сезеді балалар. Ыржақтай қол былғап бұл кеткен. Қайтып келуге себеп керек. Әрі ойлап, бері ойлап. Басындағы оқшырайған ши қалпағын суға әдейі малды да, бір түп сүттігеннің үстіне іліп қойды. Жаңағы әпкесіне «ши қалпағымды тастап кетіппін» дегені де сол.

Өзен бойы қаптаған бала-шаға. Дір-дір етіп тістерін қағып майда балалар көгеріп-сазарады. Күні бойы осы өзекті өрлеп жүргендері қара борбай болып. Оларға сал-

са, судан шықпай, балықтай жүзіп, тек бастарын қылтитар еді, одан мұзарт таудан бастау алып арқырап келіп жатқан тау өзені жан шыдатпайды. Қаншама күнге күйіп, ыссылап түссе де тастай қатып қайта ыршып шығады. Шіркін, асқар тау асып кеп тұрған маңда тұнық өзен бар ауылың болғанға не жетсін!

Оңдас ши қалпағын бір шекелей киіп қыздарға жақындады. Үстері су-су үш қыз өзектің көгал беткейіндегі бір шок гүлдей шоқиып отыра қалыпты.

– Саған қарасақ, су жыланға жем болғандай екенбіз, – деп Бейқұт бетіне жабысқан бес тал шашын бір талдап тарамдады.

– Әлгі жарысқа қатысатын желаяқтығың қайда кеткен? – Бәтен иегіне іркілген тамшыны оған қарап, шашыратты.

Несіпхан томсырайып отыр. Күнге қыздырынар жеңіл лыпамен жүргеніне ыңғайсызданатын сияқты. Бәтен мен Бейқұттың барына шүкіршілік дейтіндей.

Оңдас кластас қыздардың қай-қайсымен де емен-жарқын әңгімелесіп кете алады. Бірақ осы Несіпханның жарқ-жүркеткен жанары құрғыр көзін жапақтатып тастайды. Оның көзінше басқа қыздармен ақ жарқын сөз қағыстыруға да жасқаншақтайды. Неге екенін кім білсін...

– Қазір біз суға батамыз, – деп Бәтен орнынан көтерілді.

– Сонда қайсымызды құтқарасың? – деген Бейқұттың кулана жымиған жүзі ойнақыланды.

– Бәрінді бірдей жағаға алып шығамын, – деді Оңдас қыздардың оны қызарта түспек алдамшы ойларына ырық бермей. Сен Бәтен етжеңділеусің ғой, арқама мін. Бейқұт аяғыма жармассын, ал Несіпханды қолтығыма қысып аламын да, Жайықта жүзген Чапаев құсап бір қолыммен малтып өзеннің ағысымен кете барамын, кете барамын.

– Әй, мынау қолын бергісі келмейді-ей, – деп Бейқұт Ондастың арқасынан нұқып қалды. – Сонда сенің түйе табаныңнан ұстайды екенмін ғой. Ой, оданша суға кетіп өлейін.

Ол осылай деп қарлығаштай қалқып барды да, өзенге секірді. Тұп-тұнық судан оның аппақ қардай денесі апайқын көрініп барады. Жиырма-отыз метрдей ағын су

астымен жүзіп барды да, сопаң етіп шыға келді. Қалың кара шашы қобырап, мөп-мөлдір су бетіне жайылды.

Оның артынша құлағы мен мұрнын басып Бәтен күмп берді. Бірталай жерге дейін көрінбей барып, бірақ басын қылтитты.

Ендігі кезек Несіпхандікі. Ол қозғалар емес. Күнге қарсы отырған екен. Соның өзінде көзқарасы қарып түсердей кісіні. Ақ балықтай шоршыған ана екеуіне қызықтай күліп қояды. Қыздырына түскісі бар.

Ондас апыл-ғұпыл сырт киімдерін сыпыра салды да, етпен-ет шолақ трусиимен өзенге ұмтылды. Қыздардың көзін шарадай қылып алдымен екпіндеп келіп тік аспанға секірді де, ауада шыр айналып барып, суға басымен қадала сүңгіді. Бұл оның гимнастикамен тиіп-қашып болса да айналысатынын айғақтап тұр еді кеудесі қайқайып, белі бір-ақ уыс болып тұрғаны да сондықтан. Ол су ішінде де жыландай жылжыды. Қолдарын бір-екі-ақ сермеп барып, қыздардың қасынан шықты. Екеуі аяқтарын өзенге малып қойып, жағаға жайғасқан.

– Ана Несіпханға суға сүңгі, өзім тосып аламын деші, – деп Бейкүт желкесіндегі шашын уыстап сықты.

Қайда, Ондас өйтіп айта алмас. Әйтеуір, Несіпханға келгенде тілі байланып қалатын қағындысы бар. Мектепте де сол. Бетпе-бет келіп қалса беті дуылдап, тізесі қалтырайды.

– Әй, Ондас, – деген дауысқа құлағы елең ете қалды. Жалт қарады. Тұп-тура Несіпханның қасында шашын желкесіне түйген әпкесі Тәбия тұр. Екі қолы мықынында.

– Әй, оңбассың екі дүниеде. Бағанағы ши қалпағың курап қалатын болды ғой, тегі. Күн өтінде. Жұмысы жоқ адамдай-ақ жоныңды жылтыратып бұл не жүріс, ә? Бұл не серуен, ә? Айда, кеттік үйге. Апаң жанынды шығарайын деп жатыр.

Ондастың бетінен оты шықты. Өзінше ерсініп, аспанға секіріп, суда сумаңдап жүзіп, бар өнерін қыздардың алдына жайып салып-ақ еді, амал нешік. Мына мазаң кеткір тетелесі ұтқа белшеден батырып барады. Екеуінің арасы екі-ақ жас. Тәбия оныншыға барады биыл күзде. Екі класс жоғары оқиды. Тақаспа аурулары бар. Қит етсе «сен де

сен». «Екеуі тете ғой, сонан кейін де сендей соғылысып жатқаны» деп апасы бас шайқап қана күледі.

Үйге келген соң да Ондастың көңілі тынбады. Қолы босай қалса, огородтың шетіне шығып, өзен жаққа көз тігеді. Өзеннің арғы беті бірінен бірі биіктей беретін қырат жоталар. Суға түсіп әбден солығын басып салқындап алғандар солай қыдырыстап кетіп, жал-жалдың үстінен ауылды тамашалайды.

Әне, әне бір үш қараң-құраң қалайда сол қыздар. Иә, дәл солар. Шалғынын баудай түсіріп трактормен тықырлап шауып алған Аралбай жоны қайта тебіндеп қалған. Таулы өңір жаз бойы жауынсыз болмайды. Сондықтан да шабындық жер шиендеп көк майсасымен көз тартады да тұрады.

Биік жонға шығып, бірін-бірі қуалап берген үш құрбы көкейін тескен Ондастың ісінде береке болмады. Аландап арлы-берлі жүрді де қойды. Мұны екі бастан түсініп болған әпкесі қолындағы кетпенін жұлып алды.

– Осы сенсіз-ақ оталады картоптың түбі. Көзіне қарамай арам шөптермен қосып, бәрін сыпыра қырқып түсіріп жатырсың. Пайданнан пар кештік. Баршы, айналайын, баратын жағыңа алақтамай, – деп желкеден бір түйіп жіберді. Оған да осы ғана жетпей тұр еді, алға қарай өтірік сүрінгенсіп аттап-бұттап тұра жүгірді. Апасы аң-таң.

– Ей, Тәбия, ана бауырынды қайда жұмсап жібердің? – дегенше болған жоқ, сүт кенжесі көзден тайды.

Жол-жөнекей өзек толып меймілдеп жатқан өзен суына және бір сүңгіп алды да, арғы бетке құйындай ұйтқып жөнелді. Қас-қағымда-ақ қатарынан табылған кластас ұлға үш қыз да айран-асыр қуанысып қалды. Бірақ онысын білдіргілері жоқ. Қасақана қарсы болғансып жатыр бәрі.

– Өзімізше бір қырға шығып, қыдырыстайық деп едік, – деп Бейкұт бұлданып қояды. – Саған не жоқ, кім шақырды?

– Қорқып жүре ме бұл қыздар дегенім ғой. – Оңдас күмілжіп қалды.

– Суда да, құрғақта да қасымыздан қалмайтын болдынау. – Бәтен Несіпханға қарап көзін қысты. Несіпхан жауап қатқан жоқ. Жарқ-жұрқ студен танбайтын сол бір тұнық жанарын сонау алыстағы ақ сенгір тауларға қадап қалған.

– Қарашы, қандай көкорай беткейлер, – деген Бейқұт қос қолымен басын ұстап, рақаттана жан-жағына қарайды.

– Әсіресе, ауыл алақандағыдай көрінеді емес пе, – деп Оңдас жаңа әзірде ғана өзі қашып шыққан ығы-жығы көшелерді қолымен нұсқады.

– Бәтеннің үйі сонау қалың талдың қалқасында, – деді Несіпхан көз шарасын кең ашып, иегін көтеріп.

Бәрі бірдей үркердей болып бұйығып жатқан туған ауылдың ту сыртынан тамашалай қалды. Сырттан қарасаң қызық екен. Ұзынынан түсіп жатқан мәуелі үлкен ағаш сияқты. Кей жерінің бұтақтары жиі, қайсыбір тұстары алаң-ашық, енді бір бүйірі сирек. Әйтеуір, бірақ абырой болғанда ағаш жауып тұр ғой. Әйтпесе ішін аралап кеп берсең, қисық-қыңыр, ұзынды-қысқалы көшелер қаншама. Мінеки, соларды аулақ кетіп алыстан қарасаң аядай ауылды ел қатарына қосып тұрған жыл сайын жапырақ жаяр ұзын-ұзын ағаштар екен.

Олар биік жоннан көз қыдыртып тұрып бүкіл ауылды түгендеп шықты. Анау пәленнің, анау түгеннің деп саусақпен санасты. Соның бәрінде де басты белгі қара ормандай боп көрінген шоқ-шоқ ағаш атаулы болды. Сонау көп шоғырланған тұс, сонау бұтағы қалың, анау ақ теректер, әнеу көк теректер, мінеу қалың қарағаш, мынау алма бағы... десіп дәл түстеп, дәл тауып жатыр.

– Ұшар бастары найза ұштанып көкке озып шаншылып тұрған ұзын-ұзын ағаштар Оңдастың ауласы, – деді көп үнсіздіктен соң Несіпхан құрбыларына қол артып тұрып.

Оңдастың іші жылып қоя берді. «Біздің теректерді таниды екен, тіпті алыстан ажыратады екен, – деп шын жанымен қуанды. – Бұл жаман нышан емес. Кезінде атам еккен ұзын-ұзын ағаштар да біз тұратын үйді алыстан танып келуге бірден-бір белгі боп тұр. Атам еккен ағаш, атам...»

– Мына арықты жағалай шыбық шаншып шығамыз, – деп Мыңділдә әкесі жиырма бес сотық огородты қолымен орай көрсеткен. – Екі түтінге ортақ кесілген жер, көресің, кейін сендер өскенше тал-теректермен шыр көбелек қоршалып тұрады. Бұл өзі әрі қоршау-белгі, әрі көк жасыл көлеңке. Шетінен бұтап малға талғажауға да, отқа жағуға

да жақсы. Шетінен кесіп қоражайға, там-тасқа құрылыс материалы...

Ондастың еміс-еміс есінде сол. Екінші кластағы көктемгі каникулы. Жер көгеріп, наурыз көжені үй сайын қыдырып, ішкен шақ. Мыңділдә әкесі үш тостағанын түгесіп ап, тал-теректің әдемі бұтақтарын көп қып бәкісімен ұштады да, арықтың екі бетіне бірдей шаншып шықты.

– Бұл қалай өнеді, ата, тамыры жоқ өңкей жалаңаш бұтақ қой, – деп Ондас таңдана сұраса:

– Е-е-ей, балам, біздің өңірде қаққан қазығың да көктеп шығады, сондығы үшін де «жер жаннаты» атаған, – деп кейбір жуандауларын қазық қып кесіп, ұшталған жағымен үстінен басып қара жерге сіңіре салады.

Міне, сол шыбықтар солқылдап, бүгінде көкпен тілдеседі. Бұларды сұрағандарға ауыл адамдары: «Сонау аспанмен сөйлескен ұзын-ұзын ағаштары бар үй Мыңділдәнікі», – деп жөн сілтеп жатқаны.

Әнеки, енді ауыл сыртында тұрып кластас қыз да осы бір ерекше белгіні еске салды. Қандай керемет нышан. Ауылда қызық қой. Жүйрік аты бар Сайлау, бүркітші Мұсабай, мерген Сұлтан, охотник Иван деп атап жатады адамдарды. Ұзын ағашы бар Мыңділдә да жаман атау емес білгенге. Ең жақсысы түү-үүу алыстан көрінеді. Ал көлеңкесі қандай, шіркіннің! Көшенің бар бұзауы осының саясынан табылады. Ұшар басының ұзындығы сондай ерсілі-қарсылы, ылди-төмен ұшып жататын қанатты құстар бір қонбай өтпейді. Көздеріне бірден шалынатын зәулім ағаштар осы болған соң енді қайтсін-ай. Айтпақшы, дәл осындай болмаса да осыларға жетеғабыл бір түп кәрі ақ терек бұрынғы ескі мектептің қасындағы Қаба кемпірдің үйі алдында тұрды. Ойпаң жерде болса да, ол терек көшенің басындағы Мыңділдәнің көк теректерімен бой таластыратын. Үзіліс сайын мектеп балалары сол бойшаң шіркінді шыр айнала жүгіріп, ойнап әжептәуір арқа тұтатын. Бұтақ арасындағы быжынаған ұялардың санына жете алмай жаңылыса беретін ғой.

Сол тып-тыныш мүлгіп тұрған ақ терекке бір күні тапайдың тал түсінде найзағай түсіп, тең жартысы күйіп

кетті. Қақ ортасынан опырылды да қалды. Сонда Қаба кемпір: «Қу шұнақ құдай, боздағымның көзіндей ес боп тұрған есігімнің алдындағы жалғыз теректі де көп көрдің бе», – деп жасын отымен өртенген ағашты құшақтап жылапты. Соғыс жылдарынан бергі сорайып тұрған Смағұл еккен соңғы терек еді деп сол бойшаң ақ терекке күніне бір сүйкеніп өтеді екен. Ортасынан омырылып ол да оққа ұшты. Ел қорғаған Смағұлды сұм фашистің оғы опат қылса, одан қалған жалғыз теректі найзағайдың оғы отап кетті. Қандай әділетсіздік десеңші! Ары өткен, бері өткенде басындағы быжынаған ұяларға бас киімдері жерге түскенше қарайтын балалар да күйік сасыған жаралы терекке аяныш білдіретін. Бүкіл ауылдағы қара ормандай қалың ағаштарға түспей Қаба кемпірдің серігіндей болған оқшау терекке жасын оғы түскені таңданатын-ақ нәрсе еді. Жеке-дара аспандап тұрғанға әр нәрсе әуес пе екен әлде. Ондастардың бүкіл бау-бақшасын айнала шар-шылай сап түзеген кілең бойшаң ұзын ағаштар қауымдасып өсіп тұрған соң да анау-мынау зауалдардан аман шығар. Кім білген!

Ауыл көркіне көз тойдырған олар етекке қарай ентелей басып үйге бет алды. Озыңқырап кеткені болса: «ей, үйге қарай жүгірмес болар»,– деп ескертіп қояды. Ылдиға қарай екпіндерін тоқтата алмай, еріксіз бұлк-бұлк желіп кетеді. Күлкіге қарық бәрі. Езулері жиылмайды. Қанша тырыскандарымен, қанша жай жүрейік деп жең ұшынан ұстасқандарымен жотадан төмен түсу аяқтың ыркында емес. Өкпе-бауырлары солқылдап, шарасыз шапқыласып кетеді. Әсте ылдиға қарай жүру, құлдилау әрі оңай, әрі қиын. Тоқтай алмайтындарына амалсыз күледі. Қолдары кейде бір-бірінен ажырап та кетеді. Қайта қолдаса алмай сықылықтасады. Шіркін-ай, аулының маңында осындай өрмен ылдиды сезінетін, жүрек соғысын, өкпе тынысын ажырататын жота-жондар, бел-белестер болғанға не жетсіні Ондастың ойы осылайша ұйтқыды.

Қырға шығып кластас қыздармен қыдырыстағанға көңілі таудай өсіп әр нәрсені қиялдап келген Ондасты апасы кейіп қарсы алды.

– Қолдың қысқалығын көре тұра күні бойы дала

кезгенің не осы?— деп қабағын шытты.— Еркек кіндіктен қарап отырғанымыз сен. Әкең бар кезде бір сәрі еді. Ал анау ағанның қазан-ошағы бөлек, ауласы бір демесең.

Қанипа бұлай таусылып сөйлемеуші еді, расында жаны күйген екен. Қыруар үй тірлігін жинастырып қойып, қолына күрек алған Тәбия екеуі көп жұмысты бітіріпті.

— Апа десе, ана көрші Құдиярдың баласы қолына жұғып қалған жоқ, училище тауысып-ақ бір қора жанды асырап отыр ғой. Ал Алпысбайлары он жыл мектепте оқып, бес жыл институтта оқып алған документтерін де ақтамады. Күнде көшеде ләйліп жүргені, — дегенді ішегін шұбата айттып әпкесі Оңдасқа шүйілді. — Одан да есіл уақытты қор қылмай ертерек еңбекке үйрету керек қой. Биыл мұны училищеге жіберу керек. Бәрібір үздік оқып шекені қыздырып жатқан бұл жоқ. Мұғалімдер менің бетіме салық қып бітті.

Осы Тәбия әпкесі дәл төбесінен түсіп айтады-ей. Оның өзі де екі ойлы болып жүрген. Жаңағы Құдиярдың баласы ғана емес, тура осы жоғарғы көшенің өзінен он шақты бала алдыңғы жылы сегізіншіден кейін училищеге топырлап түсіп, бір-бір куәлік алып шыққан. Қазір бәрі де жұтынған механизатор. Шаруашылық басшылары олармен кәдімгідей санасады. Күндіз ой мен қырды мотор үнімен толтырып, кешке қарай клубқа маң-маң басып бара жатқандары. Аман болса енді шеттерінен шаңырақ көтереді. Той көбейеді.

— Өзім де осылай ойлап жүргемін, сен айтпасаң да,— деді Оңдас әпкесіне еске салғаныңа рақмет дегендей жайбарақат қана. — Сентябрьде аудан орталығындағы селолық кәсіптік-техникалық училищеге документ өткіземін. Екі жылдан соң мына колхоздағы қыбырлаған техника біткен қолымда билейтін болады. Сонда көресің, мына көкенді.

— Иә, көкең-көкең деп көкірегіңді әзір қақпа. Алдымен техниканы меңгеріп ал. Аяқ қаптай кеуденді содан кейін-ақ қағарсың.

Тәбия әпкесі өстіп қажап, қыжыртуға жаны құмар. Анда-санда арқасынан салып өтетіні тағы бар. Үлкенмін-ау деп айылын жиып жатқан ол жоқ.

Оңдас атасы еккен ұзын ағаштардың арасымен бақ

шетіне қарай шықты. Бірімен-бірі бой таластырған сүмбілдей сұңғақ теректер сапта тұрған солдаттар сияқты. Қалайша түп-түзу өскен деп көрші үйдің балалары да бұлардың ауласына қызығады.

– Мынау командирі, – деп Ондас тура іргеде тұрған құшақ жетпес ең жуанын нұсқайды. Дәл ас үйдің үстіне бұтақтары асылып жататын көк тіреген терек түбінде отырып бүкіл үй-іштерімен дастарқан жайып, жозыға ас ішеді. Тамыры адырайып жердің бетіне шығып кеткен жұп-жуан теректің кісі бойы тұсына дейін бос орын жоқ. Айнала салбыратып іліп тастаған қазан-ошақ керек-жарақтары: кепсер, ожау, тұтқыш, қырғыш, майлық, сулық орамал...

– Командирден гөрі старшинаға ұқсайды, – деп оның сөзін түзеп қояды әскерден хабары бар кейбір кулары. – Армияда солдаттардың апасы сияқты адам старшина дейді ғой служить етіп келгендер. Бүкіл киім-кешегін, жатын орнын қадағалап күн сайын, сағат сайын қас-қабақтарына қарайтын солар екен.

– Бүкіл ұзын ағаштардың командирі осы, – деп Ондас сонда да айтқанынан қайтпайды. – Ең әуелі атам осыны шанышқан және терезенің түбінде, ең бірінші желмен сыбдырлап жапырақтарымен оятатын да осы. Үйге қонақ келсе де алдымен ат басын бұған тірейді. Көктеректі құшақтап тұрып шылбырын байлайды. Келген кісілерді қарсы алып, шығарып салып тұратын атамның өзі сияқты.

Әнеки, әр теректің өз сыры бар. Бір қызығы үйден алыстаған сайын ағаштардың өн бойындағы сызат-жарақаттар азая түседі. Іргедегілер «шықпа, жаным, шықпа» деп әрең бой түзеді емес пе. Қораға кіріп бара жатып та, өріске кетіп бара жатып та ағашқа соқтықпайтын мал жоқ. Әсіресе ешкі пәлекеттер сақалын шошандатып кеп тура ауыз салады. Қабығын тыр жалаңаштап кеткендерін балшықпен сылап, атасы екеуі талай ағашқа араша түсті ғой. Өстіп өлдік-талдық деп әрең өсірген өскіндерге енді қағынып жасырынбақ, қуаласпақ ойнап жүрген қу жүгірмектер бәкімен өрнек салып кетеді. Оған да топырақ сеуіп, шүберекпен таңып, ем-дом жасап жатқандары екеу-леп.

Оңдас өзі «командир» атаған талдардың төл басына оралып қайта келді. Енді балтамен белгі салсаң да арманым жоқ дегендей құшақ жетпес мәуелі терек тәкаппар тербеледі. Былтыр атасы қайтқанда қабырғасы сөгіліп үнсіз жылаған ол теңселіп тұрып осы терекке сүйенген еді. Діні мығым ұзын ағаш арқасынан қағып: «Жыла, жыла, атаңның асыл қасиеттерін айтып жыла, ол енді қайтып келмейді, жақсылығын дауыстап жарияла», – деп тұрғандай болған. Сосын ол жотасын жуан терекке тіреп қойып еңіреген: «адам түгіл ағаштарға өмір тілеуші ең, көк шыбық шаншып қара орман еттің, қолыңнан күрек, балта түспейтін қара шапуа атам...»

– Айналайын-ай, онысы рас, – деп айнала тұрғандар қосыла дауыс салысқан. – Мына қаз-қатар сыңсыған тал-теректерді бір-бірлеп шаншыды-ау ерінбей. Кейін дүңгірлеген ағаш үй саламын дейтін, жарықтық. Ұзын ағаштар ауланың көркі, ауылдың көркі дейтін. Ағашсыз үй – қойсыз қора дейтін. Артына ну тоғай тастап кетті ғой, соны енді балалары ұқсата алса...

Көзіне жас тығылды. «Командирді» қолымен сипап, басын түйістірді. Құлағын тосты. Өзегінен дуылдаған дыбыс шығады. Көк терек сұмдық ұзын ғой. Соно-о-оу Алматы иығына мініп тұрған Көктөбедегі телемұнарадан да биік. Сондықтан қалқан құлақ жапырақ таққан бұтақ-антенналары әр қиырдан сыбыс-хабар тартып жатқан шығар. «Дың-дың...» Өттең, іші шулап-ақ тұр. Түсінер, ұғынар кісі болса. Бәлкім, мұны баласынып тұр ма. Атасы болса сыр айтқысы бар ма екен. Қалың қабығының астына жасырып жатқандарын сыртқа шығарғысы келе ме. Көп-көп нәрсеге куә ғой бұл көлеңкесі мол көк терек. Дәл есіктің алдына өсіп алып адамша сезініп кетпесіне кім кепіл. Бекер «командир» емес қой.

Оңдас арықтың екі жағына жарыса өскен, тал-теректердің арасын аралап кетті. Бәрі бойшаң, бәрі оқтай түзу. Күн көзіне таласып тұрғандай сымдай тартылған сымбатты-ақ. Тек мына бір-екеуіне темір қада қаққан өзі. Ауыл балаларының әдетінше көзден таса сонау оғород шетіндегі тұйық тұсқа турник орнатқан. Және оны

жер қазып, көгалды жаралап жатпай-ақ дайын тұрған екі ағаштың арасына орнатқан. Бұл бесінші кластағы оқиға еді. Міне, енді сол турник ағашпен бірге аспанға өсіп алыстап кетті. Үш-ақ жылда дәл бұлай биіктейді деген кімнің ойында бар. Оңдасқа қарағанда ағаш өсімтал болып шықты. Бұл – ап-аласа әлі. Турникке тырбындап секіріп, әрең қол іліктіретін күн туды, «Адам неге ағашқа ұқсап зымырап өспейді екен, – деп те күйінді ол турникке мықшындап жете алмай жатып. – Қазір ғой мен «командирдей» болатын едім.

Турникке тұла бойын бытырлата бірнеше дүркін тартылып алып, ол әрмен қарай жағалады. Бас арықтың доғаша иілетін тұсында екі аша боп өскен өзгелерінен тұрпаты ерекше тіпті нән терек бар. Қол ұсыным жерінен екі айрылып өскен қос өркеш түйедей зәулім ағаш оған бұрын да талай ой салған. Екі «өркеш» ортасына атша мініп алып, «шүү-шүүлеген» ойын сәттері де қаншама. Ашамайға отырып кейде кітап оқитын, сөмкесін де қоя салатын. Шілік кезінде кезіксе торғай ататын «рогатка» болуға таптырмайтын-ақ қару. Жонуға келмейтін жуан бұтақ оның көз алдында алып ағашқа айналды. Енді осының қысылшаң арасын қандай пайдалы іске асырсам деген ой басына кеп тұр. Кішкентай кезінен атасы жетелеп жүріп тағы бір баулыған ыждағаттығы – осы үйді шыр айнала тіккен ағаштарды бір-бірлеп тұрып сонау ұшар басына дейін сып-сидам қылып бұтататын. Жыл сайын көктемде, күзде осы әдетке айналып Оңдас беліне балтаны қыстырып алып ағаштың басына өрмелеп бара жатады. Атасының көзіндей абажадай алты құлаш сатыға да тыным жоқ. Ол о баста балағынан бастап бұтайтын да, ең ұшына жеткен соң, қайта төмен түсерде тұқылдарға әрең тұяқ іліктіріп, ит қорлықпен бұтын сыдырып сатыға әзер жететін. Кейін әдіс ала келе ең ұшынан етекке қарай бұтайтын болды. Ол да атасының ақылы. «Балам, аяқ тірегенге ыңғайлы, жоғарыдан баста», – деп төменнен айқайлап тұратын. Сыптығырланып сүмбілдей бой түзегені сол себептерден де шығар ағаштардың. Балтаны әр бұтаға сілтеген сайын бұлшық еттері сіңірленіп Оңдас та өз қатарластарынан қарулы боп өсті. Алыса

кетсе алып ұрып астына басады. Әсте атасы баласын да, ағашын да сымбатты болсын, көрікті, күшті болсын дейді екен-ау. Қолынан балта түспегенде ойлайтыны осы, әрине, басқа не. Талым түзу өссін деп тарбиған бұтақтарын отап отырса, балам еңбексіз қарап отырмасын деп ағаштың басына өрмелетсе өмір бойы ойлағаны әдемілік, әлеуеттілік – қырып-жонса қисықтықтан арылады, қимылдаса күш-қуаты толысады дегендік қой...

Екі аша ағаш әрі-сәрі ойларға жетелеген Оңдас атасын көргендей көзін айналаға бір қыдыртып алды да, кәрі терекке алақанын үйкеледі. Бір нәрсені қимай тұрғандай қинала күрсінді. Сосын жүзінде жұмсақ бір жымыыс пайда болды. «Дәл осы ашамайға почта жәшігін жасап шегелеп қоямын, – деп күлімсіреді өз ойын іштей шегендеп күбірлеп. – Жұрт қара торғайдың ұясы екен дейді де, назар аудармайды. Несіпханға алдымен ауызша айтып, ескертемін. Біздің огородтағы екі аша ұзын ағаштың арасында почта жәшігі бар. Жапырақ түстес көкпен сырланған. Жауап хатыңды сол арадан күтемін. Өзім үзбей жазып тұрамын. Бейқұт пен Бәтен қалам арқылы хабарласатынымызды білмей-ақ қойсын. Ұяңдығымызды күлкіге айналдырып жүрер. Аудан орталығындағы училищеден апта сайын ауылға келіп тұрамын. Арасы он бес-ақ шақырым ғой. Келген бойда дереу жәшікті қараймын. Хат саламын. Жауабыңды аламын. Жарай ма?!»

Осы күзде Оңдас есігін ашар училище орналасқан жер «Ұзынағаш» аталады. Бәлкім, бір кездері оның атасы шаншып кеткен шыбықтар шығар шынардай болып шаншылып өскен. Сонадайдан мен мұңдалап шақырып тұрғаны да сондықтан болар.

НОВЕЛЛАЛАР



Виктор-Бектүр

- Әне, Жарқынбай ағам өтті.
- Қайсы?
- Жаңа зу ете қалды ғой.
- Орын ауыстырып отырайықшы, а?.
- Кел.
- Тағы өте ме?
- Өтеді. Енді төмен қарай.
- Қандайға боятыпты, и?
- Жап-жасыл.
- Жақсы екен.
- Әй, несі жақсы. Мен көк түсті ұнатамын.
- Маған бәрібір. Тек мәшине болса болғаны.
- Неге? Сыртқы түрі көз тартып тұрғаны да тәуір емес пе.
- Әй, бәрібір, ауылда шаңға баттасады ғой. Астық тасып, шөп тиеген соң мәшиненің өз түрі қандай екенін де ұмытып қалады шопырлар.
- Ой, ол жаман шопырлар ғой. Нағыз шопыр деп біздің көрші Мұқан ағаны айтса. Мәшинесі қалай жалтырап тұрады, ә.
- Әне, әне!– деп Ізбай терезеге бүкіл денесімен ошарыла бұрылып, орнынан атып тұрды. Парталасы ауысып отырса да анық байқай алмай қалды. Ол қарағанша жап-жасыл жүк машинасы мектепті қоршаған қалың ағаштың тасасына кіріп кетті. Тек құлаққа «дүр-рр» еткен дауысы жетті.
- Крейсман, сен неге Бақоразовтың арғы түкпіріне шығып кеткенсің, а?– деп мұғалім тым тыпыршып отырған екеуіне жақындады.– Танауларың делдиіп кетіпті тіпті. Не боп қалды? Андағы өз орныңнан су шықты ма?
- Жо-оқ, құп-құрғақ, ағай,– деді Виктор атып тұрып орнын сипап. Балалар ду күлді.
- Онда несіне терезеге таластың. Өз орнында-ақ отыра бермейсің бе.

– Избай ғой, ағай, көзімді қызықтырған.

– Не деп?

– Рульге отырғызамын деп.

– Қайдағы руль, қарағым-ау, мынау не айтып тұр, Бақоразов? Түсіндірші бізге жөндеп. Түк ұқсақ бұйырмасын.

– Бақоразовтың бес тиынға да көмегі жоқ, ағай. Өзім-ақ. – Виктор осы кластағы неміс балаларына тән тыз етпе ұшқырлықпен тез-тез сөйледі. – Біз Избай екеуміз сабақтан бос уақытта гаражға барып, көршілерімізге көмектесіп жүрміз ылғи да. Ол Жарқынбай ағасына, мен Мұқанға.

– Е-е, оларың дұрыс екен. Құр көше таптағанша мәшиненің бір тетігін білсеңдер де пайда ғой. Ал сабақ үстінде неғып даурығып отырсыңдар, алдымен соны айтшы?

– Жарқынбай ағаның жап-жасыл мәшинесі жарқ-жүркі етіп өтсе қайтеміз енді?

– Бар болғаны сол ма? – деп Кәрбозов ағай жұмсара бастады. – Расымен техникаға құмар болсаңдар мектепте де бір «газик» бар емес пе. Соны жүргізіп неге үйренбейсіңдер түге, а.

– Ой, ол үлкен кластарға, ағай, – деп оқушылар шу ете қалды. – 8-9-10- кластардан босамайды. Бізге монғол ат сияқты бәкене МТЗ-5-ті беріп қояды. Тыр-тыр еткізіп жүргеніміз.

– Автомашина алтыншы класта өтілмейді екен-ау, айтпақшы, – деп ағай өзінің жаңғалақтығынан жазып қалды. – Иә, бәрібір білгеннің зияны жоқ. Техника тілін меңгергеннен мынау деген маман азамат шығады. – Ол басы қайқайған бас бармағын көрсетті.

Кәрбозов ағай қарап отырмай техникаға құмарлыққа қасықтап май құйып жібергенін қарашы. Екі дос терезеден анық көздерін алмайтын болды ғой. Қайдан ғана назарына түсе кетті осылар. Расымен баурағаны ма бір құштарлықтың қолды-аяққа тұрғызбай. Мотордың бүлк-бүлк оталғаны, қыр-р-р деп жылдамдыққа ауысқаны, маңдай әйнектен жолға сыймай қызылды-жасылды киінген ауыл балаларының ерсілі-қарсылы қалып жатқаны, танау қытықтаған бензин иісі сиқырлап тереңіне шым-шым тартып бара ма, қалай өзі.

Кешінде Виктордың көршісі ерте келді. Ол «Мұқан аға» деп алыстан жүгіріп алдынан шықты. Көшені қақ жарып өтетін асфальт жолдың жиегінде тұрады бұлар. Сондықтан ба, әлде өзі де мұқият па, әйтеуір Мұқанның машинасы мұнтаздай болып жүреді. Тоқтаған жерде босаған болттары тартып, әр жер, әр жерін шүберекпен сүртіп қоятын әдеті. Қолы соған әбден үйреніп кетсе керек. Киімі де тап-таза. Түсе қалса қоңыр халатын кие қояды. Сұлу торы аттай үстін былғамай жүретінін жұрт мақтайды.

Артына ерген бір қауым шаң-тозанды үйден алыстау қалдырып, аулаға баяу жақындады. Қашаға тұмсық тірей тоқтады. Кабинаға, рульге отырам, деп ұмтылушы қара домалақтар көп.

– Болмайды, бұзылып қалды, – деп ол азар да безер.

– Иә, саған, өтілік айтасың, мәшине бұзылмайды, – дейді бір тұтам кекілі тікірейген жалаңаш борбай бала. Әкесінің машинасы әсте бұзылып тұрмайтынын ол да білетін сияқты.

– Карбюратор қақалып жатыр, кәк-кәкәй, – деп түсіндіреді бұзығына.

Виктор бір басып, екі басып қасына келді. Жаңа бекер-ақ желігіп жүгіріпті. Күндегідей үй маңына жүргізіп қоятындай бабында емес екен. «Карбюратор қақалған».

– Кел, кел, Витя, – деп Мұқан пейілдене үн қатты. – Көмектесесің.

Ол қуанып кетті. «Дайын рульге отырып, ызғытып жүргізгенді бәрі де біледі. Ал бұзылғанын жөндеу көбінің қолынан келмейді» дейтін Мұқан. Қолыммен ұстап, көзіммен көрейін карбюраторды деп қуанды.

Қос уыстай ғана карбюраторды қолына алып Мұқан бөлшектеп бұза бастады. Бензин сауылдап ағып тұр. Отверткасын оңтайлап, астын-үстін төңкеріп қарайды.

– Бұл не үшін керек, аға, – деді Виктор жақындай түскісі кеп.

– Бұл ма, бұл – сұйық отын мен ауаны қосып буға айналдырып, жанғыш қоспа жасайтын двигатель ішіндегі «асыраушы» аспап. Машина дегенің жатқан физика бауырым. – «Физика» дегенді Мұқан мақтанышпен әдейі екшеп

айтатын сияқты. Демек бұл пәннен кезінде жақсы оқыған болуы керек.

— Ал мына аппақ-аппақ емізік сияқты шошайғандар ше?

— Ә, оларды свеча дейді. Яғни двигательді оталдыру білтесі. Ток таратады.

Виктор ішінен «карбюратор», «свеча» деп сан қайталап қойды. Кейінгі кезде осы машинаға үйірсек болғалы бері бірталай бөлшектеріне көзі қанығып келеді. Избай екеуі сөмкелерін тастай салып, бір жапырақ нандарын жүре жеп гаражға тартып отырады. Ондағылар да пәлендей қуып жатқан жоқ. Бір гайка бұраса да бұларға жоқ демейді. Рульге отырып, машинаны орнынан есік пен төрдей жерге жылжитса да бұлар олжалы. Үйге жеткенше үлкен әңгіме қып, даурығып келеді.

Қазір де ауылды шырқобелек бір айналдырудан дәмелі. Карбюратор тез жөнделсе екен деп тіледі. Мұқан ағай лезде-ақ кілттипанын табады. Оған кәміл сенеді.

— Түбіне қықым-сиқым шөгіп қалыпты,— деп Мұқан карбюратордың тұнбасын жуып, қайта жинады. Жарты сағатқа жеткізген жоқ. Орнына қайта салды. Оталдырып көрді. Тың тындады. Көзі жайнап кетті. Мотордың бұзық-түзігін даусынан-ақ танитын кәнігі кісінің түрі.

— Отыр бала! — деді Викторға.— Көше сыртын бір шарлап шығайық. Көңілің қалмаған көрші едің.

— Ой, оның қуанғаны-ай! Кабинаға ыршып мінді. Шаңғарақтай рөл иегіне тиеді. Жұп-жұмсақ. Шеңберіне шыр айналдырып көк жасыл майысқақ сым желісін шандып тастаған. Алақаныңды ажыратқың келмейді.

Мұқан өзі қасына отырды. Қораптың үстіне бір топ бала шығып алды. Олардың да аңдығаны осы ғой. Желге кеуделерін тосып дүниенің рахатын кешкендей-ақ қоразданады. Көрінгенге қолдарын бұлғайды. Баламысын деген. Айтпақшы, рөлде де бала отыр-ау. Алтыншы кластың баласы. Техникаға ынтық бала. Арманы көршісіндей шофер болу. Мұқандікіндей машина айдау. Әзірге одан өткен құдірет жоқ.

— Жылдамдық ауыстырарда, аяғыңды муфтыдан

алма, – деп қана ескертеді Мұқан. Ол айтқанын екі етпейді. Желдей ескен жылдамдықты арттырғысы кеп қолы қышып-ақ отыр оның. «Байқа, байқа» деген ескерту еркіне жібермейді. Бір көше емес, бүкіл бір ауылды шыр айналып шықты. Мұқан ағай қандай жақсы кісі. Кейбір ойқышойқы жерлерде машинаның белі кирелең етіп қалады. Ол кабақ шытып, есін шығарған жоқ. Қайсібір шоферлар бар ғой, қит етсе жер-жебіріңе жететін. Көрші ағай ондай емес. Виктор үйге жақындаған сайын іші ылжырап барады. Өстіп кабинасына отырғызып арлы-берлі көңілін бір көтеріп тастайтын әкесі де жоқ, ертеректе қайтыс болған. Ал ағасы болған да емес. Жалғыз шешесі Ангелина темекі тізіп-ақ асырап келеді қатардан қалдырмай. Көршілер қайырымды. Қайырымды қазақтар көп.

Осыны ойлап оның көңілі қобалжып кетті. Көзінің алды бұлдырап барады. Қақпаға арқан бойы жетпей тежегішке табаны тиді. Қол созым жерде шешесі тұр екен. Бағанадан бері ұлының жолын күтіп жүрген тәрізді.

– Ой, кісі болғанына, күнім-ау, – деп кабинадан кәдімгідей-ақ мардамсып шыққан баласын құшақтап, бауырына басты. Екеуінің де көзі буланған. Бірінен-бірі жасыратындай.

– Балаңыз тезірек өзіңізге қолғанат болсын деп баулыған сияктанып жүрміз. – Мұқан Виктордың арқасынан қақты. – Көресіз, мынау деген механизатор шығады.

– Дәл сендей болса жетеді бізге, – деді Ангелина ұлының үсті-басын жұмсақ алақанымен сипай қаққылап.

– Оның жанында біз сияқтылар жолда қалады. – Мұқан шын құлаған пейілмен айтты. – Адамның әр нәрсеге икемі бала кезден-ақ байқалады. Виктор техникаға жаратылған. Қолын қақпаңыз, шешей.

Виктордың қуанышы қойнына сыймай тұр-ау. Өзін шын шопыр сезінеді. Жүгірген бойда барып парталас досы Избайдың үйіне қойды да кетті. Апасы ауызғы үйде жүр екен.

– Кел, кел, Бектұр, – деп құрақ ұшып қалды. Арғы жақтан Избайдың күлген даусы естідіп жатыр.

– Бектұр емес, Виктор ғой, апа.

– Е, ендеше сол Бекторың келіп тұр.– Апасы тілін түзеген болды.– Төрге шық, түпкі үйге кір, айналайын. Айран іш.

Ізбайдың апасы ұйытқан айран қандай десеңші! Тіл үйіреді. Таңдайдан дәмі кетпейді. Виктор екеуі сабақта да соны ойлап, үздігіп отырғандары. Үйлері мектептің қарсы алдында болған соң, рахат. Үзіліс сайын жүгіріп барып, айран сіміріп қайтады.

Виктор бір кесесін бір-ақ сімірді де:

– Мұқан ағаның машинасын тура бір сағат айдадым,– деді көк аспан түстес көзін күлімдетіп.

– Мен де айдағанмын анада,– деп Ізбай елең қылмағансып іле жауап қатты. Дегенмен ішін қызғаныш оты жалап-ақ өтті.– Жайырақ Жарқынбай ағамның машинасының фарын жарқыратып тұрып асфальт жолмен ағызамын. Әп, бәлем, көзің қызсын сонда. – Не саудалап отырсыңдар, қарашықтарым, осы сендер, – деп Ізбайдың анасы түпкі үйге кірді.– Екеуіңнің кешке дейін айтатындарың мәшине. Май-май шопырдың несі таңсық, қарақтарым, а. Одан да заутехник, деректір болам деп талаптанбайсыңдар ма. Қайдағы бір қара темірге құмартып.

Виктор ақтала кетті.

– Қазіргі заманда, апа, зоотехник те, директор да машина» жүргізе білуі керек. Ал ана Мұқан ағадай шоферларға бәрі де жалынышты.

– Жәрайды, жәрайды-ақ, осы сендерді көрші-көлем көп мақтайды. Әнглинә екеуіміз кайқайып тұрып кәбинде отырсақ бір жеріміз сынып қала ма. Әй, бірақ, қыздарды қасымызға аламыз деп біздей кемпірлерді жаяу тастап кетіп жүрмеңдер.

Виктор қып-қызыл болып кетті. Ізбай да қипақтап қалды.

– Ой-йй, пошымдарыңа болайын, тек тірі жүріндерші, соған жеткізсін, –деп Ізбайдың апасы қайтадан шығар есікке беттеді.– Жә, өздерің ермектесіп отырыңдар бір неміс, бір қазақ болып. Ана Әнгелина жалғызсырамасын, мен соған барып келейін.

Екі баланың көзі терезеде. Жасыл машинаның жарығы

көшеге түсуі керек. Ендігі кезек – Жарқынбай ағаның кабинасына жармасу. Шаңғарақтай рөлге иек сүйеп тұрған ауылды бір айналып шықса, шіркін!

Ескінің көзі

Күн қуырып тұр. Шөкімдей бұлт шақырып алу мұң. Қараеней қарт қауын түбіндегі борпылдақ топырақты алақанына салды. Уысынан сусылдап төгіліп жатыр. Шымшып ұстап көріп, көкөніске көз жіберді. Баяғыда өзі ұсталықпен түртіншектеп жүргенде бұл дала көгінді білмеуші еді. Соқа түренін соғатын. Тіркеуіштің сырғасы болсын, тіпті арба дөңгелегінің шеңбер-құрсауы мен жалғыз полуторканың қорабына дейін қолдан өткелі кашан...

Сонда ғой осы ақ дала масакпен қайысып тұратын. Талас пен Асының суы иен жазықты орап ағатын онда. Енді қақ суына қамалған кез туды. Анда-мұнда су байлап, соның тілеуін тілеп отыр бәрі. Өйтпесе, тағы болмайды.

Сенбі күні сушыдан басқа жұрт шөп шабуға болысуға кетті шалғыларын иығына асып. Кетпенін арқалап қарт қана қалды. Капуста мен қиярды суға бөктіріп, қауын-қарбызға ауысты. Көгендегі қозыдай теңкиіп-теңкиіп қауын-қарбыз жатыр. «Жарықтықтың жатысын, – деп қояды Ұлбала шексіз-шетсіз созылып кеткен желі көкке шалынысып қалмайын дегендей ептеп басып, – былтыр осыны егеміз дегенде қайнаған күн астында түйнек тастап не оңар дейсің деп, көпшілігі күдер үзіп айтқан».

– Бәйбіше, басып кетпе, байқа, – деп қария да бәйек болып қояды.

– Әнеки, әне, мені басады деп қауіптеніп едің, өзің іліп кеттің сабағын, – деп баж етті кемпірі.

Расында да Қараеней қарт ақшулан боп жатқан қарбыз сабағын резеңке етігімен сүйрете басыпты. Бәйбішесі айтпаса, бір желі толған қыруар түйнек күн көзінен түңілгендей екен. Қария аяққа оратылған қарбыз сабағын еппен ағытты. Желінің ұшар басы баланың басындай аппақ

қарбызбен тұйықталыпты. Бір желінің бойында оншақтысы ағараңдайды. Ал, жаңа-жаңа белгі беріп, басбармақтай түйіндеген тұстары жапырақ тарамдарынан және көзге ұрады.

Аптап күннен көзін көлегейлеген екеуінің алыстан көтерілген бір будақ шаңға назарлары ауды. Сонадайдан ноқаттай болып көрінген кішкене кенеп машина жақындай берді.

– Ассалаумағалейкум, ата! – деді «бобик» машинадан апыр-топыр түсе қалған екеудің бірі.

– Танымадыңыз ғой деймін?

– Е-е, енді таныдым. Әлгі комсомолдан келе беретін секретарь бала екенсіңдер ғой, түге. Жастар кетіп, кәрі-құртандар қалғанда келгендеріңді қарашы енді.

– Жок, жок, ата, о не дегеніңіз. Сол жастарға жалау болып, жақсы өнеге бастап жүрген мына сіздер емессіздер ме әуелім. Жастық пен қарттықтың жарасымды істерін көргелі келдік, – деді олар сушының кетпеніне көз тастап.

– Түскі ыстықта алқапқа шықпай-ақ қоймадыңыздар ма? – деп қалды секретарь маңдайын қолымен қалқалап.

– Ой, балам-ай, ыстық-пыстығыңды елемей өскен ел емеспіз бе? Мына киіз қалпақ пен барқыт бешпент күн өткізбейді, естерінде болсын. Оның үстіне өсімдік біткеннің сусырап, кенезесі кебетін уағы тал түс қой.

– Қауын-қарбызыңыз қалай, ата? – деді Күләш пен Рсан.

– Кім біледі, қарақтарым. Бұрын-сонды көкпен әуестеніп көрмеген ауыл. Бастықтар көкөніспен анау Қаратау мен Жаңатасты кенелтеміз деп жар салып жүр ғой.

Қарттың сөзі сергек. Тіпті, астарлап айтуға да, абайлап айтуға да ұста. «Жерден үміт үзген емес ешкім де, ешуақытта» деді-ау жана.

Секретарь сушы қарттың кетпенін қолына алып, ары-бері айналдырып көріп тұрып:

– Бар жақсылық нышан мына сіздерден жұғады, ата, жастарға, – деді. – Ескінің көзі қазына ғой, шіркін!

Жастықтың өзі қақындағы бір ауыз сөзі қуат болды ма, Қараеней қарт қаудырлап қуанып қалды.

– Жә, енді балалар, әдейілеп келіп қалған екенсіңдер,

көкөніс алқапқа, дала дастарқанынан дәм татындар, – деп кемпіріне қарады. – Осындағы күзетші шал да жақсы адам, обалы не керек, өзі болса ғой молырақ ырым-жырымын жасайтын еді. Біз енді кемпіріміз екеуміз әліміздің жеткенінше екі аяқ тең болсын деп екеуін тәуекелмен үзелік.

Басқалардың бәрін машина жанына иіріп қойып, қария өзі қарбыз таңдауға кетті. Әр желіге бір еңкейіп сөйлеп қояды: «Піспегеніне обал жасауға болмайды. Текке қалады. Әбден піскен қарбызға тақау мұрты сарғайса, жинауға келгені». Ақырын бірінен-бірі аумаған екі аппақ қарбызды қолтығына қысып, бақша шетіне шықты. Бәрі шеттерінен шертіп көріп жатыр.

– Шикі білем, дымы ішінен шығады, – деді шофер жігіт.

– Сен өзің шикісің, – деді қарт оған.

– Рас, ата, бәріміз де әлі шикілі-пісіліміз ғой, – деді секретарь.

Қарт қалтасынан бәкісін алап, қарбызды екі жағынан дөңгелектеп тіліп, «бауыздады». Сосын қақ бөлді. Қып-қызыл екен. Шофер бала да қып-қызыл болып кетті. Қарбыз тым тәтті екен. Тіл қуырады.

– Қалай, балалар, нағыз шырын емес пе, ә? – деді қарт әрқайсысына тіліп беріп тұрып. – Әдетте, ащы терге шыққан нәрсе тамаша тәтті болады. Естерінде болсын.

Жан дауасы

– Шырылдаған үнін-ай шіркіннің! Болайын деп тұрған бала екен-ау, әттең...

Баланың жан дауысы тұла бойды дуылдатып жіберді. Екеуі болар-болмас нәрседен бүлік шығарып кикілжіндесті де қалды. Ойын баласы осы. Бір қырын кеткен соң қитыға түсетін мінез құрғырдың табиғаты-ай. Ол екеуі алдымен далада сынық шаңғыға таласты. Жемісе алмады. Жағаласып жүріп сау сыңарын да сындырып тынысты. Сосын бетінде жалғыз тақтайын жіппен шандып тастаған жартыкеш қол шанаға ұмтылысты. Оның да көлденең шабағы ортасына

опырылып түскен соң беттері аязға дуылдап үйге беттегенді. Және қызығы бір-бірін жетелей кірген.

Енді екеуі міне қалақтай домбыраға таласып, үлкені кішісін жылатып отыр. Мәкен қоймай шырылдады. Өксіп-өксіп ішегін тартып, үзіліп кетердей ышқынады.

– Қойшы енді, құлыным, – деп Талжібек апасы бауырына басады. Ол одан арман қорсылдайды. Қоярда қоймай өкіреді кеп.

– Сенде ақылдан түйір жоқ. – Апасы ұлдың үлкені Жәкенге жекіді. – Алақандай ақылың болса мына басыңда, қайта жетектеп жүріп ойнатпайсың ба ініңді. Жарық дүниені көретіндей бұл бейшараның екі көзі сау болса саған жармасып несі бар. Сен неге соны түсінбейсің-ей, а?

– «Жібер өзіме, жеке ойнаймын» – дейді. – «Құлап қаласың омақасып, одан да мінгесіп ойнайық», – десем бой бермейді. Соған ыза болып жылайды. Жылауық...

– Е-е-ей, өзіңнен де бар екен ғой, құлдығым, – деп Талжібек апасы бауырына баса түсті. – Саған жалғыз өзің ойнауға болмайды. Кейін, әбден үлкен болғанда көзің де үлкен боп көп-көп ашылады, жарық сәуле толады жанарыңа. Ой, сонда бір армансыз асыр саласың-ау, ботам...

Мәкен буалдыр қарашығымен тіктеп тұрып апасына қарады. Көңіл шіркін шынымен иланғандай еді, сабасына түсіп, көз жасы тыйылды.

Баласының ботана судай бозамық қарашығына, айран түстес көздің алмасына назарын тіктеген шеше шіркін езіліп боздай береді. «Тағдыр-ай, бала болып батыл басып бір уақ далаға ойнай алмағаннан өткен не қорлық бар десеңші».

Мәкен, міне, үш жасынан бері жер сипалап қана ойнайды. Қарғыс атқан шешек ауруы қос жанарына шауып, су қараңғы қылып кеткен. Қаратпаған жер жоқ, қос шырағы қайтып жанбады.

Жәкен ағасы тас жүрек емес әрине. Оны осы жасқа дейін қасынан қалдырмай бірге ойнатып келеді. Арқасына да салақтатып салып жүрді, қолынан да жетектеп кетеді. Ойға да, қырға да, шығып ойын қызығына ортақтастырып-ақ бағады. Бірақ амал қайсы, Мәкен ол балалардың түр-түсін

білмейді, тек дауыстарын ғана ажыратады. Бойларының ұзын-қысқалығы да сөйлеген сөздерімен мөлшерленеді.

Кейде ағасы жекелеген қолын қоя беріп, анда-санда қасынан ұзай қалғанда жалп етіп құлап сүрілген тізде, сырылған шынтақта қаншама қан ұйып қалмады. Ұшып ұрып балалардың дауысы қай тұстан шығады деп қарманып тың тыңдайтын қалың құлақты берген тағдырға да шүкір. Көзі шырқтай жанып ойынның қызығына батқан баладан бақытты кім бар екен, деп те мұңға бататын.

Бірде ағасы үйге ескі пластинкалар әкелді де, шетінен патефонға ойната бастады. Әуелеген, тамылжаған әдемі әуендер бүкіл ауылға естілді. Ғажап енді! Мәкен тым-тырыс тыңдады да отырды. Дымын ішінен тартып алғандай. Тал басына қонып алып сандуғаштар кезек-кезек сайрап жатқандай сәт. Кенен, Манарбек, Жүсіпбек, Ләззат... Өңкей күміс көмей, жез таңдай әншілер. Сұмдық-ай, қос ішекке қосылған керемет дауыстар қалай-қалай бүлкілдейді десеңші! Бала жүрегі дүрс-дүрс соғып өмірінде көрмеген және бет жүздерін жақын келсе де көре алмайтын өнер құдыреттеріне ынтыға құлақ тосты. Кененнің мұңға толы жан шырылы естілетін «Бозторғай», «Бұлбұлға» әндері, Манарбектің «Паравоз», «Шай-шай қойым», Жүсіптің «Қанатталды», «Туған ел», Ләззаттың «Бір келіншек», «Тау ішінде»... бірінен-бірі өткен өлең-өрнектер осынау өмірдің қыр-сыры көп қызықтығына, құпиясы мол күрделілігіне көз жібертетіндей, әлденені аңсататындай.

Мәкеннің жан-жүрегіне рақман нұр жауып өткендей болды. Өз-өзінен қыстығып ыңылдағысы, пластинкадағы әншілерге ұқсап аспандатып шырқағысы келеді. Бүкіл ішкі әлемін белгісіз бір нәрсе қақ жарып аралап өткендей. Дуылдатып, жетелеп әкетіп барады. Осындай өзгерісті үйге алып келген Жәкен ағасынан айналып кетсе болмай ма!

Ән-табақтары енді оның күнделікті алданыш серігіне айналды. Ойынға шығып, сүрініп-қабынған күйініш сәттерінен құтқарған қазақтың халық әндері құр тыңдап қана қанағат алып, қайтып жинап қоятын әуесқойлыққа емес, бірте-бірте мүлде басқа арнаға алып шықты. Әдемі әндер сиқыры оны патефонның түбіне мықтап шегеледі.

Пластинкаға қосылып кеткісі кеп тұратын құштарлық оянды.

Әнеки, енді қалақтай домбыраны тас қып құшақтаған күйі бауырына бермей шырқырап жылап отырғаны да сол құмарлықтың қырсығы. Қызығына қана алмайтын түбің түскір ойын емес, осы бір патефон ішіне кіріп алып, адамның бой-бойын балқытатын қеремет әншілердің сырлы әуездері арбағаны басып бара жатқандай.

Жәкеннің де жақсы әуенге жаны құмар. Бір тартары бар. Бірақ даусы құрғыр бәлендей емес. Ал Мәкеннің жәй ыңылдағанының өзі әнге бергісіз. Және патефонның үстіне түсіп кете жаздайды. Кейіннен сипалап жүріп пластинкаларды өзі-ақ ойнататын болып алды. Құштарлық деген қандай!

– Апа, апа, мына әнді тыңдаңызшы, – деп малдасын құрып тастап текеметтің үстіне жайғасып алады. – Қосылып көрейін, қараңызшы, міне.

Апасы да ән айтудан кенде емес. Қара өлеңнің қаймағын қалқып тұрып өрнектейтіннің өзі.

– Андағы домбыраң келіңкіремей тұр-ау, құлдығым, – деп аңғарған кем-кетігін жасыра, алмай апасы құлағын тосады. – О, сенің үніңнен айналып қана кетейін, үніңнен. Жан-дүниенді жарып шыға алмай шырқырап жатыр-ау бір нәрсе.

Жан ананың жылы сөзі қуат берген кішкентай ұл жаңағы пластинканың жаңғырығындай болып: «Ей, бұлбұл, сен де бұлбұл, мен де бұлбұл, қаңғыртқан екеумізді патша құрғыр, Алыста арып-ашып жүргенімде, Қасымда ертеңді-кеш сайра да тұр», – деп таңдайын тақылдатады.

– Қазағымның қасиетті өнері қаршадай құлдығымды қолдасын, – деген ақ тілеуін естіртіп тұрып қолын жайған апасы жанарсыз ұлының жанға дауа болар өнерге есілдертімен құлағанына қатты қуанды.

– Шырылдаған дауысын-ай, шіркіннің!

Шымылдық сусып ысырылғанда-ақ сахнаға алдымен қара көзілдірікті қалақтай бала үні елдің есін алады.

– Құйтақандай болып алып құбылтады-ей өзі!

– Құдды кішкентай Жүсіпбек қой. Жібектей есіліп жатыр үні. Өсе келе тура өзі болады ғой.

– Жанары жоқ демесең жаны парлап жанып тұр екен де.

Мәкен пластинкадан үйренген әндерді әуелетіп мәнерлеп майын тамызып шырқай берді. «Құлдығымды тіл-көзден сақта, өлең-өнер періштелері,– деп тілеген Талжібек апасы да тыңдаушылардың тап ортасында отыр еді.– Көзің жайнап тұрмаса да көкірегің сайрап тұрғай да бауыр етім».

Үлкен үмітке от тастар кішкентай талпынысқа бәрі қоғадай жапырылып қол соқты.

Жаттығу

Класс жиналысынан келген бойда апам:

– Осы, сен, қалың шанның арасынан қашан шығасың-ей, – деді алақанын жайып.– Бүгін де жетекші мұғалімін «балаңыз бәз баяғыдай қалың шанның ішінде келеді» деп бір-ақ ауыз сөзбен қайтарды.

– Несі бар, жұрт қатарлы жүрген жаман ба екен, – дедім шамданып.

– Немене, алға шығуды жазбаған ба саған? – Әжептәуір ренжулі жүзі шаңытулы көрінді.

– Есеп сабақтарынан ақсап қаламын...

– Бірінен-бірін алып, қоса бергенді білмейсің бе, а? Менде одан әрі үн жоқ. Осы бір есеп араласқан жерде жаным қиналатыны жасыратын жайт емес. Ал енді басқа пәндерде есіріп-ақ отырамын. Әсіресе әдебиет сабағы дегенің мен үшін мейрам, салтанат. Қолым шошаңдайды да қалады. Аузыма ие бола алмаймын.

– Сен, біруақ сыртқа жүріп келсең қайтеді, – деп қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен беретін Қапуза тәтей қабағын шытынады. Мен шын көріп қалып, партадан тұра бастасам:

– Қат-қат білімің ішіңе сыймай бара жатса жыл басынан бергі жаттауға берілген өлеңдерді сыпыра қайталап шықшы, қане, – деп тақтаның алдына қаздитып қояды.

Тақпақ жаттауға жокпын енді. Ей, осал тұстан ұстағанын ұққан ұстаз масаттана класқа карайды:

– Ал, артық сана өзінді. Ал аузыңа ие болма. Ал сайра!

– Қара сөзге қатыстысын кез келген жерден сұраңыз, айттайын, тәтей. Тек тақпақ дегенді басым ұстамайды.

– Бүкіл тақырыптарды судай сіңіріп, балдай батыратын жадыңа не көрініпті жыр сақтамай соншама. Әшейін-ақ өзің жаттағың келмейді ғой. Маңызын ғана майын тамызып айтып шығуға дағдыланып алғансың.

Қипақтаймын, қызарақтаймын. Әлсіздігімді мойындаймын. Еш нәрседен қаймықпай өзімді еркін сезініп отыратын жалғыз осы бір пән үстіндегі сәттеріме де сызат түсе бастады ма деп опынамын. Өлең жаттаған дегенді кім шығарды екен, апыр-ау. Жыр құрылысының өн бойында не қылаң береді, соны түсініп, таратып шықсаң болды емес пе. Енді оны судыратып, сол қалпында сұңқылдап шығу не үшін қажет болды екен деймін-ау.

Менің мелшиіп тұрғаныма шыдай алмай Қапуза тәтей бір өлеңді өзі бастап кетеді:

Балалар, аманбысың, шырақтарым,

Майысып көлге біткен құрақтарым,

Көрмесем есендесіп тұра алмаймын,

Ішінен асып кетсе бір аптаның...

Ақ бөртпе орамалын иығына жамылған тәтей маржандай тістері жарқырап бипаздай созады. Қоңыраудай үн құлды радиодан мәнерлеп оқып тұрғандай. Жаңағы Жамбыл баба жібектей есіліп кеп Абай атаға жалғасады:

Желсіз түнде жарық ай,

Сәулесі суда дірілдеп.

Ауылдың маңы терең сай,

Тасыған өзен гүрілдеп...

Тегінде, көп білетін адам айтқысы кеп тұрады-ау деймін. Қапуза тәтей де кеудесіне қолын кезек-кезек қойып, бірінен соң бірін туындата береді. Көкейден суырылып шығып жатқан жыр жолдарында қисап жоқ. Апыр-ау, бұл кісі көкірегіне магнитофон орнатып алғаннан сау ма деп те таң қаламын. Және таңдайына сап әр бір сөздің дәмін алып тұрып, аузынан шығаратын сияқты.

– Ой, тәтей, тағы оқыңызшы, тағы, – деп бүкіл класс тамсанады. Тәтей тағы тарта береді. Өзі не ақын емес, не жазушы емес, қабат-қабат өлең нөпірін қай жеріне сыйғызады десейші, ә. Көздері ұшқындап, ақ құба өңі мың құбылып, даусы құйқылжи түседі. Тіпті әне-міне әндетіп қоя беретіндей. Жайшылықтағы сылдыр, жалаң сөздер сыланып, сұлуланып алады. Бұл не сиқыр екен. Түсінсем бұйырмасын.

– Қалай, қалғып кеткен жоқсың ба, қарақ? – деді кенет керемет әсерде құлақ қойып ұйып тыңдап қалған маған қарап. – Көбіне өздерің мән бермейсіңдер балалықпен. Әйтпесе өлең шіркін өрнектеп оқысаң қырмызы қызыл түлкідей құлпырып кетеді Өлімсіретіп айтсаң наркескендей Махамбеттің отты жыры да жуасып, жасық естіледі.

Орныма отырған соң ойға қалайын. Осы маған өлең жаттау неге қиын. Сөз соңы қиюласып, ұйқасып жататын кестелі шумақтар ойыма орнықпайды. Мүмкін, ми қабатында жыр жолдары жазылып қалатын арнайы қауашақ болатын шығар. Сол менде ұмытылып кеткен бе, әлде қажалған ба екен. Ұстамайтыны несі, несі...

Саған әдемі әдісін үйретейін бе? – деп үзілісте парталас қыз Пернегүл қадала қалды маған. – Әнді жақсы көресің бе?

– Енді ше.

– Ән саласың ба?

– Жо-ғғ-а.

– Аздап болса да дегенім ғой.

– Тіпті «ың» демеймін.

– Ондай адам болмайды, – деп Пернегүл түңіліп тұр.

– Міне, мен сондаймын. Ән салу үшін де оның сөздерін білу керек емес пе. Демек, тексті жаттау қажет. Ал жаттауға есте жоқ оқушы қарсы алдында тұр. Атамысың енді?

– Әнге үйірсек болсаң, жаттауға жеңіл. Әуен ырғағымен тіліне тез оралады, – деп ол өлеңді жадыда ұстау әдісін ортаға салып-ақ жатыр. – Музыкаға құштарлық есте сақтау қабілетті шыңдайды. Әдемі ән үшін сөзін қалай бойыңа сіңіргеніңді өзін де білмей қаласың.

Парталас қыз ой салды. Көршіміз Матжанға «маған

домбыра үйретші»— деп жалбырадым. Ол алдымен қашқақтады. «Бір грамм хабарың жоқ», «мұрнына иісі де бармайды», — деп біраз қорлық сөздерді айтқанмен, артынан иікті. «Не он екі сомның, не жиырма төрт сомның домбырасын алдыр, мен жұмыстан келген соң, кешке қарай үйге келіп тұр»,— деді.

Шанағы төрт, қырлы шағын домбыра сатып алдық. Мақтанып Матжанға көрсетіп ем:

— Абай домбыра аңырап тұр екен, шірк-е-е-н, — деді де құлағын сықырлатып тұрып бас салып арлы-берлі бұрай бастады. — Талабы таудай деген осы болады. Бір-екі әннің басын құрап алған соң ары қарай термелетіп, жорғалатып кетесің әлі.

— Қанша құй білесің? — дедім Матжанға нақ бір ән біткенді аңыратып тартып отыратынын азырқанғандай-ақ. Мен оны өзімсініп «сен» дей беремін. Сегізіншіден училище бітіріп, тракторға қожалық етіп кеткен екі-ақ жас үлкендігі бар.

Алты-жетеуін таза тартамын,—деп ол сыр иісі аңқыған су жаңа менің домбырамды сапырып желдірте. — Ал бас-аяғын шалатындарым жиырмаға жуық. Біздікі әшейін өз бетімізше қалқан құлағымызға сүйеніп жанға жайғастыру ғой. Әйтпесе үйірмеге бас сұғып көргеміз жоқ осы жасқа дейін. Қол қалт еткенде, ермек үшін қоңырлатамыз.

— Дәл осы сендей-ақ тартып, сендей-ақ ән шырқасам бар ғой, арманым болмас еді менің, — дедім саусақтары сан дыбыстарды жамыратып отырған оған қызығып.

— Жә, мені қойшы. — Ол тиекті тиянақтау үшін астың тілінің ұшымен бір сүйкеп жіберді.— Шынымен көңіл аударып, ден қойсаң кез келген нәрсенің ұштығына шығуға брлады. Сосын даусы жоқ адам болмайды. Әркім өз әлінше, шамасы жеткенінше ән айта алады. Мәселен, сен: «апа, қарным ашты» дегенді естірте аласың ғой, ә. Апаң да оны ұғады. Міне, сол сияқты. Өз даусыңмен қалайда ән сала аласың. Кәне, мынаған қосылып көрші...

Осылай деп ол Жақсыкелді Сейіловтің «Жезкиігін» жайма қоңыр үнімен қалықтатып әкетті. Қай жерінен қосыларымды білмеймін. Оқталып-оқталып Қойып отыр-

мын. Ақыр оған қосыла алмадым. «Құлағыңа құя берейін, көкірегіңе қонақтай берсін» деп қойып ол билетін әндерін шетінен шырқады. Айтатындары кілең Абай, Қасым, Мұқағали, Төлеген өлеңдеріне жазылған әуендер. Ең соңын «Сәби болғым келеді сәби болғым, Ана сүті аузынан арылмаған» деген жүрек дірілімен бітіреді. Ол осы жырды айту арқылы «неге мектептен ерте кеттім, неге жасым жетпей жұмысқа араласуға асықтым»,– деп маған мұңын шағып отырғандай көрінді. Әкесі жоқ, бір үйде бас көтерер жалғыз бала ойына не келіп, не кетпейді дейсің.

– Ей, сен не сандырақтап жатырсың? – деп жұлмалаған дауыстан шошып кеттім. Апыл-ғұпыл басымды жастықтан жұлып алдым. Апам екен.– Сенің жезкиігің не, сәби болғаның не? Құлындаған даусың шықты ғой, тегі. Түнімен қайдағы бір кітаптарды оқисың да, түсінде жыншайтан көресің. Уақытысында жат деймін, тіл алмайсың. Қақсатасың кеп.

«Жезкиік, сені аңсаған кездерімде, Мен мынау кең далаға сыймай кетем»,– деп кешегі Матжанды айна-қатесіз түсінде қайталап шырқырасам керек қой. Шіркін, домбыра ішегімен ширатылып шыққан ән қан тамырыңа тез тарайды екен-ау. Қапуза тәтей де, Пернегүл паргаласым да, Матжан көршім де бірдене біліп тұр. Қайтсем де енді жадымда жыр жаттауға жаттықтырмасам ба деп желпіндім. Матжанның кешкілік жұмыстан қайтар кезін дегбірсіздене күтемін. Құлағымда ол шерткен қос ішектің күмбірі ән сапырады да тұрады. Әттең, класс жетекші тәтейдің құлағының құрышын бір қандырап ма едім!

Ұлы кеуде

Осы бір сөз ойымнан шықпайды-ақ. Тізесіне басымды жаншып қойып отырып, шашымды алатын Мұса көрші де жиі қайталайтын.

– Жеткен бойда Ақжелке дүрдііп аз-кем тұрды да, алыса кеп кетті. Не дегенмен ұлы кеуде емес пе, көк бөрінің белін қайыстыра қарға көміп, алқымға ауыз салды.

– Қасқыр иттен жеңіле ме екен, ата, – деп шу ете қалады басын тақырлатып алғандар айнала қаумалап тұрып.

– Жеңіледі, – дейді аңшы дереу балалардың күмәніне ара түсіп. – Ақжелке сияқты ұлы кеуде ит сырттанына кездесе жыртқыштың жағын айырып жібереді әуелім.

Осыны айтып Мұса көрші тізесіндегі менің шашы шала жібітілген қазан басымды ұмытып кетіп, ит пен қасқыр таласын талай жерге апарып тастайды. Ең қиыны, ол кісі екі қолын сермеп айтпаса, көңілі көншімейді. Қызықты жерін тауысып болған соң ғана ұстарасын шашыма қайта сүнгітеді. Әлдеқашан суы кеуіп, құрғап қалған құйқамды тіліп жатқандай басымды дызылдатып-ақ жібереді. Көзімнің жасы бұршақтап, тізем қалтырайды. Жағымды қарыстырып, тістеніп аламын. Тістерім кейде шиқылдап та кетеді.

Мұса, көрші тері шалбарының тізесіне ұстараны жанап-жанап алады да, тікірейген қайратты шашыма қайта салады. Әй, әсіресе қыр төбеке ұстараның жүзі батпайтын сияқты. Тура миымның қабығын аршып жатқандай-ақ ауырады. Ең құрмаса сол құрғыр қыр төбеке бір ұрттам су тамызса, әттең. Жүзі жүрмей тығылып жатқанда жасайтын емі-ақ «суф-ф» деп бір түкіріп қояды. Менің кара ормандай қайратты шашым жұмсарар ма.

– Тү-үү, балам-ау, қайызғақ басып кетіпті басыңды.

– Түү-у, енді болмаса суға дырылдатып сүйреп әкеткендей екен-ау сені.

Ара-тұра «суф-ф» деп қойып осылайша тіл қатады. Жанға батқан ұстара жүзін ұмытып, «суға дырылдатып сүйремегеніне шүкіршілік қылып тілімді тістей түсемін. Ұстара жақындаған сайын жанарымнан от жарқылдайды.

Енді болмаса жаным шиқылдап шығатын шығар деп отырған тұсымда Мұса көршінің екі тізесі босаңси береді. Демек, шашты алып біткені. Бақыр басымды алақанымен бір сипап жібереді де:

– Ал енді қайсысың? – деп айналасына еңсеріле қарайды.

Манадан көз жасымды бұршақтатқанымды байқап қалған кейбірі шегіншектей түседі.

– Е-е, кел бірін, кел,– деп тізесін шапақтайды ол. – Өзенге сүйргілерің келе ме, немене, а?

Өстіп жұмыссыз қалғандай-ақ қос алақанын жаяды. Тартыншақтағанына қарамай тағы бірі жеңінен тартып, тізесіне басын иеді.

– Түһ, балам-ай, басың қауғадай болып кетіпті ғой.

Расында қауғадай шаш жалп-жалп етіп тақыр жерге түсе бастайды. Тіздегі баланың көзі шарт жұмылып кетеді. Маңдай деген де быт-шыт. Қайбір жетіскеннен қабағын қырық бөлек қылады дейсің ол байғұс.

– Ауыртты ма?– дейміз айнала қаумалап кеп. Басын изеген болады. Одан арғыға шамасы жоқ.

– Кекіл қоясың ба?

Үн жоқ. Өйткені алдымен қақ маңдайдан бастап сыпырып түсіретін Мұса атаның әдеті. Аймандай қылып каскалап шығады да:

– Ой, әттеген-ай, кекіл қалдыруды ұмытып кетіппін ғой, мені қарабасып, – деп өп-өтірік өкінген болады. Әрең отырған басың одан арман өкіріп жылағың келеді. Әбден қу шал.

– Жә, жарайды, енді келесіде болсын, қатырып тұрып кекіл қалдырамын, – деп жұбатады жыларман болған бізді басымыздан сипап, дөңгелетіп айналасын аламын да, қақ маңдайға қол тигізбеймін.

Сол сөзіне сеніп, үлпілдетіп маңдайға қояр ұлпа кекілді көз алдыға елестетіп, алдағы күндерді асыға күтумен жүреміз. Біздің көшеде шаш алуға құштар осы бір-ақ шал. Басқаларының балаға үйірсектігі жоқ. Бір қызығы осы көше бар ғой, тұп-тура аңшылар ауылы сияқты. Шеттерінен қақпан құрады, тазы ұстайды, бүркіт баулиды. Селоның ең жоғарғы тауға тақау шеті болған соң ба екен, әйтеуір ат баптап, мылтық оқтап жүргені жапа-тармағай. Жоғарыдан ең басқы үйден санайықшы: Жаланбай, Мұсабай, Ахметжан, Сұлтан, Мұса – бұлар болса қарт аңшылар. Ал жалаңдаған жас перілер Әбіл, Шәукен, Ваня, Кәрбоз жаяу жортып-ақ тау тағыларын шетінен тауысып бітті. Аңшылардың

осыншалық көптігін не жақсы, не жаман дей алмайды жұрт. Бастары қатып жүрген сықылды.

Ондай ойдың байыбына барар біз жоқ. Көше балаларының басы қосылып кетсе, айтатындары арқар, елік, қасқыр, түлкі, кекілік, ұлар...

– Құйрығы жерге сүйретілген қорқау қасқыр өңгеріп келді, – деп бірде Жаланбайдың, бірде Мекебайдың, бірде Мәжен мергеннің үйіне қарай лап қоямыз кеп.

– Ур-ра, еліктің баласын ұстап әкепті, жүр көреміз, – деген бізге дүркіреп ілесіп, бантикті қыздар да Мұсабайдың қорасына қойып кетіп жатады.

– Мұса атам мұрттай ұшты, – деп Зейнеш деген қызы үлкендерше әңгімеледі бір күні бізге. – Көктекшенің қия бетінен атқан арқарын сай табанына әрең түсіріпті. Жуық арада бауыздалмай, жұлындаса да жаны шықпай аяғын көкке сермеп жатып алыпты. Мүйізі қарағайдай ақардың құлжасы екен. Әрең артыпты атқа. Әрең әкеліпті ауылға. «Ұлы кеуде жануар екен», – дейді атам.

Әйгілі аңшы содан тұрмай, төсек тартып жатып қалды. Жұрт көңілің сұрап, күнде күндіз кіріп шығады.

– Әйтеуір, ұлы кеуде емес пе, көп нәрсе айтты. Көпшілікке жақсы адам еді, уақтысы осы шығар аңшылық ғұмырдың, – деп апам жүрді. – Әкең болса – қойда, қиян қыстауда. Енді шашыңды кімге алғызар екенсің, балам, ә?

Күнде күн шуақ жақтағы терезеден сығалаймыз. Қауқиып шашымыз өсіп кеткен. Ұлы кеуде аңшы күрк-күрк жөтеліп, бізге ауық-ауық дыбыс беретіндей.

Сайыс

Көк жайлау көңіл қытықтайды. Аспан төрінде сурет салып ақша бұлттар сендей соғылысады. Жауын шақыратын емес, жайма шуақ, момақан, селдір шуда бұлттар.

Дәл осы күн райының жайлылығын таңдап алғандай-ақ той қызығы бірінен-бірі өтеді. Ен жайлауға шыққалы малшы қауымы арқасын кеңге салып, сауық-сайранды

сағынып қалған қалпы бар. Бүгінгі дүрмек соның бір нышаны. Әсіресе ат үстінде аударыспаққа түсу талай нар жігіттің намысын қыздырды. Қарақия жайлауын екі жақтан тел емген қырғыз-қазақ елінің өнер сынасып қалар тұсы осы ұлан жаз шағы. Әр тастың түбінен бұрқылдап бұлақ көзі ағып жататын көк майса Майтөбе үсті шопандардың жәннет жайлауы, арқасын кеңге салар сайран өрісі.

Міне бүгінгі той да жалпы екі ел күнгеі мен теріскейін жайлайтын Алатау сілемінің бір өрісі Қарақияда дүрілдеп өтіп жатыр. Ат бәйгесін, палуан күресін, қыз қуу мен жаяу жарысты жұрт тамашалаған. Ендігі күткендері ортаға шығар салт атты сайыскерлер.

– Сен қалайсың?– деді оң көзін сау болса да үнемі қысып жүретін жырынды көкпаршы Бейсебай шал жейдесін жел кеулеп сыриып тұрған Аятжанға атын тебініп жақындап кеп.

Айтжан қапелімде не дерін білмей қалды. Өз күшін мөлшерлей алмай тұрған сияқты. Әйтпесе сырт тұлғасы келісті-ақ, балаң жүзі бал-бұл жанады. Сәл жауапсыз тұрып-тұрып, тәуекелге бел бұғанын аңғартты.

– Ата, мен күшім кем түседі деп кобалжып тұрғаным жоқ, тек атқа көп мінген емеспін. Жерде болса бір сәрі, ер үстінде еркін қимылдай алсам жақсы, әйтпесе...

– Мін атқа! – деді тақымшыл шал тізгінін жұлқи қарғып түсіп.– Білек күшің болғанымен жүректісің деу қиын екен өзіңді. Сендей кезімізде...

Айтжан аттың айылын бауырына батыра тартып алып, лып етіп ерге қонды. Шал бөктергіні қайта орап, қайта мықтап байлады да:

– Ал, жолың болсын! – деп қамшымен ат сауырына шып еткізіп тартып жіберді.

Ширығып, додаға сұранып тұрған тықыршулы жануар Айтжанға ала қашқандай көрінді. Ауыздығын қарш-қарш шайнап әлеуетті қолдың шірене тартуымен тоқпақ жал мініскер төрт аяғын тапырақтатып барып әрең тоқтады.

– Ур-рр-а! Айтжан ағам аударысуға шықты! – деп әкесінің ақ қалпағын алдын артына қаратып алшысынан киіп алған маймақ аяқ қара қолын шапақтады.

Қарсы жақтан да астына есік пен төрдей қара қасқа ат мінген шалғы мұрт қырғыз шықты. Білегі түрулі, ерге отырысы нығыз, талайды-ақ лақтай өңгергем, жұлып әкеткем дейтіндей нық сенім бар кейпінде. Дәл ортаға ат басын тіреп барып, бар денесімен бұрылып артына қарады. Келіскен ірі тұлғалы екен.

Қырғыз жігіті қолын тура ұсынды. Отырысы нық, аттын белі қайқайып кеткен. Салмағы бір центнердің үстінде екенін астындағы жануар-ақ айтып тұр.

Сом білектер шартпа-шұрт айқаса кетті. Айтжанның аяғы жерге тиетін сияқты. Ұзын-ақ. Бірақ қопандауы көп. Көбіне тракторға, машинаға машықтанған адам ат үстінде өзін қолапайсыздау сезінетіні байқалып-ақ қалады. Техника кілтін уақытша сандыққа салып, жуырда ғана бір отар қойды санап алған ол расында ат белінде салмақсыздық күй кешкендей. Тебінуді де жиі. Тәжірибесіздік деген осы – қарсыласының ұсынған қолын қармап қана қанағат тұтып жүр. Ал анау болса әккі, қолын созғансып тұрады да, білектен шап етіп ұстай алады. Сосын шірене тартып әкеліп, білезікті ердің басына жаншиды. Жұдырықтың қылтасынан ердің қасына ілінген соң жағдайың мүшкіл болатыны анық. Қырғыз сайыскерінің осы бір «қақпанына» екі-үш түсіп Айтжан әрең құтылды. Онда да аттың мойнын ана атқа айқастырып барып әзер қолын босатты.

Әбжіл қарсылас не қилы айла-шарғы жасап әлдәрменді кетірді. Жаңағы бір әдісінің өзі-ақ жұдырықтың қылтасын – білезікті жаншып тастады. Қанша қарулы болса да Айтжанның қол сіңірін сілкілетіп-ақ кетті. Жас жігіт шайлықты ма, әлде әдіс ала бастады ма, қолын манағыдай тіке бергенді қойды. Оның өз тәсілін өзіне жасамаққа қарсы шабуылға шығып, қарсы қимыл көрсетті Жо-жоқ, оған қолының қылтасын ердің басына мыжытып қоятын әлсізін ол емес. Қарсыласы енді әуелі ту сыртынан қапсыра құшақтап, кілем үстіндегі палуандарша аударып, жығуға кірісті. Тайталаста талайды-ақ төңкеріп тастаған тақымы берік қырғыз елінің өкілі Айтжаннық ту сыртынан құшақтап белінен тартқансып жүріп, кенет ойламаған жерден оның оң қолын артына қайырып-ақ әкеткені...

– Қой, ондай қылық жігіттікке жатпайды! – деп жұрт жабыла айқайлап жіберді.

Бетпе-бет беріспейтінін біліп, қарау ойға барған қарсыласына әлдене деген болу керек, Айтжан оң қолын оп-оңай босатып алды. Босатып алды да, аттан қарғып түсті. Төрешілер дауласып, ортаға ұйлығысып қалды. Айтжан оң жақ иығын сол қолымен ауырсына басып, сонадайда дуылдасып қораланған өз құрбыластарына беттеді.

Қырғыз сайыскері бекер обалы қане, атын борбайлатып шауып келіп, Айтжаннан кешірім сұрады. Намысқа қызып, лайықсыз әдіс қолданғанына ұялыс тапқан түрі бар.

– Сайыс тең аяқталды, – деп хабарланды.

Енді мәре тарту басталды. Екі жақтан үш-үштен алты адам ат ойнатып ортаға шықты. Қырғызша «тарту» деп аталатын бұл бәсекені қазақтар «мәре, салым» дейді. Кәдімгі футбол, баскетбол ойындары ережесінен аумайды. Ортадағы көкпар серкені қарсы жақтың қақпасына апарып тастау шарт. Сөйтіп ұпай өсіру керек.

Қазақтар жақтан ең алдымен басын беторамалмен тасқып байлап алған әйгілі додагер, ат үстінен аударылып көрмеген аға шопан «соқыр» Бейсебай шықты. Соқыр болғанда оң көзін құр қысып жүретін Бейсебай кәдімгі. Ол қолын шошайтып жүріп команда құрамын өзі таңдап алды.

– Ей, Талапқан!

– Ей, Айтжан! – деп жар салып, қарулы дегендерді іріктеді.

– Менікі жай әшейін сендерге айқайшы болып жол бастау ғой. Байқандар, бар салмақ мына екеуіңе түседі, – дегенді әдейі көпшілікке естіртіп, жариялап қояды. Бұл да өзінше ақсақалдық саясат. Жігіттер жұрт алдында жандарын сап айқассын дегені. Жауапкершілік жүктегені. Оны әрине екі жігіт түсінеді. Нардың жүгін көтерер осы елдің азаматтары емес пе.

Қақ жарылып отырған қалың көпшілік мәре қызғанда өре түрегелді. Ары-бері орағытып алты атты керіліп-созылып шірене тартықанда сауырын қамшы осқан қыл құйрықтылар айнала қызықтаған көрермендер арасына да өтіп-өтіп кетеді. Әрі аттың басын алып жүру, әрі

топырлаған жиырма төрт тұяқтың астынан көкпарды суырып алып, тақымға басу оңай ма. Және қай-қайсысы да қанын ішіне тартып алған жырынды қамшыгерлер. Серкенің бір пұшпағы қолына іліксе болды, тістей қатып қалатын тақымы тас-емендер.

Екі жақ та жанталасып жатыр-ау. Өңкей сом білекті, атан жілікті жігіттерге қақпан бел аттар қалай шыдас беретініне қайран болған жанкүйерлердің айызы қанатын сықылды. Үзеңгілер сартылдап, ауыздықтар қаршылдап ат төбеліндей шағын топтың майданы қызды.

Ежелден ер үстінде мықты ел санатындағы қырғыз бауырлардан көкпарды жырып әкету әсте қияметтің қиыны. Екі жақ та тақымға басып, мәреге дырылдатып сүйреп әкеліп, көкпарды жерге тастай алмай қайтады. Серкеден тістей қатқан шенгелді қолдар бір елі ажырамайды. Ойын ортадан қайта басталады. Ұмар-жұмар болған шымыр топ жұбын жаза алмайды. Көкпарды тең ұстасқан қалпы қақпаға маңдай тірейді. Жеке-дара жұлып қашуға екі команданың да мұршасы болмады.

Енді не істеу керек? Не айла бар? Жырынды Бейсебай Талапқанға әлдене деп құлағына сыбырлады. Аттар да, адамдар да талмаусырап, титықтап қалған. Белгіленген уақыт та таяу. Талапқан атын қатты-қатты тебініп барып Айтжанға қарама-қарсы айқастыра тақады. Әбден сілікпесі шыққан көк шанаш серкені екеулеп күштеп тартып өлдікталдық дегенде екі ортаға алды-ау әйтеуір. Кенет Талапқан көкпарды тік жоғары көтерген бойда құранды ердің үстіне ыршып шықты. Онсыз да екі метрге жуық бойы одан бетер зорайып аруақтанып көрінді. Мұндай сұмдықты күтпеген қарсыластар абдырасып қалды.

– Тарт тізгінді!– деп түрегеліп тұрған қалпы Айтжанға ышқына айқайлап жіберді. Мына кулықты түсіне қойған қырғыз бауырлар аттарын дереу көлденең тартып қайта үймеледі. Дәл осы кезде оң көзін қысып бір шетте одағайланып тұрған Бейсебай қарт бата қылатын кісідей қолын алға жая берді. Талапқан бар пәрменімен көкпарды оған қарай қатты серпіп лақтырып кеп қалды. Тура ат жалына жалбырап гүрс ете түскен көк шанаш серкені бау-

ырына қапсыра басқан күйі додагер қарт қақпаны көздеп жұлдыздай ақты...

Айласын асырған ақсақалдың арқасында салым тартудан қапы қалдырған қазақ туыскандарына күйінішті қырғыз бауырлар дода кезінде басымдылық байқатты.

– Той ырым-жырымы бітті. Енді додаға рұқсат, халайық! – деп хабарланған соң-ақ ию-кию көкпар шеруі көк жайлауды дүбірлетіп жүріп берді ат тұяғы жер таңдамайды. Құлансаздың бетін шым басқан сорма сазына қойып кетіп құлап жатқан ел қанша. «Қайрақтының» қыпқызыл егеу тасына ет-қызуымен шығып кетіп, атын жетектеп эзер түскендерде қисап жоқ, Бұ көкпар дегеннің желігі жаман. Қикуға бір қосылсаң, райдан қайтуың екіталай. Әкен болса да көкпар беруің қиын. Ат үстіне қонған адамның, додаға араласқан адамның көзіне қан құйылып кетеді. Серт сол. Күшің жетсе тартып ал!

– Әй, мына шал қайтеді-ей, өз ұлымен жағаласып, – деп қызынған жұрт қайта-қайта қызыл өгізбен додаға баскөз жоқ қойып кетіп жатқан обадай үлкен денелі Елгезер сиыршыға жақтырмай қарайды. Құжынаған топтың дәл ортасында оның ортаншы ұлы атақты сайыскер, көкпаршы Мұсахан тақымын көтеріп, серкенің бөксесін сығымдап басып тұр. Тек атты жетектер адам іздейді айналасынан.

– Жібер мені, жіберіңдер! – деп қызыл өгізін басы-көзге қамшылап өңмендей алға ұмтылады сиыршы шал. – Немене, балам болса қайтейін! Оның күні өзіне, менің күнім өзіме. Қазір ондай жаман неменің тақымын көтеріп аймандай ғып көкпарды жұлып аламын. Қалсын жер қауып иттен туған.

Олай айтатын да жөні бар былшық көз, жалақ ерін, сары шалдың. Өйткені сиыршы шалдың намысы «Қайназар» совхозынікі, ал баласы болса «Көкдала» колхозының малшысы. Солардың намысын жыртады. Бұл орайда әке мен баланың жұлқыспасқа реті жоқ. Бірақ қазіргі намыс ортақ. Қалайда көкпар қырғыз асып кетпеу керек. Әзірге дода қазақ жайлауында. Аттардың тұяғы баспаған жазғы қоныс қалмады. Серке екі дүркін ауысты. Жырымдалып, жілік-

жілік болып кеткенде көкпардың дәстүрі әйтеуір бір үйге тастап жанартып алу керек. Ол үшін де бір сылтау, себеп алға тартылады. Аты-жөні жоқ тасталса, үй иесі қарсылық білдіруі де мүмкін. Немесе ырымын сұрайды. Ал ол ырым көкпардың құнынан асып кетуі де кәдік. Сондықтан ілік іздеу бар.

Бой-бойы шыққан быт-шыт серкені тартушылар дереу тоқтатып:

– Ал, енді кімнің үйіне тастаймыз тағы?– десті.

– Жақында келін түсірген «Қастек» совхозының аға шопаны Хамила отыр анау «Көкбастауда»,– деді бір жігіт ағасы.

– Ой, осы жақын арада пұшпағы қанаған қойшының қосағы жоқ па?– деп қалды әлдекім «Көкбастауды» алысынып.

– Ой, құдай-ау, өстіп ұйлығып тұрамыз ба енді бал ашып, мен-ақ берейін бір лақты,– деген дауысқа бәрі жапырласа қарасты. Сөйтсе манағы қызыл өгізбен додаға кіріп жүрген жарғақ сары сиыршы шал Елгезер екен.

Екі танауы делдіп, жирен мұрты ширатылып кеткен.

– Шіркін, ескінің көзі осы ғой, қызықтың шырқы бұзылмасын, көпшіліктің арқасы суынбасын деп тұрғанын қарашы жарықтықтың.

– Жә, шалдың да бір білгені бар, – деп бұған біреулер болжам айта бастады.– Кешке қарай бұл қу шалдың баласымен тізе қосып, одақтасып кететіні де жоқ емес. Бәрібір көкпар Елгезер әулетінің қазанына түседі деп ойлап тұрған шығар қақсал бәлең. Әрі беріден кейін Елгезер шалдың өз ықыласымен берген лағы да дала-даласы шықты. «Құлансаздың» өзін қырық айналған көкпаршылар лақты киіз үй сайын тастап үлгерді. Жағалай малшылар отырған «Желдісай», «Тегенбай тепсеңі», «Қарабастау», «Тұлпар тұяғы», «Байшал тұғылы» талай шиырланды. Қырғыз шопандары әбден әккі екен, қас қарайғанша додаға қатты араласқан жоқ. Алғашында шүү дегенде біраз еңсеріп тартқан. Апаш-құпашты сырттан байырқалап, жүйрік атты қан-сорпаға қоспай жүрген жергілікті жігіттер суырыла

қашқандарын ұзатпай ұстап, аттатпай қойған. Содан «бұ қазақтар бірімен бірі тартысып әбден сілелеп болдырсын», – дегендей-ақ күні бойы қораланып көкпар соңынан онша желікпей ілбіп еріп кеп жүрген. Енді екі бірдей ешкінің басына су құйылып, үшіншісін көкпарда нақ бір өштері қалғандай өліп-өшіп сұрап алғанда қырғыз бауырлар бас көтерді. Қас қарайып, көз байлана бастағанда жаңа ғана басырағы кесілген ақбөрте құнан серке қырғыз қонақтардың тақымынан шықпай қойды. Кешке дейін колхоз-совхоз болып қоныс-қонысқа тартып есіл күштері ысырапқа кеткен той иелері қояйын деді. Ат та тың, адам да тың, бел асып келгендер әл бермей барады. Қаумалап, қауқылдасып көкпарды дырылдатып сүйреп Қарақыстақ өзеніне түсірді.

– Міне, керек болса! «Қағылайындар» қулығын артына сақтап жүрген екен ғой. Өзара ырылдасып жүріп қолдың қарын талдырыппыз, аттың тұяғын алдырыппыз, – деп Бейсебай қарт өкініш арта басын шайқады. Даусы да қарлығынқы естілді. «Тақымға бас», «аттың басын қоя бер», «ары тарт, бері тарт», – деп күні бойы айқайлаудан танбаған желіктің бір белгісі осы.

Ағыны қатты тау өзені айғайға аттан қосып күркіреп-сарқырайды. Тастақты судың тап ортасына келіп тағы үйме-жүйме дода қызды. Бұл өзеннен өтсе қырғыз көкпаршыларын тоқтатар күш жоқ. Арғы жағы белгілі «Қарақия» – тік бет, су орған быт-шыт жар қабақ, жалаң төс қия, мойны озған атты орағытып өтіп тежей алмайсың. Тек құйысқан тістесіп сөмпендеп соңынан еріксіз ересің де отырасың. Одан әрі – Қарағайлы, қырғыздың жеті атасынан бергі жайлауы. Жабылып жаяу тартса да көкпарды қырдан қайтып асырмайды. Серті солай.

– Оу, Айтжан қайда?

– Оу, Талапқан қайда?

– Мұсахан қайда? – деген дауыстар тұс-тұстан шыға бастады. Онша-мұнша сөздерді судың сарыны жұтып қойып, естіртпейді. Аттың шідерлігін қаққан ақкөбік судың ашулы ағысына қарап бас айналады. Тасыр-тұсыр басқан тұяқтардың тегеурінімен орнынан қозғалып қалған кішігірім тастар іле-шала домалап ағынға ілесіп кетіп жатыр.

– Мен мұндамын! – деген Айтжанның балаң үні құлаққа әзер шалынды.

– Қане, тағы қайсың барсың қарулы жігіттерден?

Топ ішінен Талапқан да, Мұсахан да табыла қоймады. Үйлеріне қайтып кеткен екен. Айтжанға еріп және бірер жігіт өзеннің ортасына қарай аттарын тебінді. Қызыл өгіздің мүйізін қарағайдай ғып арғы жағада Елгезер сиыршы қасқып тұр. Шыға қашқанын шаужайдан алмақ өзінше. Доданың бел ортасында Бейсебай қарт жанталасап жағаласып жүр. «Мына қызталақтар қайтеді?» – деп қамшысын көтеріп-көтеріп қояды. Көкпарға қол жеткізу мүмкін емес. Тақымға мықтап тұрып нығыздап басып алған шалғы мұртты қырғыздың айналасы жылқыдан соққан қорған сияқты. Алды-артын әріптестері айқыш-ұйқыш тұрып тарс бітеп тастаған. Ортаға ат басын сұқтырмайды. Жағаға шығармай тұрған қызыл өгіздің шаңғарақтай мүйізі мен сиыршы шалдың айқайға басып тұрған айбыны болса керек, сірә.

Айтжан қасына екі жігітті алып тіке арғы жағаға өтті. Қызыл өгіз мүйізін шайқап кеп қалғанда астарындағы аттары атырылып-атырылып өзенге қойды да кетті. Сиыршы шал: «Әп, бәлем аянпас шабан аттарға сол сауап»,– деп аузынан сілекейі шұбырған астындағы зеңгі бабасына бек риза боп қалды.

Айтжан өзінше айла тауып өзеннің ағысымен атын додаға қиліктірді. Мұнысы ақыл болған екен, шамырқана омыраулаған оған оңай жол ашылды. Сарқырай аққан су екпініне әрең шыдас беріп тұрған аттар тәлтіректеп кетті де, аралары алшақтап қоя берді. Тура қалың ортадағы қара қасқа аттының қасынан бір-ақ шықты. Ешкімге дес бермей, міз бақпай тұрған ақ қалпағын алшысынан киген бағанағы сайыскер қарсыласы екен. Кең кеудесін шалқак ұстап көкпарды екінші қапталына қарай аудара берді. Айтжан шапшаң қимылдап серкенің сирағынан жабыса кетті. Шылқылдаған су. Үсті-басы малмандай болды. Жанталасып ол да басты тақымға, құжырлана бұл да жаншыды үзеңгі-бау астына. Екеулеп бұрап шекпен сыққандай болды. Сорғалап су ақты-ай кеп. Және де мұздай, тастай. Мұзарт

таудан бастау алып жатқан өзен ғой. Жануар, аттардың жаны қалай шыдап тұр екен десеңші?!

Егер тіл бітіп, Алпамыстың Шұбар атындай сөйлер болса: «Бір жапырақ шикі етке бола соншама сабылғандарын не бейбақтар-ау», – ден ұялтар ма еді, кім білсін?! Бірақ қазір пысқырынып, ышқынып, іштерін тартып, төрт аяқтап тас теуіп тұр. Көздерін қан жауып кеткен елірме иелері мынау. Күні бойы бақандай үш тұяқты кергіге салды. Неге? Сол. Әлі бөлісе алмай жатыр. Жоқ, әлде мұның бір қызығы бір асым етінде емес, бір қауым елді күш сынастырып қойғандығында ма екен? Атқа да сын, адамға да сын алапат сиқыры бар бір пәле өзі. Жер түбінен ат сабылтып жетеді жұрт дегенің. Көкпары, ат сайысы, қыз қуатыны болмаса көкжайлаудағы тойға ел құр ет жеу үшін тіпті де жиналмайды. Тақымын талдырып көкпар тартпаса құмары тарқамайды, айызы қанбайды. Бұл не құдірет?! Ұлттық ойын түрі болғандықтан ба екен әлде?! Ат дүбірі естілсе болды, бойдағы қан тулайды кеп, тулайды...

– Жаның болса кеуденде, жұлып әкет! – деген айқай аңғарды жаңғыртты.

Көкпар Айтжанның сол жақ тақымына басылған еді. Сонда да болса бар салмағын салып, жұлқи тартып жатыр. Екі дүлей күшті жан-жаққа ышқына сүйреген белді аттар екеуін айыра алмай бір орында тыпырлады да қалды.

– Ой, сенің жылқы болғаныңды! Қамбар-аталығың қайда жануар, қане, шүү-у! – деген бір демеу дәл құлағына жетті. Сиыршы шал Елгезер екен. Қызыл өгіздің танауынан шыққан бір қап демнің күші ме, әлде шаңырақ мүйіздің найзадай ұшы сауырын сүйкеп өтті ме, Айтжанның астындағы тоқпақ жал ат жан-ұшыра жағаға қарғыды. Көкпар салқ етіп аттың тізесін қақты. Қарбаласып жүріп тізгінді қолынан шығарып алды. Өзеннің ағысымен бұралаңдап бара жатқан астындағы атын алақанымен шаужайлап жағаға әрең бағыттады. Қолдары қарысып, икемге келмей қалыпты. Аяғында да жан жоқ сияқты. Құр сұлдері сүмпиіп жағаға іліне бергені сол еді, алдынан ен-таңбасы бөлек екі-үш атты кесе-көлденендей берді.

– Балам, бері бер, маған бер! – деп арт жақта өгізін өзенге

малтықтырып өтіп келе жатқан сиыршы шал шырылдап қоя берді.

Басқа амалы қалмаған Айтжан көкпарды тақымынан созаландата суырып, кенін қарай толғай лақтырды.

– Алыңыз, ақсақал!

– Ой-бұ-ұйй, есіл еңбек-ай, зая кеткен. Алда, байқұс балам-ай, көзіңе қарап лақтырсаң етті! – деген өкінішті үн естілді іле-шала.

Қырғыз бауырларға қимаған ақбөрте серке Қарақыстақ өзенімен ағып кете барды. Жан-жағы тік қабак, жақпар тас тау тентегін шырттай қараңғы түнде темселеп қуып жететін ешкімде шама жоқ еді. Айтжанның құлағына ақкөбік су сарынымен аралас бағана таңертеңгі «Сайыс тең аяқталды», – деген жаршының хабарламасы талып жеткендей болды. «Аға десе, көкпарды қайтсең де бүгін Майтөбеге әкел, үйге әкел, жарай ма?!» – деп қойды бағып қалған інісі Сейітжанның сөзі де шаншудай қадалып тұр. «Әх, бәрімізден озған ағыс су – таудың мөлдір өзені болды ғой. Көкпарды да сол әкетті». Қолда қамшы жоқ, баста бөрік жоқ, қалың оймен қалғып-мүлгіп келеді...

Сәлем

Ботанның мінезі қызық. Қайдағы бір бөлек-салақ темірлерге үйірсек. Үсті-басы май-май, тот жұққан, нақ бір жынды бала сияқты. Үйдің айналасын үлкенді-кішілі дөңгелектерге толтырып тастайды. Кейін керек болады-ау дегені емес, әрине, ертелі-кеш ермегіне жиғаны өзінше. Онсыз да темір-терсектен кенделігі жоқ ауладан аяқ алып жүргісіз. Соны айтып шофер әкесі бұрқылдап жүргені баласына: «Барабанда басың қалғыр. Қане, апарып қой қоймаға...». Ботан дөңгелектің сыртқы балонын сыпырып тастап, барабанын қалдырады. Арлы-берлі домалатқанда алдыңғысын жаншып, шаң-шұң дыбыс шығарғаны шым-шым бойына тарайды. Рахат! Ал асфальт жолға апарып аққан судай сапырылысып жосылып жатқан машинамен қосылып кететін қылығына күйінбей көр, қане. Күре

жолдың бойында үй тұрған қиын да, қызық та. Ботанға қызық. Басқасында шаруасы жоқ. «Жарығым-ау, суық темірге неге сонша әуес болдың», – дейтін анасы да сөзін сарықты. Даң-дұң дыбысқа құлағын бітіріп болды. Сосын «Сенің іздегенің темір-терсектің ортасы болса, бар, оқы», – деп Көктеректегі механизаторлар даярлайтын училищеге топ еткізді үй іші.

Ботан ғой, жымыып қана есіне алады енді соның бәрін. Училищені тастап кетті. Колхоздан қарыс жер ұзап шығып көрмеген ауыл баласы қоңылтақсып жүрді. Жүрді де, бір күні жарты сағат сайын қатынап жататын қорапты автобуска қайқайып тұрып отырып, ауылдан бір-ақ шықты емес пе.

«Балалықты қойсаңшы бұл» деген ішкі ойын мырс еткен жұмсақ күлкісімен сыртқа шығарып алды. Аптаптан алақандай көлеңке іздеген, әбден ыстықтап пысынаған экипаж мүшелері «мынау не деп күбірлеп отыр» дегендей, ортаға ала қалыпты.

– Бетінен сүйе алмаған алма жүзді қызыңа өкініш айтып отырсың білем, ә...

Ботан сан-саққа жүгіртетін жүйрік ойлы жігіттердің жүзінен өз қылығын жасыра алмады.

– Жоға. Құмар дүниен күнде солай алдыңнан шығып тұрса деймін-дағы.

– Қай құмарыңды көлденең тартқаның?

– Мына моторы миыңа шабатын болат табанды айтамын да.

Қаруластары оның құмарын бірден ұқты. Сонда да ұқпаған боп жатыр.

– Танкист болу үш ұйықтасам түсіме кірген нәрсе емес. Ал, машина мен тракторды төңіректен кетпеуші едім.

– Сауап болған саған.

– Өзіңе шлём киген жарасады екен. Қатып тұр. Дулыға киген қыпшақтарға түрің келіп... Тек қолыңа найза ұстатса.

– Е-һе, танкі маңдайын жарып шығып тұрған ұңғы содан кем болып па. Оқтап ал да шанши бер.

«Оқтап ал да шанши бер», – деген шымшыма сөзбен

бірдей шыққан бұйрық салмақты естілді. Жер-дүниені солқылдата от алған моторлар гүрілі жапан даланы жаңғыртты. Қара түн құшағы қып-қызыл отқа күйіп бара жатқандай «жойқын шабуыл» басталды. «Дұшпан» шебі бұзылып, жеңіс салюттері аспанды сызды. «Жауды» өкшелей қуған болат тонды танкілер бел асып барып, қайтты.

Танкілер қаздай тізілді. Жаңағы «ұрыстың» нәтижесі қолма-қол есепке алынып, шотқа қағылып жатыр. «Шығын» жоқ. «Олжа» көп.

Самаладай жанған танкі «көздері» отымен «ерлік» көрсеткендер тізімі аталып жатыр.

– Экипаж командирі Ботан Садақбаев!

– Мен!

– Үш адым алға шық!

– Кезекті жаттығу кезінде жауынгерлік тапсырманы дәлме-дәл орындағаны үшін алғыс жарияланады!

– Совет Одағына қызмет етемін!

Алғыс алғандар кезекпе-кезек осынау қасиетті сөзді қайталап шықты...

Казармаға қайтқан саптың бір кісідей дауысы естіледі: «Три танкиста, три веселых друга, экипаж машины боевой...»

Кезекшіліктен кешелі бері мойны босаған Ботанның қолы қаламсапқа созыла берді. Ленин бөлмесі мұндайда таптырмайтын онаша орын. Ойынды сарқып жаз да конвертке сал. Ботан сөйтті. Саларда қайта бір көз жүгіртіп өтті: «Қымбатты мама! Әлгінде айқайласа дауыс жететін жердегі механизация мектебін оқи бермегеніме бүгін бармақ тістедім. Айналып келгенде бір-біріне байланысты екен. Кейін осында курсың өткен соң соған көзім жетті. Жанымдағы әріптестерім шеттерінен қуақы, көңілді солдаттар. Үйдің жанына төбе-төбе қылып темір-терсекті үйіп тастаушы едім десем, «Осыған көрінген ғой, сауап саған»,– деп күледі кеп. Сауап болғанда, қайда жүрсек те техника тетігін білген қор болмайтынын түсінетін балалар ғой бұлар деген. Сөздері осылай қырсық келеді. Ниеттері түзу бірақ. Әлгі Сәния сол индустриалды техни-

кумда оқып жүр ғой. Жәнияның, Анардың сабағы жақсы шығар. Асанның мектеп есігін алғаш ашқанын естігенде, есіме оның қылықтары түсті. Үн-түн жоқ машина кабинасында бақжайып көз ілмей отыра беруші еді. Тура соның ұйқысыздығын маған берсе ғой. Қазір қоңыр күз лебі еседі. Ақсабан айы. Аңыздың, ақ бидайдың исі танауға келетін. Танкіні комбайнға айырбастайтын күн жақындаған сайын қуанышым қойныма сыймай жүр. Балаларың...»

Конверттің жабылар жағын тілімен жалап өтті.

Енді не қалды айтылмаған? Айтпақшы, қыздарға да хат жазу керек екен ғой. Иә, айтуға да олақ, жазуға да олақ болып тұратын осал тұсы осы. Жүрегін тыңдаса, тыпырлап жатқан жоқ па. Ақ қағазға төніп кел де төге сал. Иә, оңайынай. Ондай күн қайда? Одан да ойға малтып, осылай отырып қалғаны артық. Оқтай түзу орталық кеше бойындағы электр шамынан от моншақ таққан ақ сүңгі бағаналар сыңар-сыңарымен қолтықтасып жоғары-төмен өтіп жатқан қыз біткенге сұқтанып қарайтын шығар. Қараса қарасын. Тек басқа көз қадалмасыншы. Әсіресе ана бір асығып-аптығып сөйлейтін жыпылдақ ақ сары қыздан сұқ көздер аулақ болса екен.

Осы тұста оның қалың қабағы түйіліп, бес саусағы бірігіп бара жатты... «Ой, жынды неме»,— деп өзіне-өзі ұрсып алды. Аты-жөні жоқ қызғаныштан ұялғаны. Сосын, дереу қайта елжіреп, қиялына қанат байлап, ұшырып жіберді қайтадан... Оқтай түзу көшенің жарығы сұйылған тұйығына келгенде жаңағы жұптарын жазбаған құрбы қыздар сөз тастады:

– Шамдары жанып тұр. Ботаң келген шығар.

– Жоқ, ол ноябрьде келеді...

– Мықты танкистерді мерзімінен бұрын үйіне қайтарады емес пе.

– Парадқа алып қалатын шығар, бәлкім.

«Қалай-қалай құтыртады-ей, ә». Ботан ой тізбегін жиып ала алмай аңырап отыр. Тәтті елестерге ендеп кірген сайын әлдеқандай сағыныш буып бара ма, қалай өзі! Енді ше! Он жыл бір мектептің ауласында құлыншақтай асыр салып өскен жас өрім парталастар ұясынан ұшқан құстай

жан-жақта жүр. Екі жыл дегенің де әжептәуір уақыт. Кеше ғана гүлдей майысқан ақ үрпек қыздар қандай болды екен. Бантиктерін баяғыда-ақ алып тастады, әрине. Өзі ғой дүрдей танкист, спортшы, бес қаруы жарасқан Отан жауынгері. Мамасына еркелеп, тал түске дейін тырп етпей, басын бүркеп жататын жалқау Ботан кай-д-а-а, мүлде басқа, басқа. Омырауы толы жауынгерлік значоктармен Қызыләскер селосына қазір жетіп барса ғой, «Ой, мақтаншақ», – деп ең алдымен көршінің баласы күлер еді-ау. Сондағысы, сөз жоқ, маған-ақ бере салмайсың ба деген кулығы ол бокмұрынның.

Өзі емес, ойы алдын орап сан-сапалақ сыр арқауын ширатқанға шиқандай қызарып кеткенін қара. Әуелі әскер қатарына алынбай тұрып-ақ физкультура институтын бір «сүзіп» қайтқан палуан кластасы мақтанбай қалай шыдап жүр екен десеңші!

Есіне кенет сол Күнбай палуан досы түсті. Астанадағы самбошы ағасы алып кеп берген екі пұттық кірдің тасын ертелі-кеш терлеп-тепшіп көтеріп, кәдімгідей бұлшық ет жинаған парталасы Күнбай да қазір білдей жауынгер. Әскери техниканың тұтқасын ұстайды. Хат келіп тұрады. Ол да бір хат жазудың олағы. «Сәлем. Сол сен білетін болат тонды танк люгін ашып-жауып жүрген жай. Қыздармен хабарласып тұратының рас па? Жақсы. Күнбай». Өне, бар болғаны сол-ақ. Бітті шаруа. Шекарада сөз сабақтау сауысқан атудан қиын ба деп қаласың. Бірақ оның «Қыздармен хабарласып тұратының рас па?» - деуін қарашы. Құдай біледі, «Ботан жазады, сен неге тым-тырыссын», - деп қыздар оны кекеткен ғой, шамасы. Ех, қыздар... қыздар... Көктөбенің көкжасыл шалғынындай клуб алдында көлбең қағып жүрген шығарсындар. Түктің мәнісін түсінбейтін томаға тұйық баланың бауыр еті енді міне езіліп барады емес пе, сендерді еске алған сайын. Етегінен төріне дейін тұнған бау-бақша, бауыр басқан ауылым алманды жинай алмай сасып-салбырап жатырсың-ау. Мына біздің бір ротаны жауып жіберер ме еді, шіркін! Тыз еткен желмен жапырақ арасына топ-топ түсіп жататын қып-қызыл алманы танк табаны таптап кетпесін деп тыныштық күзетінде тұрғанымыз.

Әйтпесе...

Танкистер таң атпай тағы да өре түрегелді Дабыл қағылғанда тәтті ұйқының шырқы бұзылды. Кезекті жаттығуға алас-күлес жиналған Ботан жүрегінің қыздарға деген бал-шырын сәлемі және жазылмай қалды.

– Қатардағы жауынгер...

– Мен!

– Ортаға шық!

– Құп болады!

– Кезекті дайындықта...

Конверттің жабылар жағын тілімен жалап жіберіп Ботан жүрек дүрсілін баса алмай отырды. Қыздарға сағынышты сәлем жолдап еді...

Хат

– Жарайды, алдымен Ақмөр дауыстап оқысын, – деп Ақшай әскердегі жалғыз ұлдан келген хатты кенже қызына ұстатты. – Мөрдің мәнері жақсы. Дыбысты жұтып қоймайды. Әндетіп, әсерлі жеткізеді.

– Уой-йй,– десіп Сүмбіле мен Ақжібек шешелеріне қырын қарасып қалды. Ақмөр үнін барынша созып, сыңғырлатып оқып кеткесін ғана екі әпкесі қайта жадырады. Өтірік қана өкпелепті.

– Мен бұл хатты тек саған арнап отырмын, апа десе. Жарыстан қайтып оралғанымша көршілерге сан кіріп, сан шығатын шыдамсыз мінезің қаперімде кеткен ғой. Маза-сызданып керегі жоқ.

– Жарығымның дәті берігін,– деп балалардың шешесі жас парлаған үкідей көзін алақанымен бір сүйкеп алды.

– Онда мен ары қарай оқымаймын. – Ақмөр анасының боркеміктігіне бұртиып қалды. – Жылайтындай не, соншама соғыста жүрген жоқ қой ол.

– Жалғай бер, құлыным, – деп Ақшай қайта бекініп, қатайып алғандай сергек үн қатты. – Оның рас...

– Қапырық, құрғақ ауа, қия тас, таулы өңір өзі де бір өзгеше жер жаратылысы.

– Тү-ү-уу, пышақтай тас табандарын тіліп жүр-ау, – деп күрсінген Ақшайдың өкініші өңіне тепті.

– Әлгіде «осы сендер күнде-күнде күресе бересіңдер ме?» деп жаттығудан келген сайын күртешенің малмаңдай терін сипап, таңырқай сұраушы едің, апа. Міне, соның пайдасы тиіп жүр. Кей босбелбеу балаларды да «жетекке» алып кететін сәттері де көп. Самбоның әдістері әжетке жа-рап жатыр десем, жылай көрмеші. Бұрын ұпай алу үшін, жұмсақ кілемге жығу үшін күрессем, енді «дұшманнан» қорғану үшін, құрбандыққа шалынбау үшін...

– Қорғасындай шымырым-ау, әшейін, – деп осы ара-да шешелері қорсылдап жылап жіберді. – Ел аман, жұрт тынышта бір бүйірден «дұшман» шығып халыққа қиын болды-ау өзі. Әмісе аман бол бауыр етім, бір аймақтың чемпионы едің, жалғызым, жығыла көрме.

Телевизор үстіндегі әскери формадағы ұлының суретін қолына алып, бетінен сүйіп, сипай түсті.

– Әдіс-айлаң көп деуші еді ғой күрескенінді көргендер. Менің жарысқа баруға жүрегім шыдамайтын. Алысып, арпалысқаныңды бақылауға батылым бармайтын...

Ақмөр де, Сүмбіле мен Ақжібек те көздеріне қолдарын қайта-қайта апара береді. Көңілдері әлденеден секем алатын секілді. Күнде оқып, біліп жүргендері бар, бейбіт кездегі «дұшмандарға» зығырданы қайнайды-ақ, бірақ шарасыз күрсінісіп қоятын. Ағалары сол жаққа барды дегелі тек жақсы лепес жағын сөз етіп, шешелерін қайдағы бір ойға қалдырмайтын. Сол жақтан жазылған жайсыз хабарлар жарияланған орталық газет-журналдарды шешелеріне көрсетпей тығып тастайтындарын қайтерсің. Ал шешелері дәл солар жайлы қасақана оқымайды. Оқығысы келмейді. Қыздарына сенгісі келеді. Жақсылыққа құлақ асқысы келеді.

– Оқы енді аяғына дейін. – Ақшай өзін-өзі қолға алып мақтанғандай кенжесіне иегін қақты. Көзі қызарып шыға келіпті. – Жалпыға бірдей нәубет. Көнеміз де, қайтеміз.

– Кейде бір қарындастарымды ренжітіп, тіпті жылатып та қоюшы едім ғой, сол қылықтарымды есіме алсам қара терге түсемін. Кешірсінші олар мені! Сен айтшы, мама, жарай ма?!

– Өне, қу бауыр деген қандай, шіркін! Не болса соған тақасып шыға келуші едіңдер, ағаларыңның айы өтті ме бәлем енді, ә.

Үш қыз бір-біріне тығыла түсіп, үрпейісіп отыр. Әсіресе ең ересектері Сүмбіле ғой өзінен екі-ақ жас үлкендігі бар Дастанмен жиі қызарақтасатын. Тете болғасын қиын екен. Тақасу көбіне спорттық киімнен басталатын. Дастан күреске, Сүмбіле көркем гимнастикаға қатысады. Бас-басына спорттық олимпиялық ақжолалық формалары да қос-қосынан бар. Кроссовка, кедейсің бе, иыққа аса салатын арнайы сөмке ме, қысқасы, бес қаруы сай деп осыларды айтса керек. Бірақ бәрібір қақтығысып қала береді. Спортшыларға тән тыз етпе мінез бе, әйтеуір қылықтары қызық.

Бірде сырт қалада өтетін жарысқа жаңылыстырып Сүмбіленің сөмкесін алып кеткен Дастанға қитығып қарындасы ол қайтып оралғанша жаттығуына бармай қойды.

– Сөмкеден сөмкенің жорғасы жоқ қой, ағаңның «Спартағын» ұстай берсеңші, қызым,– деп шешесі жалынса да ол қасарысып:

– Өзімнің «Динамо» құтты, – дегеннен танбай талай күн секциядан қалды. «Спартак», «Динамо» дегендері сөмкенің сыртындағы айшықты жазулары.

– Бәрібір емес пе, қайта көп нәрсе сияды ғой Дастанның «Спартағына»,– деп екі сіңлісі де әпкелерінің қылығын қос көрмей сынық сөйлейді.

Сүмбіле өз дегенінен танбайды-ақ. Байқамай олимпиалық ақ жолағын біреуі үстеріне іле қалса оның «қояншығы» ұстайды. Сол мінезінен тауып талай бапкерлермен де басы сыйыспады. Өне-міне үлкен жарысқа баратын қайдағы бір сын сәттерде болар-болмас нәрседен қылт ете қалады. «Ұстазыммен келісе алмадым» деп бұрқылдап үйге қайтып келіп тұрғаны.

– Қызым-ай, ер балаға тән мінезді қайдан таптың осы сен,– деп әкесі де басын шайқайды.– Кейін де өзіңе қиын болады, өте қиын болады.

Нақ осы сөзді күтіп отырғандай-ақ анасы да араласады бұл тұста:

– Сол спортқа бармай-ақ жұнттай боп жүріп жатыр ғой жұрттың баласы. Күрес, гимнастика деп құйттайынан құлағына құйған мына сен кінәлі. Өне, самбист деп ұл балаңды «дұшмандарға» апарып салдың, қит етсе қыңырайып өз айтқанынан қайтпай гимнаст қызың жүр. Жеттің арманыңа, – деп Ақшай қыжыртады.

– Баршаға бірдей міндет, интернационалдық борыш қой, – деп балалардың әкесі ауыр күрсініп салады.

Басқа не десін. Солай ғой өзі де. Міндет. Борыш. Елдің мүддесі, халықтың қамы, Отан намысы...

– Дауысыңнан айналдым, – деп Ақшай Ақмөрді еркелете сөйледі. – Қыздарымның ішіндегі ең сабырлысы да, жайдарысы да осы. Сары гүлім менің, сарғалдағым ғой. Әрі қарай...

Ақмөр жымың етіп қойды. Екі бетінің ұшына болмашы ғана шұқанақ ойнап шыға келді. Ақсары жұп-жұқа өңіне сәл-пәл мақтаныш ізбіні жүгірді. Сүмбіле де, Ақжібек те былқ етпей ой үстінде отыр.

– Апа десе, сен ақылдысың ғой, ә. Иә, деші. Иә, ақылдымын деші. Бұл жолы ешкімге емес, тек саған арнап жазып отырмын дедім ғой, апатай. Әкем ер-азамат, палуан-дзюдошы, жүрегі мықты. Талай қиян-кескі белдесулерді көрген.

– Ей, ей, мынау не көлгірсітіп кетті мені мақтап, әкесін әспеттеп, а? – Ақшай нығызданып отырған жерінен көтеріле берді.

– Жазуым аздап, былай... Қағазға қисықтау түсіп жатқанын байқамай да тұрған шығарсыздар. Ақылы көп анашым-ау, қорсылдап көңілің босамасыншы, бұл түк те етпейді, сол қолымның саусақтары сап-сау ғой оның есесіне. Сонымен-ақ...

– Ой-бұ-ұ-йй, бәсе, бәсе нағып мақта-а-п кетті деп е-е-м, мені бақырып жыла-амас-ы-е-ен дегені екен ғой... – Ақшай солқылдай сыңсып жасын төкті. Иығы селк-селк етіп қушиып кетті.

– Ақылы дария апашым-оу менің... – Ақмөр тіпті мақамын әсерлей түсті.

– Төрт мүшемді түп-түгел етіп туғаныңа масаттану-

шы едім. Бапкерім де барыс сияқтысың деп белдескен сайын арқамнан қағатын. Әсіресе оң қолың күшті деуші еді салмақтап тұрып. Мен соған өкінемін. Спорт шебері атандырған да осы оң қолымның ептілігі еді ғой. Кезекті әдіс-тәсілдерді де оң жағыммен көп жасайтынмын. «Сенің Қазақстан республикасының ғана емес, одан да жоғары одақтық көлемде жеңімпаз болуға мүмкіндігің мол» дейтін жаттықтырушымының көзіне қалай көрінермін, сол да мені қинайды қазір. Апа...

– Тоқтатшы, Мөр, айналайын, Мө-ө... – деп Ақшай суретті бауырына басып алды. – Мен... құлдығым... төрт мүшенді түгел етіп дүниеге әкелдім деп міндетсімей-ақ қояйын, сол қалған денсаулығыңмен қайтшы аман-есен ауылға. Жалғыз қолың да жетеді бізбен амандасып, қауышуға. Жүрегің жетеді жанып тұрған жалғызым... ұлым...

– Кездескен дос-жарлардың бытырлатып тұрып қолдарын аямай қысушы едім, апа десе. – Кенжесі дауысын тіпті түзеп алды. – Кейбіреулердің алақандарын былбыратып сұп-суық жылан сияқты сылқ еткізіп қолыңа ұстата салатынын жаным жек көретін ғой. Адам баласының жан саулығы, ден саулығы қолдасып амандасқанда да сезіліп тұруы керек қой. Міне, сол үшін де жігерлене, құшырлана, рахаттана қол қысысып амандасатынмын. Елге барғанда, енді мені сол да қинап тұр, апа...

Сүмбіле, Дастанға тете Сүмбіле бетін басып алыпты. Сөмкеге таласатын ағасының ең күшті қолы... Мүмкін емес, тегі. Түпкі үйде тұратын отыз екі килограмм кірдің тасын талмай көтеріп жататын білем-білем бұлшық етті...

Кейде қызық үшін қыздарға санатып қоятын. Бір пұттық гирді жүзге дейін жұлқып лақтыратын қызбалығы бар еді. Екі пұттық шойын темір жиырма-отыз рет жоғары көтерілетін. «Ой, мақтаншақ» деп қарындастары одан арғыға шыдамай, жалт берісетін ғой. Сөйткен сом білектер бос жеңмен қайтпақ па...

– Білемін ғой, апа, қарындастарым былайша білдірмегенмен, іштей ағамыз спорт шебері, самбист деп арқаланып жүрді. Шекарада, ел шебінде соның бәрін ой

елегінен өткіземін, жан төріме тұндырамын. Әлдебіреулер, әлдебіреу емес-ау, сол қаланың «қызыл қоразсымақтары» қоқаңдап жатса, енді жалғыз қолыммен қалай жасқаймын, қорғаймын деп те жігерім құм болады...

– Қой дедім ғой мен саған, Ақмөр, Мөр... жә, жетеді, оқымашы, – Ақшай ұлының суретін орнына апарып қойды. Мойны жағасын керіп, тырсылдатып тұрған тыптығыз Дастан мен әлі талай күресемін дегендей тесірейіп қарайды.

– Мен барған соң, жаттықтырушы боламын. Оған менің правом бар.— Ақмөр сыпыра аяқтап шықпақшы екіпінмен мәнерледі. – Физкультурныйға сырттай түсіп аламын. Самбо тәсілдерін бір кісідей-ақ білемін ғой, апа. Өзін-өзі баптамаған, өзін-өзі шынықтырмаған шикі өкпе ұлдар өмір бойы қор болатынын көрдім. Обал-ай, десеңші. Күш-қайраты кем бозбалалар қай сында да жапа-тармағай жығылады, таяқ жейді. Бос, боркемік жастар өзге тұрмақ, өзін де қорғай алмайтынын көрдік. Самбо әдістерін оқып, үйренетін кітап жазамын, Сол қолым соған жарайды...»

Үш қыз Дастанның спорттық альбомын ақтарып кетті. Ақшай құр күрсіне береді. Ұлдың әкесі алыста – жарыста.

Екі өмір

Раушан гүлдің исі жан желпиді. Кеудені жұпар жел кеулеп, тұла бойға ғажайып бір күш қосқандай. Сары ала қаз қаңқылдап өтті. Ызғартөбе басы ақша бұлттан сәлде оранып, алыстан көз тұндырады. Көк майсасы тебіндеген тау етегі табаныңды қытықтайды. Ауыл сыртына аулақ шығып биік төбе үстінен қараған кісі кіп-кішкене селоның бар құдіретін көкірек көзіне қонақтатар еді. Тәліп те сол құдіреттің құлы. Өрім жасында ғой жақсы-жаманды ажыратқан жоқ. Басқаның бау-бақшасын бұзып-жарып, әйтеуір бір нәрсені қойнына сап, қолына ұстап шықпаса көңілі көншімейтін әр нәрсеге әуестік кез бозбала шаққа ұласқанда, соғыс оғы атылды. Жейдесін жел кеулеген Қостөбеден қол бұлғап көген көздер аттандырып салған сәт

ып-ыстық күйінде жүрек түкпірінде құндақтаулы қалпы. Ат шаптырым ауыл сыртын бір түнде сан орағытып өтетін екі аяқ шіркін қара саннан сынып түседі деп ойлап па еді. Жә, оны қойшы, келмеске кетсін аяқ. Ал мына бүгін-ертең келіп қалар деген әскердегі баласы қай автобустан түсер екен? Баяғы өзіне ұқсап удай мас боп, шашы бұрқырап келсе қайтер еді. Жок, оның ауылын аулақ қылсын де.

Тәліп қос балдағын борпылдақ топыраққа белуардан шаншып қойып, малдасын құрып отырмақ болды. Әй, сол астыға бүктеп тиянақтайтын екі аяқ тап көзден бұл-бұл ұшқан екен ғой. Дереу тертесін шешкен ат құсап, аяқ бауын ағыта бастады. Сықыр-сықыр құранды жіліктер бөлек-салақ қалды. Аңқылдап самал есті. Жанға жайлылығын қайтерсің қоңыржай желдің. «Тоғызыншы май күні күткізбей-ақ үйге барамын. Өне келеді, міне келеді деп Алматының вокзалынан торығанды қойыңдаршы, тегі. Аанадағы демалысқа келгенде, ұялғаным-ай қыздардан. Қораланып нақ бір соғыстан қысқа мерзімге еліне келіп қайтқан майдангер сияқты ұлап-шулап шығарып салып жүрсіндер. Үйден-ақ күтсеңдерші».

Бәсібектің осынау хаты қалтада. Әй, әйтсе де әке-шеше шыдасын ба, Бүбін жалғыз қызын ертіп, автобус аялдамасын айналсоқтап ол жүр. Әкесі болса...

Екі бірдей аяқ Берлинде қалды. Омырауы сынғыр қаққан қапсағай жігіт қара жолдың белуардан шаңына таяғын тіктеп басып, сиыр базға тартты. Удай мас. Айқайға басып келеді. Өлең айтқаны: «Ат байладым ақырға, бал қайнаттым бақырға, сол балымнан татпадың, қайтарып сәлем айтпадың-а-ай, ей-ей» деп ықылық атып созады. Ақын атасының белгілі жоқтауын дірілдетіп созғаны аза бойды қаза тұрғызады. Бүбінде ес жоқ, ағаш аяқтың ұшқыл басын құшақтап, еңіресін кеп...

Сан-сапалақ ағылып жататын автобустардың түр-түсі, тұрқы көзге әбден таныс. Ал «Алмалы – Қызыләскер» деп қатынайтын ұзын абажадай автобус беп-белгілі. Жол айырығындағы жол жөндейтіндердің бекеті қасында ауылға кіре беріс аузындағы бір аялдама бар. Дәл содан бұрыла беріп кілт тоқтаған автобустан сары-ала қозыдай киінген жаздық формалы солдат түсті. Тәліптің іші

кылып ете қалды. Апыл-ғұпыл жинамалы аяғын бекітіп, балдағына мінді. Қызғалдақ көмкерген алма бағын аралап әлгі жауынгер асығар емес. Түк көрмегендей анасын бір, мынасын бір үзіп шеңгелдеп келеді. «Дәу де болса біздің бала шығар, байқаусыз кіріп барайын» деген. Бақ шетінде көкке малынған егіс даласы. Ентігіп басып барады. Лүпіл қаққан майдангер жүрек «жүгір, жүгірдің» астына алады. Амал қайсы, ағаш аяққа күнің қараған соң...

Әке шыдамады. «Әй, Бүбіш, солдат келеді!» – деп айқайды салды. Оны ешкім де естіп жатқан жоқ. Естімесе мейлі. Қан майданнан жарадар боп қайтқан жауынгер емес, бейбіт өмірдің сақшысы – солдат келеді ғой.

Әке мен бала құшағы айқаса кетті. Шыбықтай солқылдаған шынашақтай ұл соқталдай солдат. Балғадай қолымен әкесін таяқ-маяғымен тік көтеріп әкетті. Алғашқы тіл қатысулары «Жеңіс күнімен, Жеңіс күнімен», – деген жүрек жарды сөзден басталды.

– Әкесі-ау, неге мұңайып қалдың, – деді Бүбін мәресәре қуаныштың үстінде бір сәтке таяғына сүйеніп тыста тұрған Тәліпке бір шыны аяқ қымыз ұсынып тұрып. – Қайсысы келінге лайық екенін сынамақсың-ау мына күнім қыздардың, ә.

– Тәйт ары, балалардың көңіліне ауыр тиеді. Сенің осы келін түсіруден басқа ойың бар ма? Жәй әшейін, қазіргі жастар бақытты ғой. Барады да келеді. Мына біз не күйде қайтып едік, есінде ме? Соны елестетіп тұрмын да баяғы. Соны айтып, сықыр-сықыр басып, Тәліп үйді айналып кетті. Қарындасы ағасынан бір елі ажырамай жүр.

– Мынау не значок, а?

– Әскери эзірліктің үздігі.

– Екі шетіндегі ше?

– Шаңғыдан бірінші разряд, жүгіруден...

– Сұмдық спортшы болып кетіпсіңдер ғой.

Бәсібек басын шайқап тұрып күлді:

– Түске дейін пырылдап ұйқтайтын ауыл ғой дейсің бе?

Тәліп те таяғына сүйеніп бұл сөздерді естіп тұрған. «Раз-

ряд, спортыңды білмей-ақ жауды жапырып жеңгенбіз», – дегісі келді. Үндеген жоқ. Екі аяғымен жерді нық басып барып топ қыздардың біріне гимнастеркасын шешіп, иығына ілген ұлына қарап көңілі тоғайып қалды.

Елес емес

Биік төбедегі ерекше белгіге бәрі де әуес. Бүлдіршіндер тіпті қаптап жүреді.

– Маңдайлары жарқырап бұл боздақтар қайтып ораламыз деп кеткен...

Ауыл қарттарының аузынан осы бір үмітті сөз үнемі айтылып келеді. Ескерткіштің айналасына жыл сайын ауыл жеткіншектері алуан түрлі ағаш отырғызады. Ел қорғаны бола білген боздақтардың құрметіне соның бәрі. Жайқалған жасыл желек арасындағы бүлдіршіндер күлкісі жүрегінді елжіретеді. Жаппай тал шыбық шаншып «Боздақтар бағын» салтанатқа бөлеп жатқан қалың көпшіліктің бел ортасында Сардар да жүр. Сыңсып өскен мынау жеңіс бағы көз алдыға шым-шытырық елестер әкеледі. Қолындағы автомат құндағын бауырына басып, жамбастай құлады. Әуе айналып жерге түскендей қапырық. Көгілдір Дунай жағасы элем-тапырық. Әдемі әуенге арқау есіл дария-ай, шалқыма сазды «Көгілдір Дунай» вальсін мың бұралып билейтін өкшелер қан-жоса шашылып жатыр. Сіркіреп төккен пулемет оғы құлақ тұндырмас еді – оған ет үйренген. Әуеден құдилап ажал бомбалар бүлдіріп кетті бүкіл дүниені. Ұзынтұра төрт-бес офицер бастаған алпыс қаралы неміс автоматшылары сағы сынып, сытыла қашқаны сол еді, Двинскіні торыған жау самолеттері қаптады келіп. Содан... жоқ, бұл елес емес – шындық еді...

Бұрқ етіп бір төбе топырақ көтеріліп басылғанда көзі бұлдырап сала берді. Алдымен ащы дыбыс жаңғырығы жан дүниені жаралап өтті. Жарқылы санарын суырған зор жарылыс әрі-сәрі арпалыс сезіміне сүнгітті де жіберді... Сонда да дәл осындай боп аспан күркіреген. Жанға жайлы көктем болатын. Үшқоңырдың Ұзынағаш жақ етегі шымқай көкке

малынған – көздің жауын алады. Жуа тере шыққан жас өрім ұлдар мен қыздар қораланып алып, тас ығына тасаланды. Қара бұлт қотарыла көшіп, түйіліп-түйіліп тұрып қарс айрылғанда, жасын түсті. Жап-жарық оттың сәулесіне оранып төгіп-төгіп тастаған ақ нәсерге алақан тосып бұлар мез. Содан малмандай боп суға малшынған баршасы қия беттен тайғанақтап жүгіріп жуа терсін. Әсіресе ақ жуаға қол бұрын жүгіреді. «Күн күркіремей жуа жеуге болмайды», – дейтін үлкендер ұлағатын ұстанып өскен ұландар да сертке мәрт. Тайғанай-тайғанай тау табанына түскенде тағы да найзағай жарқ етіп, от ойнады. Бәрі бір уыс боп бір-біріне тығылып қалған екен. Сарқырап-күркіреп өте шыққан ашулы бұлт дүмпуі артына шелектеп жауын төгіп барады. Шылқыған су-су көйлек егіне жабысқан кішкене бұрымды қыз әлдене сыбырлады. Не деп еді сонда? Иә, нені күбірледі? Құрғыр-ай, мына жан қинаған жарадар тән қайтеді... «Не, не дейсің, қайталап айтшы, қане?..»

– Сіз қатты қозғалақтамаңыз! Әйтпесе қан көп кетеді.

«Қан көп кеткені несі? Жауын басылған ба? Құшақ толы ақ жуам қайда? Кластас қыздар қайда кеткен? Апыр-ау, аяғым ба, басым ба, сынып барады ғой тегі!..»

– Сәл ғана шыдасаңыз, медсанбатқа ілігіміз. Жолдастарыңыз оларды өкшелеп қуып кетті. Жау дүркіреп қашып барады.

Адам «итжанды» деген рас екен. Өлімші жараланып жатса да «жолдастарың» дегенді естігенде, екі көзін тырналап әрең ашып алды. Будақ-будақ түтін көшкен майдан даласынан көк иісін ұзақ жұтынса да сезе алмады. Әр жер, әр жерде шоңқиған қару-жарақ арасынан ыңырсыған үн шалынады құлаққа. Есін жиған сияқты. Жап-жас қыз тырмысып, мықшындап өзін тістеніп сүйреп келеді екен. Палатканың жан-жағын қаусырып байлап, тырмыштап тастаған. Селтиген ақ селеу шашын пилотка астына жаншып киген қоңырқай жүзі айғыз-айғыз тер. Шынашақтай тұрқы бар мына жауынгер-санитарканы обалсынып тұрып кетуге хал, қане. Және де өзі «қозғалмаңыз» деп қояды. Қайсарлығын қарай гөр өзінің. Кешегі күні көктемде сонау Үшқоңырдың ұшар басында күн батқанша ақ нәсерді

елемей етегіне жуа терген қара тәмпіш қыздардан қай жері артық. Тірсегін қаққан сұр шинельге шалынысып мың сан жауынгер өмірін сақтап жүргенін қарашы. Намыс бұған бұла күш бұлқынып көріп еді, қу аяқ жібермеді. Көзіне жас келді. Ауырсынғаннан емес, ару жасты аяғаннан ағыл-тегіл жылап келеді.

– Аға сержант жолдас, абыржымаңыз,– деп қыз жұбатып жатыр.

– Әлі-ақ жазылып кетесіз. Дәрігердің дуалы қолына бір жетсеңіз, басыңызға дулыға кигізіп, қолыңызға көк сүңгі ұстатады. Тек, шыдап бағыңыз...

Қайран қыз қайдан білсін. Жауынгердің жасығанын тән жарасына жорып тұр-ау, шамасы. Ар қысып жатқан нар жігітті оқ пен оттың ортасынан алыстата берген санитар қыз кенет жұлындай ұшты. Екі бүктеліп барып, басын көтерді.

– Қарындас, қыбыр етпе, жазым боласың! – Даусының қалай қатты шығып кеткенін өзі де байқамай қалды. Алыстан атылған жалғыз оқ талып жеткен болу керек, қыздың оң қолын шым еткізіпті. Ет-қызуымен қайта еңсесін түзей берген ол жігіт әміріне құлақ асып, жермен-жексен бұғына берді. Сәлден соң іш жейдесін дар айырған жаралы жауынгер жаймен тіл қатты:

– «Дүние кезек», – дейді біздің қазақ. Басым мен аяғым болмаса, екі қолым қатты-қайырымға жарайтын түрі бар. Кел, таңып берейін.

Қыз қолын ауырсынып әрең ұсынды. Жең іші жоса-жоса қан. Шынтақтың түбі тас-талқан. Сол тас-талқан буынды бунап байлағанша былқ еткен жоқ. Жайшылықта шыбық тимес шыңқ етер нәзік жандарды қан майдан жорықтары қалай шындаған десенші. Гүл ұстауға, сәби әлдилеуге жаратылған шіркін қыз қолын қарашы енді – қансырап тұр. Қансырап тұрғаны, оқ тигені. Дұшпан дәлдеп атқан қорғасын оқ кәдімгі. Отан-ана қорғаны болуға бел буып аттанған әйел затының елім, жерім деген перзенттік махаббаты ер-азаматтардың жігерін жанып-жанып жіберері кәміл. Жігіт осыны ойлады. Қарғадай қыздың қызғалдақтай өміріне көздеп, оқ атқан неміс фашисіне қаны қайнап бара-

ды. Бірақ, қайтерсің, құндақтаулы баладай бұратылып тұла бойы зіл-батпан жатысы мынау...

Кенет жарасы жеңілдесін дегендей дереу әңгімеге тартты:

– Тәрізі, майданға өзің сұранып келгенсің ғой, ә?

– Иә, оған сөз бар ма! Бірақ жаралыларды тасу үшін емес, жаумен жағаласу үшін тіленгенмін. Мергендіктен кенделік жоқ-ты. Нысанадан мүлт кетпейтіндігіме қыздар түгіл жігіттердің өзі қызығатын. Әттең, әлгі мені көздеп атқанмен андысып көрер ме едім.

– О-о! Қайсар болдың ғой, қарындасым. Әсте қайсар мінез қашан да үстем түседі. Қайсарлыққа қаһармандық ерлік қимыл қосылған соң жан қоя ма, қара ниет жауды жеңеді халқымыз. Сонда сол қайсар елімнің қай қызы ажал отынан арқалап шықты деп айтып жүрейін жыр қылып?!

– Надя, – деңіз, Украинадан...

Осыны айтып алға қарай бір қолдап тағы да сүйрей жөнелді. Астан-кестені шыққан қанды топырақ жүрек қабады. Бомба жарықшағы жаралаған сүйек сыздап, ет ауырытып, бебеу қақтыра бастады. Соңғы тынысымен ышқынып ұшқан кәрі құзғындай неміс самолеттері және ызың қақты. Бұлар тағы тасаланды. Ауырған қолын астына баспай бір қырындай жасырынып жатқан қыздың жүзіне бір, самолет сұлбасына бір жаутаңдап жатып неге екенін өзі де білмейді, есіне ескі қиссалардағы мынадай жыр шумақтары түсті: «Әуелеп ұшқан алты қаз, атайын десем оғым аз, қонамын десең жануар, міне, майдан, міне, саз...» Қос обаның түбінде тосын алып, бұқпантайлап келіп Төлегенді мерт еткен әккі Бекежанның қылығы мына немістердің іс-әрекетіне ұқсамайды. Сонда не үшін елестеп жатыр екен, ә. Әлде опасыздан опық жеп, арман-мұңын аспандап ұшқан алты қазға шаққан жарадар Төлегеннің жәудіреп жатысы осы көрініске ұқсай ма? Кім білсін, әйтеуір, сол бір сәттерден жақындық, ұқсастық іздеген қам көңіл шартарапқа шарқ ұрды. Аспанды әсем сұңқылына бөлеген сары ала қаздар емес, қазір қапталына қап-қара крест таңып алған ажал самолеттері самсап ұшып жүр. Бекежан сияқты құр

нәпсінің құлы емес, бүкіл әлемді қалтыратып, құл етуге құтырынып шыққан гитлершілер, канқұмарлар лаңы бұл. Сонда бұл қисса оқиғасы қанды көбік қырғынды кітап парақтарынан ғана оқып-білетін бейкүнә балалық шақты, мамыражай бейбіт тірлікті сағынғаннан туындап кеткен болды-ау, шамасы.

Қым-қуыт ойлар, шым-шытырық оқиғалар ойын оңға, санасын санға бөліп жатып талықсып кетті. Манағы аспан-дап ұшқандардан дәнеңе жоқ. Аузы-басын дәкемен таңған ақ халатты адамдар кеу-кеулеп ортаға алыпты. Алғашқы оның айтқаны мынау болды:

– Надя қайда? Әлгі украин қызы Надяны айтамын...

Жауынгер жарасын жеңілдетуге әзіл сөз құдіретін де ем деп білетін майдангер-дәрігерлер мұндайда жебе ғой шетінен:

– Ғашық болып қалған, көрдің бе. Операциядан шыққаны ойында жоқ, қыз сұрайды.

– Махаббат деген қиын ғой. Қырғын соғысың сөз емес оған.

– Жә, әзілден әрі, – деп ол жарасын ауырсынып, қабағын шытты. – Ең болмаса оның фамилиясын да білмеймін. Ерлік ісіне ерлерше рақмет айтуға жарарамағаным жаныма батып барады.

– Қалыңдықпен қайтпақсың ғой Қазақстанға. Жеңгетайлыққа жарармыз деген дәме зор бізде...

Ашуланып көр, ал, ақ желеңділерге. Іліп-қақпай әзілге дес бермейді. Соның өзін ауруларға шипа деп біледі олар. Ауырған-сырқаған жерің есіңнен шығып кетер сәттер көп. Мына түрлеріне қарап «Дудар-ай» әнін білмейді деп айтып көр, қане. Өнебір қолаң шаш қазақ қыздары: «Мәриям Жагор деген орыс қызы, он алты-он жетіге келген кезі, Қазаққа Дудар деген ғашық болып, сондағы Мәриямның айтқан сөзі», – дегенді қалай ғана шырқамады дейсің, шырқады. Сөз жоқ, талай рет шырқады. Халықтар достығы тамырын тереңнен алатынын алапат ұрыс кездері де дәлелдей түсті. Ол оны осы жерде табандатып алты ай емделіп жатқанда ғана емес, сонау сұрапыл соғыс басталып, апасы Мәписхан он сегіз жасар ұлын Отан қорғауға аттандырып салған сын

сәттердің бәрінде жанымен сезініп келеді. Иә, айтпақшы, апасы демекші, анасы Мәписханның көрші қыздардың қолымен жаздырған үшкіл хаттары «дала почтасына» тынбай келіп тұрды. Үш бұрыштап үшкіл етіп жолдаған ақ парақ жолдарын зу-зу атылған оқ астында, еңку-еңку жер шалып жүріп оқуға асық майдангер ұлдың көз алдында ақ бас Алатаудың құшағына кіріп, жайбарақат жатқан туған ауыл түтіні мұнартар еді. Сол танауға таныс иістің ертеңдікеш мал өргізген, жер жыртып, көкөніс жинап-терген тірлікқой адамдары еске түседі.

Солқылдаған гүл дәурені бүрлеп, енді-енді арман құсына қол ұсынып қызық күндерді аңсаған бұлбұл жастық кешуі: «Қайыр қош, көріскенше күн жақсы» дескен тілдей қағазға қарап қалады деп кім ойлаған. Май мерекесіне орайластырып жазған апасының мына хаты төс қалтасында жүріп тозды: «Құлыным, әр хатың таңғы асымызға татиды. Сөзге сонша сараң болармысың, жорғалатып екі жол тартасың да қол қоюға асығасың. Артымда екі көзі төрт болып ұйқысыз күтіп отырған ақ шашты апам бар, ең құрымаса сөзге мәз етейін демейсің-ау, балам. Мейлі мұны аналық асылық базына ретінде қабыл ал. Ту сыртыңнан дұшпаның дәлдеп атып тұрғанда сендерге де кінә тағып бола ма, тәйірі. Дәмдес-түздас құрбы-құрдастарыңа жылы лебізімізді жеткіз. Әділдік атаулы жар болсын бәріне. Әлгі Жамбыл аталарың жырлай беретін Сұраншы, Саурық сияқты ата-бабаларыңның жау жүректілігі біздің балалардың құдайға шүкір, бәрінде бар. Сонда да болса туған елін, туған жерін қас дұшпаннан қорғаған аруақты батырлардың атын ауызға алған артық емес шығар. Мерей үстемдігін ақ жүрегімен тілейтін ана біткеннің күткені Жеңіс қана.

Ал енді ауыл-аймақтан бірер хабар, айналайын: асылы, береке болатын түрі бар, тау суы тасып жатыр. Ұзынағаш өзені ағыл да тегіл, бекет етегіндегі Саржан көпірі көбік су астында қалды. Қазір қыр біткен қызғалдақ жамылып жатыр. Жұрттың жүрегі әлденені сезетін секілді-ау деймін осы. Жылдағыдай емес, емен-жарқын. Жақсылық туар күн жақындап қалғандай қуанышты қалып бар...»

Ақ көгершін боп қанатын қағып жеткен туған жер

хабары жауынгер жанын жылытып жүрер еді... Сонау Тянь-шань сілеміндегі бейбіт еңбек қаһармандары Май мерекесін қызыл-жасылды жалаулармен қарсы алып, салтанатты сапта келе жатса, ал мұндағылар қайтсек Сабын тауын сұмырай жаудан тартып аламыз деп күндіз-түні жан алып, жан берісті. Бірақ бұл раушаны бас тартып, рауғашы жапырақ жайған мамырстан Алатау емес, шыр көбелек тікенек сымға, айнала миналарға оранған шерлі шоқы.

Үш бірдей қорғаныс белдеулерін құрып тастаған биіктігі теңіз деңгейінен үш мың километр Сабын тауы үшін қырғын соғыс қаншама боздақтың қыршын жасын қиып кетті. Әр ұлттың өкілдерінен қырық автоматшысы бар жауынгер взвод сын сағатта намыс туын жыққан жоқ. Тоғыз сағатқа созылған қанды айқас совет жауынгерлерінің ерлігіне бас иді. Өлгендерін есептемегенде, бес жүзден астам неміс офицері мен солдаты тұтқынға алынды. Елім деп, жерім деп жартасқа қисайған боздақ қолынан Қызыл туды екінші біреулері жерге түсірмей іліп алып, ілгері ұмтылды.

Ақыры, соншама шығынға қарамастан Сабын тауының ұшар басына нарт Қызыл ту ілінді. Взвод командирі қазақстандық жас жігіттің бір өзі ұрыста дұшпанның он бес солдатын, екі офицерін жайратты. Тарих шежіресінде алтын әріппен ойылып жазылып қалған қанды шайқастардың ең елеулілерінің бірі – Сабын тауындағы шайқастағы жанқиярлық ерлігі үшін оған Совет Одағының Батыры атағы берілді.

Жеңіс сағаты соғылғанда соңғы жараның аузы біте бастаған-ды. Жеңіл-желпісін елемегенде бұл оның төртінші рет ауыр жаралануы еді. Сол төртінші рет қатты жараланғанда жау оғынан арашалап, бесіктегі баладай жамылғыға бөлеп медсаябатқа сүйретіп жығылып-сүрініп жеткізген жап-жас қызға рақмет айта алмай қалғаны өкініш болды. Украин қызы Надя өзі сияқты қаншама совет жауынгерін ажалдан арқалап шыққан шығар. Оған сөз бар ма. Бауырмалдық атты мархабат сезім тұнған жауынгер қыздарға мың тағзым! Батыр жүрегі сан-сапалақ соғыс сәттерінде бүлк етпеген еді, енді ойласа небір аждаһа аузы-

нан қайтыпты-ау. Ал сол аждаһадай өлім өңешіне іліккен өрім боздақтар өмірін ойласа, ет-бауыры елжірейді.

Алыстан көз тартатын көк өрім көшеттер ырғалады. Боздақтар бағына айналған бойшаң ағаштар тамырын тереңге бойлатқан. Бұр жарып, самалға ырғалған жансая желектің әр түбі Отан үшін от кешіп, опат болғандар жайлы сыр шертіп, сыбдырлай тілдеседі. Жанпоз қыршындардың нұрлы шағынан елес тастап, көк желек көшеттер жайқалады. Кәдімгі мынау бүлдіршіндердің бүгінгі таңдағы, бейбіт күндердегі бакытты шағы дерсің аумаған. Село ортасындағы биік жотаның үстіне – Мәдениет үйі алдына орнатылған бұл ескерткіш-обелиск кез-келген адам жүрегін дір еткізеді. Мәрмәр тастан қойылған белгі-тұғырда ойып жазылған мынадай жолдар бар: «Отан қорғау жолында осы ауылдан аттанып, қайтып оралмай қалған боздақтар». Ал одан әрі екі жүзге жуық адамның тізімі тасқа қашап тіркелген. Ел қорғағандардың тас тізімі! Бұл тек Жамбыл селосынан ғана.

Жұрт бірінен соң бірі ағылып келіп гүл шоқтарын қойып жатыр. Осы бір май айында тас тізімге тағзым ету жиілеп кетеді. Бүгінгідей Жеңіс күні ақ мәрмәр тастың қасынан адам арылмайды. Омырауында ордені жарқыраған жас жігіт тізімге телміріп тұрып, «Әбдірақбаев Әубәкір» деген тұсқа келгенде көзін жасқа шылап алды. Әрбір әріптерді қолымен сипалап, бір құшақ гүлін құлпытасқа сүйеді.

– Қайтесің енді, талай боздақ тас-тізімге айналды ғой. Тек сол қасірет қайталанбасын дейік те. Жігіт басын көтеріп, ауыр күрсінді. Ауыр күрсінді де:

– Көпке түскен нәубетке шарамыз қайсы. Әйтеуір әке өмірін жалғап жүріп жатырмыз. Әубәкір әкеміз артында Асқарқұл деген мендей ұлы бар екенін біліп кетті. Қайта оған да шүкіршілік. Ал артында тұяқ қалмаған түгін қайтпек десеніңші, Әй, қу соғыс-ай, нәлет...

– Әрине, әкеңнің аруағы риза шығар саған. Өзің де бала сүйдің, ауылың арқа сүйер азамат болдың.

– Бұған да тәубе. Болдық қой азамат, – деді әлгі орденді жігіт.—«Әубәкірдің шаңырағы» деп қариялар маңдайымнан сүйеді. Тек бет-жүзін өз көзіммен көре алмай, құрсақта

қалғанымыз қинайды. Жансыз бейнесі жанымызға демеу, басқа салған соң сол...

«Рас, қой, қайтеміз, өтті-кетті ку соғыс. Бірақ өткен күннен белгі бар. Бас шайқалтатын, жан күйзелтетін белгілер. Ең бастысы бейбіт күнді қорғап қалдық. Қорғасын оқ бытыралары жүрегін ауыртып, балтырын сыздатқан жарадар жауынгерлер аяқ-қолдарын беріп қайтты. Біз ақсасақ – ақсайық, тек өмір ақсамасын. Ұрпақ біткен оқ-дәрінің қоңырсыған исін сезбей-ақ өтсінші...»

Соғыс Сардары осы бір оймен толқып тұрғанда «тарс» - еткен дыбыс шықты. Алаңсыз топырлаған, топталған қалың көпшілік оқыс оқиғаға селк ете түсті. Сөйтсе, кішкентай кекілді балалар сіріңкенің күкіртін үгітіп, қағазға бүктеп, орап, тас арасына жаншып атқан екен. Кәдімгідей адам шошырлық дыбыс берді. Тура мылтық атқандай күкірт дәрінің иісі қолқаны қапты. Танауды қытықтағаны, «тарс» еткені әлденеге ұқсанды екен. Сонау Сабын тауындағы Жеңіс салюті сәтке елестеп кетті. Жақпар тау қойнауын тұмшалап алған қою кара түтін иісі мұрынға келгендей болды. «Жолдас, старшина!» Әлдекім айқайлағандай ма, қалай? «Взвод командир! Дадаш Бабажанов!» Жан-жағына жалтақтай берді. Ешкім дыбыс бермейді. Жай әшейін елегізгені екен. Май айында боздақтар бағын аралағанда өстіп дегбірсізденетіні бар, Жұрт мұның атын түгел айтып жатпайды. Соғыс сардары дей саяды. Әйтпесе Батыр деп салмақтап қояды. Екі атаудың қайсысы да ел құлағын елең еткізеді. Халық қашан да тауып айтқыш қой.

Бақытты тұрмысты қанымен, жанымен жасап, туған ауылына қайтып орала алмаған ардагер-майдангерлерді көз алдына елестетіп ол жайқалған жасыл бақты жайымен аралап келеді. Батырдың басынан нелер өтіп, нелер кетпеді дейсің!.. «Мың өліп, мың тірілген» сұрапыл соғыс сәттерін елестетсе... жо-жоқ, ол тіпті де елес емес, қанқұйлы қырғын, шындық!

– Қорқыныш сәттері болды ма? – деп сұрайды-ау өткеннің бәрін кинодан көріп, қызықтайтын қазіргі ұрпақ.

– Неге болмасын, болды. Жәннат жерімізді жайпап кетер ме екен деген, бақытты тұрмысымыздың шырқын бұзады-

ау деген қорқынышты қауіп бұлты үйіріліп бақты. Міне, соның бәрін ыдырату үшін жанталастық, қара ормандай арман-мұратымыз, ата жұртымызды шырқырап қорғадық.

– Ерлік қалай жасалады? – деп жас жеткіншектер тақымдап сұрап қоймайды.

– Ел қорғау арқылы. – Бұл жауап аздық ететіндей көрініп және тарата түседі. – Намыстан туады, алтын бесігіңді қызғыштай қорғаудан туады жанқиярлық ерлік.

Басқа не дейді. Жасыра алмайды. Мен бір Батыр болайыншы деген жоқ. Әдейі жасаған жоқ. Жауынгерлік ту желбірегенде ел-жұртынан аянып қалар не бар. Халқын қорғап, кеудесін жауға тосқандардың бәрі де ерлік жасағандар!

Әлди

Қара орманын тастап, қоныс аудару Күләй апаға оңай болған жоқ.

– Қабағыңыз салқын ғой, – деп көрші кемпір Нұрбала ептеп тамырын басып қояды.

– Кісі көз көрген қараң-құранды сағынады екен.

– Ал мен үйреніп кеттім, – дейді оған Нұрбала кемпір кимешегін түзеп қойып. – О баста мен де жан-жағыма алақтап, көшеге сыймайтын едім. Қазір осы қалада туып, қалада өскендей-ақ бауыр басып барамын. Сен де әлі-ақ сөйтесің, замандас.

Күләй апа күрсінді.

– Әй, қайдам-ау. Ауылдағы немерелерім де түсімнен шықпайды. Біреулер жыларман қып өкпелетіп жүр ме жарық жұлдыздарымды.

– Ондағыларың нешеу? – деді Нұрбала көрші.

– Қолымдағысының өзі он бір сотанақ қой. Өзіммен бірге тұратын екі баламның қара домалақтары. Қазір олар құдай біледі бар ғой, екі көздері төрт болып терезеден телмір-е-еп қарап, жолды қарауылдап жүр. Ана әке-шешелерін кісі екен-ау демейді. Маған арқа сүйеп алған әбден. Олар не күн көріп жүр десеңші.

– Ой, құдай! – Көрші кейуана қолын жерге сілтеп тастады.

– Қай бір бокмұрынның бодауына басынды байламақсың. Шыр-пыр болған қай шешенің шырақшысы сол шіркіндер. Қолы аузына жеткен соң шаштарын желкесіне түсіріп жіберіп кетеді тұс-тұсына. Қазіргі балаларда бір түйір мейір жоқ. Дала безер бәрі.

– Көпке топырақ шаша алмаймын, – деді Күләй апай дөңгелекті бесікті сықырлата тербетіп. – Он үш құрсақ көтеріппін, соның үшеуі ғана жер басып жүр. Әлгі ел айта беретін «Ұл жұмсағаннан ырым ет қалмайды, қыз жұмсағаннан қырым ет қалмайды» деген мәтел шын да шығар.

Бірақ өз басым екі ұл, бір қызымның қызығын көріп келемін, шүкір оған. Ауылдағыларым үйді де жайғайды, түзді де тындырады. Әкелері бастап трактор оталдырғанда көшенің сәні сияқты. Бір үйден үш бірдей дөңкиген дөңгелекті дәуің көшенің жолына шыққанда, бүкіл ауыл көшіп, қонғандай болады.

Осыны айтып Күләй апай бір көтеріліп қойды. Жүзінде бейнетқор әулетіне деген мақтаныш бар секілді. Әжім шырмаған ұялы көзі күлімдеп, табанда жандүниесі жадырап салғандай.

– «Қартайғанда кісіні туған топырағына тартады» деген рас шығар, – деп Нұрбала көрші енді мұңайып үн қатты. – Жастықтың желігімен білінбей жүреді де, қайратың қайтқан соң әлденеге жүрегің сыздайды екен, Әлгі сағыныш дегенің сол болар. Бұрынғыдай емес, оңаша сәтте сонау өскен елді біруақ есіме алып қоямын. Сол сәттерде өкпе-бауырым солқете қалады. Бірақ, амал не, мына менде тума-туыс қалған жоқ. Бәрі де қопарылып қалаға көшіп алды. Ауыл-ауыл дегенмен кімге барарсың. Сап, көңілім, сап деп басқа салған тағдырға тізгінді беріп қойып, бәріне көнген жай біздікі.

Жаңа ғана «қазір осы қалада туып, қалада өскендей-ақ бауыр басып барамын» деген ақжаулықты адам басқаша ақтарыла бастады. Әшейін сырты екен-ау байырғы қалалық боп көрінгісі келетін. Әйтпесе ішкі дүниесі туған жер деп аңырап-ақ жатыр екен ғой, шіркін!

– Бәріне бейнауат бала деген бәле білемін, – деп Күләй апай жаңалық ашқандай бесіктегі немересін қымтап қойды.

– Менде сол ұлдың қамын ойлап, сонау бір ертеректе осы қалаға келген едім. Ақыры тұсалып қалдым. Осылардың бөпесін өбектеп жүріп ауылдағы ағайын-туғаннан да алыстадық. Көп жыл болды, енді көндігіп тындық. Бүйрек шіркін сирек те болса бір бүлк етіп қояды. Күрсініп сап тырп-тырп басып қала орамдарын қаздаңдап қыдырып кете барамыз. Анаған бір, мынаған бір кезекке шұбырып тұрумен-ақ құдайдың күнін де батырамыз әйтеуір.

Нұрбала көршінің көңілі бұзылып, үніне діріл араласты.

– Е-е-е, ендігі қызық-шыжығымыз осылар ғой, – деп Күләй апай көрші кемпірдің босаңсыған көңіл-күйін жұбата сөйледі. – Осылар оқысын, білім алсын деп армандаған да өзіміз. Қалада қалып, бір жұмыстың басын ұстағанына шүкіршілік еткен едік. Енді кеп анау-мынау дейміз. Біздікі де пендешілік қой әшейін.

Көрші кемпір қалтасынан кілтін алып, бауын шыжымдай берді

– Немерелерім де есейіп кетті. Арты оныншыны биыл бітіреді. Ойнатып, тербетіп отыратын сол бір күндерді де аңсайды екенсің. Жас баласыз үй жадау дүниедей жабырқау көрінетінін қайтерсің.

Азды-көпті шүйіркелескеннен кейін Нұрбала көрші дүкен аралап, анау-мынау азық-түлік алуға кетті де, Күләй апа көп қабатты зәулім үйлерге қайта көтерілді.

Ақиес есікке тақала беріп, кілт тоқтады. Құлағына әлдебір дауыс шалынды. Тыпыр етпей тыңдап қалды.

Ұлан біздің қайда екен,

Қыздарменен тойда екен...

Қарлығыңқы әже даусы тас үйді басына көтеріп барады. Енесі бесікті тербетіп отырып тебірене әлдилейді. Ақиестің бесік жырын естіп жан дүниесі иіп, көзінеи жас парлады. Немересін жұбатқан жасамыс адамның жарықшақ үнінде әлдебір сағыныш па, мұң ба, қосыла дауыс айтқан саз бар. О, тоба! Күләй апа осынау өзі өскен, өзі өмірін өткерген

ауылдағы қараң-құраңын, там-тасын, ортасын аңсайды екен-ау. Тек біз үшін жаратылған деп қана үлкендер көңіл-күйімен санаспайды екенбіз, мәңгі бала болуды, мәңгі жас болуды қалайды екенбіз. Қарашы енді, кейуана оңаша отырып, ақ бесіктегі алаңсыз немересіне шағынып баққанын.

Ақиіс кіреберістегі қызыл түймені еппен ғана бармағымен басты. Әже әлдиін тоқтатқан жоқ. Тағы басты түймені. Тырп-тырп еткен аяқ дыбысы есікке тақады. Ұзақ сылдырлатып тұрып ағылшын құлыпты эзер ашты. Келініне таяу келіп әдеттегіше мандайынан иіскеді. Ақиістің іші елжіреп кетті. Енесін айқара құшақтап кеудесіне қысты да, өз бөлмелеріне өтті.

– Шай қояйын ба, әке?– деді Күләй апа жұмыстан шаршап келдің-ау қарағым дегендей келініне еркелете тіл қатып.

– Жо-жоқ, апа, әуре болмаңыз. Дарқан келген соң өзімақ, – деп Ақиіс сырт киімін жүре шеше бастады.

Осы арада бесіктегі баланың қыңқылы естілді. Дабыр-дұбырға оянса керек. Күләй апа дереу бесікті қозғап-қозғап жіберіп еді, кілт қоя қойды. Емізікті құжырлана шайнап, солқ-солқ сорған сәби әжесіне қосылып әдеттенген сияқты. Ол да өзінше бір ыңылға басты. Әжесі әлдиін тағы жалғап еді, бесіктен де үн шықты. Міне, қызық, кәдімгідей қосыла жырлап жатқандай. Ақиіс басын шайқап, мырс етіп күлді. Жер басып жүруге жарап қалған. Жасұланның бесікке жатам деп жылайтыны әжесінің әлдиіне құлағы үйренгендігі емес пе екен.

Ақиістің ойына әлдене сарт ете түсті. «Oh, магнитофонды қосу керек! Міне, идея!» Апыл-ғұпыл қимылдап дауысты таза жазатын жапондық манитофонды үйді жинағансып жүріп балалар бөлмесіне апарып іске қосып қойды. Әже әлдиін әрмен жалғай берді.

Жұмыстан Дарқан келіп дастарқан басында бәрі тегіс отырып кешкі асты ішкен соң, Күләй апа күмілжіңкіреп, ауылдағылар не боп қалды, барып қайтайын деген сыңай танытып еді:

– Апам ауылды әбден сағыныпты, – деп Ақиіс еркелей езу тартты.– Бала бақшаның да кезегі келіп тұр екен.

Тәуекел деп Ұланжанды апарамыз, енді, қайтеміз.

– Мен Ұланжаннан қашып отырғамын жоқ, жарықтарым, – деп Күләй апа зерлі кимешегінің жақтауын түзеп қойды. – Ана бір ауылдағы ақылсыз немелер де түсімнен шықпай жүр емес пе шұрқырап. Солардың мауқын басып, аманшылық болса тағы келіп тұрармын. Ұланжаным бесіктен ауық-ауық басын көтеріп мені іздейді ғой әлі. – Кейуана тамағына тас тығылғандай дауысы тарғылданып кетті. Ақиіс қапсыра құшақтай алды...

Әжесі ауылға кеткелі Жасұлан бала бақшада. Қаз басқандар тобына қосылғалы әр нәрсені былдырлап тынымсыз сөйлей береді. Оның қай тілде екенін ұғып жатқан бұлар жоқ. Дыбыс шығарғанына маз.

– Ән-не-е-е, – деп әлсіз қолын шошайтады қабырғада ілулі тұрған әжесінің үлкейтілген суретін көрсетіп

– Келеді, күнім, келеді, әжең тағы, – деп Ақиіс алдарқатады.

– Дү-ү-үт...– дейді Жасұлан аспанға қолын құлаштай созып.

– Иә, иә, құлыным, дү-ү-т деп әжең автобуспен ауылға, сон-на-а-ау алысқа кетті.

Күләй апа үйде жоқ болғалы бәрі қоңылтақсып қалды. Аттай он ай осында тұрды ғой. Үшқоңыр баурайын сағынып кеткені, әйтпесе... Үлкен адамы кіріп-шығып жүрмеген үй жетімсірейтінін олар енді ұққандай. Әсіресе Жасұлан бала бақшадан балдырлап сөйлеп келген сайын бұрыш-бұрыштан бір нәрсені іздейтін сияқты. Тыным таппай арлы-берлі қисаландап жүреді де қояды. Асыр салып ойнауы сирек.

Әй, осы қыртпыш дәу де болса апамды жоқтап жүр, – деп Дарқан басын шайқайды. – Ыңылдап өзінше өлең айтатынды шығарды. Құлағында қалған-ау әжесінің дауысы.

Содан бір күні ал кеп жыласын. «Әже дү-ү-үт-дү-үү-т» деп қоймай жылайды. Екеуі кезек-кезек көтереді, кезек-кезек жетелейді. Жасұлан бақырғанын қояр болмады. Жаны қысылған Ақиіс бұған не амал істесем екен дегендей үйдің бұрыш-бұрышын кезіп кетті. Кенет есіне магнитофонға жазылған Күләй апаның дауысы сарт ете түссін. Қуанышы

қойнына сыймай, төргі бөлмеге шығарып, лента-таспаны асығыс-үсігіс магнитофон ұясына қондырды. Әдетте олар әр орамның сыртына лента-таспаның не туралы екендігін жазып, жапсырып қоятын. Оп-оңай табылған әже әлдіи үйді кернеп қоя берсін.

*Ұлан біздің қайда екен,
Қыздарменен тойда екен...*

Күләй апаның қарлығыңқы үні естілгенде тостағанын жуып отырған тентектері селт етіп кілт тыйыла қалды. Магнитофоннан тербелген бесік жыры үшеуін де әлдилеп жатқандай. Жасұлан дереу жылағанын қойып, Ақиіс пен Дарқанның көздері бұлдырай берді...

Елдескен есім

«Сенің атыңды неге осылай қойды екен?» деген сұрағына мүдіргенім бар. «Қызылауыздың» кезеңіне Майтөбеден төндіріп жаямыз қойды. Көк майсаға сылқ-сылқ құлаймыз. Өзегінді өртейді шүйгін жер исі. Кереге тасқа серкештер сақалын сапситып шыққанда, біз де құжырланамыз. «Әй, бірақ, көгалдан рахат жоқ қой». Шалқалап құлай-құлай кетеміз. Сосын осынау көз жетер жерге жанарымызды талдырып қараймыз кеп. Анау ма, анау Шиеннің сілемі, Қастек көшесі тауға тырмысып Суықтөбенің бауырына басын сұғып кеткен. Сосын Саршұбыр адырлары бұлдырайды дерсің, сосын Қозыкенің диірмені қарауытады алма бағымен. Көз қиығы Бұрғанды көктей өтіп, өз ауылымызға ойысады енді.

– Әне, әкең келе жатыр тұз артып.

Шынында да қадалып, қарап қаламын. Алыста ноқат көп. Соның біреуі болса, болар. Әкем жеті сайын далаға түсетін (таудағылар етек жақты дала деп сөйлейтін). Қара қасқа өгізге тұз артып, екі қоржын басы алма, дүмбіл, өрік ала келеді. Әсіресе сол үшін жалтақтаймын. Ал ауылдағы балалардың салқын жайлауға жете алмай, жәутендейтінін қайдан білейін.

– Әй, осы сенің атыңды неге осылай қойды-ей?

Міне, бұл сұрақты қойып қыр соңыма түскеніне кім білсін қанша уақыт болғанын. Үндемей құтыламын. Ұмытып кетеді демде өзі.

– Нақ сенікіндей әкем болса бар ғой, ә, қой соңында ысқырмас та едім. Ана торы жорғаны жайтаңдатып көкпар тартамын. Той-томалаққа тояттаймын.

– Иә, саған, жорға болғанмен жүйрік емес. Және додаға кірмейді. – Әңгімемнің сиқы осы менің.

– Пәлі, маған берші тақымға, қара қорым топты қақ жарайын.

Менің заматта торы атқа жаным ашып кетеді. Мына түрімен жорға торының өкпесін түсірер. Етігін қарашы, екі қарыс табаны, саусағын қарашы, сабаудай-сабаудай, білегін қарашы, нақ менің жіліншігімдей-ау. Ал менен көп болса төрт-бес-ақ жас үлкен.

– Әйтпесе, әкеңе айт. Ана Мұсақанның қарагерін сатып әперсін. Жыл сайын топырлатып тоқтыдан бәйге алып жүрсе де қызық өзі, жақсы ат мінбейді.

Онысы рас енді. Атам баққан қой табыстан қоңылтақсып көрген емес. Колхозда жалғыз рет жақсы көрсеткішке қолы жетіп, үлкен беделге ие болатын, ал қалған жылдары жөнді өсім бере алмайтын шопандар аз ба? Ал атам болса жыл құрғатпай жүзден асырып жығылады. Жайылым жайы болсын, көші-қон қамалқасы болсын, ауыс-күйіс мал дауы атамның араласуын қалайтын. Табысы да – таудай. Бірақ, неге екенін қайдам, менің не конькиім, не шаңғым, не велосипедім жоқ. Қойшыға нағыз қажет жүйрік ат тағы жоқ белдеуде. Осыны еске алып мен де қиқарланайын дедім бір уақ. Кешкілік манағы көршінің әңгімесі әсерімен арсы-күрсі сөйлеп отыр ем, әкем шешеме қарап:

– Сенің осы балаң орыс мінезді, – деді.

– Е, тура сөйлейсін, бет-жүзің демесін, ашық айтсын ойындағысын деп, әдейі осы ұлттың атын қоймады ма балаңа.

Рәзия шешем осыны айтқанда, ойыма күндегі маған қылқылдап, сауалың көлденең тартатын қойшы әріптесім сап ете қалды.

«Кіндігінді Иман Иманьш деген үлкен доктыр кесті.

Қол басындай ғана сені қойныма тығып, перзентханадан шыққанымда, әлгі доқтыр тұрып: «Құрғыр фашистермен соғыс қиян-кескі қызып жатыр ғой. Соған аттанамыз ертең. Әбекең де бізбен бірге жүретін болды. Арбақештігін әйеліме қалдырамын дейді. Перзентханадағы «жедел жәрдем» осы селкілдек арба болған соң ба, Әбекеңнің орны бөлек еді. Быстровка селосының бар тұрғындарын осы жалғыз арба-ақ тасып болды. Енді өзіңе қалып барады. Ілдәләп істерсіңдер, әйтеуір. Алдағы балаңа ат қою маған бір түрлі қызық сияқты көрініп тұрғаны. Қарсылықтарың жоқ болса, атын мен қояйын. Перзентханада дүниеге нәресте әкелгендердің әмбесі де анасымын деп айтуға қақысы бар. Себебі, мұнда барша аналардың ақ сүті араласады. Емшек сүті әрбір туған сәбиге үлестіріп беріледі. Демек, ананың ақ сүті арқылы бар нәресте бауырласып кетеді. Осындағы ақ халатты орыс қыздары – медсестралар барлық балалардың жөргегін жуды. Ұлттар достығының ең үлкен белгісін нақ осы перзентханадан көруге болады. Қазақ баласы – орыс, орыс – қазақ әйелінің емшегін емді. Қысқасы, балаларыңды, барша халықты бауырластырсын, елдестірсін деп Орыс...»

Міне, қызық! Қойшы жігіт жанымды қоймай сұрай беретін сыр түйіні шешілді. Рәзия апам бәрін айтты. Осынау орыс халқындай өжет, шақар болсын деп тұңғышын Шахан қойғанын да, нақ осылардай тұрмыс-тіршілігі түзеліп өмірге нық басайық деп екінші қызын Түзел қойғанын да, тіпті орыс қыздарының емен-жарқын еркін жүрісіне сүйсініп, тағы бір қызын Маруся атағанын да аңғартып өтті. Өзімше елеп-екшеп қоямын. «Иман Иманышы – Иван Иванович шығар. Кіндік әкемді көрсем. Әттең, от-жалында опат болмай оралса, бәз-баяғы мекені – Быстровкада қызмет істеп жүрген шығар. Талай ұлттың кіндік әкесі атанып, қаншама балаға сан қилы есім берген де болар. «Иман Иманыш, – десем, Рәзия шешемнің мақамына бағып, – сіз кіндік әкемсіз, сіз суреттеп атымды ұлы орыс халқына ұйқастырып қойдыңыз. Мен қой шетінде қалғым келмейді таяқ ұстап. Зоотехник, иә, спортшы болсам деймін». Мәссаған, мен не айтып тұрмын үлкен кісіге? Ұяттағы!

Ғұмыр бойы мал бағып, бүкіл бала-шағасын жеткерген әке мұрасын мына боқмұрын мен далаға тастап кетпекпін бе?! Осы ақтылы қойды бағып-қағып-ақ шапанын сүйретіп әкем сонау Мәскеуге— Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне бара жаздамап па еді?! Ойда жоқта ауырып қалған оның орнына қара қой баққан құрдасы Анарбек Телтаев сапар шеккенде бар айтқаны-ақ:

— Әнеке, қайдан тапсаң одан тап, маған бір мүйіз шақша ала кел...— деген аманаты болды.

Әй, әпенді әкем-ай, ең құрмаса мына қара қойшы балама қытай фонарын сатып ала кел демей ме, әпенді болмаса. Қойшы тегі, сөйткен әке мұрасын— қойшылық қызық өмірді қалай ғана қиып тастар екем. Зәу-шайтан әлдеқандай оқуға түсіп кетсем. Кіндік әкемнің, әрине, құдіреті жетеді ғой, оған, тірі болса, жетеді...

Неше қилы қиялдың қыл ортасынан кешегі қойшы әріптесім қылтияды. «Қызылауызға» қапталдатып қоя бердім отарды. Өзім өр жағында жүрмін. Өлеңдетіп қоямын.

Аш кезеңнен апай-топай тоқайласатын едік бұрын. Су-сылдап оның да отары келіп қалатын. «Шайт-шайт!» деп алдын тоқтататынбыз. Сосын саябырлап сонырқайтын екі жақ та. Аса бір ашқарақ жылан жайлаған саулықтар болмаса, шығаннан шыға сумандау саябырлаған сәт қой біздің масаты көкке масайрап жатып ап, жоқты-барды жорғалатып әкететініміз. Әсіресе бүгін ол маған сондай қажет. Құлаққа құйып тастаған сауалынан құтыламын. Жырдай ғып айтайын бір өзіне. Жоқ, жырдай ғып айтудың жолы түспеді сол күні. Келесі күні тағы да тосырқап қайттым өрістен...

Ақыры сол сұрақ ішектей шұбатылып көңіл ұясында жүрді орнығып. «Бала қойшы» атанған күндер артта қалды.

Содан бері де сыр тартып көрмегенбіз ғой. Ендігі сауал әуені де басқа болды.

— Ал, сені неге бұлай атаған?— деп күлемін шын сауалға енді оның өзін тартып. — Баяғыда Майтөбеден Ақтасты жайлауына қоныс аударып кеткен соң әңгіме-дүкен тарс жабылғандай болды. Қане, соны базарлайықшы бүгін.

— Білем, бәрін білем, — деді ол үлкендіктен үміткер қырбақ мұртын ұзартпақ боп ширатып. — Жайылым алы-

стап кетті де, іргеміз көп жақындамады ғой содан. Онды бітіріп әскерге кеттің сен. Сосын Ұзынағашта балғашы, Қарғалыда жүк тиеуші деп бір естідік. Ары қарай үлкен қалаға алыстадың. Бірақ, бар ғой, ә, дәл осы малда жүре бергеніңде де жаман қойшы болмасыңа мен кепіл...

– Рақмет, – деймін оған. – Рақмет. Қазіргі жұмыста да жаман жігіт атанып жүргемін жоқ қой. Бірақ кейде бір пәк көңілдің құла-дала жайлауын аңсайды екенсің. Мысалы, көк майсасы табанды қытықтаған Майтөбені айтсаңшы. Тұп-тұнық. Кеп-кең.

– Жайлаудың жақсы екені де рас-ау. Дегенмен жұрт қазір тым тоқмейілсіп кетті ме, табиғаттың даяр нәрсесін құнттап пайдалануды қойды. Баяғы Бесқоныс пен Жидебайдан жосылып ағып жататын қыз бұрымындай мың сан бұлақ даусы бәсең қазір. Көпшілігі көрбілтеленіп, көзі бітіп қалған. Білекті сыбанып аршып тастағың-ақ келеді. Бірақ та қайсыбірін тырмалап отырарсың. Топтанып шығып, тосылған тұнық көзін көсіп-көсіп жіберсе, мал шіркін жапа-тармағай бас қойып, жетісіп-ақ қалар еді...

– Иә, бір кезде маған қойған сұрағың, енді өзіңе арналады. Ақыр естіп, біліпсің ғой өз сұрағыңның жауабын. Көрші отырғандарыңда, мен әскер қатарында жүргенде Рәзия шешем ой, бір жыр ғып айтқан да болар. Енді қайтсін, ана біткен бауыр еті – балаларын айту арқылы шерін тарқатады. Өмір бақи «ботамдап» жүріп, өздерін де ұмытады. Сөйтіп жүріп...

– Жә, жә, түсінем, – деді ол, – жақсы түсінемін. Қайрылмас қайғыны еске алып қайтесің. Ешкім де әкешесін жанына байлап жүрмейді. Бірақ бар ғой, сол кісі бәрін де әңгімелеп айтқанда, қайран қалдым. Жайшылықта байқамайды екенбіз. Перзентхана деген туыстықтың алтын бесігі екен ғой. Адамды алалау деген атымен болмайды ол жерде. Бір-біріне, кеуде сүтін беріп, бауырласып жатқан нәрестелі аналар.

– Сен де сонда туған болып тұрсың ғой, ә, сияғы. Перзентханада. Ақ халат киген сан мың ұлттың өкілдері алақанында.

– Тура таптың, бауырым. Кіндігімді қырғыз әйелі ке-

скен, Бір туысқанымыз дүниеге келіп қалыпты ғой деп Қырғызбай атандырыпты мені. Болысбай, Шуашбай деген сияқты ескілікті аттардан әлдеқайда артық, әлдеқайда мағыналы есім емес пе, айтшы?!

Мен не дейін...

Абдулла ағай

– Таң сәріден тұрып, бірімізді-біріміз оятып, ауылдың иттерін шулатып бес-алты шақырымдағы көрші колхозға күнде қатынап оқитынбыз.

Химия пәнінен беруге жуырда ғана мектепке келген уылжыған жап-жас мұғалім өз өмірбаяны беттерінен тамтұмдап осылай дерек беріп тұрғанда қасымда отыратын Нұрманбет сыбыр ете қалды:

– Тура біз сияқты оқыған екен, э. Қызыләскерден қаншама қырды асып мектепке келіп жүрміз.

Ол осылай деп терезеден сыртқа мойнын созды. Мектептің күншығыс жағындағы телеграф бағанына қаңтарулы тұрған көк дөненіне қарағаны. Жау алатын емес, түнімен жоңышқаның көрпе көгіне тыңқиып тойған ерттеулі жануар құлаққа сіңісті болып қалған қоңырау қашан соғылады деп жер тарпып тұрғандай. Қайта-қайта басын шұлғи береді.

– Атыңды суғармайсың ба?– дедім оған бүйірінен түртіп қалып.

– Үлкен перемен болсын да. Бірақ мына химия бітетін емес қой, тегі.

– Сұрансаңшы енді, – деймін оны тақымдап. «Химия киын, ашиды миым» деп тақпақтайтын балалардың сортынанбыз екеуміз де. Парталасымның мына жап-жас мұғалімді қалай «ағай» дейтінін қызық көріп отырмын.– Бол, ей!

– Не деп?

– Ағай, атым шөлдеді,– деп.

Осы екі арада бастырығып пырс-пырс күліп алдық. «Аты шөлдегені несі» деп шошып кететін шығар. Ана уыз-

дай ағай қолына ұстап тұрған колбадағы мөлдір түссіз зат қашан құсып, басқа түске айналғанша бізге далаға шығу жоқ. Тәжірибе жалғаса береді. Қым-қиғаш формула тақтаға жазыла береді. Менделеев кестесіндегі элементтердің шегі де жоқ, шеті де жоқ екен ғой. Ал біз болсақ бір оқыс қылық көрсетуіміз керек қалайда.

– Ағай, далаға шығып келуге бола ма?– деп сұран.

– Ой, қалай ағай деймін. Жап-жас адамды олай деу жараспайтын сияқты. Бойын қарашы, бізден де аласа. Балалар күлмей ме?

– Е-е, онда «Әбеке» деп төтесінен тарт. Аты Абдулла екен ғой. Қазақтарға сол жарасқан.

Осыны айтып ал кеп шикылдап күлейік. Даусымыз тіпті өрескел шығып кетті білем, бүкіл класс жапырылып екеуіміз жаққа қарады. Мұғалім де еріксіз бізге назар аударды. Қып-қызыл болып кетіпті. Қолындағы реакция жасап, көрсетіп тұрған приборын ұстай-мұстай қасымызға келді. Қалай ұрсарын білмей тұтығып қалды. Кінәмізді мойындап, партадан ұшып-ұшып тұрдық, Мәссаған! Дәл жанынан бой салыстырғанда тіптен кішкентай екен. Қайта ауыл баласы мына біз одан ересек көрінеміз бе, қалай өзі...

Дәл осы сәтте абырой болғанда, мектеп алдындағы бағанада байлаулы тұрған Нұрманбеттің көк дөнеңі кісінеп-кісінеп жібергені. Сөйтсек қоңырау соғылған екен...

Ақыры «ағай» деп айтуға үйрендік-ау. Үйреткен ұстаздың жас шамасы емес, химия сабағы, оқу-тәжірибе участогі, брусья жаттығулары... Жаттығу демекші, мектептің астыңғы қабатындағы ұзын залда судай жаңа брусья тұрады. Эх, біз оған қалай құмармыз десеңші! Әр үзіліс сайын оған атша мініп аламыз. Бірақ амал нешік, жапа-тармағай жармасып, тұс-тұсынан асылғанымыз болмаса, жібі тұзу жаттығу жасау қолдан келмейді. Яғни гимнастикалық өрнектер көрсетуден мақұрымбыз.

– Сен не білесің? – деймін кластасым Қолдасынға. Қорғасын құйған сақадай шымыр, жолбарыстай жылдам, ұстаған жерінен тістей қатып айрылмайтын оны әдейі қайрап саламын.

– Брусьяға ойнай аласың ба?

– Әлбетте.

Көзді ашып-жұмғанша Қолдасын атқан оқтай түп-түзу көлденең екі ағаштың арасына қойып кетеді. Не істеп, не қойғанын өзі де түсінбейді, мен де бейхабармын. Әйтеуір аяқ-қолын көлбеу ағашқа ары шандып, бері шандып, сықырлатып-сықырлатып барып еденге бұратылып түседі. Ентігін баса алмай екі иығынан демалып тұрып енді ол мені итермелейді.

– Ал, Жасан палуан, осынымды қайталашы, күшінді көрейін?!

Мен ғой одан өткен ойынқұмардың өзімін. Өлген-тірілгеніме қарамаймын. Қақаған қыста кеудені жалаңаштап тастап, көше бойындағы екі қарағаштың арасына орнатылған Алтынбектің сом теміріне асылатын маған жып-жылы залдағы брусьяға қол арту сөз болып па!

–Е, несі бар екен, қазір-ақ сенен асырамын! – деп брусьяға ыршып мінемін. Енді қайтейін, не істеп, не қойғанымды өзім де білмеймін, ол да түсінбейді. Брусьяның бір басынан бастап екінші басынан оратылып бір-ақ шығамын. Болды! Басқа шара қайсы? Осындағы физруктың өзі де бізден асып тұрғаны шамалы. Өнері «ас-два, ас-два» деп жер тепкілетуден артылмайды. Шаңғы, штанга, штык, груша, доп – бәрі де бөлмеде үйме-жүйме болып шаң қауып, көміліп жатыр. Мынау пәлендей жаттығу еді деп көзбе-көз жасап, брусьяда көрсете алмайды. Шіркін-ай, небір жүректі талаптылардың көздері ашылмай кетер ме екен! Әнеу, Әбіл қандай, әнеу Айтжан ше, Әбдіманап...

Бірде, үлкен үзілістің кезінде күндегі дағды бойынша, астыңғы залдағы брусьяға асылып, терлеп-тепшіп жатқанбыз. Қасымыздан канцелярияға өтіп бара жатып Абдулла ағай жалт бұрылды. Жалт бұрылды да үстіндегі иніші әдемі көк костюмін бір оқушыға ұстата салып, брусьяға қарғып шықты. Екі аяғын бір-біріне байлап тастағандай түп-түзу ұстап, арлы-берлі ырғатылып тұрып-тұрып екі ағашқа арқасын төсей құлап барып, аяқтарымен ауаны тепті. Сөйтіп, дік етіп, екі шынтағын бүкпестен бұрынғы қалпына қайта келіп тікейіп тұра қалды. Әр

қимылдың өз атауы бар екен. Соларды аузымен түсіндіріп, қол-аяғымен көрсетіп сан түрлі жағтығулар жасады. «Міне, нағыз ағай!»— деп аузымызды ашып, таңырқап біз тұрмыз. Денемен дене ақ жейденің ішінен бұлшық еттері дір-дір етіп, сыртқа теуіп тұр. Біз құсап сүйретіліп брусьяның табан тақтайына түскен жоқ, шайқатылып барып сыртына серіппедей бұратылып сұлу қимыл жасап түсті. Тұла бойын тік ұстайды екен. Қимылына қызықтық. «Кіп-кішкентай болып пәлесін-ай!..»

Өнерге құмарлық, өмірдегі қисапсыз құбылыстарға құмарлық күн сайын сабақ үстінде болсын, спорт залында болсын, тіпті тәжірибе участогінде болсын өз жүрегін шәкірттеріне жайып салып тұратын сүйікті ұстаздан шым-шымдап даритынын біз сезіне бастағандаймыз.

Абдулла ағай тақтаға шақырғанда фамилияны емес, алдымен атыңды атайды. «Жарас, Жасан, Избасар...» дегенде бір түрлі ішің жылып қалады. Қорғасындай балқып кетеміз. Есіміңді атау арқылы еркелетіп те тұрғандай. Қайтсек те тапсырмасын тастай қып орындап келуге тырысамыз. Сосын сабақ түсіндіруі де сіңімді. Айтып тұрғаныңды жол-жөнекей толықтырып, тұп-тура миыңа құяды. Даусы да құлаққа сондай жағымды, сазды, тыңдай бергің келеді. Кейде қызық өзі, есіктен сөйлей кіреді. Тасыр-тұсыр қаламсапка жармасамыз. Жаза бастаймыз. «Озон – озеин (иісті) деген грек сөзінен шыққан. Ол лабораторияда арнаулы озонатор деген құрал арқылы алынады. Молекуласы өте тұрақсыз. Ол молекула күйіндегі және атом күйіндегі оттегіне бөлініп кетеді. Озоннан бөлінген атомдық оттегі – өте күшті тотықтырғыш зат. Ол қалыпты жағдайда сынапты, күмісті оңай тотықтырады...»

– Ой, ағай, бұл өткен сабақ қой, – дейміз жазарын жазып алып. – Ендеше соны естеріне салып жатқаным емес пе, – деп күледі. Сүйкімді күлкі.

– Ал, балалар, кім жоқ класта, қолдарыңды көтеріңдер, – дейді парталарға көзін қыдырта қарап. – Кезекші, бүгін тақтаға көп қадаламыз. Борға, шүберекке тыным болмайтын шығар. Бәрі де әзір ғой әйтеуір.

Бастапқыда түсінбей қап, қолдарымызды шошаң еткізіп

көтереміз де, сосын дереу түсіре қоямыз. Ол әдемі ғана жымияды. Кластың түгел екенін көзбен-ақ тексеріп алып:

– Су мен ауа – тіршіліктің тірегі, өмір өзегі, – деп баппен жаңа сабақты бастайды біраздан соң. – Ал осы ауа мен су туралы, балалар, сендер не білесіңдер? Біз білетініміздің бәрін де түк қалдырмай ақтарып айтып шығамыз. Бірақ соның баршасы да жай әшейін күнделікті ішетін, жұтатын қарабайыр тұрмыстан алынған мысалдар төңірегінде қалып қояды. Ал жап-жас мұғалім күллі химия әлеміне саяхат жасап, кәдімгі өзіміз тұтынып жүрген су мен ауаны жіліктеп әкеткенде, жағамызды ұстаймыз. «Не деген күрделі дүние!»

– Иә, алғаш «ағай» деуге де аузымыз бармай жүрді-ау. Көбінше бізге егде адамдар ұстаздық еткендіктен де болар бәлкім. Жоғары класс оқушыларынан айырмасы аз уыздай жас жігітті сабақ үстінде «ағай» деуге қисынсыз көріп, ыңғайсызданған күндер артта қалды. Жап-жас бала, «ағайымыз» алдымен өзін таныстырған. Мектепті үздік бітірген. Институтты да солай. Содан біздің мектепке, жіберген. Химик, биолог...

Абдулла ағайға келген бойда ең жас маман ретінде мектептің оқу-тәрбие участогін құрып, айналаны көгалдандыру, химия кабинетін жасақтап, үйірме жұмысын жандандыру міндеті жүктелді. Мектепке салынған жер бұрын өзен арнасы болғандықтан киыршық тас, құм және топырағы құнарсыз еді. Ең алдымен тастақты жердің, күрек бойы жарамсыз қабаты аршылып, тазартылды. Оның орнына дәл сол мөлшерде құнарлы кара құнарлы топырақ тасылып, төгілді. Жасыл баққа жарамды жер әзірлеудің өзі жыл он екі айдан астам уақытты алды. Біздер – жас мичуриншілер Абдулла ағайдың қолғанаты бола білдік. Участокке үш мың түп алма, алмұрт ағаштарының көшетін отырғыздық. Олар тамырланып, бүр жарғанда мектеп бағын жасауға пайдаланылды. Одан қалған артық көшеттер ауыл тұрғындарына арзан бағамен сатылды. Түскен азын-аулақ қаржы оқу-тәжірибе участогі айналасын, мектеп сыртын қоршауға жұмсалды.

Қашанда, қай істің басы-қасында Абдулла ағай жүрді. Ең жасы болған соң жұмсайтыи сияқты мектеп Ал класта

көрсең қолында бор, қолында колба ыдысы Менделеев кестесін көрсеткіш таяқшасымен талмай нұсқап тұрғаны. Химиялық қосындылардың молекуласын қайта-қайта қара тақтаға жазып жатқаны. Ары түсіндіріп, бері түсіндіріп тұрып байқаусызда бет-аузына аппақ борды жағып алады.

– Ағай, ағай, үсті-басыңыз бор болып қалды,– дейміз жамырап.

– Ә, мейлі, тек сендер химияны білмей қор болып қалмаңдаршы әйтеуір, – дейді. Биология сабағында да сол. Айтар ақылы: «әйтеуір, сендер қор болып қалмаңдаршы».

Ал далада жүрсе ғой, қолынан қуыс құлақ күрек түспейді. Көңілінде көшеттер. Мектептің болашақ бағы. Жасыл да жас әлемнің болашақтары. «Әне, қарандаршы, балалар, қара орман боп кеткен жоқ па мектеп айналасы», – деп қуанып тұрғаны.

Баршамыз күш қосып қопсытқан қара қорда аула жемісті баққа айналды. Алма, алмұрт ағаштары сыбдырына оқушылардың нәзік саусақтарымен бапталып, күтілген сан алуан гүлдердің жұпар исі қосылып танауды жарды. Мектептің төңірегі хош иіске толды. Жасыл бақтан әдемі бір леп есіп тұрды. Біртүрлі сергек сезімге бөленіп жүреміз. Үлесіміз бар деп мақтанамыз біз. Мектептегі оқу-тәжірибе участогін жақсы жолға қойғаны үшін, жас мичуриншілерді баулып, тәрбиелегені үшін республика Оқу министрлігі Абдулла Мырзабаев ағайға Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне жолдама берді. Сосын... сосын бір күні мектеп ауласындағы сыңсыған бақ сыбдырымен, мәуелі жеміс ағашымен қоштасып балалардың да, бау-бақшаның да жас бағбаны болған Абдулла ағай Алматыға кетті. Содан қайтып оралған жоқ...

Бірде қалаға барып келген Нығмет деген ұзынтұра бала Абдулла ағайды көріп қалғанын айтып, бәрімізді айналасына топырлатып жиып алды.

– Ағайға Гоголь көшесінде кездесіп қалдым, – деді ол әңгімесін аптығып айтып. – Жайдары, жылы жүзді, жанға жайлы жұмсақ мінез, сыралғы мұғаліміміз сол баяғы бәз қалпы, атымды атап ап-аласа болып тұр. Астанада

студенттерге сабақ береді екен. Кілең қыздар оқиды дейді. Ал кеп құшақтасын. Ал кеп шұрқырасайық ағай екеуміз.

– ЖенПИ ғой, – деп пысық қыздар пысықтап жатыр.

– Иә, әлгі химияны судай сапыратындар қалай? – деді ағай менің қолтығымнан алып.

– Избасар Оразбақов әлі сол сөзбе-сөз кітапты жаттап алып, аспанға қарап соғады.

– Жарас ше?

– Төлегенов физкультурныйға бармақшы. Бокстан оқушылар арасындағы облыстық жарыста чемпион болды. Өз бетінше тырбаңдап жанын сап шұғылданып жүр ғой.

– Ол екеуі химияны түсініп оқитын. Физкультурныйға барса қиналмайды. Түсінбей оқитын мына сен, Нұрманбет екеуің едің ғой, түге, – деп ағай иығыма қолын артты. Бойы сол қалпы әлі. Өспепті.

Менің мойындамасқа дәлелім жоқ. Төмен қарадым. Бірақ Нұрманбет байқұстың менің қосағымда кеткенін обалсындым. Соны ақтап алғым келді де:

– Жок, ағай, мүлде олай емес, – дедім қызарақтап. – Нұрманбет Ғизатовыңыз қазір қып-қызыл химиялық реакцияның баласы. Ондағыдай көк дөнен емес, көк велик мініп жүреді. Спортивный. Фотоапараты бар «Зенит» деген. Химия кабинетінен аттап шықпайды. Қабырға газеті толған соның түсірген суреттері. Лабораторияда әлденені реакциялап отырғаны. Сіз туралы түс көреді екен, түсінде небір қызық іс көреді екен.

– Әй, әй, қулар-ай...– деп ағай сұқ саусағын маған безеп алып, тағы да ойына әлдекімдерді түсіре алмай, мандайын уқалады.

– Әлгі, кім еді, әлгі бір қыздар бар еді ғой жақсы оқитын. Кім еді, түһ, аттары тілімнің ұшында тұр, – деп ойланды ағай.

– Райхан ба?– дедім.

– Иә, иә, Жапажанова ғой, ол бар. Тағы ана, әлгі иегінде, қасында қап-қара кішкентай мені бар қараторы қыз ше? Е-е, әйтеуір Күл... бірдеңе.

– Ә, білдім, білдім. Күлтән ғой. Мұсабаева.

– Күлтән! Күлтән! Бір болса, болатын қыз сол. Айтпады деме. Жып-жинақы. Тып-тиянақты. Оқуға да зерек. Қазақтың қызы қайсы десе, міне, дейтіндей инабатты, әдепті.

– Ой, ол кісіге не болған. Ешнәрсені ұмытпаушы еді ғой, – деп қыздар қызарақтасып қалды.

– Пәленбай мың қызға сабақ берсе, қалай шата-спасын енді ағай, – деп балалар жуып-шайып жатыр.

– Ағай қайтер екен деп мен қырсығыңқырап былай дедім. Нығымет әрмен қарай айта берді. – Дүниенің бәрі тура сіздер ойлағандай бола берсе дұрыс қой. Бірақ кейін класта жақсы оқығандар бара-бара ащы-тұщысы аралас өмір сабағынан үлгере алмайды дейді ғой үлкендер. «Тентектен түзелген жақсы» деп те айтады. Ұстаз еңбегін көбіне солар ақтап жүр екен...

Абдулла ағай «әлі сол қырсық мінезің қалмаған ба?» дегендей бетіме тесіліп бір қарады да:

– Сендерді сағындым, алмалы бақты, мектеп ауласын сағындым, – деді.

– Тағы не айтты?– десіп бәріміз тақақтай қалдық.

Атымызды айтып біртүрлі өзімсініп тұратын сүйікті мұғалім кейпі көз алдымызға елестеді. Иніші әдемі көк костюмін біреуімізге ұстата салып, брусьяға ыршып шығатын химик ағай... сонымен қалада тұрып қалар ма екен... Сабақ үстінде «мен айтайыншы, ағай, мен айтайыншы!»,- деп қоярда қоймай қолдарын көтергенде ағайдың көзін шығара жаздайтын қыздарға да қиын болды-ау. «Химияның қызығы» деген болашақта кітап жазамын деп те ара-тұра айтып қалатын. Қандай арман жетегінде жүр екен жаны эсте терезе таппайтын от жүректі ұстаз. Үп-үлкен істі кіп-кішкентай бойына артып алатын ағай!

Желмен сыбдырлап, жапырағы билеген жасыл бақты аралаған сайын тақтаға тек атымызды атап шақыратын қағілез де шамдағай ағай келеді көз алдымызға. Ол бас-көз болып баптап-күтілген мектеп айналасындағы ботаникалық бақ жылда қайысып жеміс салады. Алманың ең қызылын, алмұрттың әбден уылжып піскенін Абдулла ағайға сақтап

қойып біз жүрміз. Қала жаққа жалтақтай береміз. Қашан келер екен?! Мектеп бағы жайқалып кетті. Балалар арасында жасырынбақ ойнайды.

Тұсаукесер той

Сүттей жарық айлы түн, мүлгіген жақпар тас, бұрымдай тарқатылып аққан бұлақтар, бәрі-бәрі де бүгін сырлы сезім куәсі. Қос ішекке сыйып кеткен сиқырлы әуен қалай-қалай сылқылдап ағады десеңші! Қызыл шанақта күмбірлеген жан тебіреністері қалай-қалай жүрек қылын шертеді.

– Қарағым, осыншама толып жатқан әдемі әндерді қайдан үйрендің, – деп мақтауға сөз таппағандай Үкі әже қызыл отау иесіне қайран қалып қарады. – Бағанадан бері әлі айтып отырсың, әлі айтып отырсың, түк таусылатын түрі жоқ қой, тегі.

Жігіт қулана күліп:

– Ой, апасы-ай, мына айнала қоршап тұрған табиғат сұлулығының өзі не туғызбайды, – деді. – Арқарқұлжасымен дүркіреп өрген көк жасыл тау да, әр жылғадан бастау алып зымырап ағып жатқан сылқым бұлақтар да өз-өзінен өлең боп өріледі.

Көк шүйгін қонысқа жайланып жайғасып алған соң шопан біткенді Қали шал үйіне шақырды. Немересі Әбдісаланның тұсауын кестірді. Қазіргі қазақ ауылында бүгіндері не көп, Әбдісалан атаулы көп, Әбілсейіт атаулы көп. Боксерлікке, палуандыққа құмар халық Нұрмаханов пен Айхановтың даңқын алыстан естіп-ақ ұлдарына үкідей таға бастады. Қали шалдың да бір ойлағаны бар шығар. Әбдісаланның есімін немересіне меншіктеді.

Қызыл отау иесі тұсаукесер тойын бастады. Әуелеген әнмен бастады. Дауысы қандай жағымды. Құлақтан кіріп бойды алады.

– Төк, балам, төге түс, – дейді көл-көсір көңілдегі Қали қария борға малып алғандай ақ сақалын салалап қойып. – Әбдісаланым саған ұқсап сері болар ма екен. Әрі жуан жұдырықты Әбдісаланға тартса, әрі домбыраны

адамша сөйлеткен саған еліктесе, әй, жаман бола қоймас, күшік.

– Ой, құдай-ау, қалақтай қара жылбысқаңызды ұқсатпаған кісіңіз қалмады-ау, ата, – деп келіні тыпырлап қолды-аяққа тұрмай апыл-тапыл басып далаға қашқысы келген кішкентайын құшырланып бауырына қысады.

– Е-е-е, әлі-ақ қой бақпаймын, қалаға кетемінге салып қайқандап шыға келер бұл күшігің тірі болса, – деп енесі немересінің май құйрығынан шапалақтап қойды. – Сөйтесің бе-ей, боқмұрын неме, а?!

Жұп-жұмсақ әжесінің алақанын еркелеткені деп білетін ол сықылықтап ішегі қата күліп, мамасына тығыла түседі.

– Әй, ішің түскір қу-ау, құрбақа, шешесін танып жатқанын қарашы пәлекеттің, – деп әжесі май құйрыққа тағы шапақтады кеп.

– Атасы ырым етіп, боксшының атын қойған екен, қара жаяу қалмас, – деп қызыл отау иесі Рақыш та тұсауы кесілген кекілді тентекке тіктеп қарады. – Қажымұқан бабамыздан кейінгі қазақ халқынан суырылып шыққан Әбдісалан мен Әбілсейіт ұстанған өнер де қанымызға жат емес. Қашан да өнер атаулы болмысымызға жарасқан ғой.

Баланың атасы қазандай бөркін қолына алып қуанып кетті.

– Ән-жырымен манадан бері тойды қыздырып отырған домбырашы балам нағыз аталы сөз айтты, – деп Қали қарт қалбалақтап қалды. – Қызыл отау ұстаған өнер иесі тұсауын кескен құлыншағым енді құлдыраңдап шауып кететініне көзім жетеді. Қазағымның бар өнері осы немеремнің бойынан табылсын, аллауакпар!..

– Шертші, көкем, – деп Қалидың кемпірі кимешегін қозғап, құлақ тұсын ашыңқырап қойды. – Тартысың жақсы екен, дауысың да боздап тұр. Құлағымыздың құрышы қансын бір.

– Айналайын, жұрт үшін жаратылған бала ғой бұл. – Түнімен отырса да былқ етпей тыңдайтын қалпы бар үй толы адам атынан төрдегі шопан иек қақты. – Сай-сүйегің сырқырар ескілікті әуендерді де, көңіл қытықтар

бүгінгі мақамдарды да келістіріп айтады. Әсіресе жайлауға шыққанда армансыз тыңдап жетісіп қаламыз-ау, тегі.

– Өзіміз қыстауда да қатар отырамыз. Дүзгеннің қызуы бетті шарпыған киіз үй ішін талай әнге бөледі ғой Рақыш. Қали қарт қатты риза екенін байқатып отыр.

Қызыл отау иесі тұсау кесер той қызығын қыздыра берді. Күмбір-күмбір саз төгілген қос ішек үні кеулеп кетті. Жағалай отырған тыңдаушылар ұйып қалған.

– Қанат байлап ұшып жүргендеймін, – деп келін бала бәрінен бұрын жан сезімін жасыра алмай сыртқа шығарып қалды.

– Не дерге сөз таба алмай отырмыз, – десіп жүкке арқа сүйегендер бір әннің аяғында ақтарылып жатыр.

– Тыңдаушы ден қойса жаныңмен шырқайсың, – деді қызыл отау иесі терін сүртіп.– Оның үстіне дәл бүгін айтылмаған ән адыра қалсын. Қазақтың ең қасиетті кәдесі – тұсаукесер тойы. Өмірге еркін кіріп, нығыз бассын деген ата-ана тілеуінен қымбат бұл дүниеде не бар! Енді ол тәй-тәй басып, әжесінің артынан ереді. Мынау жалпақ жерді өз аяғымен басып жүруге жолдама алды. Қадамы құт болсын деп...

Сосын сәби туралы ән әуелей самғады! Бұл кезде әжесінің алдында отырған немере балбырап ұйқыға кеткен. Тұсауын кескен күні әнге бөленіп жатты.

Баға

– Дәптерлерімді көресің бе, ата? – деді Сырбаз мектептен көңілді келген қалпы.

– Бүгін де, шамасы, бес алғансың-ау, ә?

Немересі сөмкесін бұлғақтатып күліп жіберді. Атасы оның көңілі қалмасын деп сырты целлофанмен қапталған дәптерлерін ебедейсіздеу қолымен парактай бастады. Расында ол бүгін бес «бес» алыпты. «Әй, баламысың деген, осыларын көрсін дегені ғой масаттанып».

– Жарайсың, сабазым! Тым жақсы екен дәптерлерің де, мына күнделігің де. Бірақ... Міне, қаншама алаң-ашық

жер қалып қойған. Тү-у-у, обал-ай, балам. Неге сонша ақ қағазды аямайсыңдар, түге, а?

Онысы рас енді. Әрбір беттегі «Класс жұмысы», «Үй жұмысы» дегендердің ара-арасына тағы бір тапсырма сыйғандай.

– Дәптер жетеді ғой, ата, – деді Сырбаз немқұрайлы ғана мән беріп. – Таусылса тағы басқа жаңасын бастай саламын. Көп менде.

– Тек, олай деме. Дұрыс емес оларың, – деді Қалыбай атасы қабағын түйіп. – Мен байқамай жүр екенмін-ау бұл қылықтарыңды, ә. Ана ерте кетіп, кеш келетін қақа тұяқ әке-шешелерің де көз қырын күн сайын бір салып қоюға уақыт таппайды. Ақ қағаздың қадірін ол шіркіндер де қайдан білсін мына төкпе-шашпа заманда.

Сырбаз сасайын деді. Манағы мектептен келгендегі кеудесін кернеген мақтаныш сезім табанда сейіліп қалды. Өзі де дәптеріне жаңа көргендей үніле бастады. Өз ерсілігін енді ұққандай, қалам ізі түспеген аппақ жерлерін алақанымен басқысы келді. Бірақ ондай алаң-ашық тұстар әр бет сайын бар.

– Мен ол араны толтырамын, – деп қипақтады ол атасына жәутендеп қарап.

– Жоқ, енді болмайды да, толмайды да, – деді Қалыбай атасы немересіне қарны ашып қалғанын жасыра алмай. – Бұл дәптерлеріңе мұғалім «бес» қойғанымен, мен «екіге» бағалаймын, балам. Мұғаліміңе осылай айта бар. Мақұл ма?!

Осылай деп тіксініп Сырбаздың атасы барлық дәптерлерді ашып көрді. Қараған сайын қабағы қатпарлана берді. Басын әлсін-әлсін шайқап тастап отыр.

Сырбаздың бұрын атасының хат танитыны қатты мақтаныш еді. Енді қиын болды-ау...

Кенет Қалекен немересінің дәптерлерін жайып тастап, өзінің сандықтағы сарғайған архивтерін ақтарып кетті. Кезінде әжептәуір әктіп болған көзі ашық адам бұрқыраған бума-бума қағаздардан да кенде емес. Солардың ішінен сырты қара былғары кітап сияқты бір қалың дәптерді қолына алып, басқасын былай жиыстырып қойды.

– Мә, қарағым, қарап шық, қалай жазған екен атаң, – деп Сырбазға жұп-жуан қолжазбаны ұсынды. – Иненің көзіндей ашық қалғаны болса бетіме түкір. «Атасы ауыр айтты-ау, осы...»

Сырбаз қалың дәптердің сыртын бір сипап жіберіп алғашқы бетін ашты. «Сыдықұлы Қалыбай» деген ағаш әріптерді оқыды. Ағаш дейтіні, бұтақ-бұтақ етіп ірі етіп өрілген. Әр әріптің суретін салып, музейге қоятындай қылып әшекейлепті-ақ. Бел ортада «Күнделік» сөзі де көлегейленіп түскен. Шымшуырмен шоқ басып жазғандай көздің жауын алады екен.

Сырбаз шынымен-ақ осылар менің атамның қолынан шыққан ба дегендей қарияның бетіне бажырайып тұрып қарады.

– Не, балам, таңданып тұрсың ба, – деп атасы көзілдірігін қолына алды. – Мені бір әке-шешемнен әйнек киіп туды деп пе ең. Өзіндей біз де бала болғанбыз. Соғыстың соңғы жылдары мына сендердей бесінші-алтыншы класс оқып жүргенімізде қағаз-қалам, сия-сауыттың жоқшылығын тартқанбыз. Дәптер деген атымен жоқ, ескі-құсқы кітаптың бетіне, газетті шағындап қиып алып соның үстіне, тек бухгалтерияда ғана болатын шимай-шимай сызығы бар бланкілерге жазатынбыз. Қазанның түп күйесін ерітіп, соны сия қылатынбыз, Ал, сендер ше?..

Сырбаз қып-қызыл боп қысылған күйі қалың дәптерді сапырыстырып, ақтарып-төңкерістіре бастады. Тү-у-у, атасы не деген іші пыспайтын адам. Қырық сегіз беттік екі дәптердің түбін қосып тігіп, түптеген жуан дүниенің бір жолы да бос емес. Сапқа тұрған солдаттай самсаған сұлу мұрт әріптер. Атасының жазуы қандай жақсы болған десеңші! Әдейілеп әсем салған дерлік маржан сөйлемдер «мені оқы, мені оқы» деп сұранып тұрғандай-ау.

Қалекен немересінің мылқау кино көргендей боп отырғанын байқады. Дәптерді өз қолына ап, әлденені іздеді. Көзілдіріксіз таппады ма, көзіне киіп, қайта қарады, шұқшия үңілді. Біраз жерлерін ішінен күбірлеп оқып барып, саусағын сол тұсқа қадады да, немересіне ұсынды.

– Оқы. Осында білем.

Сырбаз тұп-тура кітап оқығандай атасы көрсеткен тұстан судыратты кеп:

– «Қаламымыз көк шыбыққа шаншылған. Ұшы қисайып кете беретін болған соң, жіппен шандып байлап қойғанбыз. Химиялық жасыл сия бүкіл класс бойынша бухгалтер Әпшеннің інісі Қожамқұлұлы Әбенде ғана бар. Басқамызда қазанның ерітілген қара күйесі. Қағазға жөнді жұқпайды. Ал Әбен тек қыздарға ғана матырғызады. Пәле бала өзі. Оған әліміз келмегеннен кейін дәуітіне қара күйе салып жібереміз де, көк сиясын құстырып, жымыып қарап отырамыз. Сонымен бүкіл кластың жазуы жұттан шыққандай, жүдеу, көмескі боп тұрады. Түк көрінбейді. Жоқ болса қайтеміз енді. Өлеміз бе.

Қағаз, әсіресе ақ қағаз табу – арман! Көк, қоңыр, сары қағаздардан қиып, долбарлап, түбін жіппен көктеп дәптер жасап аламыз. Ескі-құсқы кітап, журнал беттеріне сабақ жаза береміз. Әйтеуір біздің тұстарымыз қай жағынан да таршылық көріп тұр ғой. Бәрі құрсын, ең болмаса «Көркем жазу» деген сабаққа арналған ақ парақты дәптеріміз болсайшы, шіркін! Сойдитып оны сап-сары қағазға жазып жүрміз-ау. Айқан апайымыз ең қажетті деп өте-мөте осы пәнді атай береді. «Жазуы жақсының жаны да жақсы болады» деп ұдайы айтып отырады...»

– Жарайды, балам, сен енді ары қарай былай секіртіп оқығын,– деп атасы арасын шорт үзіп жіберді. Немересін ыңғайсызданатындай әлдебір нәрселер бар болса керек тәрізі. Өз қолымен бірер бетті парақтап, аттатып кетті.– Міне, міне, мына жерін.

– «Құсқан сиямыздың өзі суықта қатып қалып, кей бетке сабақ жазбайтын күндеріміз қанша,– деп Сырбаз әрмен қарай жалғады.– Оқулық деген ол да тапшы. Мұғалімдегі жалғыз кітапты бірімізден біріміз алып оқимыз. Немесе даусы жақсы Хамза деген бала дауыстап оқиды, соны қалғанымыз қанағат қыламыз. Сол естігенімізді жаттап алуға тырысамыз. Ал өлеңдерді тегіс жатқа соғамыз. Ал дәптер мүлде жоқ. Кеңсе қағазы – есеп-қисап кітапшасы (контордағылар оны кнігә дейді) табылса, соған бүкіл

сабақты сыйдырып жазуға жан саламыз. Оны табу да оңай ма. Елдің бәрі Әбеннің ағасы Әбшен құсап бухгалтерияда істемейді ғой. Соған жалынамыз. Жолдас болғымыз келеді. Ол азар да безер болып бізден қашады. «Жаманның жолдасы көп, басына пайдасы жоқ» дейтін мақалдан қорқатын болуы керек, сірә...»

– Ей, ей, сен, тоқта, тоқта, – деп атасы күнделікті қолымен басты. – Сен бала қайда сүнгіп кеттің. Мақалдап барасың ғой, тегі, өзің. Біздің арамызда Әпшеннің інісі Әбен ересектеу көрінетін. Қыздарға да ертерек көз салғыштады. Кәдімгідей-ақ қырындайтын пәтшағар. Жағдайы жақсы ғой. Бәрі де алдымен баршылыққа байланысты, балам. Енді ол жерді оқымай-ақ кой, тағы бірер бетті аударшы, қане.

Қалекен салалы саусақтарымен әлденеше бетті өзі аударып тастады. Бармағын тілімен жалап қойып, күнделікке төне түседі.

Сырбаз атасы нұсқаған азат жолдан және жалғастырды.

– «Осыдан ержетіп біз де балалы болып, немере сүйіп, бақытты дәурен сүрер болсақ бар ғой, соғыстан соңғы жылдардағы оқушы балалар арманы болған осынау бір аппақ қағаз шіркіннің түнімен түсімізге кіріп шығатынын құлақтарына құярмыз-ау. Ең аяғы жақсы көретін ауылдас қызға деген пәк сезімді сүттей аппақ қағазға жазып бермеген соң, не шара! Сағыныштай сарғайған қағазға сойдақтатып отырысым мынау...»

– Әй, әй, жетер енді, қайт былай, – деп атасы күнделікті немересінің қолынан жұлып алды. – Қайтер екен десем, о несі-ей, зуылдатып бар сырымды ашып бара жатырсың ғой, түте... Ал сендер, қос-қос кітап, қат-қат дәптер, сиясы өздігінен сауылдап құйылып тұратын уыс-уыс қаламсап ұстап, дипломат бұлғақтатып барасындар сабаққа. Сендер жақсы оқымай кім оқиды, айтшы? Ал мен соның өзінде осы сен оқып жүрген бесіншіні тауысып-ақ талай елге жөн айтқам. Әуелі жазуың жақсы деп сельсоветтің секретары сайлаған. Беріге дейін сонда істедім. Ақ қағазбен ойнама, балам! Бүкіл ауылдың тарихын ақ қағазға түсірген

адаммын мен деген. Кеңсеге барсаң көресің. Танисың сен қолымды.

– Ата-ау, рас айтасың ба? Бүкіл ауылдың тарихын қалай қағазға түсірдің?

– Ой, балам-ай, тарихын түсіргенде мен бір тарихи кітап жазды деймісің, – деп күлді атасы. – Жазушы емеспін ғой. Сельсоветте сол селоның барлық тұрғындарының аты-жөндері, қора-жайлары, мал-жандары тегіс қаттаулы болады. Міне соларды тәртіптеп, тәптіштеп тізген пәленбай том-том журнал бар. Соның бәрін де аппақ қардай қағаздан жасап, түптеп, сөреге самсатып қойған мына мен ғой. Мына майысқан қыртыс-қыртыс қолыммен қанша мындаған адамның өмірбаянын жаздым десеңші! Шіркін, ақ қағаз, қандай қымбатсың сен! Алтынға айырбасталмас асыл затсың. Ақ жүзінде адамзат сырлары сайрап жатады...

Қалекең терең ойланып, күнделіктің бетін сипады. Көзі біртүрлі кіреукеленіп кеткен секілді. Тіпті күрсініп салды.

Сырбаз басын салбыратып кәдімгідей жер шұқып қалды. «Атамның қалың дәптерін қашан түгел оқыр екенмін» деген де қызығушылық бар көзінде. Ауық-ауық сандыққа назар салып қояды. Іштей күбірлейтін тәрізді. Бір нәрсеге бекінген тәрізді.

– Иә, сөйт, мұғаліміңе айта бар, балам, – деді атасы оны бауырына басып. – Дәптеріңді қайта қарасын. Ана ашық жерлеріне жағалай сұрақ белгісін қойып қойдым. Ұқтың ба?!

Соңғы қоңырау

Қолдарында буда-буда тал гүлі...

Жаз дидары – мамыр шуағы клас терезесінен сауылдап төгіліп, сиқыр сезім сыртқа жүр-жүрлегенде парта астында үш бүктеулі үшбу хат жатты. Кластың қиыр шетінен – солтүстік полюстен самолет боп ұшып жеткен «сәлемдемені» алып оқитын мұрша қане.

Оның Айгүлге екенін, Сейсекүлге екенін ешкім білмейді. Төменгі класс оқушыларындай емес, онша-

мұнша хат сырын сезіне бастаған жоғары класс қыздары сақтықтан да құр алақан емес қой. Сабақ, сабақ болғанда, өткенді пысықтау сабағын өткізіп тұрған талдырмаш тәтей қазір бұларға аса мейірімді шырайда. Өткенді емес, болашақты мензеп, болашаққа қанат байлап бергісі бар. Баршасы да ерекше бір ишарамен жанын жібітіп сөйлейтін биыл мектепті бітіретін кластың осы бір қасиеті-ай. Әредік ренжіскен, салғыласқан сәттен титтей де белгі жоқ, тегі. Әрі қуанышты, әрі өкінішті сияқты. Қуаныштысы, кәмелетке толып, бой түзей бастағанын, өкінішітісі енді осы бір аялы алақанда алыстайды-ау...

Әлденеге елегізіп отырып, ақыры аяқ астында ағарандап жатқан үшбұрышты қағазды қыздар ептеп алды. Оқыды. Аң-таң. Апыр-ай, кім жазған? Қолдары жүйрік Мақсұт пен Ережеп пе? Жоқ, болмаса басқа балалардың бірі ме? Жоқ, басқаларының қисыны келмейді. Мақсұт пен Ережеп ептеп талап қылып жүруші еді. Өткен жолы мамандық таңдау кешінде ұжымшардың шопандарына арнап өз өлеңдерін оқығандары бар. Тәп-тәуір. Кездесуге қатысқандар дүркіретіп қол соққан. Ондағы жыр арқауы еңбек, адам, даңқ туралы тұғын. Ал мынау, мынау: «Жұдырықтай жұмылып бір болайық» деумен басталатын басқа сарын, мүлде басқа. «Қимастықпен арамыз алыстар ма, Қатар қанат қағайық ғарыштарға!» Алыстап кетпейік, кластас достар. Қайда болса да бірге аттанайық дегенді үндейтін секілді.

Өлең-өрнектің өн бойында әріптестік наз, парталастық тілек тұнбасы тұр. Сан-саққа жүгірген жас қанат қиял дүлдүлі бүлк-бүлк соқтырады қан тамырды. Жүректің қан тамырына сезім қылын жалғаған мұратты талап тұлпары жер тарпиды.

Оқушының кереге көз дәптерінен жыртылған бір парак қағаздағы үш тармақ өлең жолдары сабақ арасындағы бес минөттік үзілісте-ақ әр партаның иесіне жетті. Қыздар жағы сыбырға көшіп, сығалап оқығанмен пәлендей бозбалашылық әуен жоқ еді онда. «С. Киноға кел, жарай ма» немесе «К. Суретке түсейік, саған да, маған да ескерткіш болсын мәңгіге...» деген сияқты адам қысылатын кейбір

сәттердегі тілдей қағаздағы жазулардан айырмашылығы жер мен көктей.

Аумалы-төкпелі мінез, толқымалы-шалқымалы сәттер тығырыққа тірейді кейде. Кәмелеттік жастағы мектеп бітірушілер өз болашақтарына сын көзбен қарайды. Сын көзбен қарағаны – алдымен алысқа аптықпай-ақ осыншама жыл оқытып, соншама жыл мәпелеп өсірген ата-ана мен ұстаз үмітін туған ауыл шаруашылығында қалып, еңбекке араласып жүріп ақтау. Мамандық таңдауға арналған кеш тақырыбына арқау болған да кластағы қыз балалардың өз қалаулары болатын-ды.

Соңғы қоңырау үні қатты толқытты оларды. Құлаққа күмбір-күмбір үні сіңген шаттық шақыртқысы емес пе еді бұл сыңыр! «Әлди, бөпем, әлди» деген ана тербеуінен кейінгі сәби жүрегін – шәкірт жүрегін жаулаған осы бір сүйкімді әуезден қашықтап кетер күн барын ойлаған сайын көңіл шіркін қобалжиды. Тек тұла бойда қылаң беріп «Ер жеттік, ересек тарттық, енді арқалар аманат жүгі бар» деулі бір түйткіл ғана еңсесін тік ұстайды. Кешегі «Ағайға айтамын», «Тәтей, мына баланы қараңызшы» деуден тайынбайтын ақ бантикті қыз көзінен таса болу қандай қиямет. Қыздар енді ағайға да, тәтейге де шағынбайды. Балалар да дүрдиіп, салмақтанып қалыпты.

Кластағы топ комсоргі Сәуленің бал-бұл жанып тұрғанын қызықтап Роза сөз сабақтады.

– Сәулешка, сабақтан кешігетін болдық деп асығып-үсігіп, тапырақтап келетініміз қызық еді, ә.

– Ой, несін айтасың? Қыңыр қылықтары үшін бас салып ұлдарға ұрысатынымыздың өзі сағындырмас деймісің.

Ол екеуін шырқөбелек шеңберлеп қыздар қоршап алды.

– Жүнісбекова бар, Жанаева бар, Әбдіхалықов бар, ал қалғандары қайда? – деп Роза табан астында тізім бойынша журналға үңіліп тексерген Әнипа тәтей бола қалды. Бұған қыздар рахаттана күлісіп алды. Сосын енді Сәуле «ағай» болып фамилияға шұқшиған қалып танытты: - Күзембаев, Айтов...

– Eh, қыздар, сөйткен ағай-апайлардың дауысын есту мұң болатын шығар...

Алдымен ата-аналар ақ тілегін айтты. Гүлшаттың анасы қысқа қайырды: «Бір-бір үйдің әздегін кәметке жеткізіп, ұзақ өмір жолына қоңыраулатып шығарып сап тұрған алтын ұя-мектепке, аялы алақан – ұстаздарға мың алғыс!»

Ақкүннің әкесі де толқып тұр: «Кеше ғана үрпек бас балапандар, енді бүгін өзімізге ақыл айтады. Осыған жеткенімізге шүкір. Көз қуанады, көңіл тасиды, жүрек лүпілдейді. Бәрі де, бәрі де ұзағынан болсын!»

Ләззаттың мамасы айтқан сөз тіпті ақ бата сияқты естілді: «Мектеп пен үйдің қамқорлығында болған балғын шақ қол бұлғап тұр, білдіңдер ме, балалар?! Азаматтық өмірге қадам бастыңдар. Ақыл айту кезегі сендерге келді. Ал енді елің, Отаның арқа сүйер қуатты күш мына сенсің. Ойлан, балам, – деп, міне, осындай сәтте салмақ салған!»

Оқушылар кезек-кезек орындарынан тұрып бір-бір ауыз сөз алды.

Құралай: «Алдағы өмір мектебінде де Сымбат сияқты адал да өнерпаз достарым көп болса екен».

Ғани: «Қиялымызға қанат бітірген абзал ұстаздарға айтар ризашылығымыз ұшан-теңіз. Соны жеткізе алар ма екенбіз...»

Райхан: «Қай түкпірде жүрсек те жасыл желек жамылған мектеп ауласына бір соғып кетуді армандармыз әлі біз».

Ержан: «Сүйікті ұстаз апа, ағайлар-ау, көңілдеріңізде титтей де кірбің қалмасыншы. Балалықтан кеткен өрескелдігіміз болса, басымыз жерге жеткенше кешірім өтінеміз. Алтын ұстаздарымыз біздің, кешірімшіл едіңдер ғой...»

Сымбат: «Класс тізгінін қос қолдап жетекшілік жасаған жаны көркем әдеби апайымыз Әнипа Мұхтарова арқылы баршаңызға жүрек дүрсіліміз жетіп жатса екен. Апайлар, ағайлар, өмірге жолдама берген ұстаздық ұлағат ұмытылмас, жыл өткен сайын жадымызда жаңғырып жүресіздер...»

Сосын Сымбат қазақ тілі мен әдебиетінен беретін класс жетекшісіне арнаған өз өлеңін оқыды:

*Шарайнадай болдыңыз көзімізге,
Көркем сөзбен жүректен күй ақтарып.*

*Бағыт-бағдар бердіңіз өзімізге,
Капитаны кемеңіз сияқтанып.*

Белгісіз бір сазды әуен – сағыныш мәйегі мектеп ауласын бауырына басып, ұйытып жатқандай сәт. Қыздар көпке дейін ән салды. Ұлдар көпке дейін оларды биге шақырды. Залдың бұрыш-бұрышынан төменгі кластың оқушылары – бітіруші түлектердің балалық шақтары көз айырмай әрі қызығып, әрі қимай қарады да тұрды... «Мектеп вальсі» бәрін де тегіс билетпей қоймады.

– Нағыз үнді қыздарындай, – деді маңдайына иегіне қапқара мең жасап алған сұңғақ құрбыларына қызыға қарап тұрған бірі.

– Өзі де сол елдің биін билеп, әнін сызылтып салады.

– Расында дайын өнер иесі. Неге арнайы оқуына түспейді. Соған таңмын.

– Алдымен ауылда қалып, сиыр сауамын, еңбек дәмін татамын деп бірінші бастаған да сол биші Сымбат емес пе.

Құрбылар бірін-бірі қуаттап, бірін-бірі іліп әкетіп музыка ырғағымен тынымсыз шырқобелек айналып жүр. Етегі дөңгелене құбылған ақ көйлек, көк көйлектер көз қарықтырады. Ұлдар аздап кібіртіктейтін сияқты. Баппен, әнмен қозғалатын вальс екпіні оларға ұнай ма, қалай өзі. Ал секірме, текірме музыка естілсе шеттерінен құтырынып, жұлқынып шыға келеді. Бір орында селкілдеп, аспаннан әлдене тілегендей алақан жайып отырып-тұрар тағы бір би түрлері кезек алып кетеді. Ирелендеген, қисалаңдаған тұсына қыздар көп араласпайтын тәрізді. Бұл жағына ұл балалар бейім. Неге екен, ә?..

– Тауға шығамыз, тауға! – деген дауыстар естіле бастады.

– Таңды қарсы алуға кеттік, таңды атыруға... Ата-аналар класта қалып, мектепті бітірушілер түгел тысқа беттеді.

– Балалардың таңы тезірек атса екен, – деді бір әке.

– Олар таудан енді күн шықпай қайтпайды, – деп класс жетекшісі Әнипа шәкірттеріне ілесе берді. – Соңғы рет орталарында болайын. Сіздер мен тұрғанда қам жеменіздер, ән сап, қоңыраудай күмбірлей тұрыңыздар. Тауға бәрі естіледі!..

ЭССЕЛЕР



Әлемнің құлағынан әні кетпес

*Бүгінгідей есімде,
Думанды жарып әнменен,
Семейге де барғамын.
Топтан озып онда да,
Бәйгенің алдын алғаным.*

Жамбыл

Заңғар тұлғалар туғызған өткен заман өнер туындылары алтындай жарқырап, жан дүниені дірілдетіп, мәлдір бұлақтай сылдырайды. Ғасырдан ғасырға ұласып, бүгінгі күнге дейін жүрек түкпірінен орын тепкен халық композиторларының шығармалары не деген құдіретті еді десеңші!

Табиғаттың өзіндей таза көңіл иелерінің қай нәрсеге де еліктегіш, елендегіш келетіні түсінікті дүние. Бұлақтың бұлқынып аққаны да, жапырақтың сыбдыр қаққаны да әлімсақтан қыз бен жігіттің жүрек қылын шертетіні заңды құбылыс. Жастық кешуінің қызығы да сол – бәрі таңсық, бәрі сұлу-сәнді, сымбатты көрінеді. Табиғат-Ананың тұл-тұнық кезінде өмір кешкен бұрынғы ғасыр адамдарының аузынан сол бір тазалық, пәктік аңқып есіп тұрғандай-ау тегінде. Қыр жотада жосылған қыз бұрымы, қалампыр исі, кең етек көйлек, қынама бел қамзол, жасқана қарайтын жәудір көз – міне, мұның бәрі де ерекше құмарлықты арттырып, жер-ана перзентін көктегі жұлдыздар арасынан тік көтеріп әкетеді. Мың-миллион аспан жауһарларын қолмен ұстап, көзбен көріп, армансыз сайран кешуді аңсаған алаңсыз көңіл иелері бақытты-ақ. Әнеки, енді соған қол созып, армандамай көр! Әсіресе, ақын үшін бұл дегеніңіз телегей-теңіз жыр, әуен, мақам. Қыз бен жігіт махаббатынан жаратылған жалпақ әлем қандай ыстық, қандай кең. Ғашық болмаған дүние – қараң, жалаң, жарықсыз. Соның үшін де ақын жүрек күн мен түннің ортасынан жарық сәуле іздейді, алтын шапақты аңсайды, жүрекке тыным

бермейді. Жастықтың отын үрлеп, жүрегіне үңілуде Абай Құнанбаевтың (1845-1904) ғұмырнамасынан қызғылықты дәурен жоқ секілді көрінеді де тұрады. «Дем алыс ысынып, Саусағы суынып. Белгісіз қысылып, Пішіні құбылып» кететін сырлы кездесулер кімнің есінде емес. «Иығы тиісіп, Тұмандап көздері. Үндемей сүйісіп, Мас болып өздері» тұратын тар жердегі жолығысулар әсте ұмытылар ма. «Өзге ойдан тыйылып, Бірімен-бірі әуре. Жүрекке құйылып, Жан рахат бір сәуле» тарайтын талма тұс өндірі жастыққа тән-ақ қой. Сосын: «Жүрегі елжіреп, Буындар босанып. Рахатпен әлсіреп, Көзіне жас алып» қалатын шіркін ғашықтық халі барша бозбала мен бойжеткенге тән емес пе, тәйірі!

Табиғат, еңбек, тіршілік, махаббат, дәурен, көңіл-күй атты категориялар түп-тура ұлы Абай көп қалам тербеген, үнін қосқан лирикалық айшықтар десек артық айтқандық емес шығар. Ұлы ақынның айнала қоршаған ортаны жан-тәнімен сезініп, табиғатпен етене тіршілік етуі, адамдармен қарым-қатынасы, махаббат, ғашықтық кешуі көбіне осы төңіректе терең толғануына, құлашты кең сермеуіне түрткі болғаны анық. Қай ауылда, қай түкпірде болмасын Абай әндерінсіз бас қосулар өткен емес. Бастанғыларда, ауыл кештерінде, сахна төрінде, салтанатты сарайларда Абай әндері армансыз шырқалады. Сонау арғы ғасырдан бері қыз бен жігіттің жүрегін жалғап келе жатқан «Айттым сәлем, Қаламқас», «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Сегіз аяқ», «Бойы бұлған», «Татьянаның әні» неткен өміршең деп таң қалмасқа шараң жоқ. «Шын хакім, сөзің асыл баға жетпес, Бір сөзің мың жыл тұрса дәмі кетпес. Қарадан хакім болған сендей жанның, Әлемнің құлағынан әні кетпес!» дегенді айтқан Мағжан Жұмабаев та әулие адам ғой. Расында, қай қазақ, мәселен, «Көзімнің қарасын» жатқа білмейді?! «Айттым сәлем, Қаламқасты» шырқамайтын жұмыр басты пенде жоқ бұл жалғанда.

Бұдан бір ғасыр бұрын сахарада самалдай ескен осынау әндер әлі күнге дейін құнын жоғалтпастан адамдар санасында сынғыр қағып, әдемілігімен, әуезділігімен сиқырлап келеді. «Көзімнің қарасы, Көңілімнің санасы. Бітпейді іштегі, Ғашықтық жарасы» дей бастасаң болды, кез келгені

«Жылайын, жырлайын, Ағызып көз майын. Айтуға келгенде, Қалқама сөз дайын» деп іліп ала жөнеледі. Со-сын, оларды тоқтатып көр. Әрмен қарай соза береді: «Кең маңдай қолаң шаш, Я бір кез, я құлаш. Ақ тамақ, қызыл жүз, Қарағым бетінді аш» деп бірі-біріне қиыла қарасып, көздерін жұмып алады. Ән толқиды, ән шалқиды, адамдар бір құдыреттің күшіне балқиды. Тоқтай алмайды: «Қара көз, имек қас, Қараса жан тоймас. Аузың бал, қызыл гүл, Ақ тісің кір шалмас». Сөзін білмейтін бір жан жоқ. Бәрі киналмай-ақ қосыла береді: «Қыр мұрын, қыпша бел, Солқылдар соқса жел. Ақ етің үлбіреп, Өзгеше біткен гүл». Әр жолы, әршумағы кісіні қызықтырып, көзді арбайды, көңілді жаулайды. Созыла түскен сайын тереңіне тартып, баршаны балқытады, көңілді шалқытады. Өзіңді тежей алмайсың. Тағы шырқайсың: «Иісің гүл аңқыған, Нұрын күн шалқыған. Көргенде бой еріп, Сүйегім балқыған». Қандай ойлы оралым, керім сезім, таза талғам.

Шіркін, айтылмаған ештеңе қалмайды, кеудені кере түсіп, тәтті сөздердің тұйықталар тұсына екпін бере амалсыз тоқтайсың: «Жүректен қозғайын, Әдептен озбайын. Өзі де білмей ме, Көп сөйлеп созбайын». Абайдың өзі айтқан: «Әннің де естісі бар, есері бар, Тыңдаушының құлағын кесері бар» екеніне көзің жете түседі. «Құры айқай бақырған, Құлаққа ән бе екен?» дегеніне иланасың, бас шұлғисың. Бүкіл елге ортақ үлгідей осы бір әні жастықтың гимніндей десе болғандай-ау! Жүрекке жылы, тілге жеңіл, жанға жайлы «Көзімнің қарасын» қазақ әндерінің алтын қоры арасынан тұрақты түрде көретініміз де заңды құбылыс.

«Поэзияда, музыкада, қоғамдық-азаттық ой-пікір саласында өлмес-өшпес шығармалар берген Абай, – деп атап көрсеткен еді ғұлама жазушы Мұхтар Әуезов, – қазақ халқының өткен замандағы өмірін зерттеуші біздің ұрпаққа таңғажайып тұлға болып көрінеді. Ол өз халқының тарихында тау шынарындай биік тұр. Ол қазақ халқының ғасырлар бойғы мәдениетінің таңдаулы нәрін алды және бұл қазынаны орыстың және Батыс Еуропа мәдениетінің игі әсерімен молықтырды». Мұхаң айтқан уәждерге оның

бүкіл ән-әуез мұрасы толықтай дәлел екені хақ. Халқының жігерін жанып, көңілін жайландырудағы ұлы ақынның әсем әндерінің ықпал-әсері ұлан-ғайыр.

Шырқалған сайын шырайы кіріп, мән-мазмұнымен көңіл тоғайтатын тәтті туындылар мәңгілік жансеріктікке жарап келе жатыр емес пе, тәйірі. Далада да, қалада да құлақтың құрышын қандырып, жүректі нұрландырып тұратын «Айттым сәлем, Қаламқас» әні тұла бойы тұнған сағыныш, сезім, көкіректі шайдай ашатын сұлулық сыры. «Айттым сәлем, Қаламқас, Саған құрбан мал мен бас. Сағынғаннан сені ойлап, Келер көзден ыстық жас» деумен басталатын ән өн бойды жастық қызуымен баурап, жалындатып ала кетеді. Ынтызарлық пен ынтықтық, қылаусыз ниет, ішкі бір дүниенің қыл бұрауы дірілдеп қоя беретін ғашықтық әлемі жан таптырмайды. «Сенен артық жан тумас, Туса туар артылмас. Бір өзіңнен басқаға, Ынтықтығым айтылмас» деп соққан жүректің дүрсілін басу да оңай емес. Тек бұла шаққа тән, бұлқынысы мен жұлқынысы көп бозбала күннің аспандағы жұлдызы санайтын сәттерімен ғана салыстыруға келетін кездің әлденеге ұмтылысын тежеп қалу қиын. Сондықтан да ол: «Асыл адам айнымас, Бір бетінен қайрылмас. Көрмесем де, көрсем де көңілім сенен айырылмас»-деп өз қалауын алдыға тартады.

Ыстық жүректің осылай сөйлеп, осылай лүпілдейтіні дәлелдеуді қажетсінбейтін шындық. «Айттым сәлем, Қаламқастағы» бар сыр, бар құпия тек жастықтың алауына ғана тән нәрсе. Есейген, етегін жапқан, ақыл-ес тоқтатқан кексе кісінің ісі емес ол. Оған ерсі, ыңғайсыз көрінері кәміл. Әр нәрсе өз уақытымен өлшенеді. Ғашықтық маусымының кешірімшіл қисыны еркін жоғалтқан мас көңілді, жас көңілді кінәламайды. Құшағы өртке толы өрімтал өскін көз алдында қырдың гүлі, бақшаның бұлбұлы – оған бәрі керім, бәрі керемет. Жануға, күйге жаратылған жас алдында тосқауыл жоқ. Осынау шақ сонысымен де қымбат, қызық, толқымалы көңілдің құсы болып аспанда қалықтайды, жерге қона алмай айналып ұшып жүріп аяулысын аймалайды, сүйеді, құшады, күйеді. Мінеки, осындай күйдің жыры, әні «Айттым сәлем, Қаламқас» ғасырлар бойы ел аузынан

түспей, тіл-көмекейден сорғалап, төгіліп келеді. Құйған қорғансындай сөзі де, ақ самалдай нәп-нәзік әні де жалпақ әлемде ғұмыр кешкен өзекті жандардың өмірсерігіне айналды.

Абай әндерімен сусындап, ғұмырын ұзартқан екі ғасыр аралығындағы ұрпақ біткен өнердің қадір-қасиетіне таңдай қағып келе жатқандығы айдай анық. Ғашық жүрек үнсіз тіл қатып, ұлы ақынның сұлу да сырбаз әнін дәнекерлікке шақырады. «Желсіз түнде жарық айда» суреттелетіндей талай жасөрім : «Сөз айта алмай бөгеліп, Дүрсіл қағып жүрегі, Тұрмап па еді сүйеніп, Тамаққа кіріп иегі?». Па, жастық десеңші! Дүниенің бәрі аппақ сүттей болып көрінетін қайран ауыл табиғаты, сол ауылдың қамсыз-мұнсыз қыз-жігіті қалай шырқаушы еді! «Желсіз түнде жарық ай, Сәулесі суда дірілдеп. Ауылдың жаны – терең сай, тасыған өзен гүрілдеп» деген сағынышты үндер сызылып қана шығып, ыстық лептер бет шарпитын. «Қалың ағаш жапырағы, Сыбырласып өзді-өзі» сырласып кететін ғой.

Әттең, Абай тағлымы ән шығаруға талпынушылардың күндіз ойында, түнде түсінде жүрсе етті.

«Сорғалаған тілімнен тамады алтын»

*Әндетеді дүние, әндетеді,
әдетпеген тірліктен мән кетеді,
жігер беріп, жогың бір түгенделіп,
өміріңді өршіл үн дәмді етеді.*

Сәкен Иманасов

«Шалқыған аспан-көкке қайран әнім, Шырқасам кіргізетін тойдың сәнін» деп жүз жыл талмай жырлаған ұлы Жамбыл ақынның жүрегі сарқыраған өлең мен күй сарынымен ғана дүрсілдеген жоқ, құйқылжыған құс әуездін де сан алуан түрлерін самғатты.

Олай дейтініміз, тар дүние кеңіп бір сала беретіндей ән атаулының ғажап сиқырын айтып жеткізе алмайсың. Жам-

был да осыны меңзесе керек. Қуат-күші керемет дерліктей сондай әуендердің халқымызға қажеттігі хақ.

Музыка қазынасының алтын қорына айналуға тиісті таңдаулы туындыларды тау-тау қып үйіп берген табиғи дарындылардың мол болғандығын құдай көпсінбесін дейік!..

Әлемнің құрыш-құрышына даңқы жеткен ұлы Жәкеңнің тау суындай тасқынды жырынан басқа ән, әуен, мақамдары да мол болғандығы ел аузында аңыз болып айтылып-ақ келеді. Бірақ, замана ағымына қарай ақиық абыздың әнінен гөрі ақындығы алға шығып, қоғамның тегершігін айналдыруға тікелей қызмет етті. Алайда: «Бұлбұлдайын сайрайын, Жігерімді қайрайын. Сәулемді еске түсіріп, Аспандағы айдайын» деп өзі айтпақшыдай, тал бойында талай өнердің қосындысы бар ақын бала күнінен-ақ суырып салма өлең өрумен бірге, өміріне небір сұлу әуендерді де серік етіп, сайраған дала құстарына үнін қосқан, жандүниесін уылжытып әуен созып, мақамдар туғызған. Яғни: «Айтылса әрбір өлең әніменен, Дауыс та құбылады сәніменен» деп екі иығын қомдап, аршын даусын алысқа жеткізуге талаптанған бозбала кезінде ел дәстүріндегі той-томалақтың сәнін келтіріп, салт-саналық салтанаттардың саңлағына айналған. Сондықтан да шығар: «Ағыным ақбоз аттың арынындай, Дауысым аққан судың сарынындай» дегенді алға тартып, қыз-желеңдер көшінің алдын орап, арғымақ аттың ауыздығымен алысқаны. Сол үшін де болар: «Жиырма беске асқанда, Ай ілесті аспанда. Жұлдыздар тұрды сығалап, Шырқап әнге басқанда» деулі уәжбен көптің назарын өзіне аударатындығы.

Жыр жампозы Жамбыл Жабаев (1846-1945) екі бірдей ғасырдың кәрі құлақ куәгері ретінде жүз жыл жырлаған жүрек лүпілімен шартарап жұртшылығын бір таңырқатса, адамзат жан-жүйесін босатып, көңілге қуаныш нұрын құятын қыруар ән-күйлерімен, мақам-саздарымен, шабыт шақырар сан құбылған сарындарымен және таңдай қақтырады. «Бүгінгідей есімде: Думанды жарып әнменен Семейге де барғаным, Топтан озып онда да, Бәйгенің алдын алғаным» дегеніне қарап, Жетісудың жезтандай жүйрігі аяқ

баспаған жер жоқ екендігіне көз жеткізу қиын емес сияқты. Дархан даланың сән-салтанат құруға әуес сал-серілер тобы арғымақ атқа мініп, ирек қамшылап ел-елді аралап, өнер көрсеткендігі де бір қызық дәурен. Сондай қызық-думанның қақ ортасынан табылып жүрген жампоз Жамбыл да кең дүниені жалпағынан кешіп, құлашын кеңге сермеген, ән төгілткен пернеден. «Қиыстырып кестесін, Әннің салдым дестесін» деуі соның айғағы болғаны ғой, сірә. Жиналған дүйім жұртын жалықтырып алмас үшін әуелетіп ән салып, даусын мың құбылтып, тындаған елдің құлақ құрышын қандыратындай қауқар-күші мол жаратылған Жәкең жастығын, балғын күндерін қызық-думансыз өткізді деп ешкім айта алмас. «Бала жастан өлеңге ауған зауқым, Басылатын жайым бар әнмен мауқым» дегесін-ақ қаршыға қанат, аққу үн иесінің тегін болмағандығын аңдағандайсың.

Ел ішінде де оның қызыл тілі, қоңырау үні болғандығы аңызға бергісіз айтылады. Өзінің әуелеген әуез біткенге әуес екендігін екі сөзінің бірінде еске салып отыруы көп нәрсеге қанықтырғандай. Мәселен: «Сүйкімді үн, әсем әнім, терең күйім, Елгезек – ыстық жүрек, көңіл, миым» деуінде де үлкен мән-мағына жатқан жоқ па?! Табиғаттың берген сыйына лайық болу да азаматтыққа сын. Өзіңді өзін баптау, ұштау, қадірлеу деген қасиеттермен суарылмай жұрт көңілінен шығу мүмкін емес. Өміршең өмір иесі соны да меңзейді. Соған сын көзімен қарайды. Халыққа қызмет етуге құдай-тағала тұла бойыма берген тұмардай нәрсенің қадіріне жетсем деген арман-мұраттың ұшқыны лаулайды тарланбоздың талғампаз ой-толғамынан, тобықтай түйсік ой-түйінінен.

Қазақтың көл-дария жайлауындай кеудені толтырып тұрып кең-молынан шырқалатын «Уғай-ай» әнінің ауқымы, кеңдігі жан баласын риза етері кәміл. Арғы-бергі заманның куәсі болған қайсыбір адам болмасын бұл әннің сарынын құлағы шалғаны анық. «Жамбылдың салған әні жайлаудағы, Құлын-тай желі тартып байлаудағы. Он бес пен жиырманың арасында, Толықсып, көңіл шіркін қайда аумады?!»– деп, айналасын қанағат сезімге бөлейтін ақын көкірегінен шыққан мың-сан әндердің көпшілігі ұмытылып, кейбір

сілемдері ғана қалғанын ауылдастары әлі күнге өкінішпен айтады. Әйтпесе, Құлансаз, Қарақия, Майтөбе сияқты небір жердің құты болған көкмайса жайлаулардың қымызын ішіп, қыз-келіншектермен сайранды салған сал-серілігі басым болғандығын көнекөз қарттар жырдай қылып айтатұғын ғой. Тіпті, термелетіп, мақамдатып, сан құбылтатын қысқа қайырым дүниелерін қазір ешкім де есіне түсіре алмайды. Оларды шала-шарпы білетін, көмескі болса да көмейінен там-тұмдап төгетін әнқұмарлардың өзі о дүниелік болып кеткені сан соқтырады-ақ. Бұл күнге жеткендері, жеке-жеке тұлғалардың еске сақтаулары арқылы нотаға түсіп, моншақтай тізіліп қалғандары.

Мысалы, Жәкеңнің қаншама әдеби хатшылары болғандығы баршаға мәлім. Солардың кейбір ән-әуенге жуық жүретіндері қызық үшін қарт кісінің мақам-ірімдерін көкіректеріне тоқып, кейін арнайы музыка зерттеушілердің сұрауы іздеуі бойынша өз шама-шарықтарынша айтып нотаға түсірткен. Қазақ әндерін зерделеп, зерттеуші, жинаушы Борис Ерзакович Ғали Ормановтың айтуы бойынша Жамбылдың бірталай әндерін нотаға жазған. Олар: «Ел едің құт дарыған Есім-Мамай», «Өсиет», «Жаз жыры», «Айтыс» деген ән-мақамдары, әуен-сарындары. Сондай-ақ Тайыр Жароков «Уғай-ай» әнін өз даусымен айтып, Борис Ерзаковичке нотаға түсіруге көмектеседі. Қазақ халқының жазира даласын кезген жезкиіктей небір әуен-әндерін жиыстырып, соның нәтижесінде 2500 әнді нота тілімен сөйлеткен Борис Ерзаковичтей зиялы азаматқа халықтың ризашылығы ерекше болса керек-ті. Алақұйын ақындығымен ғана емес, әнші-сазгерлігімен де ел-жұртының көңілін жұбатып, жандүниесін рахатқа бөлеген ұлы Жамбылдың шапағаты мол музыкалық шығармаларының бірнешеуін тасқа басып, ел есіне салған сол Бәкеңнің (Бористің) жақсылығын біздің ұрпақ ешуақытта ұмытпаса керек-ті.

Қаншама жылдар өтсе де жадыдан шықпайтын осы бір «Уғай-ай» әнінің ырғағымен екі ғасырдан бері қарай талай ұрпақ тербетіліп келеді. Қазақтың маңдайына біткен дарабоз сазгер Нұрғиса Тілендивтің өзі Жәкеңнің бұл әніне үлкен мән беріп, жанына жақын тұтты. Соның

үшін де осы әуенді оркестрге түсіріп, бағын бұрынғыдан да жандыра түсті. Ұлы бабасының аруағына сыйынып, «Отырар сазының» өзекті бір репертуарына айналдырды. «Уғай-ай» Жамбылдың бойтұмарындай әні болғанымен, оны одан бетер аспандатып, құйқылжытып, мың түрлі өң беріп Нұрғисадай ұрпағы ұрандатып алып кетті. «Жәке-ау, жаныңнан бір уыс топырақ бұйырт, қасыңа келіп жатайын» дейтін арманы орындалып, бүгінде Нұрағаң Рұхтас атасының іргесінен орын тепті. Қос құдірет сөйтіп қатар жайғасты. Жыр-құдірет пен Күй-құдіретті төл топырақтары табыстырды. Еліне қадірі өткен екі сазгер сонау Майтөбе жайлауының етегіндегі Ұзынағаш өзенінің бойында, алма бағының арасында мәңгілік ұйқы құшағында. Алтын бесік – ауылдан артық мекен жоқ екеніне елдің көзін жеткізіп екі бірдей ұлы тұлға домбыра шертісіп жатқандай, осында тағзым ете келгендерге әлденені сыбырлайтын сықылды. Құлаққа сырлы саздың үні естілердей қос ішектің күмбірі толайым жұрттың тізесін бүктіреді...

Көсіліп шырқауды тілейтін «Уғай-ай» аспанда қалықтағалы да жүз жылдан асты. «Алатаудың әйгілі Жамбылымын, Өлең-сөздің жасымнан даңғылымын. Шыңға біткен шынардың гүліндей боп, қайта туып жасарған балғынымын» деп кеудесі көріктей керілетін ақын көңілінен пыр-пырлап ұшқан топ-топ кептер қарасын көріп, жаның жадырайды, жүрегің шымырлайды. Кезінде табиғаты әсем Алатау сілемдеріне арқардай өрмелеп жүріп, жақпар тастарды жаңғыртқан жасөрім кейпі келеді көз алдыға. Судың тұнығын ішіп, қыздың сұлуын құшып, қиялымен күспен жарысқан жастық дәуреннің жарқылы көк аспанмен астасады, қия бетте құлындар ойнақтап, бұлақ басында биелер шыбындайды. Қазақтың мамыражай тұрмысы сағындырып, бұлт үйірілген биік шыңдар жанарды суырады. Шыбынсыз жаз елестеп, көкшалғын исі танауды жарады. Айнала мөлдіреген тұнық ауа жұтындыра түседі: «Сорғалаған тілімнен тамады алтын, Аңқылдаған адамға көңілім жарқын. Ой мен қырын аралап Жетісудың, Он жасымнан жайылған Жамбыл даңқым» деген үн саңқылдап, туған жер көркін алақандағыдай елестетеді. Өнерпаз пер-

зент талантын ашып, топшысын қатайтатын мың сан бұлағы бар Көктөбе, Майтөбе, Суықтөбе сынды хан жайлаулар Үшқоңырға ұласып, әрмен қарай Хантәңіріне қанаттасатыны, содан барып өмір қызық-шыжығы молая беретіні еске түседі.

Бүкіл адам баласына тән жағдаяттар тамырласып жатқан ән астары сырға толы. Ақын жүрегі соны алға тартып, тереңіне үңілтеді: «Таудан астық, жас болдық, судай тастық, Енді міне амалсыз қырдан астық. Батқан күннің таудағы сәулесіндей, Кетіпсің ғой алыстап, қайран жастық?!» деген өкініш-нала қай кеудеге де шоқ салады, ет-жүректі шым еткізеді. Өткен уақыттың қадірін әспеттеу әсерімен әлдиленген ән құшағында теңселесің, толқисың. Бірақ зымыраған сәттер көшін кері қайтаруға шамаң жетпейді. Әдемі мұң, жеңіл жәутеңдеу сезімдері ұйып қалған өлең-әнге бойың жылиды, еріксіз езу тартасың. Дәл тауып айтылған сөзге, соған жарасымды сазға иланасың, имандай ұйисың. Шынында да «қайран, жастық!» дегің-ақ келеді. Қос бұрымдай жосылып жатқан екі үйлесімге іштей келісіп, қол соғасың, бас изейсің.

Баршаға ой салатын, ғибрат болатын әндер шоғыры Жамбыл бабада жетерлік. «Абайдың суретіне», «Балаларға», «Күләшқа», «Бұрымға», «Сарыбайға», «Алатау», «Кәрілік» әндері өзіндік өркешті туындылар қатарында саналады. Ал, жан-жүректі елжірететін әйгілі «Атандыру», «Балама хат», «Алғадайды жоқтау» сындылары нағыз классикалық біртуар дүниелік мұралар.

Шоқтығы биік ән төрелері әлімсақтан белгілі ел композиторларының талғамынан туған. Мөлдір муза айқасқалары шамшырақ сынды жан-дүниенді жап-жарық қылып, рахатқа шомылдырады.

«Мен-дағы дүрілдедім заманымда»

*Ғасырлар талай кейінде қалды,
Қалған жоқ, бірақ адамның әні.
Көтеріп барлық шаттық пен зарды,
Келеді зулай жалтылдап әлі.*

Әбділда Тәжібаев

Қалай дегенмен де замана табы өнер иелерінің өміріне өз таңбасын салады емес пе? Қайсібір саңлақ болмасын тіршілік ауанымен кесімді ғұмырын кешеді. «Сұңқар едім көлдегі, Сұлтан едім елдегі» деп егіл-тегіл әуен төккен ән-жырдың төресі, асыл сүйек ақын-сазгер Пішән Жәлмендеұлының мұралары халық арасында әлі күнге дейін адасып жүргендігінің өзі небір аласапыран жылдарды еске салады.

Жетісу өңірінде өзіндік қолтаңбасы бар айрықша арқалылар өлкенің өзен-суындай өте көп болғаны тарихтан аян. Солардың тағдырлысы да, таланттысы да деп айтуға әбден болатын жеке бір тұлғасы – Пішән Жәлмендеұлы (1884-1921) екенін барша халықтың, әсіресе кейінгі жылдары жаппай жете біліп жатқандығы жасыран емес. Жерұйық аймақтың тұнығын сүзіп ішіп, тұлпарын ерттеп мінген ер-азаматтың басына сор болып жабысқаны оның ауқатты, қабырғалы ата-баба әулетінен шыққандығы және ел тізгінін ұстаған би-болыс болғандығы еді. Әлімсақтан қарақордалы Қаратал мен Іле өзендерінің бойын жайлаған ел арғы-бергі ордалы жұрттың қабырғалы байлығын, батырлығын, әулиелігін баз қалпында сақтай білгендігімен де ерекшеленеді. Құйқалы мекенді жайлап жатқан ел мен жердің тұтқасы болған ұлы бабалар Ескелді, Балпық, Қабан жырау тәрізді небір тәлімді игі жақсылар ел ырысын одан әрі жалғастырса, көкірегі ақыл-кеңеске толы осындай есті адамдардың жұрнағы болу да оңай емес.

Елге ес болып, көшелі уәж айтар ауыл иелері санатындағы би-болыстардың рөлін ешқашан да жоққа шығаруға болмайды. Олардың арасында қайырымдылары,

кемел ойлылары көп кездескені анық. Кеңес өкіметі кезінде, амал қайсы, солардың бәріне көзалартушылық белең алып, «кебеже қарын, шұбар төс, шынжыр балақ» атандырдық. Міне, сондай салқындықтың сызы ақын, әнші, композитор Пішәнге де тиді, ол да осы солақайлықтың құрбандығына шалынды. Әкесі Жәлменде би де, баласы Пішән болыс та есімдері айтуға болмайтын адамдар қатарына жатқызылды. Әсіресе, он сегіз жасында болыстыққа сайланған Пішәннің алғырлығы, іске көсем, сөзге шешендігі бүкіл Жетісу аймағына танылып, талай жұрттың таңдайын қақтырғаны кейіннен өзіне пәле боп жабысты. Ауыл арасындағы ағайын-туғандардың өзі оны теріс түсініп, үстінен арыз-құрызды бұрқыратты. Сөйтіп, ол абақтыдан бір-ақ шығады. Істің ақ-қарасы тексеріліп, кінәсіздігі анықталған тұста, яғни, оны ақтау туралы үкім келіп жеткенше екі сағат бұрын атып тастайды. Сөйтіп, жазықсыздан-жазықсыз тұла бойы тұнған ақыл-парасат иесі, ақынжанды, жан-жақты, мол пішілген көшелі көсем сынды адам небәрі отыз жеті жасында ажал құшады.

Көзі тірісінде-ақ арынды екпінімен, аршын үнімен көкөрай Қаратал айналасын думанға бөлеген бітімі бөлек Пішәннің өнер өрісі қазақ даласының талай түкпіріне қанат жайғаны мәлім. Өйткені, сонау Қаратаудан, Көкшетаудан, Баянтаудан, тіпті басқа да исі қазақ мекендерінен Пішән әндерінің ызыңы естіледі. Мәселен, Оңтүстік өңірінен, яғни сонау Созақ жерінен композитор Жанғали Меймандосов бір кездері «Қазақ әдебиеті» газеті арқылы сұрау салып, «Ғайша» кімнің әні екен?! -деп шап-шағын хабар жариялаған еді. Сонау соғыс жылдарының арғы-бергі тұстарында сондай бір зарлы, оқиғалы ән айтылып, жұрттың сай-сүйегін сырқыратушы еді, сол кейін ұмытылып барады деп, сол әннің қайырмасын еске салған-ды. Қайырма: «Көтер Ғайша басыңды, Күннің көзі ашылды. От боп жанған жүрегім, Су сепкендей басылды» деген сияқты күрсіниске толы екен. Міне, осы бір шумақтың өзі-ақ жұртты талай сырға қайтып оралтты. Мұндай сыңайдағы ән ырғағы басқа да аймақтарда кезінде көп айтылғандығынан хабардармыз.

Азды-көпті ән-әуенге құлақ түріп жүретіндіктен біз де мұндай оқиғаларға әбден қанықпыз. Жастайымыздан жаңағыдай «Ғайшаның» мәтінін естіп, әуенін де құлағымызға сіңірдік десек, артық айтқандық емес. Сол бір жылдардың өзінде-ақ Жетісудың сал-серісі атанған Пішән дақырты жалпақ жұртты елендеткен. Бірде сыбырмен айтылып, бірде күбірмен айтылып жүріп-ақ біздің Алатау бөктерінде бұл есім әрбір жүрекке қонақтап қалған-ды. Әсіресе, қарттар жағы тамсанып еске алып, есіл ердің тағдыры көл-дария көз жасына айналғанын айтып күрсінисетін. Жаңағы Жанғали Меймандосов сауалына үн қатып, біз де естіп-білгенімізді сол әдеби газет арқылы ортаға салғанбыз. Және де өзіміз ептеп дастарқан басында айтып жүретін он шақты шумақ мәтінін мысалға келтіріп, көпшілікке ұсынған болатынбыз.

Міне, содан бері де қаншама уақыт өтті, талай су ақты, әлеуметтік өзгерістер болды. Еліміз жоғалтқанын тауып, адасқанымен табысып жатыр. Халық тағдыры сияқты ән тағдыры да қилы-қилы теперіш көрген ғой. Пішән бойындағы қасиеттерді артындағы ел-жұрты енді-енді түгендеу үстінде. Халыққа телініп жүрген оның әндері иесіне қайтарылып, өз тұғырына қона бастады. Қараталдың өн-бойын өлең-жырға бөктірген ақын, саятшы, ақылгөй, әнші, композитордың серілікпен өткен аз ғана ғұмыры кейінгі ұрпаққа үлгі ретінде ұсынылуда.

Жетісудың үкілі тарланбозын танып-білу мақсатында Талдықорған Аймағындағы Қаратал ауданы, Байшегір ауылында Жәлменде бидің 150, Пішән болыс, ақын-сазгердің 110 жылдығын еске алу асы өткізілді. Ескерткіш белгі қойылды. Сондай-ақ ардақтылар есімін еске ұстау рәсімінде Пішәннің әндерін орындаушылардың байқауы ұйымдастырылды. Оған облыстың небір сайыпқыран жезтаңдай әншілері қатысып, бақ сынасты. Бір есте қаларлық нәрсе, сол байқауда кәсіпқой әнші емес, кәдімгі Жамбыл ауданы, Жамбыл ауылының қарапайым мәшине жүргізушісі Ермек Шаштайұлы деген әуесқой өнерпаз Пішәннің «Ғайша» атты әнін орындап, бас бәйгені қанжығалап қайтты.

Одан гөрі даусы биік, нағыз кәсіпқой белгілі әншілер де бұл сайыста көп болды, бірақ тағдырлы, оқиғалы өзекжарды ақын жанының шырылын дәл сездірген ауыл талантының талпынысы, жүрек лүпілі әділқазыларды тәнті етіп, жәй ғана шопырға шын ықыластарымен құласты. Әнге ғашық бозбала Ермектің көкірегіне құйғаны Алатау бауырындағы Майтөбе жайлауының етегіндегі Жамбыл елінің жүректеріне тұндырғандары еді. Ел аузынан біз үйреніп, сол Ермекке ерінбей-жалықбай құлағына құйғандағымыз бекерге кетпеді. Тым-тым сирек айтылатын әндер сапында көмескіленіп, тот басып жатқан «Ғайша» әнін қайта тірілткендер қатарында Шаштайұлының есімі ерекше айтылуы тиіс деп ойлаймыз.

Серілік құрып жүрген сәттерінде туған мақамынан мүлде өзгеше мұң шырмауынан шыққан «Ғайша» әнін ер-азаматтың елмен, жермен, сүйген қосақпен соңғы бір қоштасуы деп ұққандайсың. Сондықтан да ешбір жан тебіренбей, толқымай тындауы мүмкін емес. Бар өмірінің соңғы нүктесіндей көрінген ажал аузындағы жанның салауат айтуы, қош деуі, қол бұлғауы дерлік бұл ән-жыр қабырғаны қайыстырып-ақ жібереді. Шүу дегенде-ақ тағдыры көз алдыға келе қалатын Пішән бейнесі қандай аяулы, аянышты. «Жәлменденің баласы Пішән едім, Мекелайдың тұсында кісі-ақ едім» деуінің өзі не тұрады! Жақсылар қатарындағы тізгін ұстар кісінің арман-зары әрмен қарай құйқаны шымырлата береді: «Кісі ақысы кісіге кетпейді екен, Талай жанды тар жерде қышап едім» деп өз кінәсін де мойындай отыруы да кісілік емес пе? Болыс болған соң, әрине, ел ішінде бір тентекті тиюға қабақ шытқан шығар, зілді сөз айтқан да шығар. Онсыз бола ма. Бірақ, соның бәрін ақырып-бақырғанға санап, көңілге дік алу ағайын арасында кездессе, бұл, әрине, кісілікке жатпайды.

Жөн айтқанды кек санап керілдескен, ақыл айтқанды басынғандық көріп, басқаға жорыған жұрт та жоқ емес. «Тар жерде қысап едім» дегенде, міне, сол бір кермалдасуды есіне алғандай-ау. Сосын: «Мен кеткенде ауылым жайлауда еді, Нұрғисаның күреңі байлауда еді. Мамық төсек,

күс жастық жатқанымда, Сегіз солдат келді де «Айда» деді» деуі бір сұмдықтың боларын алдын ала сездіргендей емес пе! Енді кеп: «Көтерші Ғайша басыңды, Күннің көзі ашылды. Дариядай көңілім, Су сепкендей басылды» деп бас шайқайды, терең күрсінеді, өмірлік қосағына мұң шағады. Осылай мұнайыс үстіндегі оқиға дамып, тіршілік-болмыс қалпы қоюланып, қорлық бұлты торлай түскен тұстары ақын жанының қиналысы кім-кімге де ауыр жүк түсіреді. Осы бір әнде атпал азаматтың бүкіл ғұмыры көрініс беріп, ашу-ызаны туғызады. Бірақ оған араша түсер дәрмен жоқ, тек жүрек шаншиды, өкпе қысылады, әуен-зарға үнсіз мойын ұсынасың. Үн-түнсіз тыңдап, ләм-мимсіз қабағың түйіледі, өкпең қара қазандай болады. Ел ұстаған есіл ердің жазықсыз жазаланғанына қападарсың. Аумалы-төкпелі сол бір алмағайып заманға өкпе артасың. Бірақ, өтті-кетті, түк те кінәсі жоқтардың түбіне жетті... Ал ақын-әнші баяны құлақты тұндырады. Тырп етпей тыңдайсың.

Ермек сияқтылардың домбырасымен бірге ілесіп, тағдыр тылсымына үңілесің: «Сегіз солдат келді де тұра қалды, Мылтығына оқ салып бұрап алды». Енді ататын шығар деп жүрегің суылдайды. Жоқ, тірі екен: «Нұрғисаның достығы осы емес пе, Он бес күнге аттырмай сұрап алды». Түһ, аман-есен құтылатын болды-ау деп қуанасың. Бар екен ғой жомарт жүректі жан-жолдастары деп көңілің босап, көзіңе жас үйіріледі. Расында, бұл орайдағы Пішән айтқан сөз шындыққа саяды. Оны түрмеден кепілге алып, үйге жеткізеді. Әрине, бұл уақытша қуаныш болатын. Оның ақтығы туралы құжат-қағаздар тиісті жерге жетіп, олардан босатылсын деген бұйрық келгенше жан алғыштар жалғыз оқпен өмірін қиып та жіберген еді. Бұйрық екі сағатқа кешігіп жетеді. Мүмкін әдейі кешеуілдеткен де болар. Бай-шораларды баудай қиып жатқан қатыгез заман сәтіне тура келер ме, қайран Пішән болыс тағдыры! Аузына жұрты қараған палуан тұлғалы бозым бір-ақ сәтте бозторғайдай шырылдап, соңғы әнін айтып, қағазға түсіргені, оны бір жанашырдан жасырын беріп жібергені кейін белгілі болып жатқанын қарасаңшы, әттең...

Жастайынан жайма-шуақ Жетісуын жалпағынан кешіп жүргенде шығарған әндерінен тұрпаты басқа осы «Ғайшаның» қайғы-қасіретті тағдыры өзінше бөлек. Не туғызған иесі аталмай, немесе сондағы адам аттарының жөн-жосығы түгелденбей ел-елді кезіп кеткен ән еді-ау, бұл дегеніңіз. Әркім өзінше ат қойып, үй-үйдің қабырғасынан аспаған «Ғайшаның» жұлдызы енді жанды. Әр-әр жерде жұртшылық бас көтеріп, «біз де білетінбіз, бірақ әкешеміз нақты иесін ататпайтын» деушілер көбейді. Демек, кезінде бұл ән Жетісудың шеңберінен асып, қазақтың ен даласына жайылып кеткені ғой. Әлгі Қаратаудан да, Көкшетаудан да, Баянтаудан да естілетін дегеніміз де сол себептен.

Бертін келе Пішән жайында егжей-тегжейлі әңгіме ашық айтыла бастады. Қаламгерлер Балғабек Қыдырбекұлы, Бек Тоғысбаев, Ұзақпай Доспанбетов, Несіп Жүнісбаев, өнер зерттеуші Мият Көпелбаев сияқтылар там-тұмдап дерек тізіп, Пішән тарихын толықтыра түсті. «Ғайшаның» керемет құрылыс-бұрылысы, ардақты ақынның бұдан басқа да шығармалары сомдалып, ел ішіне тарап, ізім-қайым сіңіп кеткенін аңғартқандай. Тумысынан зерек қаламгер, қоғам қайраткері Балғабек ағамыздың айтуынша, Пішәннің «Әшіркүл-Зейнеп», «Дүние шіркін, өтеді бір күн», «Аққу едің көлдегі» деген тәрізді көптеген ән-әуендері болған көрінеді. Тіпті, «Қыз Жібек» кинофилмінде, «Жалбыр» операсында, «Шұғаның белгісінде» Пішән әндерінің нақыштары айқұлақтанады екен. Әрине, олардың бәрі де халық қазынасынан деп алынған ғой...

«Ағайын тілектеспін амаңыңа, Мен-дағы дүрілдедім заманымда» деумен жан-дүниені дірілдеткен болыс ақынның саздары құлағына тиген талантты ұрпақ ойлы көзін алысқа қадар бәлкім...

«Қосылған қоңыр қазға ән мен үнім»

*Басыма құс боп бәлкім бағым қонар,
Көз алдым көрмей түкті сағымданар.
Сәттерім менің, білсең, ең бақытты –
Осы бір ән тыңдаған шағым болар!*

Қанипа Бұғыбаева

«Екі Кенен тумайды, Алатауға ексең де» деп өз бағасын білген, «Мал да сол, байлық та сол әнім болса» деумен туған елін әуен рахатына бөлеген сал-серілердің соңғы сарқыты Кенен Әзірбаев жан-тәнін таза ұстап, ұзақ ғұмыр кешудің де, көл-көсір шығармашылық туындаларымен халқын қуантудың да ғаламат үлгісін көрсетті.

Тұла бойындағы табиғат сыйлаған өнер біткенді түгел жайып салып, жәмиғатқа көзі тірісінде толық қызмет еткен армансыз адам әйгілі Кенекең болар, сірә, деп әркім-әркім де ойлауға қақысы бар. Өзінің тоқсан үш жас ғұмырында екі жүзге жуық ән шығарып және оны өзі қос ішектің қоңыр қаздай үнімен әуелетіп шырқап өткен екі ғасыр куәсін жер жүзі біледі десе ешкім де дау айта алмасы анық. Қоғам қанша құбылып, небір заманалар алмасып жатса да аспандағы аққуға сыбызғыдай даусын қосқан ерекше әуенді Әзірбаев жан-дүниесін жарып шығатын ән-ақбозатының әсте тізгінін тартқан емес. Талант қайнар көзі бітеліп көрген жоқ. Алла-тағала бойтұмар қып мойнына тағып берген әнқұмарлық, жырқұмарлық, күйқұмарлық бүкіл өмірін өрнектеп, өрт-жалынға оранып өтті.

Термесін төгіп, әнін әуелетіп, күйін сапырған Кенен Әзірбаев (1884-1976) қаншама дәм тартқан ел мен жерді араласа да, Мәскеу, Тбилиси, Бішкек сынды қаншама одақтас республикалардың орталық қалаларын көрсе де, өзінің туып-өскен, кір жуып, кіндік кескен Қордай өңірін, оның Мәтібұлақ атты балдай тәтті ауылын баршасынан артық санайтын еді. Бетегелі белін, жусанды жерін, Сұлутөрдей жайлауын жанына жалау еткен бала жасынан-ақ аспандағы бозторғайға құлағын тосып, көзін

қадап өскендігі көкірекке құдыретті бір тылсым дүниені қонақтатты. Қашанда қойшы біткен ой бағатын өмір философиясы бар. Соның бар көрінісін бала Кенен болмысынан да байқауға болады. Күн ұзаққа аң таяқты серік етіп, отарды көзден таса қылмай бағу дегеніңіз айтуға ғана оңай нәрсе. Малдың қамын, өрістің жайын бесіктен белі шықпай жатып бойына сіңірген ақын бала – ит-құсы көп, тазқарасы жалпылдап ұшатын тобылғылы, бұталы қыратты өңірдің жалаңаяқ, жалаңбас күзетшісі.

Қырғыз бен қазақтың небір өлеңқұмарлары араласып, жыр-думанды асқақтатып жататын атақты Қордай жері қой шетіндегі қалақтай қара баланың құртақандай жүрегін де дірілдетіп, өнерге алып ұштырған. Тау-тасты кезіп, табаны тілініп жүріп желдің ызыңына, ақселеудің ырғалуына көңілін құлатқан ол он жасында-ақ өзінің «Ри, қойым!» деп аталатын тұңғыш тырнақалдысын қой қайырып жүріп шығарған. «Қозы жайған жерім бар Мәтібұлақ, Шешемді ойлап зарланып, күнде жылап. Құрбыларым ананың құшағында, Мен жүрмін бүрсең қағып, әрең шыдап» деп балаң дауыс өрісті басына көтереді. Құлақтарын елендетіп, сонырқаған қой біткен таңырқасқан осы бір көрініс расында да табиғаттың жемісі еді. Сұлу мекен, сыбызғы жел, сылдыраған бұлақ баланың бұла сезімін қозғап, тіл-көмекейіне бал тамызғандай. «Қозыны айдап өргізіп, сайға барсам, Талқан шекер татиды шайнай қалсам. Қозы иесі куады «ку жетім» деп, Өлең айтып, ән шырқап, айқай салсам» деген зарлы дауысына: «Қасқыр қырып, шулатсын, ри, қойым, Қораға кеп топалаң, қырыл, қойым!» деген қайырма-ызасын қосып, кең даланы күңіrentкен қойшы баланың аяқ алысы бірте-бірте кібірткітмей ұзарып, құдыретті әндерге құрық салады.

Қабырғалы елдің құс қанатты ән мұрасы көп болғанға не жетсін! Ондай сымбатты да сүйкімді дүние-жауһарларымыз құлақтың құрышын қандырып, алыс бір армандарға жетелейді. Яғни, халық композиторларының үкілеген ғасырлық ғажайыптары талғам таразысында қашан да әділ бағасына ие болады.

Қойшылық өмірден түйгені мол өнер қуған кішкентай

әнші қара домалақ бүкіл даланы басына көтеріп, «Бозторғайын» шырылдап жүріп шығарды. Даланын кожасындай қоңыр үнді, қоңырау сынды бозторғай құс ән тақырыбына айналғанда Кенен небәрі он бір жаста болатын. Таутекесі тасқа секіріп, кекілігі қорымда өріп, бұлақтың суы мейірінді қандыратын тарихи Қордай тума талантына құдай өзі бақ берді, талмай жырлайтын жақ берді десе де болғандай. Әйтпесе, мінгені – жауыр ат, ұстағаны – қу таяқ, баққаны – мың-сан маңырама тұяқ жалақ ерін, жалаңаяқ бала бара-бара бүкіл қазақ жұртын аузына қаратқан әнші-жыршы, күйші атанар ма! Міне, өнер киесі ата-бабадан, қасиетті қаракордалы жерден жұқты деп осындайда айтылса керек-ті. «Жамбыл Жабаев халық поэзиясының алыбы атанса, Кенен Әзірбаев ән өнерінің көрнекті өкілі, аса дарынды әнші, композитор атағына ие болды» деп өнер тану ғылымының докторы, профессор Б. Г. Ерзакович бекер ризалық білдірді дейсіз бе! Боз далада жүріп-ақ «Бозторғайды» тудырған Кенен дарыны, қарымы, шынында да ықылас-пейіл білдірушілердің назарына ерте ілікті.

«Бозторғай, шырылдайсың жерге түспей, Мен жүрмін кешке дейін тамақ ішпей. Ат кылып, ақ таяқты қолыма ұстап, Сандалып қой артында ерте-кештей» деп аспан-дата шырқайтын шынашақтай бала талпынысы таңдай қақтырады, бас шайқатады, ырза етеді. «Отырсам қой күзетіп таң атпайды, Жүргенде малды жайып кеш батпайды. Қарайтын қабағыма бір адам жоқ, Бел шешіп, төсегіме бір жатпаймын» деген сөздер қай малшының да тағдырын көз алдыға әкеледі, қойшы байғұстың жыл он екі айдағы қоңырқай тірлігін нақ суреттейді. Қайырма сарыны да ұзын-сонар өлеңіне сай, дала тұрмысындағы күнделікті қу тірлікті дөп басады: «А-ау, бозторғай, Шырылдайсың, шіркін-ай, Құтылар күн бар ма екен, Осы қойдан бір күні-ай!» деген өкінішті, өксікті леппен өзіне қаратады. Бұл әннің тез тарап кететін де жөні бар. Өйткені, қазақ тұрмысындағы төрт түліктің рөлі ерекше. Әсіресе, қой қоздатып, төл өргізген, сенбі, жексенбі дегенді білмейтін бейнетке жаратылғандар елден бұрын түсінетін, түйсінетін

бұл «Бозторғайды» қойшылар гимні десе болмас па тәйірі.

Ғұмырында әрқилы қызметтер атқарған Кенекен әу бастағы әншілік, композиторлық тұғырынан ғұмырында бір түсіп көрген емес. Бұрынғыларша қайыратын болсақ, болыс та болды, ел ағасы да атанды, атақты он алтыншы жылғы халық бұлқынысында қол бастағандардың жаршылығына да жарады, тіпті, бертінде, Композиторлар одағының бірнеше съездерін әдейі әуелеген әуезімен ашып та берді, Жамбыл ағасына ілесіп, Мәскеудің төрінде де көсіліп отырды, Грузияның шарабын да татты, ауру-сырқаудың азабын да тартты, қойшы әйтеуір, тоқсан үш жылдық құдайдың берген ғұмырында не көріп, неге куә болмады арқалы абыз!

Патшаға қарсы айбат шеккендерді жазалай бастағанда, бір белдің астындағы қырғыз бауырларды сағалап, Қордайын сағынғаны қалай ұмытылсын?! Сонда ғой көмекейі бүлкілдеп, «Бұлбұлға» әнін ел-жұрттына жайғаны: «Ей, бұлбұл, сен де бұлбұл, мен де бұлбұл, Қаңғыртқан екеуімізді патша құрғыр. Айырылып ел мен жұрттан жүрген шақта, Жұбатып ертелі-кеш сайра да тұр» деп дала еркесі құмбыл құсқа мұңын шақты, көл-көсір жасын төгіп, туған жерге деген аңсауын аңыратты.

Он тоғыз бен отыз бірдің арасындағы қазақ жастарын соғысқа аламыз деп тізімдегенде, ашық күреске шығып, Жетісу елін бас көтеруге шақырған Бекболат Әшекеев мен Әли Нұрғожаұлының үгітші ақыны болған Кенен де патша жазалаушыларының кәріне ұшыраған, қудалау көрген соң іргелес елге барып паналаған. Сондағы көңіл-күйдің көрінісі айнымай түсіп қалған. «Бұлбұлға» әні әрі нәзік, әрі берік жанның тебіренісін танытқандай. «Ер жігіт шетте жүрген ел сағынар, Елден соң туып-өскен жер сағынар. Туған жер, өскен орта орның бөлек, Сыйласар қырғыздан да ер табылар» деген ақын толғанысын түсіну қиынға соқпайды. Іргелес, қоныстас, қоралас қырғыз бауырлардың әншілік дәстүрі бесенеден белгілі. Екінің бірі Манасты жырлайтын ауылы аралас қандас халықтың Кенен де ән-жырына қанық, өздерінен кем шырқамайды. Сол үшін де оларға қазақ өнерпазы жат емес. Тез-ақ айқара құшақтасып, сіңісіп кеткені шындық. Дегенмен, туған жердің «тауы да

ыстық, тасы да ыстық» қой. Сондықтан, қалай болғанда да бір белдің астындағы атамекен жүрегін сыздатқан сазгер: «Алатау, аңсадым-ау асқар белін, Қордайдың көкседім-ау қоңыр желін» деп өзегін талдырады. Кеудесіне демін толтырады, ағаштың ұшар басындағы әнші құсқа іш-құсалығын жеткізеді. Екі елдің шекарасында тұрып қоңыр үнін қос ішекке қосады, мұның төгеді. Туған ел, туған жер дегеннің қадір-қасиетін әрбір адам Кененнің «Бұлбұлға» әнін тыңдап тұрып ұғына түсері хақ.

Дала мен қаланың арасын даңғыл жол қылған Кенекеннің бүкіл болмысы өнер мәуесінен жаратылғандай. Бүгін ауылда жүрсе, ертеңінде қаланың кең сарайларында сандуғаштай сайрап отыратын оның аралас-құралас болмаған адамы жоқ. Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Ғабиден, Мәлік, Бауыржан, Шыңғыс деп санамалай берсе, саусақ жетпейтін ғұлама даналармен табақтас, сабақтас болу пешенесіне жазылған. Өзі әнші, өзі суырып салма ақын, өзі композитор, күйші, Қордай тауының бұлбұлын кім жатырқасын. «Кенекен қай кезеңде болмасын өз өнерінің бағасын түсінген, - дейді композитор, КСРО халық артисі, профессор Еркеғали Рахмадиев. - Өзін-өзі пір тұта білген, көңілі ханға бергісіз дарқан өнерпаз болған. Қазақта Кенен сөзінің ұғымы шалқарлық пен дарқандықты да білдіреді ғой. Ақсақалдың өнері мен көңілінің кең жазиралылығы өз есімі секілді кенендікке келетін»

Қазақтың игі жақсыларының көпшілігі дәл осындай әділ бағаларын берген еді. Көрнекті қоғам қайраткері, мемлекет басшысы, кемел ойлы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев атамыз да Кенекенді бауырына басып, ақ тілегін аямаған. Ұлы кеуде әйгілі әнші-сазгердің сал-серілік құрған бүкіл тоқсан үш жас ғұмыры түгелдей халқына қызмет етумен өткені нендей бақыт десеңші!

Арғы-бергі заманнан сан қилы оқиғаларын кеудесіне түйген көкейлі Кенекеннің өзінен үйренген, ғажайып кісіден ғибрат алған шәкірттерге сан жетпесі кәміл. «Көкшолақ», «Көпшілік көрсін әнімді», «Түйе тыныс», «Үрия-ай, дүние-ай», «Ойжайлау», «Домбыра», «Базарым-ай, Назарым-ай», «Күйгенім-ай, сүйгеннім-ай», «Туған жер», «Қайран

жастық», «Келінжан» тәрізді талай-талай шамшырақ әндерден шашу шашқан шалқар шабыттың иесін халқы қатты қадірледі. «Мен атамның өзінен жүзге тарта әндері мен үш жүзге жуық өлең, терме, дастан, айтыстарын үйрендім» деп Қазақстанның халық ақынының қызы, әнші-ұстаз Төрткен Кененова әкесін мақтаныш тұтады. Ән мен жырдың Кененін қай қазақтың баласы ұйып тыңдамаушы еді, шіркін!

«Күнім қайда кешегі ән іздеген?!»

*Ән туады мұраттан,
Ой туады сұрақтан.
Не бір үлкен өзендер,
Басталады бұлақтан.*

Мұхтар Шаханов

Бойға қуат, жанға ләззат құятын шипалы ән шіркіннің өмір жасты ұзартатынын адам баласы жаратылғалы бері сезіп-біліп келеді. «Өмір – қайық, өлім – теңіз, Айрылмайтын екеуі егіз. Мінген болсаң сол қайыққа, Қайрылмасқа кеттім деңіз» деп қойып жұмырбасты пенде біткен жалғанның жалпағынан басып, қайғысын сейілтуге, қуанышын аспан-дата түсуге кеудесін керіп тұрып ән шырқауға бейім. Уайым-қайғысы жеңілдеп сала беретін болған соң дауыс созып, тамағын кенейді, құлашын кеңге жайып тұрып армансыз айқайлауға құмбыл. Бұл дегеніңіз атам заманнан бері қарай қайталанып отыратын табиғи құбылыс десек, «Білім алдым Стамбол қаласында, Қазақтың тәлім бердім баласына» деп аспанға шапши шырқалатын «Меркі» тақылеттес талай әндерін туған өлкесіне сыйлаған Қапез Байғабылұлының тар замандағы ағартушылық қызметінің композиторлық талантымен біте қайнасуы осыны білдіреді.

Елін, жерін сүйген жас ұлан жалғыз домбыра күмбірімен шектеліп қалған жоқ. Тіпті, оған заман ағымы мұрша берген де емес. Төңірегін қаз-қатар асқар тау қоршаған тып-тыныш ауылда туған болса да, өмір-өзен оны қаршадайынан-ақ қыспағына алып, толқынында жан таптырмай тербетті.

Бірде тереңіне батырды, енді бірде жағасына лақтырып тастады. Қиын-қыстау кезге тап келген тағдыр-тәлейі көп нәрсеге араласуға итермеледі. Тәңір тауына көз қиығын салып өскен Кеген өңірінің тастүлегі өлеңмен көзін ашқан, ән-жырмен ауызданған нағыз қазыналы мекен-жайдың талшыбығы-тұғын. «Біздің ауыл шұрайлы Тоғызбұлақ, Семірген тұра алмайды өгіз құлап» деп ол бекерден-бекер әуелетіп ән салған дейсіз бе? Шалғыны тізеден келетін шалқар кемер сылдыраған бұлақтарын санап тауыса алмайтын ғой. Ол Сондықтан да «Орта Меркі, Шет Меркі, Меркі, Меркі, Қарқара, Кегенменен жердің көркі» деп көкірегін кере үн қатып, арғы жағын қырғыз елімен жалғастырып жатқан ақбас тауларға көз тігеді.

Жер сұлуы перзенттерін әсте құралақан қоймайды екен, ол әріден үзілмей жеткен ақын-жыраулардың, әнші-күйшілердің мұраларына сусындап өсіп, солардан шөлін қандырып, сіміре де білді. Оған осы Жетісу өлкесінің дара тұлғалары да көп көмегін тигізді. Жамбыл, Құлманбет, Бөлтiрiк, Кенен, Жүсіпбек қожа, Қожеке сынды тағы да басқа халық өнерінің туын көтергендердің ықылас-ықпалы үлкен өнерге деген құмарлығын туғызып, көкірек-көзін ашты.

Қапез Байғабылұлының (1896-1939) бүкіл болмысы ұстаздық-ағартушылық қасиеттерден тұрады. Жетісудың салқын сағасын кешіп, биік-биік шындарға мойнын созып өскен өндірі бозбала зеректігі, қабілеттілігі ең алдымен ауыл-аймақтың той томалақтарында сыңсытып салған ән-әуендерімен ұшталып, құлағы қоңыр өлеңдерге елеңдеді. Көкірегін қисса-дастандармен толтырды. Сосын өзі де дауыс созып, ішкі жан дүниесін сыртқа шығаруға асықты. Таулы өңірдің тұрымтайдай ұлын сүйсіне тыңдаған көрші-көлем таң қалысқан. Ескіше әліпбиді оқыған әкесі оқу-тоқудың қажет екенін білетін еді. Сондықтан да зейінді ұлының бетінен қақпай, қағаз-қаламға құмарлығын аңғарып, білім-танымын тереңдете түсуін тілейді. Қапездің өзінің «Меркі» әнінде: «Білім алдым Стамбол қаласында, Қазақтың тәлім бердім баласына. Өлгеннен соң құр жылар, тірісінде, Кім жетер адамзаттың бағасына» деуі де осы

жәйттің айғағы. Сосын ол : «Он бесімде, қайтейін, бала болдым, Ел үшін жиырма бесте дала қондым. Отыз бесте қарындас арыған соң, Бір өзім алпыс үйге пана болдым» деп бүкіл ғұмырнамасынан хабардар етеді.

Жаны жайсаң, көңілі көктем Қапездің ән мұраларының бәрі тұнып тұрған тәрбие, тәлім, сабақ. Өйткені оның жарқын ғұмыры тек ғана халқын оқуға, білімге шақырумен өткен. Сондықтан ұстаздық турасындағы қызмет бабын өлең, ән шырқауымен қайтсем жалғастырып отырамын деп жарғақ құлағы жастыққа тимеген жылдары ылғи да ат үстінде, мекеме кабинетінде зуылдай берген ғой.

Сонау Стамбулда оқып, білім алған соң, кәдуілгі атақты Уфадағы «Ғалия» медресесіне қалдырылады. Ол дегеніңіз кез-келген ауыл баласының маңдайына жазыла бермейтін бақыт еді ол тұста. Бірақ, Қапез туған елін, туған топырағын көгертуді ойлап, онда қалмайды, алыс түкпірдегі ауылға тура тартады. Мектептер салуға, қазақ балаларының көзін ашуға бар күш-жігерін жұмсауды алдына мақсат етіп қояды. Мұғалім, мектеп басшысы, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі сияқты ағартушылық жұмыстарын мойнына ілумен барлық қызулы жастығы, ерік-жігері жұмсалады. Сәбилердің күлкісін, ата-аналардың қуанышын көруден артық бақыт жоқ деп алаңсыз ұстаздық етуді армандағанмен, амал қайсы, сол бір тар жол, тайғақ кешу кезеңдер оның көңіл-күйіне әсер етпей қойсын ба, қапалы көңілдің әуен-құсы кеудеден ұшып, елге жайылып та жатты. Оның шер кеудеден шыққан шығармалары дереу ел арасында тарай береді. Небір басқосу жиындарында жұпқынып шығып, ол шырқатып салған ащы зар, запыран жырлар жұрт жадына жазылып қалды. Әлі де ұрпақтан ұрпаққа тынбай айтылып келеді. Мәселен: «Балалары айрылған анасынан, Айрылған аналары баласынан. Жетім, жесір жалаңаш ашыққан соң, Сабанның дән іздейді арасынан» деп айтылатын «Ай-қай» деген әні өзі куә болған сол тұстардың тірі құжаты іспетті. Көрмегені жоқ қазақ халқының хал-ахуалы көз алдына келтірер осы бір ән оның ақындық шабытын да, композиторлық қуатын да молынан танытқандай бастан аяқ замана суретін көзалдыға елестететін өлең сөздерінің

өзі сүйекті, салмақты, зілмауыр. «Күнім қайда кешегі ән іздеген, Сайрандап ат үстінде сән іздеген» деп жақсы бір күндердің бастан өткенін еске алады да: «Қара түнге тап болдың, күндіз-түні, Ішінен сұр тышқанның дән іздеген» деп өкініш-наласын білдіреді. «Ай-қай» деген өксікті өкінішпен екпін түсіре айтылатан ән қайырмасы да қапалы: «Ауыр күн-ай! Жазатын күн бар ма екен бауырымды-ай? «Ай-қай»! Қазағым-ай! Арылар күн бар ма екен азабыңнан?!»

Ауыл мұғалімінің жүрек лүпілі қос ішекке түскен сәттер қымбат, қызғылықты әрине. Бүлдіршіндер санасына сәуле құйып, небір ғұламалардың ілім-ғылымына қанықтырсам деулі қиял тізбесі шорт үзілер деп ол әсте ойлады дейсің бе тәйірі. Жетісудың жәудіреген жеміс-жидегін жыр қылып, мөлдір өзен-жылғаларын, мың бұлақтарын әуенге қосамын деген үміті бұржара бастағаны сол еді, бұрқ етіп атақты 1916 жылдың июнь (маусым) оқиғасы алдынан шықты. Қарқара көтерілісі қалың қазақ еліне әйгілі болды. Қапез соның қақ ортасында жүрді. Әрине, халық жағында. Патша әскері аяусыз басып, жаншыған көтерілісшілер туған елін тастап, жан-жаққа ауа көшкенде ол да сол дүрмекке ілесті. Сонау Жаркент жақтан бір-ақ шықты. Сол тұстардағы Тоқаш Бокин, Ораз Жандосов, сынды ел ағаларымен дәмдес- тұздас болып, ақыл-кеңес алуы оған әрине зиян болған жоқ. Ұйымдастырушылық, ағартушылық қабілет-қарым солардан жұқты десе, ешкім жалғандыққа жори қоймас. Бірақ, кейіннен қуғын-сүргінге түсуі, «халық жауы» қатарында түрмеге қамалып, ату жазасына кесілуі небір ойларға жетелейді, өкініш теңізіне терең малтықтырады.

Көбіне мазасыз көңіл-күйдің сарыны құлаққа келетін әндер шоғырынан сол кездегі қоғам тынысы атой салатыны заңды да шығар. Манағы «Ай-қай» әнінің соңғы шумағы еңсені көтер, басыңды биік ұста деген секілді оптимизммен суарылған. Яғни: «Қара түнек қаптады аспанымды, Қайтейін аш мұңынан басқа мұңды. Мұңаймаңдар, бауырлар, мұңаймаңдар, Күн келер көтеретін бастарыңды» деп жігерлендіреді, қайрат береді. Үміт жібін үзбейтін көтеріңкі үнмен сосын: «Ай-қай! Ауыр күн-ай! Күн туар жазатұғын

бауырынды-ай. Ай-қай! Қазағым-ай! Күн туар арылатын азабыннан!» деп келешектің шығар күніне қол создырады, намысты қайрайды, камшы басады. Мінекей, бұл орайда да Қапездің ұстаздық ұстамдылығы, байқағыштығы мен байсалдылығы бой көрсетеді. Өлең-өнермен шәкірттер алдында дәріс беріп тұрғандай ақындық тұлғасы өз тұғырынан түспейді. Қайта тайталас заманда бұрынғыдан да шындалып, өркешті жыр шоғырымен өзгелерді баурай түседі, әдемі әндері арқылы жоқ-жітіктердің жігерін жанып, үміт отын тұтатады.

Әнімен де, қызулы, отты өлеңдерімен де мұғалімдік тәлім-тәрбиесін байытқан Қапез Байғабылұлының тау түлегі екендігі барша туындыларынан да жарқыл қағады. Бұрынғы заманның аяғын, бүгінгі заманның басын көруге жазған азды-көпті ғұмыры арпалыспен өткені аян талант иесі небәрі қырық үш жыл өмір сүргенімен, не қилы өзгерістердің, небір аласапырандардың басы-қасында жүрді. Жаңа қоғамның құрылғаны, аштық-жалаңаштық жайлағаны, қуғын-сүргін басталғаны, жұрттың жер ауғаны, ел жақсыларының мал-мүлкі тәрік болғаны, қазақ зиялыларының тамыры қырқылғаны, ең ақыры өзінің өмірбақи бала оқытқаны біркүнгідей болмағаны – бәрі-бәрі оның он жылға сотталуымен аяқталғаны тарихтың қап-қара беттері еді. Солардың ең есте қалатыны өзінен сабақ алғандардың көптігі, жан мерейіне балаған әндерінің арттағы елге мирас болып қалғандығы, сол төңіректің түлегі Сәдіқожа Мошанұлы секілді ізбасарларының Кеген тауларын кезіп кеткен ән-елес ызындарды көкейлеріне қондырып, жүрген-тұрған жерлерінде аманаттап айтып жүргендігі, ал, одан басқаның бәрі де бекершілік екен. Қызмет дегеніңіз қолдың кірі, өтті, кетті. Тек ұмытылмағаны – жан жүрегін жарып шыққан өлең-өрімдері, ән-сезімдері. Сағынып, сарғайып барып енді-енді өз иесімен қауышып жатқан маржан туындылары туын тіктей бастады. Сол өңірдің перзенті, халық сүйіп тыңдайтын Рамазан Стамғазиевтің жан тербетер қоп-қоңыр үнімен үлкен сахналарда сылдырлай аққан Қапез саз-сырлары екі көзге жас келтіреді...

Елдің көзін ашсам деумен түн ұйқысын төрт бөлген

мұғалім Қапез халқының ән мұрасын құнттап, ақ қағазға қалам ізін салуды мұрат тұтты. Әдемілікке ғашық жүрегі жыр төкті, сазды әуендерді тіл ұшына үйірді. Жасөспірімдердің құлағына ұлағатты сөз құйды, тәлімді, тәрбиені ән әлдиімен естіртсем деп талпынды. «Қасқыр да қас қылмайды жолдасына, Болмаса бір арамдық бір басында. Жер бетін топан қаптап кетсін мейлі, Түбінде өзен ағар арнасында» деп «Дүние-ау» әнін ортаға салды. Салауатты, салиқалы өмірге шақырды. Сөйтіп халқының тәуелсіз ел болуын тіледі. «Ақтоғай, Кеңсу, Арал, Орта Меркі, Айдында аққу жүзсе, көлдің көркі» деп туған топырағына тәу етті. Солай тамсана отырып: «Кейбіреу бүгін тату, ертең араз, Берген соң бұзылмасын ердің серті» деумен жұртты ынтымаққа, бірауыздылыққа шақырды. Туған халқын тұтастыққа, тазалыққа, имандылыққа үйіруді мақсат етті.

Көңілге көлдария қуаныш сыйлайтын, көкірекке өшпейтін от жағатын аққу-қанат әндер тізбегінен көз жазбай, бесаспап өнер саңлақтарынан сабақ алғанға не жетсін!

«Сағынып сонда «Сары бидай» әнін салғаным»

*Сайды қуып, саңқылдап ән барады,
Самал тұр саялатып сән даланы.
Ән десе ұшпа бөрік кәрі жартас,
Барабанын даярлап, қамданады.*

Мұқағали Макатаев

«Қойды басым арылмай бұлттан бір күн, Сенсіз жалған секілді өмір шіркін» деген даусы қаумалаған қалың қауымның көңілін елжіретіп, жүрегін жадырататып Сәдіқожа Мошанұлының сезім қылын шертетін нәзік те тұнық әуендері шекарадан асып, көршілес ел сахналарында да ұдайы шырқалып жүргеніне ықылым уақыт болды...

Өміршең болатындығының да өзіндік сыры бар. Өйткені мұндай сәтті адам баласының кез келгені өз басынан өткереді. Өйткені бұл – жастықтың албыртқан, алабұртқан

бітім-болмысын ақынның айнытпай дәл табуы. Басқа дүниенің бәрін де ұмыттыратын жастық шақтың не сиқыры барын кім білсін, әйтеуір төрт құбыла түгенделгендей құлашын кеңге салып, сайрандап жүргенді жаны қалайтын қыз-жігіттер жүрегінің лүпілін ең алдымен ақын болмысы терең түсінеді. Қиқулап құстың ұшқаны да, самалдың үп етіп ескені де, жыпырлаған жұлдыздардың жымыңдасқаны да өлеңқұмар жанды тыным таптырмайды. Сол үшін де ол: «Домбырам екі шекті мойны қайың, Жақсы адам ақыл алар жыл-жыл сайын» деп бастап алып, әрмен қарай осы әнін: «Алдыма айтар кісі кез келгенде, Азырақ ағызайын тілдің майын» деп соза түседі. Ара-арасында ойнақы қайырмамен өбектеп, үзілдіре: «Ей, жыл-жыл сайын, Ей, ахау, тілдің майын» тамыза жалғастырады. Сәбиді тал бесікте тербегендей әсері мол «Ей, ахау» әнінің ұзын-ұрғасы жүрекке шуақ құяды, көкейге де қонымды-ақ, жан жібітер жасыл желектей ұлпа жібек сөздері таңдайға татымды-ақ. Соңғы шумак та қазақы қалыптан шыққан, табиғи тұрпаты көңілге бірден қонақтайды: «Дегенде домбыраны, домбыраны, Тиегін бір шеберге жондырады. Көңілің расымен болса менде, Бір сайға екі ауылды қондыралы». Халықтық тұрмыстың сән-салтанаты, дәстүр-ғұрпы араласып жатқан өлең-әуен құрылысы көзге ыстық, көңілге жақын көрінетіні бар. Мынау ән де ықылас-пейілді оятады, өзіне асыл тастай тартады.

Көкорай өлкенің тағы бір ақиығы – Сәдіқожа Мошанұлының (1917-1946) туып өскен, ит-жейдесін тоздырған Кетпен (Ұйғыр ауданы) тауының етегі ежелден-ақ қайнаған халық қазынасына толы атамекен. Шет-шетінің әмбесі Шәлкөде, Қарқара, Асы жайлауларымен қолтықтасып жатқан жасыл шалғынды мәуелі аймақ ән-жырдың да ұйығы. Бозбала шағынан қызды ауылдың иттерін абалатып, сал-серілік құрған Сәдіқожа ақындығымен де, сазгерлігімен де елді аузына қаратқан біртумалардың бірі. Бәлкім, бұл өмірдің қас пен көздің арасында зу етіп өте шығатындығын ерте сезінгендіктен бе екен, әйтеуір ол қысқа күнді қызықпен, сайран-сауықпен өрнектеуден танбаған. Көздің нұры таймаған, беттің әрі кетпеген нұрлы

шақта күліп-ойнауды, бір-бірін сыйлауды мұрат етіп, көбіне ғашық болған жүрегінің еркімен жалғанды жалпағынан кешуге ұмтылған. Той-думанның серкесі, ауыл-үйдің еркесі ретіндегі төл тумалары домбыраның шанағына ұя салып, қос ішектің қоңыр үнімен алысқа жетіп жатты.

Сол бір жастық кешулерінің куәсіндей: «Ахау, қалаулы-ай» әніне құлақ түрген бір ғанибет сықылды: «Ерке сәулем, есіңе ал, ескер мені, Өзіңді ойлап құрбыңның ескергені. Есен-аман жүрмісің қимас қалқам, Кездеспедім өзіңмен көптен бері». Ауыл жастарына жарасымды қылық, соларға тән мінез, наз, ілтипат тұнып тұрған құлақ-қағыс көңіл құйылысы терең сырға жетелейді.

Біртуар таланттардың алтын айдарлы ақжарма әуен-жырлары әлі күнге көпшілік қауымның жан-жүрегің жібітіп келеді. Қалай дегенмен де байырғы тарланбоздардың алтын құймалары балталасаң да бұзылмас халық қазынасы ғой. Оларды көздің қарашығындай сақтап, кейінгі ұрпаққа табыс ету үлкен жауапкершілік жүктейді .

Өзіндік бағыты, өлең өрнектеу мәнері бар Сәдіқожаның әндерінің көбі «ахау, ей, қалаулай» болып келетіні біртүрлі қызық. Оның шығармашылық қорына терең сүңгіген адам өзіне тән қолтаңбасынан бірден танып алады. «Ахау, қалаулы-ай» әнінің қайырмасы да осы тұрпатта аспанға әуелеп барып басылады. Тік шырқаудан сорғалап түсіп: «Ахау, қалаулы-ау, Көңілім сені қалауда-ай, Жүрмін саған бара алмай» дейтін қосымшасы бар. Әсерлілік үшін қайырманы құбылтып отыру да оған тән тәсіл тәрізді. Өткен қызықты, қызулы жолығыс сәттерін еске алып, қалаулы қыздың көңілін аулай айтылған әннің өнбойында сағыныш лебі, наздың үні басым. Оңаша кездердің аймаласқан, құшақтасқан, күйіп-жанған көркем көрінісі өлең өзегіне айналып, ынтықтықты арттырады. «Ерке сәулем, есіңе ал, ұмытпастан, Кездескен күн есімде, ашық аспан» дегенінен-ақ талай сырдың құпиясына қаныға бересің. Сосынғы: «Бар ма сенің есінде, қимас қалқам, Ойнап-күліп сол күндер көңіл ашқан» деген түйіндеулер махаббаттың жаршысы болған әнші, ақын, сазгер жастың арман ағысын аңғартатыны анық. «Ахау, қалаулы-ай, Жүрмін саған бара

алмай» деп өкініш айтқан қызықшыл көңілдің желпінісіне не жетсін, шіркін! Адамзаттың ең аңсары, іздеп аласұрары, алғаусыз пейілдің, алаңсыз көңілдің кең жайлауы дерлік қайран жастық қой.

Осы орайдағы бүкіл өмірі сайран кештерді тілге тиек етумен өткен Сәдіқожаның әндерінен тек ғашықтық, құмарлық, сағыныш саздары шалқып жатуы бір ерекшелік. Қай бір ән-әуендеріне құлақ түрсең де тек сұлу қыз, сылқым сезім, алқынған жүрек алдыдан шығады. Осыған қарап-ақ қаршадайынан халық мұнын, халық жырын кеудесіне тоқып, үкілі домбыра сағағына сыр ұялатып өскенін ұғуға болады.

Пешенесіне екі бірдей мемлекеттің елімен араласу тағдыры жазылған арқалы азаматтың құлындай кісінеген қайсыбір кереметтей әндері «елшілік» қызметін арқалап келеді десек, қателеспеген болар едік. Сондай ай сырғалы Сәдіқожаның көк кептері – әйгілі «Сара бидай» әні. Құстың сұңқары, аттың тұлпары болатыны сияқты әннің де алтын айдарлылары бар. Қытайда да, Қазақстанда да Сәдіқожаның сән-салтанатты сол бір «Сары бидайы» тамылжып шырқалмаған сахна жоқ. Жұрттың оған әбден көзі жетіп жүр. Бүгінде алыс-беріс көбейді, сыйластық артты, өнер адамдары да алыс-алыс шетелдерге емін-еркін барып, емен-жарқын концерт қойып қайтатын болды. Бұрындары халық әні қатарында ен-таңбасыз шырқалатын «Сары бидай» кейінгі жылдары анық иесін тауып, екеуі жылап көрісті. Оған да шүкір!

Талайлардан мойыны озық туған жезтандай әнші Жәнібек Кәрменов: «Әнді тонау – тарихты тонау, – деуші еді. – Ең бастысы – сол әндерді шығарушылардың тағдырына жасалған қиянат. Аты-жөні ұмытылып, өзі айтылып келген, өмірбаяны сызылып қалған ән – ата-анасын іздеп шырылдап жүрген бала секілді күй кешті. Көпшілігі халық әні делінсе, енді біразы иесін таппай әлі де алаңдаулы». Міне, дәл осындай жағдай Сәдіқожаның басында да болды. Аласапыран заманның адамы адасыңқырап, сырт елге сыпыра көшкендердің арасында кете барғандығы өз басының өнеріне де кері әсерін тигізбей қоймады. Арлы-

берлі ауа қонып жүргенде асыл сөздері мен аққу-әндер ауада қалықтап қалды. Кеңес пен Қытай елінің арасына сіңіп иесінен көз жазып аңыраған есіл әндер халық қазынасы болып жалпы атауға ие болды. Ер-тоқымсыз аттай әркім бір жүгендеді. Әйтеуір құрдымға кетпеді. Шын асыл болған соң, шырқала берді. Бертінде шекара босаңсыған соң Ұлы көшпен бірталай ән-әуендер атамекенге қайыра ұшып жетті. Иесін тапты. Арқалы өнерпаздың аты-жөні аталып, «қайтқан малда қайыр бардын» кері келді.

Қанатына маржан таққан дерлік «Сары бидайдың» сайдың тасындай сөздеріне, жон арқаны шымырлатардай әуезіне құламаған өнер иесі жоққа тән. Өзінің кіндік қаны тамған туған жерін, сол мекенде қиялай басқан сүйген жарын сағынышқа орап жан дүниені дірілдеткен бұл туындының тұғыры биік. «Біздің ауыл Текшенің етегінде, Ерте шықсам ауылыңа жетемін бе?» – деп сұңқардай саңқылдаған үн кімді баурамады дейсің тәйірі! Сол дауыс енді өз иіріміне тартып алып: «Ақтамақтан емінтіп бір иіскесем, Айналсоқтап қасыңнан кетемін бе?» – деумен айызыңды қандырады-ақ. Егін толқыны көз арбайтын алтын аймақтың тусыраған бет-бейнесі көз алдыға көлденең тұра қалар қайырма қандай! «Сары бидай, Сағындым, қалқа, ауылыңды-ай!». Жо-жоқ! Бұл егіз жол жәй ғана шумақтар арасындағы дәнекер нәрсе нағыз қан-сөлі сорғалаған қомақты қайырма мынау ғой: «Есіктің алды талқайың, басыңда тұрмас жаз дәйім. Қалқатай еске түскенде, Сағынып сонда «Сары бидай» әнін салғаным!»

Халық біткен қарақорым жиналар небір хан сарайларында да сорғалып төгілген осы бір «Сары бидайды» тыңдаған жүрек аласұрары анық. Өйткені бұл өзі шын сүйіспеншіліктен туған көңіл гүлі. Үлбіреп самал желмен шайқалып, көңіл-күйге керемет әсер етеді. «Қойды басым арылмай бұлттан бір күн, Сенсіз жалған секілді өмір шіркін» деген сөзде қандай жалғандық бар?! Бар ынта-шынтасымен ғашық болған жас жүрек те дәл осылай дүрсілдейтіні ай мен күндей ақиқат. Сосын: «Ат арытып алыстан барғанымда, Ақ маралдай керіліп тұрсаң шіркін!» деген үміт ұшқыны қалай өртемесін өрім жасты. Сары бидайы ырғалған, алтын арай

күн шуағы түсіп тұрған ауылдағы армандай ару құшағына құлап түсуді кімнің жаны қаламайды, әттең. Сары бидайдай пісіп тұрған сұлу қыздың ауылы қандай бақытты еді деп те ойға қаласың.

Керімсал жібек желі маңдайдан сипайтын Кетпен тауынан көз көрім жердегі қызды ауылдың қуанышын көбейткен той-думаным дүрілдеткен Сәдіқожадай әнші, ақын, композитор салт аттыны күндік жерден қарсы алуға болмас па?! Таулы аймақты аршын дауысымен жаңғыртқан оттай ыстық жүрек иесі дүр жаңа ән қайырмасын және жанынан қосып ырғатылып келеді: «Қалқаның отты жанары-ай, Айдай бір ашық қабағы-ай. Сүйген жар еске түскенде, От болып жанып, Шоқ болып күйіп барам-ай» Паһ, шіркін, ғашықтық оты-ай өртке шалдырған...

Сәдіқожа Мошанұлының кілең лирикадан тұратын нәзік иірімді әндерін бүгінде тамылжытып орындаушылар көп. Қалада да, далада да жиі-жиі айтылады. Тындаған қауым тәтті әуезге ұйып, бас шайқайды, тамсанып қалады. Кәдімгі кәнігі өнер саңылақтары да көбіне Сәдіқожаның ұмытылып барып, ел аузына ілініп ірілі-уақты жан тебіреністерін репертуарларына кіргізген. Дегенмен де біздің есімізде жүретін бір есімді еске алмау күнә сияқты, Сәдіқожаның кір жуып, кіндік кескен сонау Кетпен ауылында Молдасан (Мотан) Шәпиев деген мұғалім бар (мектеп директоры), өзі қазақ тілі мен әдебиетінің маманы, яғни филолог. Ешкімге ұқсамайтын біртоға әншілігі тәнті етеді.

Бүкіл қазақ қауымына танылған дарабоз дүлділ Дәнеш Рақышевтың алдын көрген, тәлім-тәрбиесін алып, ұстаз тұтқан сол ауыл мұғалімі Сәдіқожаның бар сыр-қырына қанық, көп нәрсені көкірегіне қонақтатқан. Сонын орынлауындағы «Сары бидайды» тындау бір ғанибет! Мәпелеп, құндақтап, қуыршақтай киіндіріп осы бір әнді ол әуелеткенде жанынды қоярға жер таппайсың. Және ол «Сары бидайдың» ешкім біле бермейтін кейбір сыры мен жырын да шежіредей шертіп, құлаққа құйып отырады. Ондай құйма құлақ ұстаздардың арамызда жүргендігінің өзі тәубе дерліктей-ау. Кетпен тауының кемерінде өскендер тегін болмаса керек қой. «Ақ қаз едің», «Еркем-ай»,

«Сағынсаң, қалқа өзің кел» тәрізді Сәдіқожа әндерінің құпиялары көп әлі....

Аңсау мен арманнан тұратын тұлымды туындыларымен естен кетпейтін сал-сері сазгерлер халықтың бағына туады.

Мәтін – музыка мәйегі немесе бес ырғақ.

Отыз күн, отыз түн

...Жаңылмасам, ақын ініміз екеуміз біздің үйде тұп-тура отыз күн үздіксіз жұмыс істедік. Бүгінде ел арасында шырқалып жүрген Мақатаев сөзіне жазылған менің әндерімнің көбі сол отыз күн ішінде менің шаңырағымда жазылған дүниелер екенін екiнiң бiрi бiле бермес, бәлкiм.

Нұрғиса Тiлендиев

Әдетте ән әлемі терең сырлы ақындардың уылжыған аппақ сезімімен әдемі. Мәселен, миллион маржан мәтіндер мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаевтың қаламымен қаздай тізіліп, әуен-әуез жәрменкесінің алтын алқасына айналды...

Көңілге қуаныш нұрын себезгілеп, жан сергітер немесе тәтті мұнға шомдырып, терең ойға батырар ән сөздерінің қасиетін ардақтай білу де әрбір сана-сезімі жоғары пенденің жаратылысына сын. Қазақ исі аңқыған қай ауылға барсаң да алдыңнан асқақ ән, толқынды күй қарсы алады. Той-думанға жаратылған қалпымыз кең даламызға лайық пішілген-ау шамасы. «Саумал бұлақ – балдай дәрім, Салқын самал – баурайларың. Саялаған, беу, туған жер, Сағындырған, Саржайлауым» деген тұстарға денең балқып, қаның ойнап, дереу қосылып кететінің неліктен екен осы? Сірә, әр кеудеге туған жерге деген ынтызарлық, құштарлық дәнiн сеуiп, самал желi маңдайдан сипағандай әсерi ғаламат ән сөзiнiң қадiр-қасиетiнiң күштiлiгiнен де болар, бәлкiм! Ал, түптеп келгенде Мұқағали мәтiнiне май тамызып, отын үрлеген Нұрғиса Тiлендиевтiң құдiретiне де байланысты шығар әлде. Әйтеуір, не керек, «Саржайлау» шырқай берсең, шөлдете түседі, мейірінді бір қандыра

алмайтындай күй кешетінің анық. Жасыл жайлаудың, мөлдір бұлақтың, жайқалған құрақтың көз алдыға елестеп, мамыражай тірлік кешкен төрт түлік мал өргізгендер есіне түсетін осы бір әннің ауыздан-ауызға көшіп, ұдайы шырқалып жүретіні шындық. Қос талант – Нұрғиса мен Мұқағалидың бір шаңырақта тоқайласып, «отыз күн ойын, қырық күн тойын» өткізгенін елестетіп көрудің өзі бір ертегі дүние! Тұла бойлары толған маржан сөз, көл-дария дыбыс-муза, музыка екі бірдей тума талант тіл табысқаны қазақ ән қазынасының олжасына айналғаны емей немене...

«1975 жылдың күзі. Ол кезде Мұқағали еш жерде жұмыс істемей үйде шығарма жазып жатқан, – деп еске алады Нұраған. – Неге екенін қайдам, інімді арнайы іздедім. Ақыры таптым. Екеуара кең-мол әңгімелескен соң, мен оған аға ретінде қолқа салдым.

– Мұқаш батыр! Мен сенің өлеңдеріңнің қуаттылығын енді ғана толық түсініп, енді ғана танығандаймын. Әр сөзің халыққа жақын әрі ұғынықты, қарапайым. Ендеше, неге өз халқың аузынан тастамай айтып жүретін әнге айналдырмасқа оны? Бұған қалай қарайсың?

– Мен бұрын-соңды әннің сөзін жазған ақын емес едім, аға... Осының өзі қалай болар екен?..

Ол әжептәуір ойланып қалды. Мен қайталап қолқа салдым. Бұл жолы қарсылық көрсеткен жоқ. Тек ауыр күрсінді. Сонда не ойлады екен?..»

Әттең, дүние, өнердің екі бірдей тау тұлғасы бұдан бұрынырақ неге ғана шығармашылық қарым-қатынаста болмады екен деп те армандайсың! Қаншама керемет дүниелер тарих қойнауын толтырар еді, шіркін! Қысастықтан – бір, ішкі өзекті жеген өкініштен – бір, ағзаға түскен ауру-дерттің уытынан уланып, жан азабына түсіп жүрген бір өмірінің соңғы шақтарында ұлы композитормен кештеу ұшырасқанын қарашы. Мейлі ғой, бұл да болса дәтке қуат, үйір-үйір әндердің қора-қора өлеңдерін қағазға түсіріп үлгерді.

«Үйге кіре күйсандыққа отырдым. Мұқағали болса Дариға жеңгесіне: «Маған асхананы бересіз бе? Жұмыс

істеу керек» деп өтініш айтты да, қағаз-қаламын алып отырып қалды».

Қайран, Мұхаң, Нұрағанның асханасында отырып-ақ отты өлеңдерін міне, осылай бұрқыратып еді-ау! Қазақтың маңдайына біткен ұлы композитордың өзі іздеп таппаса, әнге сөз жазамын деп ешкімнің артынан жүгірмейтін Мұқағалидың «Саржайлауы», «Мен сендерді іздеймін», «Домбыра – досым», «Сәлем берем Жетісуға», «Есіңе мені алғайсың», «Сөнбейді әже, шырағың», «Құттықтаймын мама, туған күніңмен», «Көгершіндер» сияқты самалдай небір жауһар жырлар шоғыры туар ма еді, тумас па еді!

«Бір күні Мұқағали аға маған телефон соқты, - деп сыр ағытады барқыт үнді жезтаңдай әнші Бақыт Әшімова. – Бұрын менімен телефон арқылы сөйлесіп көрмеген. «Бахан! Саламатсың ба, айналайын! Мазанды алғаным кешір! Мен қазір Нұрағамнан келдім. Тағы бір ән жазыпты. Соған мен бір өлең жазып едім. Соны саған оқып берейін уақытың болса» деді. Сонымен телефоннан «Болмасын соғыс, болмасын!» дейтін өлеңін оқыды. Әрине, өлеңі ғажап! Мен жауапсыз үндемей тұрдым. «Неге үндемейсіз?» деді. «Аға, өлеңіңіз тамаша, бірақ тым ұзақтау екен. Әнмен айтылғанда қайырмаларын қайталамайтын жерлері болады. Ал әннің сөзі тым ұзақ болса, тыңдаушыларды жалықтырып алуымыз мүмкін, – дедім. – Сондықтан мүмкін болса, негізгі ойларыңызды үш-төрт шумаққа сыйғызсаңыз дұрыс болар еді, аға».

– Мынауың шынында да дұрыс екен, айналайын. Біраздан кейін тағы да хабарласам, – деп трубкуны қойып қойды.

Біраз уақыттан кейін тағы да телефон соқты.

– Бахан, мен он төрт нұсқасын жаздым. Соның ішінен өзің таңдап ал, – деп әрқайсысын оқи бастады.

Бұл әннің мен үшін маңызы зор, себебі, Мұқаңдай ақын өлеңдерінің негізгі нұсқасын таңдап алуды менің өз еркіме берді. Бұл мен үшін зор құрмет те еді.

Таланттарды табыстырған сол бір сәт мен үшін әлі де ерекше ыстық».

Әнеки, ақын жүрегінен шымырлап шыққан асыл сөздер

үш құдіреттің басын қосқан қара орман қазынаға – ән әлеміне жұлдыз боп жарқырады. Ақын – Композитор – Әнші – біртұтас жаратылыс. Осы үшеуі бірдей бұл өнердің бағын ашады, бабын келістіреді. «Жазира, жасыл кілем өрнектеген, Туған жерге, дариға, жер жетпеген! Кең өлкем, әлдилей бер, сен деп келем. Аңсап келем, сағынып, шөлдеп келем» деген сөзде нендей қуат-күш барын мен қазақтың деп дарқан даласын, жазира жайлауын мақтаныш ететіндер шын сезеді, түйсінеді, мән-мағынасына терең бойлай алады. Ақын жанының нәзіктігін, ойының шалқарлығын, арман-мұратының биіктігін дәлелдей түсетін жайлау көрінісі бүкіл жалпақ республикасын елестетеді. Өзінің шүйгін шөпті, қайнар бұлақты Шәлкөдесін, қарағай-шыршасы қаз-қатар тізілген таулы өңірін құшағына сыйдыра отырып, Мұқағали сонау Сусамырды, Ойжайлауды, Ұлытауды, Орал тауларын, Тарбағатай, Шыңғыстауды, Мұзтауды, Белжайлау, Лабасы, Алтынемел, Шоқанасқан, Үшқоңыр, Майтөбе, Көктөбе, Суықтөбе сынды мың бұлағы сылдыраған, көкше құрағы желкілдеген сан жетпес қазақ қонысын көз алдына келтіреді.

Қазақ халқына ортақ қордалы, құйқалы көкорай өлке өлең боп құйылып, туған елге, туған жерге деген мақтаныш сезімге бөлейді. «Армысың, ата қоныс, жасыл мекен! Ұланыңмын, мен сенің қасыңда өтем. Басқаның жерұйығын неғылайын, Жерұйығы өзімнің қасымда екен!» деп, дән риза көңілмен шаттанған, шабыттанған арынын баса алмай, бабына түскен арғымақтай жер тарпиды. Дала төсін дүбірлетеді. Ақиық ақын жүрегі дүрсілдеп, көңілі алағызып, өткір көзімен көркем де керімсал жерұйық өлкені сүзіп, алып құшағымен қаусырғысы келеді, әй, бірақ, жалпақ жазира мекен құшақтауға келмейді-ау, келмейді.

Сергек түйсіктің сезім тамшыларын ел құлағына жеткізудегі Нұрғиса еңбегін қайтіп айтып тауысарсың. «Отырар сазы» Мұқағали өлеңдерін жер жүзіне жайып жіберді десе болғандай. Нұрағаң жетекшілік еткен бұл үлкен өнер атауы әлемнің талай түкпірін шарлап шыққанын білмейтін жан бар ма екен, сірә де. «Саржайлауды» елден бұрын шырқап, жұрт шапағатына шаш етек-

тен бөленген үні бөлек Бақыт Әшімованың жұлдызының жарық болғаны тағы да сол тыңдарман қалың көпшілік жадьсында сақтаулы. Сондай-ақ «Сөнбейді, әже, шырағың!» әні де Бақыттың даусымен дара туындылардың қатарына қосылып кеткендігін мойындауға тиістіміз.

Әрине, «Саржайлауды» сонан соң әуелетіп, құйқылжытатындар көбейді. Нұрағали Нүсіпжанов, Ермек Әбілтаев, Сұлушаш Нұрмағанбетова, Майра Ілиясова сықылды тағы да талай сандуғаштай сайрайтын күміс көмейлілер жандырып, дуылдатып, желпілдетіп, жеріне жеткізе әуелетті. Бірінен-бірі асырып, ақжолтай әуеннің туын көкке көтерді. «Жадырап жұтайыншы тау самалын, Осы еді ғой сағынып, аңсағаным. Гүлдерім, шыршаларым, аршаларым. Бәріңе арнап мен бүгін ән саламын» деулі тұстарда әркім-әркім-ақ өз туған өлкесін, кіндік кесіп, кірін жуған ауылын шарлап, қиял кешіп кетері кәміл шындық. Ақын құдыретіне қол соғатын сәттер көп. Талайдың көкірегінен шығуға тиісті көркем сөздерді дөп басып, дөңгелентіп әкетумен де Мұқағали аруағы аспандайды, қол жеткісіз шыңға шарықтайды, тік өрге ұмтылады. Хантәңірінің түлегі толғанған шабытты шақтарға айбын қанып, алақан ысқылайсың, «паһ, шіркін!» демеске дәтін шыдамайды. Мәңгі мұз жамылған бұлт-орамал шәлісі басынан түспейтін Тәңіртаудың мұзбалақ перзенті поэзия піріне айналғанын айғақтайтын алтын сырғалы сырлы жырлар көздің жауын алып, көңіл демдейді-ақ қой. «Жанымды жырға бөлеп, таң атырған, Әнім едің ақ таңда жаратылған. Төліңнен айналайын, жаңа туған! Айналайын еліңнен дара тұрған!» деп демін бір-ақ алатын шуақты шақтарына қаншама тыңдарман жанын жылытып келеді. Бүлдіргені мөлдіреген жасыл жайлау төрінде қой қайырған шопан, қыр басында құрыған сүйреткен жылқышы, салқын абат сайды қуалай сиырын өргізген бақташы, шудасы желкілдеген қос өркеш бураны келеге қосқан түйеші ыңылдап жүріп «Саржайлауды» серік ететінін жұрттың бәрі растайды.

Жүрекке жылы, тілге орамды, көңілге қонымды жыр жолдарының жаттауға да оңай екендігін жасыруға болмас. Оның үстіне дәл осынау әннің сүйегін ұстап тұрған

тақырып әу бастан қазақ тұрмысына жақын – кең жазира жайлау деген ұғым көкірекке қона кетеді. Түп-тұнық су сылдыры, жапырақ сыбдыры, сыңсыған шырша мен қарағай, арша дегендеріңіз делебені қоздыра, адамды әлдеқандай алыстарға ұштырады. Әсершіл, табиғаттың өзіндей қазақ баласына етене таныс, жақын суреттер байыз таптырмайды, сұлу да сырлы қоршаған орта тылсымына сүңгігісі кеп кетеді. Міне, бұл да болса ақын қиялының жүйріктігі, ұшқырлығы, тілінің тұтқырлығы, тұнықтығы.

Мұқағали мен Нұрғиса шабытынан туындаған «Сөнбейді, әже, шырағың!» әнінің маңызы терең, мәні зор екендігі ап-айқын көрініп тұр. Алапат соғыс сүреңі, соның қайғы-қасыреті, салдары ақын жүрегін тілгілеп, қалам сілтемесіне қоймайды. Ал мұндай тақылеттес жыр сарындарын ол барынша мол толғады. Солардың ішінен сүзіліп алынған әсіресе әже мұң-шері, зар-запыраны Нұрағаңа үлкен қозғау салды. Көзді шарт жұмып жіберіп ақын тебіренісін жүрегіне тұндырған ұлы композитор «Сөнбейді әже, шырағыңды» майдан күндерінің ескерткіші ретінде бейбіт күн тұрғындарына арқау етті. Бұл ән алғаш рет сахнадан орындалғанда халықтың көз жасы сорғалап, ақын мен композитордың құп жарасқан жұбына мың да бір рақметін жаудырды. Бақыт Әшімова да нақ бір осы әнді шырқауға жаратылғандай ерекше үнді жан көрінді жұрт көзіне. Ішкі күңіреніспен тынысын тереңнен алып: «Сөнбейді, әже, шырағың. Өзінді әнге қосамын. Жегі қат жердің астына, Жетпейді-ау бірақ осы әнім» деп күңіреңтенде көңілі босап, сай-сүйегі сырқырамаған пенде болсайшы...

Жалпақ елге жайылып кеткен әжелер гимніндей бұл әннің мәтіні де өлген жанды тірілткендей: «Жарқырап екі көзің шамдай жанған, Күтуші едің жалғызғыңды қан майданнан. Жалғанда күту деген қандай жаман, Ақыры қаза болдың сарғайғаннан» деп басталғаннан-ақ тұла бойды тітіретіп, қара өзекті өрттей сөз қақ жара береді. Құйка шымырлап, дене қалтырайтын қайдағы құбылыстардан көрініс жасайтын жалын шашқан шайыр сұңғылалығы сұқтандырады, рұқтандырады.

Бүкіл соғыс салған қайғы-қасіретті әже арқылы адамзат

көз алдына кинолентасындай елестетіп, еңсені бірде басып, бірде көтеріп, қара тілден бал тамызу екінің бірінің қолынан келе бермейтін шеберлік. Сол асқан шеберліктің шыңына – шылбырына жармасқан дауылпаз дарын иесі жанын жеген жиһандық алапат ұрыстың ажал іздеген оқ пен отын еске ала отырып, күндікті әже тағдырына терең бойлайды: «Қоштасып жалғызыңның хаттарымен, Сапарға оралмайтын аттанып ең. Жадырап Жеңіс қанат қаққанында, Жалғызың кеп қалар деп шаттанып ең» дегенді өзі де күрсіне тұрып-ақ паракқа тізеді. Ал, Нұрағаң болса, ақыннан да асырып, әнін боздатты. Бақыт қыз болса, сұмдық бір терең шамырқаныспен шыңыраудан қауға тартқандай ет-денені шымырлатып шырқады армансыз. Ошақтың үш бұтындай шығармашылық одақтың жемісі әрі ащы, әрі тәтті еді. Ащы болатыны, әже қасіреті күйзеліске салып, күрсіндіреді, тәтті болатыны, сәтті ән туды, талғампаз халық теңселе отырып тыңдайтын терең мағыналы шығарма өмірге келді.

Бұл да осы музыка қазынасына қосылған алтын құйма дерлік дүние еді. Қайырма сайын құбылып отыратын туынды тұтас бір қоғамның жанды жерін ауыртатын аза тұттырғандай ауыр, зілді нәрсе. «Сәнбейді, әже, ошағың, Өзінді әнге қосамын, Жалғызың кеп қалар деп, Өзіндей мен де тосамын» деген қосымшалар қанды басқа шаптырады, жүректі жиі соқтырады, әлдекімдерге тіс қайраттырады, жұдырық түйдіреді. Талай боздақтың қанын судай шашқан Отан соғысының зардабын тартқан қазақ елінің қайғысы мен қасіреті бес батпан екенін екінің бірі ұмыта қоймас. Міне, соларға өлеңмен соғылған ескерткіш сынды дүниенің жаратушыларына ел алғысы жауары анық. Мұқағали – Нұрғиса – Бақыт бірлесіп елдің құлағына құйған туынды шымыр, жұмыр, нәрлі, нәзік әрі қатқыл: «Жалғызың оралмады, оралмады, Қиын ғой тірі жанның жоғалғаны. Бір жерде тірі жүрсе жүрген шығар, Болса өлі өзіңменен болар мәңгі» деген жолдары қай жорамалға салсаң да сай келіп тұрған жоқ па, тәйірі. Бірақ, болған, өткен оқиға дәл осындай! Оны ақын жүрек қалай жасыра алсын! Тек мият, қуат боларлық ақжолтай сөз айтудан тайынбайды. Құрдымға кетуден аулақ ниетін де аңғартып: «Сөнген жоқ,

эже, шырағың, арналды саған бұл әнім. Сарқылмас сенің бұлағың, сынған жоқ әлі шынарың» деп үміт отын жағып, түгін өшпейтіндігін, көк шыбық көктейтіндігін тілге тиек етіп, рұх береді, өмір ізсіз қалмайтындығын қаперге салып, ұрпақ жалғастығына арқа тіреді...

Қашан да ақ көңілмен аңқалаңдап жүретін ақынның баладай мінезіне әбден қаныққың келсе, оның барша жырларына саяхат жасау шарт. Міне, сонда өзі туып-өскен тауына тартып өмір кешкен алып тұлғаның сәби сезімдеріне куә боласың, шапқылап аққан бұлақтай, басы жерге жеткенше майысып теңселетін өзен жағасындағы құрақтай өлең жолдары қол бұлғап, қасына шақырады. Өзін-өзі жариялап тұрған жәудір көз жыр шумақтарынан-ақ оның бала мінезі, аңқау көңілі атой салады. Еш нәрсені жасыруды білмейтін, еш қулығы жоқ құлдыраңдаған құлындай өлең жолдары жалғыз аяқ жолмен май топырақты борпылдатып басып алаңсыз келе жатқан қара домалақ ұланды көз алдыға әкеледі.

Балалық бал дәуренге жиі сапар шектіретін Мұқағали өлендерінің көпшілігі Нұрағана қатты ой салып, талай тебіrentкен, шығармашылық шабытын шақырған. Солардың және бірі – «Құттықтаймын, мама, туған күніңмен!» атты тәп-тәтті тоқаштай туынды. «Нұрын төккен маған, Шуағымсың сен! Айналайын, мама, Қуанышыңмен» деп ерке қылықпен басталатын бұл өлең жолдары оп-оңай көрінгенмен, ұлы сазгер оның салмағын арттырып, бағасын көтере білді. Небір думанды сарайларда кілең балалардың даусымен залды басына көтерген салтанатты сәттер көзі тірі көрермендердің әсте естен кете қоймас әсілі. «Шаттандырған мені, Жұбанышым сен! Құттықтаймын сені, Туған күніңмен!» деп кеудесін алға салып, балаң үнімен шырылдайтын шынашақтай ұл-қыздар ата-ана мерейін өсіріп, қуаныш жасын көзге үйірмеуші ме еді?! Кемелденіп, кең дүниенің барды-жоғын басынан кешіргендер күп-құртақандай әнші балапандардың бозторғайдай балаң шырылына құлақ түріп, мәре-сәре болып қалатын ғой. Хор дүмпуі алапат, тасқынды дауыс төңіректі дүр сілкіндіріп, ду-ду қол

соқтырады. «Аялаған мені, Ән қанатымен. Құттықтаймын сені, Салтанатыңмен!» деген үн құлақтарды тұндырып, тік тұрғандар мақтанышын ап-айқын сездіретін «Бақытты ғой заман, Қандай көңілді. Мен тілеймін саған, Ұзақ өмірді!» деген сөздер ән қанатымен аспандап, арман биігіне құлаш сермеген кішкентай сал-серілердің көздерінде ұшқын ойнататын. Мұқағали бала мен Нұрғиса баланың ой-көкжиегі қосылып, кемпірқосақтай жарқырап, алуан түске енгендей сәт расында да бір түрлі бақытты көрінетін ғой. Бұл да болса әдемі шумақтардың шуағы, әйбәт әннің әсем сыңғыры, осы екі құбылыс қосылып, қамсыз-мұңсыз сәбилер жүзіне нұр жүгіртетіні қызық.

Ал, «Көгершіндер әні» мүлде бөлек сезімнің шумақ шашулары. Бейбіт күннің символындай сыбызғы сыр ағытылып тұратын мәтін мәйегін Мұқағали көмейінің бүлкілі деп түсінген мақұл. Алып тұлға жанының ұлпадай гүлі төгіліп, мәуесін берген жеміс ағашының түбінде тұрғандай күй кешесің. «Біз ақ қанат кептерлер, Бізді ұмытып кетпеңдер» деп дүрсілдеген жүректің соғысы бар шырын шығарма ішіне үңіліп, көз тоқтатар болсаң, «Біз адасып қалмайық, Ақ аспанда самғайық» деген мамыражай тілектің ақ көгершінін қолға қондырасың. Осынау отыз күн, отыз түннің сабағы жеміссіз болған жоқ. Небір сәулелі әуен мәтініне мәйек ұсынған Мұқағали мен Нұрғиса көңілінің ақтығына басыңды иесің!

«Менен сәлем дегейсің сұрағанға»

М. Мақатаев – адамдар арасындағы өмірдегі, табиғаттағы жарастық пен келісімнің жыршысы. Оның туған ауылына, аяулы әжесіне, балаларына, достарына, сағынышты махаббатына - баршасына арналған өлеңдері де шын тебіреністен, шын шабыттан, шын күйзеліс пен қуаныштан, шын сағыныштан туған жырлар.

Әбіш Кекілбай

Адамдар жүрегінен жансая іздеген Мұқағали жырларына барлау жасап, балдай тәтті сөз шәрбатын сімірген сазгер-әнші Алтынбек Қоразбаев домбырасының діріліне құлақ түрген жұмыр басты пенде қалайда бір рахатқа батады...

Бір оғын да далаға жібермейтін сұрмергендер сияқты ақын сөзінің жүрекке жетпейтіні жоқ. Маздаған көңіл оты лапылдап, қызуы бетті қарып, тұла бойды қыздырады. Шебер тіл, шегенделген ой, құс қанатты қиял өзіне тәуелді етіп, табындырып қояды. Бірінен бірі мойны озық, бірінен бірі шоқтығы, шығандаған шымыр, жұмыр шығармалар қалың елді бекер ынтықтырды дейсіз бе? Шынайы поэзияның құдіретіне құлағандар бүгінде Мұқағали кітаптарын бастарына жастанып жатып, шуағына жылынады. Сонау Семейдегі Тұрсынғазы Рахимов, Талдықорғандағы Алмахан Кенжебекова, Нарынқолдағы Хасен Саматыров, Қызылордадағы Елена Әбдіхалықова, Талғардағы Тоқтасын Әбілезов, актер Сәбит Оразбаев сияқтылар мұзбалақ ақын Мұқағалидың мұнды да сырлы, қырлы жырларын жаттап, іштей ыңылдап, әуен-ән іздеп шарқұрғанын, алақызып шабыт шақырғанын куәгер қауым көріп, біліп, естіп те жүр. Демек, оның оттай ыстық өлеңдері өз-өзінен әнге, толғауға, термеге сұранып тұр деген сөз.

Жан-жағын жандырып, күйдіріп, жалынға орап жыр төгетін сұқсыр үнді саңлақ азаматтың көкірек шерін бар пейілімен ұққан Қазақстан Республикасының халық әртісі, Қырғыстанға еңбегі сіңген әртіс Алтынбек Қоразбаев та қос ішегін қоңырлатып, үкілі домбырасын жиі қолына алатын болды. Тағдырлы, оқиғалы тебіреністерге бейжай қарай алмайтын Алтынбек жүрегінің лүпілі өзгеше естілді. Алатау сілемдері арқылы көңіл жібі жалғасып жатқан қос таланттың ішкі дүниесі үндесіп, Хан Тәңірі шыңында тоқайласатындай сәт қандай шіркін!? Алай-дүлей сезім буырқаныстары шарпысып, күрделі, соқталы бір әуеннің ұшпа бұлттары аспанда қалықтады. «Сәлемдеме» әнінің ақырап желі тұрып, ағаш басын қатты-қатты шайқай берді. Мұқағалидың қорғасын бұлттай көңілі астарынан көп сырды айтқызбай ұққан сыралғы Алтынбек қоңырлатып әкететін әдеттегі даусымен терең күңіреңіске салып

тебіренді, теңселді: «Менен сәлем дегейсің сұрағанға, Сұрағайсың, үй іші дін аман ба? Өмір кешіп жатыр де ол да өзінше, Тірлік керек, әрине, тірі адамға».

Күнделікті қарапайым өмірдің қаз-қалпын көз алдыға келтіретін сұңғыла сөздер шым-шым бойға тарап, пенделік тіршіліктің күнделікті суретін салған өлең астарында бәрі бар: сағыныш, хал-ахуал сұрасу, ағайындық ақжарма наз, достық ниет қан тамырда бүлкілдейді. Сосын тағы да: «Дегейсің болмашыға қамығып жүр, Болмаса барлығы да табылып жүр. Құлын-тайдай тең өскен құрбыларын, Дегейсің сағынып жүр, сағынып жүр» деп жан түкпіріндегі қамығудан, сағынудан жұқалап қана хабар береді. Соңғы екі жолы қайырма ретінде қайталанып отыратын бұл «Сәлемдеменін» сыры тереңде бұғып жатыр. Шалғайда жүріп шалдыққан, қапаланған кісінің кіреукелі көңілі, кіржиіңкі қабағы, жәутендеулі жанары жасырынып тұрғандай жан иірімінің жай-күйін ұққандайсың. Қала мен даланың арасын көзге көрінбес қимастық жібімен жалғап тұратын сезім сергелдені аңғарылар аңқылдақтық, адалдық, кешірімпаздық көзге ұратын шумақтар ішті жылытады, жаныңды баурайды, бірге езілтеді, бірге күйзелтеді. «Айтқайсың жағдайымды өзің көрген, аман де әзірге тек көз ілгеннен. Күйзеліп күні-түні тыным таппай, Күресіп жатыр дегін сезімдермен» деп күрсінген жүректен жалын атады, көкірегі «аһ» ұрады. Талай-талай құқайларды бастан кешкен ақын көңіл-күйінің астарына үңіліп, зер салған адам ғана ұғарлық сыр, мұң жасырынып жатқан жағдаяттар керуен-көші елестейді.

Өмірдің астын-үстін, қатпар-қатпарын қоса қабаттап қатар өлең өріміне түсірудің асқан шебері қалай қиналып жүрсе де, қалай құлазып жүрсе де шабыт тізгінін әсте босаңсытпайды, қайта қиын жағдайға ерегескендей ширығып, шамырқанып, шабыттана түседі. Босаңсыуды білмейді. «Сыртын беріп достары кеткеніне, Өкінбейді дегейсің, өткеніне. Табыс етіп бар сырын жіберді де, Көзден ұшқан көңілдің кептеріне» деп кішірейіп сөйлеуі даладай көңілдің көрінісі, кешірімшіл жанның нәзіктігі, сырмінез адамдар алдында бас иіп, барынша ақжарылып,

ақтарылғандығы. Жұмыр басты пенденің алақұйын мінездері қияс қылық көрсетіп, кей-кейлерде шекарадан аттап, дос көңілін қалдырып алатындығы да бар емес пе. Ал осының бәрі оңаша сәттерде ойға оралып, опындыра-ры, ойландыра-ры бар. Бұл адам баласына тән нәрсе. Әрине, бұл да ақылдың ісі, көкейлі жанның өкініші. Міне, осындай сәттердің ақын басына оралып, уылжыған жыр жолына арқау болғанын аңғарамыз. Ақын жүрек елжіреп, езіліп, елегізеді, бәрі-бәрін бауырына басып, құшқысы келеді. Сағыныш, өкініш, қимастық құймасындай сыңғырлаған сыр ғой бұл дегеніңіз. «Армандайды дегейсің, қиялдайды, Қайда барса бір басы сыя алмайды. Сендер оны ұмытып кетсеңдер де, Дегейсің, сендерді ол қия алмайды» деп түйін жасауының өзі қаншама құлазып, көңілі қарайып жүрсе де дос-жарандар қадыр-қасиетіне жетудің жолынан таймайтындығын, адамшылық туын өле-өлгенше жықпайтындығын айғақтайды.

Тау суындай тасқынды, буырқанысы сұрапыл Мұқағали мұрасына терең бойлау үшін белін бекем буған Алтынбек Қоразбаевтың жан-жүрегі де жыр мен нұрдан жаралған ғой. Қалың қазағы алақанына салып өткен әйгілі Кенен атасының ән-әуезімен тербеліп өскен сары үрпек ұл ұлардай үн қосып, қазақ музыкасының қазынасын қомақтандыра түсті. Атақты «Алатау» ансамблі үштігінің бірі болып, үкідей желбіреп тұңғыш триошылар атанып, қаншама ел-жұртты аралады. Сөйтіп, домбыра құдіретін паш етіп, кейіннен осылай топтанып қос ішекпен безілдетіп, бебеулететіндердің көшін бастап беріп, тарихта қалды десе болғандай жаңалық-құбылыс жасады. Әннің кені Кененнің «Бозторғайын», «Көк шолағын», «Базар-Назарын», «Бұлбұлғасын», «Туған жерін», «Қайран жастығын» жанына сіңіре жүріп, соларды жан-тәнімен ел арасында орындай жүріп құдіретті де қасиетті абыздың батасы тиді, аруақты жердің шипалы табиғаты қолдап, тұла бойына ән-жыр дарыды, күй қонақтады. Сондықтан да атақты «Сағындым Кенен атамды» деп аталатын әні шынайы пейілден, таза көңілден шықты. «Желбіреген ақ күміс, Сақалыңды сағындым. Жайлауындай даланың,

Шапаныңды сағындым» деп келетін бұл туындысы қазақ дәстүріндегі ақсақалдарды әспеттеу, үлкендерге бас ию ізет-ілтипатының керемет көрінісі.

Міне, осындай құлай құрметтеудің, ынта-ықыласымен талантына ден қоюдың нағыз үлгісі дерлік «дерт шалу» мұзбалақ ақын Мұқағалиға байланысты тіпті басқаша бой көтерді. Тәңір тауының түлегі қай тақырыпқа да тыңнан жол тауып, жүректерді жаулап алады. Сомдалған өлеңдерінен бір селкеу сөз таппайсыз, табиғилығымен, шынайылығымен шыбын жаны шырқырап шырынды шумақтар шырқайды кеп, шырмайды. Өз өмірінің бар болмысын өлеңдерімен алға тартып, барым осы бауырым, сырымды бөліс, қайғыма ортақтас, ықылас-пейіліңді бір сәтке аударшы деп қак жарылып жатқан періште – пенде. Алтынбек те бала жастан кісі көңілін аулап, тағдыр-тауқыметті көп көргендердің жүрек түкпіріне үңіліп есейген есті өнерпаз, оның үстіне мәдени училище, сосын арнайы консерватория тауысқаны тағы бар, яғни көкірек-көзі кең ашылған музыка маманы. Әншілігіне сазгерлігі, домбырашылығы қосылып құйған қорғасындай болып әбден салмақтанып алған ақтұйғын шағы Мұқағалидың мұңына, сырына малынан мойын бұрғызды.

Қай жырына көз жүгіртсең де бейжай оқи алмайсың, көңіл қобалжып, жүрек сыздайды, әттең, қол ұшын беріп, аға тағдырын қайтсем жеңілдетер екенмін деген үміт ұшқыны тек қос ішекпен дірілдеп, ауаны кезеді. Сондай тұстардың бірінде «Арман» атты ән алқымға тығылды. Ақын көкірегінің күрсінісі көзге жас үйірілтті, домбыра шанағына мұңайыс дірілі қамалып, амалсыз сыртқа шықты: «Туған жер сағындырды, келді есіме, Өзім кепіл енді оны көрмесіме. Тағыдай тауда өскен тарлан едім, Таңылдым емхананың бөлмесіне, Кім кепілдік береді өлмесіме?» деп алып Алтынбектің кеңсірігі удай ашып, әрмен қарай айта алмай, булығып, даусының тарғылданғаны әлі есімде. Маңдайы кере қарыс тау тұлғалы тарланбоздың тағдыр торына қамалып, бейшара күй кешуі қандай өкініш десеңші, әттең... Хан Тәңірінің алып ұлы бір-ақ уыс болып төсек тартып жатыр дегенге кім сенеді? Қарағайлы Нарынқолдың ну

орманынан ескен самалға кеудесін тосып, Қарасаздың бал бұлағынан сіміріп өскен ерке ұлан қазақтың қара өлеңін күзетіп, оның әрбір жолынан нәр алып, енді солардың сыңсыған тоғайға айналуына алтынмен аптап, күміспен күптеп жыр шумақтарынан үлес қосып жүрген ең қайратты, ең қуатты кезінде пұшаймен халге түсуі еңсені езеді-ақ, көкіректі қарс айырады-ақ. Амал не, татар дәмі таусылар шақ тақап тұрса. Ақынның бұл жалғандағы арманды лебізі композитор көңіліне қатты қозғау салды. «О, дәурен, не-ткен ғажап сүйікті еді, Жайылған жасыл маңда киіктері. Отырған оңашада биіктегі, Жататын таңғы самал сүйіп мені» деп туған өлке көркін, суретін көз алдына елестетіп, табиғат көрмесіндей таулы аймақты аузынан тастамайды. «Ойнатып омырауда таң самалын, Мен алғаш шыққан күнді қарсы аламын. Мәңгілік сол биікте қалып қоймай, Несіне бұл тірлікті аңсағанмын?» деп өкіне отырып, қозы қайырып, көбелек қуып өскен өз ауыл-аймағын алға тартады, тамаша өңірдің құлпырмалы бел-беткейін айта отырады. Сөйтеді де: «Қасыннан қасқа бұлақ неге кеттім? Не деген жел айдаған көбелекпін. Еркіндік, еркелікті місе тұтпай, Тасқа әкеп өзімді-өзім шегелеппін» дегенді қосып қояды.

Жастықта адам туған жердің, тіпті, барша нәрсенің бағасын біле бермейтіні рас. Ол әркімнің де басында бар құбылыс. Ал осыны әдемі әдіптеп, орайын келтіріп тамылжыта санаға құйған саңлақ ақынның тұп-тұнық жүрегіне құлақ тұру, түсіне білу бір ғанибет секілді. «Не пайда күрсінгеннен, өкінгеннен, Не пайда дәтке қуат бекінгеннен? Алайда емханада көз жұмғанша, Майданның жақсы еді ғой өтінде өлген» деген сөзінің өзі қалай ғана ет-жүректі еzbесін, тебіrentпесін. Амалсыздық күйін шеккен шер кеуде күрсінісі, жан айқайы ақын жанының пәктігін, ақтығын жайып салып, өкініш-наласына ортақтастырады. Сосынғы жан қиналысы, дем-тынысы тіптен ащы: «Пай, пай, пай, сағындым-ау, Талықсып тар төсекке таңылдым-ау. Қалыда қалтылдаған жаным мынау, Жаратқан, неғылдым-ау, неғылдым-ау?!» деп бас шайқап, күйзеледі, күңіренеді, құлын-тайдай құлдыраңдаған кең тынысты күндерін

аңсайды. Бірақ, небір құқайларды бастан кешірген алып тұлға ақыры осындай күйге душар болған-ды. Ақжарма жырларына жарытымды бағасын алаламай, талай көрсоқырлардан күдерін үзген үлкен жүректі ақын қиналыс-күйзелісін ішіне жинай бергендігі ақыры осындай айықпас дерттерге душар еткендігі кейіннен, тым кештеу белгілі болып жатыр.

Табиғаты тұнық таулы өлкеде өскен өркешті өнер иесі қылдай қиянатты сезбес, сезе алмас деп кім айтар. Кейбір кеудемсоқтарға кеткен есесін өлмес, өшпес өлең жазу арқылы қайтаруға тырысқан нар тұлға өлім аузында жатып та қадірін түсірген жоқ. Ұсталар соққан селебедей сом алтын жырлары ешуақытта тағынан тайған емес. Осыны өз жүрегінен, талғам-таразысынан өткізе білген Алтынбек те Мұқағали мәтіндерін музасына мәйек етуге құлшына талпынды, тырысты. Миуалы Меркі өңірінің перзенті Мұқағали өсіп-өнген Аспантауларын өзінің Аспарасына балап, жан-дүниесіне жақындатқаны да жасырын емес. Алатау сілемдерінің іштей де, сырттай да табиғат құбылыстарымен қайнасып жатқандығы, қайнар бұлақ суының зәмзәм тамшыларын татқан ұрпақ қалайда арқалы, өнерлі келетіндігі табиғи құбылыс та сияқты ма, қалай өзі?.. Мейлі ғой, татқан дәм, ішкен су қасиеті қосақтады ма, қос таланттың жан дірілдері жалғасып, небір ән-толғаулар дүниеге келді.

Сондай төл тумалардың бірі – «Қарасаздың шыбығын жел тербеген» әні қамсыз-мұңсыз тіршілік қаузап, мамыражай өмір кешіп жатқан сонау түкпірдегі ауылға жетелеп әкетеді. «Сиыр айдап өріске ертеңменен, Баратын ек тоғайға еркемменен. Тал басына шық тұрып, күннің нұры, Мың бояумен тоғайды көркемдеген» деп көңілді елегізітіп, тұп-тұнық, тып-тыныш түкпірге көз тіктіретін жосылған жыр жолдары жан желпиді, сағыныш отын маздатады. «Қарасаздың шыбығын жел тербеген, Жел тербеген шыбықты мен тербегем. Ойласамшы, сол шыбық терек болып, Өзегімді бір кезде өртер деген...» өлең шумақтарында нағыз хас шебердің қолтаңбасы сайрап-ақ тұр. Әдеттегі сүйгенім, күйгенім сөздердің бірі де жоқ, туған жердің

аспан тіреген тал-теректері, өрімтал шыбықтары арқылы-ақ бойжеткендер мен бозбала сезім-түйсігін ойға оралтып, әдемі сыр ағыту формасы кейінгі жас таланттарға үлгі, өнеге, сабақ боларлықтай ғой. Осы үрдіс, әдіс, тәсіл бастан-аяқ көкейге қонымды, ойға сыйымды қалпымен өрбіп, табиғилықтан бір танбайды. «Қарасаздың шыбығын жел тербеген, Жел тербеген шыбықты сен тербеп ең. Сонда менің ойымда мұң бар еді, Өзі келіп, бір күні серпер дегем» деулі астыртын сыр, үміт, арман қазақы ұғымға сайып, ұлттық болмысты көз алдыға көлденең тарта қояды.

Нағыз ауыл қыз-жігіттерінің қылығы, жүріс-тұрысы, ұяңдығы көрініс беретін өлең мағынасы терең, тұңғыық, сырлы, құпиялы. «Жақын өсіп жас шыбық бала талға, Оянатын екеуі ала таңда. Тағдырымды сонда мен табыстаппын, Сезімі бар, сенім жоқ алақанға...» деген сөзге қалай енді тамсанбассың, таңдай қақпассың. Екіұдай үміттің ортасындағы ғашық жүректің лүпілін сездіру осындай-ақ болар шіркін. Қазақ ғұрпындағы бетінен қаны тамған имандылықты, тәрбие көргендікті көркем тілге өзек етіп, жіптіктей сыр ағыту, ой тарқату асқан нәзіктікті, сезімталдықты талап етеді. Сол бір қасиеттерді бойына әбден сіңірген ақын аңғарымпаздығынан туындап жатқан сырбаз жыр дестелеріне әдіп жүргізіп, өрнек салған композитор да олжалы. «Қарасаздың шыбығын сен тербеп ең, Сен тербеген шыбықты мен тербегем. Ойласамшы сол шыбық бір кездерде, Өзегімді өзің боп өртер деген» деп енді жүрек сыздатқан сағыныш сарыны тербетіледі. Сыпайы айтудың, қарапайым ғана момақан жүріп, жан сырын ағытудың мына түріне терең бойлап көрсең, сұмдық бір сұңғылалық, сырбаздық, парасаттылық белгісі бар. Қайран, Мұқан, Мұқағали, махаббатың киелі жырларын осылай жазу керек деп тектілік танытып өткен ғой бұл өмірден!

Телегей-теңіз шығармалар сыйлап, қалың ормандай оқырмандарын әлі күнге табынтып жүрген жыр жампозын тәңір тұтып, кітаптарын күніне бір парақтайтын таланттылар да, талаптылар да көп. Жер-жерде ақын сөзіне ән шығарып, өзінің ықылас-ниетін, сүйіспеншілігін муза арқылы көпшілік қауым алдында жайып салушылар-

ды жақсы білеміз. Соның ең бір жарқын белгісі – «Жаңа ғасырға – жаңа ән!» атты ән байқауында көрініс берді. Бүкіл республиканы қамтыған бұл үкілі бәйге әсерімен қаншама ғажап дүниелер халық жүрегіне жетті. Жабық аламан бәйгеге екі мыңға жуық ән қатысып, соның елу бірі жеңімпаз және жүлдегер атанды. Ал солардың арасынан суырылып шыққан оқшау бір сазды туынды төрешілерді де, тыңдарман халықты да елең еткізді.

Республика Сарайындағы байқау жеңімпаздарының галаконцертінде Айгүл Мақашева керемет бір сазды әуелетті. «Сазға тағы оралды сары-ала қаз, Сарша тамыз тағы да бола ма жаз?!» деп аспандап кеп бергенде-ақ жәудіреп отырған дүйім жұрттың көз алдына қазақтың көркем таулы өңірі елестеп сала берді емес пе. Ән қандай, оны орындап тұрған Айгүлдің даусы қандай десеңізші! Домбыра ішегімен жосылып сары ала қаз ұшып, аққу қонғандай жыр мен ән дүбірі зәулім залды сәнге бөлеп, барша көрерменге қанат біткендей әлдеқандай сезім билей жөнелді. Халық қазынасы ортаймайсын, ән-жырымыз жалғасын тапсын деген ақжолтай оймен арнайы өткізілген осынау әндер байқауының шарапатын енді міне, халық көрмек.

Бес номинация бойынша өткен өнер бәйгесінде талай асылдар жарқырады, үкілері желкілдеді. Ал, «Қазақтың ұлы және аса көрнекті ақындарының (қайтыс болған) өлеңдеріне жазылған жаңа әндер» тармағына телінген «Сары-ала қаз оралды» атты ән екінші жүлдені жеңіп алды. Мұқағали мұрасынан алып, көкірегіне тұндырған Алтынбек Қоразбаев ниеті қабыл болып, мөлдіреген мәтінге сай сазды да назды әуен қанат қақты.

Мындаған шәкірттерінің ішінде «Сары-ала қазды» тұңғыш байқауда шырқау бақыты Айгүлге тиіпті. Қаздың қанат қаққанындай сұлу үнді өнерпаз көңілдегідей сыңғырлатты, қос ішекті іліп-қағып, тыңдағандардың жүректерін шымырлатты. Қапысыз мәнерін төкті. Екінші орын деген, шартты нәрсе ғой. Атамыз қазақ әнді өмірінде нөмірлеген емес. Тек, жақсы екен, тамаша екен, керемет екен деп бағалай береді. Расында, тамаша бір ән туды. Ол

Мұқағалидың жүрегінен жаратылған өлеңнің дірілі. «Шілде туып, тағы да жаз бола ма? Аққу ұйықтап, айдынға қаз қона ма? Қызды ауылға күніне қырық барып, Желік пайда бола ма бозбалаға?» деген Мұқағалидың көңіл-күйін барынша жеткізуге тырысқан сазгер мақсаты орындалған сияқты. Ел жүрегінен орын алып, барлық уақытта ұмытылмай шырқалып жүрсе, бәйгенің үлкені міне, сол емес пе, тәйірі! Бұл бабын келтіріп айтса, шырқалатын ән! «Сары-ала қаз оралды сазға тағы, Ақ тырналар аспанды боздатады. Сұқсыр көкек тоғайдан сұңқылдаса, Қай-қайдағы мұңымды қоздатады...» деп баурайтын жаңа ән жан тербейді.

Әйтеуір күні туып, ақыры, «Аманат» жыр жинағына Мемлекеттік сыйлық берілген Мұқағали Мақатовтың бой балқытар мәтіндері жаппай әнге айналып барады. Талантты інісі Алтынбек те аға жырларының тынысын кеңейтіп, жаңа ғасырда судай тұнық әуездер сыңғырлатуға шарқұрып, домбырасын шертеді...

«Сәби болғым келеді, сәби болғым»

*Ақын поэзиясы талай жүрекке от берді,
Бозбаланың жсыры, бойжеткеннің сыры болды.
Оның жырлары оқырманымен бірге мұңайып,
бірге шаттанды. Бар қазақтың жүрегіне жол тауып,
ұлтымыздың «мәңгі өлмес асыл мұрасына» айналды.*

Мұхтар Құл-Мұхаммед

Кеудесіне күн шуағы қонақтаған алып тұлға ақын Мұқағалидың бесіктегі бейкүнә сәбидей іңгәлаған інжу-маржан жырлары сезім қылын шертіп, әсіресе ән шығарушылардың көңіл-күйіне ғаламат қозғау салады.

Ұшар басы аспанмен астасып жатқан заңғар таулардың биіктігін көріп өскендігі ме, әйтеуір ол қашан болсын асқақ ойдың арасынан көз тастап, қияндарға құлаш ұруға ұмтылатын. Ұшпа бұлттардың қанатында қалықтап, Хантәңірі шыңынан түскісі келмейтін, төменге, еңіске аяқ басқысы жоқ көңіл шіркін әлдекімдерден салқындық

сеземін деп пе еді тумысында. Еңлік гүлдер жапырағын жайып, арда емген еліктің лағы ғана алаңсыз секіріп ойнайтын серек тасты тау маңғазы етекке түсіп, елмен араласты, ақ пен қараны алма-кезек алға тартатын тағдыр соқпағымен тоқайласты. Қуанды, күлді, шаттанды, шала мас болды. Өлең – өмірдің қойнына сүнгіп, не бір сұмдықтармен де бетпе-бет келді.

Биік таудан домалап түскен даладай көңілімен дырдулы қалада алшандай да басты. Туа бітті табиғи талантына тамам жұртты тәнті қылды. Тізгінді жіберіп-тартып жүріп небір жақсы мен жайсаңды, жаман мен жалтанды көп кездестірді. Қазақы пішілген мінезбен аңқылдап жүріп бәрін де дос санап, бәрін де құшағына қыса жүріп қақпан басқан күндеріне өкінді. Бірақ, өмір ғой, тез ұмытуға тырысатын.

Сонау Қарасаздағы алаңсыз, қайғы-мұңсыз сәби шақтарына ойша саяхат жасап, өзін-өзі алдаусыратып, жұбатып, кіршіксіз, кірбінсіз балауса күндердің қойнына күмп беріп кетуге арттағы жылдарға қайрылатын. Сондай бір сәттерде туған тәтті сезімнің жемісі – «Сәби болғым келеді» жыры. «Құс та болғым келмейді! Қанатым бар! Қанатым бар күмістен жаратылған. Сәби болғым келеді, сәби болғым, Мына өмірден хабарсыз, жаңа туған» – деп ешнәрсемен шаруасы жоқ мөлдір, таза жаратылыстың қылықтарын аңсайды. Дырдуы көп, айтыс-тартысы бір басылмайтын пенделік тіршіліктен қашып, әйгілі Қарасазына, қарапайым аулына тартып кетсем дейтін тұстары сияқты шынайы көңілден туған сәбилік сәттерді сағынған жыры бүгінде тіпті әнге айналып, бүкіл еліміздің бұрыш-бұрышында құс боп қалықтап жүр. Бұл жырға қанат байлап, алысқа ұшырған, бар өнерін салып, ән ретінде бағын жандырған семейлік әнші, сазгер, актер Тұрсынғазы Рахимов деген ақынжанды азамат.

Кезінде Алматыдағы республикалық эстрадалық-цирк студиясын Жүсіпбек Елебековтың сыныбы бойынша тәмамдаған талантты өнерпаз Мұқағали жырларының нағыз жанкүйері, жоқтаушысы. Семейдің облыстық филармониясында әнші, драма театрында актер, осындағы

музыкалық колледжде ұстаз ретінде көпшілікке белгілі болған Тұрсынғазы Республикаға еңбек сіңірген мәдениет қызметкері деген құрметті атаққа тегіннен-тегін ие болған адам емес. Сонау Семей жеріндегі жан-жақты талантты жігіт өлең, өнер дарыған қасиетті де киелі өлкенің перзенті екендігін танытып келеді. Өзі жастайынан жастанып оқып, тәнті болған ақиық ақын Мұқағалидың жыр кітабына табынып қана қоймай, оның туған топырағы атақты Қарасазға әдейі ат ізін салып, тау түлегінің туған мекеніне тәу етіп қайтқаны – пір тұтқандығы шығар. Сондай-ақ ол «Атамұра» баспасынан 1994 жылы жеке жинақ етіп шығарған туындысын «Сәби болғым келеді» деп атаған. Мінеки, ақын жырына ғашықтық дегеніңіз қандай шіркін!

Қара нардай қабырғалы ақынның қай өлеңін алсаң да әнге сұранып тұратындығы айдай шындық қой. Жыр жинақтарын сан сапырып, мың парақтап Тұрсынғазы да талай ән-әуездерді тыңдармандарға сыйлап бақты. Әсіресе, «Сәби болғым келеді», «Дариға, домбырамды берші маған», «Отыздан асып барамын» деп аталатын жыр шоғырлары жан-дүниені шымырлатып, актер, әнші, сазгер жүрегін толқытты, жатса-тұрса көз алдына арманын арқалап өткен ақберен ақын елестеп, ұйқысы қашты. Домбыра шанағына жасырынып қалып сәби-жыр тербетуді тілейтін сияқты сан құбылыстар бастан өткені анық. Даланың тұнық ауасын, жаны да, тәні де таза адамдарын еске алып, қалам қуатын жұмсаған ақын пейілінен туған жыр тереңіне шомылу, бойлай жүзу бір рахат дүние ғой дегенмен. «От та болғым келмейді! Жылуым бар. Жылуым бар, керексе жылыныңдар. Әлди болғым келеді. Әлди болғым – Күн сәулесі ойнақтап тұлымында, Отыратын анасы құлынымдап» деген көңілі дархан, ниеті аппақ Мұқағали жанының мақтадай жұмсақтығын қалай сезбеске, қалай ұқпасқа?! Қатқыл дүниенің ортасына қайдан топ ете қалғанын білмей дағдарған даңғайыр тұлға көкірегіне қонақтап қалған балғын сәт сағындырмағанда ше, тәйірім-ау?! Ақ бесіктегі құндақтаулы құлыншақ күнін аңсайды, бір де бір жанға жаттығы жоқ жас иіс нәресте қалпымда тұрып қалсам ғой осыншалық қағажу көрмес едім деген нәзік

ой жатыр көңіл түкпірінде, өлең жолдарының арғы астарында. Өттең, дүние, ондай шақ қайта оралмасқа кеткені және өкінішті. Ол да бой тасалап әр тармақтың өрімінде ирелеңдейді...

«Қанаттанып өмірге ұшарымда, Кесілмесе, бәрібір тұсауым да. Сәби болғым келеді, сәби болғым, Сәбиі жоқ Ананың құшағында» деген сөзге кім құлақ аспасын, кім елжіреп, езілмесін. Адам баласының ең бір жанды жеріне тиетін аяулы ұғымның астарына үңілген пенденің ет-бауыры езілер тұсы нақ осы. Қара ниетті кейбіреулерден көңілі қалып, жүрегі сыздағанда ақын қанында толқыған осы бір ой тереңіне бойлап көрудің өзі бір ғанибет дер едік. Осы шумақтардың соңғы екі жолын қайыра әуелету арқылы сазгер айтылар ойдың салмағын тіпті зорайтып жіберген. Яғни: «Сәби болғым келеді, сәби болғым, Сәбиі жоқ Ананың құшағында» деп шамырқанып көкке әуелейтін егіз жол өлең құдіретін әлдеқайда аспандатып, ақын үнін анық естіртіп, құлаққа құя түседі.

Тұрсынғазы әншінің Арқа сал-серілеріне тән асқақ шырқайтындығы, биікке дауыс көтеретіндігі өзін өзгелерден ерекшелеп тұрады. Сонау бір жылдары Алматыда өткен шығармашылық кешінде үкілі домбырасын кеудесіне қысып, ұстазы Жүсіпбектің салып кеткен сара жолын жалғастырып жүргендігін танытып, өнеріне тәнті еткені есімізде. Сондай-ақ ол радио арқылы әуе толқынында, теледидар бағдарламасында сан мәрте әншілік өнерін ортаға салып, тыңдармандар мен көрермендердің ризашылығына бөленді.

Соның барлығында да Мұқағали жырына құлдық ұрып, аспанға көтеретіндігін, ақиық ақын сөзіне әрқашан да ән-әуез іздеп, шарқ ұратындығын алға тартып отырады. «Сәби болғым келеді» әнін шырқау арқылы ақ бесікте тербетіліп, айдын көлде қалқығысы келуді ғана армандаған ақынды ел есіне салады, жыр киесінің келбетін көз алдыға елестетеді, сөйтіп поэзия піріне айналған алып тұлғаны одан әрмен сомдай түседі. Ақынның көкsegені пәктік, ақтық, азаматтық. Мына жыр соның символындай: «Тар бесігі – кең жаһан тарылмаған, Біреуге бар, біреуге табылмаған, Сәби болғым

келеді, сәби болғым, Ана сүті аузынан арылмаған» – деу арқылы адамзат бойындағы имандылық, адамгершілік тәрбиені таразылайды, дәл сондай тұнықтыққа көгершін тектес мөлдіреген әннің қайырмасына салмақ артып, аршын даусын аспандағы айға тілдескендей етіп ашық реңк беріп, тым биікке шырқатып әкетеді. «Сәби болғым келеді, сәби болғым, Ана сүті аузынан арылмаған» деп барып үзілдіріп қайырылған қайран ақын арманы адам жанын жадыратып, жүрегін жылытады. Жанға жайлы, көкейге қонымды балшекер шумақтарды таңдап алған сазгер таным-түйсігіне әркім-әркім де риза болары сөзсіз.

Алас-күлес тірлік кешіп жүріп-ақ жорғасынан жаңылмай жақұт жырлар жазып, әдеби әлемнің бір құбылысы ретінде із қалдырған қапсағай денелі тұғырлы тұлғаның қай өлеңі де тағдырлы, тарихи болмысы бар болып келеді. Мәселен, оның «Дариға, домбырамды берші маған» атты өлеңі қалай туғандығы туралы дарабоз композитор, домбырашы, күйші, Халық әртісі, Халық Қаһарманы, бүгінде жүрек қалауымен сонау туған аулында, Жамбыл тәтесінің қасында мәңгілік ұйқыда жатқан Нұрғиса Тілендиев өзінің естелігінде тілге тиек етеді.

Бір сәттік сезімнен асқар таудай өлең өрімін тарқатып алып кеткен Мұқағали қабілетіне қалай басынды имеске! Әдетте талантты – талант таниды! Қазақтың қасиетті домбырасы туралы бұл жырға қаншама адамдар ән жазып, эфирге шығарды. Нұрағанның жөні бөлек қой, шіркін! Со-сын бұл өлеңге Тау Түрген, Талғар шыңы, Кеген жақтан арқылы азаматтар үн қатып, толғау-ән туғызды. Тоқтасын Әбілезов деген өнерпаз өзінше әуелетіп, нақ осы мәтінге саз қосты. Ол да әсерлі, көңілге қонымды, жанға жылы тиді.

Ал енді Тұрсынғазы Рахимовтың «Дариға, домбырамды берші маған» деген толғанысы басқаларға мүлде ұқсамайды. Сонау ұлы Абай елінде жатып жаны сүйген ақын құрметіне домбырасын бебеулетіп, қос ішегін сапырып саз тербегені тым сәтті шықты. Өзі де үкілі домбыра арқылы айналасына танылып жүрген Тұрсынғазыға шабыт қосқан ұлттық аспапты әспеттеу сезімі сазды әуенге сұранып тұрғандай еді. «Дариға, домбырамды берші маған,

Жаныма келші, жаным, келші, балам! Бейуақ, іңірдегі көңіліме, Күй болып күңіреніп енші, далам» деген мінсіз жыр жолдары қос ішекке қосылып, өзінен-өзі жосылып беретіндей сыңғыр қағады-ау, сыңғыр қағады шіркін, дүние! Әр қазақтың төрінде ілулі тұруға тиісті үкілі мүлік халықтың мұңын, қайғысын, қуанышын, шаттығын, бұл дүниеде бар-жоғын шанағына сыйғызып, сыртқа сыр қып төгетіндігімен құнды, бағалы, қастерлі. Тарихтың да терең қатпарын қопаратын, салт-дәстүрдің де салтанат құрғанын көз алдыға көлденең тартатын тарланбоздығын ешнәрсеге теңестіру қиын. Тек қол тигізсең болғаны, шешендерше шешіліп қоя береді. Сондығы үшін ғой ақын қаламынан сия төгіліп, төбесіне көтеріп әкеткен. Мұқағали танымы, талғамы халықпен тамырлас тәтті үнді, мұңды да сырлы шанақ арқылы айшықталып отырғандай. Жыр мен әуез кірігіп бой балқытады, көңіл құсын пыр-пыр ұшырады.

«Домбырам, жүрегіммен үндес едің, Сенімен сырласымдай тілдесемін. Бабамнан қалған мұрам, сен болмасаң, Өнердің не екенін де білмес едім» дегеніне қалай бас шұлғымасқа, қалай иек қақпасқа! Бағзы заманалардан бергі халықтың өнер қазынасын қос ішекпен шертіп бүгінге жеткізген небір әйгілі есімдерді білеміз. Күй аталарын, саз сал-серілерін санамалап бере аламыз. Үкілі домбыра қолға алып, ен-даланы думанға бөлеген кешегі Ақан, Біржан, Мәди, Естай, Балуан Шолақ, Жамбыл, Кенен дей бастасақ, тарланбоздар тізімін тауыса алмай қаларымыз хақ. Міне енді солардың аруағын аспандатып, сал-серілік дәстүрді үзбей жалғастырушылар құдайға шүкір, бар, жетерлік. Солардың бірі семейлік Тұрсынғазы деп білсек, артықтығы жоқ, әрине. Әйгілі жезтаңдай Жүсіпбек Елебековтен дәріс алып, ізін жалғастырғаны қуантады. Оның үстіне Хантәңірінің мұзбалағы Мұқағали мұрасына көп шұқшиып, маржан тергені, інжу сүзгені және бір құптарлық іс.

Арқа мен Жетісудың арасын алтын өзекті өлеңмен жалғай білген ақын туындылары Тұрсынғазының ұйқысын шайдай ашып, домбыраға жиі-жиі қол создырғаны нәтижесіз емес әрине. «Дариға, домбырамды берші маған» әні соның айқын бір көрінісі. Әуелетіп, асқақ шырқап, жан-дүниесін

езілтiп: «Домбырам, досым менiң күй аңсаған, Өзiмдi, өмiрiмдi қиям саған. Шағымда шабыттанған, қиялдаған, Шанағың бар шаттығын құяр маған» деп iштен қайнап шыққан буырқаныс, бусаныс қалайда мойын бұрғызады, назар аудартады. Әншi-актер ынтызар болған шок жұлдыздай домбыра жыры талай-талай өнер жұлдыздарының аузынан естiлiп, сахна сәнине айналғалы қашан. Әрине, әркiм өз мүмкiндiгiне қарай көсiлiп шырқайды. Тұрсынғазы да iштен шыққан туындысын бой-бойы сөгiлiп бар ынта-шынтасымен шырқайды. Үнi бөлек, мәнерi өзге, әйтеуiр ақын жанына терең үнiлiп, ақын көңiл-күйiн шама-шарқымша бердiм-ау деп ойлайды.

Ал ендi осы әндi Қазақстанның халық әртiсi Мақпал Жүнiсова мүлде өзгеше құлпыртып, өң берiп, бояу қосып дiрiлдеткенде тыңдаушылар сiлтiдей тынады-ақ. «Дарига, домбырамды бершi маған» әнiн Мақпал өз репертуарына нық телiп алған. Табиғаты таза ұлттық болмыспен өрiлген жүрекке жақын шығарманың жұлдызы жарық бола түсуiне Мақпалдың қосқан үлесi ұлан-асыр деуге әбден болады. «Өсiрген өнерiмдi қызыр-бабам, Үнiңнен айналайын бұзылмаған! Киелi пернеңе бiр қол соқпасам, Шектерiң жетiмсiреп ызындаған» деп үзiлткенде, бүкiл қазақ даласының өнер қазынасы көз алдыға көшiп келгендей әсерге бөлейдi. Сосын еркелетiп, үкiсiн желкiлдетiп: «Ерке назым менiң, сазым менiң, Шыбынсыз, шуақ шашқан жазым ба едiң? Дарига, домбырамды бершi маған, Айналып ұшсын аққу-қазым менiң!» деп соңғы шумақтарды сызылтқанда домбыра шiркiнге қанат бiтiп, аспандағы аққуға қосылып ұшып кеткендей көрiнiс көз алдыға келедi. Осы әндi әсiресе ақын туған өңiрге барып шырқау қандай әсерлi десеңшi!

Аруақты Райымбек баба есiмiн алған таулы аймақтың адамдары алдында әншi Мақпал тегiн концерт қойып, талай-талай үкiлi әндердi шырқаған жоқ па?! Сонда «Дарига, домбырамды бершi маған!» деп тау самалына маңдайын тосып тұрып көздi тарс жұмып жiберiп ақын елiне еркелей, наздана үнiн созғанда қол соқпаған адам қалмады емес пе?! Шiркiн тау перзентi Мұқағалидың қылаусыз көңiлден

шыққан жұп-жымыр жырлары жұртты талай рахатқа батырып, қызыққа кенелтті ғой. Халықтың өзіндей қарапайым, Аспанғаудай заңғар, құстарындай сұңқар, қыздарындай сұлу, қарттарындай сұңғыла, сәйгүлік жырдың отына қыздырынып, мөлдіріне шөлді қандырып, сырына қаныққан да бір дәурен ғой.

Кез келген шумақтарын алсаң да бір кәдеге жарайтын Мұқағали шығармаларының ән мәтініне лайық екендігін екінің бірі, егіздің сыңары мойындайды. Табиғатпен етене, ел-жұртымен жақын, дос-жарандарымен емен-жарқын ақын көңілінің аппақ қардай кіршіксіздігі өзіне тартып, бауырына басады. Ағыл да тегіл сыр төгілген сұлу шумақтардың арасынан кірпік қақпай Мұқағалидың өзі сығалап тұрғандай. Бүкпесіз, өкпесіз өлең жолдары құшағын ашып, қос қолын созады. Балаға да, данаға да түсінікті тұнық ой, таза көңілмен мұндалайды. Сондай ашық мінезділік атой салып тұрған «Отыздан асып барамын» атты өлеңіне Тұрсынғазы толғау іспетті тәп-тәтті, әп-әдемі ән-терме шығарды. Домбыра күмбірімен көңіл-күйдің толқынын тасытып, жағаға әлсін-әлсін соғып қайтатындай әсер құшағына бөлейтін бұл туындының да өмірі ұзақ болатын түрі бар. «Сұқтанып тұрып жанарың, Сұрыма неге қарадың? Солай да солай, қарағым, Отыздан асып барамын» деулі көңіл өрекпүй ортаға салынып, сұраулы жүздің нұры таситын сәт шын өмірдің кейпіне тура қаратады. «Шашымның санап әр ағын, Таңырқай берме, қарағым. Санаулы басқан әр адым, Отыздан асып барамын» деп шынайы ақтарылған ақын жан сырына қаныққысы келгендердің көз алдына бәрі жайып салынады.

Жасырып-жабары жоқ жүрек сыры, көңіл мұны қатар өрілген жыр қасиеті көрер көзге анық білініп тұр. Шын сыр ашу, ақ жарылу, жай-жапсарды жайып салу. Текеметтің түріндей бадырайып тұрған бар болмыстың бет-бейнесін құмалақ салғандай қып шашып тастаған суретке сұқтанбай көр. «Белгісі тұр ма ағаның? Бетіме неге қарадың? Бақытын тілеп баланың, Отыздан асып барамын» дегеннен-ақ бәрі түсінікті, ұғынықты. Көлгірсіп, құйтырқы мінез көрсетуден, аруды алдарқатудан аулақ қылық танытып тұрған тар-

лан азаматтың нығыздығы, нағыздығы көрінеді. Сосын тағы да: «Қуанып кейде қаламын, Қуарып кейде қаламын. Аттанған ата-ананың, Артынан қуып барамын» деп өтпелі өмірдің қалпын қалтқысыз еске салады. Бәрі де шынайы, боямасыз, құпиясыз, қоспасыз. Ақыр соңында: «Солай да, солай, қарағым, Көңілдің таппай қалауын. Жастықтың жықпай жалауын, Отыздан асып барамын» деп өкінішін де, наз-наласын да сарқып, төгеді. Өмірдің өзіндей өр тұлға өлеңдері сом-сом алтындай алыстан жарқырайды.

Мұқағали мұрасынаң қуат алып, тау суындай таза саз тербезді мансұқ еткен семейлік арқалы өнерпаз Тұрсынғазы Рахимовтың домбыра шанағында керімсал әуен толқып, ән бұлқынатын еді-ау...

«Дариға, домбырамды берші маған!»

*Үйірі қысырақтың мақпал қара,
Шашыңды күндіз өріп, түнде тара,
Алыстан ат терлетіп келгенімде,
Ей, Мақпал, мойның бұрып, бермен қара!*
Ақан Сері. «Мақпал» әні.

Самалдай желпіп маңдайдан сипайтын, жанға ләззат құятын, көкірек көзінді шайдай ашатын ән-әуез қашанда өмірсерік, жанға қуат, рухани азық. Ал оның ақ бесігі, көңіл-күйдің негізгі арқауы – ақжарма жыр, сары алтындай сөз. Мұқағалидың мұңын ақтаруда Мақпал Жүнісовадай әнші қыздардың мақпалдай үні де дәнекерлікке жарап келеді.

Қоңыраулатқан құлын дауыс қашаннан бері жұрт назарын ерекше аударып жүргені анық. Әнсүйер қауым құлағын бекер тоспайды. Әнін де, сөзін де жүрекке тұндырып айтатын мақпал үнге құлағалы сан құбылып әсем саздардың шоғырын кеудеге тоғыстырған сүйкімді жанға не айтса да жарасатын секілді. Оркестр қолдауымен де көз қуанышына айнала алады, үкілі домбыра ұстап, қос ішекке қосылып та құлақ құрышын қандырады, тіпті, кейінгі кездері Ержан Белғозиевпен сыңарласып гитара сүйемелімен де сырғалы

бұлақ сынғырындай саз әлеміне әлсін-әлсін сүнгіп, сирек құбылыспен таңдай қақтырып қояды. Құдай берген күміс үн көмейден төгіліп, айнала маржан сөздер шашылып кеп кеткенде, қайсысына қол созарыңды білмей, ғаламат бір күй кешерің анық. Шашыратқы гүлдей құбылма дауыс еріксіз ерітеді, бойыңды балқытады, ес жидырмай елтіп әкетеді...

Әншінің жүрегі – ақын. Егіз қозыдай етене сезім жұптасып жан-дүниені жарық сәулеге бөлейді. Сосын да ғой домбыра шанағынан сыр аулап, жыр пырағына сұқтанатыны. Әсіресе бітім-болмысы жан баласына ұқсамайтын есіл Мұқағалидің жасын жыр әлемін аралап кетсең, бүкіл дүние ұмыт қалады. Қолдан түспеуге айналған ақиық ақын жинақтары сезім-сырдың сұлу гүлбақшасы. Көз тоймайтын көкжасыл дүниеге кірдің екен, есік терезесін сипалап, таппайсың. Тұнған өміртарих сылдыраған су, сыбдырлаған жапырақ, ирелеңдеп аққан тау өзені, бұратылған бұлақ-тынысың кеңіп, сарайың ашылады. Жер жәннаты Жетісу өлкесінің тамаша табиғатын тамсана өрнектеп өткен Хантәңірі қыранына таң қалмай көр. Қандай дәл айтады, өлеңінен өзін ажырата алмайсың. Мәселен:

*Қарасаз, қара шалғын өлеңде өстім,
Жыр жазсам, оған жұртым елеңдестің.*

*...Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,
Өлтіре алмас алайда Өлеңді ешкім, -*

дегеніне не дау айтарсың?! Аспантаулар ақиығы төмендеп ұшпапты тірлігінде. Өр мінез, мұзарт шың табиғаты жаратылысы мүлде бөлек, сұлу, сымбатты Алатауына тартып-ақ туған екен ғой, сабазың! Атақ-даңқты да, салтанатты да туған елін емірене жырлаудан ғана іздеген оның қойын-қолтығы толған сезім моншақтары, көңіл-күйлері, ой-тоғыстары. Тәтті мұңмен қиял кешіп кейінгі ғұмырын да көзге елестетер қайран қайсар тұлға мойымайтындығымен де асқақ қой.

*Осы бір көктемді көгерген,
Жүз жылдан кейін кеп көрер ме ем!*

Осы бір қызғалдақ жас гүлді

*Жүз жылдан кейін кеп терер ме ем! –*дегеніне қалай

тәнті болмассың. Әнші жүрегін елжіретер осындай шумақтар қалың ойға батырады, теңселтеді, тебірентеді. Әттең, дүние, Мақпалдай қарындасының түн баласына дөңбекшіп шығар сәттерін сезінсе ғой. Тұп-тұнық үнін естісе ғой. Жинақтарын төсіне басып, аузы-басы күбірлеп жыр шоғырын бірінен соң бірін оқып, ой теңізіне бататынын көрсе ғой. Сонда:

*Жазылар естеліктер нешелеген,
Көреміз бәрін оның пешенеден.
Әйтеуір білетінім бір-ақ нәрсе,
Көшеді өлең, немесе өшеді өлең, –*

деген жыр жолдарының көңіл төрінде тұнғанына айран-асыр болып қуанар да еді-ау. Өлең мұрасы бірден-бірге көшіп келе жатқандығына артта қалған қалың ормандай жұрты күнбе-күн куә болып та жүр. Жалғыз-жарым емес, өлең-өнерді түсінетін қазақ елі ақын жырларын жаттап, әнұранға айналдырды десе де артық емес.

Қазақстанның қай түкпіріне барсаң да Мұқағали туындысы менмұңдалап алдыңнан шығады. Бәрі жатқа айтады, бәрі әнге айналғандығын сөз етеді, тіпті «гимн болды ғой» деп бас шайқайды. Демек, жүрек түкпіріне қонғаны шығар. Демек, көңілге қонымды ем-дәрулігі бар деген сөз. Бүкіл халық ақынына айналғаны анық. Ал, оның сөзін әншілер тамсанып айтады, табынып айтады, беріліп айтады. Әнге сұранып тұратындығынан да шығар, бәлкім. Мақпал да «Дариға, домбырамды берші маған» деп қаншама шырқады, әлі қаншама шырқайды. Ел осы дауыста дірілдеп шығатын ақын көңіл-күйін тыңдай бергісі келетіні өтірік емес. Мұнда Мұқағалидың шабытты шағы бар, қайраттанатын тұсы көрінеді, бойын жазып, кең жазирасын кезіп кеткісі келеді, қазақы мұраның мұңына құлақ салғысы келеді. Шалқып, шырқағысы бар, еліне еркелегісі бар, жарына назданып, баласына ата-баба мұрасын аманат еткісі бар. Әдетте айтылуға тіленіп тұратын «Қазақ – домбыра, домбыра – қазақ» деген сөздің осынау әнге тікелей қатысы бар.

*Домбырам, жүрегіммен үндес едің,
Сенімен сырласымдай тілдесемін.*

*Бабамнан қалған мұрам, сен болмасаң,
Өнердің не екенін де білмес едім, -*

деп ұлтының асыл аспабы алдындағы перзенттік мойындауын алға тартуы әнші жүрегімен жалғасып, тыңдарман таным-түйсігін кеңейтеді, тарих шежіресіндей домбыра қасиетіне бас идіреді. Міне, дәл осы тақылеттес ақын жанының нәзік шектері Мақпал талантына талант қосқандай рух септі, әуен-ызың шақырып, оятты. Оның:

*Өсірген өнерімді Қызыр-бабам,
Үніңнен айналайын бұзылмаған.
Киелі пернеңе бір қол соқпасам,
Ішегің жетімсіреп ызыңдаған, -*

деулі көңіл аңсары Мақпал әншінің өз басына ауды. Домбыраға қол тигізбесе жаны терезе таппайды. Әсет Бейсеуов секілді асыл ағалардың әсері ме, әлдеқандай тылсым дүниеден тұнық әуендер құлаққа құйылатынды шығарды. Талантты азаматтармен отбасылық қарым-қатынаста ортақ күй кешудің өнер адамына деген үлкен әсері болатынын жан-дүниесімен сезінді. Бұл ретте, есіл Әсеттің ет-жүрегімен елжіреп, мейірім төгетіні есте естен кетер ме?! Бес жүзден астам артына ән мұрасын қалдырып кеткен бір туар Бейсеуовтің бесаспап бейнесі қашанда көз алдында. Өз бетінше ән шығаруға бейім бола бастауы бірақ нәрседен болды деп айту тіпті қиын. Оған түрткі әсер-бастаулар көп, жеткілікті. Түп-тамыры сонау Қарағанды жерінен желі тартып жатқан талант көзін тарқатып айта берсе, бас-аяғын қайыру қиын. Өнер тұнған Арқа жақтың қай саңылағын айтып тауысарсың, санамалай бастасаң, саусақ жетпестей сал-серілері мол-ақ қой. Халық әнінің қаймағын алдына тартып, әншілік тұсауын кескен өз анасы емес пе еді. Төрт жасынан тайсалмай шырылдап ән салуға талпынған қарғадай қызын қайран ана көз сұғынан қалқалайтын ғой. Сосын музыка мектебіндегі халық аспаптары класы бойынша, әсіресе қоңыр үнді қобыз қыр-сырына терең бағытталып тұла бойға тұнған білім-таным кейінгі талпыныстарға баспалдақ болғаны хақ. Өмір заңы бойынша сол баспалдақ биіктей берді, өр талап өрісін ұзартты. Алматыға қоныс аудару оны өте-мөте эстрада өнерінен

өрнек табуға құлшындырды. Әншіліктің әл қиссасын бастап кеп бергенде, шүү дегенде 1982 жылы өткізілген жастардың республикалық шығармашылық фестивалінің лауреаты атанды. Сосын 1986 жылы концерттік сапармен Шри-Ланка және Мальдив елдерінде өнер көрсетіп қайтты. Содан барып 1987 жылы Үнді елінде өткен достық фестивалінде ән салып, табиғат сыйлаған мүмкіншілігін жарқыратып көрсетіп бақты. Өзіндік орындау мәнерімен көз тартып, көңіл аулайтын таң ғажайып талмас дауысты дара талантты талай елдің көрермендері қол соғып қуаттады, республиканың небір салтанатты сахналары оған төрін ұсынды. Көркімен де көмейден төгілген мөп-мөлдір ән-әуенімен де айналасын үйіріп әкетті. Мақпал есімі ауызға алдымен алынатын болды. Ол енді өзін-өзі өнер аренасында еркін ұстайтын дәрежеге жетті. Сахнаның сүйіктісі болғанын сезетін сияқты...

Енді тамылжытып, құйқылжытып саз төгетін орындаушы ғана емес, талғаммен, таным-түйсікпен тақырып таңдайтын талғампаз тұлғаға көтерілгендей кезең үстінде екен. Жастықтың желігімен жеңіл-желпі әндерді де репертуарға көңіл жықпастықпен қоса салатын қыз-желең сәт қол былғап кеткендей. Сабырлы, салиқалы, салмақты, ойлы, қорғасындай өлеңдер сөзін құрайтын сүйікті туындыларға ден қоя бастады. Ал мұндайда мұзбалақ ақын Мұқағалидің шығармашылығы шым-шым тереңіне батыра береді. Жан сырын ақ жауындай аршын жырмен себезгілейтін Мақатаевтың өзіне тарта беретін сиқырлы сыры бар. Әйтеуір жанға жақын бір құпиясы бар. Оның жұмбағын шешу үшін Мұқағалиды сан мәрте түн жамылып отырып оқу керек. Оңашада кітаптарын парақтау керек. Сонда ғана түсінесің, ол ақынның құпиясын. Түсінесің де біржолата арбаласың сөз сиқырына. Мақпал осыны ұқты. Тереңіне үңіліп, қайта-қайта оқимын деп, өзі де ақынға айналып кете жаздағандай халде.

Дәм-тұзы тартып Мұқағали ел-жұртын қаншама аралады. Тау өңірінің өлең жырға айналмасқа жөні жоқ екен. Мұзарт шыңдары аспанмен астасқан Райымбек баба ел-жұрты нағыз жұмақ жерді қоныстанғанын сан

мәрте көзбен көрді. Аруақты елге иіліп сәлем етті, ата-бабалардың рухына бас иіп, бата тіледі. Ізетті өнер иесі екенін айғақтап, қайырымдылық концерттер берген күндер де есте. «Ғашықпын», «Өмір-ай», «Сәлемдеме» сияқты Мұқағали сөзіне жазылған Тұрсынғазы Рахимовтың, Кеңес Дүйсекеевтің, Алтынбек Қоразбаевтің әндерін шырқай-шырқай кейін өзі де әлденені ыңылдап домбыра пернесіне түсіретін әдет тапты. Мүйізі қарағайдай композиторлар кешірсін, Мақпал әнші де Мұқағали мұңына терең бойлап, тылсымына шым-шым бата бастады. Ақын жырынан от алып, ыстығына күйді, суығына тоңып, мұздады. Жетісуын жұмаққа санаған қайран аға қаламы қалай-қалай жорғалаған десеңші?!

*Мен сені ұнатамын дегенменен,
Басқадан көрмегенді сенен көрем.
Өз обалың өзіңе, өзіңнен көр,
Бір күні гайып болсам егерде мен, –*

деген ақын жыры «Мен сені ұнатамын» атты әнге сұранып тұрды. Өзін қайрап, өзгені тани білген жанға не дауа шіркін?! Сан алуан сезімге бөлеп, көкірекке кексіз мұң тұндырған бұл шумақтар дестесіне біреу түсініп, біреу түсінбесі анық.

*Мен сені ұнатамын дегенменен,
Сен биікте жүрсін деп төменде мен.
Кім екен мені өзіңе дуалаған,*

О, тоба, мен негылған өлермен ем?! – деп аш өзекке түсіріп шырқалар қайырмасы келісті назды да сазды әнге жаның жарылқанып, бірге тербелесің, теңселесің, көз алдыңа қалай да маңдайы кере қарыс, шалқалай шаш қайырған тау кейіпті киелі өлең иесі елестейді. Шырын жыр шырқала берсе екен дейсің. Мақпал тереңнен тартып Мұқағали мұңын әрмен жалғайды:

*Дегеніңнің бәрін де жасап жүріп,
Көрсетпеймін зәредей асау қылық.
Сенің гана ырқыңа бас алдырып,
Бұға берем, не деген жасандылық?!*

Адамға тән пенделік мінез иірімдеріне орап, әрі-

сәрі күйге түсіретін, сыр көліне шомылдыратын шуақты шумақтарға бояу қосылып, өрнек салынған. Мұқағали мұңын Мақпал мақамымен көңілге тоқисың. Көзіңді кең ашып, құлақ түресің.

*Мен сені ұнатамын, бірақ, бірақ,
Мейіріміңді қайтейін жылап сұрап.*

Ұнатамын дегенім – жасандылық,

Саған деген жүрегім құрақ-құрақ, – деулі тұстарға қабағың қатпарланып кетеді. Өмірі өзінің ақ саумал өлеңіндей ақын сезімі айдынында аққу қалқиды, үйрек ұшады, қаз қонады. Талант тумысына тәнті перизаттың өзіндік өнер туындысына қуанып, құптап, қол соғасың. Бүкіл болмысымен еліне, жеріне жүрекжарды жарқын жырларын бағыштаған адуынды да албырт ақынның қуатты өлеңінен сыр суыртпақтап, сезім өрген, әуен толғаған әнші ниетіне құлдық ұрғың келеді. Өйткені, Мұқағали Мақатаев әлеміне ден қоя үлкен ұмтылыстың белгісі. Жүрегі жырға толы жан қасиетті ана тілінің майын тамызып өміріне шырақ етті. Өз халқының қара нарындай күй кешті, шалқар шабытымен қызмет етті. Оны әспеттеу, өлең-өміріне үңілу, оған ән шығару ардың ісі десе болады. Осы орайда өнерсүйер халқын қуантып жүрген үкілі домбыра иесі, Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мақпал Жүнісованың қазақтың маңдайына біткен аса талантты ұлы Мұқағали Мақатаевапен шығармашылық салада үндесуі, сабақтасуы аса құптарлық. Аруақты ақынның рухын аспанға көтеріп ардақтау арқылы еліне сүйкімі артатыны анық.

Таңдайынан бал тамған қоңыраулы үннің иесі «Күрсінбеші» деп аталатын әнімен де жұртты баурай бастағанын айтпай кету қиянат. Мұқағалидың мәтіні маңыздылығын арттырып тұрған айтылмыш туынды да орындаушылық шеберлікпен құлақ құрышын қандырғандай сырлы, нұрлы дүние екенін екінің бірі сезеді.

Тағдырыма тура келген серігім,

Маған, жаным, сыйлады екен сені кім?!

Шар басымда, шаңырағым, сен тұрсың,

Басқалардың барлығынан жерідім, –деп ақтарылған

ақын тағдырынан көп хикметті аңғартатын ән тылсымына үңілу де бір ғанибет. Ақиық ақын жанына барлау жасауға талпынған Мақпал Жүнісованың үнімен Мұқағали мұңы шертіледі. Кейінде Мұқағалиға ертерек бұйырмаған сый-құрмет, лауреаттық атақ оның өлеңіне өмір беруші өзіндік талант иесі Мақпал қарындасына бұрынырақ қонды. Ол оған лайық та.

«Үзбеймін күдерімді халықтан мен»

Ол қазақ өлеңдерінде Қасым Аманжолов сияқты дауылдай өртке тиген өлеңімен өмірді шайқаған құдіретті тұлға, қайталанбас кесек құбылыс.

Әбділда Тәжібаев

«Сенемін, түспек емес нарқым дауға, Сезетін жүрегімді халқым барда» деп ақ жауын боп себелеп, көңіл гүлін суарған сұңғыла ақын Мұқағали Мақатаевтың асқақ рухты шығармалары оны мәңгілік ғұмыр төріне шығарды.

Мөлдіреген мұң моншақтарын төккен, өзінің туып-өскен табиғатындай тау тұлғалы, қатпар-қатпар сан қырлы болмысы бөлек, бітімі ерекше дарынды перзенттік көңіл күйлері қайткен күнде де жүректі дір еткізерлік алапат сезімімен поэзия көшінің салтанатын түзейтінін кім де болса сөзсіз мойындайды. Мың сан бұлағы сылдырап аққан ақ қар, көк мұзды Хантәңірінің түлегіне құдай бәрін де үйіп-төгіп бере салған десе болғандай-ау өзі. Түр-тұлға да, білім-таным да, қиял-пайым да өзінің өлеңдерін мінсіз ақ паракқа түсірсін деп қарауыл қарап тұрғандай – дархан, кең-молынан пішілген, пәруэрдигерлік биікте. Тау мінезіне тән буырқаныс, бусаныс, бұлақ суындай мөлдір ағыс, Шәлкөде шалғынындай көк майса-көңіл жыр құйылысы мандайдан сипап, жаныңды желпіп жатады. Кісіні қиналысқа салып кібіртіктетпейді, бұлыңғырлап өрмекшінің торындай ой-санаңды шатастырмайды. Әлімсақтан сырлы ағыстан танбайтын тұнық сезім оқыған сайын мейірімінді қандырып,

тылсымына тартады. Баяғы сол мөлдіреген мұң моншақтары қаздай тізіліп, көздің жауын алып, жан-жүректі жаулайды, көңіл көліне аққу қонып, қаз-үйрек ұшады. Мұқағали мұзасының құдыретін қай қазақ та қастерлеп, қадірлейтіні де сондықтан. Қай тақырыпқа құрық салса да қуаткүшін сарқа жұмсап, өртеніп барып басылатын бәз-баяғы қарқынынан танбайды. Нені нысанаға алса да сезім тамшыларын сорғалатып олжа салады. Немқұрайдылықтан ада адуындылық арыны Оқжетпесті де оңай қарпиды. Яғни: «Жүргемін жоқ қайғының жүгін артып. Ер сүрінсе еңкеймес, жығылар тік. Бөліп, жарған қайсыбір қуаныштан, Ойландырған оңаша мұңым артық» деп қойып тарпаң мінезімен тұлпар шабысынан бір танбайды.

Өміргеғашықжүрекбар-жоғықырықбесжылғұмырында не көрмеді, бастан не өткермеді?! Бірақ, өзінің мәңгілік қуған қызыл елігі – өлең-жырдан көз жазған емес. Оқтаулы қаламын күндіз-түні қолынан тастамай, айнала қоршаған табиғатын, дос-жарандарын, замана құбылыстарын, қайғы-қасіретін, көңіл алаңын алақанға салғандай етіп ақжарма өлеңмен өрнектеді, сұлу сөзбен өрмек құрды. Онысы анадайдан көз тартып, менмұндалады, магнитше тартты, көңіл тоқтатқандар болса бас алмай, рахат сезімге кенелді. Оның бар қуанышы да, бақыты да, бағы да тек осы болатын. Тек «Ей, өлең!» деп қанатын кеңге сермей берді. «Келші, маған, тез жетші, алданышым, Тез жетші, атам Абай аруағы үшін. Бейіштегі ұянды қоя тұрғын, Тіршілікке керексің, арда құсым» дегенді дауыстап айтып, артында қалатын асыл мұраны ғана әспеттеді. Бір күнгі есіл тірліктің бөк дүниесі әлі-ақ қараң қалатыны, ал адамдар жанына гүл боп егілетін, дән боп себілетін сөз шіркіннің ғасырлар қойнауында меруерттей жылтырап жататындығын жар сала жырлады. Осы орайдағы кейбір кеудемсоқтарға деген кейістігі де керемет кестеленген: «Уақытты тоқтатар шамаң бар ма? Бәрі өтеді: дәуірлер, замандар да. Менің жаным ашиды мына өмірді, Өтпейтіндей көретін адамдарға!» деген уәжінде қандай астар, мән-мағына жатқанын әр кеуде сезеді, әр көңіл түйсінеді. Бейқам жүрген, бейберекет тірлік кешетін санасыздарға зығырданы қайнап зар-күй кешкен ақын

тебіренісі тереңде. Пешенеңе жазылған жаратқанның берген жарық күнін, айлы түнін өкінбестей өткіз дегенді мезгейтін ақын жүрегін кім түсініп жатыр шіркін.

Өз басы рахат кешіп жүрмесе де жұртым деп түн ұйқысын төрт бөлетін шынайы шайырлардың ескіден келе жатқан үрдісі. Өмірден түйген, көкірекке құйған сабақтарын ортаға салып, нәзира ету олардың бұлжымас қағидасы іспетті. Мұқаң да сол дәстүрді берік ұстанған ұлы ойшылдар санатында. Сондықтан шығар: «Өкінбе, өкпелеме, бүгініңе, Өмір, өмір! Болмайды түңілуге, Мәңгі сені жазбаған сүрінуге, Қайта тұрып, қақың бар жүгіруге!» деп жабыққан жанды жаниды, жылаған көзді сүртеді, қамыққан көңілді жұбатады. Негізінде ақын жүрек өте-мөте Өмір жайлы көп жырлайды. Дүниенің барлығы да осы Өмір деген ұғымнан таралып жататындығын білгендіктен бе, осы орайдағы толғам-тебіреністері ұшан-теңіз. «Өмір деген – бұйым емес қолдағы, Өмір дейтін – ұлы бекет жолдағы. Қаның кеуіп, қаталаған кезінде, Сусыңынды қандырсаң бір болғаны» деп өзінің түйінді ойын көлденең тарта отырып, қиял көкжиегін, таным-түйсігін торқа елекке салады.

Өзгеге ұқсатпай жырлаудағы жаңалық-тапқырлықтың үздік үлгісін осы Мұқағалидан молынан кездестіруге болады. Әрине, оның бәрі де ақынның жанкештілігіне қатысты нәрсе. Ол өткен ғасырлардағы інжу-маржандар мұхитына қайық салып, жиһанкездік оқу-тоқудың да азап-тозағын аз тартпаған. Одан бергі Махамбеттер мен Абайлардың, осы ғасырдағы қазақ марқасқаларының маңдай терлерін сыпырып, сөз саптаған сұрапыл дүниелеріне де көз майын жұмсаған. Оған орыс әдебиеттері де таңсық емес – сан рет сапырып, сорпасын ішкен. Сөйтіп, батысшығыс шығармалары дейсіз бе, тіпті, дүние жүзі бетке ұстағандарынан ауыз тиіп көрген көкірегі даңғыл дарын иесінің кеудесінде маржан сөз қазынасының қордаланып қалғандығы анық. Осының әмбесі де көңіл көкжиегін кеңейтіп, көркемдік әлеміне көз жіберуге жол ашқан. Алайда, ақындықтың да алуан тәсілі бар. Жиған-терген асыл сөздер талантты жанға пайдасын тигізіп жатса, қанеки.

Әлбетте, бұл ретте, Мұқағалидың ұтқаны көп, ұққаны мол. Толағай денесіне лайық ұлтымыздың уыз тілі ұя салды. Сол ұядан балапан жырлар қанат қақты. Қанатының астына жыр-маржанын тағып, толайым көпшіліктің мейірін қандырды. Өзінің сүйген ұлдарын халық басына көтерді. Мұқағалиды сөйтті. Сұлу да сырлы өлеңдері үшін жасалған құрмет бұл.

Бүгінде бүкіл ел іші Мұқағалидың өлеңдеріне жазылған әндерді жиі тыңдайды. Жалпақ жұрттың жүрегіне жатталып қалған Мұқағали есімі қазір ең көп аталатынын бар жәмиғат біледі. Неге?! Әлбетте, қазақтың өзіндей қарапайым да сұлу һәм сырлы ұйқасты сөздері үшін. Өмірдің өзіндей өлмес өлеңдері үшін. Мемлекеттік сыйлықты алған «Аманат» жыр кітабында да ақиық мұзбалақтың көкірек-көзінді ашар бұлақтың суындай шәрбат шумақтары әдемі мұңға, шұғылалы нұрға шомылдырады. Тағы да сол Өмір туралы кең толғайды: «Өкпелетті дей алман өмір мені, Барды-жоқты бөлістім елімдегі, Соны көрдім, көрсе егер елім мені» деп алып: «Қуантты да дей алман өмір мені, Көп несібем құныға желінбеді, Жалтақ бақыт жалт етіп көрінбеді» дегенді қосып қояды. Көңілінде көп сыр жатыр әрине. Аңлаған адам талай әңгіменің өзегін аршып алады. Және ол осы орайда: «Неткен жанмын таусылмайтын талқаны мен кеусені? Ей, Өмірім, Түсінбеймін, Түсінбеймін мен сені!» деумен кісіні тығырыққа тірейді. Өзіне өзі талқаны таусылуды тілеп отырғаны несі деп таң қалуға болатынақ сөз. Бірақ, ақын жанына тереңірек үңілген адам ащы ызаның уытын сезінері анық, көресіні көп көрген күйікті кеуде күрсінісін жасырып, мысқылды езуіне үйіреді. Бұл да мықтылық қой.

Көкірегінде қылаудай кірі жоқ қалам толғаушы алғаусыз жанымен күйзеліп, сырт көздің баршасын да өмірге үңілуге итермелейді, өзіне қарай икемдегісі келеді. Ой түйсін, түйсіні оянсын дегендік бұл. Міне, сондай ыңғайдағы мына бір ұшқын атуы өзінше бөлек: «Ырқыңа сенің деген көніп келдім, Енді сен ерік бергін, ерік бергін! Сөзден өлген атамды тірілтпесем, Қос мені қатарына өліктердің». Тағдыр тәлейіне сүңгітер мына аяқ тастасқа қараңызшы байып-

тап. Қоғам сүйегіне таңба басар айшықты пікірдің тамыры тереңде жатқан жоқ па тәйірі! Айтар сөзді айта алмай, іштей булыққан заман запыранын қалай-қалай құбылтып беріп отырғанын аңғаруға түйсікті пенде керек. Қаймақты сөзден таспа тілген тапқырлық деп осыны айтар болар. Кешегі күннің қоймалжың уақыттары әлі ұмытыла қойған жоқ. Ана тілінің аясы тарылып, дәстүр-салттың көші бел асып кеткенін кім ұмытсын түге! Басынан сөз асырмайтын ақын қазақтың бұл бұлқынысын қалай ерлік демессің!

Ол осы ойларын одан әрмен дамытып, құлашты кеңге сермеуден танбаған дара талант, ойшыл, данагөй. «Не көрмедім демеймін, Не көрдім мен? Көрермін деп бәрін де келер күннен, айрығына қос жолдың қосым тіктім, Қос өркешті түйемді шөгердім мен» деп те жыр тізгінін қағып, қалың ойға батырды. Бірде бала боп, бірде дана боп жыр сапарында тынымсыз жортқан отты өлеңнің мазасыз пендесі кеудесін соғатындар қатарынан аулақ, әділдіктің жалауын ұстап, ұлы даланы кезіп жүргені, панасыздарға қалқан боп жалпақ жауырынын тосады, аппақ ар алдында парызын өтейді. Шындық жолында шырақ алып шырылдағанын жасырмайы, кей тұстарда үнсіз қалғанын да алға тартып, кешірім өтінеді. «Жауыма да жатсың деп айта алмадым, Бала қаздай алдында байпаңдадым. Талай-талай сөзімнің әкесі өліп, Талай сөздің кезегін қайтармадым» деген ақ жарылуының өзі неге тұрады?! Сосын бірде: «Бір нәрсемді жоғалттым мен, Бір нәрсемді ұрлаттым... Соны іздедім, Айдын көлдің аққуларын шулаттым» деп сүйіктісінен мейірім-шапағат күтеді. Сайран кештерде сауық құрып, жастық желігімен кең дүниені жолбарыстай жортқан шақтарды есіне алып, енді ауру меңдеген тұстарда тәубаға келіп, қымбатты қосақтың алдында есеп беру сәтіндей елестейтін ерке қылықты өлең жолдары ет-жүректі елжіретеді, сезімнің қылын шертеді.

Қандай мұңға батып, қандай қайғыға душар болса да Мұқағали жырының жоны жығылмайды, шоғы суымайды. Расында ол бастан кешкен сәтсіз күндер аз ба еді?! Қала қиыншылығын айтпағанның өзінде тағдыр оған өкініш дәмін көп татырды. Гүлдей майысқан Майгүлін

ажал оғы атып түсірді. Жырына тамызық қып жүрген жан-жапырағынан айрылу оңай болып па?! Мәуелі ағаштай Мұқаң қатты бүгілді, еңсесі түсті, майысты, бірақ сынбады. Бәріне де мойынұсынып кеудесін тіктеуге тура келді. Орынсыз етектен тартып, жағаға жармасқан әсіре сыншылар да жанға жара салды. Оларға: «Не десен, о де! Бұрылман енді, бұрылман. Адассам мейлі, Анадан бір-ақ туылғам! Қолыңнан келсе, қола мүсінді ап таста, жасалмаған да, қашалмаған да тұғырдан!» деп ірілік танытып, пысқырып та қараған жоқ. Дегенмен, ми солқылдады, қан қысымы көтерілді, көзге жас үйірілді. Әлдекімдердің айдап салуымен «пілге үрген кәндендер» балақты жыртқанмен, бас жаққа бара алмады...

Небір қиыр-шиыр оқиғалар ойлы ақынның тарлан талантына тұсау сала алған жоқ. Ширықты, шымырланды, шынардай бекіп алды. Маңдайы жарқырап, салалы саусақтарымен көл-дария шаштарын артқа тарамдап, ернін қымқырап қойып қала мен даланы еркін аралады. «Мотордың даусын есіте-есіте шаршадым, Жамырап жатқан жас төлдің үнін аңсадым. Жабағы үйді ақ жауын түтіп тұрғанда, Отырар ма еді түтінін жұтып аршаның» деген сықылды сағыныштардың сан мыңын жазды. Ел жайлы да, жер жайлы да керемет көсілді, найзағайдың отындай өлеңдері оқырмандардың көкірегіне мөрдей басылды. Емін-еркін төгілген шымыр да шыншыл шумақтарды бар қауым іздеп жүріп оқитын дәрежеге жетті. «Айтатын саған сырым бұл, Ертеңім менің бұлыңғыр. Әлсіреп, дымым құрып жүр. Адасып менен кеткен бе? Айналайын құлын жыр» деген сайын дене түршігіп, елеңдеп тұратын елжұрты әлденеден қауіптеніп те қалатын. «Әмісе аман бол!» десіп сырттай тілеулестік білдіргендер жыртылып-айрылады. Поэзия дүлділін кім жаманшылыққа қиюшы еді?! Ақын бәрібір ішкі жан толқынысын баса алмастан құпия сырын сыртқа жаяды: «Бұлақтың мұздай суымен, Жуындыр мені, жуындыр. Қауышып жаным жырыммен, Алайын сосын тыным бір...»

Жоқ, жыршыл жүрек қаншама қағажу көрсе де сыр төгуін, нұр төгуін тоқтатқан жоқ, қайта өршеленіп, өртеніп,

сезім селін селдетті: «Қапаланба, қадірлім, қапаланба, Қауіп-қатер басыңа тақағанда. Абайыңның басына қамшы ойнатып, Ақаныңды осылар матаған да...» деп оқыс ой айтып, ел есіне талай зорлық-зомбылықтың зобалаңын салумен болды. Сосын тағы да: «Ащы жырым құйылса өтке барып, Ашырқанып, алайда, сөкпе, халық» дегенді ескерте берді. Оның бұл тұстары өмір соқпағынан өтіп, тарғыл тағдырдың талқысына көп түскенін таразы басына тартады. Айнала қоршаған табиғи болмыстан ғана мейірім күткен құртақандай үміт отына жылынып отырып-ақ паракқа із салады. «Ажыратсам деп едім ақ, қараны, Ылғи көрем езу мен таптағанды. Күйзеліп таң атқанша таңды күтсем, Ойпырмай, таңның өзі қап-қараңғы!» деп бас шайқайды. Кейбіреуден күдер үзген сәттерінде опынып жүріп жыр отын үрлегенінің өзі сұрапыл құбылыс. Қаншама қаны қарайып тұрса да, поэзияға адалдықтан танбайды, сұлу торы аттай сымбатты жыр жолдарынан жаңылмайды. Қиналып, жаны мұрнының ұшына келгенде де: «Аламын деп қасқаның тас қамалын, Тас жүрекпен қашанғы тас боламын. Тас жүрекке табынтып тастамағын, Жүрегін бер, тәңірім, жас баланың!» деп өзін-өзі қамшылап, беркіндіреді, тазалық тілейді. Сөйтіп, сәби сезіммен дүр сілкініп, қанатын қомдай түседі. Сонау алысқа ұшу үшін басы артық дау-дамайдан аулақ болғысы келеді, қос құлағын тас бітеп алып әуеде қалықтауды ғана армандайды. Сол ойын алға тартып: «Қапаста жатса-дағы күрсінбеген, Жомарт менің жүрегім дүрсілдеген. Міне, соның жасырмай алуан сырын, Ақтарайын, ел-жұртым білсін деп ем» дегеніне ден қойған жан болса, оның ғұмырнамасы алақандағыдай анық көрінері хақ. Өлмес өлең сыйлауды ғана мұрат тұтқанын көк байрақ қып көтерген қайран дара тұлға жан-дүниесіне терең үңілгендер дәл сол тұстарда аса көп бола қойды ма екен, деген имиген сұрақ белгісі көкейде тұрады. Кейін, кейін ғана ғой бүкіл халық әрбір өлеңін әнге айналдырып кеткені. Барша қазақ баласы оның көзі жұмылғаннан кейін барып жоқтаушы атанды. Ол да болса өлең құдіретін танудың бірден-бір белгісі. «Жапа-жалғыз жабығып қалғанымда, Жат дүние жатады жан-жағымда, Қаным та-

сып, көзіме құйылады, Қаламнан жас қағазға тамғанында» дегенді ол бекер айтты дейсіз бе, тәйірі?!

Ақ жауын боп себелеген, тау бұлағындай сылдырлаған сылқым жолдарды жосылдырып, жәмиғат көңілін суаратын табиғи туындысынан, тұғырынан таймау әр ақынның пешенесіне жазыла бермес құбылыс. Мұқағалидың жүрегі тулап, жалын-оты лаулап тұратыны әрбір шумақтарынан атой салады-ақ. «Көзімнің жауын алдың-ау, Қарлығаш, тоты, қырғауыл. Селдете алмай қалдым-ау, кеудемде ұлып құр дауыл» деп жастық жылдардың елесін есіне алып тұрып, мұнды өкініш үнін естіртеді. Сосын: «Бозаңы шыққан бөктерге, Боз жусан қаптап кеткен бе? Бұрынғы күнім жоқ менде, Қырғидай тиген кептерге» деп бүгінгі болмысын мойындайды. Сайран кештер, салтанатты сәттер сыйлаған қамсыз-мұңсыз бозбала күндердің сәулесіне жылынып, сыр суыртпақтайды, айға да, күнге де армандап қол созған сол бір бұла шақтардың алтын шуақтарымен жандүниесі нұрланады, жүзі балбұл жанады. Өзін де, өзгені де ұмытып кең дүниенің құшағына күмп берген алақызба мінездің көбінде әлем жүрегіне құлақ тосары да бар. Сондайда абыздарша көз жұмып, ой шыңырауына шым-шым батады да: «Бұл ғаламның түбіне жететіндей, Сұмдық-сұмдық сынаулар өтетіндей. Мен басымнан қорқамын, мен болмасам, Атом-миым жарылып кететіндей» деп ғаламдық пиғылдың пілтесін тұтатады. Отан деген ұғымның от басынан басталатынын, Бауыржандай батырлық қасиет болмаса ұлттың бағы жанбайтынын перзентік пейілмен жұмыр басты пенделер қаперіне салады, жыр қуатымен құлаққа құяды. Қазақы нағыз патриоттықтың үлгісін поэзия тілімен өрген өр тұлға өлеңдері өзі өлсе де оның өмірін мәңгілік өшіре қоймас. Тек, әттең көкейде әлдеқандай бір өкініш кеткені болмаса... Оны өзі де ептеп ескертіп қояды: «Қиын ғой, қиын, Көшіңді жолға доғарған, Жана алмай бықсып, ошақта отың жоғалған. Жаға алмай сөнсең жалын мен отты – сол арман, Жалындап тұрып, Өртеніп кетсең, жоқ арман!» Халқынан ешбір құпиясын жасырмай жырлаған Мұқағалидың артында қалған мұрасы – дәтке қуат, көзге қуаныш. Көл-көсір көркем туындылардың ләззаты мен ра-

хатын қалың оқырмандары көріп, сусындап жүр. Ақын арманы да осы болатын. «Жамандық көре алмайсың сен сен менен, Өзіңнің қалыбымен өлшенген ем, Аманат бір өзіңе өлсем денем» деп өзі де айтып кеткен екен. Арманын да алға жайыпты: «Жолсызбен жортамын деп, Орта жолда, Жете алмай жетеріне жығылды ұлың, О, Менің Желпілдеген туырлығым! Желбіреп, жетіле бер Туың бүгін!» Поэзия піріне лайық шоқтықты шығармалар қалдырған мұзбалақ ақын ұлын ұлы елі ешуақытта ұмытпас. Оның өзі де: «Жетім қалған қозыға жем берген ем... Жетіліп, жетісіп ем сендерменен, Кешір менің жанымды емделмеген!» деп соңғы сырын сыбырлап айтып кеткен ғой.

Өмірінде көп жығылып, көп сүрінген мұңды да сырлы Мұқағали Мақатаев Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып, ақыры жоғарыда тілге тиек етілген «Аманат» атты жыр жинағы бәйге төрінен көрінді-ау әйтеуір. Кешігіп болса да жұлдызы жанды. Халық қол соғып, қуаттады. Қуанды. Ақиық ақынның аруағы разы болған шығар, кім біледі...

... «Сен менің еліме бар, жерімді көр, Жандар бар әр нәрсенің жөнін білер» деп жан-тәнімен туған мекенін тамылжыта жырлап өткен ақиық ақын көкірек-көзін ашып, Аспантаулар өңірі сұлулыққа ғашық жүрегіне от беріп, талантын ұштай түсуге тебіреніс қосқан. Сондықтан да шығар дарқан дарын иесі: «Жазира, жасыл кілем өрнектелген, Туған жерге, дариға, жер жетпеген! Кең өлкем, әлдилей бер, сен деп келем, Аңсап келем сағынып, шөлдеп келем» деген құшағын кеңге ашып, бар даусымен ақтарыла жырлағаны. Тауын да, тасын да құдыретке балап, перзент көңілі көкті шарлайды, алысқа самғайды. «Саумал бұлақ – балдай дәрім, салқын самал – баурайларын» деп жазиралы ата қонысының ғажайып көркіне тамсанады, таңдайынан тәтті лебіздерін төгіп, шын сұқтанады. Бойына күш-қуат құйған, ойына өріс ашқан ақ бұлақты баурайларын, көкорай шалғындарын шабыттана өлеңге қосуы да тегін емес, әрине. Райымбек баба ұрпақтары атақоныс еткен таулы аймақ жердің жұмағы. Аспанмен тілдескен Хантәңірінің алтын шуағы шашырап тұратын осы өңірдің әр қойнауы, әр бел-белесі Мұқағали өмірінің куәсіндей. Өйткені ол сол

сұлулықты бойына сіңіріп барып бүкіл Қазақстан атты отанын өлең отына орады. Жалқыдан жалпыға қарай алтын жіп тартып, құлашын кеңге сермеді. Халқының жүрегіне жол тапты. Сөйтіп: «Жетіліп, жетісіп ем сендерменен, Кешір менің жанымды емделмеген» деп ел-жұртынан кешірім сұрады. Осынау ұлылығымен классиктер қатарынан орын алды. Бұл – ормандай қалың көпшіліктің бағасы!

Көк аспан мен қара жердің арасында не құбылыс бар, соның барлығы да ақын жүрегінен сүзіліп барып жыр қазынасына айналғанын қадағалап оқып жүрген жұртшылық біледі, сезеді. Өз басынан өткерген өмір тәжірибесі мол Мұқағали мұғалім, кітапханашы, студент, диктор, тілші, баспагер, аудармашы... жалпы, жұмыр басты пенде – өзекті жан үшін нендей нәрсе тән болса, соның бәрін қолмен ұстап, көзбен көріп, жан-дүниесімен терең сезінген қалам иесі. Хантәңірінің баурайында туып-өскендіктен де шығар, биікке, тым биікке мойнын созып, жеті қат көкке қанат сермеп, жауһар жыр тербегендігі. «Соқ, соқ, жүрек! Соқ, жүрек, қозғал миым, Ми қозғалмай, ойды да қозғау қиын. Жырсыз өмір – мен үшін өмір емес, Жырсыз өмір – мен үшін тозған бұйым!» деп мансап, атақты аңсамай, айналасын ақ жауындай себезгілеген нұрлы өлеңмен сурарды, жан-тәнімен тау суындай мөлдір, таза сыр ағытты. Сөйтіп, «Армысындар, достар!», «Қарлығашым, келдің бе?», «Мавр», «Дариға-жүрек», «Аққулар ұйықтағанда», «Өмір-дастан», «Өмір-өзен» деген сияқты тағы да басқа өркешті кесек-кесек кітаптарымен баршаны баурады. Табиғат тылсымына терең бойлап, адамдар көңіл-күйіне қозғау салып, ғашықтар жүрегін жылытқан өлең-өрімдер қанға сіңіп, бойға дарып, бүкіл халықтық әуенге айналып кеткендігі бүгінде дәтке қуат, көңілге қуаныш. Өле-өлгенше талант тұғырынан таймаған тарланбоз: «Сенемін, түспек емес нарқым дауға, Сезетін жүрегімді халқым барда» деп «Аманат» жыр жинағын аманаттап кетті. Оған Алматыда ескерткіш қойылды. Оның жыры жаппай әнге айналды. Сыры мен мұңы сезімді қозғап, әуенге сұранып тұрады...

Дарын – дара дүние

«Тіл түйгенді тіс шеше алмайды»

Халық даналығы

Кең-жазира қазақ өлкесін өнер өрмегімен өрнектегендер көп. Әсіресе табанда сөз тауып айту және де оны өлеңмен жеткізу оңай дүние емес. Ал ақындарға «қара сөзден өлең оңай» деп Кенен атамыз шегелеп кеткен ұғым бар. Расында, қара тілден төгілер қара өлеңнен қуатты құрал жоқ. «Тіл – тас жарады, тас жармаса – бас жарады» деп ата-бабаларымыз тегін уәж келтірмеген. «Сөз – сүйектен, таяқ – еттен өтеді», «Сөз өнері – дертпен тең» екенін ұлы Абай құлаққа құйып кеткенін де білеміз.

Дәл осындай тұздықтап, мақамдап, мақалдай берсек, атам заманнан бергі қарайғы дана халқымыздан бізге мұра боп жеткен қаймақты сөз құдіретіне қайран қалмасқа әддің жоқ. Ақындықтың арғы атасы Майқы бидің сөздері қандай! «Адам бақсаң, атаң бақ, Көз жұмар сапар аттанып. Сөз білген атаң ата-ақ, Айтқаны қалар жатталып». Мұндай мірдің оғындай өткір, отты сөздер қаншама жүректерді бойлап кетпеді. Бабалардың көсем сөздері мен қара тілі бас игізеді, ойға батырады. «Айдаса қойдың көсемі, Сөйлесе қызыл тілдің шешені» болған Қазтуған жырау, «Сөйлегенде сөзі аузына сыймаған, Қызыл тілін тыймаған» Шалкиіз жырау, «Жасым жетіп он беске, Кіреп ме екем кеңеске» деп екі иығын қомдаған Ақтамберді ақын сияқты сом алтындай сөз сардарлары болған ғой, шіркін! Ақберен ақын Ақтамберді: «Ел жазылып жайлауда, Жақсылар кеңес құрғанда, Мұртымыз өрге шаншылып, Бұрын да сөйлер ме екенбіз?!» деп айбарланады да, айдарынан жел еседі.

Көшелі сөздің қуатын бойына жинаған көреген де көсем жандар лебіздері ауыздан-ауызға тарап, көптің көкірек-көзін ашқан, ойын оятқан. «Асыл сойдың баласы, Тартысқан жерде сөз табар» деп шегелейтін Шернияз, «Ғаділ деп соны айтыңыз, Турасын қисық бұрмаса» деген тура сөзімен өр мінезін танытқан Мәделі Жүсіпқожаұлы,

«Шешен жігіт дүрмен тең, Имансыз көңіл кірмен тең» деп шырғатын Шал ақын, «Төресін әділ береді, Ақылға кәміл би адам» деп түйетін Абыл ақын, «Шешеннің аты шешен бе, Даугердің тауын шақпаса» деп дәл топшылайтын Дулат ақын, асыл сөздің қадіріне жетіп, абыройын аспандатқан, Көк байрақты көкке көтерген, парасатты сөздің парқын терең түсінген, қадір-қасиетін ұққан жыр алыбы Жамбыл: «Көңілге келіп бір сөз қалғаннан соң, Тынар ма айтып өтпей ку қызыл тіл?» деп қиядан шалады.

Осы қағидаларды ұстанып қана қоймай, халқының арғы-бергі ақпа-төкпе суырыпсалма ақындарының мыңсан әуен-мақамдарын миына сидырып, Сүйінбай, Жамбыл, Құлманбет, Бақтыбай мен Сара сынды ақиық ақындардың тағы бір бұлақты өрені – Қазақстанның халық ақыны, жырау Әсімхан Қосбасаров небір әлемет әуендерді құйқылжытып, қошеметке бөленіп өтті.

Осы орайда жер жанаты Жетісу жерінің де өзіндік үздік үлгілері құс жолындай сайрап-ақ жатқан жоқ па? Кешегі Сүйінбай, Жамбыл, Құлманбет, Бақтыбай, Қалқа, Сара, Қуат Терібаевтарды айтпағанның өзінде Әбдіғали Сариев, Үмбетәлі Кәрібаев, Мұқаш Байбатыров, Әбікен Сарыбаев, Қален Тәжібаев тәрізді от тілді, орақ ауызды бұл өлкеде көп-ақ. Ал олардың ізін басқан жаңа талап жас талаттар тізімін жасау тіпті мүмкін емес. Біреуін айтсаң, біреуі еске түспейді. Санамалап тауыса алмайтының анық. Ақын халық – қазақтың қанында айтыскерлік ерекшелік атойлап тұрады. Бірақ біреудің бабы келіспейді, енді біреудің бағы жанбайды. Жарқ-жұрқ етіп тұратын жұлдызы сан миллион түнгі аспанды елестетеді. Және де бірі жанып, бірі өшіп жататын да жағдайлар бар. Мәселен, тек қызық үшін ақындар мен батырлар елі деп айтылатын Жамбыл ауданынан шыққан арқасы барларды тізіп көрелікші. Олар: Нұрила, Шүкітай, Мақыш, Оспан, Арғынбай, Жартыбай, Қасен, Өмірзақ, Молдабай, Есдәулет, Өтеп, Саяділ, Сәндібала, Қымбат деген сияқты тізіліп кете барады. Солардың барлығы да ел санасынан өшпей, қызыл тілдің, жанартау жырдың иегерлері ретінде ұмытылмай жүр. Талай-талай сөз сайысына түсіп, өз аймағының намысын қорғап өткендер.

Олардың қыздырма қызуқандылығы кейінгі толқын іні-қарындастарға да жұғысты болды. Сөз ұстаған, өлең көрігін лаулатқан жамбылдықтардың жалғасы дерлік арқалы ақындар әр қилы өнер жарыстарында облыстың туын көтеріп, айтыстың ұлан көшін алға жетеледі. Солардың алдыңғы легінде Қазақстанның халық ақыны Әсімхан Қосбасаров бас ақын болып жүрді. Айтары жоқ, жыр жол-барысы – ұлы Жамбылдан бата алып, айтыс айдынына ақындық найзасын ұстап шыққан жас Әсімхан келе-келе бабына келді, қыран құстай шүйлігіп, талай қарсыластарын жекпе-жекте састырды. Жыр жүйрігі атанды. Көкірегі даңғыл ауыл жігіті көп өмірдің қалтарыстарынан жарқырай шығып, жалт-жұлт еткен отты сөзімен былайғы жұртты жасқайтын ғой. Абыз атасының ақ батасы желеп-жебеді, томағасын сыпырып, халқы қалың топқа қосты. Айызы қанып, қаншама айтыс майданында ойқастады. Алматы облысының намысын қорғап, қорғасындай ауыр толғаулар төкті. Енді томағасын сыпырып, айналаға жіті көз сала бастаған адуынды дер шағында қанды соғыс лаңы бұрқ ете қалды, қолына қос қаруды – мылтық пен домбыраны қатар ұстауға тура келді.

Екі бірдей соғыстан – фин және неміс фашистерімен болған ұрыстан омырауы орден-медальдерге толып оралып, бейбіт күн кешіп, отты жылдардың естеліктерін айттып, ел алдына шыққаны – бұл да бір бақыт. «Батасы Жамбыл қабыл боп, Екі бірдей соғыстан, Аман-есен келген ем, Егескен жауды жеңген ем» деп толғауы да тегін емес қазына кеуде ақынның. Жетісу өлкесінің парасатты перзенттерін жырына қосып, домбыра шанағынан сырлы әуен толқытатын сом саусақтың иесі жан алып, жан беріскен ұлы шайқастарда алға ылғи да облысқа тән тарланбоз ұлдарды тартып сөйлейді, соларды мақтаныш етеді.

Үмбетәлі аулының қуанғанын

Көргенде қалай ғана шыдар жаның?!

Қазақ даңқын биікке аспандатып,

Самғаған Байқоңырдан қырандарым!

Талғатым, өмір жасың ұзақ болып,

Кездессін жақсылығы бір Алланың! – деп шаттанып,

шамырқанады. Осы өңірдің түлектері арқылы барша қазақстандықтар қуанатындығын паш етеді, ақын жүрегі атша тулайды.

*Туылған Талғат осы Қарғалыдан,
Сөзімді мен бастаймын ар жағынан.
Әкесі Амангелді тірі болса,*

Шырылдап шығар еді алдарыңнан, –деп ғарышкер ұлдың ата-тегінен де хабардар етіп тастайды. Кезінде «Спорт» газетінде журналистік өмірін өткізген Амангелді Мұсабаевтің Талғаттай ұлы бүкіл әлем жұртшылығын әсем Алматыға жалт қаратқанын қалт жібермей өлең жібiмен өрнектейдi.

*Қол созып көк аспанның асқарына,
Ақжолтай жігіттері қастарында.
Төрт айдан астам уақыт сапар шегіп,
Қазақтың үлгі болды жастарына.
Тоқтардай ағасының жолын қуып,
Әлемнің жол салынды аспанына.
Талпынған талапкерге нұр жауады,*

Жігіттер, өнер ізде жас шағыңда! – деп өскелең ұрпақты ерлікке, өрлікке шақырып, елім, жерім дейтін нағыз азаматқа еліктеп өсуді үндейді. Ақын жүрегі Елбасына да елжіреп, ақ бата тәрізді ақжарма өлеңін арнады. Жер жақұты Жетісу жерінің төл перзенті тұңғыш Президент баласына:

*Әбішұлы Нұрсұлтан,
Қайраткері жаңаның,
Қайта құрған заманын,
Басқаруға халықты,
Лайықты адамым.
Шет елге сапар шеккенде,
Сәтті болсын қадамың.
Әруақтары қолдасын,
Қарасай батыр, Сүйінбай,
Райымбек, Сәмен бабаның!*

*Жасына келгін Жамбылдың,
Таймасын тақтан табаның!* – деп жан жүрегін жарып шыққан ақ батасын береді.

Асыл сүйекті Әсімхан ақын Алматы облысы айтыс ақындарын бастап сан мәрте сахнаға шықты. Жер төресі Жетісудың өзен-көлдерін, бастау-бұлақтарын, мөлдіреген жеміс-жидегін тасқынды жырына қосып, аспандатты, адамдарын көкке көтерді.

*Бұл мекен – қасиетті әуел бастан,
Жазылған ол туралы талай дастан.*

Атақты батырлардың ізі жатыр,

Ел намысын қорғаған бала жастан! – деп өзендер өрнектеген өлкені майын тамыза суреттеп, осындай табиғаты сұлу аймақтың адамдары да ерекше болатындығын қызыл тілдің қуатымен халық құлағына құя білді. Өзі туып-өскен облыстың тарихын терең білетін айтыскер ақын шығармашылығында қаншама сыр тұнбасы жатыр десеңізші!

Оның Республиканың еңбек сіңірген Мәдениет қызметкері атанғаны да тегін емес. Автоклубпен шыр айналмаған жері жоқ. Ел тынысын, жердің демін бір кісідей-ақ біледі. Қойшының қойын күзетісті, диканмен бірге егін жинады, қызыл қырман сапырды. Кеудені кернеген әуен, өлең оты өртеп жүргесін көбіне қарапайым халықтың көңілін көтеруге жанын салған жылдар енді алыста. Сол тірлік қалайда қолға қалам алдыратын, қағазға шұқшитатын. Дабыл қаққан талай жазбалары баспасөз беттерінен орын алған. Сондықтан газет дегеннің де не екенін сезеді-ақ. Шығармашылық толғақты басынан кешіргені бар. Тек журналистік қияметтің соңына түскен жоқ. Домбырасын серік еткен күре жолынан адасқан емес, басқадай дүниеге біржолата берілген емес.

Кешегі Жамбылдың ақ батасын алған, Кененнің әніне сусындаған, Үмбетәлінің үнін жалғаған бұрынғылардың сарқыты болып саналатын санаулы саңылақтардың салмақтысы дерлік сыр сандықтың ішіне үңілудің өзі бір ғанибет...

Той-томалақтың түңлігін желпіп жүрген бозбала шақты көзден бұлбұл ұшырған сұм соғысқа кімнің қарғысы

жетіпті. Оқ пен оттың ортасы қан сасыды. Баудай түскен қаруластар өмірінің обал-сауабы кімге екенін осы уақытқа дейін ешкім тап басып айта алмайды. Қылымсыған қыз құшағына қыз-қыз қайнаудың орнына суық қару ұстап, орыс орманын кезіп кеткен жылдар отты өлеңнің орнына от атқызды. Алдымен фин соғысына килігіп кеткенін қайтерсің. Оның арты Ұлы Отан соғысына ұласып жүре берді. «Ұр! Өлтір! Жусат!» деген ұранның қақ ортасында қалай тірі қалғанын төбеде құдай ғана көріп тұр. Қан майданда мылтық ұстап, еңку-еңку жер шалып жүріп, үйге сәлем жолдап қоятын.

*Басың биік Алатау,
Басыңа шығар күн қайда?
Белді шешіп төсекте,
Тыныш ұйықтар күн қайда?
Кім данышпан, кім білгіш,*

Жауған оқ оны тыңдар ма?! – деген сағыныш хаттары үшбұрыштанып қанатын талдырып жететін ғой.

«Гранатым қолымда, Тұрмын жаудың жолында» деген тұстарын оқып үй-ішінде зәре қалмайтын. «Тірі көрмейтін шығармыз» деуші еді сұрапыл соғыстың сыйқынан қорқып. Жоқ, жаратқан жар болып, жеңіспен оралған омырауы орден, медальдарға толы тұлғасы туған-туыстардың ортасын толтырды. Ірі де сымбатты сарбаз сарыала қаздай киініп елге келгенде, айран-асыр қуанбаған жан қалмады. Ол жәй жауынгер емес, қойын-қонышы өлеңге толы ауылдың сайран кештерін қыздыратын өнерпаз жігіт. «Талбике, жолдасымыз құдай дескен, Кетпейсің түнде түстен, күндіз естен» деп қосағына жыр жолдайтын ақпа ақын жас: «Төрт жылдық Ұлы Отан соғысында, Төрт орден, он төрт медаль сыйлыққа алдым» дейтіні кейіннен мысалға айналып кетті емес пе. Өзімен кеткір қисапсыз қырғын талай-талай түсінен шошытып оятқан. Сосын да:

*Өзі түсті фашистер,
Өзінің қазған көріне.
Соғыс жайлы қозғасам,
Таусылмайтын шежіре.
Немерем қарап қояды*

Москва деп жазылған

Меделімнің мөріне, –деп жырлаған сайын жүрегі сыздайды. Күннен-күнге ешкімге керек болмай бара жатқан омыраудағы «Қызыл жұлдыз» және «Даңқ» ордендері, Ұлы Отан соғысындағы қайсарлық пен батырлықты паш ететін тағы басқа да ерлік медальдері, енді, міне, балалардың ойыншығы секілді. Соншама қан төккен қаһармандықтың құны бұлай құлдырайды деп кім ойлаған. Бүгінде бұл соғысқа әркім әр қалай баға бергіш боп кетті емес пе. Бірақ, қашан да ел қорғау-ердің ісі. Тек, басқа түспесін кәпір, беті аулақ, аулақ...

Майданда мылтық ұстап, нысананы дәл көздеген қуатты қол бейбіт күннің қос ішегін күмбірлетіп, көпшіліктің көкейіндегісін айтып, ақпа жырдың бұлағын ағызып, құлақ құрышын қандыруға құлшынды. Оған да негіз бар еді. Ақындықтың дәстүрінде алдыңғы толқын ағалардан бата алу санаға сіңген-ді. Қарт жырау Жамбылдың ақ батасы оны да арқаландырып жіберді. Жүрегі дүрсілдеп тұрып сонда аузына мына өлең түскен болатын:

*Жыр алыбы атанып,
Дүниенің көрдің ұшағын.
Сіздей акын болсам деп,
Өлеңге мен де құштармын.
Жолыңды қуып, қарт Жәке,
Домбыра қолға ұстармын!*

Әркімнің маңдайына жазыла бермейтін қасиетті өнердің жалынан ұстаған соң оның желмен жарысқан шабысына төтеп беру де онай-оспақ шаруа емес. Тастүлектей таранып, аш тазыдай жаланып тұрмасаң, жалп ете түсерің анық. Халық-сыншы, додаға салып, күш-қуатыңды өлшейді. Жол бастатады, қол бастатады. Ұятты жерге қуатты ұлым деп апарады. Соның бәрі сенім артқандықтан. Бұл дегеніңіз шынықтырады, пісіреді. Көкіректе сәулең болса – жарқырап көріне бересің. Сәл ғана ет пен терінің арасындағы желік нәрсе алысқа апармайды. Шоңқайта салады.

Әсекеңнің ғажап жадысы оны үлкен арнаға шығарды. Ескі қисса-дастандарды көп естіп, ойға тоқып қалу қабілетінің артықшылығы ақындықта да сарқылмас көзге

айналды. «Хазірет Әлі – Гүлдарига», «Мақалбай», «Мың бір түн», «Көрұғлы» тақылеттес эпостық мұраларды тап-жылмай толғайтындығы, сөздік қорын кемерінен асырды. Батырлық жырларын балалардың құлағына құятын әдетімен қаншама шәкірттерді артына ертті. Бұрынғы-соңғылардың ізімен өзі де толғау дастандар шығарып, кейінгі ұрпаққа рух берумен талмай жырлап келді. Қарасай, Сұраншы, Саурық, Өтеген, Сәмен сияқты және басқа да халық қаһармандары оның толғауларының арқауына айналды. Айтқан сайын құлпыртып, оқиғасын дамытып, маңызын қоюлатып отыратын жыраулық өнерінде шек жоқ екенін қасындағы домбыра ұстаған, қалам тербеген шәкірттері тамсанып айтысады.

Жасынан игі жақсылардың шежіре шертетін сабағын алған ойдың иесі өлең дүниесін көп тоқып, көп түйген. Және онысын дамылсыз ортаға салып, жадысын жаттықтыра да білген. Ақын-жыршыларға ілесіп, қайырма-мақамдарына шейін қос ішекке түсіріп алатын құмарлығы бүкіл ғұмырына азық болып келді. Сахнаға көтеріліп, айтысқа түссе де, салтанатты жиындарды ашып, жеке-дара күй кешсе де даусын мың құбылтып, небір сарындарға салып, құйқылжытатын қасиеті сүйекке сіңісті болған. Міне, енді, сол қабілет-қарымын өзінен кейінгі іні-ізбасарларына да жұғысты қылып жүр. Оның артынан ерген Әлімқұл Жамбылов, Надежда Лушникова, Жолдасхан Құрамысов, Есенқұл Жақыпбеков, Айтуған Шаймов, Нұрлан Әбдібеков, Ермек Жұматаев, Әуелбек Ысқақов, Ақан Әбдуәлиев секілді талантты шәкірттері қашанда одан үйренуге құмбыл. Оларға үйретуден жалықпайтын жан-жақтылығына бәрі де қызығады. Сан қырлы, сан сырлы сарын саздарды көзбе-көз құлаққа құйып отырып, оларға сәт сапар тілейді. Қамшылап жібереді:

Айтуған, Нұрлан, Есенқұл,

Ақтарылсын өлең-жыр.

Жаңғырығып тау мен тас,

Теңселсінші ой мен қыр.

Аттарың болсын бәйгелі,

Атағың болсын әйгілі! – деп жүгенін сыпырып, жабуын алғандай әсер етеді. Қарқарадай болып артыңда ақын атаң

тұрса, неден қаймығасын, Айтуған шымшылап, Нұрлан ой құрап, Есенқұл шымырлатып әкетеді.

Бас ақыны боп талай мәрте аудан туын көтерген Әсекеңнің жайдақ айтыла салатын бір сөзі кездеспейді. Әдейі қасындағы балапан қанаттылар қазақтың қаймақты сөзін естіп өссін дегендей мәтелдеп, мақалдап отырғаны. Мәселен, «Жомарт жоқтығын білмейді, Жүйрік тоқтығын білмейді», «Жаман жігіт есебінен белгілі, Жаман қатын төсегінен белгілі», «Айқардан жайқар туады, Сойқаннан сайқал туады», «Сараңнан бермес туады, Соқырдан көрмес туады», «Ағайынның шатасқанынан сақта, Көршінің тақасқанынан сақта» деген құйтырқы иірімдерді алға тарта беріп, өзінің бір кездерде айтысқан адуынды ақындары туралы кең-молынан қозғап кетеді. Шәкірттері ешкімнен сескенбесін, жүрек тоқтатсын деген өзіндік әдемі тәсілі бұл.

Қызылордалық сөзге мәттақым әйгілі Манап Көкеновпен, талдықорғандық Әбікен Сарыбаевпен, Мұқаш Байбатыровпен, жерлесі Молдабай Жолдыбаевпен сөз сайысына түскенін, сондағы ел мен жердің еңбеккер адамдары тақырыпқа өзек болғанын, мәселен «сен жаман да, мен жаман» емес, ортақ мәселені ортаға салу, соның артықшылығы мен кем-кетігін жұрт есіне салып, кемшілікті түзеуге ақын аузының дуалы болатындығын ескерту екенін ұқсын дейді. Сәдібек, Байбурыл, Арғымбай, Оспан, Шүкітай, Әбдіғали, Саяділдерден армансыз сапыратын жез құмған көмейі бүлкілдегенін көрсең. Танды таңға ұрып жағы талмай айтатын Жамбыл, Кенен, Үмбетәлінің нағыз жалғасын естуге ат ізін салып, үйге іздеп келетіндердің ұшы-қиыры жоқ. Солардың көпшілігі жастар, жаңа ақындық атқа қонған арқасы барлар. Көпшілігі ескі мақам, сазды сарын үйренгісі келеді. Ондай дүниелер бұл кісіде шексіз. Мінезінің кіді кезіне кездессең – құры қол қайтасың. Ондайлығы да жоқ емес. Табан астында кіртііп, кісі жақтырмай қалатындығы да қиын. Неге екенін ешкім түсіне алмайды. Талай адам теріс оймен де теріс бұрылып, қолын бір сілтеп кеткен. Кейде қырсығып қалатын мінезі барын бетіне келіп ешкім айта да алмайды. Мүмкін, кейбір пысықайлардан іш жиып

қалғандығынан шығар. Талай жұрт «аннанбыз, мыннанбыз» деп қолқа салып, қаншама қазынасын жазып алып кетті. Кейін із-түссіз хабарсыз жоғалады. Тап бір өздері ойға сақтап, сарсылып тапқандай қып баспа бетіне шығарып жатқанын көргенде, оның тісі қышырлап кететіні рас.

Міне, сондай қылықтарды еске алып, кейбіреулерге қитығып қалатындығы шындық. Мына мақам, сарындар да солай. Ауызба-ауыз жалынып-жалпайып отырып үйреніп алады да, өздері тапқандай тым-тырыс қалатындар да көп. Ең құрмаса, «Әсімхан ағадан жазып алып, үйрендім» деп жұртқа жариялап жүрсе, әңгіме басқа. Осындай-осындай құйқа терісін тырыстыратын жұрт қылықтарын да көріп-біліп жүріп, іш қазандай қайнайды. Күресерге дәрмен жоқ, жас та шың басына шығып қалды. Дауыс та баяғыдай алты қырдың астына жете бермейді. Көз бұлдырайды, құлақ күңгірлейді, аяқ та аздап шалынысатынды шығарды. Тек кеуде құрғыр текіректен алға сүйреуін қоймайды. Біреуді тыңдағаннан көрі, тек өзі айта берсем дейді патша көңіл. Өйткені іште арпалысып жатқан қазына көп. Сыртқа шығуға таласады.

Қаншама жылдың жүзі болды, бар қызығына куә мәңгілік қосағы Талбикесіз өмір кешіп келеді. Содан бері сүйегі осал тартқандай. Соған арқа сүйеп, аспандатып жыр сапырғаны анық. Жаныңды түсінетін жан жарыңды алған құдай сені аясын ба. Қайғыртты, шөктірді, көздің алдын сулатты. Қайта көтерілу, еңсені тіктеу қиынға соқты. Мінеки, содан бері де ықылым жыл... Сондағы күйзелгені-ай. Ащы жыр тіл ұшына үйірілді. Ол мынау:

*Талбике, сенің арқаңда
Мен бір жүрген сері едім.
Сері қылған сен едің,
Көргенді жердің баласы,
Ақылың дария кең едің.
Қош бол, қош бол, аяулым,
Маған да қалды-ау таяу күн.
Жолдассыз күнің не болмақ,
Шаңы шықпас жаяудың...*

Адам «итжанды» деген рас сөз. Сыңарынан айырылған

аққудай ақын жүрек жырлауын тоқтатқан жоқ. Талай су ақты, талай жел есті, көп нәрсе көмескі тартты. Дүние дөңгелегі тоқтап тұрмайды екен? Сонымен бірге адам да алға қадам басады. Ойнайды, күледі, күрсінеді. Өмір сүреді. Ал, өлеңмен бірге өмір сүрудің жолы басқа. Ду-дудың ортасындасың, көпшіліктің көз алдындасың. Оның үстіне Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өз қолымен «Қазақстанның халық ақыны» деген құрметті белгіні тапсырды. Қолын қысты. Иық тірестіріп, суретке түсті. Бұл да болса пешенеге жазылған бақ дерсің. Арқаланып кетті. Балалардың, немерелердің алдында мәртебесі өсіп қалды. Қазақтың қара өлеңі қасиетті екенін бұрыннан да білетін. Енді одан әрмен шырқасам деп шабытын шақырды.

Домбыраны сайратқан,

Он саусақтың саласы.

Қызыл тілді сөйлеткен,

Отыз тістің арасы.

Жайлауды жақсы көрсеткен,

Қымыз зып піскен сабасы.

Әйелді жақсы көрсеткен,

Әлдилеп сүйген баласы... –деп арқалана түсті.

Жүзге дейін жалынды жыр жырлап өткен ұлы ұстазы Жамбылдың сүйегі неткен мықты еді десеңші. Шәкірттері де осал соғып жатқан жоқ. Алатаудың бауырынан шапқылап аққан ақ бұлақтан су ішкен ұрпақтарының үні де алысқа естіледі. Кешегі Кенен қандай еді, Үмбетәлі ше?! Жәкең «Қара жорға» атаған Үмбетәлінің туған ауылында тұрып жатқан құймақұлақ адуынды айтыс ақыны Әсімханның еске сақтау қабілетін әр қазаққа берер ме еді, құдайым. Оның ең талантты шәкірті, ізбасары Есенқұл ол туралы «Тіл көмейі бар тірі музей» депті. Қандай әдемі теңеу. Ұстазының бағасын білетін адамның сөзі кісіні тыныш ұйықтатпайды-ақ. Шіркін, әлі де болса ақсақалды баптап, бойындағы барын «сығып» алып, күйтабаққа түгелдей түсірер ме еді!?. Жамбылға ұқсатып енді тоқсан жасқа келуін күтіп жүру мына өркениетті заманда ұят-ақ қой, жәмиғат?!

Мәмбет пен Майкөттің, Құлмамбет пен Майкөттің ди-дарласуын, Сүйінбайдың Орманханға айтқанын, Сүйінбай мен Кескенкекілдің қағысуын, Пішәннің хикаясын өз

мақамдарымен мамырлататын, «Еңбек күйі», «Қос ішек» ұжымдық жинақтарға жырлары енген, «Азамат», «Алатау аясында», «Жамбылдан алып батаны», «Жетісуым –жерұйығым» кітаптарын оқырмандарға ұсынған ақындардың ақсақалы:

*Жас ақындар көбейіп,
Қуалап өсіп көктеді.
Ән мен жырға бөленді,
Алатаудың бөктері,
Қанат жайды еліме,*

Жамбыл ақын мектебі, – деп шаттанады, шәкірттеріне мақтанады. Сөйте тұрып және оларға былай деп құлаққағыс жасайды:

*Ақынның көмейінен жыр төгілген,
Жыршы бола бермейді кім көрінген.
«Еліктің сүтін ішкен ақын болмақ»,
Қанатты қалған мақал ілгеріден.*

Ұйқассыз сөз айтпайтын, мақамсыз әңгіме қозғамайтын сыр сандық сарабалал пенде: «Сараң адам жемес, ішпес, Пейілі тардың асы піспес», «Нәзік болар жақсы пенде, Мұз қатқанда сынар демде»; «Алтын азса жез болар, Қамқа тозса бөз болар» деген сықылды қоюлап, өрнектеп отырғанды жаны қалайтын. Қара жаяу кісі емес екендігін кез келген адам ажырата қояды. Мейірін қандырған, қайратын тасытқан үкілі домырасыз ғұмыры мәнсіз көрінеді. Қос ішегін саусағымен қозғап қойса болды, дүние-әлемнің асты-үсті қопарылып, небір әлемет жыр жолдары сезім қылын шертеді. Сырлы шанақпен үндесіп, жосылып қоя беретін өлең шіркін тоқсан жасқа бет алған тарлан тартқан шағында да қоламтадай жылытып, қолтығына дем беріп келді. Жақсы жолдастың жолға тастамайтынына сеніп өтті өмірден...

«КӨК БЕЛЕСТЕР КӨЗГЕ ЕЛЕСТЕР»

*Әуен құдіреті, қуаты күшті.
Оған ғашық жүрекпен
мен әнді он алты тілде шырқадым.*

Роза БАФЛАНОВА

Ұтырлы ойдың ұстасы, әуен толғатушылардың ұстасы, шығармашылық әлемінің әмбесіне қалам тербеп, ақ тер, көк тер болған халық құрметтісі Мұзағаң, Мұзафар Әлімбаев әнге мәтін жазудың маңдайалдысы, көшбасшысы екені қаймана қазақтың бәріне мәлім. Сонымен бірге қазіргі қалам ұстаған бірқатар ақын-жазушылардың да Мұзағаңды ұстаз, ақылшы аға санайтыны да ақиқат. Оған өзім де куәгермін. Сондықтан Мұзағаңның өзіне табына отырып, осы үшбу хатымды осы ардақты елағасына арнаймын.

Ассалаумағалейкүм, Мұзаға!

Жетісу өлкесінің қақ төрінде отырып, шығармашылық мәуеңіздің жемісін молынан теріп жеп жүрген Сізге пайғамбардың сәлемін беріп, өзіңізге деген шәкірттік ниетімді білдіргім келеді.

Сізді ойласам сонау ауылда, құрым киіздің үстіне арқамызды әктелген тамға (үйге) сүйеп, аяғымызды емін-еркін көсіліп салып отырып жамырап ән шырқайтын боз-бала күндер еске түседі.

Батырым – баяндым,

Ақ көңіл аяулым...

Оны аяқтамастан:

Айналдым, ақ маңдайлым,

Ақылдым, бал таңдайлым, —

деп қыздарға қиыла қарап, теңселе тербетілетінбіз келіп.

Сосын барып:

Өзің де жігіт қызықсың,

Сырыңды қайдан қыз ұқсын, —

деумен «уһілеп» тынатынбыз...

Жүрегі дүрсіл қаққан жастар мен жастық қызуы

әлі басылмағандар жан қызуымен айтатын сол бір «Ақсұңқарым» мен «Ақ маңдайлым» сіздің көкіректен пыр-пыр ұшып шыққан көгершін өлендеріңіз еді. Одан басқа да «Маралдым», «Бақытым бол» секілді үш жүзге тарта (тіпті одан да асып кеткен болу керек бүгінде) ән тектеріңіз халқыңыздың аузында үздіксіз шырқалып жүр. Өз еліне, өз ұлтына қызмет етудің ең әдемі көрінісі емес пе бұл деген! Балаларды балдай тіліндесіз, бозжігіттер мен бойжеткендердің үздіккен үніндесіз, Мұзаға! Қазақтың мәдени мұрасына қамқорлықтың бір түрі осы! Ән әлемінде қасқайған ізіңіз бар:

Қыз Қорлан қор қызындай тамсандырған,

Естайға әлемде жоқ ән салдырған, —

десіп жан сырыңызға үніліп, жыр маржаныңызды көңіл төріне қондырып қаншама ғашық сіздің атыңызды таңдайына таусайды...

Талай сезімдерді жалғадыңыз, дәнекер болдыңыз, қыз бен жігітті ұғыстырдыңыз. Бұл тек ән сөзінде, жыр-дестеде алтын көпір екендігіңіз ғой. Өмірдің қай құрышында да халқыңызға қолқанат азаматсыз. Мен сіздің бесаспаптығыңызбен бес саусақтай хабардармын. Өйткені, сіздің қай мәселеде де жан баласына қамқор болып жүретініңіз тәнті етеді. Сосын кез келген салаға білгірлікпен қалам тартуыңыздың өзі түсінген адамға қамқорлық деп топшылаймын. Оның үстіне мен сіздің кісіге қанат бітіретін сергек мінезіңізді көзбе-көз байқаған шәкіртпін...

Сонау 1969 жылдың сарыла күзінде сіз мені «Балдырған» журналына жарты жалақыға (37 сом ставка) корректорлық жұмысқа алдыңыз. Есіңізде жоқ та шығар, әрине. Боз кілемде күресіп, төс қасқасына шор-шор қоң ет байлаған, шалқақ кеудесін әлі де болса белдесуге бейімдеп тұратын университет түлегі балбөбектер журналына бар-жоғы екі ай ғана тер төкті. Бірақ бұл мен үшін басқа басылымдарға алғашқы баспалдақ болды.

Оразаңызды газет-журнал оқумен ашатын Мұзаға, сіздің сол күнгі өзіңіз ұнатқан нәрсені желпініп оқи жөнелетініңіз бөлмедегілердің бәріне дем беретін. Бір қызығы, журналдың

барлық қызметкерлері бір-ақ бөлмеде отыратын-ды.

— Оһо, Орысбайдың очеркі шығыпты ғой «Лениншіл жасқа» құтты болсын мырза! — деп көзілдірік астынан күлімдеп тіке қарайтынсыз. Редактор, жо-жок, аузым жазықты, Бас редактор құттықтап жатқанда не жан қалады — бетім дуылдап, біртүрлі қуанып, арқаланып қаламын. Осы арада Әнекен де (Әнуарбек Дүйсенбиев), Құрекең де (Құрманбай Толыбаев), Ерекең (Ермек Өтетілеуов) мен Қозекең де (суретші Қозыбек Егізбаев), тіпті хат тіркеуші Мұрат та (Қуанышбеков) жапырлай қуаттап, құттықтасады.

— Міне, осылай жазып, баспасөзде көріне беру керек. Сонда өздері-ақ редакцияға тартады, — деп қамшылайтыныңыз қаншалықты шабыттандыра түсуші еді.

Расында жастар газетіне жиі-жиі жарияланып жаттым. Күнде таңертең алдымен сіз құттықтайсыз:

— Біздің Орысбайдың тағы да очеркі басылыпты. Жарайсың, бұрқыратып жаза бер осылай. Тілектеспіз тәуір дүниелеріңе. Құлашыңды кеңірек сілте!

Мен сілтей түстім. Актер Атайбек Жолымбетовтің қатқан қара келіншегінен бұрын кеп мәшінкеге отырамын. Ойымдағыны төтелей бірден басамын. Мәшінкеге артық-ауыз сөз түсірмейтін адам жүрегінде талғампаз бір аппарат бола ма, білмеймін әйтеуір, жұп-жұмыр дүние ақ қағазға төгіліп түседі. Және ол әсіресе «Лениншіл жасқа» түп-түгел қысқармай шағады. Соның бәрі, Мұзаға, сізден ұят болмасын деп өзімді қамшылағаным ба, әлде уақытша істеген жарты ставкалық жалақының қызуы ма екен кім білсін, әйтеуір жігеріме жігер қосқаны анық. Сондағы бар-жоғы 37 сом жарты жалақы бізге 30 мыңдай көрінетін еді-ау, шіркін!...

Ақыры мені «Лениншіл жас» жұмысқа шақырды. «Бағың жансын, бауырым!» деп бата бердіңіз маған. Енді ойласам, ұтқаным да бар, ұтылғаным да бар менің! Өлеңге ғашық едім, тұншығып өлуге бар болатынмын. Өттең, жүре тұрғанымда... «Балдырғанда» ... кім біледі, сізден көп нәрсе жұғатын ба еді, әлде қайтер еді?.. Телегей-теңіз көрегендігіңіз бен білім танымыңыз таудай талабыма май

құярлықтай ғой. Екі ай – небәрі екі-ақ ай қарсы алдыңызда – қамқорлығыңызда отырдым да...

Иә, сол «Балдырғанның» мәшінкесімен басылған көркем очерктер келе-келе қарақордаланып прозалық шығармаларға мәйек болды. Балалар өмірі, жасөспірімдер болмысы туралы туындылар көркемдік кестеге айналып, «Сымбат», «Қолтаңба», «Өмірсерік», «Туған жер демі», «Уыз шақ», «Палуан», «Шапағат», «Сөз бен саз» аталатын кітап болып баспадан шықты. Әлі ойдағы, қойын дәптердегі дүниелер қаншама. Толғақты сәтті кезегін күтіп жатыр...

Мен мұның бәрін сізге қатысым бар болған соң айтып отырмын ғой, Мұзаға-ау! Сіз қаситті Маралдының ұланы болсаңыз, мен Майтөбенің ұлары сияқтымын есебі. Әсем жердің ұл-қыздары да табиғатына тартып туады дейді ғой. Әсершіл келеді екен. Маралды мен Майтөбенің арасы — ара қашықытығы жер мен көктей. Маралды Баянтау жақта болса, Майтөбе Алатау жақта — географиялық сұлулығымен перзенттеріне қуат қосады. Жетісудің киелі төрінде міне, енді мол мүмкіндігіңізбен оқырмандарыңызды рухани рахаттандырып келесіз.

Иә мен сіздің шәкіртіңізбін, тұрақты оқырманыңызбын және де. Қайсібірін айтайын, жазғандарыңыздың жанкүйері ретінде ақ тілек білдірсем дегендік қой менікі, мынау. Тіпті соңғы жалдардың өзінде соқталы-соқталы талай ой толғамдарыңыз баспасөз бетінде жарияланып жатты. Әсіресе «Қазақ әдебиеті» бетіндегі Қара өлең қақында, «Егемен Қазақстандағы» Шәмші Қалдаяқов жай-күйі, «Алматы ақшамындағы» тілге тиек болған Естайдың қоштасу әні... бәрі-бәрі халық мұрасы, қазақ қазынасы, ән еркесі, ел мақтанышы – сіздің жаныңызға тыным таптырмайды, қолыңызға қалам алдырады. Мәселен «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетіне жарияланған «Мазасыз ойлар мәйегі» тұтас бір беттік жан толғанысыңыз кеудесінде жаны бар қазақтың көкірегіне қозғау салмауы мүмкін емес! «Ана тілінен айырылған халық тілі жұлынған қоңыраудай» депсіз. Дәл айтылған сөз ғой! Сосын: «Тіл тағдыры әрісі бесікте, берісі балабақшада, мектеп табалдырығында басталады» дегенді де қадап айтыпсыз. Оған да айызың қанып

иланасың. Осындайда алтынға бергісіз ағалардың топшылауы керек-ақ қой. Сіздердей адамдардың барына шүкіршілік етуіміз керек. «Домбыра – қазақ, қазақ – домбыра. Ендеше қазақты домбырадан, домбыраны қазақтан айыруға бола ма?! Олай ету опасыздық!»... «Мен бабам тілін, анам тілін ұмытсам, интернационалист болам да, ұмытпасам ұлтшыл атанғаным ба?» деген жан айқайыңыз қазақ қаны бүкіл қан тамырында бүлкілдеп жатқан сан мыңдаған қара көздерге ой салған шығар-ау!

Мен әдейі тек соңғы кездердегі газет парақтарында кейбір жазбаларыңызды ғана тілге тиек етіп отырмын. Әйтпесе, төлтума аударма еңбектеріңіздің өзі бір жылқыға жүк болғандай екенін жақсы білемін. Шет тілдерге аударған дүниелеріңіз қаншама! Жасөспірімдерді, жалпы ұрпақ тәрбиесін көздеп жазған тәлім ғибратнамаларыңыз туған халқымыздың айдын-шалқар қазынасына айналды. «Аспандағы әпке» жинағыңыз Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері етті. Қазақстанның Халық жазушысы атандыңыз. Оқ пен оттан аман оралған офицер ақынның сонау Кереку жерінде ойын баласы кезінде-ақ – небәрі он бес жасында облыстық газетке өлең жариялағаны тегін емес еді. Содан «Пионер» журналында поэзия бөлімін басқарып, «Қазақ әдебиетінде» редакция меңгерушісі, бас редактордың орынбасары, сосын «Балдырған» журналы ашылған сонау 1958 жылдан 1986 жылға дейін, яғни, аттай 28 жыл бойы тапжылмай Бас редактор болып жұмыс істеу, әрине, оңай шаруа емес.

Бақытжан Байқадамовпен, Әбілахат Еспаевпен, Нұрғиса Тілендиевпен, Шәмші Қалдаяқовпен, Әсет Беисеуовпен басқа да арқалы композиторлармен одақтасып, үш жүзге жуық ән өлеңдерін жазғаныңыз жамияттың есінде.

Роза, Бибігүл, Бақыт, Зейнеп секілді күміс көмей әншілерді аспанға қалықтатып алып кеткен ән мәтіндеріңіз жұлдызы жанған жыр шоғырына жатады қалайда. Демек, халқымыздың рухани өмірінде өз қолтаңбаныз бар. Ол да бақыт. Шығармашылық өміріңіздің ең саналы шақтары жер жаннаты Жетісуда өтіп жатқанын сіз ылғи мақтаныш етесіз. Зиялы қауымның ақ ордасына айналған армандай

қала – Алматыда құтты қаламыңыз әдебиеттің барлық жанрында жосылды-ақ қой! Жасыңыз қаншама ұлғайса да сияңыз сол баяғы шабытты шағыңыздай сорғалап тұр. Әмісе құрғамасын!

Маралдының мұзбалағы, Мұзаға-ау! Қаламыңызға әмісе қайранбыз. Халыққа МӘЛІМ (бүркеншік атыңыз ғой) қалпыңыздан таймаңызшы тегі, өткірлігіңіз өміріңізді ұзарта берсін. Тілдің майын тамызған ұлағатты ізденістеріңізге тәттіміз тіптен. Әсіресе әннің сөзін жазудағы жанкешті еңбегіңізді ешкім де ұмыта қоймас. Сазгерлермен бірдей толғатып, қаншама жүздеген әндердің мәтіндерін қағазға түсірдіңіз. Дәнеш Рақышевтай күміс көмей әнші-сазгердің ыңғайынан шығып, «Бақытым бол» деген әніне сөз ойластырғаныңызды да Дәкең талай мәрте мақтаныш қып айтқаны біздің есімізде. «Ару қызға айта алмай жарым сен деп, Бал тәттімді іздедім жаным шөлдеп. Шыңына Алатаудың шығып тұрып, Өуелеттім махаббат әнін сермеп» деп басталатын бұл туындыны өзі әнші, өзі сазгер Рақышев асқан тебіреніспен асқақтатушы еді-ау, шіркін.

Сіз жазған мөлдіреген сөздерді қаншама санлақ әншілер шырқамады десеңші. Роза, Бибігүл, Зейнеп, Суат, Нүсіпжан сияқты басқа да қазақтың жұлдыздары көкке самғатып, өнер өмірін ұзартты. «Соғыстан соңғы ән», «Сүйген болсаң, сағынарсың» сықылдыларды санап тауыса алмайтындаймыз. Осы салада ең бір өнімді жұмыс атқарған ақын ретінде Сіздің есіміңізді ел ең алдымен атайды. Оған ешкімнің таласы жоқ. «Әлі есімде көк белестер, Көк белестер көзге елестер, Серуен құрған, егін орған, Қызу күндер, Қызық кештер» деп қаншама жүректер лүпілдемеді. «Сүйген болсаң сағынарсың» әні арқылы Сіздің өмірге ғашық бар болмысыңыз көз алдыға тізіп келе қалады. Өлең — әннің алтын қазығы ғой. Сондықтан сазгерлер Сізге белшеден қарыздар. Ұмытылмайсыз!

«ӘН БАСТАЙЫҚ, КЕЛ ЕКЕУМІЗ...»

Мұхтар Шахановқа!

*Сағындым, жаным, мен сені
Көркіңді жүрген сағыныңш қылып,
мендей ме екен бар ағаң,
Шын інім болсаң, бас бұрма,
жаным, өсек-ғайбатқа бораған.
Қажет жерінде қатыгездік пен
қаталдық керек десек те,
Адамның заңғар ұлылығын сен
сағынышпен есепте.*

Төлеген АЙБЕРГЕНОВ

Бұл да бір тағдырдың тамырластырғаны шығар, кілең табиғат сыйлаған «талант» атты қасиеттің иегері кейде осы қанаттасып қатар жүретіні қызық. Алтын диірмен дерлік дүниелік құпияларға құштар құйын-перен ойдың қанатты қаламгері ақын, әрі сазгер Мұхтар есіміне әлем жұртшылығы қаныға бастады десек, жайдың оғындай жарк етіп өнер-өлең көгінде жарқырай көрініп барып лып етіп сөнген Төлеген Айбергеновтың тума таланты тәтті еткен Мұхтар одан көп үйренеді, оған көп еліктеді. Өн бойынан сезім шоктары күйдіріп-жандырып жүретін Төлегеннің елден оқшау мінез-құлқы кісі қызығарлықтай еді. Өз өлеңін де, өзгелердің мойны озық туындыларын да жатқа айта беретін Төлеген ақынның қадір-қасиетін жалпақ жұрт жөнді біле алмай да қалды. Небәрі отыз жасында о дүниелік болып кетті. Тәтті жырларымен тамсанып, сусындатып енді-енді өнер көкжиегіне шарықтап көтеріле бергенде ажал шіркін шеңгеліне алып, іліп түсті. Кезінде Төлеген қаламының ықпалымен қаншама жастар қиял кешті, нәзіктілікті, сезімталдықты жүрегіне құндақтай білген сыршыл ақынның қара ормандай өз оқырмандары қалыптасты. Оңтүстіктің оттай ыстық ықыласымен жан тербейтін Төлеген, Мұхтар, Шәмшілердің жан-дүниелері сабақтас сияқты көрінетін. Әсіресе осы үшеуі бірін-бірі іздеп, бірін-бірі сағынып табысатынына тәтті болған куәгерлер көп.

Сөз бен саз турасында сан кештерде сырласқан, небір айлы түндерде мұндасқан күншуақты өлкенің перзенттері елдің еркесі де, серкесі де болды. Төлегеннің «Сағыныш» атты ұзақ-сонар жыры тұтастай Мұхтар інісін елегізіп күткеннен туған еді. Ал оған деген ақын іні жүрегiнiң дүрсілі де талай дүркін ақ қағазға сыр болып шертiлдi.

Сағындым аға, мен сені!

*Қатал ғой тағдыр, аяулы таңым,
сөнгенің қалай атпастан.*

*Келуші ең іздеп, жайдары жазда
келемін деп те айтпастан.*

*Сонан соң біздер кетуші ек аға,
тоқталмай қыр мен қырды асып.*

Мақпалдай әсем далада мынау

жатушы ек бірге сырласып, —деп арманына жете алмай кеткен кеудесі сырға толы Төлегеннің өлеңін аспанға көтерді, оны ешкімге ұқсамайтын еркін ырғақтарын, ерлікке толы өжет рухын алға жалғап әкетті. «Ақын боп өмір кешу оңай ғой деймісің, қарағым, Аузында болу бұл өзі сыздаған барлық жараның» — деп, өсиет еткен рухани аға қамшылауы Мұхтардың мұратты жолында расында да темірқазыққа айналды. Төлеген сынды тегеурінді ақынның ойдым-ойдым ойлары шарт ұйқыдан оятып, оны үнемі алға жетелеп келеді десе болғандай-ау. Ол жетпеген мұраттарға қол артты, ол шықпаған шыңдарды бағындырды, ол отырмаған құрметті президиумдарда отырды. Бірақ, соның бәрінде Төлеген атты ұстаздың есімін есінен ешуақытта да шығарған емес. Ең алғашқы балаң өлеңдеріне баға берген, бұтарлап талдап бағыт-бағдар ұсынған, тәттісіне тамсанған, дәмсізіне басын шайқаған шынайы шайырдың бейнесін қалай ұмытсын.

Бірімізді-біріміз қуат көріп,

Бірімізді-біріміз шуақ көріп,

Бірімізге-біріміз пана болып,

Мен іні боп, сен қимас аға болып,

Дархан көңілің шалқитын дана болып, —деп те:

Кәусарынан достықтың қанып ішіп,

Бір тілектің бойынан табылысып,

*Сәл көрмесек сабылып, сағынысып,
Жолығуға асықтық алып-ұшып,* —деп те көңілі
қоңылтақсыды. Сосын тағы да ұстазға деген көңіл-күйін
толассыз төкті:

*Сағынышың сенімге толтырылған,
Қол бұлғайды күлімдеп зор тұғырдан.
Сенің адал достарың әлі күнге*

Мені демеп келеді қолтығымнан, — деп шынайы
ақтарылады. Ақ ниетке адалдық жібiнен аттамай келе
жатқан iнi пейiлi дарқандықтан тайған жоқ. Астым-тастым
деген жоқ. Ұстаз iспеттi болған сырлас ақынның аруағын
аспандатып, жұрт алдына жайып салумен келедi. Сол бiр
таланттың игi әсерiн ешкiмнен де жасыра алмайды. «Алу-
ан-алуан жүйрiк бар, Әлiне қарай шабады» дегендi жадын-
да ұстаған шәкiрт iнi Төлегендi әспеттеуден әсте танған
емес.

*Арадағы достықтың, ұлы аруақтың,
Құдiретiн өзiңдей ұға алмақ кiм?
Сенiң жырың тұғырға мiнген күнi*

Мен үйiмде шаттықтан жылап жаттым, —деген
көл-дария көңiлiне қалай риза болмассың, сiрә?! Талантқа
бас иiп аға ұрпақтың ұлағатты үлгiсiн алға тарту деген
осы емес пе! Бұл «өзiм болдым-толдым» деп кеуде қағып
кететiн кейбiр санасыздарға сабақ боларлық ерлiк мiнез дер
едiк. Кiшiлiк – кiсiлiк қылық екенi хақ! Сосын тағы да:

*Шын достықтың қашан да арманы асыл,
Асыл ниет қалайша самғамасын.*

Сен бар жердiң бәрiнде мен жүремiн,

Мен бар жердiң бәрiнде сен боласың, — деп ұстазын
ұлықтайды. Әлдекiмдерге ұқсап аспаннан түскендей бол-
май ақ, әдiл ағаны алқалауды, құрметтеудiң символындай
мұндай сыр ағыту әркiмнiң қолынан келе бермейдi десек,
артық айтқандық емес. Қарапайымдылықтың нышаны
атойлап жатқан осынау мойындаулардың өзiнен-ақ Мұхтар
ақынды көрсек керек-тi. Өлеңдерi әр бiр жүректерде
қатталып жатқан қайран Төлеген Айбергеновтың бiр де
бiр құрмет көрместен көз жұмғанын ойлағанда iшiң удай

ашиды-ақ. Тек қайтыс болғаннан соң оған Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атағы берілді. Кейінгі ұрпақ оның өлеңдерін қайта-қайта оқып, жадына сақтап келеді. Өлмес, өшпес лирикалық жырлар жазып кеткен сыйлас, сырлас ағасын Мұхтар інісі ұмытқан емес. Ол туралы үлкен мінбелерде, кездесу кештерде, телехабарларда талмай айтып, таңдайға татыр небір сыйқырлы жырларын паш етуден жалыққан емес. Осынау биіктерге қалықтап ұшқан қанаттының кең құлаш жаюына Төлеген сынды жыр жампозының ықпал-күшінің көп болғанын жасырмайды. Оның жыр қайнарынан қанып ішу арқылы поэзия көкжиегіне бір табан болса да жақындай түскенін мақтаныш сезіммен айтады.

Ошақтың үш бұтындай үш бірдей талант Оңтүстік өңірінен өнер өлкесіне қаздай тізіліп араласты десек, асылық болмас тегінде. Әсемдікке, әдемілікке құштар көңілдің құйылысындай көрінген сол бір жылдар ағысы жылы жаққа ұшып кеткен сары ала қаздардың қанат суылын еске салады. «Вальс королі» атанған Шәмшінің жан дүниесі де Мұхтар Шахановтың өмірімен өзектесті, олар қамшының өріміндей бірігіп кетті. Жастар жүрегіне дәру болған «Арыс жағасында», «Қуаныш вальсі», «Ақ бантик» сияқты әндер қазақ жерін шарлап кетпеді ме, құдай-ау?!

Жадырап жанымыз,

Жарасып әніміз,

Болашақ бүгіннен басталғандай.

Нұр құйып көңілге,

Жол сілтеп өмірге,

Арман тұр асқақтап асқар таудай, —деп шырқалатын «Қуаныш вальсін» кім ұмытсын! «Өзіңмен жан құрбым, Қосылды тағдырым, Қосылған қос өзен секілденіп» деген тұстарда ғашық көңілдің белгісіндей сезім оттары – көз қарашықтары бір-бір шарпысып қалмаушы ма еді! Сосын, «Достарсыз бұл күнде, Күн кешу мүмкін бе?» деген сұраулы белгімен бір-біріне қарасқандардың өн бойы әлдеқандай көңіл-күйге бөленіп, қимастық сәттер орнайтын. Шәмші мен Мұхтардың шығармашылық одақтастығынан туған ән-әуендер тіпті көп. «Балықшы балықшыны алыстан

таниды» демекші, өзектерін өнер дерті өртеген ерекше құбылыстың иелерін әлдеқандай бір қылдай нәзік сезім жіптері жалғап жатты. Тұла бойы тұнған музыка Шәмші Қалдаяқов та аяқ алысы тұлпардың дүбірін елестететін ақын Мұхтарды жақын тартып, бауырына басты. Бірлесіп халықтың жанына жағатын ұлттық нақышты әуендер тудыруды қолға алды. Ол ниеттері оңынан іске асты да. Туған өлке табиғаты құлаққа сыбырлағандай сәт кешкен күндер сырлы да нұрлы мақамдарды көңілге құйып, қос жүректің дүрсілі қатар естіліп тұрды. «Ақ бантик» сондай сезімнің жемісі болатын.

*Балауса қыз едің бір кезде,
Шашыңа ақ бантик байлаған.
Өзгеріп кетіңсің бұл күнде,*

Көркіңе көз тастап ойланам, — деген жыр жолдарының тал шыбықтай бұралған қыз-ғұмырға арналғанын екіншісі біледі. Боямасыз, жарқыл-жұрқылсыз ауыл бойжеткені көз алдыға келер өлең өрімдері шырқалған сәтте-ақ тамыры сонау алыс ауылда жатқан бозбала біткен дір етері сөзсіз. Әннің қайырмасы да жан баурайды:

*Нұрлы бейнең қандай жарқын,
Арманысың қандай жанның.
Шынарым-ай,*

*Сен мөлдірсің, еркем,
Тау бұлағындай.*

Әлі өмір ағысына араласпаған, пенделік қылықтардың күл-қоқысына кірлемеген гүл-бәйшешек қыздың нұрлы бейнесі расында да кісі қызығарлықтай. Бірақ тіршілік заңы өз иіріміне иіп әкелері анық. Соны ескертіп, ақын сыпайы ғана сөз сабақтайды:

*Жылдардың еркіне бағындың,
Жылдарға қол создың жан құрбым.
Белгісін балалық шағыңның,
Айтшы, сен, қай жерде қалдырдың?*

Жүріс-тұрысында, шаш сәндеуінде көп өзгеріс бар жас өрім қыздың ақ бантигі де көзден бұлбұл ұшқанын ұшқыр қалам қалт жібермеген осы бір «Ақ бантик» әнімен қаншама жүрек бір-бірімен сырласпады, қаншама бозбала мен бой-

жеткен тіл қатыспады. Мұхтар мен Шәмшінің қауымдастығы мен аспанға өрлеп, өнер әлеміне жол тартқан ақ қанатты әуен құстары армансыз қалықтады, той-думандардың көркі болды, зәулім сарайларда жезтандай әншілердің әуезімен құлаққа құйылды. Сондай-ақ Нұрғиса Тілендиевтің «Әке туралы жыр», Әсет Бейсеуовтің «Жайықтан қайтқан тырналар», Ескендір Хасанғалиевтің «Айналайын» атты әндерінің мәтіндері де Мұхтар Шахановтың жүрегінен шыққан өлең өрімдері. Бірін-бірі толықтырып, молықтырып тұрған сөз бен саздың құдіреттілігіне қалың көпшілік шынайы пейіл танытып келеді.

Жақсы мен жайсаңның жанында жүрген жылдар оған да қанат бітірді, қиялын көкке самғатты, өлеңдері өткірленді, Төлеген мен Шәмшінің шарық тастай қайрауымен шартарапқа құлаш сермеп, шырқау биікке назарын тікті, өзін ағалардың ақыл-кеңесінен соң ғарышкерлердей сезініп серпіле түсті. Соның бір белгісі шығар, ақын жүректі енді әуен ызыңдары мазалайтын болып алды. Қайда жүрсе де қыр соңынан қалмайтын ән ырғақтарының ырқымен кеткен күндерде есеп жоқ. Өнерлі өлкенің перзентіне бәлкім бұл да жарасатын болар, тәуекел деп «Мен саған ғашық едім» деген ән перзентті ақ бесікке бөлеп, тербете берді. «Қалайша жүрегіме бойламадың, Өзіңмен бірге талай тойға бардым. Мен саған ғашық едім, амалым не, Сен мені бақытым деп ойламадың» деп тебіренген көңілдің толқынын көкке жеткізуге асықты. Ақын аузынан шыққан бұл әуен тез-ақ тарап кете барды. Бұл әуен жалғыз болмасын деп сосын «Туған күн кешінде» деген ән тудырды. Мұны да жұрт жылы қабылдады. «Тойыңа гүл алып, Келіп ем қуанып» деп басталатын аталмыш ән тіпті айналасын қуантты. Әсіресе қайырмасы қатты ұнады. «Сен туған күн, мерекеміз, Ән бастайық кел екеуміз. Ұмытпа сен, құрбым, Есте қалсын мәңгі бұл күн» деген тұстары расында қай адамға болса да жылы естіледі. Той думансыз қазақтың күні бар ма? Мұхтардың композиторлығы өрістей берді. Өз құлағымен естіп жүрген мақтау сөз қалай қойсын, шабыт шақыру көбейді. Бұрынғы әндеріне сын көзбен қарай жүріп, толыққанды нағыз ән туғызуды армандайды. Сосын

сол ұмтылысына жетті де. Өйткені оның келесі «Жұбайлар жыры» деп аталатын әні шын мәнінде қазақ музыкасына қосылған бағалы мұра болды.

Қуаныш пен бақыттан мүсіндеген,

Келбетіңнен сенімнің күшін көрем.

Сен сияқты мені ешкім еркелетіп,

Сен сияқты мені ешкім түсінбеген, —деп шырқалатын Мұхтар жүрегінің лүпілі оның сазгерлік қырынан да мол хабар бергендей еді...

«Арманды дара кумаймыз, Құстың қос қанатындаймыз» деп бәріміз де шырқаймыз, теңселіп, тербеліп тұрып ішкі жан сырымызды сыртқа шығарамыз. Ақынның сан қырлылығына таңырқай жүріп, оның қаншама шығармашылығына, қайраткерлігіне куә болып келеміз. Бос сөзге, бөспелікке жаны да, қаны да қас қиялы шексіз қаламгердің кешегі қарапайым күн кешкен өлшеусіз таланттар Шәмші Қалдаяқов пен Төлеген Айбергеновтың тәлімін, тәрбиесін, тәжірибиесін іс жүзіне асырған алғыр да адал шәкірт екеніне көз жеткіздік. «Ұстазын ұмытпаған – ұлық болады» дейді екен бұрынғы даналар.

...Айтпақшы, қолға қалам ұстаудың арқасында Мұхтар Шахановпен қызмет бабында екі мәрте тоқайласқан екенбіз. Алғашында «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетінде бірге жұмыс істедік. Ол кезде ақын жігіт жастар газетінде Оңтүстік облыстар (Жамбыл, Шымкент, Қызылорда) бойынша меншікті тілшісі болатын. Оның «Танакөз» поэмасы жетпісінші жылдары жастар газетінің бірнеше нөміріне жарияланып жұртты дүр сілкінтті. «Алматыдан өкіл келді, желке шашы бір қарыс, аты Оралхан, мамандығы – жазушы әрі журналист» деген жолдарды оқып, бәріміз мээ-мейрам болғанымыз бар.

Сонан кейін біздің жолымыз «Жалын» баспасында тағы да қиылысты. Мен баспада редакция меңгерушісі болдым. Мұхтар сол жастар баспасының жанынан шығатын «Жалын» альманағының бас редакторлығы міндетін атқарды. Баспаның «Біздің лауреаттар» атты сериясы бойынша Мұхтар Шахановтың «Махаббатты қорғау» атты жыр жинағы шықты. Мен кітаптың редакторы болдым. Ба-

рынша биязы, ақкөңіл, әрбір сөзге мұқият адамның балаша қимылдап, балаша күлетіні тәнті ететін. Екі жақтап әзірлеген өлеңдер, балладалар, поэмалар кітабы ойдағыдай болып шықты. Аңқылдаған адал көңілмен қолымды қысып, бауырына басып ризашылығын білдірді де, кітапқа былай деп қолтаңба жазып, қолыма ұстатты: «Осы кітапты шығаруға көп тер төккен, үлкен азамат, жайсаң да жарқын жігіт Орекеңе үлкен құрметпен. 7.04.1982ж.»

Осындай таныс-білістіктің ретінен болар, кейін «Жетісу» газетінде жұмыс істеп жүргенімде Мұхтар Шаханов мені «Жалын» журналына жауапты хатшылыққа жұмысқа шақырды. Мен оған рақметімді айтып, ол қызметке елпілдей қойған жоқпын. Азаматтығына риза болдым.

Ал оның нағыз азаматтығы – қалам қуатынан анық танылады. Әрбір өлеңін оқиғаға құруды ойластыруы ұтымды-ақ. Қара жаяу жырға уақытты құрбан етуден аулақ. Қайсы бір шумақтарында да мәйекті ой, ұшқыр қиял араласып жатқаны. Мәселен «Қасымды қабылдамаған адам хақында», «Мені неге Мұхтар қойған?», «Алма бақтың ұрылары», «Мен қыз үшін ұялдым» деген сияқты және де басқа жекелеген жырлары терең түйсіктің топшылаулары, салмақты ой тұнбалары. Кісіні ойлантпай қоймайды, зіл батпан қынжылыс, күрсініс бар. Әр бір өлең бір-бір кітапқа жүк болғандай.

Оның шеберлігінің алтын тіні – аңыз әңгімелерді әдемі өре білетіндігінде. «Күре тамырды іздеу», «Сейхундария», «Сенім патшалығы», «Отырар эллегиясы», «Махаббатты қорғау» секілді тағы да басқа көптеген поэма-дастандары, балладалары ғасырлар бойы халық арасында қордаланып қалған қазына-хикаяларды қазақы қалыпқа салып, қайта қорыта алғандығының көркем көрінісі. Дала даналығына демдеп үңіле алған ақын алымдылығы қалай да құлақ түргізеді, бас изетеді, талантына тәнті етеді.

Аңыз әңгімелерден арна тартуды үрдіске айналдырған ақындық тапқырлық тарих қойнауына сүңгуімен де таң қалдыра білді. Соңғы жылдары тамшылата тер төгіп, кең құлашты шығармалар жазып тастады. «Өркениеттің ада-

суы», «Жазагер жады космоформуласы» («Шыңғысханның пенделік құпиясы») сияқты өлеңмен толғаған сом-сом романдары бүкіл әлем әдебиетшілерін елең еткізді. Сөйтіп, қазақ ақыны арғы-бергі дүние тамыршысы ретінде де атақ-даңқы дүркіреп тұр. Түркі тілдес халықтардан шыққан 2001 жылдың «Ең үздік әлем жазушысы» атағына Шыңғыс Айтматовпен қатар «Ең үздік әлем ақыны» атанған Мұхтар Шахановты қалай мақтаса да жарасады. Нобель атындағы Алтын медальмен марапатталғаны тағы бар...

ШЫРҚАШЫ, КӘМИЛА!

«Ән төгілген жерде адам тірлігі жеңілдейді»

Халық нақылы

Айтушысы болмаса, ән шіркін де жетім. Осы орайда қалам ұстаған мінез қылығы құбылмалы, бойда желігі бар жандардың да дәнекерлік рөлі басым. «Үйдегі азаматты, еркекті қадірлей біл», — деп отырар еді әпкелеріне анасы. — Еркегін тұқыртып отырған әйелде ақыл жоқ, ондай күйге түскен еркекте де қасиет қалмайды. Заман өздеріндікі, тең жүр, тең ұста, кейде тіпті: «Өзіңнен биік ұста», — деп те айтатын ол кісі. — Ақылды әйел негізі сөйтеді. Есті еркек те жеріне жеткізе бағалай алады. «Ең сұлу әйел» атты кітаптің «Айдана» повесінен алынған жоғарыдағы тырнақша ішіндегі алға тартылған ой-пайымдар да сондай қалам иесінің басты кейіпкерлері аузынан шыққан лебіз. Шығарманың өнбойында тұнып тұрған адамгершілік сезім мәйегі — автордың негізгі кредосы. Ал алтын арқау Айдана есімді әнші төңірегінде өріледі. Табиғи дара дауыстың арқасында Айдана белгілі тұлғаға айналады. Құдай берген көрік те, қоңыраудай үн де бір адамға бақыт сыйласа керек еді. Бірақ тамағына ән ұялаған оның бағынан соры қалың болып шықты. Өзіне, өнеріне өліп-өшіп құлаған өзі де әнші Асығат бара-бара жан жарын қызғана бастайды. Ақыры Айдананың басын жарып тынады. Өнердегі қызғаныш, қысастық өз шаңырағынан басталғанына өзегі

өргене өкінген әнші жүрек қан жылайды. Өнер адамының жан астарын терең түсініп, ақтарыла сырласа білген қалам иесіне қайран қаласың.

Кір шалмас көңіл айнасын армандаған Айдана жүрегінің лүпілін түсінген суретші жігіт Әлішер шығады енді бірінші планға. Жұрттың бәрі ішіне шынашақ айналмайтын Асығат емес екен, әйел жанын, нәзік өнер иесін әспеттейтін, аялайтын адамдар бұл өмірде бар екен. Міне, соның бірі — Әлішер.

Дүниеден күдер үзе бастаған әнші Айдана – көңілі қаяулы, аяулы Айдана өмір сахнасына — өнер сахнасына қайта көтеріледі. Қысқасы, «қызғаныш деген қызыл иттің» құрбаны бола жаздаған өнер адамының бар болмысы алдыға жайып салынатын «Айдана» повесі жинақтағы жоталы дүние.

Құрылымы да, тақырыбы да қызық, әрі қиын «Қысқа сұхбат» повесін проблемалық шығармаға жатқызуға болады. Бұл күнде нашақорлар мәселесі күйіп тұрған тұс. Анаша тартып, көкнәр ішу халықтық індетке айналғанын айта отырып, автор соның алдын алу жолдарын қарастырудың мүмкіндіктерін іздестіруді соған қатысты ресми мекемелердің есіне салады. Және сонымен күресіп жүргендердің сан қилы операцияларын көлденең тартады. Тақырып, сөз жоқ, құр қиялға бой беретін оңай-оспақ нәрсе емес. Әрі қылмыскерлер өмірін әрі қылмысты іздестіру органдарының жұмысын зерттеу, бүге-шігесін білу керек.

Осы орайда негізгі кейіпкер Меңсұлудың редакциядағы тіршілік қызметінің міндеті үлкен рөл атқарған. Бұл ретте екі бірдей сәттілік бар екенін айта кеткен жөн секілді.

Повесте журналист Меңсұлу редактор тапсырмасымен милиция мойоры Арыстановтың қым-қиғаш қарама-қайшылықтарға толы өмірімен танысады. Милиция мойоры арқылы барша қылмыс атаулы журналист таразысына түседі. Газеттің аласапыран тірлігі арасында мольнан жиналған материал қорытылып, ақ қағазға оп-оңай түсе қоймайтыны белгілі. Осындай қиналыс сәттердің буырқанысы, толғанысы сәтті берілген. Және бұған қосарымыз, яғни екінші сәттілік – наркомания өрісі болған

осынау Шу өңіріне оперативтік топпен бірге автордың арнайы барып, көзбен көріп қайтуы. Демек, қолмен ұстап, көбен көрген дүние дүмбілез болмаса керек. Осы бір объектінің өзі әлбетте араласып, бойға сіңісіп барып қолға қалам алмаса, шынайы шықпас еді. Бұрын да осындай із кесулерге қалам тартып төселген автор қиындығы кере қарыс дүниені тәп-тәуір алып шыққан. Бұл қалай да әдебиеттегі тың тақырыптардың бірі. Ал, біздің білуімізше, республикадағы қаламгер қыз-келіншектер арасында автор алғашқы болып «наркомандар жорығын» көркем туындыға арқау қылып отыр. Сондықтан да аса мәнді тақырыпқа «қол салған» деп бағалауға лайық!

Әрқайсысында сан тарау сыр жатқан әңгімелер шоғыры да өз қызығымен, өз тағдырымен оқырманды ойландырады. Бір ерекшелігі – барлығында да әйел мұңы, әйел қуаныш-реніші, ақорамалдылардың, шүберек бастылардың ақыл-ойы, сезім-түйсігі сабақтасып, астасып жатыр. Біріне-бірі әсте ұқсамайтын қыздар тағдыры, студенттер әлемі әуендесіп, тереңіне тартып әкетеді. Көбіне жатақханадағы өмір, студенттік шақ, қалай да әйтеуір жастық дәуренге саяхат іспетті. «Бір бала, екі келін», «Ең сұлу әйел», «Тірі жетім», «Жалғыздық», «Көз жасы», «Жалғыз хат», «С...-ны сүйемін», «Аққұмнан асқан ән жоқ» сияқты және т.б. әңгімелер көркемдік құнары мол, әйел затының жандүниесіне зер салдырар толыққанды туындылар. Жалпы кітаптың кілті – бастан-аяқ ана жүрегінің дүрсілі естіліп тұратындығы, әйел жанының жылуы сезіліп тұратындығы. Алтын дінгек те осы. Автордың сан түрлі әдебиеттерді көп оқитындығы және оны өз шығармасына оттық ететіндігі де байқалады. Ал оның орыс тілінде де көркем дүние жаза алатындығы аян. Бұл, әлбетте, жақсы қасиет, қаламгерлік сан қырлылық.

Бұдан бұрын оқырмандарын «Ең сұлу әйел» көркем кітабымен елең еткізген Кәмила Құдабаева содан бері қарай тым-тырыс сияқты. Неге? Ойландыратын сауал. Оқырмандары оны іздейді. Қаламына тәнті болғандар жаңа туындыларын күтеді. Қилы-қилы құйтырқы кезең иықты басқан мына алмағайыпта абдырап қалды ма екен ару

қаламдас?! Қайдасың, Кәмила?!

...Бір мекемеде біз он үш жыл қызмет еттік. «Жалын» жастар баспасында қатар қалам тербедік. Баспагерлік жұмыста біздерді редактор деп атайды. Қалың-қалың кітаптардың ақ-қарасын ажыратамыз ғой баяғы...

Бірде Кәмкең (Кәмираны бәрі осылай атайды) екі беті албырап тұп-тура таңғы сағат тоғызда бөлмеге қуанып кірді. Ентігіп тұр.

— Ғажап түс көрдім,- деді,-Ғажап! Ахмет Байтұрсынов атамыз үйдің қақ төрінде домбыра шертіп отыр. Жігіттер, қыздар, мен енді Ахметтің «Аққұм» атты әнін қалай да шырқауым керек!

Дәл осылай деді де, қабырғада ілулі тұрған редакцияның сапрано домбырасын дереу бауырына басты. Бауырына басты да тереңінен суырып, өзіне тән тұнық үнімен сызылта тербеді кеп:

*Аққұмның бір қызы бар Іңкәр атты,
Сөзі бар алуан шекер, балдан тәтті-ай,
Иги-гай, иги--ги-ги-ги-ги-ги-ги-гик-коуИ-ги-га-га-а- ай!
Адамның өзім көрген абзалы екен
Айтайын өлең қылып перизатты-ай,
Иги-гай, иги-ги-ги-ги-ги-ги-ги-ги-гик-кой
И-ги-ги-гай-гик-кой!
Көзімнің жанарындай сәулем едің,
Көңілімнің қуанышты дәурені едің.
Ойымнан жатсам-тұрсам еш кетпейсің,
Басымды не сыйқырмен әуреледің...*

Дауысы қандай, жүректен шыққан ақ ниет қандай, тек, әттең, қос ішек Кәмкеңе ілесіп кете алмады. Бұл уақытқа дейін музыкалық аспаптарға құмартқанымен, қолға алып үйренуге талпыныс қылмаған екен. Тек қолына қасиетті домбыраны ұстап отырып, тізесінің үстіне мәпелеп қойып отырып аспапты қоспай сызылтып қана үнін сырнайдай созатын.

— Жоқ, жігіттер, қыздар, мен енді қайтсем де домбыра үйренемін. Ахмет атамздың аруағы қолдайын деп жүрген шығар. Түсінде аян берді деген осы болар.

Осылай түйген Кәмкең сол күннен бастап қазақтың сан

ғасырлық серігі болған бозторғай үнді үкілі домбырасына ден қойды. Біз де мұны жақсы ырымға жорыдық. Және де бұл жалпы халыққа «бауырымдап» қайта оралып, қауышқан қазақ әдебиетінің алыптары: Шәкәрім Құдайбердіұлының, Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың және Кәмиланың түсіне кірген Ахмет Байтұрсынов бабамыздың өз жұртына жоғалып барып табысып жатқан ақжолтай шақ еді...

Қалайда Кәмкенді күні-түні толғақ қысып жүреді. Жан-тәнімен толғанудан туған шығармашылық тұңғыш толғақ — «Сурет сыры» әңгімесін ақ параққа түсірді де жастар газеті «Лениншіл жасқа» («Жас Алаш») жариялады. (1969 ж.). Ол алғашқы жан толғағы еді. Әйел затына жарасқан тән толғағы тағы бар емес пе. Қаламын қаңтара тұрып, аналық парызын да ұмытпаған Кәмкең дүниеге Самат атты ұлды, Эльмира есімді қызды әкелді. Осынау өмірде әділдік салтанат құрсын, темірдей тәртіп болсын, тыныштық құшағында оңаша отырып ақ қағазға мөп-мөлдір сыр төгейік деген аналық пәк тілектен басқаны жаны қаламайтын сұлу келіншек қос перзентінің де әділ заң қызметкері болуын көкседі. Және солай болды да. Сонымен бір шаңырақта үш бірдей заң қызметкері бар. Отағасы да заңгер. Бір есептен, Кәмкең де заң қызметкеріне тән адам ғой. Өмір бойы баспасөз бетінде әділдік үшін қалам тербеп келе жатқан журналист және жазушы қай заңгеріңнен кем?! Демек бір әулеттегінің әмбесі де әділеттік жолындағы күрескерлер. Тыныштық, тұнықтық жолындағы күрескерлер. Бүгінде «Камка, Камка» деп аузын томпитып әжесінің мойнына асылатын немересі Әлішер отбасының қуанышы, көңіл жұбанышы, шаңырақтың жалғасы.

Ішкі жан тебіренісін жасыра алмайтын адам қызық болады екен. Сіре қарыс қолжазбаларды оқып отырып өз-өзінен күлетін де, жылайтын да осы Кәмкең. Әлденеге сылқ-сылқ күліп отырған ол бір кезде сықсыңдап көзі кілегейленіп, кірпігі суланып дәлізге шығып кетеді. Біз отырамыз өрт сөндіргендей түнеріп.

— Соншама сезімтал болармысыз, — дейміз өрт сөндірушілердей томсырайған баяғы біз. — Дүние-пәле са-

пырылысып жатқан небір сойқандарын-ақ оқып отырмыз ғой. Ішімізде ит өліп жатыр. Жыламаймыз да, күлмейміз де. Сонда Кәмкең:

— Баяғыда ауылдағы жеңгелеріміз:

Ақ па сенің, ей, жаулығың,

Көк пе сенің жаулығың.

Ойнамайсың не күлмейсің,

Жоқ па сенің саулығың, —деп жыр тоғытатын ғой шіркіндер. Сол айтқандай, ет-сүйектен жаратылған есі бар дені сау адам өзін тербеген нәрсеге елжіреп, еміренбесе өкпе-бауыры темір-терсекке айналып кеткені емес пе?! Иә, қуаныш, иә, реніш белгісі сыртқа шығуы керек қой. Мен шыдай алмаймын. Өзімді ұстай алмаймын. Еркімнен тыс нәрселер...

Ойпырмау дейміз сонда: от басының тірлігі, шаңырық қамы, ұл мен қыздың, қала берді балдыр-бұлдыр сөйлеп тілінен бал тамызып жүрген ерке-сәби немере Әлішердің әуре-сарсаңы аздай, қаға беріс сәттерде «Қызыл көйлекті қыз», «Раушан гүлдер», «Ұйқысыз түндер» деп аталатын жеке-жеке прозалық кітаптарды баспадан шығаруға қаншама қажыр-қайрат керек! Төл шығармалардың сыртында аудармашылық өнер тағы тұр. Қарақалпақстанның халық жазушысы Төлепберген Қайыпбергеновтің «Рахмет, саған ұстазым» (1983 ж., повестер); Венгер новеллалары қазақ оқырмандарына Кәмкең тәржімалары арқылы жетті.

Қос тілді қос қанатындай көретін Кәмкеңе қызықпай көр! Кезінде дәстүр болған қоғамдық жұмыстардың қалың ортасынан Кәмкеңді көзің шалады. Кәсіподақ, партия ұйымдарының кішігірім ұяларына жетекшілік жасап, екі тілде бірдей майын тамыза әңгіме өткізетін ол өмір кезеңдері өзінше әңгіме. Соның бәріне ол қалай үлгерді деп бас шайқайтынбыз ғой баяғы. Сосын, сосын Кәмкең барлығын жиып тастап ой бір тұнық әнге басады-ай дерсің армансыз. Халық әндері ме, қазіргі Мақпал, Роза, Бағдат шырқайтын шырынды әуендер ме, әйтеуір барша ән-әуен дүниесі оған жат емес. Әсіресе лирикасы мол, иірімі нәзіктерін көкірек-кеудесіне қондырып алып, үзілдіреді. Бірінен соң бірін сызылтып отырып, өте-мөте мұңды дүниелерді тереңнен

толғап отырып, кенет, көзінің алды суланып жылай салатыны қызық. Не сыр барын ұғу қиын-ақ...

Талдықорғандағы «Комсомолдың 30 жылдығы» атындағы қазақ орта мектебінің түлегі Университетті тәмамдаған соң, арнайы жолдамамен барып, сонау Қарағанды, Жезқазған, Балқаш өңірінде газет, радио және теледидардың қиын да қызықты жұмыстарына білек сыбана араласты. Бұл өңірлерді он бес жыл шарлатқан журналистік кәсіп адам тануға, ел-жұрт, жер тануға, өмір сүруге септігін тигізді. Ер-азаматтарға тән қасиет бойына бес қарудай жарасқан журналист-Ана, жазушы-Ана, редактор-Ана, қайраткер-Ана болмысына неге қайраң қалмасқа. Сосын компьютерді алғаш меңгерген қазақ қаламгер қызы да осы Кәмила шығар сірә де.

Кәмкеннің тұрақты, дендеп жазатын тақырыбы – жастар өмірі, оларды тәрбиелеудегі мәнді мәселелер, сосын әйел тағдыры. Дәл бүгін осылардың бәрі де мықтап қолға алуды қажетсініп тұр. Кәмкеннің қайрат көрсететін дер кезі. Ал оның өмірде жек көретіні – жағымпаздық, опасыздық. Бұл да өршіп келеді, өңмеңдеп келеді. Кәкеннің жанын күйзелтетін құбылыстар. Әрине, ол толғатып, тықыршып жүр. Ал оның өмірде қастерлейтіні – адамдар арасындағы адал қарым-қатынас. Осы мәселені бір кісідей-ақ сорғалатып қағазға түсіретін қабілетке ие. Ең сүйікті кейіпкерлері — Айдана, Әлішер, Берік, Гауһар...

Бір білетініміз, Кәмкен қаншама жастардың жолын ашып, бағын жандырды. Бұл орайда ол тәлімгер-ұстаз дерлік. Жұлдыздай жыпырлаған жас буындар: Шойбек Орынбаев, Талғат Кеңесбаев, Шәріп Құрақбаев, Гауһар Исаева, Сағынбала Сүлейменова, Роза Мұқанова сияқты тағы да қаншама жас қаламгерлер журналист-жазушының қамқорлығын көрді. Шығармашылық өмірлеріне сәттілік тілеп, әдебиет әлеміне ұшырды. Олар ол үмітті ақтады ма, жоқ па, бұл басқа әңгіме. Талайының бет-жүздерін көрмей-ақ қолжазбаларына аналық батасын беріп, жарыққа шығуына бас-көз болды. Сол қолжазбалар ішіндегі кейіпкерлер тағдырына көз жасын төгіп-төгіп алатын Кәмкеннің көңілшектігін, сезімталдығын кімдер біліп жа-

тыр дейсін. Жамбыл жүз жыл жолдас қылған, Абай алдына өңгерген, Дина құшақтап өткен қазақтың қасиетті үкілі домбырасын Кәмкең жер ортасы – елуге келгенде құлай сүйіп, үйрене бастағанын білсе ғой, шіркін, солар. Өнерге шын ғашықтық, міне, осындай-ақ болар!

*Қыз боп та, келін боп та
Қыздырылған отқа...
Оқиға іздеп сарсылған
Қаламгер-ана шаршаған жоқ па?!*

*Қаламы жосылған қолда,
Үнемі сапарда – жолда.
Тыным жоқ үйде, түзде,*

Маңдайға жазылған сол да! – деген

оған жыр жолдары арналған.

Қазақтың сұлу қыздарының көшіне көрік берген, кезінде ең әдемі арудың бірі атанған қаламгер Кәмила Құдабаеваның жазушылық қабілетін танытқан бір шоғыр жинақтары оқырмандар көңіл-сарайында сайрап тұр. Тек оның жан-дүниесі сызылтып ән салып тұратындығын біреу білсе, біреу білмейді ғой, әттең. Өз мәнерімен, өз жаратылысымен бой-бойы сөгіліп, жүзінен иманы төгіліп ботадай көздерін төңкеріп жіберіп классик композиторлардың шығармаларын сыздықтататыны қандай керемет! Жо-жок, оның пәлендей құлақты жарып жіберердей шыңғырған дауысы жоқ. Ең бастысы жүрекпен айтады, жүрекке жеткізіп айтады. Сүйікті де сүйкімді есімдердің аты жиірек қайталанып жүрсін дейтін тілегі шығар, сирек орындалатын әуендерді тебіреніспен, ерекше толғаныспен діріл қақтырады. Мағжанның «Бәрінен де сен сұлу» деген сөзіне жазылған қайран Шәмшінің әнін Кәмкеңнің үзілткенін тыңдаған жан бар ма екен?! «Жаз күніндей жайнаған, Масатыдай жер сұлу» деп басталатын сол туындының маңдайын жарқыратар қаламгер түйсігіне таңданасын, тамсанасын. «Өзім сүйіп ұнатқан, Бәрінен де сен сұлу» деп аяқталатын әсем дүниенің буына балқымасқа болмайды. Әдемі әуендер айтушылар арқылы да ұзақ ғұмыр кешеді емес пе. Әмісе, энге ғашықтар сазгерлерді санасынан бір

елі де шығармайды. В. Пикуль атындағы халықаралық сыйлықтың иегері Кәмила Құдабаева да сөйтеді...

ШАБЫТ ШАҢЫРАҒЫ

Асыл сөз – терең ойдың хабаршысы,

Музыка – жан сезімнің жаршысы.

Асқар ТОҚПАНОВ

Шаншылып қарап, қызыл шырайлы жүзін бір жылылық шарлайтын шап-шағын денелі шамдағай Шаштай шалды әркім-әркім-ақ әңгімеге тартып, сөзін тыңдап қалуға тырысатындығы тегін емес-ті. Кешегі күнді бүгінгімен ойша салыстырып, содан өрбіген өзіндік ой сілемін алға тартатындығы небір кемел кісілерді көріп, құлағын тосқандығынан да шығар. Мың сан бұлақ бұлқынып ағып жататын Майтөбе жайлауының жықпыл-жықпылдары оған атам заманнан таныс, біліс. Қозы жайды, қой өргізді, ірі қара мөңіретті, жылқыны тебіндетті, қойшы әйтеуір, құдайдың бұйыртқанын атқарып, екі қолға бір жұмыс деумен тірлік құрды. Бірақ, басқа жұртқа қарағанда жаны нәзіктеу ме, қалай, домбыра құлағын бұрағыштап, қос ішекті шерткілеп, көмекейі бүлкілденкіреп, көзі күлімдеп, қайдағы-жайдағыны есіне алып, терең бір сыр түбіне шомып кеткісі кеп тұратын құпиялы қызық мінезі елден ерекше еді.

Тегінде бұл ауыл арасы Сүйінбай, берісі Жамбыл ақын дәстүрін ұстанып, екінің бірі «әу» деуге бейім келетіні тағы бар. Жартыбай, Мәжен, Сарқытбай, Қымбат секілді көптеген суырыпсалма ақын-әншілер, жыршылар болғандығы көпке мәлім. Ал, Қыдырқожа сықылды домбыраның түбін түсіріп тартатындар әсте ел алдына шығып, айғақтап өнер көрсеткен емес. Мұсабай, Жапарқұл, Сұлтан, Төленбай, Жөкейлердің булыққан бірқағарлары көше-көшенің думан кештерінен әрі аспады. Мойынға мықтап киілген тіршілік-қамыт олардың әлдеқандай өнер жолын қууына мүмкіндік бермеді. Ыбырайым, Сәрсенбек,

Кірқабақ, Әбдірайым, Ыдырыс, Әбділда тәрізді құймақұлақ ескі көздер сөзін тыңдап, көкірегіне түйіп жүретін Шаштай шіркін, ең алдымен Жамбыл тәтесінің атын ерттеп, қымызын құйып беріп жүріп талай қызық-шыжығына қаныққаны кейіндері қаншама пайдаға асты.

Ұлы ақынның мерейтойларында сонау Алматыдан іздеп келіп, талай адам алдымен Шаштай шалды сұрастырып, тауып алатын. Белгілі өнер зерттеушісі, журналист-жазушы, сазгер Ілия Жақановтың өзі әлденеше рет Шашкеңді қасына алып отырып, теледидардан хабар жүргізгені есімде. «Жамбыл және музыка» атты әдеби-сазды хабардың бір кезегінде Шаштай шал Жамбылдың әңгімесін айтып, күйлерін тартты. Дарабоз дүлдүл композитор Нұрғиса Тілендиев Алматыдан тұп-тура Жамбыл ауылындағы Шаштай Күшікбаевтың шаңырағына бір-ақ тартады. Өзіл-қалжыңын араластырып, майын тамызып тұрып Жамбыл шежіресін шертіп бергенде, Жәкеңнің шабыт шақырарлары мен небір сарындарын сапырғанда Нұраған мәз болып, масаттанып, оның арқасынан қағатын, сақалынан сүйетін. «Жамбыл тәтемнің сарқытындай» деп құрмет тұтатын қаншама шаруашылықтың төрт түлігіне бас-көз болып, мал қамымен жүрсе де, қаншама сұрапыл соғыс бастан кешіріп келсе де, жаудың оғы қара санын сыздатып ет пен терінің арасында қалса да шағын денелі шамдағай Шашкең майсінді қасиетті домбыраны қолынан тастамай, қолы қалт етсе болды, терең ойға малынып, екі көзін шарт жұмып алып, аузы-басы күбірлеп қос ішекті қоңырлатып тартып отыратын. Сүйінбайдан да, Жамбылдан да құлағында қалғандарын ортаға салып, ән мен күй біткенді атап-атап тартатын, бәсең даусымен әуен сыздықтататын.

— Сен осы Пішәннің әнін білесің бе? — деуші еді жарықтық кулана қарап. Аздап әуен-жырға әуестігімді байқайтын ғой.

— Қане, айтып көріңізші, — деймін өз білетініммен салыстырғым кеп. — Әркім-әркімнен жас кезімде естігенім бар. Дегенмен сіздің айтуыңызда қалай екен, тыңдайын.

Шашкең алдымен қос ішекті көсілтіп-көсілтіп алады да, өз көкейіндегісін тербеп кетеді.

Көтеріші Ғайша басыңды,

*Күннің көзі ашылды.
Дариядай болған көңілім,
Су сепкендей басылды.
Сұлтан едім елдегі,
Сұңқар едім көлдегі.
Амалым бар ма, Аллаға,*

Дәм айдаса пендені, —деп ол кісі алдымен әннің қайырмасынан бастайды.

— Ә, біледі екем, білем, — деп ол кісіге еміне түсемін. — Дегенмен сіздің үнііз мұнды, қайғылы шығады екен. Со-сын ұзақ созады екенсіз.

— Тағы мынандай қосымша қайырмасы бар, — деп Шашекен тағы толғайды, тағы теңселеді:

*Өлі тілін тірі алмас,
Пішән енді жүре алмас.
Сауық құрып, сайран сап*

Елде ойнап, күле алмас, —деген тұсында тұнжырап, көңілсіз қалып танытып қалады. Пішән Жәлмендеұлының тағдыр-талайын тереңнен қозғап, бірталай жерге дейін апарып тастайды. Шашекеннің еш нәрсемен шаруасы жоқ алқам-салқам отырып өз-өзінен домбыра тартып, ән созғанына күліп қарап, қосағы Қалила әзіл тастайды.

— Осы сені қалаға алып кетіп жүрмесін. Шалсыз қалмайық біз...

Жалғыз Пішән емес, Мақыш палуан, бұрынғы өткен ба-тыр, бағыландарды да байырқалатып айтып, есте жоқ ескі ызыңдарды домбыра шанағына сыйғызып, күңіретіп бір кететін қалақтай ғана кісінің тұла бойы тұнған шежіре, әңгіме, ән-жыр, сирек тыңдалатын күй десе болғандай-ды. Ал, енді осы үйдің керегесін кернеп тұратын осынау ғаламат үн, әуен, мақам отбасындағы перзенттерге қалай ғана ауыспасын, жұғысты болмасын тәйірі. Ұл біткеннің бәрі бір-бір өнердің туын көтеріп, мәуелі ағаштың бұтағы жап-жасыл жапырақтарын жайды, көгеріп, көктеді, әр көкіректе саналуан гүл бүршік атты, көз тартты.

Керіліп-созылып керемет волейбол ойнайтын Тоқан кенеттен кілт бұрылып, қыл қаламды серік еткен суретші болып шыға келді. Көркемдік әлемі, сұлулық әлемі үйдін

ауласынан басталатын ауыл маңында сылдырап өзен ағады, тал-терек тербетіледі, көк шалғын желмен ырғалады. Тұп-тура үйдің іргесінен ағатын өзен бойлап тауға тартқан адам Майтөбенің етегінен бастап төріне дейінгі тамаша табиғатқа таңдайын қағып, сұғын қадар еді. Кекілігі пырпыр ұшқан Қаратастың қорым тасты қапталы, Көктекшенің көк бұлағы шапшыған кең қойнауы, Орыс бұлағы мен Асу сайдың қос қапталы, түйенің қос өркешіндей қосарланып жатқан Бесқоныс пен Жидебай жайлауы жан баласы армандайтын беймарал қоныстар. Жақпар тастар бетіне аңқұстардың, жауынгерлердің сұлбалары салынып тастағанын көрген кісі тарихи музей аралап жүргендей әсер алатынын қайтерсің?! Кешегі Шаштай шалдың, Қалила шешенің іздері сайрап жатқан жасыл мекен, ата жұрт, тылсым тау суретші болмасқа қоймаған сияқты. Өзі ғана ақ қағазды ғажайып көріністерге толтырып қана қоймай, сұлулықты суретке қондыруды енді ол шәкірттерге үйрете бастады. Тоқанның көркем пейзаждық қоржынында Жамбыл ақынға қымыз ұсынып, жылқышылар жырын шертіп отырған Шаштай бейнесінен бастап табиғатты түрлендіретін балапан шыршаларға дейін шоғырланған. Шабыт қонған шаңырақтың бір уығы осылай шаншылып тұр.

Біреуіне ән қонған, біреуіне күй қонған Дүйсебай мен Ермектің қанатын қақтырған, алыс-жақынға танытқан – үкілі домбыра. Дүйсебай болса, шын мәніндегі кәсіби музыкант. Алдымен училищені, сосын, консерваторияны тәмамдады. Әйгілі «Отырар сазы» оркестрінде, тарлан-боз композитор, режиссер, даңғайыр домбырашы Нұрғиса Тілендиевтің қол астында өнерін ұштап, араламаған, бармаған жері жоқ. Шет ел тыңдармандары қол соққан небір сапарлар тарих парағына жазылып қалды. Ұлы ұстаздың тәлім, тәрбиесі, тәжірибесі өмірлік сабақ берді. Нұрағаңа еліктеп, соған ұқсап өз бетінше күй шығарды, олары оркестрдің репертуарына кірді. «Сүйінбай сазы», «Әлия» және басқа да күйлері көпшіліктің талғамынан шықты. Ұстазы да үлкен ілтипат білдірді. Училище, колледждерде, институттарда музыка пәнінен сабақ береді. Ел ішіндегі сирек орындалатын шығармаларды жинап, ноғаға

түсіреді, қалың көпшілікке таныстырады, өнер адамдарын зерттеумен айналысады. Шаштай әкесінің шала-пұла тартуымен көзі ашылған сезімтал ұл ұлы Нұрғисаның баптауымен баршаға танылды.

Ең кенже ұл – Ермектің жан-дүниесіне Шаштай шал барлық ынтызарын аударған десе болғандай. Өйткені, ұлтымыздың дәстүрінде кенже бала әке-шешені асырайды, шаңырақты ұстап қалады. Дәл осылай болды да. Басқа ұлдардың бәрі де жөн-жөнімен жан-жаққа кетіп, шалкемпірдің қолында жалғыз сүткенже қалды. Екі қарт кісінің бар ермегі расында да егде кісілердің қартайғанда көрген нәренжін ұл еді. Сол үшін де ол Ермек атанды. Оқу іздеп ойға-қырға кеткен ағалардан қалған қара шаңырақтың кең төрін емін-еркін жайлап, асыр салып өскен ол сабақтан қолы босаса болды домбыраны айналдыра берді. Мал жайғап келіп те қос ішекті дыңғырлатады. Әкесі мен шешесін мазалайды. Ананы сұрайды, мынаны сұрайды, әйтеуір аузы тыным таппайды. Ақыры ән салатын, мәнерлеп өлең оқитын мінез қалыптасып, той-думанның сәні дейтін мақтау сөз ести бастады. Ауылдық, аудандық, облыстық өнер байқауларына қатысуды көбейтті. Әнші бала атанды. Сосын әнші жігіт деушілер көбейді. Құдай ауыздарына салған шығар, оны енді үлкен өнер ордаларына жолдамамен жіберді. Бірақ, шаңырақты ұстап отырған сүткенженің мойнында үлкен жүк бар еді. Отбасының жауапкершілік жүгі. Шал мен кемпірдің келісімін бергендеріне қарамастан тәуекел деп ауылда қалды. Туған ауылдағы той онсыз өтпейді. Одан басқа қандай бақ керек. Сол ауылда тапжылмай отырып-ақ талай байқаулардың бәйгесін жеңіп алды. Анау бір жылы Пішән Жәлмендеұлының «Гайша» деген әнін шырқап, Талдықорған өңірінде өткен үлкен жиынның Бас жүлдесіне ие болды. Оған да шүкір. Тек әлгі оқымаған, арнайы өнерге қатысты мамандығы жоқ демесең, дайын тұрған қоңыр дауысты кәдімгі үлкен жүректі әнші. Бұл да болса Шаштай шалдың шапағаты, дарынды шаңырақ шуағы шашырағандықтың белгісі. Сөйтіп, сүткенже Ермек ұл Жамбыл елінің бетке ұстар бір өнерпазы атанып жүргені анық.

Ал, енді, ортаншы ұл – Жұмабайдың жөні мүлде бөлек.

Ақындар мен батырлар жайлаған өлкенің әр бір тасы, әр бұтасы көзіне таныс шопан баласы керегетастардың жапсарынан рауғаш теріп, қой бүлдіргенге мөлдектеп тойып-ақ өсті. Мөлдір бұлақтарға бетін жуып, көбелек қуып, тарсылдақ құрайдан мылтық жасап ойнап, жаужапырақтардың арасына тығылып қалып, көк аспанға көз қадап жатып ұзақ қиялдайтұғын. Тобылғы, шетені сыңсыған, ұшқаты мен аршасы аяқ аттаған сайын алдыңнан шығатын Майтөбе жайлауының сай-салалары сезімді қытықтап, кеудеге әлдеқандай күй толады, ән қонақтайды, жыр дестелері шоғырланады. Сұлу табиғаттың көңіл-күйге әсері барын ол келе-келе мойындай бастады. Әдеби кітаптарды қолынан тастамайтын қойшының баласы қойнау-қолтығы мың-миллион жұпар иісті гүл шоқтарына толы таулы жердің қорықшысындай сезінетін. Аққолтық, Ақоба, Екіаша, Көлденең, Сарыбай сайы, Күшікбай сайы, Байшал сайы деп әспеттеліп аталатын көкорай қоныстар санына саусақ жетпейді. Солардың бәріне қой жайып, табанын тигізіп, атын тұсап, күнгейі мен көлеңкесіне қанығып өсті. Оның үстіне Шаштай әкесі ертелі-кеш домбырасын дірілдетіп, көкейге көп нәрсені құйып тастағандай. Ол қос ішекке елтігенмен, қол созуға батпайтын. Тек оңаша сәттерде қалам-қарындашты оңтайлап, ақ қағазға көстендетіп бірдеңелерді түртіп қоятыны бар. Осы әдет бірте-бірте ұлғайып, қит етсе дәптерге үңілуі көбейді. Әке әңгімесі әлденені шұбыртып айтып, еске сала беретіні шынында да сәулесі бар адамға бір нәрсені ескерту сықылды. «Ұғып ал, балам», дейтіндей көрінді. Жамбылдың атын ерттеген, бие байлап, қымыз ашытқан Шаштай айтар кеп дегеніңіз тым көп-көп еді. Қалай соларды жазып ала бермеген. Мұны ол әбден кейін, кейін ғана ойлады. Әке тоқсаннан асып, неміс фашистерімен қанжоса соғыста аяққа тиген, сөйтіп сүйекке тұрып қалған қорғасын оқтың уытымен төсек тартып ауыр халде жатқанда ғана ұлдың өкініші басына тепті. Бірақ баяғы бастан-аяқ жаңылмай небір қызық хикаяларды бірінен соң бірін сапыратын, айын, күнін, жылын жаңылыспай айтатын есіл қария бабы жоқ еді...

Айтпақшы, әңгіме демекші, Қалила шешей де көсем

ойлы, шешен сөйлейтін кісі-тұғын. Қырғызстан мен Қазақстанның дәмін бірдей татқан мол пішілген Қалила ана шертетін шет-шегі жоқ тұрмыстық тірліктер, өмір кешуі қаншама кітапқа арқау еді, әттең. Мірдің оғындай сөйлейтін кемел кісінің ақ сүтін еміп өскен балалар бұл дүниеден қалайша еншісіз қалсын. Ақеділ әке мен көшелі шешеден туғандарын дәлелдеп келеді-ақ.

Сол қойшы бала дәптері қалыңдап, кітапқа айналғаны да Шаштай шал мен Қалила ананың арқасы емей немене. Алғашында өлең жазып жүріп, кейінде бүтіндей прозаға бет бұрды. Таудың тағысындай еркін өскен қыңырлау мінезді ортаншы ұл шүү дегенде-ақ бүкіл әдеби қауымды дүрліктірді. Сонау Отар деген алыс түкпірдегі ауылда жатып, «Қызылсу» деген повесть жазды. Онысы «Жалын» альманағы жастар байқауының бәйгесін жеңіп алды. Бірақ, бұл туынды айқай-шудың астында қалды. Қатал қыста бірінің жүнін бірі жұлып жеп түп-түгел қырғын тапқан бір отар малдың жай-күйін айна-қатесіз суреттеген жас қаламның шындығы сол кездегі қоғам құрылысына жақпаған болатын. Яғни, «советтік мал ешуақытта өлмеуге тиісті» деген қатып қалған қағиданы бұзған айдаладағы ауыл қаламгері қатаң сынға ұшырады. Орталық «Правда» газетіне дейін жас қаламгердің қия басқандығы тілге тиек етілді. Үкімет басындағылардың баяндамаларында аты аталып, сұқ саусақ безелді. Бұл повесть кейін «Жалын» баспасынан «Қызыл қар» деген басқа атаумен жарық көрді. Барша жұртты шулатқан бұл неғылған туынды деп көпшілік қауым енді осы шығарманы іздеп жүріп оқитын болды. Аз тиражбен тараған бұл кітаптың қаны жерге тамбады. Сосын, ел бірінен-бірі сұрастырып жүріп, әрең іздеп тауып, астын сызып тұрып оқиды кеп. Расында, бұл өзі Жұмабайдың басынан кешкен әкесімен қой баққан қатал қыстың жемісі-тұғын.

Әдеби ортаға аты шулы болып келген ауылдағы балғын қалам иесі осылай бірден танылып кетті. Кейін «Қызылсу» ең өткір мәселе көтерген, нағыз шындықты халыққа жеткізген қызылшоқ шығарма ретінде айтыла бастады. Ақын, жазушы Қуанышбай Құрманғалиев, тіпті, бүкіл әлем

таныған Олжас Сүлейменовтың өзі Жұмабайға ара түсіп, барша баспасөз бетінде ақтап алды. Кейін, тіпті, жас жазушыны қолдағандар мүлде көбейді.

Міне, тырнақалдысымен-ақ талайды елендеткен Жұмабай Шаштайұлы сосын батыл жазуға кірісті. Мұңайып, мұқалып қалған тұстары енді артта қалды. Шаштай шалдан шабыт қонғаны расқа айналды. Алаңсыз ақ қағазға өрнек салды. Ұлттық өлең-өнермен ауыздандырған, құлағына қаншама ғибрат құйған қазына-кеуде қарт әке тәлімі әсте ұмытылар ма. «Әй, сен әлгі Шортанбайдан не білесің?», «Әй, сен осы Байшалбайдан ұққанын бар ма?», «Әй, сен Жылқыбайдың Шөжеғұлын тыңдадың ба?» деп әр түрлі әңгіменің басын қылтитып шығарып тұратын әке көкірегінде қаншама сыр кетті сыртқа шықпай. Енді соларды еміс-еміс еске алып, шет-жағасын суыртпақтап кеткен қария емеурінін жүрекке тұндырып, жан кинауға тура келеді. Кезінде әне-міне деп жүріп ақсақалдардан айрылып қалатынымыз қапаландырады-ақ қой. Ендігі Екей руының ең үлкені боп Шаштай шалдың құрдасы Қойкел қалды. Ол да шежіре-көкірек көп біледі. Жүйе-жүйесімен сонау Сүйінбайдан, Сарыбайдан, Жамбылдан тартып сөйлейді-ақ. Дегенмен тоқсанның төрі қойсын ба, соңғы кездері Қойкел ата шатастыра бастапты... Тасаға қойып, ұнтаспаға тегіс білгендерін жазып алар ма еді, шіркін!..

Жұмабайдың қаламы газет-журналдарға жүгіре бастады. «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттері мектебінен өтті. Еларалық «Заман-Қазақстан» газетінің Бас редакторлығын атқарды. Оны зиялы қауым іздеп жүріп оқитын басылым дәрежесіне көтерді. Қазақстан Жазушылар одағы Алматы облыстық бөлімше басшысы ретінде атқарылатын шаралар дегеніңіз бастан асады. Бірақ, сонда да болса, қалам қуаты барда толық пайдаланып қалу керек деген қағидамен ғұмыр кешетін журналист-жазушы «Жала мен нала» повестер мен әңгімелер жинағын, «Біздің заманның Аяз биі» романын талғампаз оқырмандар қолына тигізді. Ал, Шаштай әкесі қолына су құйып, қолтығынан көтеріп, талай атына мінгізген Жамбыл ата жайлы қалай жазбасқа деп, «Жыр-жолбарыс» деген

танымдық-тәлімдік кітап шығарды. Бұл дүниесі университеттерде оқулық ретінде пайдаланылып жүр.

Барлық баспасөз сүзгісінен өтіп, бүгінде «Қазақ әдебиеті» газетін басқарып отырған, өзіндік жазу стилі қалыптасқан Жұмабайдың тіл қолданысы, сөйлем мәнері мүлде басқаша – ешкімге ұқсағысы келмейді. Ел ішінде ұзақ уақыт болғандықтан қазақы сөз мәйегін әбден бойына сіңіргені байқалып тұрады. Оның қолданысындағы: «далда, көрләт, ілдә, қылуа, дәсер, көзел, самсоз, сүдін, дүмпіп, нәти, кеспері, десі, қойғаптағы» деген сияқты тағы басқа да жекелеген сөздер тау түлегінің табиғатын, жаратылысын, ішкі дем-тынысын айғақтап береді. Шығармаларындағы көбіне қыл көпірден өткендей тағдырлы, тәлейлі кейіпкерлер кейде кісіге ауыр тиіп, қайғы-қасірет теңізіне шомылдырады, еңсені басады, терең күрсіндіреді. Әрине, оларды тек табандап оқып, талдап түсіну керек. Жеңіл-желпі жазғысы келмейтін қалам иесі қайдағы бір жүрек сыздататын, көзін карауытатын өмір қатпарларына бастап кетеді. Азапсыз, ауыр бейнетсіз туынды сыбаға тартыла қоймайтынын қаперге салады. Түпсіз тереңдікке шақырады.

Шаштай шал: «Момышұлы, Қыдырбекұлы сияқты менің шимайшыл қызылшақам да Шаштай ұлынан танған жоқ» деп біздерді мысқылдай күлетін ғой. Расында өмірбақи Жұмабай шіркін тек Шаштайұлы болып жазылып келеді. Жалпы шабыт шалқыған шаңырақтың қасиеті сіңген өнерлі перзенттерге қалай риза болмассың! Елдік өнер қазынасын толтыруға талпынып жүрген осындай отбасылары өзгелерге сабақ болғай. Ұлттық өнер отын лаулатып дарындылар әулеті домбырашы отағасы шаңырағын биік ұстап, аспандатып отыр.

МҰХТАР, МҰХТАР, МҰХТАРЛАР...

*Музыканы сүю үшін,
ең алдымен оны
тыңдай білу керек.*

Д. ШОСТАКОВИЧ

...Мұхтар дегенде, әрине, ең алдымен ойымызға ғұлама, ұлы жазушы Мұхтар Әуезов оралады. Оның асқақ тұлғасына сай асыл мұрасы – телегей-теңіз шығармалары қаншама қанағат сезімін сыйламады адамзат баласына! Тіпті, республикадан тыс жерлерге жолы түскен әрбір қазақстандық небір ғажайып та ғаламат кітаптарды туған халқына тарту еткен данагөй жазушыны алға тарту арқылы мақтаныш сезіміне бөленеді.

Ал, Мұхтар Шахановтың баяғының шайырларынша аңыздан арна тартатын балладалық формадағы жыр пәлсапаларының қуаттылығына қоса, қаһарлы Желтоқсан оқиғасына қатысты ерлік мінез көрсеткендігі, әсіресе, ұлттық қаны қою кейінгі жастарымыздың санасын дүр сілкінткендігімен ерекшеленеді. Ақын есімі сонысымен де құлақ түргізеді.

Енді мына музыка әлеміне дендеп, есіл-дертін әуен біткен жаулаған Мұхтар жөні бір бөлек. Азан шақырып, ат қойғандар, әрине, қазақтың ежелгі жақсы ырымын ұстанған. Әлем таныған Әуезов есімін әдейілеп жас нәрестеге еншілеп берген. Өзінің өмір жолында ұлы адамға ұқсап бақсын дегендері болса керек. Шүкір, ақ тілеулі жан-дар жаңылыспапты.

Кішкентай Мұхтар әдемілікке, әуенге құштар боп өсті. Жапырақтың сыбдыры, бұлақтың сылдыры, самал желдің үп еткені назарын аударып, жұдырықтай жүрегін дір еткізетін қалқан құлақ ұл саз аспаптарына әуес болуымен назар аударды. Ол өсіп-өнген Алатау баурайы ән мен жырдың ұйығы, жәрмеңкесі. Ақындық пен батырлықтың патшалығындай көрінетін осы бір өңір өнерге құлаш ұрғандардың құт-мекені. Талайларды ұшырған. Соның бірі

өндір бұлдіршіні булығып келіп бірден бұрқ ете қалғандай болды. Ауыл той-томалақтарында шырқалар қилы-қилы эн-эуен біткен көкірегіне құйылып, алыс-алыс жерлерге сапар шеккісі келетін қиял қанатындағы жеткіншек Алматы төріндегі Ахмет Жұбанов атындағы арнаулы музыкалық мектеп-интернаттан бір-ақ шықты. Өнер құдіретін сабақ сайын құлаққа құйып, бойға сіңіргісі келетін нағыз музыка мамандары құшағына алған соң әлдебір бұлдыр арман сұлбасы айқындала түскендей еді.

Құбыласында Кенен әндерінің құйылысы, асқар Алатау сағасында Сүйінбай, Жамбыл мақамдары жан тербейтін балғын шақ қол бұлғап артта қалғандай. Халықтық күй-эуездерімен суарылған жан сарайы келе-келе классикалық туындыларға есік ашты. Мектеп нағыз музыкалық бағытта болғандықтан, оның шәкірттері оқып-тоқығандарын сарапқа салады, әртүрлі байқауларға қатысып, бақ сынаиды, тәжірибе жинақтайды. Бала Мұхтар, міне, осылардың бәрін де бастан кешті. Яғни, өнер додасына «қиқулап» қосылды деген жөн шығар. Алды-артын болжай бермейтін отты мінез он бес жасында, 1967 жылы жасөспірімдердің республикалық тұңғыш байқауының жеңімпазы болуы, көп нәрсені аңғартады емес пе. Сондай-ақ қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен апталығында өнер көрсетіп, мамандар назарына ілігуінің өзі не тұрады, тәйірі!

Ой-сезімнің тұп-тұнық кезінде музыкалық мектеп бағдарламасы бойынша бұрынғы-соңғы озық тұлғалардың өнер жолына үңіліп, баспалдақтап сабақ алған қандай ғанибет еді десеңізші?! Республиканың тарланбоздарын былай қойғанда, дүниежүзілік классикалық шығармалардан дәріс тыңдау шәкірт білім-танымын арттыратыны сөзсіз ғой. Бар ниеті тек эуен дүниесіне ауған албырт жастық сол бір өнерге ынтық қалпында Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік консерваториясына түсіп, нағыз кәсіпқой маман деген диплом алып шықты да, өнер көгіне алаңсыз құлаш ұрды.

Үрмелі және ұрмалы аспаптар сиқырына терең бойлай бермейтін тыңдарман-көрермендердің қатары көп екендігі жасырын емес. Домбыра, қобыз, сырнай сияқты айқын ды-

бысты танымал ұлттық байырғы аспаптардың құлағында ойнайтындар алдымен ауызға алынып, тізімге кіріп жа-тады. Тіпті, алты белдің астына дауысы жететін әншілер шоғырын санамалай бастасақ, жаңылмастан таңдайымыз тақылдап кетеді. Ал, оркестрдің «дәмін кіргізетін» ксилофон, литавралар, виброфон, барабан сықылды ерекше үнге ие тылсым сырлы сиқырлы аспаптардың мән-маңызын түсініп, ұғына білу – мүлде күрделі мәселе. Міне, осы тақылеттес музыкалық құралдардың құпиясына қаныққан кәнігі Мұхтар Мемлекеттік симфониялық оркестрдің үрмелі аспаптар тобында бекер концертмейстер болған жоқ. Сондай-ақ Абай атындағы опера және балет театрында да өз қабілет – қарымын таныта білді. «Академия солистов» камералық оркестрінде де жеке орындаушылық талантымен танылды. Өз қолтаңбасы бар музыка саңлағы ретінде оның есімі баршаға мәлім бола бастады. Қазақша айтқанда, «музыканың майын ішкен» маман болғандығы талай істің басын қайыруға мүмкіндік ашты.

Ендігі жерде ол тек орындаушы-солист қана емес, ұйымдастырушылық қабілет иесі – музыка қайрагкері дәрежесіне көтеріліп, айналасын үйіре бастады, ойына алған мақсаттар жолында тер төгіп, өмірге жаңалық әкелу үшін барын салып бақты. Өнер ұжымдарына өзіндік еңбегі сіңіп, аты-жөні дуалы ауыздарға іліне бастағанда, оның іскерлігіне әбден қанық әріптестері Қазақтың Мемлекеттік Жамбыл атындағы филармония шаңырағына ие болу жауапкершілігін жүктеді. Мына сәйкестікке қайран қалмау мүмкін бе, сірә?! Қазақтың маңдайына біткен біртуар алыптардың есімі бір арнаға тоғысқандай қызғылықты құбылыс. Тіпті, сирек оқиға! Мұхтар есімді майталман музыкант Жамбыл атын иеленген Мемлекеттік филармонияның бас директоры! Дәл мұны жақсы нышандар тоғысы демеске бола ма, сірә!

Маңдайшасына поэзияның алыбы аты ойып жазылған алпыс жылдан астам тарихы бар қасиетті қара шаңыраққа әрбір адам имене бас сұғатыны анық. Қазақтың бүкіл өнерінің бастауындай көрінетін байырғы мемлекеттік мекеменің басшылығын қолына алып отырған Мұхтар

атты ақшуақ көңілді азаматтың алды ешуақытта босаған емес. Жұмыс бабымен мыңы кіріп, мыңы шығып жатады. Қызмет шіркіннің реті осылай. Филармония аясындағы қаншама ұжымның қаншама мәселелері бар. Соның бәрі де бірінші басшының араласуынсыз шешілмейді. Н. Тілендиев атындағы «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрі, Б. Байқадамов атындағы мемлекеттік хор капелласы, симфониялық оркестр, шеткі аспаптар квартеті, үрмелі аспаптар тобы, ұрмалы аспаптар, Мемлекеттік «Академия солистов» камералық оркестрі және де жекелеген дербес солист-орындаушылар бағыт-бағдарын байырқалап отыру, олардың олқылықтарын толтыру сияқты шашетектен қыруар жұмыстар оңай-оспақ деп ешкім айта алмас, эрине.

«Алатаудың әйгілі Жамбылымын, Өлең-сөздің жасымнан даңғылымын. Шыңға біткен шынардың гүліндей боп, Қайта туып жасарған балғынымын» деп даусын көкке созатын аруақты Жамбыл атасының рухына арқа сүйеп, талай тәуекел істерге ұйтқы болды. Өнбойларынан музыка тамшылары моншақтайтын А. Мұсаходжаева, Г. Мырзабекова, Ж. Сүлейменова, А. Аюпова сияқты солистер небір байқаулардың алтын айдарлы, күміс қоспалы жүлделерін қанжығаға байлап жүр. Оркестр, капелла, квартет, топ түрінде халық қажетін өтейтін сайдың тасындай өнер адамдарының қызметін ешнәрсемен өлшей алмайсың. Рухани азық бағасын берудің қиыншылығы да сонда. Дүйім ел дуылдатып қол соғады, тік тұрып қошемет көрсетеді, көп болса, бірер күн алған әсерлерін әңгіме етеді, сосын, сосын ұмытылады...

Жан баласына баға беруде ұлы бабалардың алдына ешкім түсе алмайтын секілді. Мәселен, осы филармонияның атын иеленген ұлы жырау Жамбыл тәтесі қандай сұңғыла ойлы, терең көкейлі еді, шіркін! «Мынау тұрған Абайдың суреті ме? Өлең – сөздің ұқсаған құдіретіне. Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған, Өр Абайдың төтеген кім бетіне» — депті-ау ақылдың кеңі Абай жайлы. Немесе қазақтың бұлбұлы атанған Күләшті қалай бағалағаны ел есінде. «Қызым келді қасыма қызғалдақтай, Жүрер ме екен кәрінің сөзі жақпай?! Сені тапқан анаңнан айналайын, Бір мін жоқ

мүсінінде арғымақтай» — деп таңырқанысын жасырмапты тарланбоз тарихтың көне қария-шежірешісі.

Талантты тану, табу, оны бағалау дегеннің өзі — өнер. Сондықтан жылт еткен жақсылық ұшқындарын көру үшін де көз керек. Жан-дүниесі әдемілік әлемімен нұрланған адамдар назары ауған балғын жастың бағы жанса керекті. Мөлдір бұлағы, үкілі құрағы көз тұндыратын сонау жазиралы да жайсаң Жамбыл елінің момақан, мамыражай ауылынан арман арқалап Алматыға құстай ұшып жеткен кішкентай Мұхтардың маңдайынан сипаған мейірман жандар көп болған шығар, әлбетте. Тұла бойын ән-әуен дірілі билеген музаға ғашық жүректі Нұрғиса сияқты ұлы композитордың терең ұғынып, талай-талай арқасынан қаққаны, нешеме аманаттар артқаны ол өзінше ұшан-теңіз хикая-сыр...

Табиғаттың сыйға тартқан жақсылығын көріп, құдайға шүкіршілік етіп, кеудесіне «Құрмет» орденін таққан Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, профессор Мұхтар Жамашұлы осы мекемеге кірген сайын Жамбыл абыздың: «Балалар, аманбысың, шырақтарым, Майысып көлге біткен құрақтарым. Жүрмесем есендесіп тұра алмаймын, Ішінен асып кетсе бір аптаның» деген өлеңін ішінен бір қайталап қояды. Өнер ошақтарының ұлттың ұлы адамдары атымен аталуы да бір ғанибет қой. Намысы бар, сезім, түйсігі бар әрбір жан иесі осылай қарай ентелеп келе жатады. Киелі шаңырақ қол бұлғап шақырып тұрғандай. Мұнда Мұхтар атты бесаспап музыкант басшы бар. Маңдайы кереқарыс азаматтың алдынан ешкім ренжіп шыққан емес. Көп нәрсе кісінің есіміне де байланысты екен-ау. Мұхтар, Мұхтар, Мұхтарлар тегін атаулар емес. Дана қазақ балаға ат қоюды біледі...

Сазгерлер мен әншілер қауымының жанына жақын музыкант директор жайлы там-тұм деректер мынау: А. Жұбанов атындағы арнаулы мектеп-интернатын және Құрманғазы атындағы Мемлекеттік консерваторияны тәмамдаған. Абай атындағы Мемлекеттік опера және балет театрында, Филармонияда орындаушы музыкант солист болған. Ксилофонға арналған шығармалардан хрестома-

тия құрастырып, баспадан шығарған, «Мелодия» фирмасынан екі диск-таспа жаздырған. Өзінің орындауындағы концерттік бағдарлама радио мен теледидар қорында бар. Ш. Төлегенұлымен сыңарласып, Қазақ филармониясының шежіресі туралы «Ғасырдан — ғасырға» атты жинақ шығарды. Көптеген шетелдерге гастрольдік сапарға шықты. Нью-Йорк, Вашингтон, Александрия сияқты қалаларда болып, Йемен, Австрия, Германия, Югославия, Бирма тәрізді басқа да бірсыпыра елдердің мәдени өмірімен ганысты. Тәуелсіздіктің 10 жылдығына орай Президенттің Жарлығымен «Құрмет» орденімен марапатталды.

Мұның бәрі өмір белестері. Ғұмыр дегеніңіз осындай детальдерден құралады. Өнер ордасына басшы адамдар келіп-кетіп жатады. Ол мәңгілік қызмет емес. Ал өнер иесі ел есінде қалып қояды. Мұхтарлардың орны бөлек. Кейінгілерге сабақ боларлықтай көкіректері ерекше бір күмбірге толы.

СЫРҒА ТОЛЫ СЫМ ПЕРНЕ

*Бұл әнім сені іздеп,
Жер бетін шарласын.
Сағындым жүзіңді,
Қалқатай қайдасың?!
Нұрсұлтан Әлімқұлов*

«Сыған серенадасы» сияқты көңіл қылын шертетін шоқ-шоқ гүлдей құлпырма шығармаларын шүу дегенде мандолиннің сым ішектерімен жүрек төріне жазатын Шәмші құдіретіне бас иіп, бүкіл гүл-дәуренін думанды ән-жырмен өрнектегендер қара ормандай көп.

Бәрі келді. Тек солар жоқ.

— Ол екеуін күтіп отырамыз ба?! Қой, дастарханға жайғаса берейік енді, — деп отағасы Оңдасын қонақтарды үстелге шақырды.

— Сәл-пәл шыдайық. Жолда келе жатқан болар, — деп отанасы Кұлайхан киылғандай кейіп танытты. — Оларсыз

қалай бастаймыз. Мәлік пен Айна айналасын думанда-
тып отырады. Бас қосудың сән-салтанатын кіргізеді. Құп
қосылған жұптар ғой.

Ел тықыршып, елегізе бастағанда есіктен екі бүктетіліп
еңгезердей жігіт ағасы еңтігіп сөйлей кірді.

— Ертеде бірге оқыған сыныптастар келеді деген соң
артынып-тартынып жеттім-ау әйтеуір, — деді былғары ша-
панды Мәлік қолына ұстаған мандолинді жоғары көтеріп.
— Мені емес, ең алдымен мына музыкалық аспаптың үнін
сағынғандарыңа аттай отыз жеті жыл болды емес пе, ей,
достар!?

Үйдің іші лезде көңілді күлкіге толды да кетті. Жақсы
мен жайсаңның жүретін жеріне рахман нұры шашы-
лып тұратыны рас қой, тегінде. Мәліктің келіншегі Айна
ақжарқын адам екен, әлдекімдерге ұқсап тосырқамай дереу
еңгімеге араласып, дауысы сыңғыр қақты.

— Әрине, бұл алдағы үлкен басқосулардың ақжолтай
ырымы дерліктей белгісі болсын да. Әзірге қол жеткендерін
ғана шақырып, шағын құтхана – шаңырағымызға жинаған-
сымағымыз. Әйтпесе, кезінде шартарапқа дыбысы жетіп
жататын әйгілі Қарғалы шұға комбинатын ұмытып қалатын
шығарсындар, — деп үй иесі Оңдасын баяғыда бір сынып-
та оқыған әріптестеріне әзіл тастап, әдемі ғана жымып
қойды.

— Мына Мәліктен басқаларын біле бермейді екенмін,
— деп Күлайхан отағасының иығына сүйеніп, ақтарыла
күлді. — Қаладағысы бар, даладағысы бар сыныптастар
бір бас қоссақ деп Оңдасын ылғи армандайды-ақ. Ал-
дымен бес-алтауын бір тоқайластырып алшы, қалғанын
тағы көре жатарсың деуші едім. Міне, сол ойлағанымыз
орындалғандай. Азды-көпті сыныптастардың кездесуіне
куә болсын деген ниетпен ең етене жақын жанашыр аға-
жеңгелерді, іні-келіндерді де әдейі шақырдық. Айна-
нов сықылды ағалар, Қайрат, Мұхит сынды інілер нағыз
елдің жай-жапсарын терең түсінетін көкейлі жандар. Ай-
нанов көп жылдары басшылық қызметте болған. Қазір
сол еңбектерінің жемісін жеп отыр. Құрметті демалы-
ста. Жеңгеміздің қас-қабағына қарайды. Ал Қайрат пен

Мұхит өз салалары бойынша тізгін ұстап, өз шаруаларын дөңгелетіп жүр. Жан-дүние жақындығына не жетсін, шіркін! Сырласып, пікірлесіп, жағдай білісіп, емен-жарқын еркін отырыңыздар.

Сыныптастар осы Қарғалы кентіндегі қыруар қызғылықты күндерді еске алысып, өткен-кеткен әңгімелерге кенеліп, керемет желпінісіп қалды. Парталастар кезек-кезек домбыра шертісіп, ән тиегін ағытты дерсің. Әсіресе, Мәліктің әлі күнге мандолин аспабын қолынан тастамай жансерік қылып жүргеніне баршасы да таң-тамаша қалысты. Кезінде республиканың түкпір-түкпірінде жаппай «модаға» айналған музыкалық аспап – мандолин (мандолина) расында кейінгі жылдары тым сирексіп кеткендігі, ал оны сынғырлатып, сым ішегін келістіріп шертіп ойнайтындардың көзден бұлбұл ұшқаны өтірік емес.

— Шәмші Қалдаяқов шығармаларының көпшілігін мандолин шертіп отырып дүниеге әкелген екен, — деді бірі.

— Көп ішекті дәл осы аспаптың сүйемелімен ән айтушыны көрмегеніме қаншама жыл өтті, — деп бас шайқады екіншісі.

— Құдай барды, қолыма ұстап көрген затым емес, — дегенді айтып мандолиннің сыртын сипалады үшіншісі.

Мәлік мына таңданысқа мәз болып күліп, көнетоз қызыл мандолинді құлшына тартып, оның құлындай кісінеген үніне жігерлене қосылды.

Ей, отыралы, отыралы,

Үстел бетін толтыралы.

Үстел беті толмаса қойсын,

Ойнап-күліп отыралы.

Он саусағы бірдей ойнап, жұп-жұмыр мойнын ішіне алып, қане тоқтасыншы. Көне аспаппен ескі әуендерді жаңғыртып, жанын сала шырқайды:

Терезем аштым, гүлдер шаштым

Ақ қанатты тауыққа.

Тамақ үшін келгенім жоқ,

Келдім ойын-сауыққа, — деп қызбалана тамағын кенейді.

Бойдағы бар қуат, жүректегі бар жалын біткен айтылар әнге құйылып, құйқылжиды-ақ шіркін! Әшейінде тек алып

күшке жаратылған атпал азамат сияқты көрінетін экономист жігіт ағасы дереу жап-жас бейнеге айналып:

*Балауса қыз едің бір кезде,
Шашыңа ақ бантик байлаған.*

*Өзгеріп кетіңсің бұл күнде,
Көркіңе көз тастап ойланам,* — дегенді шабыттана шырқап, қасындағы қосағына иек қағып қарап қояды. Айна да ер-азаматын іліп әкетіп:

*Нұрлы бейнең қандай жарқын,
Арманысың қандай жанның.
Шынарым-ай!*

Сен мөлдірсің еркем,

Тау бұлағындай, — деген қайырмасын еркелей, наздана әуелетеді, аспандата қалқытады. Расында құп жарасқан қосақ, бірін-бірі әнмен демеп, жырмен толықтырып отырыстары көз тойдырады. Көптің көңілін толқытады. Осынау «Ақ бантик» секілді сол бір жылдардың сағынышты әндерін тебірене, теңселе шырқап, тындаушылардың мейірін қандырып, мерейін өсірген Мәліктің домбырамен, мандолинмен достасқаны нақтылы қай уақытта, қай жылдары екендігін ешкім де дөп басып айта алмасы анық. Негізгі мамандығы — экономист, (Алматы халық шаруашылығы институтын бітірген) ол қай ортада жүрсе де шоқ боп жанып, жұлдыз боп жарқырап көзге түседі. Қарғалы өзенінің таудан құлап ағатын сағасында өскендікі ме, тым-тырыс, бей-жай отыруға жаратылмаған. Сонау бір студенттік жылдарда да жан-жағын жандырып-күйдіріп, көңілдің кілтін тауып, бала күнгі бауыр басқан жан серігі мандолинмен барша жастарды билетіп, сергітіп, ән салдырып, қызыққа батыратын қансіңді әдеті әлі күнге қалған жоқ. Қай ортаға барса да: «Еһе, Қыпшақбаев келді, мандолинімен маңайды әуенге бөлейді» десіп елендесіп, еміренісіп қалатыны бар. Шап-шағын күй шанақ, сыр шанақ: «Сыр сандықты ашып қара, Ашып қара сырласым, Сым пернені басып қара, Басып қара, жырласым» деп Сәкен ақын айтқандай-ақ, күмбір-күмбір сан құбылған ән-әуезге ұласып, толқын-толқын

әуендері әуелетіп әкетеді. Кезінде боз кілемде күрескен кең кеудесін мың-сан мақамға толтырып, тоқпақтай қолдарымен көз ілеспес екпінмен сым ішектерді дамыл-сыз қағып, қай-қайдағы, жай-жайдағы ұмыт қалған әндерді сапырған Мәлік жүрегінің қазынасына қайран қалмасқа лажың қалмас.

Әнеки, іскер азамат, экономист достың энергетик парталасы дән риза. Ондасынның ұлы, инженер-энергетик Тимурдың да таңдайы тақ еткелі тұр. «Әкемнің сыныптастары қандай жан-жақты өнерпаз» деген сөз көмейінде бүлкілдейтін секілді ме, қалай! «Ал егер бәрі бірдей бас қосса, олардың арасында да небір бас шайқататындары бар шығар» деп және бір ойдың ұшы қылтияды. Бұл ауыл бүкіл қазақ жұртына аян кәдімгі композитор - Әсет Бейсеуовтың туған топырағы. Тіпті, санамалай берсе, Қарғалы аймағынан шыққан дара тұлғаларға саусақ жетпейді. Мына Мәліктің бойындағы бірер ұшқын солардың шапағаты шығар, бәлкім.

Мандолин ішектері ботадай боздап қоя берді. Мәліктің саусақтарына көз ілеспейді. «Қара қойым қашады, Құмалағын шашады» деген сықылды сол бір жылдардың жаңғырығындай ескі жыр тізбектері құлаққа жылы естіледі. Есеновтар әулеті – Ондасын мен Күлайханның құтханасы салтанатты көңіл-күйдің сәулесімен жап-жарық боп тұрғандай. Сыныптастар әбден-ақ сағынысып қалған екен, кетер-кеткенше ән мен күйдің ырғағына балқып, әңгімеден ауыздары бір тынбады. Тағы да бір ұлы жиын жасамаса, мына өмірдің қызық-шыжығын айтып түгесе алмастарына түгел көздері жетті. Ал, Мәлік болса көнетоз қызыл мандолинді бебеу қақтырып, зар күйіне түсіріп отыр. «Есіл ескінің көзі, қайран, мандолин, сен әлі бар екенсің ғой» дескен парталастар жүрек тұстарын әлсін-әлсін ұстай береді...

ҰЛАР ҮНДІ ҰЛЖАН ҚЫЗ

Ән – көңілдіге қуаныш,

Шерліге – жұбаныш.

Халық сөзі

Әннің өзін де, сөзін де көріктендіріп, көкке ұшырып әкететін әншінің ішкі қуаты мен дауысының дарқандығы екені екінің біріне белгілі.

Туған жеріне тартып туған екен. Көк майсасы көздің құрты жайлау қызығын қалай ғана ұмытсын. Төрт түлігі тегіс өрген тұс қой ол. Қойын бағып, көкпарын да ел қатарлы тартатын қуат-күші керемет-тұғын. Ер үстінде мығым отырысына қарап-ақ жұрт сескенетін Өстен әкесінің балаға деген шығарда жаны жоқ еді-ау. Әсіресе, Ұлжан қызының маңдайына шыбын қондырмай, қорғаштап-ақ бағатын. Ұлы кеуде, төртбақ жұмыр кісі палуан білегімен, нәзік жүрегімен көрші-қоландар құрметіне бөленіп өтті. Майтөбе жайлауының арғы беті мен бергі беті сылдыраған мөлдір бұлақтар, қалқанқұлақ жапырақтар, сары гүл, көк гүл дейсің бе, кілемнің түріндей көкжасыл дүниеге көзін тұнады.

Таудың сонау ұшар басында ұлар ұшып, керемет бір үн шығаратынын бала көңілі ұдайы қызықтайтын. Өзі сақ, өзі сирек қасиетті құстың қанат қағысы да әндетіп тұратын сияқты. Ал оның даусын ешнәрсеге ұқсату мүмкін емес, сыңғыр-сыңғыр, күмбір-күмбір қоңырау соғылып тұрғандай-ау тегі. Солардың дүниеде жоқ үніне елтіп Ұлжан қыз елжіреді, елегізеді. Ертеңді – кеш мал шетіне шықпайтын шопан қызы бар ма. Ол да тобылғы, ұшқатқа оратылып беткейден талай қой-қозы қайырды. Жасыл жайлау жаңбырына басын тосып, шашың өседі дегенге талай үсті-басын сулағаны бар. Найзағай шартылдап, жасын жарқылдап қайсыбір жерлерге қоңырсып түсіп жатқанда табиғат тылсымына таң қалып, таңдайын қаққан балауса шақтар әсте естен кетер ме?!

Қой қораланып, ошақтың оты маздағанда Өстен әкесі қолын жалынға тосып, сүйікті қызын шапанының шалғайына орап отыра кететін. Сондағы әке жанының жылуын айтсаңшы, шіркін-ай! Кіп-кішкентай қыз оның төсіне құлағын тақап, тың тыңдайтыны қызық-тұғын. «Түк-түк» деп соққан жүрекке одан арман тақала түсіп, жейдесінің ішіне кіріп кете жаздайды. «Құлыным, құлыншағым!» деген сайын жабыса түсетін жалбыр шашты қыз бақытында шек жоқ еді-ау, әттең...

Сол бір күз жартастарды сағалап тіршілік кешетін ұлар үніне құлақ тосып, солардың сыңғыр қаққан әуеніне саламын деп тамағын кенейтіні қайда?! «Ата, ұлар болайын ба?» деп жүрелей отыра қалып, қыналы тастарды айнала дыбыс қосатынын әсте ұмыта алар ма арманшыл қыз. Сол бір жылдарда жергілікті әуесқой композитор Жолдасхан Құрамысовтың «Ұлар үні» әні жаңа-жаңа ел құлағына жетіп жатқан. «Ұшсын ұлар әуеде, Сұлу да паң өзі сақ. Сұлулыққа, әуенге, Толы болсын біздің жақ» деп шырқалатын Шахан Мусиннің сөзіне жазылған ән талайлардың жүрегін тербеп, ой-сезімін оятқаны анық.

Мінеки, сол өзі сұлу, өзі сақ ұлар үніне ғашық Ұлжан Майтөбенің киелі құсын тұмарындай елестетіп, көкірегіне түйіп өсті. Мектеп қабырғасындағы көркемөнерпаздар үйірмесі күн құрғатпай оқушыларды баурап жататын думанды шақты қалай сағынбассың. Атқа мініп, қамшыны онды-солды сілтеп өскен қойшының қызы табиғаттың өз болмысындай емін-еркін еркебұлан боп өсті. Қаймықпайтын, тайсалмайтын тік мінезділік тәкаппар таудың жақпар тасынан жұққандай ма, қалай. Жоқ, әлде, Өстен әкесінің алақанға салып ұлындай көріп ерекше еркелеткенінен бе екен, әйеуір бетің бар, жүзін бар демей ойындағысын қасқайып тұрып айтып салатын, алған беттен қайтпайтын қайсарлық қанында болды.

Әрине, ол мінездерінен тасыған да, жасыған да кездері көп. Бірақ құдай берген қасиетті қалай жасыра аларсың. Ақын да, батыр да, әнші-күйші де көп шыққан Жамбыл елінде өнерден құрауыз жан жоқ десе болғандай. Алақандай Қарасу ауылының өзінде қаншама той-салтанатын

қыздыратын арқалы адамдар болды. Солардың әсері ме, Ұлжан қыз да ақ бантигін желбіретіп мектеп сахнасынан жиі көрініп жүрді. Талшыбықтай оқушының елді аузына қаратқанына қуанысып, көрші-көлем біткен оған тиын тағып, Қатипа апасына қазан көтертетін ғой баяғы. Бұл ауыл-үйдің дәстүрі жақсылыққа бастап, жаңағыдай ұлттық үрдістер қаншама рет қайталанды десеңші! Апасының абысын-ажындары тиын таққан сайын, ақ бата көбейіп, сәт сапар жаңбырдай жауатыны белгілі.

Расын айтқанда, әке шіркін кеңқолтық болғанымен, шеше байқұс әлденеден іш жия ма, кішкене тізгіндеп ұстағысы келетін, қатқылдау болуға тырысатын-ды. Ана дегеннің жөні бөлек қой, қыз баланың алды-артын ойлайтын шығар, тым желпілдеп кетпесін дейтін болар. Қатипа шешесінің қатқылдау мінезі ептеп сезілетін... Бүгінде өзінің студент қызы Әсемнің биге құмарлығы, әнге ынтықтығы әлденені есіне салады.

Бірде ауылдың дүкеніне сатуға домбыра түсіп, Ұлжан соны алып бере қоймадыңдар деп аяқ-қолын бауырына алып, тулағаны бар. Ақыры, қайсар қыздың айтқаны болып, қос ішекті көзге ыстық ұлттық аспап қолына тиді. Енді дәл осымен ән салу дағдысы басталды. Жатпай-тұрмай оны да меңгеріп алды. Әнін шырқап, биін билеп, шопан қызының өнері айналасына мәлім бола бастады. Аудандық байқауларға да жол түсті. Мектеп оқушыларының жиі-жиі ұйымдастырылатын мәдени-өнер шараларына қатысатын күндер туды. Тек бір өкініштісі, тоғызыншы сыныпта оқып жүрген кезінде асқартаудай арқа сүйер әкеден айрылды. Көзге жас, көңілге қайғы қонақтады, «кұлыным, құлыншағым» дейтін ең бір аяулы адамнан көз жазып қалу қайдан оңай болсын, аспан айналып жерге түскендей хал кешті. Қоғам малын бағып, отанына қалтықсыз қызмет жасаған, туған жердің көркін көрсетіп, ұлардың үнін естуге ылайым мүмкіндік ашқан қайран шопаната қазасы баршаның да қабырғасын қайыстырды. Қазақтың әлгі «ұлардай шулап» дейтін сөзі осындайда қолданылады екен ғой, кім білген. Амал не, жылағанмен дүние орнына қайтіп келер ме, бекінуге, қатаюға тура келеді...

Асыл әке ұнатқан өнер киесін қастерлеп, мәпелеп ұстауға, соның жолына ғұмырын арнауға іштей ант еткен қыз ән қанатына мініп, Қазақтың қыздар педагогикалық институтының музыка факультетіне оқуға түсті. Бұрын әуестікпен ғана ән-жырды серік етсе, енді солардың мән-мағынасына терең үңіліп, арғы-бергі тарихына көз жіберу өмір сабағы қолға алынды. Галина Қарамолдаева сияқты білікті, білгір музыка мамандары ұстаздық етіп, дауыс созудың, кең тыныс алудың алуан түрлі құбылыстарына қанықтыра бастады. Сол шақтарда өнер сүйер қауымды елең еткізген институт жанындағы «Айгүл» вокальды-аспаптық ансамблі талай таланттардың көзін ашқаны анық нәрсе. Ұлжан да солардың сапына қосылып, кәсіби өнердің нағыз мектебін көрді. Музыкалық аспаптардың бәрін де бірдей меңгерген, даңғыл жолға түскен Галинаның ұстаздық көмегінің арқасында «Айгүлдің» құрамында шыңдалу, шырқау дәрісін бойға дарытып, сазды әуендердің шәрбетімен сусындады.

Студенттік дәуренге өкпе жоқ. «Гүлдерайым», «Дай-дидау», «Тек қана қыздар» тәрізді әндер шашбауын көтеріп, бүкіл республиканы шарлаған шақ институт өнері тарихында тайға таңба басқандай жазулы тұр. Қос дауыста қоңыр қаздай қалықтап, баян сүйемелімен сұлу әндер созатын әйгілі Ағайша Исағұлова мен Галина Қарамолдаеваның аясында жүріп, өнер ұштау бақытына әркімнің қолы жете бермесі кәміл. Қазір сол Галина мен Ағайша кеңінен танымал. Жұптары жазылмастан Қыздар институтында дәріс беріп, ұстаздық етеді. Екеуі сынарласып реті келген салтанатты кештерде сол баяғыша аспанға ән өрлетуден танбай келеді. Ағайша әншілікпен қоса сазгерлік қабілетін де шындап жүр. Бірталай ән-әуендердің авторы. «Көкпар» деген әні «Жаңа ғасырға – жаңа ән!» атты республикалық байқауда Гран-приді жеңіп алды. Ал, Галина болса, осы Қыздар институты халық сазы және хореография кафедрасының меңгерушісі, ғылым докторы. Галина ұстазы қаршадайынан сонау Қордай жерінде, Шоқпар ауылында Кенен атасының асқақ әндерін, қырғыз туысқандардың сырлы саздарын естіп өскен екен. Ал, оның

шәкірті Ұлжан болса, Кенен мен Жамбыл жырларын, ән-мақамдарын қатар бойына сіңіріп, жан төріне қонақтатып өскен өрімтал шыбық. Ендеше, Галинаның жетелеуімен «Айгүл» ансамблінің құрамын толтырғандығының да бір заңдылығы бар сияқты. Талапты студентті талантты ұстаз дөп басып таныған. Сөйтіп, баптап, баулыған, бағын ашқан деуге әбден сияды.

«Айгүл» құрамында кең көсіліп, арнаға түсіп алған Ұлжанның өнер жолы сосын өзі туып-өскен Жамбыл ауданында жаңа жалғасын тапты. Аудандық мәдениет бөлімінде, «Құлансаз» ұлттық ән-би ансамблінде өнер өмірбаяны жазыла бастады. Алдымен кіндік қаны тамған Қарасу ауылындағы өзі орта мектепті бітірген алтын ұяда музыкадан сабақ берді. Отбасының жағдайына қарайлаймын деп, сонау Алматыда орын табылып тұрса да онда қалмай, осылай қарай екі өкпесін қолына алып жеткені шындық. Жалаңаяқ жар кешіп, қызыл аяқ қар кешіп, құстай ұшып ойнап-өскен ауыл деген кім-кімге де оттай ыстық емес пе. Соның тартылыс күші, шаңырақтың жылуы осылай шешуге итермеледі. Бүкіл көше бойын желпініске бөлеп жататын бұл ауылдың өзіндік салтанат-шуағы мол. Күнде думан, күнде той дәл осы арада. Ән мен жырдың ұйығы дерлік Еңбекшіарал мен Қарасудың, Қайназардың, Көкөзектің шашылып-төгілген той-томалағынан шаршайсың. Көңілде көп ой толқиды.

Музыка маманы болған соң құлағы ашық, көкірегі ояу, көп нәрсені жүрек түкпіріне қонақтатып алуға асығады. Әсіресе, ауыл арасында сирек айтылатын әндерді қазірден жиып-теріп, үйреніп алмаса, кейін кеш болады. Кәріқұлақ көздер шетінен кетіп жатыр. Талай әдемі ән-әуездер солардың ішінде өлді. Міне, осылардың бәрін өзінше түйіп, кәдеге жаратса дейтін ой құшағында толықситын, толғанатын, тебіреніске түсетін. Мәселен, мына Жамбыл ата ауылында Қымбат деген табиғаты ақпа ақын, әнші ана болды. Талай тойларда тындады. Ғажап енді. Қайсыбірін айтарсың, небір әуелетіп, майда қоңырлатып сыңғырлататын «Екі алуан, екі асыл зат» әні қандай шіркін! Ол кісі бұл ән Сүйінбай мен Жамбылға арналған деп оты-

рады екен. Ұлжан, міне, соны көкірегіне құйып алды. Со-сын әр беріп, түрлендіріп ел алдында шырқап салды.

Ал, Алатау баурайындағы ел дегеніңіз мұндай си-рек орындалатын тұнық туындылардың қазынасы ғой. Сырлы, өрнекті, өрелі «Қоңыр қаз, үйрек» деп аталатын әнді де Ұлжан ауыл-аймақтың сәнін кіргізетін арқалы айтқыштардан құлағы шалған. Қызығып, құмартып дереу үйреніп алып, репертуарына қосты. «Ендеше, он бесте едім, он бесте едім, Кезінде он бес жастың жанкеспе едім. Қыздармен он бесімде жауласып ем, Келгенше жиырма беске үйлеспедім» деп ойнақылана басталып: «Қоңыр қаз, үйрек, Ұшады түйдек, Құрбынды алдай берме, Үйдеп, бүйдеп, ой, қалқа-ай» деп қайырмасы құйқылжитын бұл әннің жастық кешуге, қыз-жігіттер ара қатынасына тамыздық боларлық қуаты мол. Отты, қызулы шақтың қыздырма өлеңдері жанға желпініс береді, бір-біріне деген ынтықтықты арттырады. Көңілдің құсын көкке шарықтатады.

Қазақы қара өлеңнің астарында арман, ыстық ықылас атой салып жатқаны: «Мінгенім дәйім менің торы құнан, Ақсайды жануарым тобығынан. Көңілін шынымен мен-де болса, Ауылдың жолығайық қорығынан» деп алып, енді мынадай қайырма құйылып естіледі: «Ұлпадай бетің, Мақтадай етің, Жалғанда қиын екен, Ғашық дертің, ой, қалқа-ай». Керемет-ақ қой! Қазақтан сөз артылған ба, және әрмен қарай тереңдей түседі: «Мінгенім дәйім менің қасқа құнан, Қыздардың сақта құдай, асқағынан. Құласа шы-нымен көңіл шіркін, Ауылдың жолығайық тастағынан» деп тағы да ақ ниетін ақтарады. Бұрынғы ата-бабалар са-лып кеткен қасқа жолға түсіп алып, ұлттың салт-дәстүрін сақтай отырып әрмен жалғай беретіні құлаққа қонымды, санаға сіңімді: «Құрбым-ау, серттеселі, серттеселі, Сақтаса, серттен құдай, ептеселі. көңілін расымен болса менде, Та-сындай диірменнің беттеселі» деген жігіт аңсары әдемі әуенмен әдіптеліп, ашық-жарқын назға айналады. Тұрмыс-салт жырларының үлгісінде өрнектелетін өлең сөзі де, ән ырғағы да халықтық сарынды еске салады, ойнақы әзіл-оспақтың да өз орнын тауып тұрғаны тәнті етеді.

Батырлар мен ақындар елі деп әспеттелетін аруақты Жамбыл абыздың атындағы аудан есімін шартарапқа жеткізген кәдімгі «Құлансаз» ұлттық ән-би ансамблінің құрылуы да қызық. Осы елдің арқалы перзенті Әсет Бейсеуовтың басқоз болуымен, аудан басшысы Кенжебек Омарбаев сияқты өнерге, мәдениетке жанашыр адамдардың қамшылауы арқасында айтулы өнер тобы отау тікті. Сүйінбай мен Жамбыл ғұмыр бойы жырға қосқан Алатаудың көкмайса жайлаулары, Майтөбенің төріндегі Құлансаз, Қарақия, Алаяқ, Желдісай, Қайрақты, Көктөбе, Суықтөбе, Сарыжаз, Қызылауыз, Асусай, Орыс бұлағы, Аққолтық, Көктекше, Ақоба, Жүрекжайлауды армансыз аралап келіп, Әсет Бейсеуов пен Төлеу Қосанов «Құлансаз» атты рухқа толы әнді өмірге әкелді. Мәтінін Төлеу жазып, әнін Әсет шығарды. Осындай үлкен дайындықтан соң «Құлансаз» ұлттық ән-би ансамблі сахнаға шығып, гастрольдік сапарын бастаған болатын. Ұлжан жеті-сегіз жылдай осы ақжолтай топтың туын көтерісіп, абырой атағын көтеруге атсалысты. Ел арасында елеусіз қалып жүрген сирек айтылатын әндерді тауып, ән қоржынын нықтай түсті.

Тәжірибесі толысқан, даусы әбден қалыптасып қалған ұлар үнді Ұлжанды әркім-әркім-ақ бұдан да биік жерлерден, орталардан көрінуге лайық өсіп-жетілгенін еске сала беретін. Сол тұстардағы мәдениет басында отырғандар, сондай-ақ әсіресе облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болған Жүнісбек Мұсайбеков оның облыстық аренаға шығуына септігін тигізді. Сөйтіп, Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясының әншісі болып шыға келді. Маңдайы жарқырап, жұлдызы жануына талай жанашырлардың рухани көмегі болғанын ешқашан да жасыра алмайды. Алдымен құдайдың өзіне берген таза бұлақтың суындай сынғырлаған үнімен ел аузына ілікті, сосын Күлімхан Жайшыбекова секілді Жетісу өңірінің мәдениеті мен өнеріне шын жанымен күйіп, жанатын, бүкіл болмысын соған арнаған айтулы зиялылардың қолдау, көмегін көп көрді. Сосын солардың сенімінен шығуға, үміттерін ақтауға барын салды.

Алатаудың алтын алқасындай болған аялы қала Алматының қақ төрінде, алма ағашының саясында орын тепкен облыстық филармония атына кір келтірмеуге тырысты. Мұнда, әрине, небір жезтандай, күміс көмей әншілер шоғырланған. Және қаншама ансамбль бар. Бірінен бірі асады. Анау мықты деп бөле-жара айта алмайсың. Сұрыпталған, небір сүзгіден өткен мүйізі қарағайдай таланттар сапта тұр. Гастрольге бірі кетсе, бірі келіп жатады. Ол баяғыда ұстазы Галинадан ауысқан Ыбырайдың «Гэккуін», «Гауһартасты» әбден меңгерген. Өз әлінше сызылтып-ақ әкетеді. Халық әндері «Бүлдірген», «Ақ сәулем», «Айгүлім-ай», «Қалқа бала», «Жылқы ішінде бір ала» сияқты халық әндерін ешкімге ұқсатпай, ешкімге еліктемей өз табиғатын сақтап, сан құбылтып, тыңдаушыларын соңынан ертіп әкетеді.

Жан-жағын байырқалап, бойын әбден ұжымға үйреткенше де бір қауым уақыт өтті. Байқап қараса, көлеңкеде қалып, қалың шаңның ішінде жүре беретін түрі бар. Ұмытылып, жұлқынбаса бақ-жұлдызы жанатын көрінбейді. Сосын аруақты елдің ұрпағы екендігі есіне түсіп, басшылыққа төтесінен бір-ақ айтты: «Өзімше жол тауып, жеке концерттерімді беруге бел будым. Торға қамап ұстамаңыз мырза!». Сосын Сүйінбай мен Жамбылдың аруағы қолдады ма, тақырыптық жеке шығармашылық концерттер бағдарламасы іліне бастады. «Айнақұлова Ұлжан ән шырқайды» деген жарнамалар көзге оттай басылып жүрді. Алдымен Әсеттің ән кешінде бағын бір сынап алды. Бейсеуовтың «Көктөбе көктемі», «Оралды көктем» әндерін нәшіне келтіріп шырқап, қалың көпшіліктің ілтипатына бөленді. Композитор ағасы көңілі судай тасып, ризашылығын жасыра алмады. Ұлжанның ұлардай үніндей күміс сыңғыры талайлардың түн ұйқысын төрт бөлді, дөңбекшітіп ұйықтатпағаны анық. Тау бұлағының құлаққа таныс бұлқынысы, көк құрақтың сыбдыры, самал желдің жан желпіген мап-майда лебі оның салған әндерінен айшықтанып аңғарылады. Майтөбенің сұлу шоқылары, сыңсыған қызыл тобылғылар, арқар жусандары көз алдыға келіп, қол бұлғайды ма дерсің. «Майтөбе біздің жайлау-ай, Өмірдің бар ма байлауы-ай!» деп шырқалар ән еске орала-

ды. Ұлжан оны сонау ауылда той-томалақта отырып талай естіген, өзі майын тамызып талай тамылжитқан. Сол бір ауылдың алты ауыздары ғой дәл осындай үлкен дүбірге қосылуға оттық болған. Шүкір, енді, міне, сол Майтөбе маңында әуелейтін әндер жалғасын тауып, бүкіл қазақ жұртшылығы көз тігетін сәнді сахналарға алып шықты. Қазақ әндерінің қадір-қасиетін бағалағандығы алдынан жақсылық болып қарсы алып жатыр.

Қайсыбірін айтарсың, халық қол соғып, қошеметтеген сәттерде қисап жоқ. Солардың ең бір естен кетпейтіндері: «Өнер қуған қазақтың бір қызымын» (Жамбыл Жабаевтың 150 жылдығына орай), «Жетісудың бір гүлі», «Менің пірім – Сүйінбай» деп аталатын тақырыптық шығармашылық жеке концерттік бағдарламалардың жөні бөлек. Әсіресе, «Менің пірім – Сүйінбай» атты концерттік бағдарлама дүбірі әлі басыла қойған жоқ. Сонау Астанадағы Конгресс-Холда өткен концертінің бағасы айтып жеткізгісіз. Солтүстік аймақ көрермендерін рухқа бөлеп, көңіл көздерін шайдай ашқан ұлар үнді Ұлжанның өнер көкжиегіндегі бар мүмкіндігі алақандағыдай көрінді. Концерттік бағдарламаның алтын өзегі болған Жамбылдың «Менің пірім – Сүйінбай» атты рухы биік өлеңі бүгінгі заман әніне айналып, жәмиғат біткенді ерлікке, отансүйгіштікке шақырды. Ұлы баба сөзіне жазылған бұл әннің авторы да ақын елінің ұрпағы, талантты перзенті Жолдасхан Құрамысов. Қазақтың ән өнерінде жаңа шығармалар тудыру мақсатында Алматы облысының әкімшілігі Қазақстан Жазушылар одағы, Қазақстан композиторлар одағы, «Хабар-2» телеарнасы, Қазақ радиосымен бірлесе отырып «Жаңа ғасырға – жаңа ән» атты республикалық үздік ән туындыларына бәйге жариялаған болатын. Міне, бұл ән сол байқауда бірінші жүлдені иеленген-ді. Сонда Ұлжанның орындауында шырқалып, төрешілерден жоғары бағасын алған «Менің пірім – Сүйінбай» енді Ұлжанның концерттік сапарының алтын арқауына айналды. «Арғы атам аруақты ер Қарасай, Теңселген дүбіріне тау менен сай. Пірім бар жыр нөсерін аспанға атқан, Сұңқардай саңқылдаған ер Сүйінбай» деп аспанға шарықтап барып: «Менің пірім – Сүйінбай, Сөз

сөйлемен сыйынбай. Сырлы сұлу сөздері, Маған тартқан сыйындай» деген пафоспен қайырмаға көшетін ән тереңіне бойлай білген адам ұрпақ сабақтастығын, ел мен жерді қорғаудың қашан да аса қастерлі ұғым екендігін ұғына түсері хақ.

Өнер көгінде өзінің ұлардай үнін қосып, үнемі қазақ бауырларын қанағат сезімге бөлейтін Республикаға еңбегі сіңген артист қызын көпшілік тыңдарман әмісе ести берсек дейді. Табиғаттың маңдайына жазған сыйы – елінің ежелгі де жаңа әуендерін талмай тамылжытатын Ұлжан Айнақұлованы бәрі де естігісі, көргісі келеді. Жан дүниесі әдемі де әсерлі ән-әуенге толы ол да сахнаға шығуға, көрермендер мен тыңдармандарды тамсандыруға асығады. Биік-биік тау жақпарларында жұрт көзінен тасада жүретін сирек құс – ұлар үні жас қыздың жанын баураушы еді. Енді ол да асқар Алатауының киелі құсын қайталап салсерілердің сылқым да сұлу әндерін құлаққа құйып, күміс бұлақтың сылдырындай даусын созады. Өзіндік әншілік сабағын пысықтайды. Әсіресе, «Майтөбе» әнін ерекше құлпыртып шырқайды. Айналасы ұйып тыңдайды. Бұл да болса бойға рухани ләззат құятын дәруі мол дәріс қой. Өнер дәрісі.

МЫҢ БҰРАЛТҚАН ШЫН СИҚЫР

Музыка – шабытсыз тумайды. Ал күрделі жанр – шабытпен қоса терең ойды тілейді.

Еркеғали РАХМАДИЕВ

Самаладай сахнаға жарық сәуле құйылтып, құйындай үйіріліп қисапсыз би түрлерін орындау үшін де сансыз әуен-күй иірімдері жан-жүректерді жарып шығуы керек.

....Арман қала – Алматы жұртшылығы керемет бір би кешіне куәгер болғаны есімізде. Әлемдік би өнерінің айтулы жұлдыздарын санамалап жүретін жанкүйер қауым атамекеніне екі өкпесін қолына алып, құстай ұшып жеткен ерекше өнердің өкілін бұрыннан да қадағалап, жадыға түйіп

қойғаны жасырын емес. Сонау 1998 жылы Республика Сарайында Алматы облыстық әкімшілігінің, республикалық «Қарасай» қорының, «Атамұра» корпорациясының және Жамбыл аудандық әкімшілігінің ұйымдастыруымен әрі демеушілігімен Қарасай батырдың 400 жылдығына арналған республикалық ақындар айтысы өткізілді. Сол аламан сөз сайысының арасында көрші Қытай елінен келген мың бұралған, шоқтай жанған қыз Шұғыла көрермендерді таң-тамаша қалдырып, ғажап билер шоғырын атажұртына сыйлаған еді. Сол бір әсем де әсерлі сәттерді «Жетісу» газеті тамылжыта жазып, жұртқа жар сала жеткізді. «Алғашқы айналымнан кейінгі үзілісте, — деп жазды облыстық газет, — Қытайдан келген биші Шұғыла Сапарғалиқызына Алматы облысының әкімі Заманбек Нұрқаділов толқи тұрып, темір тұлпардың кілтін табыс етті. Шет жұртта, жат ортада жүріп-ақ қазағының даңқын әлемге паш еткен қаршадай қыздың өнері шынын айту керек, біздің тарапымыздан өз деңгейінде бағаланып келе жатқан жоқ. Осы орайда әкімнің ізгілікке толы игі шарасы көрермен көңілін көзайым ризалыққа бөлегені ақиқат-тұғын. Орындарынан тік тұрып ұзақ қол соққан халық ілтипаты осыған дәлел».

Қазақстандағы зиялы азаматтардың жанашырлық ықпалы арқылы сырт елде болса да өз ата-мекенінде өнерін паш етуге мүмкіндік алған Шұғыла қыздың қол ұшын созған ойлы жеке тұлғаларға шын ықыласты ризашылығы ерекше. Өз ұлтының тілін, ділін, дінін бой тұмарындай сақтап, сол мемлекетте би өнерінің құпияларына қаныққан қаршадай қыз бүгінде елу алты ұлттың билерін сахнаға шығаратын биікке жеткен. Сол талантының арқасында Қытай мемлекетінің ең жоғарғы дәрежелі бишісі деген атағы бар. Бұл біздегі Халық артисі атағымен пара-пар. Бидің әліппесін Құлжадағы қазақ би мектебінен бастаған талапты жас кейіннен Пекиндегі университеттің би факультетін, яғни, осы елдегі би сиқырын бойға дарытатын ең жоғарғы оқу орнын тамамдаған тұңғыш қазақ қызы. Сосын, сол Пекиндегі Ұлттар ансамблінің бишісі болып ұжыммен бірге Америка, Италия, Жапония, Корея, Франция секілді небір шетелдердің сахнасында өз өнеріне тәнті

еткен-ді. Қай елге барса да қалайда әйтеуір өз ұлтының бір биін билемей қоймайтын оның ұлтжандығы алабөтен.

Қашанда талантты ұл-қыздарға қамқор көңілін білдіріп, бауырына басатын Елбасының ықыласына оранған Шұғыла тәуекел етіп атақонысына қоныс аударды. Дәл осындай кілең талантты жастар шоғырланған Президенттік оркестрдің бишісі, Күләш Байсейітова атындағы ұлттық опера және балет театрының балетмейстрі тәуелсіз Қазақстан жұртшылығына табиғат сыйлаған тамаша өнерін көрсете бастады. Әйгілі Шара Жиенқұлованың, Гүлжан Талпақованың, Тойған Ізімованың өнер өрнегіне қол соққан республика тұрғындары, енді, міне, Шұғыла қыздың көз тоймас сұлу да сымбатты өнбойына лайық би иіріміне назар тікті. Ата-жұртына ақ періштедей қанат қағып, жүрегі лүпілдеп жеткен буынсыз биші Елордасы – Астанада да жеке концерт қойды. Сосын, оңтүстік астана ретінде халық көкейінен ежелгі мәртебесі кетпейтін Алматы көрермендерімен қауышты. Алда – екі үлкен арманы бар. Астана мен Алматыдан өзінің би мектебін ашсам дейді. Қамқор ел ағалары барда ол орындалатын ізгілікті шаруа ғой.

Иә, ол шуақты көңілімен, шапағатты биімен жұрттың жүрегін Нұрландыратын нағыз Шұғылаға айналды. Яғни,

*Өрнекті бимен өнерін
Көрнекті қылған Шұғыла!
Құйындай қимыл кемерін
Келбетті қылған, Шұғыла!*

*Жанына биді жалау қып
Ұмтылып өскен, Шұғыла!
Арманын асқақ алау қып
Жұлқынып өскен, Шұғыла!*

*Өссе де шетте, өз тілін
Арым деп білген, Шұғыла!
Атажұртына көз тігіп
Барым деп білген, Шұғыла!*

*Қанатты құстай қалықтап
Ұшамын деген, Шұғыла!
Мекенін мәңгі анықтап
Құшамын деген, Шұғыла!*

*Әлемнің көгін шарлаған
Шағала сынды, Шұғыла!
Биіңді елің барлаған
Бағаласын да, Шұғыла!*

*Ақ борандай бұрқаған
Қимылың керім, Шұғыла!
Сұлулық гимнін шырқаған
Пиғылың сенің, Шұғыла!*

*Сыйлаған нақыш жұртына
Мақсаты ерен, Шұғыла!
Көнбеген тағдыр ырқына
Жақсы атыменен, Шұғыла!*

*Қалауын тауып жасынан
Көңілі тынған, Шұғыла!
Өзендей өнер тасыған
Өмірі тұнған, Шұғыла!*

*Жұлдыз болып жарқырап
Жанып та тұрған, Шұғыла!
Алақан соғар әркім-ақ*

Қалыпта тұрсын, Шұғыла! –деп біз де сәмбі талдай сахна көркін кіргізіп, сәнін арттырған сымбатты мүсін иесіне ақ ниетімізді ақтардық.

Мың бұралған буынсыз қыздың репертуары тіптен мол. Олар және жадағай, қарапайым нәрселер емес. «Үкілі ару» атты музыкалық-хореографиялық композициядан тұратын беташарының өзі терең тылсымына батырып, бірден-ақ баурап әкетеді. Кілең оқиғаларға құрылған атаулы билерді санап тауыса алмағандайсың. «Аспанға ұшу», «Шыны биі»,

«Кәріс биі», «Ай нұры», «Өзбек биі», «Шұғыла назы» деген сияқты тізіліп кете береді.

Бір оқиғадан бір оқиғаға сүңгітіп жіберетін атаулы билердің әсерінен айыға алмай отыратын жұрттың жүздерінен танданыстың табын байқау қиын емес. Биші әр шыққан сайын сан құбылып, мың құлпырған әр түрлі киімімен де көздің жауын алып, үздіктіріп отырады. Осы орайда әдебиетіміздің әйгілі классигі Бейімбет аға Майлиннің «Шұғаның белгісі» атты керемет әңгімесі ойға еріксіз орала береді. Сонда: «Шұға десе, Шұға еді-ау өзі де. Әй, шіркіннің өзі де келбетті-ақ еді... ақ құба еді, талдырмаш, көзі қап-қара, осы үріп ауызға салғандай еді. Ажары қандай болса, ақылы да сондай. Сөйлеген сөз, жүрген жүрісі қандай, бір түрлі паң еді-ау, шіркін! Бұл күнде ондай қыз қайда! Әй, өзі де Шұға десе, Шұға еді-ау!» деген жолдар бар. Бірақ ол Шұға сүйгені Әбдірахманға қосыла алмай, құсадан көз жұмады. Құдай ол Шұғаның тағдырын әрмен қылсын! Тек жазушы ағамыздың тамылжытып, тамсанып суреттеген сол Шұғаға аты ұқсас біздің биші Шұғыланың есімі қай жүрекке де шұғыла құяды, көркі де, өнері де көз тойдырады. Әсіресе «Ай нұрына шомылған айшуақ қыз» атты хореографиялық композицияға құрылған көркемдік қойылымның өнбойындағы Шұғыла қызды тамашалаудың рахаты, ләззаты өзгеше.

Республикалық Ұланның Президенттік оркестрінің, мемлекеттік «Алтынай» би ансамблінің сүйемелдеуімен Республика сарайын және Астана сахнасын күн шуағындай шұғылаға бөлеген Шұғыла қыздың шын таланты көз тігіп, құлақ түргендерді шынтуайтында тәнті етті. Мәселен, қытай биі – «Аспанға ұшу» тылсым елдің ғажайыпстан өлкесіне саяхат жасатқандай сәт кештіреді. Тарихы тым тереңде жатқан қытай халқының жан терберлік жанға жұмсақ сазымен шырқөбелек айналған биші қимылынан көп нәрсені аңғару қиын емес. Үлде мен бүлдеге оранып жүріп елдің көзін жаулаған қыз ертегілер елінен таныс перінің бейнесін өрнектейді. Құлаштап өлшеп, жайып кеп жібергенде тұп-тура он жеті метр шығатын жібек матаны жан-жағына үйіріп, басынан айналдыратын көріністер

ғажап-ақ емес пе?! Ұйғыр халқының «Шыны биі» де шын шеберлікті қажет етеді. Төбесіне қаз-қатар кесе қойып, қос қолына тәрелке ұстап сахнада ұршықша үйірілу оп-оңай деп ешкім де айта алмас сірә де. Шығыс халқының ұлттық үрдісін көз алдыға әкеліп, салт-саналық сән-салтанатты паш ету де бір ғанибет. Әр бір ұлттың тағдыры, тарихы өрнектеліп жататын атаулы билер галереясы Шұғыланың тұла бойында тұнып тұр. «Өзбек биі», «Кәріс биі», «Қазақ биі» деп жалғаса беретін оның репертуары бай, кең құлашты, шалқар өрісті, тіпті өзі де ойлап таба қояды.

Бүгінгі таңның ырғақтары бой көрсететін «Ай нұры» биі де бастан-аяқ баурайды, көңілге желік бітіреді, қазіргі уақыт тынысын танытып, атойлатады. Мақпал түріндегі аппақ айдың сәулесімен сырласқан қос жүректің лүпілі естіліп тұрғандай қылықты да қызғылықты мың бұрылыстар талай сырға жол бастап, «жүр-жүрлейтін» секілді. Ай нұрына шомылған Шұғыла қыздың жан-дүниесінен хабар беретіндей бұл би құйындары өзіне үйіріп-ақ алады. «Шұғыла назы» да өнер иесінің арман-мұңымен аста-сып, қилы-қилы иірімдерімен тамсанып тастайды. «Тоты құсты» айнытпай көз алдыға тосқан Шұғыла биінің ең бір биік шыңы – «Бөртең биі» десе болғандай екен. Шыңғысханның нақ сүйері, қазақ қызы Бөртең биін бізге жеткізген Шұғыла қыздың бұл бір жаңалығы болды десек, артық емес. Тіпті, би өнеріндегі ерлікпен бірдей тұңғыш талпыныс. Бүкіл әлемді тітіркенткен Шыңғысхан қалай ғана қойнындағы әйелі Бөртең би алдында тік тұрды екен деп таңданбасқа лажың жоқ. Міне, осының барлығы би барысында беп-белгілі болып тұрғандай. Қазақ қызының табиғатындағы бүкіл адами қасиеттер – қайсарлық, сұлулық, ақылдылық, тәкәппарлық, өжеттілік пен өрлік мінездер қаһарлы ханның жүрегін жібітіп, тәубеге келтіреді. Ал, мұның бәрін де сиқырлы би құдіретімен баяндап беретін Шұғыла қыздың өнеріне қалайша қол соқпайсың?!

Салауатты адамдар ел тірегі,

Қиын істің қиюын келтіреді.

Оған деген халықтың көңіл-күйі,

Алғыс болып жүректен шертіледі.

*Нардың жүгі олардың арқасында,
Көш бастайды алапат бұрқасында.
Ел басқару әуелден оңай емес,*

Шырылдайды екі оттың арасында, —демекші, елішінен таланттарды танып, қалың жұрттың алдына шығару үшін де тізгін ұстаған жақсылар мен жайсандардың қамқорлығы қажет. Міне, осы ретте Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбегі ерекше екені анық. Қазақы қаны тұла бойында шапшып тұрған, өнер шыңына өрмелеп келе жатқан Шұғыла қыздың ата-мекеніне ат басын тіреуі сол Елбасының арқасы десе де болғандай. Жер бетінде тарыдай шашырап жүрген қазақ бауырларымызды өз отанына жинауда ел басшысының рөлі ерекше. Қазақтың салт-дәстүрін, тұрмыс-болмысын, ана тілін, әнін, дінін баз қалпында сақтаған сырт елдердегі қандастарымыз ата-жұртына қаздай тізіліп қайтып оралып жатса, қуанбасқа не, құдайым-ау! Шуақты өнер сыйлап, жан рахатына бөлеп жүрген, бүгінде Лашын және Тамырлан есімді егіздердің анасы болған Шұғыла қызымыздың ұлттық үрдісіміздің адымы ұзара беруіне қосар үлесі қомақты екендігіне қазіргі ұмтылыстары куә.

Шұғыланы жарық дүниеге әкелген, мәпелеп өсіріп, дәл осындай дәрежеге жеткізген, бүкіл әлем таныған буынсыз биші қызын қолынан жетелеп, ата-жұртына қайта оралған қарқарадай әкесі Сапарғали екенін де қалай ұмытарсың! Топырағы торқа ата-мекеннің төріне нық жайғасқан асыл әке құрметіне мынадай жыр жолдары лайық емес пе?!

*Толғанса тарқап құмары,
Көзінде тарих тұнады.
Көңілі қалса кішіден,
Оп-оңай сағы сынады.*

*«Жаратқан өзің жар бол» деп,
«Жұрағаттарым бар бол» деп,
Жұмыр жерде нығыз жүр,
Қазына толы нар кеуде.*

*Ағайын басын қосатын,
Сөйлесе жорға жосатын.
Қиындыққа қыңқ етпей,
Жауырынын тосатын.*

*Аруақты адам – арымыз,
Қайыспас қара нарымыз.
Қандастарды әлі біз,
Жинай алмай зәруміз.*

*Ұрпақтың қамын ойлаған,
Тарихқа терең бойлаған.
Қазақтың тағдыр-талайын,
Ұғатын заңғар ойлы адам.*

*Баршаға үлгі болғандай,
Азамат дерсің ол қандай?!
Ақжолтай жанды көргенде,
Тұрарсың қалай толғанбай?!*

Шіркін-ай, әр бір ата-ана дәл осы Сапарғалидай ұл-қыздарын өнерлі қып өсіріп, ата-мекеніне ата қаздай бастап келе берсе ғой.

Республикалық Ұлан Президенттік оркестрінің бишісі, Күләш Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театрының балетмейстері, Қытай мемлекетінің ең жоғарғы дәрежелі бишісі атағын алған Шұғыла Сапарғалиқызының жанға шуақ шашатын шапағатты әсем де өрнекті өнер мектебі Астанада ашылып, онда 30 бала оқи бастады. Ол әлі-ақ тамырын тереңге жайып, өз жемісін береді.

ТОҒАУЛАР



СӨЗ САЙЫСТЫҢ САРДАРЫ

*Түре айтыстың тұлпары
Сүре айтыстың сұңқары*

*Халықты тілмен қорғадым,
Сөз шындыққа келгенде,
Бас кессе де болмадым.*

Сүйінбай АРОНҰЛЫ.

Аспанғау ашкөз сұңқары,
Аламан ақ боз тұлпары.
Айтыстың жампоз сұлтаны,
Ақпанның ақкөз бұрқағы,
Шындардан асқан шырқауы,
Аласармас жыр тауы,
Қақпандай қатты құрсауы.

Ойып та түсер от тілі,
Ебінің желі екпіні,
Бәрінен биік шоқтығы.
Майрылмас алмас өткірі,
Қанына тартқан тектілі.
Жырлаумен өткен көп күні,
Халқына тиген септігі.

Ержүрек етті ел қамы,
Қызыл тіл болды қорғаны,
Ақындық атқа қонғалы,
Батырлар жырын толғады.
Өзінше ерлік ол- дағы,
Жанына тыным болмады,
Жұртына жақты ордалы.

Ұрандап «Қарасайлады»,
Ұлтының болды байрағы,

Алқалап жүрді аймағы,
Алапат ұрыс ойраны.
Тебіrentпей тіпті қоймады,
Жүрекке шер де байлады,
Жігерді жанып, қайрады.

Домбыра болды қылышы,
Ұраншы болды дұрысы,
Толғанса кеңіп тынысы,
Жазылып дене құрысы.
Жалпыға ұнап бұл ісі,
Шаттанды тасып ырысы,
Қолдады Қазақ ұлысы!

Сұраншы, Саурық, Қарашты,
Қазыбек, Қастек, Манасты,
Ыстықкөл, Шу мен Таласты,
Жырлаумен талай таң асты.
Қарашаларға қарасты,
Жайсаңдарменен жарасты,
Аралап алты Алашты!

Өтеген батыр ерлігі,
Өзгеше рухпен өрбіді,
Таң асқан аттай сергіді,
Айшықтап арғы-бергіні.
Құйындай ұйтқып өрлі үні,
Жұбатты мұңлы, шерліні,
Дастаншы болды белгілі.

Алатау қоныс, мекені,
Қырғызға да асып кетеді,
Жеңістің айғақ өтеуі:
Сыйлыққа толып етегі,
Жылқыға толып жетегі,
Ентелеп елге жетеді,
Өрелі, ойлы, жетелі,
Жырлары мәшһүр етеді!

Нөсердей екпін, арыны,
Қазақтың атпал нар ұлы,
Айтыстың асқан алыбы,
Өзендей өлең сарыны.
Телегей-теңіз танымы,
Бет қаратпас қарымы,
Намысын елдің жаныды!

Қас дұшпан қаны қарайған,
Қазақты қырған талайдан,
Айналып соғып маңайдан,
Көздерін тігіп алайған.
Төгілді наһақ талай қан,
Кетер ме әсте сол ойдан,
Келмеген жеңіс оңайдан!

Баһадүр, батыр, қаһарман,
Адырна тартқан атарман,
Қалмаған бұғып қатардан,
Таусылмай түге татар дәм.
Бәрі де батыр атанған,
Атажұрт туған Отаннан,
Оянып намыс оталған!

Қарманып халық қан кешкен,
Күреске шыққан көнбестен,
Серттесіп семсер сермескен,
Түн қатып ұйқы көрместен.
Жат жұртқа тізгін берместен,
Шығарсын қалай елді естен,
Найзағай тілді наркескен.
Еңіреп өткен ерлерді,
Босатқан жаудан жерлерді,
Айғақтап сел-сел терледі,
Қу жаны тыным көрмеді,
Өмірдің ащы кермегі,
Кеудені желдей кернеді,

Айтпасқа мұрша бермеді!
Сұрапыл соғыс шындығы,
Дұшпанның қылған сұмдығы,
Қылыш пен қалқан сынғыры,
Қашырды көзден ұйқыны,
Елестеп тұрды күн-түні,
Шырылдап шығып шыр-пыры,
Сыпыра шертпек кім мұны!?

Әлбетте, ақын шертеді,
Оқиға іште дертеді,
Желбіреп жеңіс желкені,
Қорғаған ұйық өлкені,
Жетісу – жердің көркемі,
өссін деп елдің өркені,
Ерлікті жырлау серт еді!

Сылдырын тындап бұлақтың,
Сыбдырын естіп құрақтың,
Құйрығын түйіп құла аттың,
Қалқанын тосып құлақтың.
Сәулесін төгіп сынап – күн,
Тұнжырап тұрса тұмақ – түн,
Сыр қылып төгер сұрап кім?!

Әмбесін ақын ұғынар,
Арқада ауыр жүгі бар,
Жүректе туа түгі бар,
Халықтың кегін қуынар.
Бекемдеп белін буынар,
Малшынып терге жуынар,
Анадан қайта туылар.

Бұрқанып солай жыр төккен,
Жарысып уақыт – жүрдекпен,
Ұғысып дүние-дүрмекпен,
Батырға деген құрметпен.
өлеңнің бағын гүлдеткен,

Шабыттың шоғын үрлеткен,
Шанағын шалып гулеткен,
Нақышын неше түрленткен.

Қарасай дүрдің ерлігі,
өршіген өрттей өрбіді,
Иықта батпан ел жүгі,
Ұрпақтың қамы ендігі,
Дастанға көшіп белгілі,
Ұлтының дарқан кеңдігі,
Тыңдаған қауым сергіді.

Ұранға солай айналған,
Найзаға байрақ байланған,
Бөрі басы – айбардан,
Намысы көптің қайралған.
Бес қаруын сайланған,
Айтұмар таңба – айдардан,
Атойлар көңіл жайланған.

Жоңғардың жайпап жорығы,
Қалмақтар байқап торыды,
Ойраттың тонап тобыры,
Қырғыздың манап обыры.
Қоқанның датқа содыры,
Қаптаған дұшпан шоғыры,
Сүргінге салды со жылы.

Заманның зауал жылдары,
Қазақты сынап, шыңдады,
Қашанда берік құндағы,
Шытынап бірақ сынбады.
Батырлар болып құрбаны,
Ел-жұрттың көзі құрғады,
Сүйекең тынбай жырлады.

Тарихтың екі ғасыры,
өтсе де өнер асылы,

Тау суындай тасыды,
Үзілмей айтыс рәсімі,
Алшыдан түсіп асығы,
Шындықтан шықпау тәсілі –
Найзағай оттың жасыны!

«Халықты тілмен қорғадым,
Бас кесе де болмадым,
Зорларды сөзбен торладым»
Дегенде даңқты сол дарын.
Аспанға жайып қолдарын,
Дұғамен түзеп жолдарын,
Айтыспен ашты ол бағын.

Есінде мәңгі жұртының,
Майланған кезі мұртының,
Көңілдің жамап жыртығын,
Мақамның созды түр-түрін,
Кезеніп домбыра, мылтығын.
Ілместен көздің кірпігін,
Сайратқан нөпір жыр тілін,
Намысын жыртып ұлтының.

Ыстықкөл тулап түнерді,
Шағала шулап үдерді,
Тықыршып аттар шідерлі,
Кісінеп тіпті жіберді.
Қос ақын қунақ, жігерлі,
Айқасқа түспек, міне, енді,
Таратпақ Қырғыз шүленді.

Ақиығы елдік айтыстың,
Осалын білер қай тұстың,
Тереңдеп кетті айтыс тым,
«Жеңесің, – десті қай күштің,
– Біріңе-бірің сай түстің»...
«Баршынмын» деген Қатаған,
Кейпіне түсті жай құстың,

Болмады жолы байғұстың!
Ардақтап алты Алаштан,
Айтысқа алғаш жол ашқан,
Іргелес елмен санасқан,
Суырыпсалма таластан,
Арғымақ аттай таң асқан,
Шекарадан ары асқан,
Куә оған мәңгі қара аспан!

Әуезов танып, білгені:
«Айтыстың алтын дiңгегi»,
Шалқыма шалқар жыр кенi,
Өлеңнiң отын үрледi,
Эпостар төктi күрделi,
Дастандар шерттi iргелi,
Толғантты дүние дүрмегi.

Батасын бердi Жамбылға ,
Зейiндi зерек алғырға,
Өлеңшi өжет балғынға,
Жайқалған шалғын, балдырға,
Қамшылап салды даңғылға,
Шомылып өскен ән-жырға,
Шәкiртi ырза тағдырға,
Жалғасты iзi сан жылға.

Ақындар, әттең, көп едi,
Халыққа тиген көмегi,
Суырыпсалма өлеңi,
Желпiнiптi жұртты жебедi.
Домбыра дауысы демедi,
Рухани азық себебi,
Арзымас елдiң қорегi.
Аламан айтыс сан қырлы,
Жамбылмен үдеп жаңғырды,
Арындап айыз қандырды,
Тоғытып толғау жаңбырлы,
Әлемнiң жұртын таңғылды.

Өлеңнің отын жандырды,
Мәңгілік атын қалдырды,
Ұстазы төккен сан жылғы,
Жеткізді бағзы ән-жырды,
Батыр жырын тағдырлы,
Жаңаша жырлап жаздырды.

Сүйінбай ізін жалғаған,
Ғұмырын жырға арнаған,
Тұрса да қысып зар-заман,
Жан-жағын жыға барлаған,
Шабыты шалқып маздаған,
Нәсібін теріп ылаждаған,
Мандайға жұмақ жазбаған,
Халқының шерін қозғаған,
Жоғалып кете жаздаған,
Ақындар болды аздаған...

Өршіген өрттей лапылдар,
Өмірзақ, Өтеп ақындар,
Арғынбай, Мақыш батылдар,
Жұртына жаны жақындар,
Кенен, Оспан пақырлар.
Қасқайып айтар батырлар,
Қымбаттай әйел-заты бар,
Лебізі лықсып, лақылдар,
Жартыбай оқтай атылар,
Сөздерін судай сапырар,
Малдасын құрып отырар,
Толғаумен таңын атырар...

Үмбетәлі, Қарабек,
Көздерінде жанады от,
Әбдіғали дара боп,
Шүкітайлар жаңа леп.
Талапкерлер және көп,
«Қарсыласым қане» деп,
Әсімхан топты жара кеп,

Әлімқұл салып сан әлек,
Надежда тастар өрелеп,
Есенқұл сақтар сәл әдеп.
Жабысқан оған «пәле» көп,
Әселхан, Әсия қос аққу,
Ұстатпай ұшқан әуелеп,
Көбісі одан зәрезеп...

Ақанның үні әлемет,
Әзілге Ермек керемет,
Шымшуға шебер Әуелбек,
Оталар Жылбек әзер деп.
Жалғасқан солай жыр-өрнек,
Қуаты күшті шын ермек,
Шырқаған аудан бір өрлеп,
Ұмтылған тізгін үзем деп,
Дамыған дәстүр болмаса,
Шәкірттер мәшһүр болмаса,
Сүлейлер сүрлеу салмаса,
Қараптан-қарап қалайша
Айтыстың көші түзелмек?!

Сүйінбай сүлей соқпағы,
Талантты не бір топтады,
Жарқылдап көзде оттары,
Жұртының мұнын жоқтады...
...Алайда, жым-жырт боп бәрі
Жұтқандай өмір оқпаны,
Келіспей жүр ме баптары,
Қоздамай жатыр шоқтары,
Ашылмай жатыр бақтары.
Естілмей жатыр аттары,
Барының онша жоқ мәні,
Таусылған сынды «оқтары»...
Айтыстың көші нөқталы –
Есенқұлмен тоқтады...

ЖЕЛМАЯ ЖӘКЕМ ЖЫРЛАСА

(ЖЫРАУЛАР ІЗІМЕН)

*Домбырам басы долана,
Мен сөйлеймін қонаға...
(Халық өлеңі).*

Долана домбыра қолға алып,
Тереңнен тартып толғанып,
Дүниеде нелер болғанын,
Жүрісіне салып жорғаның,
Өлеңдей қара қорданың,
Арманын Алаш орданың,
Замана запыран зардабын,
Айтуға шебер зор дарын,
Тыңдасын жұрты ардағын!

Әлемге аты әйгілі,
Болса да қашан, қай жылы,
Айтыста алған бәйгені,
Арыстан тектес айбыны,
Бөліскен мұң мен қайғыны,
Телегей-теңіз айдыны,
Жүзінде ойнап ай нұры,
Бес қаруы сай күні,
Қоздаған өлең-байлығы!

Көрсө ғой осы ұрпағын,
Жарқырап атқан нұр таңын,
Көтеріп көкке жыр-тағын,
Қол бұлғап алда бір сағым,
Асырып айға шырқауын,
Күйлерін шертіп бір қауым,
Сөйлетіп жанның мылқауын,
Айғақтап себеп-сылтауын,
Бұзар-ақ уәйім құрсауын!

Жәкемдей төгу қиын-ды,
Сүйінбай пірге сиынды!
Қырандай көктен шүйілді,
Шүмектеп тері құйылды,
Сақадай сөзді шиырды,
Қиялмен шалды қиырды,
Өлеңмен ашып жиынды,
Аталы сөздер бұйырды,
Баспады ескі шиырды!

Егемен елдің шат күнін,
Көрсө ғой Жәкем нақ бүгін,
Шашар-ақ еді шаттығын,
Баса алмай қарқын аптығын,
Көтеріп жырдың ақ туын,
Көңілдің жұпар пәк гүлін,
Қазақтың қардай ақтығын,
Абылай ханның ақ туын,
Әділет жолы хақтығын!

Жырласа Жәкем бүгінді,
Жамылып жасыл туымды,
Жайнаған Жетісуымды,
Қыздарын әсем бұрымды,
Оралған салтын бұрынғы,
Жігіттер жампоз жырынды,
Шетінен сырбаз білімді,
Меңгерген шетжұрт тілінді,
Алысқа даңқы білінді!

Елұран кетті аспандап,
Алақан соқтық қос қолдап!
Айтқанда ептеп астарлап,
Биіктей түсті баспалдақ.
Асырып айтса асқан бақ,
Көрсетсе болар басбармақ.
ЕЛБАСЫ берген жоспарлап,

Жамағат қалай жасқанбақ,
Қалмақшы кімдер бас қамдап?!

Жұмылған жұрттың жігері,
Ұмтылған сайын үдеді.
Бірігіп барша білегі,
Бір жерден шығып тілегі,
Дүрсілдеп бірге жүрегі,
Қайғырып, бірге күледі,
Білегін бірге түреді,
Сөз емес нарық түнегі,
Жарасып жүрер үнемі!

Жағдаят қой жыр етер,
Халықшыл жүрек дір етер.
Жаңаша Жәкем түлетер,
Ұйқысыз түнді күзетер,
Көңілде көп ой түнетер,
Жәкеңнен әсте кім өтер,
Мәпелеп жырын гүл етер,
Қисықты мінеп түзетер,
Мінезден ада тыз етер!

Аспанға ұшты Айдыным,
Аралап көктің Ай, Күнін.
Төрт құбыла сай бүгін,
Телегей-теңіз айдыным,
Асқақтай түсті айбыным,
Дербестік басты байлығым,
Қалайда көңіл жай бүгін.
Айтсақ та елдің қай қырын,
Уыстап жүрміз ай нұрын!

Еліміз шыңға өрледі,
Нарықты бұйым көрмеді.
Қиянға құлаш сермеді,
Кеудені шаттық кернеді.
Қазыналы қара жердегі,

Өзгерді өмір өрнегі,
Көп екен алда көрмегі,
Қазағым шырқап ерледі,
Намысын жатқа бермеді!

Көк байрақ тұрды желбіреп,
Қазақтың күні келді деп,
Ет-жүрек кетті елжіреп.
Ұлдары болды ержүрек,
Қыздары күлді мөлдіреп,
Батырлар шықты сом жүрек,
Ызғарға халық тоңды көп.
Көшбасшы көсем оңды боп,
Қазаққа бақыт қонды кеп!

Ана тіл асқақ ардақты,
Жалт қаратты жан-жақты,
Мәртебесі салмақты,
Депутат сынды мандатты,
Құдырет-күшін аңдатты,
Толағай ойды толғатты,
Халықтың құжын қорғатты,
Мінбеден биік аруақты,
Әлемге сәлем жолдатты!

ЕЛБАСЫ ұлттың ардағы,
Ғаламға лебіз арнады,
Алаштың қолдап аруағы,
Қазақтың тілі шарлады,
Зорая түсті салмағы,
Осы еді жұрттың арманы,
Қанаты көкке парлады,
Жөнделе жатар қалғаны,
Тыныштық болса болғаны!

Осыны Жәкем жырласа,
Шаттанып халқы тыңдаса,
Абыздың сағы сынбаса,

Өрілсе өлең жымдаса,
Домбыра-диірмен зырласа,
Әлеумет көппен сырласа,
Ақын ба думан құрмаса?!
Бақыт қой шіркін бұл да аса,
Жырлаудан жағы тынбаса!

Әлбетте, абыз ағылар,
Айтылар уәжіп табылар,
Жүректе шырақ шамы бар,
Қазақы қалпы қаны бар,
Дүлділдей дәркей бабы бар,
Бойында оттың табы бар,
Тәңірге ғана табынар,
Доданы тілеп сағынар,
Тағысын тағы тағы бар!
Аламан аңсап тұратын,
Алдаспан тектес дүр ақын,
Қапыда қақпан құратын,
Ұрымтал тұстан ұратын,
Сөздері сойқан сұрапыл,
Боршалап бір-ақ тынатын,
Бойында сақтап қуатын,
Тілінде қасиет қуақыл,
Аңғалдың аузын буатын!

Езуде мошқау мысқылы,
Сілейтіп салар сұстыны,
Бет қаратпас ыстығы,
Көзінде оттың ұшқыны,
Емендей еңсе ұстыны,
Жартастай жұмбақ ныспылы,
Қырандай қылаң түс-түрі,
Найзаның нағыз үшкірі,
Сайрауық сара құс тілі!

Ақпанның ашу – бораны,
Жолбарыс сынды жаралы,

Сүйінбай сүлей сорабы,
Тарихтың тоқсан торабы,
Домбыра қару-жарағы,
Оқ-дәрі толы шанағы,
Қыраулы қас пен қабағы,
Замана ізін бағады,
Дамылсыз дабыл қағады!

Өмірге өзі туасы,
Көбіне болды куәсі,
Айтқанда сөздің расы,
Аузының бар-ау дуасы,
Күллі адамзат жуасы,
Алтын күннің шұғыласы,
Төрт тараптың құбыласы,
Бар Қазақтың тұлғасы,
Азат болды құл басы!

Тәуелсіз күнді тілеген,
Қайта туып түлеген,
Аяттар айтып сүреден,
Қызғалдақ кешіп тізеден,
Құбылаға бетін түзеген,
Сәйгүлік баптап күзеген,
ЖӘКЕМ-ау, өлең тізер ең,
Емініп маржан сүзер ең,
Тебініп тізгін үзер ең!

Айырып ақ пен қарасын,
Қисықты жолға саласың,
Алқалап адам баласын,
Жаңғыртып ой мен санасын,
Жырға орап оттай жанасың,
Саумалап сөздің сарасын,
Дастаншыл даңғыл данасың,
Електей екшеп аласың,
Ғасыр мен ғасыр арасын!

Жетісу жәннат тұрағың,
Жеті өзен күміс бұлағың,
Өмірдің жағып шырағың,
Өзгерген мүлде мына күн,
Заманның көріп сынауын,
Желтоқсан желі жылауын,
Аяздың кешіп қылауын,
Қиямет-қайым сұрауын...
Азаттық жолы тым ауыр!

Желтоқсан жырын төгер ең,
Ерлікті қозғап көнеден,
Суырылып шығып сөреден,
Жасындай төніп төбеден,
Батырдай аруақ жебеген,
Өлімнен қорқам демеген,
Соларды қолдап демер ең,
Оларды кімге теңер ең?!
ЕЛ БОЛСАҚ ДЕГЕН ЕГЕМЕН!

Тулаған толқын кешегі,
Ұласты көшке көшелі,
Өзінің кемел көсемі,
Елінің түгел есебі,
Қайтпаған сөзден меселі,
Жібермес ешбір есені,
Дарабоз даңқың сес еді,
Өзіңе өсек өш еді...
Ояна кетсең, Жәкем-ау,
Жұртыңның бағы бес елі,
Толғайтын кезің осы еді!

ШӘКІРТТЕРІН ШАРБОЛАТТАЙ ШЫҢДАҒАН (ТОЛҒАУДАН-ТОБЫҚТАЙ)

Алатаудың аңғарында жатқан ел,
Қарақыстақ өзенінде ақ форель.
Суы мөлдір, таза ауасы тамаша,
Жайлауынан жан рахатын тапқан ел.

Осы өңірден шықты қанша өнерлі,
Асан ата ақ түйесін шөгерді.
Туды тағдыр талантымен танымал,
Небір саңлақ сайыпқыран шеберді.

Сүйінбайды кім білмейді арқалы,
Ақындықтың дуалы ауыз тарпаңы.
Еларалық айтыс туын көтеріп,
Асыл сөздің адырнасын тартады.

Жамбыл жәкем жер жүзіне әйгілі,
Қазақ үшін жыраулықтың айбыны.
Жүз жыл жырлап, елеңдеткен әлемді,
Белден кешіп қасірет пен қайғыны.

Қарғабаев Өмірзақтың өр үні,
Қара өлеңнің қып-қызыл от көрігі.
Сусындатты хиссалатып халықты,
Жалын жүрек Жамбыл қарттың серігі.

Әбдіғали Сариев те сері еді,
Мың-сан өнер бойында бар себебі.
Бір басынан табылатын ән мен жыр,
Кеудесінде мұқым тарих дерегі!

Әнуарбек Дуйсенбиев дүр ақын,
Жазбагерлік жан айқайы сұрапыл.
Анда-саңда ат ізін сап ауылға, ^к
Алматыдан қолын бұлғап тұратын.

Мұхаметжан Етекбаев жібектей,
Тау етегін мекендеді қың етпей.
Ертегісін елжіретіп төгетін,
Естен кетпес түске кірер сұр еттей.

Әуезовпен сұхбат құрған анасы,
Сұлтанғали Садырбайдың баласы.
Фольклордың қалқып ішіп қаймағын,
Ұстаздарға ұстаз болған жан осы!

Оспанханның ойыны өткен осы ара,
Талантына тұмар таққан босаға.
Қарақыстақ қанаттыға құтты ұя,
Талаптанған қалған емес тасада.

Бигелдиев Садуақас қаламы,
Жорғалаумен жырлап өтті даланы.
Махаббаты, Абайы да әкім боп,
Әділдікпен жұрт көңілін табады.

Қосбармаков Ержан әннің перісі,
Гүл жайнаған өнердегі өрісі.
Дәріс беріп бұлақ көзін ашады,
Өзінен де озып кетті көбісі.

Иісова Тұратайдың өрнегі,
Сахнаны қаншама рет кернеді.
Амал нешік, ерте үзілді үміті,
Тағдыр қатал ұзақ ғұмыр бермеді.

Қарсақбаев Абдолланы ел көрді,
Киногерлер жұлдызына теңгерді.
«Менің атым Қожа» деген сияқты,
Фильмдері сан ұрпаққа дем берді!

Мейрамова Жұмагүлдің жаны ізгі,
Театрдың жұпар гүлі тәрізді.

Арулардың қасіретін бейнелеп,
Көрерменнің көзден жасын ағызды.

Қозыкеев Бақтыбектің жырлары,
Сұлулардың түн ұйқысын ұрлады.
Қапы кеткен қыршын жасты іздейді,
Қызғалдақты Қызылауыз қырлары...

Сәрсенова Бағланның бағы үстем,
Болып еді домбыраны қағыспен.
Ел аузына ілінгені сол еді,
Кете барды ажал атты ағыспен...

Өнер қуған Сариевтер көп еді,
Бексұлтанның көпке тиді көмегі.
Теледидар тылсымына қанығып,
Сан мыңдарды қаламымен жебеді.

Атшабаров Базарбектің бағы асқан,
Құс тістеген талайлармен таласқан.
Баспасөзде, Радиода күркіреп,
Аяғында абайламай адасқан...

Өмірзақов Өмірбайдың өлені,
Өрттей лаулап жүрек тербеп келеді.
Оқығаны, тоқығаны соншама,
Мұрағаттан ел көрместі көреді.

Ақын Баян Анарбекова қаламы,
Салт-сананы жиі еске салады.
Кітап мәңгі сақталатын Палата,
Баян десе, елең ете қалады.

Болатқанның Баяны бар тағы да,
Жаратылған жазу-сызу бағына.
Осы заман ағымына ілесіп,
Нық отырды іскерліктің тағына.

Бәрі,бәрі осы ауылдың Баяны,
Қалам сілтап,құлашты кең жаяды.
Үзілместен келе жатыр жалғасып,
Сүйінбайдан қалған дәстүр баяғы.

«Жас Алаштын» Жанұзақов Мұхтары,
Дүрілдеген дөкейлерден ықпады.
Сан салалы саясатын сапырып,
Туабітті ұстанымын нықтады.

Шаршы алаңда бір өзіне қаратқан,
Сом жұдырық берген оған жаратқан.
Боксер,бапкер Серік Әбденалиев,
Халықаралық дәрежелі санаттан.

...Сол дүрмектің бір серкесі бар еді,
Сол қолымен сілтейтұғын дара еді.
Қырандайын шүйлігетін ұланды,
Қызықтырған ғаламшардың әр елі!

Қалам-қанат қайда ғана ұшпады,
Балақ бауын алды Қарақыстағы.
Шарлады-ақ қой жер-әлемді армансыз,
Жол ашқан соң туған Қазақстаны.

Қаламгерлер ақперені атанды,
Спорт десе автоматтай оталды.
Жержүзілік жарыстарға куә боп,
Шетжұрттыққа жария етті Отанды.

Олимп отын қаламымен жаққандай,
Куә болу қазақ үшін бақ қандай!
Қайран,Сәкең,Пелеменен қосылып,
Алматыға жаяу келе жатқандай!

Королімен аяқ доптың сырласқан,
Сәттер қайда көкмайсада бір басқан.

Мехикода, Лондонда да, Мәскеуде,
Сингапурда ақ жол тілеп тұрды аспан!

Елін сүйген еңіреген есіл ер,
Кезің еді енді нағыз көсілер.
Алпыс бір жас мүшеліңде көз жұмдың,
Күнәң болса, Құдай өзі кешірер...

Мық шегедей мығым едің, мықты едің,
Хан Кәшкеге тірелетін түп-тегің.
Сарыарқада көк байрағын көтерген,
Қарасайдай өр еңсеңді тіктедің.

Алатаудың Қарасайдай ерлері,
Жағаласқан жауға теңдік бермеді.
Жерортасы Сарыарқада жан беріп,
Хас батырды халқы арулап жерледі.

Сен солардың тамшысындай ұл едің,
КазГУ деген қара ошақтан түледің.
Жер-жаһанды аралаумен аршындап,
Жан таппады журналистік жүрегін.

Батырлықтың бар нышаны өзекте,
Болған жоқсың болбыраған бозөкпе.
Даңғыраған даңғыл жолдар ашылды,
Өрттей жанып өрге жүзген өжетке.

Жас өрендер жазғаныңа қанықты,
Толағай ой талантыңды танытты.
«Спорт деген бір сиқыр» деп баураған,
Толғаныстар дүр сілкінтті халықты.

«Лениншіл жас» нағыз елдің аңсары,
Жұрт қолында желбірейтін таңсәрі.
Үш жүз мың боп таралатын данасы,
Шырт ұйқыдан оятты екен қаншаны?!

«Сол басылым басында сіз тұрдыңыз,
Сөзстанда көп салтанат құрдыңыз.
Сол қолменен сұлу сөзді сүргілеп,
Талай жасты дүр журналист қылдыңыз!».

Дегендерді талай-талай естідік,
Бұл да болса білгендік һәм естілік.
Қанға сіңген әдетіміз,әттеген,
Ұлылықты бағалаймыз кеш біліп...

Қолбасшы да,жол басшы да болды анық,
Ұстаздықтың ұлы үрдісін қолданып.
Тәлім алған тарланбоздан шым-шымдап,
Шыға келді талай шәкірт жонданып...

Ұлдың атын қойды ырымдап Заңғар деп,
Қыран құстай шырқау көкке самғар деп.
Әке ойлаған шыңға бірақ шықпады,
Өсті еренсіз ерке және аңғал боп...

Әуе доптың асқан әбжіл шебері -
Жәркешевтей болса шіркін деп еді.
Заңғар аты әлемге де танылған
Сом тұлғаға сүйсінетін себебі...

Арман,арман...көкіректе көп еді,
Басқа салса пенде байғұс көнеді.
Тура келсе дауасы жоқ кеселің,
Әл бермейтін Әзірейіл төнеді...

Жанын күтті,денсаулықты діттеді,
Қаламгерлік – маңдайына біткені!
Велосипед ертеңді-кеш ермегі,
Ерекше еді өзін-өзі күткені.
Аппақ қарға шаңғымен із салатын,
Алатауға аунап-қунап алатын.
Мұзойнақта конькименен құйғытып;
Кірпігіне қырау қатып қалатын.

Тенниске де жиі мойын бұратын,
«Қане,кім бар?!»деп жымыып тұратын.
Адуын күш өнбойынан атойлап,
Бой жазуға бізді құлшындыратын.

Тайбурылдай жер тарпыған тұяғы,
Наркескендей намысты ердің сияғы.
Сейдағандай сом-сом сөздің сардары,
Қара жерге қалай ғана сияды?!

Көсемдігі көзге ұратын көшелі,
Жібермейтін кеудемсоққа есені.
Әттен,дүние, бір айналып өтсе ғой,
Өз атымен аталатын көшені...

Бес мүшелі ізсіз-түссіз өтпепті,
«Том-том кітап аманатым»деп кетті.
Жамбыл елі үкілейді үнемі,
Бердіқұлов атындағы мектепті.

Жеңіс күні-Сейдағанның тұмары,
Тұмшалайды сағыныштың мұнары.
ҚұрметінеБердіқұлов жайсаңның,
Аяқдоптан турнир өтіп тұрады.

Оған куә күллі қалам ұстаған,
Есте жүрер ұлттық рухы күшті адам.
Қайран,Сәкен, СПОРТСТАН әлемін
Әйгілеумен қабілетін ұштаған!

Қаншама ұлан «Мехиконың дүбірін»,
Пелелердей корольдердің тұғырын
Қиялында кірпік ілмей дөңбекшіп,
Ұзартатын футболменен ғұмырын.

Сейдағанның сөз сермесі жасындай,
Кейіпкері кілең сайдың тасындай.

Спорт десе бас алмастай оқитын
Жанкүйерлер құмары бір басылмай!

Жазбагердің құдіретін білемін,
Алты Алаштың жаулап алған жүрегін!
Кең сыбанып кемел оймен сөйлейтін,
«НАДЯ» деген жазуы бар білегін...

Серіліктің нышандары бар еді,
Тез мұқалтты аурудың әлегі.
Жан қосағы Күләтайды емдетіп,
Одан бұрын о дүниеге жөнеді...

Шыр айналды бұл дүние күн жетіп,
Жаза алмады ойдағысын індетіп.
Самаладай сан шәкіртті самғатып,
Аттанғандай атқара сап міндетін...

...Туған жердің тартылысы ғажайып,
Еске салып бір-екі ауыз жазайық.
Сейдағаңның доп ойнаған аулында,
Көз көргендер бара жатыр азайып.

Тұрысжанов Бекболаттың үнемі,
Жас шақты ойлап кейде көзі күледі.
Ел басқарған есіл жылдар елесі,
Журналиспен бірге ілесіп жүреді.

Сейдағаңның жан бауыры Әлімбай,
Қалай жүрсін кіндіктесін сағынбай.
Қанмайданнан аман қайтқан жауынгер,
Қара ошақтың маңдайдағы бағындай.

Сейдеш еді сөз қозғаған аталы,
Оқырманы ой түбіне батады.
«Жұмыр жерде теңбіл допты» толғаған,
Мақамдары жүрек шымырлатады.

МАЗМҰНЫ

1-бөлім.

ӘҢГІМЕЛЕР.....3

2-бөлім.

НОВЕЛЛАЛАР.....227

3-бөлім.

ЭССЕЛЕР.....309

4-бөлім

ТОЛҒАУЛАР.....454

ЖАУАПТЫ ШЫҒАРУШЫ -

«Алатау» баспа-полиграфиялық корпорациясы

Президенті Ү.С.КЕНЕНБАЙ

Техникалық редакторы- И.Ү.АҚБАСОВ

Беттеген-А.К.ҚЫДЫРАЛЫ

Көркемдеуші-В.В.СТЕНЯКИН

Теруге 06.01.2017 ж. берілді.

Басуға 27.03.2017 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108 1/32 Қаріп түрі «DS Baltica».

Шартты баспа табағы 25,2 Таралымы 5000 дана.

Тапсырыс № 434

ISBN 978-9965-807-78-7



9 789965 807787



«Алатау» Баспа-полиграфиялық корпорациясы.
Алматы қаласы, 050026. Төле би көшесі, 130 «А».
тел.: 378-42-02, e-mail: corp_alatau@rambler.ru



АҚ «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, 050026. Мұқанов көшесі, 223 «В».
тел.: 378-36-46, e-mail: ao@almatybolashak.kz



Журналист, ақын, жазушы
Орысбай Әбділдәулының
«Сымбат», «Өмірсерік»,
«Қолтаңба», «Палуан», «Туған жер
демі», «Уыз шақ», «Шапағат»
және «Сөз бен саз», «Сал- серілер
сабағы», «Тастүлек», «Асыл адам
айнымас», «Төлеген-толғау»,
«Ізбасар», «Хамза қажы ғибраты»,
«Той болсын», «Ойтоғыс» сияқты
прозалық хәм поэзиялық

жинақтары жарық көрген. Қазақстан Журналистер және
Жазушылар Одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті
журналисі, Жамбыл ауданының және Алматы облысының
Құрметті азаматы, ҚР мәдениет қайраткері, Халықаралық
Жамбыл атындағы сыйлықтың иегері. Қаламгер «Балдырған»,
«Лениншіл жас», «Жалын», «Жеті жарғы», «Жетісу» баспасөз
орындарында жемісті қызмет етті.